

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«ХVI СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,  
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«ХVI САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ТОМ 2**

**ПАВЛОДАР  
2016**

ӘОЖ 001 (063)  
КБЖ 72  
Ж 33

**Редакция алқасының бас редакторы:**

**Өрсариев А.А.**, с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

**Ержанов Н.Т.**, б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Свицерский А.К., Токтағанов Т.Т., Эрнзаров Т.Я.

**Жауапты хатшылар:**

Абдалимова Ж.С., Абдикакимов М.Т., Ажаев Г.С., Айгужина Д.З., Айткенов З.Ш., Акильжанов Р.Р., Алдунгарова А.К., Андреева О.А., Артықбаева Г.Т., Батталов Қ.Қ., Богомоллов А.В., Елмұратов Г.Ж., Жүкенов М.Қ., Калиева А.Б., Камкин В.А., Карибаева Ж.К., Касенов А.Ж., Кодекова Г.Б., Қадырова Б.М., Қаскабасова А.А., Ленков Ю.А., Мошна Н.И., Мұрат Г.М., Омарова К.М., Рахметова А.М., Рахметуллина Ш.Ж., Самсенова Г.С., Сейтенова Г.Ж., Смагулова Б.Т., Титков А.А., Токжигитова А.Н., Токжигитова М.Ж., Шаймерденова А.К., Эргашева С.М.

**Ж 33** «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XVI Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2016.

ISBN 978-601-238-587-8  
Т. 2 «Оқушылар». – 2016. – 377 б.  
ISBN 978-601-238-589-2

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001 (063)  
КБЖ 72

ISBN 978-601-238-589-2 (Т. 2)  
ISBN 978-601-238-587-8 (общ.)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2016

2 Секция. Филология  
2 Секция. Филология

2.1 Қазақ филологиясы  
2.1 Казахская филология

**БЕСІК ЖЫРЫ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ**

АБЕКОВА Ж. К.  
11 «А» сыныбы, № 13 ОМ, Екібастұз қ.

*Ел боламын десең, бесігіңді түзе.  
Б. Момышұлы*

Ауыз әдебиеті – халықтың алтын қазынасы. Сонау талай ғасырдан бері халық туғызған мәдени мұралардың ішіндегі ең тазасын, ең нәрлісін, ең асылын өз бойына жинақтаудың нәтижесінде таптырмас мол мұраға айналған. Фольклор ағылшын сөзі «халық даналығы» деген ұғым береді. Оған халық музыкасын, халық биін, халық өлеңін, халық театрын, халық әдебиетін, халық қолөнерін, ұғымдар мен ғұрыптарды, салттар мен нанымдарды жатқызады. Қай елдің балмасын рухани жан азығы – ауыз әдебиеті халық дамуының ең алғашқы кезеңдерінен бастап пайда болған. Қазақ халқының фольклорлық мұрасын біріктіретін шығармалар көлемі, мазмұны, маңызы және көркемдік ерекшелігі жағынан жанап өтпестен керісінше, мейілінше сусындап, рухани азық еткен

«Қазақтың 3-4 жасар баласының тілі жатық, ал 5-6 жастағы балалар шешен әрі тауып сөйлейді, ойын ұтымды жеткізе біледі», – деп тандана жазған екен жер аударылып келген поляк революционері А.Янушкевич өз естеліктерінде. Әйгілі Затаевичтің «Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай...» деуінің астарында көп сыр бар. Ал мұның басты себебі баланың бесік жырын тындап өскендігінде жатыр.

Бесік жыры – балаға берілетін алғашқы тәрбие. Өйткені баяу ырғақпен айтылған анасының әлдиі туғаннан баланың құлағына сіңеді. Бесіктегі баланы әннің ырғағымен тербетеді. Бесік жырының тұрақты нұсқасы жоқ.

Әлди, әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем,

Бармақтарың майысып,  
Түрлі ою ойысып,  
Шебер болар ма екенсің?!  
Таңдайларың тақылдап,  
Сөзінді жұрт мақұлдап,  
Шешен болар ма екенсің?!

Бұл – бесік жырының бір түрі ғана. Осындай әдемі әуенмен астарында ізгі тілегі бар бесік жырын тыңдаған бала шебер болуға да, шешен болуға да ұмтылып өседі. Баланың бойына әсерлі әуен, сұлу сөзбен айтылатын ананың әлдиі ана сүтімен қосылып осылай сіңеді. Бесік жырының толып жатқан түрі бар. Сәбиінің аман өсуінен бастап, болашақ өміріне деген тілегі, сенімі, ниеті әдемі әнге шумақ болып өріліп, анасының айтуымен балаға жетеді. Тіпті алыстағы төркініне деген сағынышын да бөпесіне айтып, баласымен сырласа отырып «әй, әй, бөпем, артта қалған елімді көрер ме екем...» деп іштегі шерін бесік жырына қосқан. Анасының еліне деген сағынышы бөпеге беріліп, ол анасын аяйтын, ардақтайтын, мейірімді әрі жанашыр болып өседі екен... Бүгінде үлкен сахналарда да бесік жыры естіліп қалады.

#### БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Бесік жыры арқылы баланың тілі ерте шығатынына бүгінде мән бермейміз.

Бесік жырын тыңдап өскен баланың есте сақтау қабілеті жақсы жетілетініне көңіл аудармаймыз. Бүгінгі ұрпақ шешендігінен, әншілігінен, ақындығынан, сабырлылығынан, парасаттылығынан ажырап барады. Бұл да – аландатарлық жай. Біздің елде ауыздан қалмай келе жатқан аңызға бергісіз әрі біздің әулетке қатысты бір әңгіме бар. Ертеректе бір келіншек бесігінен ажырамай жүрген баласын бесікке бөлеп, әлдебір жұмыстарымен шығып кетсе керек. Отағасы да сырттағы тіршілігімен кеткен. Жолай демалмақ болып тоқтаған бір жолаушы киіз үйдің тұсына келіп: «Кім бар-ау!» деп дыбыс берген екен. «Кіре бер» деген дауысты естіп, ішке кірген жолаушы аңтарылып тұрып қалады. Үйде бесікте ұйқысынан оянған баладан басқа жан жоқ. «Өреде ашыма бар, өзің де іш, маған да бер» деген екен бала жолаушыға. Қазақтың баласының тілі жатықтығын, ерте шыққанын байқаймыз бұдан.

Бесік ұрпақ жалғастыратын бұйым. Оны аяқ астына тастауға, сатуға болмайды. Көп балалы үйдің бесігін төрге іліп, қастерлеген, кейін жас отауға ырымдап сыйлаған; баланы түнде бесігімен түзге шығармайды.

Бесікке сәбиді бөлеу жайлы түрлі дау- дамайлар бар. Кейбір зерттеушілер оның сәби денсаулығына, оның өсіп- өнуіне пайдасын айтса, кей ғалымдар оны сәби денсаулығына зиян деп есептейді. Ә.Өмешұлы халқымызда тәлім- тәрбиесіз балаларды «бесік көрмеген» деп, керсінше ұстамды да ұқыпты балаларды «бесік көрген» деп айтуында үлкен мән бар және атадан балаға мұра болып келген бұйым- бесікті бала мінез- құлқын қалыптастыруында және тұла бойының таза болуында атқаратын қызметін халық арасында насихаттау керектігін айтады.

Этнограф, белгілі жазушы С.Кенжеахметұлы бесік жырларын және балаға орындалатын ғұрыптардың барлығын тәрбие дәстүрлеріне жатқызады. Ғалым «Сәби тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда бесік жырының орны мүлде бөлек. Ол баланың көкірек көзін ашады, жан дүниесін тербейді, сезімін тербетеді, көңіл- күйін көтереді. Есейе келе өнерге, сөз өнеріне бейімделеді. Әже мен ананың әлдиі сәбидің алғашқы мектебі өнер мектебі екендігі баршаға белгілі. Бесік жырында ұлттық тәрбиенің үздік үлгісі жатыр. Алайда соңғы жылдарда бесік тербетіп отырып бесік жырын айтып отыратын әже, ана азайды. Бесік тербететін баланың өзі бөпесіне өлең айтып ұйықтататын. Бұны ананың бесік жырын сәби ғана емес, ауыл балалары, тіпті үлкендер де құлағын салып тыңдап отыратын. Кейінгі кездер де жастардың халық өніне назар аудармауы өлеңге әуестенбеуінің бір себебі- осы бесік жырының ұмытылуында болса керек» дейді. «Бесік жырлары ертеден келе жатыр. Оны әуел баста ақындар шығарған, соңынан оны жұрт жаттап алып айтып жүретін болған. Бесік жырларында айтылатын тілек, ақыл- өсиеттерінен халықтың нені аңсап, нені көкsegені көрінеді». Бұл ой үйірмелерінде жырлардың маңыздылығына тоқтала отырып, ондағы тарихи қырларын, шығу тегін айшықтаған.

Бесік жырларындағы ұлттық көрініс

Жырлардың тілі халықтардың наным –сенімін, дәстүрін, ұрпақ тәрбиесін сақтаған бағалы қазына. Бесік жырлары жыршы жанының барлық сезімін қамтитын жолдарымен өз мұң шерін сыртқа шығара отырып, өмірде көргенін бейнелеп, өлең күйінде сыр шертетін «көңілін серпілдіретін қарапайым идеологиялық құрал» болып табылады. Көлемі бойынша ықшам болып келген жырлардың мағына жағынан ұзақ оқиғаны, адамның жан-дүниесінің жағдайын бойына сіңіріп тұра алады. «Шыр етіп дүниеге келген сәби жүрегіне халықтық рух ана жырының сөз салдары мен ән сазынан басталып біртіндеп сіңеді. Ана сүті тәнге азық болса, ана жыры – рухани уыз. Бесік жырларынан

басталған тәрбие нәрі сәби күн санап өскен сайын күрделене жетіліп, балалық өмірдің әніне айналады». Жыр әсері сәби қара тұяқ есейе бастаған уақытта күшейеді. Баланың болашағы турасындағы арман-тілектер, ақылгөйлік, тәлімдік рең қоюланады. Осылайша баланың психологиялық саналық өсуіне орай бесік жырының атқаратын міндеті, сонан сәйкес мазмұны баяу болса да өзгеріп отырады.

Қазақ және басқа халықтардың бесік жырларындағы көркемдік тәсілдер

Қазақ бесік жырларының басты мазмұндарының бірі- ұрпақты елін сүйгіш нағыз батыр, ер етіп тәрбиелеу. Қазақ бесік жырларында «айналайын», «қозым», «құлыным», «ботам», «ақбалам» т.б. этномәдени бірліктердің қолданысы басым болып келеді.

Қазақ және орыс бесік жырларында жабайы және үй хайуанаттары, балықтар, құстар атаулары көп кездеседі. Олар халық дүниетанымына байланысты. «Адам өмірі мен табиғат құбылыстарының ұқсастығына, олардың түр-түс, сыр-сипат ортақтығына қатысты» түрліше қабылданады. Мысалы, қазақ тілінде сәбиді ботам, қозым, құлыным деп еркелетсе, орыс тілінде ласточка, птенчик т.б. деп еркелетеді.

Қазақтар көне заманнан көп мал өсірген, ішіндегі ең қастерлісі- жылқы. Қазақ баласын жылқының төлі құлынның түр- сипатымен, жүріс-тұрысымен салыстырады. Сондықтан бесік жырларында жылқы малына байланысты лексикалық бірліктер жиі кездеседі. Мысалы:

Атыңа тоқым жабайын,  
Астыңа терлік салайын...

Түнде жылқы қайырып,  
Жаудан жылқы айырып,  
Жігіт болар ма екенсің...

Жас иісім, жұпарым,  
Алты қанат тұлпарым...

Құлынның сүйкімдігін, сұлулығын, ойнақтап шапқанына сүйсінгіндіктен қазақ сәбиді құлынға теңеген. Құлын қандай сүйікті болса, сәбилік кезеңде бала де сондай сүйкімді. Сол себепті ана баласын құлыным, құлыншағым деп еркелетеді.

Орыс тіліндегі бесік жырлар нұсқаларында да жылқы бейнесі кездеседі.

Брату – серого коня,  
Заломи голова.

Қазақтар түйе малын аса қастерлеген. Бесік жырларында бөпені түйе төлі ботаға да теңеп, еркелеткен. Түйені жүк көлігі ретінде пайдаланған, өйткені түйе шөлейтті, құмайтты өлкелердің сенімді көлігі болған. Баланың анасы бесікті тербете отырып, ботам менің, ботам- ау, боташым, ботақан, бота деп әндетеді. Мысалы:

Айналайын боташым,  
Мөддіреген көзіңнен...

Қой көшпелі халқымыздың ерте заманнан малданған түлігі. Қой түлігі қазақтың жанына жақын болғандықтан, баласын оның төлі қозыға теңеп еркелеткен. Өйткені, қой түлігі қозы, әдетте, сүйкімді, момын болып келеді.

Айналайын қарағым,  
Қозы жүнім қалпағым,  
Жұрт сүймесе сүймесін,  
Өзім сүйген аппағым

Бесік жырларында ай, күн, жұлдыз т.б. бейнелері де ерекше көрініс береді. Балаларды еркелеткенде әрқашан «айым», «күнім», «жұлдызым» деген сөздерді қоса отырып, ересек адамдар «таудай үлкен бол», «шынардай бол» деген ақ тілектерін тілейді. Халқымызда «Көшпенділер үшін тау бейнесі ең қымбат, мәңгілік, тазалықтың бейнесі. Ол –мәңгіліктің символы» ретінде қабылданады. Оларға мына халық бесік жырлар үлгілері дәлел болады:

В няньки я к себе звала  
Ветер, солнце и орла.  
Солнце скрылось под горой,  
Ветер и улетел домой.

Тағы бір ерекшелігі, орыс халқының бесік жырлары көбінесе ұл балаға арналған, қыз балаға арналған болып бөлінеді.

Қазақтың «Бесік жыры» санатындағы тұрмыс-салт лирикалары карақалпақта («Алла-алла»), қырғызда («Бешик ыры»), түрікменде («Хувди») жаңа мазмұнда жырланып келеді. Әрқайсысының өзіндік әуені, өздеріне тән текстері болғанымен, бәрінің негізгі мазмұны, жырлану стилі бірдей.

Қорытынды

Қазақта «түйе мінген қазақ төрт ауыз өлең біледі» деген сөз бар, сөйте тұра бүгінде өзге мамандық иелері ән айтса, біртүрлі тосырқап қабылдаймыз. Ән айту қазақтың қанында бар дүние. Ендеше, әншілік өнер қазаққа неге жат болуы керек?! Керісінше, кешегі от ауызды, орақ тілді, сөзге жүйрік бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы тілден айырылған. Ендеше, қазақы мінезіміз бен болмысымызға

қайта оралу үшін әр ана бесік жырын сәбиінің бойына сіңіріп өсіруі керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 М.Жұмабаев. Шығармалар,-2,3т.-Алматы: «Білім»- 512 б.
- 2 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық.- Алматы «Аруна Ltd». ЖШС, 2005.- 656 б.
- 3 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт- дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Ана тілі, 1994.- 80 б.
- 4 Қазақ халқының салт- дәстүрлері / С. Қалиев басшылығымен.- Алматы: Рауан, 1994.- 218 б.
- 5 С. Ғаббасов. Халық педагогикасының негіздері.- Алматы, 1995.- 46
- 6 Әлімбаев М. Толқыннан толқын туады. Алматы, 1992.
- 7 www.yandex.kz, www.google.kz

### МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР (М. МАҚАТАЕВТИҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ)

АКТАЕВ Д. Е., САНАЗАР Қ. Қ.

5 А сынып оқушылары, № 26 мектеп – гимназиясы, Екібастұз қ.

КАЛИЕВА А. С.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

2005 жылғы «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалықта: «Мақатаев Мұқағали 9. 02. 1931 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында туған ақын. 1973-1974 жылдары Мәскеудегі Әдебиет және өнер институтында оқыған. 1952-1969 жылдары Қарасаздағы мектепе мұғалім, Қазақ радиосында диктор деген жолдар тізбегін әрі қарай жалғастыра ақын өмірі мен шығармашылығынан жан-жақты мәлімет алуға болады». Ал көрнекті ақын Ә. Тәжібаев «Шынайы талант» естелігінде: «Біз Мұқағалиды сәл де ұмытқан жоқпыз. Ұмытпа да алмаспыз. Қайта араның түскен уақыт оның тұлғасын зорайта, асқақтата түсіпті. Жыры жалын ақын қазақ өлеңі өлкесіндегі бір асқарға – дара Алатауға айналғандай», - деген ойы бүгінгі туғанына 80 жыл толған әр тұлғалы, ерен ақын бейнесін көз алдымызға әкелгендей. Ал Мұқағали ақын болса:

Жазылар естеліктер мен туралы,  
Біреулер жан еді дер әр тұлғалы,

Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,  
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы,- деп, жазылар  
естеліктерді пешенемізден көреміз деп өзі жайында ой түйіндеген.

Ақын:

Поэзия,

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім,

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім,- десе, көрнекті ақын

Ф. Оңғарсынова: «Мақатаев әр өлеңін өмірге адам әкелген анадай туған», - деген баға береді. М.Мақатаевтың 1974 жылы жазылған «Фаризаға» өлеңінен:

Айналаға қарайтын анық барлап,

(Түн кеткесін күн шығып, жарық болмақ)

Не туралы жырласақ, Фариза өыз,

Бағыштайық бәрін де халыққа арнап,- деген жолдардан ақынның ішкі жан дүниесінің шындығын аңғарамыз.

Адам баласы жаратылғаннан бір жұмбақ әлем десек, Мұқағали ақынның поэзиясынан өмірдің сан қырлы қатпарын, аңғаруға болады. Ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев: - Әкем балаларға өте мейірбан болатын. «Кейін сенен мен туралы сұрап жатса, «балажан кісі» болатын деп айт», - дейді өз естелігінде. Ия, ақынның бірнеше жырлары балаларға арналған. «Сәби болғым келеді», «Бала едік, ә» тағы басқа. «Бесік басында» өлеңінде:

Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,

Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.

Ояту былай тұрсын, рұқсат жоқ

Ұйықтап жатқан ұйымды тәрбиелеуге,-

деп сәби ұйқысын тыныштыққа, өмірдегі байлықты сәбидің мойнына келіп асылғанмен теңестіре жырға қосады.

Бүгінгі күнгі өзекті «Тіл мәртебесі» тақырыбы ақын поэзиясынан «Ал екінші бақытым – Тілім менің» деп, ананың ақ сүтімен бойға даритын тіл құдіреттілігін жырға қосып, өз бақытын, өз өмірін ана тілінен іздеген.

Ақын поэзиясы сан қырлы тақырыпты қамтыған. «Қара өлең» өлеңінде ақын:

Ақынмын деп қалай мен айта аламын,

Халқымның өзі айтқанын қайталадым

... Күпі киген қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жауып, өзіне қайтарамын...,- деп құдіретті жырға талғампаздықпен қарайды. Көрнекті ақын өлең, поэма жазумен қатар аударма жасап, өз өмірінің күнделігін жазған. 1972 жылдың 27 наурызында: «Поэзия махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиісті»... десе, 1976 жылдың 14 ақпанында: «Егер бір кездерде менің өмірім, творчеством әлдекімнің көңілін аударса, оларға былай деп едім:

- Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, творчествомды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Естеріңізде болсын, менің өлеңім жеке тұрғанында түк те емес. Біріктіріп қарағанда ол поэма іспетті. Басы және аяғы бар».

Мұқағали Мақатаев өлеңдерінде көркемдік ерекшеліктердің көбінде теңеу мен эпитет сөздерді шебер қолданған. Белгілі әдебиет зерттеуші ғалым Зәки Ахметов «Өлең – сөздің теориясы» еңбегінде теңеудің жасалу жолдарын былайша түсіндірген:

«Теңеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп таралған тәсілі.

Теңеудің жасалу жолдары -тай, -тей, -дай, -дей жұрнақтары және секілді, сияқты, тәрізді сөздері арқылы жасалады».

Ал, Қажым Жұмалиев «Әдебиет теориясы» теңеудің жасалу жолдарын басқаша баяндаған:

Теңеу – жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін, ол нәрсенің өзгешелік белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып та суреттеу.

Теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімшеге жалғанған -тай, -тей, -дай, -дей, -ша, -ше, -дайын, -дейін жұрнақтары арқылы жасалады.

Эпитетті де әр ғалым әр түрлі түсіндірген. Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде эпитетті былайша суреттеген:

Эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз.

Ал, Қажым Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде эпитетті басқаша баяндаған:

Эпитет – адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін өзгерту, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой – қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөздердің бір түрі.

Мұқағали Мақатаев шығармалары – көркем тілмен жазылған бір тұтас шежірелік үлкен кітап. Өз өлеңдерін әсемдеп, көркемдеп үйлестіру үшін көркемдегіш құралдарды кеңінен қолдана білген.

Мұқағали Мақатаев шығармаларында кездесетін көркемдегіш құралдың бір түрі – қайталау.

Ақынның «Есті күндерім» атты өлеңінде эпитафора үлгісін қолданғандығын көруге болады.

«... Беу, менің есіл күндерім,

Білмедім есім кіргенім.

Әйтеуір, есіп жүргенмін,

Өмірді кешіп жүргенмін»,- деген шумақта «жүргенмін» деген сөздің әр жолының соңында қайталануы өлеңге ерекше көркемдік береді.

Ал, «Халыққа хат» атты өлеңінде анафора үлгісінің қолданғандығын байқаймыз. «Өзіңнің қалыбыңмен өлшенген ем,

Аманат бір өзіңе өлсем денем,

Аманат бір өзіңе жырым – сырым,

Аманат Асан – жүрек жырым – жырым». Осы шумақта «аманат» деген сөздің әр жолының басында қайталануы арқылы өз халқына жүректен шыққан жырларын аманат етіп қалдырғанын жырлайды.

«Әке аманаты» атты өлеңінде жай қайталау үлгісін қолданғандығын аңғарамыз. «Аттанарда алыс жолға,

Тапсырды әкем аманатын,

Серт етіп мен де алдым қолға,

Әкемнің берген асыл затын», - деген шумақта «әкем» деген сөздің әр жолда қайталануы ақынның әкесінің аманатын серт етіп қолға алғандығын шебер суреттейді.

Көркемдегіш құралдың бір түрі – теңеу. Мұқағали Мақатаевтың «Дастарқан басында» атты өлеңінде теңеудің -дай жұрнағы арқылы жасалған үлгісінің қолданылуын суреттеген.

«Селдетіп өткен тасқындай,

Серпіліп біраз асасың,

Сергітіп кеткен мас қылмай,

Сейілді күндер жасасын!»,- Осы шумақта теңеу «тасқын» деген зат есімге -дай жұрнағы жалғанып, адамды селдетіп өткен тасқынға теңеп, қасиеттерін аша отырып жырлаған.

«Біреулер» атты өлеңінде теңеудің –ша жұрнағы арқылы жасалған үлгісінің қолданысын байқауға болады.

«Қайсыбіреу, қарайды айдаһарша,

Тұрпайы әзіл, түрпі сөз – қайда барсам.

Қайтер еді, о жардың шарығына

Ашуымды қайтадан қайрап алсам?!»,- деген шумақта теңеу «айдаһар» деген зат есімге –ша жұрнағы жалғанып, ақын біреудің



айдаһар секілді қарауы ақынға түрлі ой салып, соны осы бір шумаққа сыйғыза білген.

«Түйсік» атты өлеңінде теңеудің -дайын жұрнағы арқылы жасалған үлгісін баяндаған.

Осы екен ғой намысты шағып тастап,

Суырдайын күн кешу жалықтастан,

Түйсігінді түйіп ал, ағытпастан,-деген шумақта теңеу «суыр» деген зат есімге –дайын жұрнағы жалғанып, адам балаларының суыр секілді өмір сүріп жатқандығын жеткізген.

Тағы да көркемдегіш құрал–аллитерация мен ассонанс. Ақынның «Өзіммен өзім» атты өлеңінде ассонанс пен аллитерация тәсілінің қолданғандығын аңғаруға болады. Өзімді өзім танымай,

Өзгеге көңіл жарымай,

Жақсылығыма қорымай,

Жамандығыма налымай»,-деген шумақта «ө» әрпі ассонансқа, ал «ж» әрпі аллитерация тәсіліне жатады. Осы екі тәсіл арқылы өлеңге ерекше ажар, әсемдік берілгенін көреміз.

Ерекше көркемдегіш құрал – эпитет.

«Жоқ, дәрігер» атты өлеңінде эпитет үлгісін керемет қолданғандығын аңғарамыз. «Өңгеріп өгей жүрек қайда барам,

Өзгенің ғұмырын қалай пайдаланам?

Сыйыңа рахмет, қайран Адам!

Өзімнің жүрегімдей қайда маған?». Осы шумақта эпитет «өгей жүрек», ол өзінің жүрегін ауыстырмас үшін басқа жүректі әсірелеп, ауыспалы мағынада «өгей» деп баяндап, өзінің тілге шебер адам екендігін байқатады.

Ақын мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізсең, әр өлеңі бір әлем сияқты...

Мұқағали Мақатаев – ұлағатты ақынымыз, сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Ақынның әдеби мұрасы мол әрі мәңгі. Ол ұлттың рухани дамуында тілдің алатын орнына айрықша мән беріп, ана тілінің беделін көтеруге шақырды. « Мені өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтініп сұраймын. Себебі, егер сіз өлеңді менен бөліп қарасаңыз, онда ол өлеңнің ешқандай мағынасы болмайды. Сондықтан, шығармаларымды менімен бірге қосып оқысаңыз. шағын өлеңдерім, бір үлкен поэма іспетті көрінеді», -деп ақын өзі айтып кеткендей, шағын өлеңдерінде бір үлкен поэмаға сыйар үлкен адамгершілік ой – түйінін жас ұрпаққа бере алған. Мұқағали Мақатаев өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктерді оқушыларға шығарманы әсем жеткізу үшін қолданған. Өлеңдерінде теңеу

мен эпитетті балаларға әсірелеп, ауыспалы мағынада баяндап ой-қиялына әсер ету, сол сөздерді көз алдына елестетіп шығарма ойын терең түсіне білуге қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Зәки Ахметов «Өлең – сөздің теориясы» кітабы, «Мектеп» баспасы, 1973ж.

2 Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» кітабы, Алматы: «Санат» баспасы, 2002 ж.

3 Қажым Жұмалиев «Әдебиет теориясы» кітабы, «Мектеп» баспасы, 1964 ж.

4 Мұқағали Мақатаев «Аманат» жыр жинағы, Алматы: «Атамұра баспасы, 2002 ж.

## МӘШҰР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ӨЛШЕМДІК АТАУЛАР

АЛПЫСБАЙ Г. І.

10 «а» сынып оқушысы, Қараоба орта мектебі,  
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

Өлшемдік атауларды, өлшемдік ұғымды білдіретін сөздерді, яғни нумеративтерді қарастыру бүгінгі күні қазақ тілі үшін ғана емес, басқа да түркі тілдері үшін өзекті мәселе. Өлшемнің есепке қатысты түрлі мағыналық ренктегі сөздер мен сөз тіркестері әсіресе түркі тілдес халықтарда жиі орын алғандығы бірден аңғарылады, бұның өзі аталмыш тілді иеленушілердің тұрмыстық ахуалының ұқсастығынан болса керек. Өлшемдік мәндегі сөздік қорымызды айқындау, жан - жақты қарастыру, сипаттау үлкен теориялық қана емес, түркі тілдес халықтар үшін тәжірибелік мәні де аса зор еңбек болып саналады. Нумеративтер барысында пікірлер, түрлі тұжырымдар орын алған. Түркі елінде халықтық метрологияның негізін М.Қашқари салды, оған дәлел ретінде ғалымның артына қалдырған бай мұрасын айта аламыз.

С.Е.Жанпейісова «Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы» кандидаттық жұмысының авторефератында: «Халқымыздың өзіндік метрологиялық жүйесі қазақ ақын-жазушыларының шығармаларындағы өлшем мәнді түрлі сөз қолданыстардан айқын аңғарылады. Мысалы, олардағы бір бой, алты ен, бес тақа, үш қат, он екі құрсау, бір қойын (ақша), екі қарын (май), алты қосақ (қой),

бес буда, бір қағаз (шай), сегіз жұп, бір құшақ (отын), жалғыз түп ши, бір уыс, екі баспақ, екі зекет, екі құрсақ тәріздес нумератив мәнді тіркестердің алдыңғы сыңарлары-есептік сандар да, ал екінші сыңарлары қазір классификаторлар делініп жүр» [1, 20-21] – деген болатын.

К.Күркебаев нумератив сөздерді классификатор, счеттік сөздер және өлшемдік атаулармен байланысы бар құрылымдар деп топтастырады [2, 46-47)]. Ғалым Ә.Болғанбаевтың «Өлшемдік ұғымдар» мақаласы, этнограф-зерттеуші С.Кенжеахметовтың «Уақытты анықтау белгілері», т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры, ф.ғ.д, профессор А.Қ.Тұрышев ақын шығармаларының тілін қарастыруға ерекше қомақты үлес қосып отырған ғалым.

«М-Ж.Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы» атты монографиясында өлшемдік ұғымдарға байланысты көп мәнді ойлар айтылып, жан-жақты зерттеулер жүргізген. 2005 жылы қорғаған докторлық диссертациясының қомақты тарауы М-Ж.Көпеев шығармаларындағы метрология мәселесін қарастыруға арналған. Зерттеуші М-Ж.Көпеев шығармаларындағы метрологияны екі топқа жіктей отырып, өз ойын былайша сабақтайды: «1) Халықтық метрология: кара киік жылы, жұт, сауын, өсім, көгерме, несие, алымта, соғым, сыбаға, сауын айту, асар, үмме, бөрте, самсаған, дүйім, таяқ, соқыр, күдір, жұмырық, күреш. 2) Ескілікті нумеративтер: сағат, сахар, бесін, намаздыгер, құптан, екінті, сәске, ширек, бесін махал, жарым, құлаш, кез, сере, сере қарыс, кере қарыс, сүйем, қадам, қадақ» [3, 180]. Сол сияқты сан есіммен байланысты еместерді халық метрологиясы деп, ал сан есім ұғымымен байланыстыларды нумеративтер деп атаған. Халық метрологиясына метрмен өлшенбейтін ауқымды ұғымдарды енгізсе, нумеративтерге сандық дәрежеге көнетін терминдерді енгізеді [3, 180].

Ғалым Ш. Сарыбаев «Қазақ тіл білімі мәселелері» атты зерттеу еңбегінде өлшемдік ұғымдағы бірсыпыра сөздердің этимологиялық қырына үңілген. Халықтың өлшем бірліктері туралы қазақ әдеби тіліне қатысты еңбектерде, атап айтқанда, К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері», М.Балақаевтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», Ә.Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілі» кітаптарында біраз сөз болады. С.Жанпейісова «Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы (Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары бойынша) еңбегінде халықтық өлшем мәселесіне қатысты ойларын былайша өрбітеді: «Халықтық метрологияға қатысты өлшем атауларының бастапқы қарапайым

үлгілері қай тілде де жалпы адамзат қоғамының алғашқы балаң шағынан бастау алады.

Е.Аққошқаровтың басылым беттерінен орын алған халық арасына кең тараған байырғы өлшемдер туралы зерттеулері де бірсыпыра маңызды жайларды арқау еткен, өзге тілдің өлшемдерімен салыстырыла отырып, ауқымды зерттеу жүргізген. Қ.Ахметжанның «Қазақтардың қару-жарақ жасауда қолданған дәстүрлі ұзындық және салмақ өлшемі бірліктері» деген атпен жарық көрген мақаласында ертеде жауынгерлік қару-жарақ жасау ісінде қару-жарақ заттарының көлемін анықтауда қолданылған, бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан, әр қару-жарақ түрінің қызметіне, оны пайдаланатын адамның дене бітімінің ерекшелігіне сәйкестендірілген, өмірлік тәжірибенің нәтижесінде сұрыпталған, қолданыста ыңғайлы дәстүрлі тұрақты өлшемдеріне терең зерттеулер жүргізілген.

Философиялық сөздікте өлшемге қатысты анықтама былай беріледі: «Өлшем – тиісті өлшеуіш аспаптардың көмегімен ғылыми зерттеуді эмпирикалық деңгейде іске асыратын, материалдық нысандардың сипаттамаларын (салмағы, ұзындығы, нүктелік шамасы, жылдамдығы, т.б) анықтайтын танымдық рәсім [4, 525].

«Халықтық өлшемді білдіретін ұғымдар қазақ тілі лексикасының бір бөлшегін құрайды. Ертедегі ата-бабаларымыздың ата-кәсіпті игерген шаруашылығы өмірінің негізінде қалыптасып, халық жадында сақталған осы атаулар сырында тіл тарихы мен халық мәдениетін танудың ізі жатыр. Яғни халықтық метрология лексикасы лингвомәдени деректер ретінде де ұлт мәдениетін танытады» [5, 106].

Халықтық өлшем мәселесін зерттеп жүрген К.Қ.Күркебаев өз тұжырымын былайша жүйелейді: «Метрология – талап еткен дәлдікке жетудің жолдары мен амалдарын қамтамасыз ететін өлшем туралы ғылым. Теориялық тұрғыдан алғанда, метрология – уақыт пен кеңістік аумағында математикалық принциптерді басшылыққа алып, өлшеудің жекелеген бірліктеріне негізделіп, оларды бір-бірімен теңестіре, салыстыра, байланыстыра қарау негізінде бүтін үлкен жүйе құрайтын дербес ғылым» [6, 18].

Ә.Болғанбаев өлшемдік ұғымдағы сөздерді: уақыт-мерзім, көлем, ұзындық, қалыңдық, тереңдік өлшемдері, – деп қарастыра келіп, ойын былайша жалғастырады: «Сол заманның тұрмыс-тіршілігіне лайық өз өлшемдері болғандығын тілдегі өлшемдік ұғымды білдіретін қыруар сөздер мен тұрақты сөз тіркестері арқылы



танып білуге болады. Өткен заманда қазақтар сағатты нақтылап өлшемегенімен, секунд, минут, сағат деген уақыт өлшемдерін шамамен дәл болжай білген.» [7,35].

Өлшем – бір нәрсенің көлемін,салмағын анықтайтын өлшеу бірлігі. «Халық айтса қалып айтпайды» дегендей халық өлшемі анық өлшем десек қателеспейміз. Өйткені оны ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы қолданып және сол арқылы өлшем негіздерін жасаған. Мұны халықтың өзі белгілегеніндей, «салмақ өлшемдері, көлем өлшемі мен мөлшері, ұзындық өлшемі, қашықтық өлшемі, уақыт және мезгіл өлшемдері деп бөлуге болады.

Халықтық өлшемдер тым ерте кездерден қолданыла бастаса да, күні бүгінге дейін тіл қолданысынан шықпай өлшем мағынасындағы ұғымды бейнелеп, баяндаудың бір тәсілі болып саналады.

Дәстүрлі мәдениет салаларының ішінде азық-түліктің орны ерекше. Этностық ерекшелігі бар компоненттер қатарынан орын алады. Төрт түлік малды мінсе көлігі, ішсе тамағы, кісе киімі ретінде тұтынып, қастерлеген, күтіміне зор мән берген. Ұлттық тағамдарымыздың да денін осы төрт түлік малдың өнімдері құрайтыны белгілі. М-Ж. Көпеев азық – түлікке қатысты «Азық пайдасы», «Азықтың пайдасы» атты танымдық жазбаларында өзекті мәселелерді арқау еткен. «Азық пайдасы» еңбегінде: «Баланы өсіру үшін, һәм үлкен денені асырауға көп тамақ керек. Азығынан кем болған дене азғындайды; әуел майы, онан кейін еті таусылып, арықтап өледі. Азықтың өте керек нәрсесі – төрт: ғарабша «шебе, залал»-деп айтылады. Мағынасы: таза ет, жұмыртқа, шекер, тұз – осы төртеуі. Бірінен кемдік болған дене рақат көре алмайды» (9-т, 304-б). «Азықтың бойға сінуі» шағын жазбасында азықтың адамның ағзасында қалай қорытылып, қай мүшелер іске қосылатындығын тілге тиек етеді.

Азық – түлікке қатысты Ө. Нұрмағамбетов мынадай дерек келтіреді: «Ертедегі түркі тілдерінің жазба ескеркіштерінде «азық» сөзінің алғашқы түлғасы «ағыз», ал мағынасы қазіргі кездегі адамның тамақ қабылдайтын мүшесі «ауыз» болғандығын көрсетеді. Осыған кейін келе –ық жұрнағы қосылуы нәтижесінде «ағыздық», одан әрі «ғ» дыбысы түсіп, қазіргі кездегі «азық» сөзі қалыптасып, адам тіршілігіне қажетті тамақтық заттар атауы шыққан» [8,59].

М.Қашқари сөздігінде де азық – түлікке, оның мөлшеріне қатысты сөздер өте көп, кейбіреуін келтіретін болсақ: ашыш – қазан, адзақ – ас, азұқ – азық, ас, ауқат, аш – ауқат, ас, сырлығ аяқ – сырлы аяқ; сырлы тостаған, барт – су ішетін бақыр, ожау,

санаш – дорба, қамыч – шөміш, ожау, бұтық – кішкене мес, торсық, қасұқ – қасық, торсық, тағар – қап, қанар қап, шөмше – шөміш, көрке – ағаш табақ, ағаш аяқ, құрлұқ – торсық, саба, кесүргү – қап, қалта, иоғру – аяқ, табақ, қача – қалта, қалташа, сенек – су ішетін тостаған, ағаштан ойылған тостаған. Сөздікте тағамның мөлшеріне қатысты нумеративтер де көп ұшырасады: бір сағым сүт – бір сауым сүт, тұншү – бір шөкім ас, бір тілге ет – бір тілім ет, бүшінчек – бір шоқ жүзім, бір иұғрұм ұн – бір илем ұн. [10,590].

М-Ж.Көпеев еңбектерінде азық – түлікке қатысты сөздер өте мол: бір тамшы су, бір ұрттам су, бір жапырақ ет, жалғыз уыс дән, бір тілім нан, бір жұтым сусын, бір кесім нан, бір ішім су, бір саба қымыз, бір қасық су, бір аяқ көже, бір аяқ ас, бір торсық су, бір қарын жент, бір бақыраш май, бір асым ет, бір ұрттам су, бір түйір дән, жалғыз уыс дән, бір тілім, бір табақ ет, бір самауыр шай, бір кесек ет, жарты қадақ қант, бір қарын сары май, үш пұт ақ ұн, бір қап құрт, бір жайым құрт, бір күбі айран, бір шөміш сапыру, екі шара сапыру, бір қасық бал, бір құмыраша қатық, бір құмыра су тағы басқалары. Астың пісуіне байланысты ас пісірім, ет асым, ет пісірім, ет қайнатым, қайнам, сүт пісірім сияқты уақыт өлшемдері болады. Азық – түлікті сақтауда ыдыс – аяқтың орны ерекше екендігі аян. Ыдыс – аяқтар лексикасына ас – тамақ сақтайтын : жұкаяқ, әбдіре, асадал, кебеже енеді. Олар өз ішінен сұйық тамақ сақтайтын ыдыстар: саба, көнек, қанар, торсық, талыс, шөншік, мес, қауға, шелек; зат салатын: қоржын, бөктергі, қанжыға, боқжама, бокша, бойра, бүктеме; ас салатын ыдыстар: аяқ – табақ, табақ, тостаған, құман, құмыра, кесе, қазан, қасық болып бөлінеді. Осы ыдыстардың көпшілігі өлшем мәнді сөздер қатарында орын алады. Халық метрологиясы салт – дәстүрмен байланысты тығыз қарастырылатын болғандықтан, ұлттық ыдыс – аяқтарымыз да осы аяда нысан болуы түсінікті. Осы мысалдарды М.Ж.Көпеев туындыларындағы нақты мысалдармен дәлелдер болсақ: Қалмақ деген жұрт өлген кісісін киіндіріп, қойдың бір санымен, бір-екі нанымен, бір құмыраша қатықпенен айдалаға апарып тастайды екен (8-т, 278 б).

Үйімізде ет-нан жоқ жалғыз түйір, Барсақ бізге, дейді ғой: «Бір жіп иір!»(Әдхам диуана және Ибраһим),3-т, 64-б). –Бір бақыраш май қайнат! – депті (9-т, 108б).

Бұл күнгі жан мұндайды жек көреді, Жалғыз уыс ұн берсе, көп көреді (Ғалының мырзалығы», 3-том, 238-бет). Күн ыстық, әуе айналып жерге түскен,

Таңсық боп бір жұтым су көкей кескен. «Армансыз болар едім,- деп шуласып, - Бір ұрттам мөлдір тұнық судан ішсем!» («Қанағат туралы жұмбақ өлең», 1-том, 8-бет).

Жоқ болып нан беруші жалғыз тілім, Деуіне тұрмай қалды: «Халқым, елім!» («Жұт», 1-том, 179-б). Кісінің кісілігі – тіл мен жүрек, Екеуі екі жапырақ ет емес пе?! («Кәф пен Нон», 1-том, 16-бет).

Бір ішім су таппадым саған іздеп, Күншығыс, күнбатыстың бәрін көздеп. («Өлер халде періштелер келгені», 2-том, 210-бет). Осы екінші томның дәл осы бетінде тағы мынандай мысал кездеседі: Ойлаймын: «Ырзығыңыз бітті ғой!»- деп, Болмаса табар едім бір кесім нан (2-том, 210-бет).

Қадірлі, құнды, пұлды, жайсаңы, не бек, не байлары өлсе, жасап, киіндіріп, қойдың бір санын мойнына байлап, екі нанды қойнына тығып, бір құмыра суды басына қойып, жаназалайды екен («Сарыарқа тарихы», 8-т, 265 б, ). Бұзау, тайыншаның қарынына салынған бір қарын жентті ортасынан қақ жарып, ханның қоржынына салғызды дейді (9-т,73-б). Байлардың бәйбішелері ірімшік пен майдан жасап, қарын- қарын жент сақтайды (8-т, 55 б). Бір табақ ет пен самауыр шай, бір қарадан саудасы болып, қазақ халқы өлігінің- тірігінің садақасын – қонағасы беріп, шайға қандырып, майға тойғызып тұратұғын қожа, молдаға берді (9-т, 334б).

Тұжырымдайтын болсақ, кез-келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады. Қазақ тіліндегі азық-түлікке қатысты өлшем атаулары танымдық тұрғыдан зерттеліп, халықтың рухани мәдениеті, наным-сенімі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің бейнесі айқындалды.

Жалпы алғанда, математикалық ойлау жүйесі мықты дамыған қазақ халқының сахарада жүріп-ақ күн мен жер, ай мен жер, шексіз де шетсіз алыс елдердің ара қашықтығын көзбен көріп, түйсікпен-ақ өлшегендігі көрінеді. Халықтық өлшем атаулары тым ерте кездерден, ғасырлар бойы қолданыла бастаса да, күні бүгінге дейін қазақ және түрік тілдерінде, тіл қолданысынан шықпай, өлшем мағынасындағы ұғымды бейнелеп баяндаудың бір тәсілі болып саналады. Осы зерттеу барысында азық-түлікке қатысты өлшем атауларының тікелей халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрімен байланысты екенін ұқтық.

Қорытындылай келе, қай халық болмасын ежелден-ақ асты қадір тұтқан, «Ас- адамның арқауы» - деп, дұрыс даярлануына

ерекше ден қойған. Төрт түлік малдан алынатын өнімдерді ерекше баптап, ыдыс-аяқтардың да сапалы жасалуына мән берген. «Бір күн дәм татқан үйге мың күн сәлем», «Арпа – бидай ас екен, алтын – күміс тас екен», «Ет етке, сорпа бетке» қанатты сөздері де халқымыздың асқа деген құрметінен туындаса керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жанпейісова С. Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы (қазақ ақын- жазушыларының шығармалары бойынша) // Канд. дисс. автореф. Алматы, 1996ж.

2 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде) // Канд. дисс. Алматы, 2003ж.

3 Тұрышев А.Қ. М. Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері. Ф.ғ.д.ғылыми дәреж. алу үшін дайынд. дисс. Алматы, 2005. 343 бет.

4 Философиялық сөздік. Алматы, 1996 жыл. -525 б.

5 Сейілхан А.Қ. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. Канд. дисс. автореф. Алматы, 2001 ж.

6 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде) // Канд. дисс. Алматы, 2003ж.

7 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы : Мектеп, 1988.

8 Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат. Алматы, Жалын, 1990. -128-бет.

9 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат – ит - түрк) 3 томдық шығармалар жинағы (Қазақ тіліне аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазған Асқар Егеубай). 1-том, Алматы: Хант, 1997ж, 590 бет.

10 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-9 том. Павлодар, «ЭКО»ҒӨФ, 2003-2006ж.

## МАҒЖАН БЕЙНЕЛЕГЕН БАТЫР БАЯН

АМАНБАЙҚЫЗЫ З.

8 «г» сынып оқушысы, Павлодар қаласы

КАРИМЖАНОВА Р. Б.

филология магистрі, қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы, «Жас дарын» мамандандырылған мектебі

Ұлттық рухани мәдениеттің ең үлкен бір саласы – көркем әдебиет. Оны халық тарихының бейнелеу жолымен жасалған көркем шежіресі деуге болады. Сондай-ақ тарихи тұлғалар жайлы мәліметтер тарихпен бірге әдебиет бетінде де көптеп кездеседі. Халық өз өмірінің жарқын не қайғылы кезеңдерін аңызға қосып, жырға айналдырып, ел жадында сақтаған және оларды өмірде болған күйінен гөрі әдемілеп, сырлап, шындыққа жанасты етіп әсерлеп, қиялмен толықтырып, жаңа – «таным-бейтаныс» бейнеге айналдырған. Сондықтан тарихи оқиғалар болған қалпындағы әңгімелерден гөрі халық жырларында молырақ сақталып, ауыздан ауызға тараған. Бұл жайында Шоқан Уәлихановтың: «Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың біреуін суырып салма ақындар мен жыршылар жыр етсе, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмытылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар тастап кеткен», [1] – дейтіні де содан.

Тарихи жырларда дәл сол дәуірдің оқиғасы, замандастарды толғантқан нақтылы құбылыстары алынып, олар халық көзімен бағаланады. Тарихи жырлар жалпы өмірде бола беретін оқиғалардың емес, белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік-тарихи тартыстардың елесі. Тарихи жырлардың алғашқы нұсқалары сонау XVIII ғасырдан бастау алады. Бұл кезең ел тарихында қазақтың ең бір қиын-қыстау заманы ретінде айшықталды.

Жоңғар-қалмақтың жан-жақты қыспағы елді қатты күйзеліске ұшыратты. 1723 жылғы қайғылы да қасіретті «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» оқиғасы елдің еңсесін басты. Қазақ жұртының тоз-тозы шығып, бытыраңқылыққа ұшырады. Осы тұста халықтың басын қосып, қасына батырларды жинаған ер Абылайды айтпаста болмайды. Ол талай жорықтарға қатысып, ерлігінің арқасында елдің айбатты арыстанына айналды. Қайғы жұтқан жұрттың қамын ойлап, халықты ауызбіршілікке шақырып, елдің еңсесін көтерді.

Сол тұста Абылайдың ақ туынның астына жиналып, төңірегіне топтасқан халық батырлары – Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Сары, Баян мен Сағынбай сынды ел ардақтылары болатын. Аталған батырлар ішінде бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ер жүрек ардагерлердің бірі – батыр Баян Қосаболатұлы (1710/1715 – 1757). Ол өзінің батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Талай қиян-кескі шайқасқа қатысып, «Батыр Баян» атанған болатын [2].

Өкінішке орай, Баянға қатысты тарихи деректер өте аз. Батыр жайлы мәліметтерді біз сол кездегі ел мұқтажын жырлаған, халықты ауызбіршілікке үгіттеген жыраулардың шығармашылығынан табамыз.

Абылай ханның тұсында өмір сүрген Үмбетей мен Тәтіқара жыр толғауларынан Баянның сол кезде жоңғарларға қарсы күрескен батыр екенін білеміз. Мәселен, Үмбетей жыраудың «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» атты ұзақ толғауында мынадай дерек бар.

Қара Керей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Сары, Баян мен Сағынбай  
Қырмап па еді жауынды,  
Қуантпап па еді қауымды,  
Ұмыттың ба соны, Абылай[3].

Үмбетей толғауынан, батыр Баянның Абылай ханның тірегінің бірі екендігін байқаймыз. Баянның халқы ардақтаған, ел қорғаған батырларымен бірігіп, қазақ халқының туын жықпай, талай қан майданда ерлік көрсеткен еліміздің хас батырының бірі болғандығына көзжеткіземіз.

Ал, Тәтіқара болса, өз толғауында:  
Бөкейді айт Сағып менен Дулаттағы,  
Дәріпсәлі Маңдайды айт Қыпшақтағы  
Өзге батыр қайтсада бір қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт Уақтағы [3]

– деп, оның ержүрек батылдығы мен елін қорғаған тұлғалы азамат болғанын аңғартады.

Батыр Баян туралы деректер Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде біршама кездеседі. Зерттеушінің «Исторические предания о батырах XVIII века» [1] атты мақаласында батыр жайлы деректер кездеседі. Мұнда да Баянның ержүректігін, ақылдылығын Абылай ханның

жоғары бағалағандығы айтылады. Осыған қатысты нақтылы дерек келтіреді. Мәселен, Уақ батыры Баян Абылай ханмен бірге Қытай жасақтарына қарсы соғысқа қатысады. Қытайлармен айқаста Абылай қолы шегінуге мәжбүр болғанда оларға мүмкіндік жасап, Баян батырдың жасағы қытайларды бөгеу үшін айқасқа түседі. Бұл шайқаста Баян өзінің тапқырлығы мен ержүректігі арқасында хан әскерін қырғыннан құтқарады.

Шоқан Уәлихановтың Баян туралы айтқан деректері Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасының сюжеттік желісіне арқау болғанға ұқсайды. Шоқанның келтірген деректері мен оқиғалар дастанда айқын көрініс тапқан.

М. Жұмабаевтің екі тараудан тұратын көлем жағынан ауқымды болмағанмен, барынша жинақы әрі эпикалық поэмасында ескілік пен жаңалық арасындағы байланысты белгілі сюжетпен сомдайды.

Шынында да, «Батыр Баян» дастаны Мағжан поэзиясының шыңы деуге тұрарлық. Поэма аса көркем деңгейде, ерекше шабытпен жазылған. Жан күйзелісі, сезім, батырлық пен махаббат дастанда жыр болып өріледі. Поэма өзінің сюжеттік жағынан эпостық жырларға өте ұқсас. Мағжан тілінің әуезділігі мен әсемдігі, көркемдігі мен көріктігі ерекше үйлесімділікте сай келуі поэмада айрықша көрініс тапқан. Поэма Көкшенің керемет табиғат сұлулығын ерекше поэтикалық көркемдегіш құралдармен айшықтайды:

Сарыарқа – сарыдария, қиыры жоқ,  
Қарағай, қызыл қайын, тал аралас [4].

Сөз арқылы керемет сурет салған Мағжанның шеберлігі айқын аңғарылады. Поэма сюжеті алдымен Абылай ордасына «Жиылды өңшең ноян ағай-сығай» деп жиналған қауымның тізбеленіп, ішінен шоқтығы биік Баян батыр бейнесі айрықша тұлғаланып көрсетілумен басталады. Мәселен:

Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,  
Келмесе қандыбалақ батыр Баян! [4]

-деген Абылай сөзінен батырдың хан ордасындағы орны мен беделін байқаймыз. Жиналған өңшең батыр Баянның кешігуін түсінбей:

«Жау!» десе жатпайтұғын батыр Баян,  
Апырым-ай, келмеуінің мәні қалай, [4]

- деп таңданулары күшейе түсті. Қайткен күнде де Абылайдың Баянсыз жауға аттанбауы батыр Баянның шын мәнісінде беделдігін көрсетеді.

Оның мәнісі мында еді. Қазақмен жауласқан қалың қалмақтан Баян бір сұлу аруды өзімен әкеледі. Арудың сұлулығына тең келер ешбір сұлулық болмайды. Қыз сұлулығын Мағжан былай көрсетеді:

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,  
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.  
Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі,  
Кәусардай татқан адам қалар қанбай [4].

Батырдың сұлулық отына түсіп қалмауы, сабырлық танытуы – оның бойындағы ерекше қайсарлық, батырлықтың белгісі. Қалмақ қызы қазақтың аруы болып кетсе де, өз елін жанынан шығармаған. Сыр бермеген қалмақ қызының Ноянға көз тастауынан, он бес жасар баланың жүрегінде ұшқын туады. Сол ұшқын жүреkte отқа айналып, батыр інісі Ноян аласұрады. Махаббат мас, сезім уланған екі жас «айрылмаймыз» деп ант береді. Қыз бен Ноян арасында шиеленіскен махаббат өршиді. Қыз Ноянға «сені сүйем, бірақ саған қосылу үшін жылап-зарлап қалған ата-анамның батасын алу керекпін» дейді. «Мені сүйген Баянға екеуміз қосылсақ ауыр тимей ме? Сарыарқадан сапар қылайық, сонда тыныш бас қосайық» дейді. Қыз айтқанына Ноян нанып, екеуі келісіп қашады. Болған іс тез арада Баянға жетеді. Мұны естіген Баян сенбей қатты ашуланады. Ойланып ары-бері теңселеді. Ақылдан айрылған батырдың көзіне қан үймелейді. Ашуланып қашқындардың артынан қуғынға түседі. Ызаға толы, көкіректі намыс жеген Баян қыз бен туған бауырына жетіп, артындағы садағын қолға алып, ызадан өз інісін танымай қалады.

Жас Ноян: «Жан көке!» – деп сөз қатқанша,  
Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!» –  
Дегенше, қалды тартып батыр Баян,  
Баянның батырлығы алашқа аян.  
Оқ тиіп жүрегiнен құлап түсті,  
Атынан бүктеліп бөбек Ноян [4].

Есін жиіп, ер Баян екі жасқа қарап, қайғырды, жылады. Енді батыр өз өзіне қайта-қайта: «Мұның не?» - деп күбірледі. Баян өзінің жорыққа шыққанына, қу қалмақ қызын әкелгеніне, өзінің қызу қандылыққа салынғанына қатты өкінеді. Өзі жақсы көрген қалмақ қызына деген махаббатын да кінәлайды. Осының бәріне қатты қайғырған, түңілген Баян енді:

Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген  
Алашым, аттанамын жауыңда өлем! [4]

– деп Баян енді өмірден үміт үзіп, ажал аузына өзі ұмтылады. Екі жанды жерге бөлеп, басында көп отырып, көз жасын қайта

төкті батыр Баян. Көп ұзамай Баян атқа мініп, ауылға қарай тартты. Жиналған қол Баянды күтті. Баянның келуін Абылайға жеткізгенде, хан “Таң ата жүреміз” – деп жарлық береді. Ертесіне таң атып, түн өткенде Абылай әскерге “Аттан” деп хабар салады. Аттанған қалың қолды Іленің аңғарында қалмақ күтіп отырады. Қазақтың қалың қолын көргенде қалмақтар сескеніп қулықпен алдап кетуді ойлайды.

Келіс сөз жүргізуге жеті қалмақ жіберіп, ағаттықтың өздерінен болғандығын, соған кешірім сұрап бар байлық, малды береміз дейді. Бұл айтқандары Абылайды ойландырады. Өзінің кеңесін жинаған Абылай қалмақтардың бергенін алайық дейді. Көпшілік үн-түнсіз мақұлдап тұрғанда Баян қарсы шығады. Алдияр олар қу, бізді алдап кетеді, қалмақтарды шабайық дейді. Хан мен Баян сөздері келіспей қалады. Абылай Баянның қарсылығын іштей жақтырмай қабақ түйеді. Өз қолына хан қайту деп бұйрық береді. Жас Баян хан бұйрығына разы болмай, таңның атысымен жүз жолдас ертіп, қалың Қытайға қарай шабады. Көкіректегі кернеген ыза Баянды мың қолдық қалмаққа алып кеп соғады. Бір қазаққа жүз қалмақ болып соғысқан шайқаста Баян әскері жеңіліс табады. Көз жұмар шағында Баянның алдына Ноян менен Ақшамандай келеді. Көз алдына анық болып елестеген екі жасқа Баянның айтқаны:

“Іс өтті. Ажал жетті.

Енді не бар?

Қоштасып айтысалық.

Соңғы сөзді,

Келіндер, қарақтарым, кешіндер!” [4]

– деп батыр мәңгілікке көз жұмады.

Мағжан ел аузынан естіген миф-аңызды өзінің ақындық шеберімен тамаша поэма етіп жазады. Реалистік негізде жазылған поэманы Мағжан табиғатпен әсерлей күшейте түседі. Бір қарағанда, бұл сюжетті поэма ғана іспетті. Дұрысында, ақында тек тарихты жырлау ғана емес, сондай-ақ ерлікті, еркіндікті суреттеу басым екені анық аңғарылады. Символизм ағымында жол шиырлаған Мағжан бұл поэма арқылы екіұшты ой тастап, оқырманын терең танымға итермелейді. Шығарманың әу басында-ақ ақынның:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,

Сондықтан жаным күйіп, жанады да [4]

– деуі үлкен ойға жетелейді. Бір байқағанымыз, мұндай лирикалық шегіністер дастанда біршама бар. Бірақ олар (шегіністер

– ) поэманың сюжет желісіне сәйкес беріліп, композициялық құрылыс элементі ретінде біте қабысып кеткен.

Бұл, біріншіден, Мағжан талантының қарымын байқатса, екіншіден, алашқа аты мәлім қазақ батырының бастан кешкен трагедиясын суреттеу арқылы егемендік үшін еңіреп, сыртқы жауға қарсы күресте айбынды Абылай ханның туының астынан табылған, аттары аңызға айналған ел ерлерін тамсана жырлай отырып, елдің өткен күнін, тәуелсіздік тұсын аңсау болды. Ал үшіншіден, азаттықтың аңсары мен ел ертеңінің еркіндігі ұлттық сана-сезім мен халықтық рухта екенінің жете түсініп, “алаштың от екпінді ерлерін” үлгі ету, “сенген жастарына” күш-жігер қосу еді.

Бодандықта болған қазақтың бостандыққа жетуін армандап, сол сүрлеуде “тар жол, тайғақ кешуден” өткен Алаш арыстарының бірі ретіндегі Мағжан Жұмабаев мұрасына құрсау қойылғанда, оның шығармашылығында әспеттелген Абылай хан мен оның ең жақын батырларының бірі болған Баян батыр сынды тарихи тұлғаларды атап, ардақтауға тосқауыл қойылғаны көпке мәлім.

Біз сөзге тиек етіп отырған батыр Баян есімінің кеңестік кезеңде ескерусіз қалуы да осындай келеңсіздіктің кесірі еді десек болады. Ал бүгінгі күні, дербестікке қол жеткізіп отырған тұста мұндай олқылықтардың орнын толтырып, кемел келешектің келбетін халық үшін құрбан болған қайсар да қайратты сол тарихи тұлғалардың танымы мен тағлымынан табарымыз анық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Уәлиханов Ш. Тандамалы шығармалары. 2-басылуы. – Алматы: Ғылым, 2001. –422 б.

2 Батыр Баян. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: Қаз. Энци.-сы, 2001.– 518 б.

3 Бес ғасыр жырлайды. I-том.– Алматы: Жазушы, 1989. –392 б.

4 Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. – Алматы: Атамұра, 2002. –256 б.



**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ – ЛИРИК АҚЫН**

АМРЕНОВА А. Б., МУСАТАЕВА А. Б.  
8 «А» сынып оқушысы, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.  
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Мағжан – қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі. Ол артына өшпес рухани мол мұра, өзіне өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырып кеткен.

Жарты ғасырдан аса оның есімін де, шығармаларын да атай алмай келген халқы көп жылдардан кейін ғана ұлы ақынымен сағына қауышқан.

Мағжанның туып өскен жері – Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Булаев ауданы. Әкесі Бекен – көзі ашық, өжет, қайратты, парасатты адам. Көп жылдар болыс болған. Мектеп ашып, мұғалім ұстап, өз балаларының оқуына қамқорлық жасайды. Бұл мектепте патша әскерінен қашып жүрген Ажиетдин Ақанов деген оқыған, білімді башқұрт жігіті мұғалім боп істеген. Зерек Мағжан төрт жасында осы мектеп есігін ашады, хат таниды, Шығыс әдебиетімен алғаш осы мектепте танысады. Қолына түскен қисса-дастандарды оқи бастайды. Ақын Шығыс әдебиеті даналары Фирдоуси, Сағди, Ғафиз, Омар Хаям дастандарын түпнұсқадан оқып-үйренеді.

Оқуға зерек, білімге, білмекке ынталы Мағжанды әкесі Қызылжардағы медресеге оқуға түсіреді. Мұнда ол шығыс тілдерін үйренеді, сол тілдердегі әдебиеттерге ден қояды. Тап осы кездерде ақындық талантының бүрі де ашылады.

Мағжан сол кездерде Абайдың 1909 жылы Петербургте жарық көрген өлеңдерін оқып, сонан сусындайды.

Ақын мұнан әрі білімін Уфадағы «Ғалия» медресесінде жалғастырады. Медреседе дәріс оқушылар ішінде татардың классик жазушысы Ғалымжан Ибрагимов бар еді. Бұл медреседе сол жылдары бірталай қазақ жастары да оқыған, солардың арасында халқымыздың біртуар жазушысы Бейімбет Майлин де болған.

Мағжан өлеңдерінің тұңғыш рет Қазанда Кәрімовтар баспаханасынан басылып шығуына қол ұшын берген – ұстазы Ғалымжан Ибрагимов.

Шәкіртінің алғырлығын да, зеректігін де таныған ол Мағжанның білімін әрі қарай жалғастыруына да ақыл-кеңес береді.

Мағжан орыс һәм Еуропа мәдениетінен сусындамақ болып, Омбыдағы оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Осы оқу

орнында ол Сәкен Сейфуллинмен алғаш танысады. Мағжан семинарияны алтын медальмен бітіреді.

Мағжан ана тілінің мол байлығын бойына барынша сіңірген, орыс тілін де жетік білген. Соның арқасында ол Пушкин, Лермонтов, Горкий, Байрон, Гете тағы да басқа орыс, Батыс ақын-жазушыларының шығармаларымен танысып, олардың таңдаулы туындыларын ана тілімізге аударып, халқымыздың игілігіне айналдырған.

Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Ақын ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласады. Соларға ақындық үн қосып отырады. Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел – жұртының тағдырына бағышталған. Мағжан – лирик ақын, сыршыл ақын. Ақын поэзиясының ең қомақты жағы осы лирикалары. Олары романтикалық асқақ сезіммен өрілген. Жан тербетеді, адамды нәзік сұлу сезімдерге бөлейді. Ақын лирикасының тақырыптары алуан: туған жер, ата мекен, халық тағдыры, ар – адамгершілік, шынайы махаббат, т.б.

Мағжан – эпик ақын. Оның қаламынан «Батыр Баян», «Қорқыт», «Жүсіпхан» сияқты поэмалар туған. «Батыр Баян» поэмасында өзінің халқына, Алашына деген суымас перзенттік жүрегінің ыстық сезімін өлең өрнегіне шынайылықпен түсірген. Халқымыздың сондай ер жүрек перзенттерінің бірі – батыр Баян. «Батыр Баян» поэмасы «алашым» деп еңіреп, «майданда жолбарыстай» ерлік көрсеткен осы аруақты көкжал батырға арналған.

Мағжан Жұмабаев

Мағжан Жұмабаев — көрнекті жазушы, ақын, публицист. Қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі атанған талантты ақынның есімі кеңес өкіметі тұсында қазақ әдебиеті тарихынан жазықсыз сызылып, оның маржан жырлары идеологиялық қудалауға ұшыраған болатын. Халқының тәуелсіз ел болғанын көруді аңсаған ол, өмірінің аса ауыр сәттерін бастан өткерді. Алайда, тағдыры қиын болғанымен, өміршең жырлары кейінгі ұрпаққа өлмес мұра болып қалған Мағжан Жұмабаев еңбектері туралы кемеңгер жазушымыз кезінде көрегенді ой айтқан еді.

XX ғасырдың басы еліміздің рухани-мәдени тарихындағы қиындығы мен қайшылығы мол күрделі кезең болды. Қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға Мағжан Жұмабаевтың ақын болу, қалыптасу кезеңі — ұлттық көзқарастардың оянуы мен қоғамда жана жол іздеген дағдару дәуіріне тура келді. Дәл осы тұста Мағжан

жалынды жырларымен ұлттың рухын көтерген алаш ұлдарының бірі болды.

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Сасыккөл деген жерде туған. Бала кезінен өте зеректігімен көзге түскен ол төрт жасынан хат таниды. Ауыл мұғалімінен сауат ашқан Мағжан 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түсіп, оны жақсы үлгеріммен аяқтайды. Бірақ, бұл білсем, көрсем деп ілгері ұмтылған жас талапты онша қанағаттандыра қоймайды. Сөйтіп, Мағжан білім жолында іздене түседі.

Жан — жақты білімін жетілдірген Мағжан Жұмабаев бірқатар шығыс тілдерінен дәріс алып, шығыс ақындарының жырларымен танысады. Сөйтіп өзі де әдебиетпен шұғылдана бастайды. 1912 жылы небәрі 19 жасында Мағжан ұстазы, татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтың көмегімен «Шолпан» атты тұңғыш жинағын жарыққа шығарады. Осыдан тура бір ғасыр бұрын Қазан қаласында басылған өлеңдер жинағында Мағжан жалындаған жасқа тән махабатты емес, ел – жұртының тағдырына алаңдаған әлеуметтік, ауқымы кең мәселелерді көтереді.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім! – деп халқына деген шексіз махаббатын жырлаған Мағжан алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, “Қазақ” газетіне өлеңдерін жариялап тұрған. Ол Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» өлеңінің рухында «Жатыр» деп аталатын жырын жазады. Мағжан 1923-1927 жылдары Мәскеуде оқыған кезде батыс Еуропа әдебиетімен, орыстың жазушы-ақындарымен етене жақын таныс болған.

1924 жылы Мәскеуде Кеңес пролетариат жазушыларының қауымдастығы құрылады. Социалистік реализімді орнату мақсатындағы бұл ұйымның Қазақстанда жүзеге асуына әдебиетте жүрген зиялы қауым өкілдері қарсы болады. Шығармашылық адамының өз ой-пікірін айтуына тосқауыл жасайтын саясатқа келіспеген қайраткерлер қатарында болған Мағжан сол жылы Мәскеуде жүріп «Алқа» ұйымын құруға әрекет жасайды. Қазақ жазушыларының басын ұлттық бағытқа біріктіріп, Семей, Ташкент, Петропавлда жүрген белсенді қайраткерлерге «Табалдырық» атты жаңа бағдарламаны қолжазба түрінде таратып, өзінің саяси ұстанымын білдірген.

Өкінішке орай, ұлттық мүддені көздейтін құжат жарыққа шықпайды. Бірақ, осы әрекеті үшін 1929 жылы Мағжан Жұмабаев

жасырын ұлтшыл ұйым құрды деген жалған айыптаумен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалады. Сол кезеңде Мағжанның осы бастамасы қазақ зиялыларына терең ой тастап, қоғамның шынайы болмысын суреттеген туындылар жарық көре бастайды. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Хан Кене» шығармасын жазса, Мағжанның «Жүсіпхан» деп аталатын көркем дүниесі соның айғағы.

Шығармашылықпен, айналысқан алғашқы он жылда Мағжан ұлт — азаттықты поэзияда ең терең қозғаған ақын болды. 1929 — 1938 жылдар аралығында көркем туындылары тоқырауға түскен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі тек 1936 жылы ғана бостандыққа шығып, Қазақстанға қайтып оралады. Петропавл қаласында мұғалім болып жұмыс істейді. Алайда, оны қалалық оқу ісінің меңгерушісі саяси айыптап, қызметінен босатады. 1937 жылы Алматыға келіп аударма ісімен айналысқан Мағжан Жұмабаев 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

Небәрі 44 жыл ғұмыр кешкен Мағжан Жұмабаев өзі өмірден өтсе де артына өлмес мұрасын қалдырды. Бүгінде Мағжантану ілімі ұлттың рухани-мәдени құндылықтар қатарында. Қазақ әдебиетінің сарқылмас қазынасына айналған ұлы суреткердің шығармашылығын көптеген ғалымдар зерттеп, ғылыми еңбектер, оқулықтар жазды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Шериздан Елеуенов, Мағжантану жолында сүбелі еңбек етіп, осы саладағы ізденісі үшін мемлекеттік сыйлыққа ие болған қаламгер. Ол 1988 жылдары Алаш азаматтарын ақтау туралы құжатты әдебиет және өнер институты атынан дайындап, атпал азаматтың халқымен қауышуына мұрындық болған.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, жерде желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? –

Мағжан ақындығының құпиясы оның өз тұсының шындығын дәл бейнелуінде ғана емес, өлеңінің сиқырлы күшінде. Ол бірде өмірдің күлкісіндей қуанышты бейнелесе, бірде жылаған, қайғы жұтқан қазақтың ішкі сезімін көрсетеді.

Мағжан ана тілінің мол байлығын бойына барынша сіңіріп, орыс тілін жетік білген. Соның арқасында ол Пушкин, Лермонтов, Горкий, Байрон, Гете секілді орыс, батыс ақын-жазушыларының шығармаларын ана тілімізге аударып, халқымыздың игілігіне айналдырды. Әдеби туындылармен бірге Мағжанның қаламынан туған оқу құралдары да көпшіліктің қызметіне жарап жатыр.

Жастарды оқу, білімге шақырған қаламгер әлемдік педагогиканы қазақтың ұлттық ерекшеліктерге сай етіп, бірқатар еңбек жазды. 1923 жылы оның Ташкентте «Педагогика» атты кітабы және төменгі сыныпқа арналған «Сауатты бол» атты оқулығы жарық көреді.

Елінің тарихы мен мәдени мұраларын терең білген Мағжан қаламынан «Батыр Баян», «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Ертегі» сияқты бірнеше тамаша поэмалар тудырды.

...Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой, – деп тебіренген ол «Тұран», «Түркістан» арқылы Шығыс әлемін, бүкіл түркі дүниесін мақтан ете жырлайды. Сондықтан, Мағжан Жұмабаевтың түркі жұртының алдында тұлғасы биік ақын. Оның шығармасына байланысты жиындар Түркия мемлекетінде жиі ұйымдастырылып, көптеген өлеңдері түрік тілінде жарық көрген.

Мағжан Жұмабаев ешқандай басшылық қызметтер атқармаған. Сырт бейнесі өте сұлу, келбетті адам болған екен. Сәбит Мұқанов ол туралы: «Мінезі баладай, тілі балдай еді. Адамға қайырымды, кешірімді, қалтқысыз жан еді...» деп жазады. Ақынның алғашқы жарынан Граждан атты баласы болып, кейін ол шетініп кеткен. Ал соңғы қосылған зайыбы Зылиха өмірінің соңына дейін Мағжанмен бірге болып, оның өлеңдерін бастырып, жинаған екен. Сондай-ақ аумалы-төкпелі заманда өзіне қара күйе жаққан жандарға ақынның жаман сөз айтпауы да оның бойында адамшылық қасиеттің биік болғандығын көрсетеді.

Жұмабайұлы – философ ақын. Ақынның философиялық көзқарасы өз өлеңдерінде жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік тәрізді қарама-қайшылықты философиялық ұғымдарды шебер шендестіре білуінен байқалады. Ол дүниені біртұтас құбылыс ретінде алып, адамды сол ұлы табиғат, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі ретінде суреттейді. Табиғатсыз, жаратылыссыз адам жоқ. Ал табиғат адамсыз да күн көре береді. Бірақ сана оған бағынбайды, дене бағынса да сезім бағынбайды. Сондықтан ол бұлқынады, серпінеді, үстем болғысы келеді («От»).

Құбылыстың мәнін кең көлемде, жалпыға бірдей қалыпта тани білуде ақын, ең алдымен, ненің болса да мән-мазмұнына үңіледі, әрдайым жалпы адамзатқа тән әуенге бой ұрады, табиғаттың өз заңына ғана бағынатын құбылыстардың ішкі құпия астарын ұғынғысы келеді. Жұмабайұлының ойынша ақын деген болжап білмес жолға сапар шеккен пір, кейде жын, кейде бала, сол

сапарда ол қиындықты қайыспай көтеретін, не дүниені тәрк етіп, бәрінен безінетін жан («Қиял құлы мен бір ақын»). Ақын «Қорқыт» поэмасында философиядағы мәңгілік тақырып – өмір мен өлім мәселесін Қорқыт пен ажалдың аңдысуы түрінде суреттейді. Ажал – хақ, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде қабылдау қажет деп санайды ол.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://bigox.kz/magzhan-zhumabaev-1893-1938/>

2 Әдебиет 8 сынып

3 Қазақ тарихындағы Ұлы Тұлғалар: Портреттер.- Алматы: Өнер, 2003

4 Мағжан Жұмабаев: өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер.- Петропавл: Полиграфия, 2006.- 428 б.

#### ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫНДАҒЫ ЖӘНДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

АНВАРОВ К. М.

9 «Б» сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей,  
Кентау қ. ОҚО

Жәндік және жан-жануарлар атауларының зерттелінуі.

Қазақстанда мекендейтін жәндіктердің 20 мыңнан аса түрі кездеседі екен. Табиғат аясында өскен, әрі байқағыш, әрі сөз тапқыш қазақ халқы олардың бәріне атау беріп, айдар таққан.

Жәндіктердің атауларын жинақтап, тілдің әр қырынан қарастыруға тырыстық. Ол үшін жәндіктердің әр алуан түрлілігімен, адамға, айнала қоршаған ортаға пайдалы ықпалы мен зиянды әрекеттерімен ерекшеленген белгілері басым болғандықтан, арнайы зерттеу бағытын таңдап алуды дұрыс көрдік.

Жәндік атауларының түрлері, олардың халықтық атаулары, оларға қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тенеулер, фразеологизмдер талданады.

Жәндік атауларының топтастырылуы.

мылтықшы – дәуіт жәндігінің халықтық атауы.

Дәуіт айбат шеккенде артқы ұзын екі аяғын жоғары көтеріп, алдыңғы аяқтарына тіреп, ұзақ уақыт бойы діттеген дүниесін көздеп тұрған, қолына мылтық алған мергендей қозғалмастан тапшылмай тұрып қалады. Осы сыртқы бітім-болмысын мылтықшыға ұқсату

негізінде дәуіт халық арасында «мылтықшы» атанған. Ауызекі сөйленісте «мылтықшы жыланның көзін ойып ала береді» деп қолданады. Оған қасиетті, киелі деп құрмет көрсетеді. Үйге дәуіт келсе, пәле-жала есіктен кетеді, құт төбеден келеді дейді. «Дәуіт бар жерде жылан жүрмейді», «Дәуітті жер тәуір жер», «Дәуітке көзінен айрылар жылан кездеседі», «Дәуітті тәу еткен құр қалмас» деген тәмсіл сөздер осыдан қалыпты.

Молдабас – кесірткенің қосымша атауы.

Оның сыртқы келбеті, әсіресе басы сәлде ораған молданың басына ұқсайтын болғандықтан, теңеу негізінде «молдабас» атауы халық арасына кең таралып, қолданымдық аясы да кеңейе түскен. Бұл атау сыртқы бітімін ұқсату, теңестіруден туындаған.

Жәндіктердің символдық мәні.

Адамдар дүниетанымындағы жәндіктерді де символ ретінде пайдаланады.

Қазақ халқы үшін жылан арбаушы күш-қүдіреттің символы, қазыналы байлықтың қорғаушысы, құмырсқа – еңбекқорлықтың символы, шегіртке – ойсыздық, жалқаулықтың символы, көбелек – жеңілтекті, ақкөңілділіктің символы.

Жыланның жалпы тіршілігі, өзіндік ерекшелігі, айнала қоршаған ортаға қатынасы туралы мәліметтерді жинақтай келе мынадай жіктелерге бөліп қарастырғанды жөн көрдік: Жаз жыланнан қорыққан, Ақ арқаннан аттамайды.

Жылан – қоршаған ортаға қауіпті жәндік;

Жылан – жер асты байлығының иесі; Жылан – үйге кірген құт;

Жылан – қамшы; Жылан – мүшел жылы;

Жылан – ырым нышаны,

Жылан – түзу жолдың, өрімнің, жүрістің, ою-өрнектің үлгісі; Жылан – арбаушы;

Жылан – зұлым, тілі ащы, зымыян, іші-бауырына еніп алып, бүлік тудыратын жағымсыз адам бейнесі.

Олар жыланның физиологиялық қимыл-қозғалысы мен өзіне тән қасиеттеріне салыстыру негізінде туындаған теңеулер. Мысалы: абжыландай толғану, белге ұрған жыландай сылқ ету, жас жыланша сумаңдау, жаралы жатқан жыландай, жеті басты жыландай.б.

Қорыта келе айтарымыз, жылан қазақ таным-түсінігінде, ой-санасында ерекше орын алатыны байқалады. Оған себеп,

біріншіден, адамзат баласы пайда болғаннан бері өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде біте қайнасып келе жатқан осы жыланның өзіндік тарихы.

Екіншіден, әрі қорқыныш үрей тудыратын, әрі құт-берекенің иесі деп саналатын жыланның бейнесі халықтың сана-түйсігінде терең сақталып, тілінде, халық ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрінде, наным-сенімі мен ырым-жоралғыларында өзіндік бейнесі бар.

Бақа – ұзындау артқы аяқтары секіруге бейім келген, құйрықсыз су жәндігі. Одан мынандай атаулар мен тіркестер туындаған:

Бақа ауыз – арбаның оқтық ағашы енетін, алдыңғы дөңгелекке бекітілген ағаш. Бақа бас – жалпақ басты (етік). Бақа ине – кесте тігетін ине.

Бақа көз – сыртына шығыңқы, томпақ көз.

Бақа қыбыр – маңдымайтын, сылбыр қозғалыс.

Бақа мойын – мойны қысқа.

Бақа тамақ – бұғағы түсіңкі, салбыраңқы тамақ.

Жәндіктерге қатысты фразеологиялық тіркестер.

Бақа жәндіктер де «қорқыту, үркіту» мағынасында, азып-тозған, ұсқынсыз кейіпті таныту мағынасында фразеологиялық тіркес тудыра алады. Мысалы: аш бақа; көк бақа; тірі жан, тісті бақа; аузын бақадай ашты; тісті бақадай жабысты.

Жәндіктерге қатысты фразеологиялық тіркестер.

Бірқатар елдерде жайрандаған жаздың сәні, нәзіктік пен сұлулықтың символы болатын көбелек қазақ таным-түсінігінде ақкөңілділік, шыр айналып ұшу, көзсіз ұрыну мағыналарын жеткізуде кең қолданысқа ие.

Мысалы: ақ көбелек, көзсіз көбелек, қан көбелек ойнады, шыр көбелек айналу.

Жәндіктердің ішкі, сыртқы бітім-болмысы мен тіршілігін мұқият бақылап, солардың қимыл-қозғалысынан жағымды не жағымсыз әсер алып отыратын байқампаз халқымыздың таным-түсінігінен туындаған бірқатар тұрақты тіркестер қолданылады.

Жәндіктерге байланысты мақал-мәтелдер мен теңеулер

Мақал-мәтелдердің мазмұны көбінесе бір ғана ойды жеткізуді мақсат ете отырып, оны айқындап дәйектей түсу үшін, өзге бір дүниемен теңестіре, салыстыра бейнелеу негізінде құрылады.

Мысалы, «Адам қатесіз болмас, Көл бақасыз болмас» мақалын алып қарайтын болсақ, «кез келген адам өмірде қателеседі, қателеспейтін адам болмайды» деген философиялық тұжырымды бақаның сусыз, яғни көлсіз тіршілік ете алмайтын физиологиялық ерекшелігімен салыстыру негізінде сипатталып отыр. Мақал-мәтелдер: Жұмсақ ағаш құртқа жем,



Жуас адам жұртқа жем, Жібек құртын асырай алмаған, Жүдетеді.  
Қызды асырай алмаған, Күн етеді.

Келесі бір мақал түрінің мазмұндық құрылымы әсірелеу мақсатында айтылмақ ойды дәл жеткізуді көздейді.

Мысалы, «айыр құйрық шаяннан айыр тілді адам жаман» деген мақалда адамның тілі айыр болмаса да, айырқұйрықты шаян секілді шағып, тістеп, жанына батырып, сүйектен өткізіп сөйлеу мінезі шаянның жеке физиологиялық ерекшелігі мен қорғаныштық мүшесіне телу арқылы салыстырмалы түрде бейнеленіп жеткізілген. Бұл жерде халықтың ұтқыр ойы, бейнелеу шеберлігі айрықша екені байқалады. Себебі, абстрактілі ұғымды заттық дүниемен оңтайлы үйлестіре теңестіру – күрделі ойлау жүйесінің жемісін көрсетеді.

Енді бір мақалдардың мазмұндық құрылымы халықтың көпжылдық өмір тәжірибесінен, бақылап, зерделеп білген білімінен туындайды. Мысалы, «Жылан жылы жылыс болады,

Жылқы жылы ұрыс болады,

Қой жылы заңғар тоғыс болады» деген мақалдың мазмұны халықтың астрономиялық білім тәжірибесінің негізінде туындаған ақпарат беруші мақалдар қатарынан орын алады.

Сол сияқты көбелекке, бүйіге, шегірткеге, масаға, инелікке, араға, өрмекшіге, масаға қатысты теңеулер тілдік қорымызда кеңінен қолданысқа түскен. Қорыта айтарымыз, жәндіктерге қатысты теңеулер,

біріншіден, сол жәндіктердің физиологиялық бітім-болмысы мен қимыл-әрекеттеріне ұқсату негізінде туындаса,

екіншіден, тірі жанға тигізер пайдасы мен зияны, ықпалы, әсері теңеу жасауға негіз болады.

Фразеологиялық тіркес құрамында кездесетін құрт сөзі тек жағымсыз мағынаны, яғни қарғыс мәнді, көзі тоймау, аурудың жайлап кетуі мағыналарын танытуда жиі қолданылады.

Мысалы: Бауырыңа құрт түссін! Есек құрты мұрнынан түсті.

Көздің құрты. Көздің құртын жеді. Көзінің құртын салып, сұғын қадап отыр. Қолқанды құрт жесін! Құлағының құрт етін жеді.

Олар: құрт атаулары:

Ақсұлама – жалпақ құрттар типінің кірпікшелі құрттар класының өкілі: ақсұламаның түсі ақ, жапырақ тәрізді, денесі көлбеу созылып жатқандықтан, ақ сұлама деп аталады.

Құмқазар – буылтық құрттар типінің туысы. Құмда індер қазып тіршілік ететін теңіз құрттары. Түсі қошқыл қоңыр, құмнан U тәрізді ін қазып, іннің шұқырақты аузынан корегін аңдиды.

Жәндіктердің символдық мәні.

Адамдар дүниетанымындағы жәндіктерді де символ ретінде пайдаланады.

Қазақ халқы үшін жылан арбаушы күш-құдіреттің символы, қазыналы байлықтың қорғаушысы, құмырсқа – еңбекқорлықтың символы, шегіртке – ойсыздық, жалқаулықтың символы, көбелек – жеңілтекті, ақкөңілділіктің символы.

Үндістанда жылан – өмірді жалғастырушы, мәңгіліктің, жанның байлығы және кей жағдайда жасырын жатқан байлықтың символы деп есептейді. Сонымен қатар, кобра жыланы – қорғаушының символы деп есептелінеді.

Қытайда жылан – қулықтың және қауіптің символы.

Қазіргі кезде жылан – медицинаның басты символы – тілін сумаңдатқан жіңішке жылан XVI ғасырдан бастап қолданысқа енген.

Бұл символды кеңес елі де 1924 жылы түпкілікті мақұлдаған.

Жылан уының емдік қасиеті бар.

Жәндік атауларының ішінде халықтың дүниетанымында кең, ауқымды орын алған, өзіндік күш-құдіреті мен адамға деген қатынасы негізінде тілдік қорда әртүрлі мағыналарға, сыни, бағалаушытық мәндерге ие болған, мифологиялық, діни тұрғыдан бейнесі ерекше сомдалған ЖЫЛАН атауы.

Жыланның жалпы тіршілігі, өзіндік ерекшелігі, айнала қоршаған ортаға қатынасы туралы мәліметтерді жинақтай келе мынадай жіктемелерге бөліп қарастырғанды жөн көрдік: Жаз жыланнан қорыққан, Ақ арқаннан аттамайды.

Жылан – қоршаған ортаға қауіпті жәндік;

Жылан – жер асты байлығының иесі; Жылан – үйге кірген құт;

Жылан – қамшы; Жылан – мүшел жылы; Жылан – ырым нышаны, («Жылан-қайыс»);

Жылан – арғықазақ мифтерінде әйел бейнесі;

Жылан – түзу жолдың, өрімнің, жүрістің, ою-өрнектің үлгісі;

Жылан – арбаушы;

Жылан – зұлым, тілі ащы, зымиян, іші-бауырына еніп алып, бүлік тудыратын жағымсыз адам бейнесі.

1) Жылан үйге кіріп кетсе өлтірмейді, басына ақ құйып шығарады Жыланның өзіне қатысты да 50-ге жуық тұрақты теңеу тілімізде кең қолданысқа ие болған. Олар жыланның физиологиялық қимыл-қозғалысы мен өзіне тән қасиеттеріне салыстыру негізінде туындаған теңеулер. Мысалы: абжыландай толғану, белге ұрған жыландай сылқ ету, жас жыланша сумаңдау, жаралы жатқан



жыландай, жеті басты жыландай, жыландай жарау, жыландай жиырылу, жыландай жорғалау, жыландай жұмыртқалау, жыландай жылмындау, жыландай ирелеңдеу, жыландай оралу,

Жәндіктердің ішкі, сыртқы бітім-болмысы мен тіршілігін мұқият бақылап, солардың қимыл-қозғалысынан жағымды не жағымсыз әсер алып отыратын байқампаз халқымыздың таным-түсінігінен туындаған бірқатар тұрақты тіркестер қолданылады.

Айталық, бақа – ұзындау артқы аяқтары секіруге бейім келген, құйрықсыз су жәндігі. Одан мынандай атаулар мен тіркестер туындаған:

Бақа ауыз – арбаның оқтық ағашы енетін, алдыңғы дөңгелекке бекітілген ағаш.

Бақа бас – жалпақ басты (етік). Бақа ине – кесте тігетін ине.

Бақа көз – сыртына шығыңқы, томпақ көз.

Бақа қыбыр – маңдымайтын, сылбыр қозғалыс.

Бақа мойын – мойны қысқа. Бақа тамақ – бұғағы түсіңкі, салбыраңқы тамақ.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Жәндік атауларының ішінде қазақ халқы үшін ерекше мәні бар, символдық негізі бар жыланның ерекше жәндік болып саналатыны талдау жасау кезінде байқалды.

Жыланның қоршаған ортаға қауіпті жәндік, зұлым, тілі ащы, бүлік тудыратын жағымсыз адам мінезді білдіретіні, жер асты байлығының иесі, халық танымында үйге кірген құт, камшы, қайыс, белбеу символы ретінде танылатыны, мүшел жылдың бірі, қазақ наным-сенімінде мифтік бейнеге айналған бірқатар ырымдардың ұйытқысы, көне мифтік аңыздардағы әйел бейнесі, ою-өрнектің үлгісі, халық психологиясында арбаушылық, сиқырлық қасиеті бар күдіретті күш екені анықталды.

Жәндіктердің адам танымында, ырым-тыйымдарында, наным-сенімінде ерекше орын алатыны, тіпті жыл мезгілдерінің өзгеру құбылыстарын сол жәндіктердің әрекетіне, қызметі мен қимыл-қозғалыстарына қарап болжауы, табиғат апаттарын сездіретін жәндіктердің қасиеттерін қастерлеуі адам мен табиғаттың осы бір кішкене бөлшегінің арасындағы тығыз қарым-қатынасты, біте қайнасқан өмірді, тіршілік етер орны мен жұтар ауасы ортақ екенін байқатады. Жәндіктің адам өмірінде оның дүниетанымында айтарлықтай орын алғанын тілдік деректер (аңыз-әңгімелер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, нақыл сөздер) дәйектей түседі.

Жалпы адамзат баласы үшін жәндіктердің пайдасы мен зияны, қасиеті мен күдіреті айтарлықтай әсер қалдырған. Соның негізінде әрбір жәндік белгілі бір ұғымның символына айналғаны көрсетілді.

Жәндіктерге қатысты теңеулердің барлығы дерлік адамның мінез-құлқын, баяу, созыла қимылдаған қозғалыстарын сипаттауда белсенді қолданылатыны аңғарылады.

Құрамында жәндік атаулары кездесетін фразеологизмдердің мән-мағынасы сол жәндіктің жеке қасиеті мен қызметінің негізінде туындап, ауыспалы, коннотаттық мағынаға ие болған.

Нәтижесінде қазақ тіліндегі әдеби, халықтық, жергілікті жәндік атаулары жинақталып, олардың лексикалық қабаты мен сөзжасамдық құрамы анықталды. Фразеологиялық қордағы қолданылу ерекшеліктері, бейнелеуіштік, бағалауыштық мән тудыратын қасиеттері айқындалды.

Сондай-ақ, жәндіктердің әдеби, халықтық атауларымен қатар қолданыста жүрген жергілікті атауларының бірнеше түрлері қарастырылып, анықталды. Зерттеу барысында жәндік атаулары көбінесе өсімдік атауларымен, тұрмыстық бұйым атауларымен және сол жәндіктерден тарайтын ауру атауларымен омонимдік қатар құрайтыны белгілі болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ж. Балтабаева «Қазақ тілі» 3-4 сынып «Алматыкітап» баспасы, 2010. 14-15 б.
- 2 Наурызбаева З. Воинский инициатический ритуал кочевников «Жылан- кайыс» «Рух-Мирас» журналы, 2004. – №3 (3). –17-19 б.
- 3 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы, 2005. – 824 б.
- 4 Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы, 1988. –158
- 5 Меңлібаев Ғ. Бүгінгі жер атауы – бұрынғы ел атауы // «Ана тілі» газеті, 2003.
- 6 Қарбура. Тарихи-танымдық жинақ / Құраст. Ред. И.Жақан Алматы: Өлке, 1997. – 573 б.
- 7 Қазақтың мақал-мәтелдері мен жұмбақтары Алматы «Білім» 2007 113-115- бет

## БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

АСАЛБЕК А., РАМАЗАН Ж. А.

5 А сынып оқушылары, № 26 мектеп – гимназиясы, Екібастұз қ.

КАЛИЕВА А. С.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Қалқаманұлы Бұқар жырау - қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы, тұстасы. Павлодар облысының Баянауыл ауданында ғұмыр кешкен. Әкесі - аты аңызға айналған Қалқаман батыр. Шыққан тегі: Арғын тайпасының Қаржас руынан Бұқар – қазақ халқының арман-тілегін, елдік, ынтымақ бірлігін көксеген жырау, кемел кемеңгер, терең ойшыл.

Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ.Халид, Г.Потанин, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Мағауин, Р.Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген. Бұқар жыраудың есімімен Қарағанды облысының бір ауданы аталған. Қарағанды қаласында Бұқар жырауға арналған ескерткіш қойылған. 2003 жылы 11 маусымында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда қолдан бюст-ескерткіші ашылды.

Фразеологизмдерді Бұқар жырау өлеңдерінде жан-жақты қолданғандығын байқауға болады. Фразеологиялық тіркестердің тілдегі образдылық қасиетіне қашаннан бері көңіл аударылып келген. XI ғасырда жазылған Махмұд Қашғаридың «Диуани луғат ат- түркі» тілдері сөздігінде де мақал-мәтелдер кездеседі. В. В. Радлов қазақ халық сөзінің образдылығына ерекше назар аударған және оны жинастырған. Қазақтың мақалдарын алғаш рет қағаз бетіне Ш. Уәлиханов пен И. Н. Березин түсірді. А. Диваев пен

И. Ибрагимовтың жинастырған мақал – мәтелдері Ташкентте 1889 жылы шығарылды.

Кейінгі кездерде мақал – мәтелдер жинағы 1923 жылы А. Баржаксиннің құрастыруымен «Мың бір мақал» деген атпен шықты. 1941 жылы «Қаһарлы сөз қамал бұзады» деген атпен басылды.

Ө.Тұрманжановтың құрастырған «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» 1957 және 1959 жылдары жарық көрді. 1963 жылы «Асыл сөздер» деген атпен шықты. 1960 жылы М.Әлімбаев «666 мақал мен мәтел» (бұған 21 халықтың мақалы мен мәтелі

енген), 1960 жылы Н. Төреқұлов «Қазақтың қанатты сөздері» атты құрастырған кітапшасын шығарды. Бірақ бұл жинақтарда мақал – мәтелдер мен қанатты сөздер жайлы теориялық мәселе қозғалмайды, тек тілдегі бар материал жинастырылып беріледі. Ал қазақ тілі фразеологиясының мәселесімен шұғылданып, арнайы зерттеу жүргізген, сол жайында еңбек жазған – Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі І.Кеңесбаев.

Қазақ тілі фразеологиясы жайлы профессор І. Кеңесбаевтың еңбектері жоғары оқу орындарына арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында бір бөлім етіліп берілген және Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарларында да басылып шықты. Ғалым өзінің бұл зерттеу еңбектерінде қазақ тілінің фразеологиялық тіркестерін идиом, фраза деп бөледі де, мақал мен мәтелдерді бөлек қарастырады.

«Қазіргі қазақ тілі» (1954 жылы) оқулығына фразеология бөлімін енгізген Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Ф. Мұсабаев та фразеологияның ерекшелігіне көп көңіл аударған.

Бұдан басқа профессор К. Аханов өзінің «Тіл біліміне кіріспе» деген жоғары оқу орындарына арналған оқу құралының лексикология тарауында қазақ тілі фразеологиясына В. Виноградовтың классификациясы бойынша жіктеу берген. Профессор К. Аханов «Тіл біліміне кіріспе» атты еңбегінде: Тілдегі сөздер өзара бір-бірімен тіркесіп қолданылады да, олардан сөз тіркестері жасалады. Тілде сөз тіркестерінің екі түрі болады: оның бірі еркін тіркес, екіншісі тұрақты фразеологиялық тіркес деп аталады. Фразеология деген термин, біріншіден, белгілі бір тілдегі сөз тіркестерінің жиынтығы деген мағынада, екіншіден, тұрақты фразеологиялық тіркестер туралы ілім деген мағынада қолданылады, - деп тұрақты тіркестерге сипаттама береді [12.240].

XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында орыс ғалымдарының фразеологиялық тіркестерге теориялық анықтама беруге ұмтылғандығы байқалады. Фразеологиялық тіркестерді жан-жақты терең зерттеу мәселесін алға қойған академик В.В. Виноградов болды. Кеңестік тіл білімінде фразеологиялық тіркестер жайлы ілім тікелей академик В.В. Виноградовтың есімімен байланысты [14.16].

Тұрақты тіркестер (фразеологизмдер) – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына білдіретін сөз тіркестері. Бұқар жырау өлеңдерінде тұрақты сөз тіркестерін кеңінен қолданғандығын төмендегі мысалдардан байқауға болады:

1. Төсек тартып жатыр – сырқат мендеп жатып қалды; қатты ауырды, науқастанып жатыр [5.518].

Төртінші тілек тілеңіз,

Төрде төсек тартып жатпасқа. [2.7].

2. Олжа болды – пайдаланды, пайда етті, өз пайдасына алды [5.415].

Алпыс басты ақ орда,

Ардақталған аяулың

Күнінде біреуге,

Тегіннен тегін олжа болмасқа [2.7].

3. Сегіз қиыр шартарап – ең шалғай, алыс жер [5.339].

Сегізінші тілек тілеңіз!

Сегіз қиыр шартарап.

Жер тұлданып тұрмасқа [2.7].

Фразеологизмге тән мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сөздердің жеке мағыналарына үнемі сәйкес келе бермейді, сыңарлары тұтасып барып, бір ғана мағынаны білдіретіндігін ақын өлендерінен айқын байқауға болады. Мысалы: Бір ауызды деген тұрақты тіркестің мағынасы – ынтымақшыл, ұйымшыл. Сегіз қиыр шартарап деген тұрақты тіркестің мағынасы – ең шалғай, алыс жер. Тұрақты тіркесті құрайтын сөздер бұрыннан қалыптасқан жүйемен айтылады. Тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық топтарын қарастыруда түсіндірме сөздік пен ғалым І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологизмдер сөздігі» еңбегін пайдаландым.

Бұқар жырау өлендеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық топтары әр түрлі.

1. Діни ұғымдар мен нанымдарға байланысты фразеологизмдер

Халқымыз басынан кешірген талай дәуірден елес беретін фразеологизмдер эпикалық жырларда мол қамтылған. Жарылқаушы да, жоқ қылушы да бір құдай, құдайға сыйынсаң қор болмайсың деген ұғым халықтың санасында қалыптасқан, сәулесі тілге сіңіп, жырдың өң бойынан андыздап тұрады.

1. Хақтың үйі – Алланың, Құдайдың үйі [5.554].

Хақтың үйі мешіт-ті,

Ақты құдай шешіпті. [2.10].

2. Азан шақырған – діни адамдардың намаз алдында дауыстап, жар салып оқитын дұғасы туралы айтылады [5.15].

Танертең азан шақырған,

Дауысы сұлу молланы айт. [2.15].

Демек, Бұқар жырау өлендерінде құдай, алла, төңір сөздері қатар қолданыла береді. Мұны хақтың үйі, азан шақырған, әзірейіл келгенде төрізді фразеологизмдерден көруге болады.

2. Сан есім арқылы жасалған фразеологизмдер

Тұрақты сөз тіркестерінің біраз бөлігі жеті, үш, тоғыз, қырық деген сияқты сан есімдердің төңірегінде топталып жүреді. Бұл жөнінде түркі тілін талай пікірлер айтқан болатын. Ал қазақ тіліндегі сан есім арқылы жасалатын фразеологизмдерді А. Елешова көбірек зерттеген. Оның еңбегінде қазақ тіліндегі сан есім арқылы жасалған фразеологизмдердің құрылымы қарастырылған. Зерттеуші қазақ тіліндегі 800-дей фразеологизмнің «жеті», «тоғыз», «қырық», «үш», «бір» деген сан есімдердің қатысуымен жасалатындығына тоқталады. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сан есімдердің қолданыс сырына назар аударған І. Кеңесбаев: «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу, себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизмдер ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес», - дейді. Демек, бұл белгілі нәрсе, құбылыстың ұғымдық символы ретінде қолданылады.

1. Сегіз қиыр шартарап – ең шалғай, алыс жер [5.339].

Сегізінші тілек тілеңіз!

Сегіз қиыр шартарап.

Жер тұлданып тұрмасқа [2.7].

2. Он сегіз мың ғалам – Жер жүзі, барлық әлем [5.417].

Күдіретімен жаратқан

Он сегіз мың ғаламды айт. [2.10].

Бұқар жырау өлендеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің біразы сан есімдер арқылы жасалған. Демек, сан есімдер көптеген фразеологизмдерге ұйытқы сөз бола алады екен. Бұл пікірімізді жоғарыда мысал үшін келтірілген фразеологиялық тіркестер арқылы пайымдауға болады.

3. Бұқар жырау өлендеріндегі мақал-мәтел

«Қазақ мақал-мәтелдерінің лексико-стистикалық ерекшеліктері» деген зерттеу жұмысында Р.Сәрсенбаев мақал-мәтелдерді ауыз әдебиетінің ерекше әрі дербес жанры ретінде қарайды [6.27]. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген еңбегінде ғалым І. Кеңесбаев мақал-мәтелдерді тұрақты сөз тіркестеріне жақын қарастырады да, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің арасындағы айырмашылығына тоқталады да, мақал-мәтел мен тұрақты сөз тіркестерін сырттай жақын белгілерін жоққа шығармайды:

Түрікпеннің төрінде,  
Қашып жүріп күнелткен күн едің.  
Жұлдызың туды-ау оныңнан,  
Жан біткен еріп соныңнан [2.21].

1. Кеңесбаевтың пікіріне сүйене отырып, «Жұлдызың оңынан туды» деген тұрақты сөз тіркесін мәтел деп жақынырақ қарастыруға болады. Ақын Абылай ханның өмір дерегін суреттеуде осы сөз тіркесін бағы ашылды, жолы болды деген ойды беруде шебер қолдана білген.

4. Көне салт, әдет-ғұрыпты білдіретін фразеологизмдер

Бұқар жырау жырында халықтың көнеден келе жатқан салтын, әдетін білдіретін көптеген фразеологизмдер бар.

1. Хан жарлығы (көне) – хан айтса, орындатпай қоймайды, хан айтқанын орындатады, екі сөйлемейді деген мағынада [5.555].

Мамыр асып бай болып,  
Байсал тауып жортқан жұрт  
Ханға тізгін салмады,  
Хан жарлығын алмады [8.10].

2. Еңсесі биік боз орда – ауыз әдебиетінде хан, сұлтанның үй-жайы (байтағы) туралы айтылады [5.163].

Тозғындатып шулатқан,  
Беріштесін жұрт үстінен дулатқан.  
Еңсесі биік боз орда,  
Салтанатқа орнатқан [2.37].

Бұқар жырау «хан жарлығы», «еңсесі биік боз орда» деген тұрақты сөз тіркесі арқылы халықтың ертеден келе жатқан салтын, әдетін білдіреді.

5. Алғыс пен қарғысты білдіретін фразеологизмдер

Жырау өлеңдерінде кейіпкердің әлде кімге алғысын немесе қарғыс сезімін бейнелейтін сөз тіркестері баршылық. Адамның алғысын болмаса қарғыс – наласын сипаттайтын тұрақты сөз тіркестері ауызекі сөйлеу тілімізде мол сақталған, әрі ежелгі қалыбын көп бұзбаған. Қазақ оқымыстылары Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсарин өз еңбектерінде алғыс пен қарғыс сезімін білдіретін тұрақты сөз тіркестерінің өте ертеде, халықтың сәбилік дәуірінде дінмен, ескі әдет-ғұрыппен байланысты пайда болғандығын дәлелдеп береді.

Бұқар жырау Абылай хан бейнесін сипаттауда тілек мағынасындағы тұрақты сөз тіркесін қолданған:

1. Жұлдызың оңынан туды – бағы ашылды, жолы болды [5.209].

Түрікпеннің төрінде,  
Қашып жүріп күнелткен күн едің.  
Жұлдызың туды-ау оныңнан,  
Жан біткен еріп соныңнан [2.21].

6. Қатынас мезгілін білдіретін фразеологизмдер

Қатынас мезгілін білдіретін сөз тіркестерін М. Томанов бірнеше мағыналық топтарға бөліп қарайды.

1. Қимыл - әрекетке байланысты тұрақты тіркестер. 2. Табиғат құбылыстарын білдіретін тұрақты тіркестер. 3. Шаруашылыққа, кәсіпке байланысты тіркестер. 4. Белгілі бір кезеңді білдіретін тіркестер. 5. Белгілі бір объектіге байланысты тіркестер.

1. Түн қатып – түнделетіп жүрді, ұзақты түн ояу отырды [5.527].

Иә, сен Қанжығалы Бөгембай,  
Тақымы кеппес ұры едің,  
Түн қатып және жүр едің. [8.8]

7. Адамдардың қарым-қатынасын білдіретін фразеологизмдер  
Өлеңдерде аға, іні, әйел, қарындас деген ұғымдарды жинақтап, топтап образды түрде бейнелейтін фразалық тіркестер де кездеседі.

1. Пір тұтқан – бұл жерде ақын мейлінше құрмет ету, бас иіп, өзіне үлгі ету мағынасында қолданылып отыр [5.443].

Ақ сүйекті қор тұтқан,  
Қараны онан зор тұтқан,  
Ноғайларды пір тұтқан  
Татарсың сонда жазанды-ай! [2.24]

2. Қор тұтқан – кем көрді, төмен санады [5.351].

Ақ сүйекті қор тұтқан,  
Қараны онан зор тұтқан,  
Ноғайларды пір тұтқан  
Татарсың сонда жазанды-ай! [2.24]

8. Портрет жасаудағы фразеологизмдер

Қазақтың жырларында батыр жарының сұлулығы, көркемділігі ерекше суреттеледі. Өйткені халық сұлулықты, әсемдікті сүйеді. Сондықтан халық өзі ұнатқан кейіпкер қыз-келіншектеріне не бір әдемі тенеу, әсірелеулерді аямаған. Ұнамды кейіпкерлерінің ішкі дүниесін әрлеумен ғана шектелмей, сырт тұрпатын да келісті етіп тұлғалап отырған.

1. Өгіз терісі талыс – үлкен, ауқымды [5.425].

Сен бұзау терісі шөншіксің,  
Мен өгіз терісі талыспын.

Абылай алдында сен бітсең,  
Құдандалы таныспын [2.25].

2. Кең пейілді – ашық көңіл; қолы ашық мырза, сараңдығы жоқ адам [5.247].

Алла деген ар болмас,  
Ақтың жолы тар болмас.  
Тар пейілді кеңімес,  
Кең пейілді кемімес [2.10].

9. Көңіл-күйді білдіретін фразеологизмдер

Бұл топтағы фразеологизмдер кейіпкер көңіліндегі әр сәттегі өзгерістер мен құбылыстарды аңдатады.

1. Түледің құстай – көңілдене кетті, қуанды, жадырап кетті [5.526].

Ақ сұңқар құстай түледің,  
Дәулет құс қонды басыңа  
Қыдыр келді қасыңа

Осы фразеологизмдер Бұқар жырау шығармаларында ұйқас үшін алынған және халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты екендігін байқауға болады.

Зерттеуші ғалым І.Кеңесбаев: «... Фразеологизмдердің өзі өз территориясы-ның көлемінде сөйлеу тіліне ене береді», - дейді. Демек, ақын өлеңдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің сөйлеу тілімізді байытуға өзіндік үлесі бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахмет Байтұрсынов, Ақ жол – Алматы: Жалын, 1991 ж. – 464 бет.

2 Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. М. Жармұхамедұлы. Алматы – 1992 ж. – 96 бет.

3 Қажым Жұмалиев. Әдебиет теориясы. – Алматы : «Мектеп» баспасы – 1964 ж. – 250 бет.

4 Қазақ тілі, Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. – Алматы: «Атамұра» баспасы – 2001 ж. – 192 бет .

5 Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кеңесбаев І. К. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж. – 712 бет.

6 Қазақ эпосындағы тұрақты сөз тіркестері, Қосымова Г., - Алматы: Рауан, 1997 ж. – 80 бет.

7 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 2 том

8 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 7 том. Павлодар: “ЭКО” ҒӨФ, 2006 ж. – 394 бет.

9 Мұхтар Мағауин, Қобыз сарыны. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2006 ж. – 264 бет.

10 Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007 ж. – 480 бет.

11 Түсіндірме сөздігі. Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008 ж. – 968 бет.

12 Тіл біліміне кіріспе. К.Аханов. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1965 ж. – 599 бет.

13 Фразеологизмдердің варианттылығы. Смағұлова Г., - Алматы: « Санат» баспасы – 1996 ж. – 128 бет.

14 Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Х. Қожахметова. Алматы: «Мектеп» баспасы – 1972 ж. – 112 бет.

#### Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАМАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

АХАН Г.

9-сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Қазақ тілінің стилистикасында жазушы Ғабит Мүсіреповтің алғашқы әңгімелерінің бірі – «Тулаған толқында» кездесетін «қоңыр» сөзінің көршілес бірнеше сөйлемде он жеті рет қолданғанына қарамастан, оқырманын жалықтырмайтыны, қайта әр сөйлемде әр түрлі мағыналық реңкке ие болуы нәтижесінде өте бір орынды жұмсалып, маңызды, стилистикалық қызмет атқаратындығы жақсы талданған [1, 45].

Қайталама сөздер мен сөз тіркестері немесе шартты түрде атасаң, қайталаулар Ғ.Мүсіреповтің үлкенді-кішілі шығармаларында барынша мол орын алған. Тегінде, Ғ.Мүсірепов – тақырып таңдап, өмірдің түрлі де актуальды мәселелерін көтеру жағынан емес, ешбір қаламгер ұқсамай, тіл шұрайлылығын әуел бастан еркін де ұтқыр пайдаланып келе жатқан сөз шебер.

Сөз қолданудың оңтайлы тәсілі ретінде жазушы қайталауларды прозаның шағын түрлерінде ғана емес, кең тынысты романдарында да жиі пайдаланып отырды. Мысалы, Қазақ солдаттынан келтіретін болсақ, «Кейбіреулері сеніп қалады, кейбіреулері ығысып қалады, сонымен ол біздің ауылдың «Адырақпайы» болып шықты». «Бейне өз шешемнің отырысы, бейне өз шешемнің айран қуысы бейне өз шешемнің аяғыштығы». «Салмағымыз да бірдей, өнеріміз де



бірдей». «Шекесі шығыңқы домалақ бастар, ұзын шеке сопақ бастар, бүйірі салыңқы ұзын бастар, қыжыр-қыжыр, қыртыс бастар, кере қарыс ойлы мандайлар, өнерге біткен ашық мандайлар, өнерсіз, етті қалың мандайлар екі жыл бойыалдымнан кеткен жоқ». Қайталауларды қаламгердің прозасындағы өзіндік дәстүрі бар тәсіл деп айтуға болады.

Стилистикалық фигуралардың үлкен бір түрі болып табылатын қайталаулар өз ішінде екі салаға (анафора, эпифора) жіктелетіні белгілі. Ғ.Мүсіреповтің шығармаларында бұларды қайсы болсын мол кездеседі.

Қазақ әдебиеттану мамандары мен қазақ тілі мамандарының анықтамаларына қарағанда [2, 135; 1, 178], анафора тек өлеңді сөйлемдерде ғана кездесетін сияқты. Поэзиялық шығармаларда анафораның кездесетіні теріске шығаруға болмайды. Екінші жағынан бұлардың көркем прозалық шығармаларда кездесіп тұратыны да шындық. Қандай сөйлем болса да – мейлі, өлеңді сөйлем болсын, мейлі, қара сөзбен келген сөйлем болсын – анафора болуының басты шарты – сол сөйлемнің бірнешеуінің бірдей жеке сөздерден немесе сөз тіркестерінен басталуы болуы керек. Мұның нақтылы мысалдары Ғ.Мүсіреповтің әңгімелерінде көптен табылады.

Сөйлем басында бір сөздің немесе сөз тіркесінің қайталанып келуі кездейсоқ құбылыс емес. Олар неше рет қайталанып келсе де, тиісті стилистикалық қызмет атқарады. Осындай қайталаудағы сөздердің әрқайсысының стилистикалық «жүгінің салмағы бірдей болып келе бермейді: әрқайсысының өзінің өзіндік ерекшеліктері танылып тұрады. Мұндай жай сол қайталауларды контекст ретінде тұтастай алып, стилистикалық-грамматикалық талдау жасағанда анық байқалады:

«Шын аңшылар орынды-орынсыз от жағып, түтін бұрқыратпауы керек. Шын аңшылар дабырап сөйлеспейді, біз де ақырын күбірлесіп отырмыз. Шын аңшылар үнемі сақ отырады, біз де көзіміз айналады, құлағымыз әр дыбысқа елең етіп отырып» (367).

«Шын аңшылар» тіркесін қайталау арқылы автор төрт сөйлемде баяндалған әдет, дәстүр, салттың иесі кім екеніне назар аударып отыр.

Бастауыш пен анықтауыштың тіркесі қайталанғанда, әрдайым осы мақсатта ғана қолданыла бермейді: «қайғылы қала, қара жамылған қала жақсы емес, әрине, ұмытқаны жөн» (382).

Бұл жерде автордың назарға алған – қаланың қиын халін, ауыр халін оқырман алдына әсерлі ете ұсыну. Екінші сөзбен айтқанда, бір

сөзді неше рет қайталаса да, оның анықтауышының әр алуан болып келіп отыруына мән береді. Мына мысалдан осыны аңғарамыз: «Шаң Маңғыстау, май Маңғыстау болғаны осы да! - деседі» (255).

Бұлай болып келуінің себебін қайталанып келген бастауыштың алдындағы сөздердің лексикалық мағынада да, стилистиканың мағынада да өзара синоним болғандықтарынан деп ойлауға тура келеді: «Неше атты соқадан алды, неше атты машинадан алды» (137).

Бұған қарағанда, қайталанушы сөйлем мүшелері ретінде бастауыш пен анықтауыш қана емес, толықтауыштың да жұмсалатынын көреміз. Сөйлемде баяндалған екі оқиғаға да қатынасушы тура объектілердің бір емес, бірнешеуі екені анықтауыш қызметіндегі есімдіктен байқалып тұр. Демек, бұл жағдайда, анықтауыш пен бастауыш тіркестерінің, синонимдес анықтауыштардың қызметі, қайталанушы толықтауыштардың төңірегінде де кездесіп отырады: «Шарықтау құмарын, екпіндеу құмарын тарқатар ұзақ сайыс енді басталған сияқты» (272).

Мұның өзі жай ғана қайталау болмай, бір сөздің мол мағынасының әр қырынан көрінуі болып шыққан.

Қайталаулардың ішінде анықтауыштар да біраз орын алады: «Екеуінің ойын-өзілдерінің аяғы тәтті қиялға сүңгіп, кейде екеуі де жасырын сырға берілетін. Екеуінің бірінен-бірі жасырып, ойланатындары бір ой болып шығатын. Екеуінің де кедергілері бар секілденіп, әңгіме ойлаудан әрі ашыла алмайтын». «Бірінің қолында ожау, бірінің қолында күріш елегі, енді бірінің қолында қойдың саны» (125).

Мына сөйлемде матаса байланысқан анықтауыштың қайталана жұмсалуы байқалады. Мұнда да өз орнын тапқан. Сол қайталанған анықтауыштардың біреуі түсіп қалса, әлдененің жетіспей, ойсырап тұрғаны сезіледі: «Жұрт жүрегін қайғы басып, жұрт көңілінің оты сөніп қалғандай аянышты дауыстар әлсіз ғана шығады» (82).

Сөз болып отырған шығармалардағы анафоралық құбылысады тек сөйлем мүшелері тұрғысынан қарастыру жеткіліксіз болып табылады. Сөйлем мүшесі болмайтын жеке сөздер мен сөз тіркестері де кездесіп отырады. Бұл қызметте оқшау сөздердің ішінен мол ұшырасатыны – қаратпа сөздер, сондай-ақ жеке сөздерден тұратын лепті сөйлемдер де баршылық: -Сен! Нығая Бер! Болаттай берік, тастай қатты бол! – дейім балаға (70).

«–Соғыс! Соғыс! Соғыс! Қапы соқтырғысы келген қандай жол! Жұрт аузында осы-ақ». «Түседі, түседі, түседі! – деп, құйрығымен ым қағып сауысқандар отыр» (108).

Осының алдындағы сөйлемдегі сияқты, мұнда да айтушының жай-күйі барынша айқын сезіледі. Ілгерідегі қуаныш, тілек болса, мұнда қарғыс, лағнет айту бар. Кейіпкердің де, автордың да негізгі эмоциялық халі қайталанған сөздерден танылып отырады. “құйрығымен ым қағып сауысқандар отыр» - оқырман сезіміне ерекше әсер беріп, соғыстың сұрқын танытады.

“Эпифора- өлең тармақтарының соңында бір сөздің не сөз тіркесінің бірнеше рет қайталанып келуі Бұл қажетті ойға, құбылысқа ерекше назар аударып, сөз әсерін аттыру үшін қолданылады. Қазақ өлеңдерінде эпифора сөздің кезекті қайталау үлгісіне жатады”[3, 377].

Анығында, өлең шығармаларда сөйлемнің әсерлігін күшейту үшін белгілі сөз, сөз тіркесі, жол, тармақ аяғында қайталанатын да, эпифора деген атау алады.

«Мұнда қатар айтылған сөйлемдердің, өлең жолдардың аяқталуы бірдей болады» [1, 178].

Мұнда анықтамаларға қарағанда, анафора сияқты, эпифора да өлеңді сөйлемдерде ғана кездесуге тиіс. Шындығында, эпифора - өлеңді сөйлем болса да, прозалық шығармалардың сөйлемдері болса да, қатар келген сөйлемдердің бірдей сөздермен аяқталуы. Ендеше, F.Мүсіреповтің әңгімелеріндегі эпифора жайлы сөз қозғауға болатыны дау тудырмаса керек. Анафорадағы сияқты, бұл жағдайда да эпифоралық құбылыс тудырып тұрған жеке сөздер мен сөз тіркестерінің стилистикалық қызметін сол контексті тұтас алып, стилистикалық, грамматикалық талдау жасау арқылы нақтылап отыруға болады.

Бір ескеретін нәрсе – эпифоралық құбылыстарды сөйлем мүшелерінің барлық түрі бойынша сөз етудің қисыны келмейтін реті бар, өйткені өлеңді шығарма емес, қара сөзден құралған сөйлемдер болғандықтан, сөйлем соңындағы сөздер басым көпшілігінде баяндауыш болып келеді. Бұл әсіресе сөйлемдерін аса бір ыждаһаттықпен құрайтын F.Мүсіреповтің стиліне тікелей қатысты нәрсе. Сондықтан әлдебір кездейсоқ ретінде болмаса, эпифора сөйлемнің баяндауышының қолданылуын ұғамыз: «Өшіккен жау, ашынған долы алай-түлей борап соғып, сол түбектен бергі қардың бәрін айдап әкеліп, кіріп жатыр, үйіп жатыр» (58).

Көмекші етістіктің қайталануы қимыл-әрекеттің созылықтылығын және актив әрекетті білдіруге жәрдемін тигізіп тұр. «Мұндай жерлерге толқын пайда болды, пайда болды» (125).

Эпифорада да көмекші етістіктердің бірнеше рет қайталануы автордың негізгі мақсатына доп келіп отырады: «Қазір екеуі сақ отыр, қарсы отыр, сәнді отыр, салмақты отыр» (272).

Қайталаудың тағы бір түрі F.Мүсіреповтің шағын прозасынан белең беріп отырады. Ол – сөйлемнің ортасындағы қайталаулар: «Мен ауруханаға он алты рет жатып шықтым, арқамды он алты рет жаматтым» (379).

Фабит Мүсіреповтің қазақ жазушыларының орта және кейінгі буындарына творчестволық игі әсер еткені барша мәдени қауым біледі. Оның сұлу стиліне қызыға назар аудармаған, оның мектебінен өтпеген қаламгер кемде-кем.

«Қайтамалар» көркемдегіш тәсіл ретінде қызметі жазушы шеберлігі мен дара стиліне тығыз байланысты болып келетін қайталама түрлерін, стильдік қызметін, қолдану жиілігін анықтайық.

P.Сыздық дыбыстық қайталамаға аллитерация мен ассонансты айтады. Аллитерация (лат alliteratio, лат ad – қасында, littera - әріп) – лебізде біртекті дауыс. Сыздық симметриялық қайталауы арқылы жасалатын дыбыстық тәсілдің бірі. Ал ассонанс деп бірыңғай дауысты дыбыстардың қайталауын айтамыз [4, 109].

Мысалы, «шелегімді, шәйнегімді тастай бердім де әйелдің қасына келдім» (25.64).

«Жарқын жүзді, жайдары мінезді, балажан Әмина балалар үшін өз шешелерін ұмыттырғандай шеше еді» (5,24).

«Томпақтай томпылдаған месқарын неменді» (5, 46).

«Тоғыз ай, тоғыз күн азап түрмесінде отырғанда ның көңілі бір рет босаған емес-ті».

«Жаралы жүрек ұйып қана, төмен тартып бара жатыр» (119).

«Ашық жүз, ақ жарқын көңілден асар құрмет болады деймісін? – деп Еркебұлан көзін әйелге қарай аудара беріп еді, өзінің көзіне шақырая қадалған қитардың бір көзін көрді» (196).

«Ауызға ас құйылатының, қолына қол тиетінін көптен сезінетін едім,- депті жауынгер». (120).

Жазушы қаламынан туған қайталаулар үйіп-төгіліп жұмсалуды арқылы кейіпкердің бет-бейнесін немес сан алуан әрекеттерін әр қырынан таныту мақсатында оқырманның алдына айқын сурет тәрізді жайып салады. Былайша айтқанда, әйгілі қаламгердің шығармашылығындағы қайталаулардың бір маңызды жағы- оның суреттеудегі көрнекілік мәнге ие болатындығы. Мұндай қайталаулар сөздің мағыналарына астар, түрлі рең берулері арқасында неше алуан теңеулер, метафорлар, синекдоха ретінде де қолданылып

отырады. Қайталаулардың жиі пайдаланылуы қаламгердің шағын прозалық шығармаларынан көрінеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974.
- 2 Ахметов З. О языке казахской поэзии. Алматы, 1970
- 3 Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, 1998, 378 б.
- 4 Сыздық Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Алматы, 1970, 326 б.
- 5 Қабдолов З. Сөз өнері, Алматы, 1983, 231 бет

### ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ НЕГІЗІНДЕ ӘСКЕРИ КОММУНИКАТИВТІК БЕЙІНДІ ӨРКЕНДЕТУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ

АХАТОВА К. Р.

10 сынып оқушысы, «Облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернат» КММ, Павлодар қ.

СМАҒҰЛОВА Г. Т.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бүгінгі мәңгілік ел идеясына сәйкес келудің бір жолы - әскери ортада оқушылардың үш тұғырлы тіл меңгеруін өздігінен өркендетудің тәсілдерін табу.

Еліміздің әлемнің дамыған отыз мемлекеті қатарынан орын алуы үшін, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған әскери орта қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті сарбаздар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына өз үлесін қоса алады. Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, ой-өрісі, дүниетанымы дамыған, Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын сарбаздарды тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – мектепте көптілді білім беруді жолға қою болып табылады.

Еліміздің қазіргі заман талабына сай Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 5-бабында [1, 5-бап] «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және шетел тілін оқып меңгеруді қамтамасыз етуге тиіс»- деп көрсетілген, себебі көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың көкейкесті мәселесі болып отыр.

Көптілді білім беру мәселесі қазіргі таңда көп талқылануда. Мысалы,

А. Қаражанова [2] көптілді білім беру моделін қамтитын мәселелер туралы төмендегідей тұжырымдар ұсынады:

1. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту. Оқушылардың табиғи болмысына сай ұлттық сипатының өркендеуін қамтамасыз ету.

2. Шетел тілдерін оқытуда ҚР жалпы орта білім мазмұнымен, құрылымымен қаруланып, оны іс-әрекетте қолдану.

3. Көптілді білім берудің оқу жоспарын жасау. Тілді тереңдете оқытатын мектептер ашу, жалпы әдістемесін жасау.

4. Көптілді білім беруде материалдық, техникалық, оқу-әдіснамалық жұмыстарды инновациялық үдеріске сай сәйкестендіру.

5. Кадрларды іріктеу, саралау.

Көптілді білім берудің моделі тұжырымдамасын құрастырып, жалпы орта білім берудің мазмұнында қолдану қажет екенін автор баса айтқан. Көптілді білім беру Түрік мемлекеті мен АҚШ-та дұрыс жолға қойылған. Ресей мен Балтық жағалауы елдерінде көптілді оқыту іс-тәжірибесі біршама жинақталған. Ресейде еуропалық типтегі бейімделген мектептердің модулін жасауға талпыныс бар. Новгород қаласындағы университет базасында білім кешені даярланып, үздіксіз білім беру тұжырымдамасының идеясы іске асырылуда. Көптілді білім беруді балабақшадан бастап, жоғары оқу орнына дейін жүргізу көзделген.

Жоғарыдағы тұжырымдарды біздер де өз ісіміздің негізі ретінде қабылдаймыз.

Б. Нұралиев [3] Балтық мемлекеттері мен Ресейдің көптілді білім беру моделін мына төмендегіше құрған:

1. Көптілді білім беруді элитарлық деп, даярлығы жоғары жолға қойылған және өзінің ынта-ықыласымен оны алға ілгерілететін оқушының іс-әрекетін ұйымдастыру.

2. Ана тілін жетік меңгерген соң, шетел тілі оқытылады.

3. Оқу материалын шетел тілін енгізу салыстырмалы талдау негізінде жүргізіледі.

4. 1-сыныптан француз тілі оқытылады.

5. 5-сыныптан жеке пәндер француз тілінде оқытылады.

6. 7-сыныптан ағылшын тілі оқытылады.

7. Латын, испан, неміс тілі қалауы бойынша оқытылады.

Аталған ұсыныстарды ескеріп, біз тіл меңгерушілердің таңдаған моделін үлгі ретінде қабылдаймыз.

Коммуникативтік бейінді қалыптастыру мәселе жайлы О. А. Григоренко, О. А. Лукашевич [4] еңбектерінде айтылған. Кәсіби - коммуникативтік бейінді қалыптастыру проблемасын көтеру жөнінде Н. Ю. Игнатъеваның зерттеулері көңіл қоярлық деп есептейміз.

Жалпы айтқанда, ғылымда осы сұрақ төңірегінде өте көп жұмыстар атқарылып жатса да, біз көтеріп жатқан проблемамыздың бірнеше қырын ғана қарастырған: коммуникативтік қарым-қатынас сұранысы негізінде тілді меңгеру; әскери маманның коммуникативтік мәдениетін өркендету; әскери медициналық мамандардың кәсіби коммуникативтік білімі мен дағдыларын ұштау екені байқалды.

Көріп отырғанымыздай, Отандық, яғни қазақ тілінде аталмыш мәселе бойынша жазылған ғылыми және практикалық оқулықтар, зерттеулер жоқтың қасы. Жоғарыдағы талдаудан өткен зерттеуді саралай келе, біз төмендегідей қайшылықтарды анықтадық:

1. Әскери ортаның лексикалық қорын саралау жеке қарастырылмаған.

2. Оқушылардың қабылдау тәсілдері тіл меңгеру тұрғысында жеткілікті зерттелмеген.

3. Меңгерген лексикалық қоры (сөйлем құрау, ойын өркендету тәсілдері) салыстыра айқындалмаған.

Жоғарыдағы қайшылықтарды шешу мақсатында тақырыпты былай деп таңдадық: «Үш тұғырлы тіл негізінде әскери коммуникативтік бейінді өркендетудің тәсілдері»

Мақсаты: Әскери ортада тәрбиеленушілердің коммуникативтік бейінді үш тұғырлы тіл тәсілдерінің меңгеруін қамтамасыз ету.

Нысаны: Әскери ортадағы коммуникативтік бейінді үш тұғырлы тіл.

Зерттеу пәні: тіл білімі

Болжамы: Егер тәрбиеленушілердің әскери коммуникативтік бейінді үш тұғырлы тіл қабілеттері зерделенсе, әскери ортаның лексикалық қоры сараланса, тәрбиеленушілердің қабылдау тәсілдері тіл меңгеру тұрғысында зерттелсе, меңгерген лексикалық қоры салыстыра айқындалса, онда оқушылардың әскери коммуникативтік бейінді үш тұғырлы тіл меңгерулеріне қолайлы жағдай туады.

Жетекші идея: әскери мектеп оқушыларының лексикалық қорын кәсіби бейінде өркендету.

Әдіс -тәсілдері: жалқылау, жалпылау, талдау, жинақтау, силлогизм, аналогын табу, феноменін анықтау, салыстыру, ең негізгі жаңалығын ұсыну және т.б.

Міндеттері:

1. Оқушылардың әскери коммуникативтік бейінді үш тұғырлы тіл қабілеттерін зерделеу;

2. Әскери ортаның лексикалық қорын саралау;

3. Тәрбиеленушілердің қабылдау тәсілдерін тіл меңгеру тұрғысында зерттеу, олардың меңгерген лексикалық қорын салыстыра айқындау.

Жаңалықтары:

1. Әскери коммуникативтік бейіндерін қалыптастырудың жолдары;

2. Сарбаздардың меңгерген лексикалық қоры;

3. Тәрбиеленушілердің қабылдау тәсілдері.

Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл - қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. “Үштұғырлы тіл” идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Болашақ сарбаздардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жұмылдыратын іс – әрекет үшін әскери жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқыту жүйесі мен үдерісіне қойылатын талаптарды жеке тұлғалардың түйсінуіне қолайлы жағдай туғызу көзделеді.


Жалпы әскери коммуникативтік бейіннің құрамына тоқталсақ, ол үш құрамнан тұрады (1 кесте):



Тілдік коммуникативтік құрамының құрылымын белгілеуде зерттеушілердің әртүрлі тұжырымдары айтылды ( Мысалы, Е. Н.



Гром, Е. Г. Иванова, О. Ю. Ломакина [5]. Солзерттеушілер пікірлерінің негізінде біз әскери сарбаздың әскери коммуникативтік бейінінің келесі тілдік коммуникативтік құрамының құрылымын белгіледік: лингвистикалық, социолингвистикалық, социомәдениеттік, әлеуметтік, стратегиялық. Зерттеушілердің басқа айтып кеткен тілдік коммуникативтік құрамы осылардың ішіне кіреді және халықаралық стандартқа сай құралғанын аңғардық (2 кесте):




Әдістеме – қойылған мақсатқа жету жолы дегенді ұғындырады. Тәрбиеленушінің қолындағы мықты екі қарудың бірі – терең білімі болса, екіншісі – сол білімін бойына, санасына жеткізетін, дарытатын әдіс – тәсілі болуы қажет деп ойлаймыз. Түрлі әдістер қолдану арқылы тілдерді меңгеру – жан дүние рухын байытатын, әлемдік білім кеңестігіне жол ашатын, бәсекеге қабілетті, заман талабына бейімделгіш болашақ сарбаздарды тәрбиелеу болып табылады.

Тілдерді оқыту әдістемесі бірнеше қиындықтар туғызады :  
- тәрбиеленуші өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралдарды таба алмайды;

- оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылады;
- өз білімінің дәрежесі төмен екендігін көрсеткісі келмейді.

Бұл жағдайда тәрбиеленушілерді сөйлету үшін, түрлі әдістер арқылы ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы, өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниетін оятып әрі оқу атмосферасын орнату қажеттілігі талап етіліп тұр.

Әр түрлі іс – әрекеттердің жүйелі тұрғыда жүзеге асырылуы бір мәтіннен оқушының меңгерген сөздіктерінің негізінде белгісіз мағыналарды ажыратуына жағдай туғызу көзделеді. Бұл орайда, бір мәтінге бірнеше рет оқушы орала отырып, алдымен аудирование, монолог, диалог, фонолог ( артикуляция мүшесімен диафрагманы айтылу транскрипциясына салу), жазба жұмысы ( диктант, эссе, мазмұндама, аннотация, мини шығарма т.б.), синхрондық іштей қабылдау(оқушының мәтінді тұтасымен орысша– ағылшынша түйсінуі) мәтінді меңгере алады. Мысалға (3 кесте):



Аталған зерттеу жұмысы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Әскери сарбаздың кәсіби жұмысқа деген дайындық деңгейін анықтайтын жеке қасиеттері кәсіби-коммуникативтік бейінін құрайды. Ол әскери маманның пайдаланушы -технологиялық, ұйымдастыру - басқарушылық, ғылыми - зерттеушілік, оқу-жаттығушылық және әдістемелік жұмыстарының ішінде негізгі компоненті болып табылады.

2. Әскери сарбаздың кәсіби коммуникативтік бейінді құрамы:  
- әскери құрам (арнайы білім жүйелігі, коммуникативтік білім мен дағды, әскери коммуникативтік іс әрекеттердің орындау тәжірибелігі, әскери коммуникативтік бейінді қасиеттерін дамытатын жеке қасиеттері);



- коммуникативтік құрам (әмбебаптық коммуникативтік күзiретiлiк, сауаттылық, байланысқа бейiмдiлiк);

- үш тұғырлы тiл коммуникативтiлiгiнен тұрады.

3. Әскери сарбаздың кәсiптiк қызметiн ескере отырып, олардың үш тiлде еркiн сөйләуi, сауаттылығы, сөздiк қоры, еркiн түсiнуi, қарым-қатынасы халықаралық стандартқа сай болу қажет.

4. Әскери сарбаздың үш тұғырлы тiл коммуникативтiк бейiнiн мына кезеңдер арқылы өркендетуге болады: арнайы курстар, бiлiктiлiгi мен бiлiмдiлiгi, бейiндiк дайындығын арттыру жұмыстары.

5. Әскери сарбаздың үш тұғырлы тiлдi тиiмдi меңгерудегi кәсiби коммуникативтiк бейiнi халықаралық стандарт деңгейiнiң талабына сай болуы ескерiледi.

Ойымызды түйiндей келе, әскери коммуникативтiк бейiндi заманауи талаптарына сай дамыта отырып, Қазақ Елiнiң әскери қызметiнiң үш тұғырлы тiлде өркендеуiне мүмкiндiк жасалынады.

Үш тұғырлы әскери-коммуникативтiк бейiндi өркендетудiң психологиялық, стратегиялық, әлеуметтiк – лингвистикалық жағдайында дамуына бақылау жасалынып, оның жоспарлы түрде оқу үдерiсi мен қызмет бабына енгiзiлуге ықпал жасалынуы ұдайы iс – әрекетте көрiнiс табуы көзделедi.

Қазiргi курсант – кешегi заманның курсанты емес. Бiздi барша әлемнен оқшаулап, бүркеп ұстай алу мүмкiн емес, себiбi бiздiң болашағымыз үш тiлдi бiрдей меңгерiп, бiлiм кеңiстiгiнде еркiн самғауына жол ашылатын, әлемдiк ғылым құпияларын ашу негiзiнде өз қабiлетiн танытуына мүмкiндiк беретiн бүгiнгi күнгi ең басты қажеттiлi жағдай туғызу қарастырылады.

Әлемдiк деңгейдегi әскери-коммуникативтiк бейiндi есепке ала отырып, Ұлттық үш тұғырлы әскери-коммуникативтiк бейiндiк кеңiстiгiн жасауды тез арада қолға алу қажеттiлiгi туындады. Айбынды әскер болған жағдайда ғана қуатты ел болады! Мұндай қабiлет үш тұғырлы тiлдi саналы тұрғыда меңгерумен тығыз байланысты демекпiз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы «Бiлiм туралы» Заңы.

2 Қаражанова А. Көптiлдi бiлiм беру моделiн зерттеу // Қазақстан мектебi №8-2011 жыл.

3 Нұралиев Б. Көптiлдi және билингвалды бiлiм беру – басты парызымыз.- // Қазақстан мектебi №7-2010 жыл.

4 О. А. Григоренко, О. А. Лукашевич, Н.Ю. Мамонтова “Коммуникативтiк бейiндi қалыптастыру мәселелерi”. 2012 ж.

5 Е. Н. Гром, Е. Г. Иванова, О. Ю. Ломакина “Тiлдiк коммуникативтiк құрамының құрылымы”. 2011 ж.

#### ҚАЗIРГI ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТҮРЛIК IЗДЕНIСТЕР

АХМЕДИНА А. Ж.

9-сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

ҚАЙРАТ А. Қ.

қазақ тiлi мен әдебиетiнiң магистрi

Қазақ поэзиясын арнайы зерттеу, саралау – бүгiнгi әдебиеттану ғылымының маңызды мiндеттерiнiң бiрi болып табылады. Осыған орай, бiз 1980-90 жылдардағы қазақ поэзиясының, оның iшiнде поэтикалық тiлi өз қатарлас-қаламдастары арасында айқын өзгешелiк танытатын К.Мырзабеков, Ұ.Есдәулет, Е.Раушанов поэзиясының түрлiк-бейнелiлiк ерекшелiктерiн ғылыми жобамыздың негiзгi нысанасы етiп алдық. Олар – қазiргi қазақ поэзиясында өздерiнiң ақындық тұлғаларын қалыптастырып, оқырман қауым мен әдеби жұртшылыққа танылған, әбден мойындалған шығармашылық өкiлдерiнiң белдi буыны, әдеби үдерiстiң бүгiнгi кезеңiнiң салыстырмалы түрде орта буыны. Сондай-ақ олардың шығармашылығы аталмыш буынның ең дарынды, жанашыл өкiлдерiнiң қолтаңбасы ретiнде қазiргi қазақ поэзиясының даму, өркендеу дәрежесiнiң көрсеткiшi бола алатындай жоғары деңгейдегi поэзия болып табылады. Осы себептi олардың шығармашылығы тұтасымен, әдеби үдерiс аясында арнайы зерттеудi қажет етедi.

Поэзияда қысқа буынды өлшемдердiң де өзiндiк орны бар. Олардың қатарына төрт, бес, алты буынды өлеңдер жатады. Бұл өлшемдер негiзiнен екi бөлшектiк бунаққа ие. Ғылыми жобамыздың зерттеу нысанасына алынған қазақ ақындарының жинақтарында ең қысқа, яғни 4, 5, 6 буынды өлшеммен жазылған шығармалар өте аз. Төрт буынды өлшем қазақ өлең жүйесiндегi ең қысқа өлшем екенi белгiлi. Зерттеуге алынған шығармалардың iшiнде Ұ.Есдәулеттiң бiр өлеңi ғана осы өлшемге құрылған:

Сол жұлдыздай

Жанар болған,

Соған жаным

Алаң болған [1, 202].

Лирикасы терең сыршылдығымен, сезімталдығымен ерекшеленетін К.Мырзабековтің «Түбіт бөкебай» өлеңінде бес буынды өлең өлшемі лирикалық қаһарманның жылаған жүрегіннің соғысын сездіріп, әдемі ырғағымен оқырман жанын тербейді:

...Түбіт бөкебай  
Түсті-ау басыңнан.  
Дәурен ботадай  
Ұшты-ау басыңнан.  
Кеттің жат жұртқа  
Құшты-ау қосылған.  
Сен де алыстап,  
Мен де алыстап,  
Құштар басылған [2, 16].

Ал Ұ.Есдәулеттің «Мөлдір тамшылар» өлеңіндегі аталмыш өлшем өрнегі біраз өзгешелеу:

Бұлттар жабағы  
Көкті жабады.  
Күзгі тамшылар  
Тамады, тамады... [3, 84].

1, 2, 3-тармақтардағы буындар саны бес буынды (2+3) болып келсе, 4-тармақ алты буынды (3+3) құрайды. Соңғы тармақтағы ырғақтық-интонациялық өзгешелік өлеңнің ішкі тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік ерекшелігінен туындап отыр.

Біз қарастырып отырған ақындар поэзиясында қысқа буынды өлшемдердің ішінде алты буынды өлеңдер де саны жағынан өте аз, тіпті жоқтың қасы. Ұ.Есдәулеттің «Бақ ішіндегі үй» өлеңінде алты буынды тармақтар төрт буынды тармақтармен араласып келеді, сөйтіп Абайдың алты аяғының ырғақтық жүйесі түрлене қолданылған:

Шатыры қалқиған  
Ескі үй түр жалпиған  
бақ ішінде.  
Қызығы, шыжығы,  
Қызыры, қызуы –  
бәрі ішінде..

Қазіргі қазақ поэзиясында тоғыз буынды өлшемнің өрнектері етене сіңісіп, берік орныққан. Бұл өлшем түрімен жазылған өлеңдер барлық ақында баршылық. К.Мырзабеков поэзиясында бұл ырғақ жүйесі лирикалық сезім күйін шертеді.

Басымды //салдың-ау// сарсаңға,  
Жүрегім// айналды// шаршауға.

Жүйкем де// жұқарып// барады,  
Не істейін,// не істейін// мен сонда? [2, 119].

Ал Ұ.Есдәулет «Өзгеру» атты өлеңінде тоғыз буынды өлшемнің бунақтарын тасымалдай отырып ішкі ұйқастарға құру арқылы өзгеше ырғақ құрады:

Илеуге  
көнгемін  
кейде мен,  
Біреуге  
сенгемін  
көлденең  
Ал бүгін  
өзгемін  
мен деген [3, 357].

Қазіргі ақындардың көпшілігінің өлеңдерінің ырғақ жүйесі он буынды өлшемнің сегіз буынды өлшеммен сабақтастығына негізделіп, түрлі тақырыпты меңгеріп жүр. Ақын Е.Раушанов 10-8, 10-7 буынды өлшемдердің 5+5 – 3+2+3 және 5+5 – 4+3 сабақтастығына негізделген ырғақтық- интонациялық жүйемен «Ақ жаңбыр», «Тоқтады боран», «Сарыадыр жаққа сары күз келді» өлеңдерінде көңілдің үмітті, күдікті шақтарын жыр етсе, «Көктемде», «Биылғы қыс. 1986» өлеңдерінде табиғат лирикасына арқау етеді.

Жайсаң көктемнің жаршылары ма, (10)  
Жүзеді бұлттар төбемде. (8)  
Мандай төседім тамшыларына, (10)  
Сүйеніп тұрмын еменге (8) [4, 25].

Тасымал мен үзілістерді, тыныс белгілерін өлең жасаудың бір құралы ретінде тиімді пайдалануы - бүгінгі лириканың үлкен жетістігі. Аталмыш құралдар сезімді тереңдетіп, оны шынайыландырып, өлең сымбатын арттырады. Ғалым С.Ержанова бұны «ішкі ишарат» [5] терминімен береді.

Зерттеуші: « «Ішкі ишарат» кескін түрінде белгіленген, поэтикалық ырғаққа, поэтикалық мәтіннің синтаксистік-құрылымдық ұйымдасуына қатысты түсінік ретінде поэтикалық мәтінде нақты белгілер көмегімен танылатын құбылыс», - дейді [5]. Поэзиядағы үзілістің психологиялық, эмоционалдық мәні үлкен. Оған ақын Ұ.Есдәулеттің мына шумақтарындағы нүкте арқылы таңбаланған үзілістер мысал бола алады.

Сағынамын. Жабығамын. Бағынамын жүрекке.

Не қыламын. Бәрі мәлім: сезім осы – дір етпе! [3, 45]

Ақын бунақтардың арасын әдеттегі үтірлермен ажыратпай нүктемен бөліп, айқындауының эмоционалдық мәні бар. Ақын өз өлеңіне арқау еткен сезімдердің тереңдігін сездіру үшін бунақаралық кідірістен гөрі нүкте арқылы көрінетін эмоционалдық, психологиялық ұзақтау үзілісті таңдап алған.

Қазіргі поэзияда талантты ақындардың шығармашылығынан дәстүрлі формадан тыс жанрлық ізденістер де ұшырасады. Қазіргі поэзияда формалық жағынан дәстүрлі өлшемдерден тыс болып келетін ақ өлең, верлибрлер, прозалық өлеңдер дамуда. Мұндай формалар ақын ізденісінің бірі, яғни мазмұнды берудің бір жолы ретінде талантты ақындардың шығармаларында көрнекті орын алмаса да, тәжірибелік деңгейде көрініп жатады.

Олардың ішінде көнесі, әрі кең жайылғаны – ақ өлеңдер. Ақын Ұ.Есдәулеттің «Жүректегі жарылыстар» атты өлеңдер жинағындағы «Ақ өлеңдер» топтамасымен берілген өлеңдердің барлығы ақ өлеңдердің сипатын толық танытады. Мәселен, «Цирктегі ой» өлеңін алайық:

Алабажақ аренада жылпос қолды жонглер

Шар тастарды қақпақылдап ойнайды.

Бір шар кенет түсіп кетті қолынан...

Күлдік біздер,

Күлу үшін келдік қой [6, 254].

Осы шумақта өзара ұйқасқан бірде-бір тармақ жоқ. Ақ өлеңде ақынның өзіндік дүниетанымы мен әлемді сезіну түйсігі, оны жеткізудегі поэтикалық образдардың көркемдігі мен күрделілігі, өзіне ғана тән даралығы- өлеңді өлең ететін шарттардың ең бастысы.

Ақ өлеңдер – поэзияның, оның көркемдік-бейнелілік, ырғақтық-интонациялық жүйесінің дамуының көрсеткіші. Олар формалық жағынан өзгеше, өлеңге тән өлшемдерден азат, мазмұны прозалық шығармалар.

Поэзиядағы дәстүрлі ырғақтан тыс жүйенің бірі – прозалық өлеңдер әлем әдебиетінде кең жайылған құбылыс. Кей ақындар еркін ырғақтар аясынан асып, прозалық шекке дейін жетуде. Бұл шебер ақындардың ізденісінің нәтижесі. Ақындардың қара сөзбен ой термелеуі ұлы Абайдан белгілі үрдіс. Прозалық өлеңдер қазақ поэзиясында Мағжан Жұмабаевтан кейін алпыс жылдан соң көрініп отыр. Оның «Балапан қанат қақты», «Домбыра» атты екі прозалық өлеңі белгілі.

Прозалық өлең – формасы прозалық болғанмен, жаны поэзиялық болуы шартты шығарма. Осы ұстанымның үдесінен шығатын шығармалар Е.Раушановтың «Сатқын», «Тас балбал», «Ымырт» шығармалары.

Е.Раушанов «Ымырт» өлеңінде уақыттың осы мезгілін тақырып етіп алған. Ақын көне түркі әріптерін өзінің поэтикалық әлемінде тірілтіп, жан бітіре бейнелеу арқылы терен ойларға меңзейді. Ымырт мезгілін алудың өзі туындының поэтикалық бояуын қалыңдата түскен. Көне түркі әріптеріне қанат бітіріп, оларды саналы әрекетке көшіру – ақынның тосын да жаңа бейнелеуі. Ақын көне түркі әріптерін мәңгілік рух бейнесіне енгізген.

«Ымырт. Ұзамай қаламызға қараңғылық орнайды. Қараңғы түнде көне түркі жазулары қара тастан қанаттарын дыбыссыз қағып ұшып шығады да, қаламызды шарлап кетеді. Олар алаңдар мен проспектілерді, Үкімет үйін (ескісін де, жаңасын да), сыраханалар мен перзентханаларды көреді, адамдардың әңгімелерін тыңдайды» [4, 276].

(Еуропалық әдебиет үшін қара сөзбен жазылған өлең жанры үйреншікті машыққа айналған құбылыс. Мұнда мазмұндық артықшылыққа ерекше мән беріледі, сондай-ақ бірінші кезекте автордың лирикалық көңіл-күйі тұрады. «Қара сөзбен жазылған өлең - прозалық пішіндегі лирикалық туынды. Оған тән белгілер: көлемнің қысқалағы, жоғары эмоция, сюжетсіз құрылым, субъективті әсер мен күйзелістің білдірілуі; бірақ ырғақ, өлшем, ұйқас жоқ. Қара сөзбен жазылған өлең түрі еуропалық поэзияда романтизм дәуірінде проза түріндегі діни лирикада библиялық дәстүрді тірек ете отырып дамыды, ал француз поэзиясында басқа тілдегі өлеңдерді аударудағы тәсіл болды. Қара сөзбен жазылған өлеңнің алғашқы үлгісі деп А.Бертранның «Гаспар из тьмы» (1842 ж. шыққан) кітабын санайды. «Қара сөзбен жазылған өлең» термині Ш.Бодлердің «Цветы зла» кітабында қолданылады. Орыс әдебиетіне И.С.Тургеневтің 1878-82 жылдары жазылған туындыларымен енді», - делінген «Әдеби энциклопедиялық сөздікте».

Ырғақтық-интонациялық құрылым құрамындағы сөздерге логикалық немесе интонациялық екпін түсіріп, өлеңнің эмоционалдық мазмұн құнарын көрсету үшін көп ақындардың жүгінетін амалы – бүтін ырғақтық-интонациялық құрылымдарды екі не одан көп тармақтарға тасымалдау. XX ғасырдың 60-70 жылдарынан қазақ поэзиясында дәстүрлі өлшемдерді тармақтарға тасымалдап, біртұтас ырғақтық-интонациялық құрылымды

бірнеше тармаққа жіктеп, «шашу» құбылысы жаппай сипат алды, күрделенген қалыпта көрінді.

Әрине, тұтас жолдарды сындырып, бөлекше ырғақ тудыруды қазіргі уақытта ерекше жаңашылдық деу шындыққа жатпайды. Ол өткен ғасырдың басында орыс поэзиясында алғаш В.Маяковский, ал қазақ поэзиясында С.Сейфуллин, С.Мұқанов және тағы басқалар айрықша қызықтап, көп қолданған тәсіл болғаны жақсы белгілі. Осыған орай әдебиетші Б.Ыбырайым «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» атты ұжымдық монографияның «Поэзия» бөлімінде былай деп жазады: «Отызыншы жылдар поэзиясы туралы әңгіме қозғағанда атап айтылуға тиісті ерекшеліктердің бірі – түрлік ізденістердің молдығы. Өлеңдердің, дастандардың ырғағын замана ырғағына, экспресс екіпіне бейімдеу, сол арқылы жаңа дәуірдің үстемелі қарқынын аңғарту деген игі талаптан туған жаңаша түрлер дүниеге келді. С.Сейфуллиннің осы тұста күллі қазақ поэзиясының жүгін көтергені мәлім. Жаңа өмір, жаңа тұрмысты Сәкен беріле, шын ықыласымен жырлады. Өлеңнің түрлерін де құбылтты. Тармақтарды бунақтарға бөліп, бір жолға емес, әр жолға шашырата келтіру, өлеңнің қазақ жырына тән силлабикалық құрылысын тониканың ыңғайына қарай шама-шарқынша икемдеу, бірен-саран болса да, өзге тілдегі сөздерді ұйқастың ішіне қалап жіберу фактілері біршама ұшырасады.

Қазір «тармақты бунақтарға бөліп, шашыратып келтіру» әдісінің мазмұнға сай икемділігі арта түсіп, ол бір адамның басында тоғысқан сезім шарпылыстарын жеткізуге қызмет ете бастады. Мәселен, ақын Ұ.Есдәулеттің төмендегі өлеңінің өрнегінен соны анық байқауға болады:

«Жоқ, жеңге, ессіз деме,

Ол – ақылды,

Өзге емес, ол мен үшін жаратылды.

Келмеді...

алдады...» деп қыз кемсендеп,

Көзімен тінте берді кара түнді [6, 232].

Адам басындағы бірер сәтте сапырылысқан түрлі сезімдер өлеңнің ерекше бітіммен астасып, нанымды, табиғи түр танытады. Өлеңді жеделдетіп, сыдыртып оқуға болмайды. Әр жолға бөлініп, дербес мағыналық реңк, қилы сезім арқалаған үзік-үзік сөз бен сөз тіркестері дауыс толқынын, ырғақты өзгеше интонациямен жеткізуді тілейді. Бұл да бір тармақтың бөлшектеніп, әр жолға жазылуы арқылы ырғақты түрлендіру тәсіліне жатады.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ поэзиясының жеткен жетістіктері, негізінен, тақырыптық-идеялық жаңашылдығына, мазмұн байлығына байланысты болса да, сол мазмұнды ашуға жұмылдырылған түрдің маңызы да өте зор. Қазіргі қазақ өлеңінің құрылымдық жүйесі бүгінде қарқынды дамып келе жатқаны талас тудырмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Есдәулет Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар, II том: Киіз кітап. Ел мен жер жырлары. – Алматы: Жазушы, 2006. – 264 б.

2 Мырзабеков К. Менің мұным – махаббат. Өлеңдер мен поэмалар. Құраст. З.Ибраимқызы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 192 б.

3 Есдәулет Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар, I том: Алтын тамыр. Ел мен жер жырлары. – Алматы: Жазушы, 2006. – 392 б.

4 Раушанов Е. Бозаңға бітке боз жусан: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Паритет, 2006. – 384 б. 29.

5 Ержанова С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастық мәселесі: филол. ғылым. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 2009. – 42 б.

6 Есдәулет Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар, II том: Киіз кітап. Ел мен жер жырлары. – Алматы: Жазушы, 2006. – 264 б.

#### «МӘШҰР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМИ МӘСЕЛЕРІ»

АХМЕТЖАНОВА С. А.

9 «А» сынып оқушысы, №25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Кант. “Адам дегеніміз не?” деген сұрақ философияның негізгі мәселесі де, адамның өзі “дүниедегі ең басты нәрсе”.

Абай. Адамды табиғаттың бір бөлігі деп санап, оның имандылық қасиеттерін өмір жағдайлары, дәуір қалыптастырады деп есептеді. Адам сенімін арттыратын нәрсе – білім, қажырлы еңбек, Абай білімді қабылдау дәрежесін үш деңгейге бөледі:

1. Ақпарат-хабарды қабылдау;

2. Алған білімді сана-сезіммен түйсініп-сезініп, көңілге қондыру. Бұлар «адам» сатысындағылар. Бірақ алған білімдерін өмірде толық қолдана алмайды;

3. Олар алған білімін өздерінің өмір көрінісіне айналдырып, оны толық пайдаланады. Бұлар «толық адам» сатысындағы рухани адамдар.

Жүсіп Баласағұни және Ахмет Йүгінеки

Адамның адамгершілік қасиеттері туа біткен емес, өмірде қалыптасады, тәрбие жағдайларына, үйретілген әрекет қимылдарына тәуелді болады, ізгі қасиеттер адамның өзіне, оның мінез-құлқы мен біліміне байланысты

Шәкәрім. Адамның өмірін үш кезеңге бөледі. Өмірдің басы –бала, ортасы –жастық, содан соң қарттық шақ. Осының ішінде ең қуатты жастық шақты ғылымға арнауды насихаттайды.

Аталған философтармен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасындағы рухани үндестік

1.Дүниетаным,адамгершілік мұрат бірлігі;

2.Қоғамдық - әлеуметтік мәселелерді,заман тынысын нақты сезіну;

3.Ой толғап отырған жайлардың ортақтығы;

4.Поэтикалық табиғатының үндестігі.

II. Ағартушының ғылым-білім туралы ой-пікірлері

Адамның тұлғалық дамуы оқу мен тәрбиеге тәуелді екенін, баланың қабілеттерінің дамуы ерте басталатынын айтып, «Белгілі ат болары құлын жастан» -деп, ақын адамның рухани жетілуіндегі балалық шақта берілген тәлім-тәрбиенің орнын, бірақ оның қоршаған ортамен тығыз байланыстылығын айтады.

Ғалым адамның не нәрсенің себебін білуге талпыныс жасап, тереңіне үңіліп әрекет істеріне, байыптылығына, ойланып шешім қабылдайтын парасаттылығына аса маңыз беріп, шалағайлық – білімсіздік екенін баса айтады.

III. Ақынның ой-пікіріндегі сүйіспеншілік сезімінің тәрбиедегі маңызы мәселесі

Мәшһүр –Жүсіп Көпейұлы тұлғаның рухани адамгершілігін қалыптастыруда сүйіспеншілік сезімін басшылыққа алу керектігін айтады:

«Махаббат –сәулесі зор, құдай нұры,

Көрген жан сол сәулені қалмасқұры» -деген өлең жолдарында ақын басшылыққа махаббат сезімін алып, оны сезінген адам ештеңеден қалмайтынын, сол сәуле әрқашанда саған жылулық беретінін айтады.

IV. Адамның тұтыну мәдениеті жайлы ой-пікірлері

Еңбек етуді арлылық, тілемсектікті арсыздық белгісі ретінде алып, Мәшһүр Жүсіп:

Қадірлі болам десең қарындасқа.

Дауа жоқ бас айналар мұнан басқа.

Сүйкімді бүкіл жұртқа болам десең,

Ешкімнен дүние сұрап аузыңды ашпа.

V. Ақын шығармаларындағы адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі: әрекетшілдік, өнер үйрену және имандылық жөнінде

1.Ақын ілгері басу, даму,жетілу мәселесін насихат етеді.

2. Орынсыз, жөн-жосықсыз әуесқойлық, уақыттың бос өтуін ақын ашына жырлайды. Мәшһүр Жүсіп:

Базарға келіп едің ат терлетіп,

Бос жүрсің әр нәрсені тамаша етіп.

Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсең,

Жұрт тарқап, сауда бітіп қалар кетіп.

Ораза, намаз, мұсылмандық парыз жайында Мәшһүр Жүсіп «қырық парыз баяны» деген шығармасында былай дейді:

Қырық парыздан мен айтайын Исламды.

Бес иманды үйрен, оқы намазды ертелі – кеш.

Ораза тұт, қажы қылғыл, бергіл зекет

Ынсапқа малың толса, қалдырма еш (неш).

VI. Сөз өнерін игеру маңыздылығы туралы

Ақын өнердің ішінде сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Кем емес- кейбір сөзім жанған шоқтан,

Әркімге ауыр тиер атқан оқтан.

Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,

Атанды бәрі хайуан-тілі жоқтан.

“Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзінде” өлеңінде:

Өңгіме есітсеңіз мына бізден,

Адамға пәле-тілден, бейнет- көзден

Адамның адамшылық артықтығы

Көрінер, түсіп көзге, сөйлер сөзден.

Болмайды сөз болғанмен, бәрі тегіс,

Келтірер иесіне кей сөз сөгіс.

Бас қосқан мерекеде жақсы-жаман,

Шешендер-мәуелі ағаш, сөз-бір жеміс.



Қойылған тұжырымдамалар

1. Ағартушының ғылым-білім туралы ой-пікірлерін саралай келе түйіндегенім: өзін-өзі танып білген адам басқалармен, өзін қоршаған табиғатпен ынтымақта үйлесімді өмір сүре алатыны; адам үнемі өзінің ішкі дүниесіне үңіліп жан дүниесінің жасырын жатқан қасиеттері мен дарынын ашу арқылы жетілетіндігі, үздіксіз білім алу адам дамуының қажетті алғышарты ретінде пайымдалды.

2. Ақын шығармаларында белсенді іс-әрекеттің иесі болу – Жеке тұлға үшін ең басты қажеттілік екені; рухани білім алу барысында жүрек тазарып, көкірек көзі ашылып, оны Иmandылыққа жеткізетіндігі ,адам салауатты өмірге жақындау арқылы тән мен жан саулығын реттей алатынын және жалпы адамзат үшін игілікті істерге бара алатыны жайлы қорытындылары жасалды.

3. Ақынның ой-пікіріндегі сүйіспеншілік сезімінің тәрбиедегі маңызды мәселесі бойынша адамның өзін-өзі жақсы көруі мен басқа адамдарды , бүкіл әлемді жақсы көруіне шейінгі сезімнің дамуы үйлесімге, өзара түсінісушілікке және қоғамдағы адамдардың бірін бірі бөтенсінуін жеңуге әкелетіні және адамзат бірлігін ойлайтын гуманистік ой-пікірлерінің маңыздылығы сараланды.

4. Адамның тұтыну мәдениеті жайлы ой-пікірлері ағартушы тұлғаны жан жақты тәрбиелеудегі тағы бір маңызды мәселе ретінде қажеттілікті , нені болсын тұтыну мәдениетін игеру керектігін насихат ете отырып, нысапшылық, қанағатшылық мәселелеріне баса мән бергенін пайымдадық.

5. Ақынның сөз өнері жайлы ой-пікірлерін түйіндей отырып, жеке адам өміріндегі маңыздылығы, адамның адам болып тұлғаланып, кемелденуінде сөздің атқарған рөлі; сөздің адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, түп-түқияннан бері жасалып, қорланып келе жатқан ақыл-ой жәдігерлігі, әсемдік қазынасы екенін мән берілген. Сөзді тегін дүние көріп, онды-солды талғаусыз айта берсең, жұғымы, қадірі болмайтыны жайлы ақынның реалистік сыншылдықпен ашып көрсеткеніне көз жеткіздік .

Алынған нәтижелері:

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұраларымен, жинаған еңбектерімен танысу , оқып-үйрену арқылы жеке тұлғаның рухани жетіліп, өзін-өзі тәрбиелеуіне негіз болатынын насихаттау;

2. Мәшһүр еңбегінің адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуы мен дамуына әсерін оқу-тәрбие үдерісінде қолдану;

3. Мәшһүр ілімі - адамды имандылыққа, салауатты өмір салтына баулитын ілім екендігін дәлелдеу.

4. Мәшһүр шығармашылығы - адамзат қоғамы мен өмір тіршілігінің мәнін ұғынып-түсінуіне, мақсатты әрекеттенуіне бастау болатын білімнің маңыздылығы мен түбегейлілігін таныту құралы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Екі томдық. – Алматы: Ғылым, 1992. – 2-т. – 39-42 б.

2 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 1-т. Өлең, қисса, мысалдар. -24-28 б.

3 Әбдіғазиев Б. Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: «Санат», 2001. – 338 б. Көпеев М.Ж.

4 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев – Павлодар, 2003. – 107-108 б.

5 Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961. – 244-247 б.

6 Қазақ ССР ҒА архиві. Көпеев қолжазбалары. П. 171-272 б.

7 Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1999. - №10. – 41 -43 б.

8 Мәшһүрдің сөзді киіндіріп, жұрт көзіне түсіргені...; Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөз...: (Өлеңдер) // Алматы ақшамы. -1990. – 10 қазан.

9 Ұшқан құс, жүгірген аң...; “Егемен Қазақстан” Республикалық газеті» ААҚ, 2006 №90-93 (25939)

10 Аңсабаев Д.М. Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2003. – 7 маусым. 7 – 5 б.

#### М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ КЕСТЕЛІ ӨЛЕҢ ӨРНЕГІ

АХМЕТОВА Ш.

5-сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Профессор Шериаздан Елеукеновтің: «Әдебиет идеясы өмірден туындайды. Идеяны жеткізетін тіл. Ол суреткердің дүниетанымына сәйкес құйылады, саяси, философиялық, эстетикалық тұрғысына қарай өріледі. Тілі ғана пайдалы, басқасының мәні жоқ деуге келмейді. Әдебиеттің бір ғана таптың меншіктеуіне көне бермейтіні көркем идеяның тек саяси көзқарастан туындамайтындығында болса керек», [1, 5]-деген ойы поэзия әлемінде айрықша із қалдырған өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат еткен Мағжан Жұмабаев шығармаларын талдауға мұрындық болғандай.

«Мағжан өз тегін де, өз жерін де ардақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ардақтауға ұмтылған, өлең сөзді асыл маржандай терген, сұлу жырымен оқырман жүрегін баураған, ал өзі болса, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті», [2,135].

Сөз құдіретінің сырын ашып, өз өлеңдерінде көркемдегіш құралдарды орынды да, ұтымды пайдаланып, сөз саптау шеберлігін танытқан ақын «Әрбір ірі жазушының шеберлігінің өзгешелігі көбіне-көп оның шығармасынан көрінеді». «Көркемдік дегеніміз әрбір сөздің орынды қолданылуының ғана емес, өте қажеттілікпен, зәрулікпен қолданудың белгісі және сөз дегенің мүмкін болғанша аз жұмсалуды керек», [1, 65]-деген небір ғалымдардың ойын дәлелдегендей.

Мағжанның шығармаларындағы айқындауыш бейнелі сөздерге көз жүгіртсек суреткердің идеясынан туып, сөз арқылы берілген не бір ойдың көрінісін аңғарасыз. Сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік жасап үйлесімге келтіруінің өзі бірнеше түрлі тәсілдер арқылы берілгендігінің куәгері боласыз. Әсіресе көркем шығармада қолданылатын көркемдегіш құралдың бірі, заттың не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын бейнелі сөз-эпитетті пайдаланудағы шеберлігі оқырман көңілін еріксіз баурап әкетеді. Эпитетсіз тіпті айтарынды анықтау, суреттеп отырған нәрсенді нақтылау мүмкін емес екендігін төмендегі жолдар арқылы мойындатады.

Сібірдегі қаратүнек кезінде жазылған «Бостандық» атты өлеңі арқылы осынау дәуірдегі қатыгез ақиқат сырын ашына суреттеген ақын:

...Көк есігі ашылды,  
Жұмақ нұры шашылды.  
Келді ұшып бостандық  
Ғарыш нұрлы жүзі бар,  
Кәусар жібек сөзі бар,

Әдемі, алмас ақ қанат,[3, 75]-деп көрсетіп, алайда «Жұмақтан қуылған адамзат» шамалы рахат, қызықтың өзін артық санайтындығын аңғартса. Халықтың асыға күткен таңын, бостандығын: «Ғарыш нұрлы жүзді», «Кәусар жібек сөзді», «Әдемі, алмас ақ қанат» бостандық деп бірнеше тізбектелген эпитеттер арқылы ойын нақтылай түскендігін байқатады.

Ал, енді бірде:

Қыбырлаған қоңыздар,

Қорсылдаған доңыздар  
Көктен келген қонаққа  
Тілін, қолын тигізді.  
«Сасық сайтан» дегізді  
Жауыздық тағы өрледі  
Ізгі елшісі жұмақтың  
Қасиетті қонақтың

Ақ қанаты кірледі,[3, 76]-деген ақын жер бетіндегі күйкі, арамза пенделерді «қыбырлаған қоңыздар» мен «қорсылдаған доңыздарға» балап, олардың өнбейтін жаман пиғылды іс- әрекетіне «жұмақтың» «ізгі елшісі» - бостандық кінәлі ме?-деген сауалдарды қоя отырып, азаттық ұғымы терең аллегориялық әрі философиялық мағынаға көшеді. Оқырман назарын бостандық «жұмақтың өзі емес, «ізгі де болса елшісі» ғана екеніне аудартады. Екі аяқтылардың арасындағы имансыздардан қорлық сөз естіп, «ақ қанаты кірлеген», «ізгі періште» - бостандық қайта ұшуға даяр тұрғандығын ашып көрсетеді.

«Елім» деп еңіреп, әділеттік жолда жалынды жырын жалау еткені үшін тарихтың «ақтандақ» бетінен орын алған сөз шеберінің өрелі ойының терең иірімдерінен тамаша суретті сөздер өріледі. «Түркістан», «Ескі Түркістан», «Орал», «Көкшетау» атты өлеңдері арқылы сүйікті оқырмандарын елін, жерін сүйуге баулиды. Туған ұлтын, халқын сүйуі түбі бір туысқан жұртты туысқан тартумен сабақтас құбылыс болғанын «Тұранның бір бауырында», «Қырғыз, қазаққа», «Еділде», «Алатау» атты жырларынан аңғартады.

Оның ақ нәсердей төгілген жыр жолдарында өзіндік өмір өлшемдері, түйінді, тұғырлы таным дүниесі кестелі өрнекпен нақтыланып, даралық сипатқа ие болып тұрады. «Көкшетау» өлеңінде:

Аспанменен тірескен  
Тәңіріменен тілдескен  
Көкшетауым біп-биік  
Қою қара көк бұлт  
Жайнап, ойнап, құлпырып

Көкшетауды тұр сүйіп,[3, 159]-делінген жолдардың бүлікке шақырған, ел бірлігіне қас көңіл емес, шығыс, қазақ тарихына тән биік белестерді еске алу, бұқараны рухани азаттыққа үндеу рухымен төркіндес ниетінен туғандығын айтса. «Аспанменен тірескен Көкшетау», «Тәңіріменен тілдескен Көкшетау», «Қою қара көк бұлт» деген айқындаулар өлең өрісін кенейтуде ерекше қызмет

атқарып тұрғандығын көрсетеді. Өз мысалдарында бұрыннан айтылып келе жатқан эпитеттерді қайталамай өзінше ізденіп, жаңаша мазмұнда айқындаудың әр түрін жырларында шеберлікпен орынды қолданғандығын, олар арқылы адамның көркем образын жасағандығын байқатады. Ақынның қиыннан қиыстырып қолданып отырған айқындаулары өзі жырға қосып отырған объектіні, өмір құбылыстарын бейнелі оймен бере білу жағынан басқа суреткерлерден ерекшеленеді.

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби тілге үстеме мағына беріп, шығармашылық мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеуді өз шығармасында талғампаздықпен пайдалана білген ақын «Еділде» атты өлеңінде:

Бүктеліп жатқан бел,  
Сүтке тойған марқадай  
Бұйра қою қарағай,  
Белге біткен шалқалай.  
Су жеп қойған жұмыр тас  
Түйір-түйір малтадай,  
Арнада өзен қылықты

Қылмындаған қалқатай,[3, 235]-деп келтіріп, халық тілінде қалыптасқан, кейде балаларға қаратылып, кейде «тойған қозыдай томпиып отырсың ғой» деп үлкен адамдарға да қаратып айтылатын «Сүтке тойған қозыдай» деген теңеуді қолданудағы шеберлігін танытса, қазақтың ұлттық тағамының бірі күрт болса, сол күрттың езілмейтін малта түрі су ағысымен екшелген жұмырланған тасқа баланатындығын аңғартады. Табиғаттың манаурап жатқан бейнесін суреттеу үшін қолданған «марқадай» теңеуі өзінің тапқырлығының жемісі екендігін көрсетеді. Ал, өзеннің арнасынан асып, бұлықсып ағуын, жігіт алдында әртүрлі ерке қылықтар көрсеткен қыздың мінезіне балап, оқырманына өзеннің ағысын қыздың «қылмындаған» әрекетімен ойша салыстыру мүмкіншілігін береді.

«... Жазушы заттың не құбылыстың ерекше белгілерін атап көрсетпей – ақ оны басқа затпен, құбылыспен салыстыру арқылы шығармасының мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдардың бірі - теңеу», [4, 227]-дегендегі академик Зейнолла Қабдоловтың сөзін еріксіз еске түсіреді.

«Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы-сөз», [5, 2]-деп заманымыздың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов айтқанындай жастарды тәрбиелеуде сөздің күдіретті күшін пайдаланудың маңызы

зор екендігін сезінген ақын өнегелі, өрелі асыл сөздерін кейінгі ұрпаққа сыйлайды.

Егемен еліміздің ертеңгі қызметін атқарар лайықты тұлға - ол жастар екенін ескеріп, «Мен жастарға сенемін» өлеңінде елдің қалыптасуына жастардан үлкен үміт күтіп, аманат сенім артатындығын ағартады.

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты  
Қырандай күшті қанатты  
Мен жастарға сенемін  
Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар,  
Жаннан қымбат оларға

Мен жастарға сенемін, [3, 35]-деген Мағжан жастардың ерік- жігерін, күш- қайратын «аң патшасы арыстанға», «қайратты жолбарысқа», «ақиық қыран құсқа» балайды. Өзінің шығармасында қолданыс тапқан теңеулердің сан түрлі болып келетіндегі

«Алатау» өлеңіндегі:  
Көп жылдар желдей заулап есті ме екен,  
Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?!  
Қияның қыранындай қайсар елдің  
Басынан күңгірт көшті ме екен?  
Шыңдары арысымен араласқан,  
Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастан  
Күңіреніп қоңыраулы қара нардай

Қап-қара қорғасындай бұлты басқан,[3, 209]-деген жолдарда кездесетін дай-жұрнағы арқылы жасалған «желдей», «қияның қыранындай», «қап-қара қорғасындай», «қара нардай» эпитетті теңеулер арқылы көрсетеді. Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі теңеуді ақын өз шығармаларында шеберлікпен қолданып заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей ақ, басқа заттармен, құбылыстармен салыстыра бейнелегендігін байқатады.

Академик З. Ахметовтың «Жасалу қалпына қарай теңеулердің сан түрлі болып келетіні байқалады. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипатын, белгісін, түсін, дыбыс үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып, бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл қозғалысындағы

ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі», - дегендегі ойын нақтылайды.

Ақынның қай шығармасын алсақ та сөйлеу өнеріміздің барлық саласынан бой көрсететін, сөз мәнін өңдендіріп, ажарландырып мазмұнын тереңдететін жалпы тілдік категория, сөзді астарлай қолдана білуінің шеберлігін танимыз.

Мәселен: Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,

Жан сусынын көз жасымнан қандырған

Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым- ды,

Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған, [3, 198]-дейтін шумақпен басталып, аяқталатын «Берниязға» атты өлеңінде бұрын өзіне қатысты қолданылатын метафора жаңаша түлеп, асыл махаббат жолында құрбан болатын жалын жастың елден оқшау бітімін даралауға қызмет ететіндігін. «Ақын – бала», «ақын – бөбек» деп балаға, бөбекке балайтындығын көрсетсе. «Өткен күн» атты өлеңіндегі:

Өткенді ойлап қайғырма.

Әр кәмалға бір зауал

Ежелден болмақ емес пе?

Ескіше тұрып егеспе

Заман – түлкі, тазы бол,

Базарма дүкен күр енді. [3, 39]-деген жолдар арқылы ауыстыруды ұтымды пайдалана білгендігін аңғартады. Заманды түлкімен жай ғана салыстырып қоймай, заман қу болса және де заманның ағымы тез болса, сен одан да тез бол , - деген ақылын айтады. «Заманың түлкі болса, Тазы болып шал», - деген қазақ мақалын еске салады. Ғалым Қажым Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде айтылған: «Метафора тіл табиғатында терең тамыр жайған сөйлеу өнеріміздің барлық саласынан бой көрсететін жалпы тілдік категория, сөзді астарлай қолдану» дегендегі пікірін мойындатады.

Мағжан Жұмабаев өз шығармашылығында қайталаудың небір түрлерін жан-жақты, әрі өте әсемдікпен пайдаланылған. «Пайғамбар» өлеңінде:

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр.

Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр

Қайғы менен қара қанға тұншығып,

Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара түн. Уақыт ауыр күтеді,

Ой артынан ойлар келіп күтеді

Түн баласы көр көзінен жас төгіп,

Күншығыстан бір пайғамбар күтеді. [3, 14]-дегендегі ол, дыбыс үндестігіне негізделген туындыдағы әдепкі қайталаулар арқылы өлеңнің әсемдігін, әсерлілігімен қатар, өлеңнің композициялық құрылысын ерекшелеп оқырман көңілін баулыса. «От» өлеңіндегі:

Өзім – күнмін, өзім – от,

Сөзім – қысық, көзім де – от.

Өзіме-өзім табынам

Жерде жалғыз тәңірі – от

Оттан басқа тәңірі жоқ. [3, 12]-деп кезекті қайталаулар арқылы сөз екпінін әрбір ой ағымының аяқ жағындағы «от» деген сөзге түсіріп, оттың жалыны - ақын жүрегіндегі шабыттың екпіні екендігін түсіндіреді. «Әйел» өлеңінде:

Жерде жалғыз зарығып,

Жұмағын көкте сағынып,

Жылады баспай өксігін

Жасты көріп жаратқан. [3, 133]-деп қазақтың халық поэзиясындағы аллитерация мен ассонанс сияқты дыбыс бірлестігін ұтымды пайдаланғандығын танытса. «Ой» өлеңінде:

Ой деген у – ауызға алсаң қандырап.

Ой деген у – жанды есінен тандырап

Ой деген у – ішсең мас боласың

Ой деген у – ішесің де соласың [3, 183]-деген жолдардан аллитерация мен ассонанстәсілін пайдалану арқылы өлеңнің мазмұны мен мәнін келтіріп тұрғандығын, керемет дыбыс өзезділігін жасағандығын көрсетеді.

Ал, «Жел» атты өлеңінде:

Жел – тым теңтек бір бала,

Жан сүйгені – сар дала

Дамыл алмай жүгірер,

Ерні өтірік қыбырлап,

Сыр айтқан боп сыбырлап,

Кейде өгіз боп өкірер.

Желге ешнәрсе тең келмес,

Тау да жолын бөгемес,

Сақ-сақ күліп секірер.

Жүйрік желім кім сотқар.

Біреу бетін жапса егер

Әдейі бетке түкірер. [3, 148]-деп, кейіптеу тәсілі арқылы жансыз «жел» бейнесін жанды, тірі адамға айналдырып, бірде ерке балаша «дамыл алмай жүгіртіп», «ернін өтірік қыбырлатып», «сыр

айтқан болып сыбырлатып», бірде «сақ-сақ күлдіріп», «жорғалай басып жүгіртіп»қояды. Яғни, ақын беймаза желді құлды тірі кісідей құбылтып, оған қызық-қызық кылықтар жасату арқылы өзі суреттеп отырған шындыққа тағы бір тың шырай береді, шынайы сыр дарытады.

Қорыта келгенде, Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясында жарқын жырларымен от шашып, өшпес із қалдырған тұлға. Көркем сөзбен көрікті өлеңдерді әдебиетіміздің әлеміне сыйлаған ерек жан. XX ғасыр алып тұлғаларының шығармашылық тағдырын зерттеуші, академик Рымғали Нұрғалидың сөзімен айтсақ: «Мағжан поэзиясы мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу- маржаны махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық стихиясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүние», [5, 93].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Боранбаева Ж. Қ. Сөз зергері Мағжанның әдемі өрген өрнегі,. Астана, 2004
- 2 Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан,. Алматы, 1998
- 3 Жұмабаев М. Батыр Баян,. Астана: «Елорда», 1998
- 4 Қабдолов З. Сөз өнері Алматы, 1976
- 5 Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, А., 1995
- 6 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры,. Астана: «Күлтегін», 2002

#### БЕЙІМБЕТ ДҮНИЕТАНЫМДЫЛЫҒЫ СУРЕТШІЛДІГІНДЕ

АХМЕТОВА А.

6 - сынып оқушысы

БОТАЕВА А. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Ленин жалпы орта білім беру мектебі, Ертіс ауданы, Павлодар облысы

*«Білімдіден шыққан сөз,  
Білімдіге болсын кез»  
Абай*

Бейімбет Майлиннің азан шақырып қойылған аты –Бімұхамбет еді.Бұл түркі тектес халықтардың қыпшақ тобына жататын ұлттары

арасында кеңінен таралған есім.Ана тіліміздегі –Аймұхамбеттің-Айымбетке,Жолмұхамбеттің-Жолымбетке,Бекмұхамбеттің-Бегімбетке айналып кеткені сияқты құбылыс.Бимұхамбет те бара-бара Бимұхамбетке ауысты,одан қысқара келе Бейімбет болып қалды. Бейімбет деген осы қысқартылған есімімен ол әдебиет тарихына енді.

Ол 1894 жылғы қараша ішінде Қостанай уезінің Дамбар болысында (қазіргі Қостанай облысындағы Таран ауданының Бейімбет ауылында)туған.Бұл-Әйет өзенінің жағасындағы Шаңқан төбе қасындағы бұрынғы Ақтөбе деген жер.Екі жасында әкеден жетім қалған Бейімбет бір байдың сауыншысы боп жүрген анасының қолында тәрбиеленеді. Жетіге жеткен соң өзі де байдың қозысын бағып,кейін атының делбесін ұстайды.Бейнет пен жоқшылықтың ащы дәмін ерте татқан жас бала көрі әжесінің жылы құшағында бұйыға тербеліп отырып,оның:

Өмірімде көргенім күндік,күлдық,

Бұл жалғанда бар ма екен біздей мұндық?-

деген гөй-гөйінің зар сырын жанымен ұғады.Әжесі көне жырларды көп білетін ,өзі де аздап өлең шығаратын ақынжанды адам екен.Соның әсері болса керек,Бейімбет қаршадайынан өнерге құмартып,өлеңге әуестенеді.[1.8]

Ел іші ақын-жыршысыз болмайды.Екі ауыз сөздің өзін өрнектеп жеткізетін талай адамдар өз ортасында «ақын» атанып жүрген. Бұлардың аузынан шыққан әр сөзі былайғы жұртқа,соның ішінде өлеңге әуес жас ұланға айрықша әсер ететін болған.Жазушы тілімен айтқанда, «баларақ кезінде өзі де көрген»Көмек ақын сол тұстағы молдадан тіл сындырып, хат тани бастаған Бейімбетті бөлекше бесікке бөлепті.

Көмек айтыскер,суырып салма,әзіл өлеңдер шығаруға шебер жан екен.Кейбір деректерге қарағанда,аталық жағынан Бейімбетке алыс та болмағанға ұқсайды.Бейімбет ең алғаш осы Көмектің өлеңдерін жинап, жаттайтын болған.Соған еліктеп, Көмектің сарынымен өлең де шығара бастаған.[1.60]Бейімбеттің сол кезде шығарып,ел аузында қалған кейбір өлеңдері мынадай болып келеді:

Бозбала ,тіршілікте өткіз сауық,

Алдыңда ажал деген бар-ды қауіп,

Сөнді деп шамшырағым өкінерсің ,

Бір күні өліп кетсең қаза тауып .

Мінеки ,қатар-күрбы тындағайсың ,

Иесіз бұл сөзімді қылмағайсың .



Ғұмырдың қызғылықты уақытында,  
Хабарсыз әр нәрседен тұрмағайсың...

Өзіне салсаңыз, Бейімбет: «шынында онымның өлендікке сәні жоқ еді, әйткенмен бірінші бастауым осы еді»деп ағынан жарылады.

Әрине, бұл өлеңдердің толық мәтіні сақталмаған, жазушы да бұларды еске түсіре қоймаған. Оның есесіне өзі ұстаз санайтын Көмектің ұтымды айтқан сөздерін ұмытпай қағазға түсіріп кетіпті:

Көмек ақынның нағашысы Жаппас деген рудан екен.

Осы елді аралап жүргенде нағашылары ақынға, бізге жұмбақ айтып кетіңіз, келесі келгеніңізше шешіп қояйық дейді.

Сонда Көмек:

Атадан туған екен алты бала,

Ат қойған «қымтамас»деп оған жаңа...-

деп өздерін тәлкектеп өлең шығарыпты. Бұл арада «Жаппас»деген сөзді нағашылы-жиендігіне салып «қымтамас»деп құбылған Көмек ақынның сөзге тапқырлығы көрініп-ақ тұр. Менің ойымша: Бейімбеттің ұғымынша, Көмек-жарлы-жақыбайдың жыршысы, езілген елдің қамын ойлаушы, олардың ауыр тұрмысын жеңілдетсем деп үн қосқан ақын.

Бейімбет Майлин – ақын: әдебиеттегі алғашқы адымын өлеңнен бастады және қазақ поэзиясының дамуына өзіне лайық үлес қосты.

Майлин – реалист. Оның поэзия, проза, драматургия салаларының қай-қайсысында жазған шығармаларын алып қарасақ та, тұнып тұрған шындық: ақиқаттан ауып басқан бірде-бір адымы болған емес.

Қазақ поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосты дегенде, біз қазақ өлеңін көркемдік жағынан еуропалық биікке көтеріп, оның мазмұнды пішінін тотының түгіндей құбылта құлпытқан Абайдан әрі өрлетіп жетті демейміз. Әділіне келсек, Бейімбет өлеңдерінің өрімі ең жеңілі, ырғағы, ұйқасы...-Абай реформаларынан көш кейін жатады. [2.42]

Демек, кейбір зерттеулерде айтылып жүрген «Бейімбет-қазақ өлеңінің асқан шебері» деген пікір ұшқары, ағат. Мазмұн мен пішін жағынан қатар салмақтап байқасақ, оның суреткерлік шеберлігі әңгімелеріне қарағанда өлеңдерінде бәсең, әлсіз. [2.55]

Олай болса, Майлин поэзиясының қадір-қасиеті неде?

Екі нәрседе - жырлаған тақырыбында және бейнелеген образында;

біріншіден, Бейімбет қазақ кедейінің тұрмысы мен тіршілігін қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған аумақта, кең, терең және жан-жақты суреттеді.

Екіншіден, Бейімбет қазақ кедейінің мінезі мен мүсінін қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған деңгейде дәл, тіпті типтік һәм символдық дәрежеде (Мырқымбай) тарихи жағынан нақты және өрбу, өсу үстінде сомдап соқты.

Осы екеуінің үстіне енді Бейімбет өлеңдері мен поэмаларының тұла бойына күн шуағындай тарап, үшқын атып, сәуле шашып жатқан әрі жылы, әрі шымыр юморды (өзіл-ажуаны) қоссақ, жалпы Майлин ақындығының өзгелерден оқшау, тек өзіне ғана тән ерекшелігі белгіленеді де, оның жоғарыда айтылғандай қазіргі қазақ поэзиясының дамуына қосқан үлесі анықталады.

Суреткердің өнері өмірімен, яки өз басынан кешкен ғұмыр-тіршілігімен тығыз байланысты. Ол өмірде нені жете таныса, өнері арқылы жұртқа да соны танытады, осы ақиқат тұрғысынан қарасақ, Бейімбеттің дүниеге көзін ашқаннан көрген – баққаны көбіне ауыл өмірі.

Төңкерістен бұрынғы, төңкеріс қарсаңындағы және одан кейінгі қыр тіршілігі, дала тұрмысы. Сондықтан оның ширек ғасыр бойы, сөз өнерінің қай жанрында болсын, жазған шығармалары түгел ауыл өміріне арналуы тегін емес.

Осыны өзі де білген; «Жаңа әдебиет» журналының 1931 жылғы 6-7 сандарында ол өзі туралы: «Менің бұл күнге дейін жазған тақырыбым ауыл туралы ғана болып келеді, - деп шын айтты. - Өндіріс өмірін суреттеуге мен әлі күнге дейін кірісе алғаным жоқ. Өйткені әлі күнге өндіріс өмірімен таныстығым жоқ». [2.68]

Жә, бірақ мұнда тұрған не бар? Қазақта ауылды, даланы жырламаған ақын бар ма? Өйткені «қоғалы көлдер, құм сулар кімдерге қоныс болмаған?» (Махамбет).

Бейімбеттің дала жырындағы – ауыл өуеніндегі өзіне дейінгілерден оқшау ерекшелік те дәл осы арадан келіп шығады.

Сенің зарың-зарлайтыным өмірге,

Сенің арың – арлайтыным өмірде.

Сен не көрсен, Мен де соны көрмекпін,

Белді бұған-ауырға да, жеңілге.

Бейімбет Майлиннің «Кедейге» деген өлеңіндегі осы жолдар – оның ақындық кредосы – қаламгерлік бағдарламасы. Ол өзінің онша ұзақ емес өнер жолында осы мақсатынан бір сәт тойып, табан аударып көрген жоқ. Өйткені оның өмірде де, өнерде де серті тұрақты, берік және мәңгілік ант еді:

Кедей деп туғам, кедей деп өлем,

Не көрсем де кедеймен көрем.

Кедей қуанса,кедей жұбанса,  
Бір елі көкке тимейді төбем.

Жырлағаным-кедейдің жыры,  
Сырлағаным- кедейдің сыры.  
Сырым да бір,жырым да бір,  
Мен дағы сол кедейдің бірі.  
«Ұлы күні-ұлы тілек».

Жоғарыда аталған жорық ақыны Махамбеттің дала тақырыбындағы толғау жырында аһ ұрған арман, өкініш аралас өршіл романтизм сарыны желі тартып жатса, Абайдан төгілген шалқыма сырда ауыл көшіп кеп қонып жатқан сәнді де салтанатты жазғы жайлаудың мөре-сәре көңілді,көркем көрінісі таза реалистік сипатта суреттелсе, Бейімбеттегі дала кейпі –ауыл кескіні мүлде басқа:ол дала тіршілігіне, даладағы ауыл тұрмысына кезінде әр шиеленістің –бірден-бір себебі саналған таптық тұрғыдан, дәлірек айтқанда,өзінің шыққан тегі кедейдің көзімен қарайды .Мұның өзі заңды да. «Әдебиеттің таптығы»деген қатал да қасан қағида әдеби шығармашылықтың шешуші шартына айналған жағдайда, Бейімбеттің бұған басқа көзқараста болуы мүлде мүмкін емес еді.

Ал кедей деген кім, кедейлік деген не? Мұны Майлиннен артық білген ешкім тағы да жоқ.Мұны 1913 жылы медреседе оқып жүрген кезде жазған алғашқы өлеңінен-ақ («Мұқтаждық») анық аңғаруға болады:

Ай,мұқтаждық,кесел болып тұрдың ғой!  
Талапкерге қарсы тұзақ құрдың ғой!  
Қолды созып,бойды жазып жүргізбей,  
Ауруы жоқ бір мүгедек қылдың ғой,

Ақынның түсінігінше, мұқтаждықтың ең кесірлі жері-талапты жастың қалтасын қағып,түбінен «жел гулететіні»ғана емес ,ілгері бассам деген аяғын кері тартып, «жалындаған жүрегін сөндіретіні». Бейімбет Майлин әдеби жанрлардың барлық саласында өнімді еңбек еткен дарынды тұлға.Алғашқы өлеңдерінің өзінде-ақ сатиралық бағыт байқалады. «Қазақ әңгімесі» дегенде алдымен Бейімбет Майлиннің есімі тілге оралады. Бұл қаламгер әңгімені сан жағынан да ,сапа жағынан да жазушыларымыздың бәрінен көп жазды, келістіріп жазды» ,-деп Т.Нұртазин жазушы шығармашылығына жоғары баға берді. Бейімбет Майлин аз жыл өмір сүрсе де,оның елу бес кітабы жарық көрді. Б.Майлин 1938 жылы «тағдырдың тәлкегіне»ұшырап,қыршынынан қиылды.

Серікқали Байменше –филология ғылымдарының кандидаты ,қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бейімбет Майлин шығармашылығын жан-жақты зерттеп жүрген,республикаға белгілі бейімбеттанушы –ғалым.Қаламгер мұраларын жаңа көзқарспен қарастыра отырып, «Майлының Бейімбеті», «Бейімбеттің сөзстаны»атты еңбектерін жазды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бейімбет Майлин –Алматы , «Қазығұрт»2004.
- 2 Бейтаньс Бейімбет –Астана , «Елорда»2001.

### МӘШҰР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

БАЙЗАКОВА А., ШАКЕНОВА К.

9 “А” сынып оқушылары, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.  
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Адамның жан-жақты дамуы жайлы философиялық көзқарастар. Кант: “Адам дегеніміз не?” деген сұрақ философияның негізгі мәселесі де, адамның өзі “дүниедегі ең басты нәрсе”.

Абай: Адамды табиғаттың бір бөлігі деп санап,оның имандылық қасиеттерін өмір жағдайлары,дәуір қалыптастырады деп есептеді. Адам сенімін арттыратын нәрсе – білім,қажырлы еңбек, табиғат құпиясын ашу деп білді

Абай білімді қабылдау дәрежесін үш деңгейге бөледі: 1. Ақпарат-хабарды қабылдау;

2. Алған білімді сана-сезіммен түйсініп-сезініп, көңілге қондыру. Бұлар «адам» сатысындағылар. Бірақ алған білімдерін өмірде толық қолдана алмайды;

3. Олар алған білімін өздерінің өмір көрінісіне айналдырып, оны толық пайдаланады. Бұлар «толық адам» сатысындағы рухани адамдар.

Жүсіп Баласағұни және Ахмет Иүгінеки: Адамның адамгершілік қасиеттері туа біткен емес, өмірде қалыптасады, тәрбие жағдайларына, үйретілген әрекет қимылдарына тәуелді болады, ізгі қасиеттер адамның өзіне , оның мінез-құлқы мен біліміне байланысты

Шәкәрім: Адамның өмірін үш кезеңге бөледі. Өмірдің басы – бала, ортасы – жастық, содан соң қарттық шақ. Осының ішінде ең қуатты жастық шақты ғылымға арнауды насихаттайды.

Аталған философтармен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасындағы рухани үндестік:

1. Дүниетаным, адамгершілік мұрат бірлігі;

2. Қоғамдық - әлеуметтік мәселелерді, заман тынысын нақты сезіну;

3. Ой толғап отырған жайлардың ортақтығы;

4. Поэтикалық табиғатының үндестігі.

2. Ағартушының ғылым-білім туралы ой-пікірлері: Адамның тұлғалық дамуы оқу мен тәрбиеге тәуелді екенін, баланың қабілеттерінің дамуы ерте басталатынын айтып, «Белгілі ат болары кұлын жастан» -деп, ақын адамның рухани жетілуіндегі балалық шақта берілген тәлім-тәрбиенің орнын, бірақ оның қоршаған ортамен тығыз байланыстылығын айтады.

Ғалым адамның не нәрсенің себебін білуге талпыныс жасап, тереңіне үңіліп әрекет істеріне, байыптылығына, ойланып шешім қабылдайтын парасаттылығына аса маңыз беріп, шалағайлық – білімсіздік екенін баса айтады.

3. Ақынның ой-пікіріндегі сүйіспеншілік сезімінің тәрбиедегі маңызы мәселесі: Мәшһүр –Жүсіп Көпейұлы тұлғаның рухани адамгершілігін қалыптастыруда сүйіспеншілік сезімін басшылыққа алу керектігін айтады:

«Махаббат –сәулесі зор, күдай нұры,

Көрген жан сол сәулені қалмасқұры».

Тұлғаның рухани – адамгершілігін қалыптастыруда Мәшһүр Жүсіп басты қағида ретінде сүйіспеншілік принципін басшылыққа алу керек деп білді

4. Адамның тұтыну мәдениеті жайлы ой-пікірлері: үздіксіз әрекеттенуді, еңбектенуді насихат етеді. Еңбек етуді арлылық, тілемсектікті арсыздық белгісі ретінде алып, Мәшһүр Жүсіп:

Қадірлі болам десең қарындасқа.

Дауа жоқ бас айналар мұнан басқа.

Сүйкімді бүкіл жұртқа болам десең,

Ешкімнен дүние сұрап аузыңды ашпа.

5. Ақын шығармаларындағы адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі: әрекетшілдік, өнер үйрену және имандылық жөнінде:

1. Ақын ілгері басу, даму, жетілу мәселесін насихат етеді.

2. Орынсыз, жөн-жосықсыз әуесқойлық, уақыттың бос өтуін ақын ашына жырлайды. Мәшһүр Жүсіп:

Базарға келіп едің ат терлетіп,

Бос жүрсін әр нәрсені тамаша етіп.

Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсең,

Жұрт тарқап, сауда бітіп қалар кетіп,

Ораза, намаз, мұсылмандық парыз жайында Мәшһүр Жүсіп «қырық парыз баяны» деген шығармасында былай дейді:

Қырық парыздан мен айтайын Исламды.

Бес иманды үйрен, оқы намазды ертелі – кеш.

Ораза тұт, қажы қылғыл, бергіл зекет

Ынсапқа малың толса, қалдырма еш (неш).

6. Сөз өнерін игеру маңыздылығы туралы: Ақын өнердің ішінде сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды, олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Кем емес- кейбір сөзім жанған шоқтан,

Әркімге ауыр тиер атқан оқтан.

Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,

Атанды бәрі хайуан-тілі жоқтан.

“Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзінде” өлеңінде:

Әңгіме есітсеңіз мына бізден,

Адамға пәле-тілден, бейнет- көзден

Адамның адамшылық артықтығы

Көрінер, түсіп көзге, сөйлер сөзден.

Болмайды сөз болғанмен, бәрі тегіс,

Келтірер иесіне кей сөз сөгіс.

Бас қосқан мереекде жақсы-жаман,

Шешендер-мәуелі ағаш, сөз-бір жеміс.

Мәшһүр Жүсіп өзінің қай шығармасында болмасын, қоғамның ілгерілеуіне, жеке адамның жетілуіне кедергі болып отырған ел арасындағы, адам бойындағы жағымсыз кертартпа мінездерді сынға алып, адамгершілікті, әділеттілікті насихаттап, ғылым-білімге шақырады.

Қойылған тұжырымдамалар:

1. Баласағұн-Абай-Мәшһүр Жүсіп әлемі ілім, таным дүниесінің сабақтастығынан туған рухани үндестіктің мынадай сипаттарын даралап көрсетуге болады: біріншіден, дүниетаным, адамгершілік мұрат бірлігі; екіншіден, қоғамдық - әлеуметтік мәселелерді, заман тынысын нақты сезіну; үшіншіден, ой толғап отырған жайлардың

ортақтығы; төртіншіден, поэтикалық табиғатының үндестігі (ойшылдық, суреткерлік кисын, афоризм, нақыл);

2. Ағартушының ғылым-білім туралы ой-пікірлерін саралай келе түйіндегеніміз: өзін-өзі танып білген адам басқалармен, өзін қоршаған табиғатпен ынтымақта үйлесімді өмір сүре алатыны; адам үнемі өзінің ішкі дүниесіне үніліп жан дүниесінің жасырын жатқан қасиеттері мен дарынын ашу арқылы жетілетіндігі, үздіксіз білім алу адам дамуының қажетті алғышарты ретінде пайымдалды.

3. Ақын шығармаларында белсенді іс-әрекеттің иесі болу – Жеке тұлға үшін ең басты қажеттілік екені; рухани білімалу Барысында жүрек тазарып, көкірек көзі ашылып, оны Иmandылыққа жеткізетіндігі, адам салауатты өмірге жақындау Арқылы тән мен жан саулығын реттей алатынын және жалпы адамзат үшін игілікті істерге бара алатыны жайлы қорытындылары жасалды.

4. Ақынның ой-пікіріндегі сүйіспеншілік сезімінің тәрбиедегі Маңызы мәселесі бойынша адамның өзін-өзі жақсы көруі мен басқа адамдарды, бүкіл әлемді жақсы көруіне шейінгі сезімнің дамуы үйлесімге, өзара түсінісушілікке және қоғамдағы адамдардың бірін бірі бөтенсінуін жеңуге әкелетіні және адамзат бірлігін ойлайтын гуманистік ой-пікірлерінің маңыздылығы сараланды

5. Адамның тұтыну мәдениеті жайлы ой-пікірлері ағартушы тұлғаны жан-жақты тәрбиелеудегі тағы бір маңызды мәселе ретінде қажеттілікті, нені болсын тұтыну мәдениетін игеру керектігін насихат ете отырып, нысапшылдық, қанағатшылдық мәселелеріне баса мән бергенін пайымдадық.

6. Ақынның сөз өнері жайлы ой-пікірлерін түйіндей отырып, жеке адам өміріндегі маңыздылығы, адамның адам болып тұлғаланып, кемелденуінде сөздің атқарған ролі; сөздің адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, түп-түқияннан бері жасалып, қорланып келе жатқан ақыл-ой жәдігерлігі, әсемдік қазынасы екенін мән берілген. Сөзді тегін дүние көріп, оңды-солды талғаусыз айта берсең, жұғымы, қадірі болмайтыны жайлы ақынның реалистік сыншылдықпен ашып көрсеткеніне көз жеткіздік.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын қазіргі таңдағы ғылыми және адами көзқарастар тұрғысынан қарастыру. Оны бүкіл адамзаттық гуманизм қағидалары мен имандылық, адамгершілік идеялармен үндестігін тығыз байланыстылықта саралау. Жеке адам, тұлға қалыптастырудағы М.Ж.Көпейұлының мұрасының алатын мән-маңызын ғылыми тұрғыда пайымдау.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ақышев З. Мәшһүр Жүсіп. Жүсіпбек/Дауа, 1991 ж., қазан, 5 бет.
- 2 Ақын-жыраулар-Алматы, 1979 ж. – 83 бет
- 3 Көпеев М.Ж. Таңдамалы, Алматы, 1990 ж. 2- том – 61 бет
- 4 Қазақ әдебиеті: Энциклопедия- Алматы, 1999 ж., - 750 бет
- 5 Көпеев М.Ж. Мәшһүрдің 46 жасында сөйлеген сөзі.// Таңдамалы: Алматы, 1990ж.-1-том-72б.
- 6 Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. - Алматы: Қазақстан, 1997.- 272
- 7 Омаров Д. Абайтану курсы. - А.: Рауан, 1998.- 192 б.
- 8 Оразалин К. Абайдан соң. - Алматы: Ана тілі, 1995.- 584 б.

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСİNДЕГІ ЖҰМБАҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

БАҚБЕРГЕНҰЛЫ Д.  
оқушы, №216 мектеп  
ҚАСЫМ М. М.

бастауыш сынып мұғалімі,  
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Жұмбақтар – қазақ халық ауыз әдебиеті ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп, ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу, толығу үстінде келе жатқан асыл мұра. Жұмбақтардың асылдық қасиеті, оның дүниеге келуі сонау ерте заман болса да, бүгінгі біздің дәуірімізде қажеттілігі күшейіп мән-мағынасының артып отырғандығында.

Жұмбақтар халық ауыз әдебиеті ішінде ұсақ жанрлар қатарына жатады. Жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, т.б. сияқты ұсақ жанрлар деп аталғанымен, жұмбақтар - халық ауыз әдебиетінің күрделі бір саласы. Жұмбақтар жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, олардың бойына өз халқының игілігін дарытып, ана тілінде ойлау және мәдениетті сөйлеуіне, сауатты жазу дағдыларына барынша мол әсерін тигізеді. Сонымен қатар, жұмбақтарды пайдалану оқушыларды қызықтырады, дұрыс сөйлеуге үйретеді, логикалық ойын жетілдіреді.

Жұмбақ – адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Ол халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрі және барлық жұрттың фольклорына ортақ дүние саналады.



Жұмбақ – халық шығармаларының ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорының ортақ түрі. Әуелгі туысы арғы, ерте заманда болғанымен, жұмбақ бертін келе, тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де өз керекті қасиетін жойған жоқ.

Қай кезде алсақ та жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық арасында бағалы болған. Жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздері қатарында саяси құрал есебінде тап жауына қарсы қолданған орындар да аз емес. Жұмбақ қазақ халқының арасында да және басқа халықтарда да әлі күнге тыңнан туып, молайып дамып келеді Олай болса халықтың жұмбақ секілді фольклор қорын жинап басып, тексеріп тану ғылымдық зор міндет болады.

«Алғашқы кезде адам баласына дүниедегі заттардың, құбылыстардың барлығы, олардың сыры, неден жасалатындығы мәлім болмаған, жұмбақ болған. Бірақ адам баласы сол жұмбақты шешуге тырысқан. Ол үшін айналаны қоршаған жаратылысты, еңбек, кәсіп құралын, әр түрлі хайуанаттар жайын, бір затты екінші бір бейтаныс затқа салыстыра отырып, ұқсас белгілеріне қарап неден шыққанын қандай зат екенін анықтаған. Жұмбақтардың алғаш үлгілері осылай шыққан», - дейді Мәлік Ғабдуллин.

Ғалымдар жұмбақтың әуелгі тегі тыйым сөздермен және табумен төркіндес деп есептейді. Бағзы дәуірде адамдар айналадағы өктем күштерден сақтағандықтан, өзара шартты сөздермен, астарлы тіркестермен тілдескен. Кейін жұмбақ табу мен тыйым сөздерден бөлініп шыққан.

Қазақ жұмбақтарының алғаш жиналып, баспа бетіне түсуі XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. 1842 жылы «Татар хрестоматиясын» құрастырып бастырған. М. Иванов оған қазақ жұмбақтарында енгізген.

Жалпы алғанда, жұмбақ – адамның дүниетану жолындағы ой-өрісін, қиялының белгілі бір сатысын көрсететін ұшқыр ойдың бір түрі. Жұмбақты шешу адамның зеректігін, ақыл-парасатын, білімін байқатады.

«Жалпы алғанда, жұмбақ – адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді», - дейді Мұхтар Әуезов. Өйткені, жұмбақ өзге фольклорға карағанда бітімі бөлек, ерекше затты деректі сөз. Сол деректілікке сүйенетіндіктен жұмбақ әр заттың жағдай, бөлім-бөлшектеріне көбірек көз салады. Дүниетану жолдарын еңбегіне байланыстырып, осыдан барып қорытынды жасайтын халық, көп жұмбақты нәрселердің неден пайда болғандығын айтуға арнайды. Ал бұның өзі адам танымын

тереңдетіп, ұрпақты ұлағатты, зерделі етіп тәрбиелейді. Жұмбақ жанырына тән ерекшелік – көлемі шағын, құрылымы жұп-жұмыр, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айта білуге бейімділік. Жұмбақ сөйлемдері көбіне қысқа, жинақы келеді. Қазақ жалпы жұмбақты адамдардың білім деңгейін, парасатын аңғартатын үлкен өнер деп есептеген, сондықтан ақындар, ел ішіндегі шешен, би, т.б. данагөй, қадірменді адамдар бір-біріне жұмбақ жолдап, ақыл-ой сынасып, таным салыстырған. Жұмбақ қара сөз түрінде де, өлең түрінде де, ақындық айтыс түрінде де кездеседі. Осы жұмбақтардың қай-қайсысы болса да халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесіне негізделіп, оның тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық дәстүрімен тығыз байланысты туып, дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған.

Жұмбақпен толғап жыр айту Асанқайғы, Бұқар жырау, Базар жырау, Шортанбай, Әубәкір сияқты қазақ ақындарының жырында, Сырым, Төле би, Жиренше, т.б. шешендік сөздерінде жиі кездеседі. Шешендік сөзге құрылған жұмбақтардағы ақыл-парасат, тапқырлық, терең логика жазу-сызу болмады, сауатсыз еді деп күстәналап келген халқымыздың асқан даналығының көрінісіндей көзге ұрады. Қазақ жұмбақтарын өзінің құрылысы, айтылуы, мазмұны жағынан іріктеп алғанда, негізінен жеті түрге бөлінеді. Қара сөз түрінде айтылатын жұмбақтар алғашқы айтылатын жұмбақтар алғашқы кезде қарапайым сөздерден басталған, соның өзінде де ақыл ойды дамытуда зор рөл атқарған. Мысалы: «Жастық астында жарты күлше» (Бұл айдың жартылаған кезі) Қара сөзбен айтылатын жұмбақтар бірте-бірте күрделене түскен.

Қара сөзбен айтылатын жұмбақтардың тағы бір түрі жұмбақты ертегілер. Жұмбақты ертегілер қызықты келеді. Оқиғасы қою, әрбір айтылған сөздерінде үлкен мән-мағына жатады. Тыңдаушысын үлкен ойға жетектейді. Өзінің барлық мазмұны жұмбаққа ғана құрылған ертегілер қазақта аз емес. Оған «Жұмбақшыл патша», «Қыз бен қара құл», «қарт пен тапқыр жігіт», «Қарттың ұлына айтқан өсиеті», «Аяз би», тағы басқа ертегілер жатады.

Жұмбақтың көпшілігі өлеңмен айтылады. Мұндай жұмбақтарды жаттап алуға қолайлы. Бұл жұмбақтардың шешімдері кейде өлеңмен, кейде жай сөзбен шешіледі. Жұмбақ өлеңдердің көркемдік шеберлігі – терең мазмұнды мен аллегориялық суреттеуінде.

Бүлдіршіндердің ой-өрісін дамытуға арналған жұмбақтар жазып, балалар әдебиетіне сүбелі үлес қосып келген қазіргі заманғы ақын-жазушыларымыз да аз емес.



Жасөспірімдерге арналған өлең жаңылтпаш, жұмбақ, мысалдардан ондаған жинақтар шығарып, балалар әдебиетін дамытуға да үлкен үлес қосқан Қадыр Мырзалиев былай дейді: «Дүниенің ең басты жұмбағы-адам».

Жұмбақтар мен жұмбақ айтыстар баланың ойын, қиялын шарықтатып, қисындық пайымдау қабілетін дамытады, оны тапқырлыққа баулиды. Академик М.Әуезов: «Жұмбақ – өткір, ұшқыр ой түйінін топшылаған, поэтикалық қасиеті күшті, тәрбиенің тамаша құралы. Ол бүгінгі біздің дәуірімізде де өзінің керектілік қасиетін жойған жоқ», - деген болатын. Жұмбақ адам баласы санасының даму процесінде әр алуан құбылыстарды түсініп, білуге жетектеу, талпындыру, баланың ой-өрісін, қиялын кеңейтуді көздеу мақсатынан туған. Жұмбақтардың әсемдік дүниесі көзге бірден шалынады. Олардың сыртқы құрылысы ойнақы, тілге жеңіл, оңтайлы, оқушылардың рухани қабілеттерін, бәрінен бұрын эстетикалық сезімін дамытады. Сөйтіп, адамдардың эстетикалық қажеттілік, яғни шындыққа, жақсылыққа және әділеттілікке ұмтылу сияқты ең биік рухани қажеттілік пайда болады. Мысалы, «Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды» /күннің көзі/ - деген жұмбақтағы басты мағына – күн шапағын жұқа жібек матамен салыстыру, өрнектелген сандықтың әшекейлігін насихаттау ғана, олардың адам өміріне қажеттілігін түсіндіру.

Жұмбақтардың танымдық мәнін Мұхтар Әуезов былайша талдайды;

1). Ол бір нәрсені анықтай алады; 2). Қайдан шыққан нәсілін айтады; 3). Оның атқаратын міндетін айтады, болмысын диалектикасын баяндайды және жұмбақ нәрселерді қосып, жұптап бір-біріне жасайтын қарым-қатынас арқылы суреттейді.

Міне, осындай танымдық мәні бар жұмбақтар балалардың ойын дамытады, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың ішкі сырына үңіліп, оны жан-жақты тануға итермелейді. Ал жұмбақты шешу, Әсіресе, балалардың ой-өрісін дамытып, ақылын жетілдіріп, әр нәрседен жан-жақты хабардар болуға ұмтылдырады.

Өтпелі кезеңдерде біздің рухани дүниеміз сан алуан кедергілерді, қиындықтарды бастан кешіргені белгілі. Бірақ, соған қарамастан жас ұрпақ тәрбиесін терең ойлаған әрбір қазақ елі, жері, суы, ата-тегі, төрт түлік мал, жан-жануарлар мен табиғаттың сан алуан құбылыстары жөнінде баланың түсінігіне лайық, қысқа да нұсқа, жүйелі мағлұматтарды әр түрлі әдіспен жеткізіп отырған. Мәселен, ата-бабамыз ұрпақ тәрбиесіне қатысты жайттарда топтастырғанда

да ғылым үшін аса маңызды жүйелілік дәстүрге мән беріпті. Ұрпақ тәрбиесіндегі халықтық тәрбиенің басты міндеті – баланы ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке баулу. Былдырлай тілі шыға бастаған бүлдіршіндер ең әуелі өз ана тілінде сөйлеуге, ата-анасы, тәрбиешісі, туған-туысымен қазақша сөйлеуі керек.

Балаға жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел жаттатқызып, ұлттық салт-дәстүрге бейімдейтін ата-ана да азайып бара жатқаны рас. Қазір ортамыздан бесік жырын айтатын келінді, ертегі айтып, баланы тәтті ұйқыға жатқызатын әжені көрсек қуанатын болдық қой. Осыдан кейін ертең қандай ұрпақ тәрбиеленеді деген сұрақ тууы мүмкін. Неге әр қазаққа туған баласын өз халқының игілігін дарытып, ана тілінде ойлау және мәдениетті сөйлеуіне, сауатты жазу дағдыларына барынша мол әсерін тигізетін ауыз әдебиетінің барынша бай мұраларымен, соның ішінде жұмбақ арқылы тәрбиелемеске?

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Адамбаев Б., Жарқымбекова Т., Ел аузынан/ Алматы «Жазушы» баспасы, 1989

2 Тайжанов А.Т. Мұхтар Әуезовтің педагогикалық мұраларының мектеп өміріндегі орны/ Ақтөбе-1993,

3 Әубәкірова М., Сатаев Р., Жұмбақтар(1-4 сыныптарға арналған)/ Алматы «Өнер» баспасы, 2002

#### МӘШҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ «ШАЙТАННЫҢ САУДАСЫ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ЗАМАН БЕЙНЕСІ

БЕЙБИТОВ Н. Б.

9 сынып оқушысы, Шақат жалпы орта білім беру мектебі

САРСЕМБАЕВА Г. Б.

жетекші, Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

«Заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, шежіреші, қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін жалықпай жинап, олардың бәрін ұрпақтан-ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізуші, ағарту саласының белді өкілі, соңына қазыналы мол мұра қалдырған Алаштың біртуар перзенті»- деп х.ғ.д. профессор Алтынбек Нухұлы айтқандай, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының қазақ әдебиетінде алар орны ерекше. Ақын, ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған.

Ақын ауыз әдебиетін жинап, артқыға мол мұра қалдырған, адам бойындағы қасиеттерді заман шындығымен байланыстыра отырып жырлаған.

«Шайтанның саудасы» өлеңіндегі заман шындығы осы күнмен байланыс тауып, елдегі дін мәселесі өз өзегін тауып отыр. «Шайтанның саудасы» шығармасының мақсаты: ақын шығармаларындағы адамгершілік, шыншылдық мәселелерін тану, дін мәселесін көтеру.

Міндеті: жамандықтан безінуге, жиренуге, жақсылықтан үйренуге баулу, рухани құндылықтарды арттыру.

Тақырыбы: Елдегі жайлаған жат қылықтарды көрсету, заман шындығын ашу; Идеясы: Жамандықтан аулақ болу, үнемі Алла тағала нәсіп еткен ізгілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, шынайылық жолын ұстану:

«Сұңқардай биік шынды мекен қылмай, Шақылдап көзге түстім сауысқандай. Түлкінің қызылдығы өзіне сор, Болғандай, болдың маған өнер-білім!.. Бір нақыл, жұртқа таңсық, жәдігер сөз, Хазірет Ғайса рухолла пайғамбардан;.. Базарға жұрт жиналған келе жатқан, Лағынға (шайтан) жол үстінде ұшырапты кез.. Ол малғұн келеді екен жолмен айдап, Он қашыр, бес есекке жүгін артып. –Жаныңа шын сөйлесең пайда,-дейді.

-10 қашыр 5 есекке артып келе жатқан не?- деп сұрайды.

Сонда малғұн:

-Артқаным бір есекке ылғи жалған,  
Жалғанда өтірік жоқ бұдан қалған.

2. Жүгім бар бір есекте-мікір-хайла,  
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.

3. Күншілік-бір есекке тиеп артқан,  
Жібек кендір арқанмен буып тартқан.

4. Артқаным бір есекке өңкей зорлық,  
Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.

5. Мастанып, артқандықтан тәкаппарлық  
Жүре алмай бара жатыр мынау есек.

Жалған, мікір-хайла, күншілдік, зорлық, тәкаппарлық-сол кездегі заманды жайлап алған жағымсыз жат қылықтарды ақын Ғайса пайғамбар мен шайтанның тілдесуі арқылы көрсетіп, әсіресе бұл кімнің бойынан табылғанын, кімдер дүние базарында таласа сатып алғанын ашып көрсетеді.

Ғайса айтты: -Тоқса, малғұн, болды,-деді,-

Айтқан сөзің құлаққа қонды,-деді.

Апарып оны қайда өткізесің,  
Он қашыр тиеп артқан пұлды?-деді.  
Бұл күнде тілінді алған жас пен көрі,  
Азған жұртқа тура сен бір ем, дәрі.  
Жүгің не он қашырға артып алған,  
Немене толып жатқан соның бәрі?



1 қапты -тілеушілер мен қайыршылар, сопы, бірәдарлар, Жұрттан пұл жинап, қажыға барған алды.

9 қапты- Елді жеген қожа, молда, ишандар, ақсақал, қажылар жетіп, алды.

1 түлік-Есек-Надандық, сауатсыздық-Бел ауыртып жұмыс істемейтін, жұрттың есебінен күн көретін, ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүруге құмарлар мен түрлі дәрежедегі ет ауыртып жұмыс істемейтін, тек дайынға құмар сыпайы қайыршылар алады.

2 түлік-Қашыр-Көп оқып, артын тексермеген, дәреже қуған, мақтанға айналдырып, халықты аздырған пайдасыз ілім.

\*Ақ пен қараның өлшемін жоғалтқан, тектік, гендік азудың ұлт болмысын, жыныстық, кәсіптік жоғалтуға бағытталған адамның жалған білімі.

Абай Құнанбаев осы бес түрлі қылықтан арылу үшін «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол», -деп сақтану жолын көрсетеді. «Өсек, өтірік, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашпак, бес дұшпаның білсеңіз»-деп айтқан.

«Ел бұзылса, қылады шайтан өрмек,  
Періште төменшіктеп қайғы жемек,  
Өзімнің иттігімнен болды демей,  
Женді ғой деп шайтанға болды көмек.  
Сыртсынбақ, қусынбақ, өршілденбек,  
Сабырмен топ жасап бөлек-бөлек.  
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ,  
Өзімен-өзі болмай ма бір күн әлек?  
Өзін түзмей, ел түзегіш, топтарға бөлінген,  
діншілдер, партияшыл, түрлі геншілдерді осы шайтанның қызметшілері дейміз.  
Қорытынды: Жалпы адамзатқа берілген дін ғылымына жүгінсек  
бес парызбен, тоғыз тәубе сатылармен тақуалықтың қағидасы  
шығады. Намаз оқу осы тәубенің бірі. Ал жүректің тақуалығы, жан  
тазалығын сақтау-әрбір азаматтың парызы.

## МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ТАБИҒАТ

БЕКШЕБАЕВА Д.  
9 «А» сынып оқушысы, №16 лицей-мектебі  
ҚҰМАРОВА А. Е.  
жетекші

Шын дарын өз заманының шындығын шығарма арқауына айналдырып, халық көңіліне ұяласа, ол мәңгі өмір сүреді. Халық сеніміне ие болу, қас-қабағын бағып, көңілі қалағанын жырға түсіру, сыр ғып шерту келешектің жарқын сәулесімен нұрландыра түсуі сирек кездесетін бақыт. Оны Мұқағали ақынның поэзиясынан танып, көруге болады.

Мұқағали өлеңдері – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай евроцентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ол қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты. Сонымен қатар ақын қазақ лирикасын ХХ ғасыр әдебиетінің озық үлгілерімен құнарландырды. Мұқағали сыршыл ыстық лирикасымен өз оқушыларының жүрегіне жол тапты, оларды жақсы жырдың ләззатына қандырып, өзінің менімен адамзатқа ортақ ақиқатты жырлап, қалың оқырманның жан жүрегін баурады.

Ақынның шын мәнінде шеберлігі – ол қолданған әрбір амал-адам бейнесін ашуға қызмет еткен. Ақын поэзиясында табиғат көріністерін, пейзажды әшейін бір уақыт кеңістіктің дерегі ретінде даралап қарамайды, онда адам бейнесін толықтыра түсетін тәсілдер мол. Әрі көркемдік-философиялық иірімдер мен сарындар, түйіндер мен мазмұндар арқылы өте жарқырап көрінеді. Ақын адам мен жаратылыстың үндестігін жырлайды. Ол жаратылыстың көп құбылысынан адам болмысына тән сипаттарды аңғарады. Содан да болар ақын табиғаттың әр бөлшегімен, көрінісімен ашық сырласады, мұнына ортақтасады. Ақын атаулы табиғат пен жаратылыстың құбылысына жақын болады.

Ақын өлеңдерінде бірде қуаныш пен қайғы болса, бірде көз жасы, наз бен мұң жүреді. Осы бір алма-кезек ауысқан көңіліне жұбаныш, жанына тыныш беру үшін ақын көңілі басқаны аңсайды. Ол халқымыздың табиғатына тән кеңдікті, кеңістікті іздейді, сахараны көргісі келеді. Табиғаттан пана іздейді.

Адам мен табиғат. Ақын бұлардың тұтастығын сұңғыла философтарға тән түйсікпен ұғынған. Белгілі суреттерден белгісіз сырларды аңғарды. Ақынның «Тау өзені» деген өлеңінде бала шопаннан таяқ жеген серке ата шопанның соңынан маңырайды. Ол бекер маңырап тұрған жоқ, адам мен табиғаттың арасы алшақтанып, оның соңы дүлей құбылыстарға ұрындыратынын сезді. Сол үшін де шығар, ақын қайыңнан «өмір сүрейік алмасып» деп өтінеді. Сол қайыңнан адамдар тіршілігін көргісі келеді. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты суреттесе де, табиғат көріністеріне үнілсе де, өткен тарих жолына көз салса да, адамның таусылмайтын арманын, өлмейтін махаббатты, үзілмейтінсағыныш сезімін, біріне-бірі жалғасып жатқан тіршілік сабағын жазды.

Адамның әлдебір күйініш-сүйініш немесе кескін-кейпін, кимыл-әрекетін суреттеу, оның өз сөзін немесе өзгемен сөйлесуін келтіру, ең арғы жағы, түрліше табиғат құбылыстарын суреттеу – осылардың бәрі, әдебиеттегі адамның сыртқы түрін анықтап, ішкі сырын ашу үшін керек. Кезінде Абай «Сөз өнері дертпен тең» екендігін ескертіп кеткен. Ал, шын дарын иесі өнердің азабын тартқанына дән разы. Отыз мың сурет пен бес жүз безендірілген кітаптың иесі, өнерде бағы жанған жапон суретшісі Кацусика Хокусай (1760-1819) өзі туралы: «Мені сурет дуалаған, мен сурет тұтқынымын»- деген екен. Ақын Мұқағали да: «Поэзия, сен менімен егіз бе едің,» -деп өзімен туысып кеткен өлеңін жанына жақын тұтады.

Жырым-Сырым екуі егіздерім,

Екеуін екі бөліп емізбедім.

Жатсам-тұрсам мұң шағып дәптеріме

Жабырқаған жаныма ем іздедім, - деп өлеңінен жанына шипа табады.

Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі тақырыптардың бірі – туған жер, оның бауырында өткен балалық шақ, атамекеннің тағдыры, оған деген сүйіспеншілік екені белгілі. Ғалым Т. Жұртбай «Көшпелі халықтың нысаналық атауына сүйенсек, жер деген сөздің мағынасының өзі ұлы ұғымдық астардан шыққан. Жер. Біз жердің жемісін жеп, ырыздығымызды айырамыз. Есесіне ол біздің тәнімізді қойнына жасырады, денемізді азық етеді,» - деп жазса, А.Шәріп : «Ұлттық идеяны халықтың қонысқа көзқарасына қатыссыз елестету мүмкін» еместігін ескере отырып, тұжырым жасайды. Мұқағали Мақатаев – туған жерінің суретін бейнелеуде өзіндік өрнек таныта, өзгеше поэтикалық әлем аша жырлайды. Табиғат аясында туып-өскен әрбір ақынның сол тақырыпқа қалам тартпауы мүмкін емес. Туған жерді, оның әдемі табиғатын жырлау – барлық ақынның перзенттік парызы. Қазақ даласының табиғатын Мұқағали пәк, таза күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр күйде суреттейді. Бірде ол дала бетін жапқан жібектей жасыл шөптер мен асқар тау, балдан тәтті сулар көрсе, кейде сол даладағы бабасы өскен Кеңбұлақты ғасырлардан оралған көштерге теңейді. Кейде сарғайған сары белін сәулелілағылға теңесе, енді бірде сол даланың соққан самалынан таңдайына қымыздың дәмі келген.

Аян ғой аймағыңның сыры маған.

Сөйлейсің, сөйлейсің сен Ұлы Далам!

Мен сенің көкке ұшырған бозторғайың,

Шырылдап жерге түспей тұрып алам.

Жаралған жан емеспін басы бөтен,

Туған жер, топырағыңды басып өтем.

Кеудемде қатып қалған бірдеңе бар,

Кім білсін, туған жердің тасы ма екен?!

Ақынның ойы да, сезімі де еркін, нәзік мұңды көңіл-күйі аралас жүреді. Ақын көлгірсімейді, ағынан жарыла шынын айтады. Сезім мөлдірлігін, үлкен шеберлікті, суреткерлікті танытатын мұндай өлеңдер Мұқағалида мол.

М. Мақатаев адаммен бірге табиғаттан да келісім мен жарасым іздеген ақын. Оның лирикасындағы табиғат жай сурет, көрініс

ғана емес, жанды, сезімтал. Сол үшін Алатауға мұң шағады, жас қайыңнан өзіне сырлас табады, жапырақты жүрекке теңейді, мергеннің оғына іліккен аққу мен киікке жаны ашиды.

Кейіпкерлерді өз қиялындағы таза табиғат құшағына, ата көсіп басына жетектеген – жеңіл-жеңсік, әуесқой желік емес, ішкі жан драмасын ашуға құрылған. Шынайы торығыс, жанға жақын, көңілге қонымды суреттерді еске алудан туған шын серпіліс, тебіреніс көкірегіндегі өзгеше бір шапағатты сәулені оятардай әсер береді.

Ақын туған жер табиғатын шабыттана, құштарлықпен өлеңге енгізеді. Жас ұрпақты туған өлкесін сүюге үндейді. Адам назарын аударатын және адам тіршілігімен тығыз байланысты табиғаттың тылсым құпия сыры көп. Адамзат жаралғалы, тіпті одан да бұрын жаратылған заңғар, биік таулар мен шалқыған айдынды көлдер, ширатылған заңғар өзендер қай заманда да ақын қиялын тербетіп, назарынан тыс қалмаған. М. Мақатаевтың туған жерге байланысты өлеңдері бір шоғыр. Олар: «Апырай, туған жер-ай», «Дөңгелек жер», «Рахмет, дала», «Қазақ жері», «Жетісу», «Туған жерге», «Туған жер сағындырды», «Саржайлау», «Туған елге» т.б. Себебі, қай ақынды алмаңыз, ең алдымен өзі өскен жерінің табиғатын жырлап өткен. Мұқағали да сол дәстүрді жалғастырушы.

Ақын таудың тура табиғи кейпін жырлаудан гөрі тауды фон етіп алып өзінің дүниесін, көңіл-күй әлемінің тебіренісін осы фонға ұштастырып жібереді. Тауды жырлай отырып, түйдек-түйдек ой айтады, философиялық топшылаулар жасап, адам психологиясына жарасымдылық ұғымының эстетикалық мәнін сіңіріп жібереді. Тау табиғатының тылсым сырының ақын қиялын тербетіп, сезіміне ыстық шок тастап, бойына қуат дарытып отыруы да сондықтан.

Өлмесін деп берген ғой тауды маған,

Мен күрсінсем, күңіреніп тау жылаған.

Көңілімде бір құйын көтерілсе,

Тауларымда тұрады қарлы боран, - дейді.

Тауды өзінің, өз көңіл-күйінің баламасы ретінде салыстыра алады. Жаны да, тәні де табиғатпен өзектес сипатты көреміз.

Оның суреттеу мәнерінде сезім басым. Мұқағали сөзінен сынғырлаған сұлу дыбыс шығады. Ақынның тілі үнді, әуенді, музыкалы тіл. Өлеңін оқығанда көкірегің күйге толып, өз-өзіңнен ән салып отырасың. Бұл сүйіспеншілік, құштарлық сезімі. Ақынның туған жерге деген махаббатты жыр болып төгілген.

Мұқағалидың табиғат лирикасын ақын лирикасындағы туған жер келбеті, өлең өрнектеріндегі табиғат перзенттері, жырға

айналған жыл мезгілдері деп топтауға болады. Ал, қыс тақырыбына жазылған «Анау – аспан, мынау - бақ» өлеңінде:

Аспан жердің арасын,  
Дәрігер – қыс алуда.  
Табиғаттың жарасын  
Ақ дәкемен таңуда.  
Таңдырып ап маңдайын  
Тағы көйлек сұрап жүр  
Бақты кезіп тал – қайың,  
Жалаң аяқ жылап жүр.  
Ку бұтағын құшақтап,  
Түксиеді кәрі емен.

Қыс – тазалық, қыс – аппақ, - деп алдындағы көріністердіәшейін көзбен көріп қана қоймайды, көкірекпен қабылдап, өзінше бір бейнемен кейіптеп, кестелеп, бедерлеп көреді.

М. Мақатаевтың қуаныш сезіміне бөленген көңіл күйін «Біздің көктем» өлеңінен де көруге болады. Көктем мезгілі жер-дүниенің жасарып, тіршілік атаулының басталар тұсы және табиғат ананың босанып, айнала әртүрлі гүлдерге көміліп, жасыл желекке бөлінер сәті болғандықтан ақын көктемді өмірдің, жаңа тіршіліктің басы ретінде жырлайды. Лирикалық кейіпкердің көңіл-күйін, жан-толқынысын, сезімін бейнелеу, суреттеу арқылы маусымның қайталанбас сәттерін бейнелеп береді. Күзді бейнелеудегі ақынның әдісі өзгеше.

Сен менің тынысым ең, тұрмысым ең,  
Сен үшін өмір сүріп тырмысып ем.  
Жыл құсымен оралған жаным менің,  
Бірге аттанып кетесің жыл құсымен.  
Қызылы жоқ қырманды – күзде міне

Қайтқан құстың қараймын тізбегіне, - деп, өз сағынышын, күрөң күзгі күндерін мұндана еске алып, құлазыған көңілін қайтқан құспен сабақтастырады.

Мақатаев атты дарын, алып ақындық талантымен қаншама жылдар өтсе де, өлмес өлеңдерімен өрлей бермек. Оның өшпес өрнекті ұзақ өмір сүріп, жастардың жүрегіне жарқырап жетіп, жалын құйып, өзінің жылуы мен жарығын дарытуда. Әрбір оқыған, іздеген сайын ақынның жаңа сырлары аңғарылып, тың толқындары тулап, сырлы саздарын төгуде.

Тарихтағы ұлт ұлы ақыны ғана шығатын шұғылалы биікке көтерілген әрбір ірі ақындар сияқты Мұқағали да қазақ поэзиясын

жаңа кеңістікке көтеріп қондырды да, өзі соның мәңгілік тұрғыны болып қалды. Ол әрбір мезгілмен бір көктеп көгеріп, әр ұрпақпен бірге жасайтын ақындардың таңдаулы тобына жатса керек.

Мұқағали Мақатаев шығармашылығының өзгеше бітім-болмысын, көркемдік қуатын, эстетикалық насанасын, шеберлік сырын тануға әкелетін көркем сөз бен сындарлы ойдың бірлігінен туындап жатқан сан тарау тәсілдер осылайша жалғаса береді.

Мұқағалидың табиғат лирикаларының тақырыбы әр алуан, бояу нақышы, бейнелеу машықтары, поэтикалық ізденістері де басқа ақындар шығармасына ұқсай бермейді. М.Мақатаев қазақ поэзиясында айрықша өнімді еңбек еткен, жемісті жырлар қалдырған талант. Өлеңнің поэтикалық күш-қуаты, өлең тамырының бүлк-бүлк соғысы оқушысын эстетикалық әсер құшағына баурап, оқиға ішіне енгізіп жіберетіндей. Тосын да тың бейнелеулер ойды ажарлы ете түседі.

Мұқағали Мақатаев шығармашылығының өзгеше бітім-болмысын, көркемдік қуатын, эстетикалық нысанасын, шеберлік сырын тануға әкелетін көркем сөз бен сындарлы ойдың бірлігінен туындап жатқан сан тарау тәсілдер осылайша жалғаса береді.

Қорытындыда талданған шығармалардың идеялық-эстетикалық және басқа да рухани құнды жақтарына негізделген М.Мақатаев ақындығының лирикалық табиғаты жайлы түйіндеулер сараланады. М.Мақатаевтың өз кезеңі үшін болған тақырыптарды өз деңгейінде қалай игергені ғылыми тұрғыда тұжырымдалып, жүйеленеді.

Сонымен, түйіндеп айтқанда, Мұқағали Мақатаев шығармашылығынан қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз. М.Мақатаев жырларындағы қазақтың жері мен суы, тауы мен даласы көрініс тапқандығы өз алдына, өзгеше пайымдау ерекшелігі, өзіндік өрнек салар тілі, шалқыған шабыты сөзге шебер халықтың ұрпағы екенін аңғартады. Мұқағали Мақатаев өлеңдерінің өзегінен ақиқат өмір шындығын көреміз, көркемдік өрнегі өзгеше өрілген сөз өнерінің үлгісін танимыз. Ол халықтың сипаттағы көркем бейнесін, сол арқылы адам болмысын, оның жан дүниесін, сезімін, яғни, адам өмірінің асыл шындығын ерекше тебіреніспен толғайды. Ақын әрбір кейіпкерін өзінің сезім елегінен өткізіп, сол күйде өзі тұрғандай етіп шебер бейнелейді. Сондықтан да оның қаһармандары шынайы, оқырманды бірден баурап алады. Сол себепті де Мұқағали мұрасы сөз өнерінің дара мұнарасы ретінде болашаққа апарар құнды қазына болып қала береді.



## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдолов З. Арна. – Алматы: Ғылым, 1994.
- 2 Аймұхамбетова Ж. Лирикалық бейне жасаудағы көркемдік ізденістер. // Көкейкесті әдебиеттану. Сегізінші кітап. – Астана: ЕҰУ, 2008.
- 3 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1960.
- 4 Жұртбай Т. Дулыға. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2007.
- 5 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000.
- 6 Өтейұлы Жұмаш. М.Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі. Астана, 2007.
- 7 Бибіжан Бегманова. М.Мақатаев және қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық. Алматы. Дәстүр. 2015

**ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ  
ДАЛАНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУ  
КӨРІНІСТЕРІ**

ҒАЛЫМЖАНОВ Н. Е.

10-сынып оқушысы

АХАНБАЕВА С. Е.

«Облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернаты» КММ,  
Павлодар қ.

Халқының елдігіне, рухына қажет мәдени қазынаны жаратқан алып тұлға, арыстарымыз бен асылдарымыздың қатарында біз бүгін Илияс Жансүгіров есімін айрықша атаймыз. Оның ұланғайыр шығармашылығы «өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін қадірлеп, өнерпазын қастерлеген текті жұрттың поэтикалық дәстүрінен қуат, серпін алған аса бір дарынды, терең де нұрлы ағыс болып көрініс береді.

Ақынның поэзиядағы үлкен бір берекелі арнасының бірі – дала, туған жер келбеті. Ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр қазақ жерін бар жүрегімен жырлайды. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы «Мәңгілік ел», «Интеллектуалды ұлт», «Ұлы дала» секілді ұғымдардың тұғыры төмендеуінің шарықтау шегі – он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасыр аралығы. Илияс Жансүгіровтің поэзиясындағы дала көрінісі – туған жерге деген сүйіспеншілігін асқан пафоспен жырланғаны. Бұл еңбекте қоғамға, әлеуметтік

жағдайға бұрынғы алты алаш тұсындағы рухани құндылықтар туралы ешқандай авторлық ұстаным байқалмайды. Өкінішке орай, даланың кеңестік дәуірдегі жүдеу тартқан тарихи-мәдени бағыттарына бұл дастанда басымдық берілмеген.

«Күй», «Күйші» дастандарында қазақ халқының даласындағы берекесінің кетуі, киюының қашуы, нұрының сейілуі, құтының, бағының құлдырауы күй арқылы суреттеледі. Бұл орайда автордың поэзиясындағы лирикалық қаһармандарының бұрынғы мен кеңестік дәуірлердегі дала данышпандарының асыл мұраларының қажетсіз болып қалғаны жайлы идеяны айқын аңғартады. Кеңестік дәуірдегі зерттеушілер аталған көкейкесті мәселелерді анық, ашық айта алмаса да, олардың еңбектеріндегі жасырын пікірлерін байқауға болады.

Ғалым Т. Кәкішев «Дала» дастанындағы даланы анаға, қазақ халқын оның баласына балап, шығарманың негізгі идеясы аталған метафорада дегенді аңғартады. Аталған еңбектің басымдық берер тұсы қазақ халқының басынан өткерген зұлмат қасіретін кезеңдерге бөліп жырлағанына мән бергені, нақтылап айтсақ, бірінші кезең- «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»; екінші кезең- орыс империясына бодандық құрсауынан босанудың азаттық үшін күреске шыққан бір мың тоғыз жүз он алтыншы жыл[1].

Зерттеушінің еңбегінде I Жансүгіровтің шеберлік шыңын лирикалық кейіпкер тарих шалдың күйіне қарай тарқатылуы мен өрілуіне айрықша көңіл аударылған.

Бұл еңбекте біздің пайымдауымызша, зерттеушінің: «... Оқырманды әрқашан өзінің ләззатымен, эстетикалық әсерлілігімен, яғни ірі оқиғаның жанды суретімен, динамикасымен, әсіресе ақынның тамаша тіл бояуымен баурап отыратындығын ешкім жоққа шығара алмайды» [1, 16-б.], - деген тұжырымына қосыла отырып, басында жіктелген кезеңдерге жеке тоқталмауы оқырмандарды «Дала» поэмасына сұғындыра алмайды.

Г. Ботантаева «Күй» поэмасының философиялық мәні – I Жансүгіровтің бала кезіндегі бозінгеннің ботасын іздеп ыңыранған зарлы даусы күй арқылы жадында қалғаны. Осындай шындықтың куәсі «Күй» поэмасының тууына мүмкіндік жасағандығы жайлы сүбелі ой түйіндеген. Зерттеуші Молькбай күйшінің ең соңғы тарих жырын жырлайтын тұлға ретіндегі болмысын талдаған[2].

III. Оразбаев өзінің зерттеу еңбегінде I Жансүгіров поэзиясына жоғары баға беріп, ондағы поэтикалық өрілімдердің кара өлең ұйқасына құрылғанына тоқталып өткен. Поэманың тілі оқырманын

өзіне тартып алатын эмоциялық күдіретке толы екендігін талдаған. Зерттеушінің ең құнды пікірі: «Ақын қарадан шыққан жігіт Сапақ бізді басынды деп хан Кененін әскерін аяғынан тік тұрғызған Қарашаш әрекеттерін ел басына түскен зобалаң, жұртқа келген кесепат ретінде суреттейді. Бозбаланың болымсыз бір қылығына бола, күллі елді қырандай қырып тастағалы отырған ханзадаға Кене қой демейді.» [3]. Мұнымен бірге зерттеуші Кене сарбаздарының береке-құтының сұйылуының себебі Қарашаштай шөп желке, шолақ бұрым, қотыр-қотыр албасты секілденіп, біресе сұр мегежінге, біресе жиырылған кесірткеге айналып кететінін айшықтаумен, мензеумен, тұспалдаумен, балаумен суреттеген авторлық ұстанымға тұжырым жасаған .

Дала – жалпы адамзаттың өмір сүріп, тіршілік етер ортасы. Ұлттың рухани-мәдени құндылықтар жүйесінен маңызды орын алатын қасиетті, киелі мекен. Қазақ даласы жайлы, онда тұратын халықтың мінез-құлқын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін зерттеп, құнды еңбектер жазған батыс ғалымдарының ой-пікірлеріне жүгінсек, төмендегідей ой-түйіндер түзілді:

1. Венгер ғалымы А.Вамберидің «Орта Азия очерктері», «Орта Азияға саяхат» деген еңбектерінде Бұхар хандығындағы қазақтарға байланысты ой сараланған. Қазақтардың тұрақ-мекендерін кездестіріп, халқының сан мөлшері туралы сауалыма үнемі «әуелі даладағы құмды, сонан соң ғана қазақтарды сана», – деп жауап алып отырғандығы;

– олардың шекараларын дәл анықтау мүмкін емес деген ойының орнына Сібір, Қытай, Түркістан және Каспий теңізі аралығындағы ұлан-ғайыр сар даланы мекендейтіндігіне көз жеткізуі[4];

2. Француз ғалымы Элизе Рекло (1830-1905) «Арал – Каспий көлбеуін мекендеуші халықтар» (1880) атты еңбегінде қазақтар туралы төмендегідей ой түйіндер түзілген:

– қазақтар өздерін қанша жел ұшырса да мұрты сынбайтын теңіз құмына теңеуі;

– қазақ халқының тілінде мұсылман діні арқылы енген аздаған араб, парсы сөздері мен моңғол тілінің аз-маз әсерінің барлығының ескерілуі және қазақ тілінің бөгде әсерге ұшырамағанын, ең таза тілді түркі халқына жататындығын аңғаруы [ 5 ] ;

3. С.Вульфсон деген дат ғалымы өзінің «Қазақтар» атты очеркінен: қазақтың қыз қуу, ат жарыс, жаяу жарыс т.б. ұлт ойындарын сипаттай келіп: «Тап қазақтардай бүкіл өмірде әнді қастерлеп өтетін халықты табудың өзі неғайбыл...» деп, олардың өнерді қастерлеуін кең сахарада көшіп-қонып еркін

жүруімен байланыстырады. Қазақтың балаларды кішкентайынан инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелейтініне сүйсінген ғалым, қазақ өз баласына «Егер қарттарды сыйласаң, құдай сені сыйлайды» деген нақылды титтейтінен миына құйып өсіреді. Егер үйге ақсақал кіріп келсе, барлық жас түрегеліп, бас иеді және әзіл-қалжың кілт тыйылады», – деп жазады. Ғалым: «Осы халықта қарттар – үлкен ұстаз», – деп, дұрыс қорытынды жасауы [6].

Қорыта келгенде, шетел зерттеушілерінің еңбегінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясында «Ұлы дала» деген ұғымды енгізіп, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мәртебесінде өмір сүріп жатқан қазақ халқының ежелгі дәуірден бері даналық, кемеңгерлік дүниетанымын, хал-ахуалын, саяси-әлеуметтік жағдайын, экономикалық тұғырын, сабақтастық қағидамен жаңғыртуы – біздердің Мәңгілік ел болуымызға қозғаушы күш. Елбасымыздың мұндай тұжырымға келуінің бірден бір себеп-салдары – шетел зерттеушілерінің де көзқарастарының түрткі болғанын байқау қиын емес.

Шетел зерттеушілерінің танымындағы даланың ойшыл, парасатты, ғұлама тұлғаларының ғасырлардан ғасырларға дейінгі сабақтастық қағидасымен үзілмей келе жатқан мәдени-рухани құндылықтарының құлдырау кезеңі он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасырдың бірінші жартысы. Дәл осы суреттерді І. Жансүгіров өз шығармашылығында поэтикалық тілмен, оқиға өрілімдерімен шебер суреттеген.

Уақыт жағынан екі ғасырды қамтитын поэма қазақ даласының сыры мен мұнын, қазақ халқының даму тарихының бел-белестерін шабытты сәтпен де мазмұндық-көркемдік үйлесімімен де, ең негізгісі нақты оқиға-көріністері мен бейнелі образ, тілімен тартымды, жинақы жеткізеді. Поэмада ұлы дала халқының басынан кешірген қайғы-қасіреті, мұң-зары трагедиялық сарынмен берілген. Ақын Илияс Жансүгіров қазақ халқының басынан өткерген зұлмат қасіретін кезеңдерге бөліп жырлаған. Бірінші кезең- «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама». Даланың жан түршіктірер сұмдық кезге тап болғанын ақын былай жеткізеді:

Қаратаудың қойнынан // Шықты жосын бір сарын.// Сырдың, Шудың бойынан//Сарқырады бір ағын.// Күніренте даланы // Шықты қырдан бір сарын.// Жерге жақын таяды// Отағасы құлағын [7, 90-б.].

Ақын дала құты, екі өзенді, екі еңге балайды, жаудың басып-жаншып төніп келуі киелі қос анаға қол көтергенмен бірдей деген ой түйеді.

Алатаудың ақ сүті// Асқар иген, құм сүйген, //Боз даланың қос құты // Сыр менен Шу екі ене...//Екі өзеннен шықты шаң...// Екі енені шапты жау.//Жуды жауды, қанды қан. [7, 91-б.]

Осыдан кейін қанша жан қырылып, дала қанға бөгіп, бітпес қайғы-қасіретке батады. Бұл құбылыс үдемемен беріледі.

Араласты, алысты, //Қан көмейлеп қалды құм, //Жекелесті, шабысты, // Қырғындады жан, дене. //Бас найзаға шаншылды. //Ат артында арулар. //Жерде қайнап қан сіңді. //Шаң, топырақ – қан көже. [7, 91-б.]

Күні кеше ғана дала төсінде емін-еркін бақытты өмір кешкен халық әп-сәтте мүшкіл халге түседі. Халық азып-тозып, тұрмысы әбден нашарлайды.

Азан-қазан қыр үркіп, // Кімдер қалмай далада, // Талай көшті Сыр жұтып // Ауғын болды ақтабан. //Жылап, шулап ұлардай // Шұбырынды болды күн, //Қайың сауа, ши шайнай, // Бақа, жылан қақтаған [7, 92-б.]

«Дала» поэмасының әр тарауы дала зарына, халық зарына толы. Ақын жеке адамдар оқиғасы арқылы бүкіл халық басына түскен ауыртпалық, қайғы-қасіретті көрсетіп отыр.

І. Жансүгіровтің – «Күй», «Күйші» поэмалары өнерге, соның ішінде күйге қойылған мәңгілік ескерткіш. І Жансүгіровтің бала кезіндегі бозингеннің ботасын іздеп ыңыранған зарлы даусы күй арқылы жадында қалған екен. Ақын зар илеген Бозинген туралы аңызын халық өкілі Мольқбай шал арқылы жеткізеді. Көне өнердің иесі «бақайшағы маймандаған жорға» Мольқбай шалдың қартайған шағындағы бейнесін келісті бейнелейді: Жар қабақ, сида, арсақай сар шұбар шал, //Жарықшақ, үні тозған, қаңсыған шал [7].

І. Жансүгіров ботасын іздеп зар илеген боз инген бейнесін шебер суреттеп, жеткізеді. Боздаған ботасына зар иелеген, // Қозғалған қоңыр іңірді әлдилеген.

Екі көз жасты өзендей сорғалатып, //Төрт табан құмды қосып нан иелеген [7, 216- б.]

«Түйесі бардың – киесі бар» демекші ата-бабаларымыз ертеден түйе малын ерекше қастерлеп, кие тұтқан. Төрт түліктің бойында болатын жақсы қасиеттердің бәрі түйе малының бойынан табылған, сондықтан түйені қастерлеп «ұлық» деп те атаған. Тіпті түйе баққан адамның өзін де «ұлық баққан» деп құрметтеп, оған көпшілік жиналған жерде төрден орын берген екен [8].

Осындай түйе малына деген ерекше ықылас, құрмет І. Жансүгіровтің «Күй» поэмасында айқын аңғарылады..

Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше, //Мал айтып, амандыққа әлденеше.

Сақта деп, тілден-көзден сиыныпты, //Су ішсе, қырға кетсе, шөбін жесе...

Қызылда қыстың күні тұмандатқан, // Аязда түкірігің түспей қатқан

Жабұлап Самарқанның жібегімен, //Жабыла жануарды солай баққан [7,214-б.].

Осылай айрықша құрмет тұтқан киелі жануарға үлкен қиянат жасалуын, інгеннің ботасынан айрылып зар илеуін жырлау арқылы ақын заманның бұзылып, азғындағанын аңғартқысы келетіндей. Ақын бозингеннің боздаған, ыңыранған зары арқылы халық басынан кешкен ауыр күндерді, қазақ тарихындағы аласапыран кезендерді жырлайды. Мұны біз «заманға» қатысты кейіптеу, эпитеттердің мол қолдануынан көреміз.

Күй сол ма ол күндегі бұлдайтұғын, // Сазы ма сұр заманның тындайтұғын...

Ол ма еді күйік зарлы заман? // Жаншылған зарлы ма еді зар жылаған?

Немесе

Жара не шалдың сонау жүрегінде, // Зар оның жазылған ба сүйегіне.

Болмаса жапан дала жылауда ма ед, // Мәнісін мен ол күнде білемін бе? [7, 218-б.]

Даланың мәдени-рухани құндылықтарының құлдырау көріністері Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасынан да айқын көрініс табады. Он тоғызыншы ғасырдың бірінші жартысынан бастап қазақи тәрбиенің, анығын айтсақ, қыздар бойындағы өнегелілік, инабаттылық, парасаттылық сияқты рухани құндылықтардың біртіндеп сұйыла бастағандығын ақын І. Жансүгіров «Күйші» поэмасындағы Қарашаш бейнесі арқылы меңзеп көрсетеді. Поэма басында хан Кененің қарындасы Қарашаш асқан сұлу, ақылды, парасатты ханша боп көрінеді. Алайда поэма бойында Қарашаштың жағымсыз мінез-құлықтары ашылып, оның қатыгез, мейірімсіз, тәкаппар екендігіне көз жеткіземіз.

Қарсылап алдында отыр сұр мегежін, //Шөп желке, шолақ бұрым қотыр-қотыр//Қыз емес, қарсы алдында албасты отыр. // Жыландай жиырылған кесіртке қыз, //Осыны байқамаған неткен соқыр?

Ілияс Жансүгіровтің өнер тақырыбын жалғастырып жазған тағы бір поэмасы – «Құлагер». Мұндағы өзекті ой- Ақан трагедиясы

арқылы әлеуметтік орта және замана лебі, қуанышы мен қайғысын көрсету. Сол бір оқиғаны әңгімелей отырып, ақын бас кейіпкер Ақанның трагедиясын ашады. Ақан трагедиясы Ақан сияқты мыңдардың трагедиясы екенін жинақтап танытады. Ақан өмірін жырлай отырып, сол кезеңдегі бүкіл заманның зұлымдығын, опасыздығын әшкерелей түседі

Құлагерге жұмсалған айбалта Ақанның өзіне тигендей, ол енді айықпас жан дертіне шалдығады, тірі өлікке айналады. Жұрттан безіп, тауға кетіп, жападан жалғыз өмір кешеді.

Ақанда қызық та жоқ, сауық та жоқ, // Оларды іздеп, жұртпен жауықпақ жоқ.

Қапыда қатты тиген сол соққыдан // Қираған жан қанаты сауықпақ жоқ.

Кеткендей қызық тарқап, қаны суып, // Айдаған айдалаға жаны қуып.

Жап-жалғыз тауды, тасты мекендеген, // Жанына жолатқызбай жанды жуық.

Өмірден жиіркеніп көңілі суып, // Қалғандай айналадан өзге туып. // Жатады жанды көрмей жапан түзде, // Көліне Бурабайдың кірін жуып [7, 338-б.].

Қорытындылай келе, шетел зерттеушілерінің еңбегінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан- 2050 стратегиясында» «Ұлы дала» деген ұғымды енгізіп [9], бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мәртебесінде өмір сүріп жатқан қазақ халқының ежелгі дәуірден бері даналық, кеменгерлік дүниетанымын, хал-ахуалын, саяси-әлеуметтік жағдайын, экономикалық тұғырын, сабақтастық қағидамен жаңғыртуы – біздердің Мәңгілік ел болуымызға қозғаушы күш. Елбасымыздың мұндай тұжырымға келуінің бірден бір себеп-салдары – шетел зерттеушілерінің де көзқарастарының түрткі болғанын байқау қиын емес. Олардың тұжырымдарын саралау барысында қазақ халқының демографиялық тауқыметтің жоқтығы; шекараның шексіздігі, тектіліктің ескерілуі; «Ұлы» ұғымының алты алашқа қатысты қолданылуы; қазақ жұртының парасатты-пайымды халық ретінде танылуы; түркі халықтарының ішіндегі қазақ тілі ең таза тіл екендігі; қазақ халқының тарихының ауқымдылығы және оның жомарттығы; жастар мен егде тартқан адамдардың арасындағы құрмет пен сыйластықтың жарасымдылығы сияқты құндылықтарды атап өткенін анықтадық. Аталған шетел ғалымдарының танымындағы даланың ойшыл, парасатты, ғұлама тұлғаларының ғасырлардан ғасырларға дейінгі сабақтастық қағидасымен үзілмей келе жатқан мәдени-

рухани құндылықтарының құлдырау кезеңі. Дәл осы суреттерді Илияс Жансүгіров өз шығармашылығында поэтикалық тілмен, оқиға өрілімдерімен шебер суреттегендігін талдау барысында айқындадық. Сонымен, тоталитарлық қоғам дала данышпандарының рухани құндылықтарын жоғалтуына жағдай жасаған. Аталған өткір көкейкесті мәселені шешудің түйіні Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы дала» ұғымын саяси-әлеуметтік, философиялық кеністікке енгізуімен түсіндіріледі. Нәтижесінде, әдеби шығарманың өткен дәуірдегі қазақ елінің рухани құндылықтарының құлдырауы жайлы тұжырымдарды саралау мүмкіндігі туды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. Бірінші том: Өлеңдері. «Құлагер» мақаласы. – 432 б.

2 Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. Үшінші том: Поэмалар. «Салмақты, салмақты поэзия» мақаласы. – 408 б.

3 Оразбаев Ш. Адам тағдырындағы трагедиялық болмыс. Қазақ және әлем әдебиеті. – 2010. – № 3. – 15-17- б.

4 Вамбери А. Рассказы о странах востока. Москва: - Наука, 2003г.

5 Қалиев С. Халық педагогикасы – этнопедагогиканың зерттеу объектісі. // [http://referat.resurs.kz/ref/download/r1739\\_kzpedagog](http://referat.resurs.kz/ref/download/r1739_kzpedagog)

6 Муканов М.С. Казахи. Алматы: -Казахстан, 1995, 352 с.

7 Жансүгіров І.Құлагер. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 360 б.

8 Сәбденов Қ. Төрт түлік. – Алматы: –Қайнар, – 2002 ж..

9 Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014>.

#### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ЫМ МЕН ИШАРАТ ТІЛІНІҢ МАҒЫНАСЫ

ДЫМОВА З.

7 сынып оқушысы, Максим Горький ЖОББМ  
ШОПАНОВА Г. И.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, М. Горький ЖОББМ

Тіл - адамдар арасындағы қатынас құралы. Академиялық түсінік. Тілдің өз заңдылықтары мен нормалары болады. Ал осы



ұғым, сөйлеу пайда болғанға дейін адамдар бір-бірімен ым-ишара арқылы түсінісіп, хабар алысқандығы жайлы көзқарастар әлі де бір нүктеде тоқайласа алмаса да, екіншісінің алғашқы екендігі эволюция заңдылығы. Тіпті бір-бірінің тілін түсінбейтін екі халықтың өкілі ым және ишара арқылы ұғыныса береді.

Демек, алғашқы бүкіл адамзаттық тіл - ишара тілі. Халқымыз «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді» деп тұжырады. Мұнан көретініміз, ишара тілі - құпия тіл, екі немесе одан да көп адамдар арасындағы жасырын ұғынысу тәсілі. Сыбайлас адамдарды «ым-жымы бір» деуі де сондықтан болар. Ым - қазақ мәдениетінде - әсіресе, қыз бала тәрбиесінде қолданылатын амал тілі. «Қызға қырық үйден тыю немесе қара күннен тыю» деген ұғым қыз тәрбиесінде осы ым мен ишара арқылы тәрбие беруді көрсетеді. Біздегі түспалдап сөйлеу, ымдасу, ишарат білдіру, бетті құбылту дегеннің бәрі бүкіладамзаттық ортақ тамырлардан бастау ала отырып, өзімізге ғана еншіленген, өзімізге ғана жария ұлттық ерекшеліктер.

Абайдың «ғашықтың тілі - тілсіз тіл, көзбен көр де, ішпен біл» деуінің артында да осы - ишарат тілі тұрғандығы анық. Қыз-бозбалалар бір-біріне кездесер жерін, уақытын, жауабын ым арқылы үлкендер назарында болса да, өздеріне ғана ұғынықты қимылдармен көрсетіп, келісіп алады. Сондай-ақ ишарат тілі қазақ отбасында қонақ күту, мейман сыйлау барысында анық көрінеді. Отағасы бәйбішесіне, бәйбішесі балаларына ымдап, көзқарасы, қол қимылы, қас қағу, ерін жымқыру, кірпік қағу, бас қозғалысымен айтарын айтады. Қонақта отырғанда мұны талай байқаймыз және бұл әрекет мейманды құрметтегендігінің көрінісі ретінде де сезіледі. Дала тарихының болмысымыз бен табиғатымызға, әдет-ғұрпымыз бен салт-санамызға жазылған, сіңген нұсқаларына үңілер болсақ, ым мен ишарат тілінің, бетті құбылтудың, қолдың қимылының қаншалықты маңызды болғандығын көреміз.

Халқымыздың ежелден қалыптасып келе жатқан әдет-ғұрып, дағдысына көңіл аударарлық іс-әрекеттер көп кездеседі. Соның ішінде сезімді, көңіл-күйді, ыммен, ишарамен бет-пішін, түрлі қимылдар арқылы жасалады. Сіздердің назарларыңызға соның біразын ұсынуды жөн көрдім.

Арқағақағу- риза болу, мақұлдау, қолпаштауды бейнелейді. Яғни «рахмет», «бәрекелді!». «жарайсың!» деген сөздердің орнына қолданылатын алғыс белгісі.

Ауыз бұртиту – өкпелеу нышаны. «Немене, аузың бұртиып кетіпті ғой, кімге өкпеледің? »дейді аузы бұртиып тұрғанда көргендер.

Бас изеу – келісу, мақұлдау. «Осының жөн », дұрыс істедін дегенді білдіріп тұр.

Бас ию – Мұның екі түрі бар. Біріншісі – ұлы адамдарға, ата-анаға, ұстаздарға ризалықпен бас ию, яғни бұл құрметтеудің, сыйлаудың белгісі.

Екіншісі – жеңілуді, тәуелді адам алдында кішіреюді білдіреді.

Орынсыз жерде бас июге болмады, ол өзін-өзі төмендету, бағасын түсіру болады.

Бармақ тістеу – амалы құру, шарасыздық белгісі. Амалсыздықтың өкінішін халық «бармағын тістеп қалды»дейді.

Бет сызу – адам ұялатын сөздер естігенде әйелдердің сұқ саусағымен бетін сызатын әдет бар. Демек, бұл – ұялу мен шошынудың бір түрі екені анық. Ер адамдар бет сызбайды.

Бөрік аспанға ату – қатты қуану, шаттану дағдысы. «бөрік аспанға атып қуанды» деген сөз осыдан шыққаны әркімге белгілі жай.

Бүйірін таяну – жаман ырым. Әдетте қайғы – қасыретті адамдар екі бүйірін таянады да дауыс қылады, жылайды, аянышты, көңіл-күйін білдіріп зар шегеді. Бұл әйелдерге тән әдет. Осыған сәйкес жастарға «бүйірінді таянба» деген тиым сөз.

Ерін шығару – мазақ ету, келемеждеу деген сөз. Бұл әдетте көбінесе әйелдер, балалар қолданады. Біреулер өзіне жараспайтын іс істесе, қылық көрсетсе, оны көрген адамдар ерін шығарып күлген. Бұл әдет басқаларды да ерсі іс- әрекеттен сақтандырады.

Жағын таяну – торығу, қамығу, мұнаю белгісі. « Жағынды таяба» деген тиым негізі осыдан қалыптасқан.

Желке қасу – қолдан келер қайрат, амалы жоқ жігерсіздікті, әрекетсіздікті танытады.

Жұдырық түю – «көресіні көрсетемін !» деген күш , сес көрсетудің нышаны, төбелестің басы.

Иығын көтеру – енді қолынан келетіні жоқ жанның соңғы әрекеті, «аржағын енді өздерің біліндер» деген екі ұшты әрі сұраулы пішін.

Көз қысу – « ыммен сөйлесу, үндемеу отыр, бәрін білем» деген сөз. Сондай-ақ бұл ер мен әйелдің арасындағы жасырын ашыналы қатынасты да білдіреді. Тәрбие дәстүрінде көз қысу әдептілік емес.

Қабак түю – біреуді ұнатпаудың, бір істі жаратпаудың немесе көңіл- күйі болмай ренжіп отырған жанның кейіпі. Мұндай



адамдарға «қабағың түюлі ғой» немесе «қабағың түсіп кетіпті ғой» дейді.

Қамшы тастау. Бұл ұлттық салт-дәстүр, әдет заңының жолы бойынша шешендер мен билердің, талапкерлердің дау-шар кезінде сөз сұраған белгілі ғұрпы. Мұны төбе би бақылап отырып, сөз кезегін береді. «Жеті жарғы» заңы бойынша мұндай жерде даугерлер бет- бетімен сөз жарыстырмай кезек күтеді.

Мұрын тыржиту– менсінбеу, теңсінбеу, «неге келесіннің» тілсіз беоілетін нұсқауы. Бұған маңдай, бет тыржиту да жатады. Мұның аржағыайтпаса да түсінікті.

Сан соғу– қапы кету, «қап, әттенген-айдың » зор белгісі. Бұл жай өкіну емес, өксу. «күресте жығылғандар да санын соғып қалып «қапы кеттімін» осы ишарамен»–айтады.

Тізе бүгу. Халық әдетіде мұның бірнеше жолы бар. Біріншісі– бір үйге келген адамның отырмаса да, шаңыраққа құрмет көрсетіп тізе бүгуі. Екінші– бұрынғы дәстүрде бата тілегенде, батырдан мұраға қару –жарақ алғанда тізе бүгуі. Үшінші–ұрыста, айқаста жеңілген дұшпанның тізе бігуі.

Тістену, тіс қайрау– ашу-ызадан, өштесуден туған іс-қимыл. Ашулы адамды «тістеніп отыр екен» немесе «пәленшеге түгенше тісіп қайрап отыр екен» дейді.

Ым, ишара, ишарат дыбыссыз сөйлесім, тілдесім, қатысым құралы ретінде дами келе, жалпы адамзатқа ортақ қалыптарға түседі де, өмірдің ажырамас бөлігіне айналады. Мемлекеттік, ұлттық, қоғамдық мәнге ие болады да, сол ауқымда қызмет ете бастайды. Тіпті, кейбірі халықаралық мағынаға да ие болады. Мысалы, дипломатиялық қарым- қатынас кезінде жасалатын ишараттар байланысушы екі ел адамдарына да түсінікті болады. Киім кию, жүріс-тұрыс, қимыл-қозғалыстардың астарында белгілі бір мағына жатады. Осындай ортақ мағыналы ишаратты істеуші мен оны қабылдаушы арасында ақпараттық-психологиялық байланыс орнайды.

Жол жүру ережелерінің жалпыға ортақ, әрі халықаралық қалыпқа түскен ишараттар да дыбыссыз ақпарат берудің бір үлгісі. МАИ қызметкерінің жол қиылысының ортасында тұрып, қолындағы таяғымен жол нұсқау түрлері немесе спорт ережелерін сақтауға байланысты төрешілер қолданылатын ишараттар да дыбыссыз ақпарат беру ғана емес басқару және дегенін істету қызметін де атқаратынын бәріміз білеміз. Дыбыссыз ақпарат беру, яки, ишаратпен тілдесу тілі жетілмегендерге арналған әліпбиді

ойлап табуға негіз болды. Осы әліпби арқылы қоғамның сөйлей алмайтындар бөлігі өзара тілдеседі, ақпарат алмасады, дегенін істетеді, айтқанын орындатады. Олардың ортасында қалыптасқан өз шешенсөзі бар.

Иә, дауысты құбылтудың, көзқарастың, бет қимылының, дене қимылының мәні мен мазмұны біздің өмірімізге ажырамастай енген. Әр ым мен ишараның астарында оның ондаған мағынасы жатады. Біз бір парасын ғана атап өттік.

Қазақ халқымыздың әдет-ғұрыптары мен ым мен ишара енді ғана зерттеліп, жиналып, қаралып, көпшілік енді ғана назар аудара бастады. Мұның тек рухани, мәдени жағы ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақ адам тәрбиесіне де үлкен қызмет атқаратынын естен шығаруға болмайды. Ұлтымыздың осындай тәлім-тәрбиелік немесе сезімдік әдет-ғұрыптарының мәніне терең үніліп қарап, сырын ашатын болсақ, одан өте көп ғибратты істерге қанық боламыз.

Сол ым мен ишарат әлі күнге дейін қазақ халқының өмірінде елеулі орын алып келеді. Соның ішінде біздің ауылда зерттеу жұмысы кезінде ым мен ишарат адамның күнделікті тұрмыс тіршілігінде тұтқиылдан көрініс тауып жүр екенін білдім.

Қорыта келгенде әдет-ғұрып, ым-ишара ежелгі ата-бабаларымыздың салт, сана, әдеп, үлгі, тәрбие, тағылым, таным саласындағы ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрге енген және қалыптасқан халықтық , ұлттық бай қазыналарының бір тармағы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Е.Жүніс, «Ишарат тілі» – алғашқы «тіл» ме?
- 2 Ым-Ишара туралы ой.
- 3 С. Медеубекұлы, Публицистика, Әлеуметнама, әлде, заманхат?
- 4 Б.Момынова, С.Бейсембаева, Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың түсіндірме сөздігі. Алматы. 2003ж.

#### ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

ӘДІЛЕТ А. Ә.

оқушы, Х. Мұстафина атындағы орта мектебі  
АЛДАУЫШЕВА Ж. А.

«Х. Мұстафина атындағы орта мектеп», ШҚО Зайсан қ. КММ

Жұмыстың мақсаты: қазақ әліпбиінің негізін қалаушы, әдебиет саласында өзіндік ерекше орны бар ғалым, ақын, аудармашы-

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін зерделей келіп, оның қазақ даласындағы қазақ баласына сіңірген еңбегінің зор екенін, еңбек жолының қайталанбас тұлға екендігін ашу.

Жұмыстың нәтижесі: қазақтан шыққан тұңғыш әліппи жасаушы, зерттеуші, аудармашы, мысал жазу шеберінің еңбектері. Жеке тұлға ретінде еңбегі ұрпақтарға сарапталды.

Ахмет Байтұрсынұлы-тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық бағытты ілгері жалғастырушы, ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, дарынды ақын-аудармашы. Ол 1873 жылы 18 қаңтарда қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабында, Сартүбек деген жерде ел арасына беделді, қайратты кісі – Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында дүниеге келеді. Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, кейіннен жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады. 1895 жылдан бастап Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады. Ел ішінде жас, оқыған, еркін мінезді батыл ойшыл, бедел-атағы өсе бастайды. Полиция тыңшыларының жаласымен күйе жағылып, губернатор Тройницкий жарлығы бойынша Ахмет Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 маусым күні Семей абақтысына алынып, сотсыз нақақтан-нақақ сегіз ай бойы азап-қорлық көріп, торығады, қиналып ширайды, ақыры күреске бел буады. Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. Сондықтан да елден қуылады. 1936 жылы қайтып келгенмен, 1937 жылы репрессияға ұшырап, атылады[1,45 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық, ақындық, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше. (профессор А.Самойлович, Е.Поливанов).

Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ әліппиімен тығыз байланысты екенін әрбір оқушының білері хақ. Оның қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасын, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, өз кезінде де көп айтылып, бағаланған болатын. С.Мұқанов «Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол, әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің

іргесін қалаған алғашқы адам-Ахмет. Оның бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» дейді.

Иә, бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жұрты қадірлей біледі, еңбектерін оқып, жоғары бағалайды. Енді Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының негізгі арналарына тоқталайық. Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынұсынады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма-мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы-жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов (1768-1844) туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Мысалы «Аққу, шортан, һәм шаян» аудармасында:

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.  
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,  
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін!

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Оқушыға бір жағынан өте қызықты, таныс дүние емес пе? Көп ойланбай-ақ бұл өлеңнің бірлік тақырыбында екенін түсіну қиын емес. Ұғымды және түсінікті дүние.

Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек болса жолдас.  
Біріннің айтқанына бірін көнбей  
Істеген ынтымақсыз ісін оңбас,-  
деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

«Егіннің бастары» мысалын алып қарастыратын болсақ, оқушыға оқуға жеңіл, сонымен қатар оқиға желісімен жазылғандықтан, өте қызықты.

«Бұл бидай көтеріп тұр басын көкке,  
Қарайды шікірейіп өзге көпке.  
Өзіне өзгелерді тең көрмейтін  
Соншама бұл Бидайдың дәні көп пе?»

«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,  
Шырағым, түрін көріп танданба оған.  
Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,  
Ойлама кем екен деп бәрі содан.  
Бидайлар басы толық иіліп тұр,  
Дән берген қожасына сыйынып тұр.  
Басында бұл Бидайдың дәні болмай  
Кекірейіп, көкке қарап бүлініп тұр.

Елде көп бұл Бидайдай адам,-дейді,  
Тәкаппар,-оны халық,-жаман,-дейді.-  
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,  
Тұтынба бұл мінезді, балам»,-дейді.

Мысалды оқыған оқушының ойда қалғаны заңды нәрсе емес пе? Шынымен де, өркөкіректік, тәкаппарлық жақсы адамға тән қасиет еместігін түсіну қиын емес. Осындай тәрбиелік мәні зор мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Көбінде әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінен хабар беретін ишара, тұжырым жасалады. Аудармашы негізгі түп-нұсқа тексіне орайластырып көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап жаңа сарын, әуез қосып отырады.

Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларының басты ерекшелігі-негізгі сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Крыловтың 10 жолдық «Шымшық пен көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынұлында 32 жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен Бақа» орысшада-17, қазақшада-56. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бұл қазақ ақыны дәстүрлі ойға қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа ұлттық тәлтуынды жасағанын көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы сөз қозғағанда оның «Маса» мысал-өлеңдерінің жинағы туралы айтпай кетуге болмас.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке адамның мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен, қоғамдық ойлар айтылады. Бұрын емеурін, ишара, меңзеу, астар мысалмен берілген ойлар «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, нақты айтылады. Мұнда Ахмет Байтұрсынұлының өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бірталай өлеңдерге арқау болады, ел тағдыры, халық қамы, бостандық

арманы-кітаптағы басты сарын болып табылады[2,4 б.]. Сонымен қатар, өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан, «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босан туған бозбала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар», «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. Кітаптың кіріспесіндегі автордың:

«Ызындап ұшқан мынау біздің маса,  
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.  
Өзіне біткен түсі өзгермес  
Дегенмен қара яки қызыл маса.  
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен

Қоймастан құлағына ызындаса»,-деп өзін қазақтың санасын оятауға бел байлаған масаға теңейді. Шынымен де «Масадағы» «Оқуға шақыру», «Жұртыма», «Қазақ салты», «Ақын ініме» өлеңдері қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны болды[3,12 б.].

Осы айтылған екі жинақ-«Қырық мысал», «Маса»-қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, ойлармен, өрнектермен байытты. Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды[4,24 б.].

Қорыта келе, өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз дегім келеді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңдеріндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, атамыздың қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр.

Мұхтар Әуезовше: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны-«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер- білім жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер. Ахмет атамыздың осындай құнды мұрасын танып білуде ұстазым Жаннат Абзелевна мен әжем Әлия Қасымқызының еңбектері зор.

Иә, Ахмет Байтұрсынұлы-еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-артынан келе жатқан жастар, яғни, біз деп білемін.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А.Байтұрсынұлы «Ақ жол» А, 1991 ж.
- 2 «Қазақ энциклопедиясы» А, 1998 ж.
- 3 А.Байтұрсынұлы «Қырық мысал».
- 4 А.Байтұрсынұлы «Маса» жинағы.

## ШӘКӘРІМ МАҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕСІМДЕР

ӘЛІ М.

6-сынып оқушысы

АЛФАЛИ А. Н.

Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Майқоңыр ауылы

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетінде өзіндік із қалдырған, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, ұлы Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы, өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мәдени мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев белгілі гуманист ақын, ойшыл тарихшы-шежіреші ағартушы, ғұлама болды.

Шәкәрім Құдайбердиев халықымыздың қоғамдық ағартушылық, мәдени және әдеби өміріне белсене атсалысқан, ағартушылық-демократиялық, гуманистік идеяларды насихаттаған, Шоқан, Абай, Ыбырай ұстаған ағартушылық дәстүрді ілгері жалғастырушылардың бірі болды.

Адам санасына сіңіп, бойына тазалық пен инабаттылық дарытатын көркем шығармалардың тәрбиелік мәні зор.

Шәкәрім Құдайбердіұлының артынан мол мұра қалды. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты тұңғыш кітабы 1911 ж. жарық көрді. Шәкәрімді философ, тарихшы, ойшыл ретінде де танытатын «Үш анық», «Мұсылсандық шарты» атты туындылары, әлеуметтік-ағартушылық арнадағы «Жолсыз жаза», «Қалқаман — Мамыр», «Ләйлі — Мәжнүн» т.б. жыр жинақтары мен поэмалары басылып шыққан. Оның сезімді жүрегінен «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» сияқты жиырмаға тарта әсем әуезді өндер туған. Хафиз, Физули, А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударды [1, 10 б.].

Кезінде Шәкәрімнің қазақ баспасөз беттерінде оның ішінде «Айқап», «Сарыарқа», «Қазақ», «Қазақ тілі» газет-журналдарында көптеген мақалалары жарияланып тұрған. «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» атты мақалалары жарияланған.

«Би һәм билік туралы», «Қазақта ай аты жоқ», «Ашық хат», «Семей обылысына қараған барша қазақ ағайындарына ашық хат», «Сын әм сынауды сынау», «Сөз таласы», т.б. еңбектерінде қазақ қоғамының дамуының әлеуметтік-саяси мәселелерін қозғайды. Ақын елді жөндеудің басты жолы билікті жөндеу деп біледі. Әділетті билік қана ел мүддесін көздейтін бір шараларды жүзеге асырады. Сондықтан билікке шын таза жандардың, білімділердің отырғаны абзал деген ұранды уағыздайды.

Би мен билік жөнінде билеуші мен биліктің ара қатынасын ашып, қазаққа тиімді жолдарын көрсетеді. Шәкәрім мақаласында қазақ халқының мақсат-мүдделеріне сай келетін биліктің маңыздылығына мән береді. Халықтың көкейкесті мәселелерін шешуге қабілетті, биліктің тиімді жағына назар аударады.

Шәкәрімнің оқу-ағарту, ұлттық әдет-ғұрып, қазақ шежіресі сынды сан алуан өзекті мәселелерге арналған парасат пайымындағы сыншылдық ойтолғамына құралған «Керек», «Жазу мәселесі», «Барша қазақ білімділеріне ашық хат», «Өтініш», «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды: Керей таңбасы жайлы», «Билік туралы» мақалалары жарық көреді. «Егер де арғы жердегі сөздердің қатесі бар деушілер болса, оны дәлелмен, білімді жұрттың шежіресімен анықтау керек. Олай болмағанда, күр ғана «менікі дұрыс» деген толық бола алмайды» деп ата тарихының мәуелі арнасы шежіре түзеуде адалдықпен ақиқат жолын нұсқайды. Қазақтың басты руларының шежіресін кітапша етіп бастыру керектігіне қатысты ұсынысын да айтады. «Қазақ» газетінде Шәкәрімнің жарық көрген кітаптарына, қоғамдық қызметі, шығармаларына қатысты маңызды деректерге құралған түрлі сипаттағы мақалалар молынан жарық көрді [2, 464 б.].

Сол мұраларының ішіндегі құндысы әр жылдары шыққан «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақ тілі» газеттерінде, «Айқап» журналындағы мақалалары болып табылады. Шәкәрімнің көтерер жүгі бар сүбелі мақалаларын оқып отырып, мақаласының мазмұнына, тарихына, өзіндік ерекшеліктері бар. Мақалаларын оқып отырғанда Физули, А.С. Пушкин, Бичер-Стоу есімдерімен қатар Шаһ Тахтинский есімі де кездеседі. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №22 санында жарық көрген «Жазу мәселесі» мақаласында Шаһ Тахтинский есімі кездеседі. Мақалада «Қазақ дыбысына қарай харіф түзету турасындағы ойым: бұл харіф түзету деген бүгін басталған сөз емес. Шаһ Тахтинский «уәу» орнына цифрлар да салып қараған. Бірақ оны қауым қабыл алмаған соң қалған. Және



біздің харфіміз араб харфі; оны өзгертуді жұрт ұнатпайтындығы белгілі болған» деп жазылған [3,46 б.]. Шах Тахтинский кім деген, Шәкәрім онымен қалай таныс болған деген сұрақ кімді болса да ойландырады.

2008 жылы жарыққа шыққан «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясында Шах Тахтинский есімін кездестіре алмадық. Энциклопедия - белгілі бір салаға қатысты ұғым, дерек, зат, құбылыстар сипатталған, ғылыми ортаға және көпшілік оқырманға арналған анықтамалық басылым. Олай болса Шах Тахтинский есімі энциклопедияға неге еңбей қалған деген сауалдың тууы заңды нәрсе. Дерек көзіне сүйене отырып, шын мәнінде Шах Тахтинский кім дегенге тоқталып кететін болсақ: Мұхаммед - Ага Мұхаммед – Таги Сұлтан оглы Шахтахтинский (Мамед - Ага Шах - Тахтинский) – аса көрнекті Әзербайжанның публицисті, ағартушы, шығыстанушы, тілтанушы, педагог, қоғам қайраткері, Халықаралық фонетика қоғамының мүшесі, Халықаралық Азия қоғамының мүшесі, Кавказдағы бөлімде императордың орыс географиялық қоғам мүшесі. Өзінің ғылымдағы ізденісін Германиядағы Шығыс тарихын зерттеуден бастайды. XIX ғасырдың 70 жылдары Шахтахтинский М.Ф.Ахундовтың ізбасары болып жүріп, араб алфавитін қайтадан жасап және өзгертуде ізбасары болады. Алғаш рет Шығыс тарихында қайтадан алфавитті жасап, өзгертіп 1879 жылы Тифлисте «Жетілдірілген мұсылмандық алфавит» деген кітабын жариялады. Біршама уақыт «Московские ведомости» газетінде қызметкер және Станбулда арнайы тілші болып жұмыс істейді. 1891 – 1893 жылдар арлығында «Каспий» газетінде уақытша редактор болады. Шахтахтинский 1898 жылы «Тифлис» газетін әзербайжан тілінде шығармақшы болады, бірақ патшалық цензура газетті шығаруға рұқсат бермеді. Сол жылы Шахтахтинский Еуропаға кетеді. 1902 жылы дейін Парижде өмір сүреді және сонда шығыс тілінен Француз колледжінде сабақ береді. Шахтахтинский профессор П.Пассина жетекшілігімен Сорбон университетінде фонетика саласында зерттеу жұмысын жүргізеді және 1901 жылы Француз лингвистінің құрмет дипломын алады. 1902 жылы Тифлисте арнайы типография ашады, сол жерде 1903 жылыдың наурыз айынан бастап «Шарги - Рус» (Русский Восток) газетін шығарады. «Шарги - Рус» (Русский Восток) газетінде көкейкесі саяси ақпараттармен қоса Ресей елінде тұрып жатқан мұсылман қауымының өміріне аса көңіл бөлінеді. Біруақытты «Шарги - Рус» (Русский Восток) газетінде жана әдеби шығармалар, оның ішінде маңызды орын алған

аудармалар жарияланады. Ол араб алфавитін латын тіліне көшуді насихаттаған[4]. Шах Тахтинский кім дегенге жауап бергенмен, Шәкәрім шын мәнінде Шах Тахтинскиймен байланысын нақты тарихи деректермен дәлелдуді қажет етеді.

Ш.Құдайбердіұлының «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 4 апрельде жарияланған «Өтініш» мақаласында былай дейді: «47 – нөмір «Қазақтағы» *Досмұхаммед Тілшібай* қажы баласының «Аш, жұтаған, ауған қазақ» деп бастаған сөзінен мағұлым болды: Жизак уезі Қызылқұм болысында біздің арғын тобықты нәсілінен ел бар екендігі». Осындағы Досмұхамед Тілшібай есімі кейінгі жинақтарда әр алуан берілген. Тағы бір ескеретін дүние «Қазақ» газетінің 1914 жылғы №47 санын парақтар қарағанда «Аш, жұтаған, ауған қазақ» мақаласының соңында автор ретінде *Досмұхаммед Қылышбай қажы баласы* деп көрсетілген. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлының 2007 жылы «Жібек жолы» баспасынан шыққан екі томдық шығармалар жинағында осы есім *Досмұхамед Тілшібай* деп берілген [5,300 б.]. Бір ғана есімнің нәліктен әр баспада әр түрлі берілгендігін анықтай алмадық.

Шәкәрім Құдайбердіұлының артынан мол мұра қалды. Кеңестік заманның әділетсіздігінен зардап шегіп, қарақшының қанды қолынан қаза болған көрнекті ақын, философ әрі сазгер Шәкәрім Құдайбердіұлының соңында қалған мол мұрасымен туған халқы кешігіп қауышты. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы әр түрлі ғылым салалары тарапынан зерттеліп, соңғы жылдары Шәкәрімтану жеке ғылым саласы ретінде біршама жетістіктерге жетіп, қалыптаса бастағаны белгілі. Шәкәрім болмысының күрделілігі мен оның қалдырған мұраларының сан салалы сипаты әр түрлі ғылым өкілдерінің назарын аудартып тың ізденістер тудыруда. Болашақта жоғарыда айтылған Шәкәрім мақалаларында кездескен есімдерді нақтылап зерттеп, мәнін ашса деймін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұқаметқанов Қ.Шәкәрім (Өмірі мен шығармашылығы жайында). – Алматы: Жалын.1992.
- 2 ШӘКӘРІМ. Энциклопедия. – Семей, 2008.
- 3 «Қазақ» газеті 1913 жыл – Алматы: Арыс, 2009.
- 4 Интернет желісі (yandex.ru)
- 5 Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары .2 том. – Алматы: Жібек жолы, 2007.



## «АЙМАН-ШОЛПАН» ЖЫРЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

ЕРБОЛАТҚЫЗЫ Б.

8 сынып оқушысы, Қарақұдық ЖОББМ

ШАЙМЕРДЕНОВА Ә. Т.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Қарақұдық ауылы, Ертіс ауданы

Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттық-рухани ерекшеліктерімен айқындалады. Әр халықтың ана тілінде өзінің қасиеті мен болмысын айшықтайтын мәдени фактордың белестері рухани мәдениет лексикасынан көрінеді.

Рухани мәдениет-әр халықтың ақыл-ойының жемісі. Ол өзінің пайда болу, даму сағасын көне дүниеден алады. Бастарынан өткен тарихи жағдайларға байланысты әр халықтың жалпы мәдениетінің бір бөлігі рухани байлығының даму дәрежесі бірдей болмайды. Себебі: әр халықтың материалдық, экономикалық, әлеуметтік жағдайы олардың қоғамдық санасына, тұратын жеріне, берекелі тіршілігіне де байланысты дамиды. «Тілде халық рухы көрінеді», «Тіл - мәдениетті жеткізудің құралы», «Тіл мәдениеттің бір құрамдас бөлігі» деген ғылыми тұжырымдар рухани мәдениет пен тілдің сабақтас дамитынын көрсетеді. Рухани мәдениет лексикасын арнайы зерттеген ғалым С.Жанпейісова: «рухани мәдениет-халқымыздың этномәдени өміріне, өмір тәжірибесіне қатысты атаулар жиынтығын, этномәдени өмірдің өзіндік ерекшеліктерімен, рухани ескіліктердің тілдегі көріністерін анықтайды. Ол –жалпы этносты танудың, әсіресе оның интеллектуалды ерекшеліктерін танудың құралы»-деп көрсетеді. Рухани мәдениет материалдық мәдениеттен халықтық мазмұнымен бірге, шексіз ұлттық танымға толы жұмбағымен, адамның қасиетін танытатын категорияларымен, ғасырлар бойы қалыптастырып, тұрақтандырған салт-дәстүрімен де ерекшеленеді. Салт-дәстүрлер рухани мәдениеттің негізгі аспектісі.

Рухани мәдениет лексикасын арнайы зерттеген ғалым С.Жанпейісова: «Халқымыздың этномәдени өмірінің өзіндік ерекшеліктерін, рухани ескіліктердің тілдік көріністері арқылы анықтаудың ең бір тиімді әдістері болып табылады... Ол - жалпы этносты танудың, әсіресе, оның интеллектуальды ерекшеліктері жағынан танудың құралы», - деп көрсетеді. «Айман-Шолпан» жырындағы рухани мәдениет лексикасын төмендегідей жіктеп көрдік.

1. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты этнографизмдер  
Салт-дәстүрлер әр халықтың кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты қолданып, тұтыну қажетіне сай дамиды немесе көмескіленеді. Осы тұрғыда салт-дәстүрлерді адам қарым-қатынасында қолдану ерекшелігіне байланысты бірде жанданып, кейбірі «ескілікке» айналуы тілдің ішкі формасымен үндеседі. Зерттеу нысанына сәйкес батырлар жырында қолданыс тапқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты этнографизмдерді төмендегіше топтастырдық.

а/ Тойға байланысты қалыптасқан этнографизмдер

Әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін сол халықтың болашақ ұрпағына тәлім-тәрбие берерлік ережесі деуге болады. Ата-бабамыздың ұзақ ғасырлық әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі ұрпақ алмасқан сайын үзілмей жалғасып, кешеден бүгінге асып аманаттай жетіп отыр. Қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанатты дәстүр аталатын шашу, ақ тілек білдіру ниетімен бұрыннан келе жатқан бата, жас нәрестені, жаңа түскен келінді т.б. бірінші рет көргендігі үшін қонақтың, дос-жаранның үй иелеріне не олардың жақындарына беретін сыйлығы, көзқарасы болып табылатын көрімдік, үйлену тойының ең жауапты кезеңі аталатын неке кию т.б. этнографизмдерді айтуға болады .

Мысалы, «Айман-Шолпан» жырында неке қияр атауы:

Тағынды, билігінді алмаймын де,  
Бермесен де бекерге қалаймын де,  
Маған берсен Айманға алпыс күнге неке кима,  
Мұнан басқа тілекті алмаймын де(Айман-Шолпан).

ә/ Ел тұрмысындағы басқа да салт-дәстүрлерге байланысты этнографизмдер

Бір тұтқа кіші жүзде бай еді деп,  
Шөмекей Маман байға айтты сауын  
Сауын айту- асқа шақыру.  
Ас берген Алшын-Жаппас, Шөмекейлер  
Бәйгеге үш жүз атты шықты айдап.  
«Айман-Шолпан» жырында бірнеше рет кездеседі. Мысалы,  
Екі жақтан малды Айман қайтарғызып,  
Маманға Арыстанды күйеу қылды.  
Айман қыз елден сүйтіп алды бата  
Ісінде болмаған соң зәрре қата  
өзіне Әлібекті күйеу қылып,  
қылады Көтібарды өкіл ата...

Бата беру- салты бар. Батаның түрлері көп. Нәрестеге берілетін бата, қалыңдыққа, қыз ұзатуға, т.б. салт-дәстүрлерге байланысты баталар. Батада жас ұрпаққа денсаулық, байлық тіленеді, ел үмітін, ата-ана арманын орындау да бата арқылы айтылады. Жалпы батаның тәрбиелік мәні зор.

Өкіл ата-өкіл әке - әкесіндей сыйлау мақсатында туған.Әке орнына әке болу, қамқоршы, ақылшы болу міндеті жүктеледі.Өкіл әке деп қабылданған Көтібар құда жағына киіт береді.

Көтібар сонша жанға киіт берді,

Жарандар көрдіңдер ме мұндай ерді

Киітті құдаласқанда беретін болған. Мысалы, «Киітін кигіз әлпештеп, құдалар жүрсін жанында (Мәшһүр Жүсіп)».

Жырда Айман Көтібар баласына жарғақ шалбар тігіп береді.

-Сауда емес, қарағым, тек бергенім

Сат дегенің сен мені жек көргенің

Әтікеңе бар-дағы байғазы де,

Алып келіп жүрмеңіз жек көргенін

Әкең айтар: «Әй, балам, байғазы деп келдің маған,

Билігін бұл Шектінің бердім саған ...

Не болмаса, тағымды берейін»-дер,

Менбір жауап айтайын енді саған.

Байғазы- жаңа киім киген балалар сұрайтын болған.Сүйінші-қуанышқа байланысты сұралатын этнографизм сөз.

б/Туыстық қатынас атаулары

Қазақ лексикасында туыстық атаудың түрлері мен олардың мәні туралы мәліметтер І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ж.Досқараев, Ш.Сарыбаев, Ғ.Қалиев, С.Омарбеков, Ә.Нұрмағамбетов, Ә.Қайдар, О.Нақысбеков, С.Бизақов т.б. ғалымдардың еңбектерінен бастау алады. Туыстық атауларды диалектілерге қатысты зерттеген тілші Л.Жолдасбек қазақ сөйленісіндегі туыстық атауларды лексика-семантикалық жағынан топтап, олардың мағыналық ерекшеліктері мен байырғы қабаттарына тілдік талдау жасаған. «Айман-Шолпан» жырында тілімізде күнделікті қолданылып жүрген, туыстық атауды білдіретін ата, ана, шеше, бәйбіше, қарындас, өкіл әке сияқты сөздермен қатар тоқал тағы басқа атаулары бар.

в/ Халықтық өлшем атаулары

Әлемнің ең алғашқы өлшем атаулары өзінің қоғамдық қажеттілігіне сәйкес адамзат қоғамының алғашқы кезеңінен бастап қалыптасады. Қазақ тілінің этнолексикасын зерттеген профессор Е.Жанпейісов еңбегінің бір тарауы осы халықтық метрология мәселесіне арналған.

Ғалымның пікірінше, әрбір қауым, тайпа мүшелері өздерінің айналасын, ортасын әр түрлі заттарды танып-білу үшін, сандық, кеністік, салмақ, көлем, уақыт тәрізді өзге де сапалық қасиеттерді анықтау үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланған [1. 119].

Сонымен бірге қазақ тіл білімінде бұл мәселеге қатысты Ж.Ш.Ахмедованың «Казахские народные наименования понятий об измерениях»[2], К.Қ.Күркебаевтың «Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық арақашықтық, салмақ - көлем өлшемдері негізінде)» [3] кандидаттық диссертациялары бар.

Көтібардың алыстан келгендігі былай білдірілген:

Шай, қант пен тоғыз нарға тоқаш артып,

Көтібар өзі Шекті келді

Жалғанда Көтібардайболған бар ма?

Жігіттер бұл жалғанды көңіліңе алма

Саба жетер жер емес жері шалғай

Шай артқан тоғанақтап тоғыз нарға

«Айман-Шолпан» жырында кедейлігін мынандай өлшеммен беру құбылысы байқалады:

Аузына ақ тамбаған қу кедейдің

Адамын жиып әкеп сабама сал.

Әр күн бес намазын қалт жібермеген бабаларымыз күннің кей уақытын осы ұғыммен байланыстырып мезгіл атауларын атаған.

Мысалы:

Ауылыңа жеті жүз қол жүргізбесем,

Шектіге таң сәріден тигізбесем,

Көтібар менің атым жерге кірсін

Айманды жайдақ нарға мінгізбесем

Уақыт өлшеміне байланысты «Айман-Шолпан» жырында қолданыс тапқан намазшам, құтпан мезгіл, намаздыгер т.б. этноатаулар да соның дәлелі. Сонымен бірге жыр лексикасында мынадай халықтық өлшемдер кездеседі: батпан, он екі құлаш, сәске, талма түс, қожа бесін т.б. Лингвистикалық тұрғыдан бұл атаулардың тарихи-лингвистикалық, этимологиялық табиғатын ашу да маңызды. Дегенмен, зерттеу нысанына сәйкес оларды ұлттық этномәдени болмысына сәйкес анықтау, осыған байланысты ғалымдардың пікірлеріне назар аударудың мәні зор. Мысалы:

Асып туған атадан,

Алтынды сүйек асыл тек

Тыңдасаңыз сөзімді

Тілеймін сізден бір тілек  
Көтібардың бес ауыл  
Ертең сәске болғанша  
Сұраймын шаппай берші деп

Осы тектес таза ұлттық сипатта қалыптасқан халықтық өлшемдердің шынайы табиғатын анықтауда ғалым Н.Уәлиұлының пікірі ерекше назар аударарлық. Атап айтқанда, ғалым: «Түс мерзімінің бірнешеге бөлінетіні көптеген халықта кездеседі деп, «түске дейін, түстен кейінгі екі шақтың дәл ортасы», «көлеңкенің бауырға кірген», «күннің тас төбеге келген сәті» (әсіресе жаз мезгілінде) – тал түс. Халық тілінен тал түске байланысты айтылатын түрліше сөз орамдарын кездестіреміз: шаңқай түс, анық түс, таңдай тал түс, талма түс, талықсыған тал түс т.б. деп уақыт кезеңдерін халық өмірінің кәсібімен де байланысты туғанын анықтайды. Күн ұясынан көтеріліп, қыза бастаған шақтан сәске басталады. Осы мезгілді халық бірнеше шаққа бөледі. Күн ұясынан құрық бойы көтерілген шақ - сәске немесе ерте сәске. Бұдан кейінгі мезгіл — ұлы сәске, қан сәске деп те, жалған түс деп те аталады. Еліміздің батыс аймағында тәуліктің осы мезгілін білдіретін сиыр түсі деген атау да қолданылған» [3. 33-34], — деп көрсетеді.

Тілімізде таң қылаң бере, ымырт үйіріліп, көз байлана бастаған кез- уақыт өлшемін, тас лақтырым, қозы көш жер, тай шаптырым - қашықтық өлшемін білдіретін фразеологизмдер кездеседі. Бұлар уақыт, қашықтық өлшемі нақты қалыпқа түспеген кезде шыққан ұғымдар. Бұл ұғымдар сонымен бірге қазақ ұлтының тұрмыс - тіршілігі мен айналысқан шаруашылық түрінен де мағлұмат береді (қозы көш, тай шаптырым т.б.).

«Айман-Шолпан» жырындағы өлшем бірліктердің қызметі - уақыт пен қашықтық өлшемін ақпарат ретінде емес, образды түрде бейнелейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жанпейісов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. Фил. ғыл. докт. дисс.- Алматы, 1991, -119б.
- 2 Ахмедова Ж.С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003. - 117 б.
- 3 Күркебаева Қ. Қазақ тіліндегі түр – түс атауларының когнитивтік семантикасы Фил. ғыл. канд. дисс.- Алматы, 2005. - 119 б.
- 4 «Айман – Шолпан» жыры», Қазақ әдебиеті, Алматы – 2002.

## МАРАТ ҚАБАНБАЙ – БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ

ЕСЕНГЕЛДІ Ж. С.  
9-сынып оқушысы  
АГИБЕРГЕНОВА Р. А.

№102 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бірлік ауылы

Марат Қабанбай 1948 жылы 22 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданында туған. ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Зайсан аудандық «Достық» газетінен бастаған. Жазушының шығармалары балалар мен жасөспірімдерге арналған. Шығармалары түгел дерлік орыс тіліне аударылса, жекелеген кітаптары украин, неміс, молдаван, латын, өзбек тілдеріне аударылып, халықаралық деңгейдегі сүйіп оқитын жазушылардың біріне айналды.

Марат Қабанбайдың шығармалары республикалық «Жалын» бәйгесінің бірнеше дүркін жеңімпазы атанады. 1993 жылы балалар кітабы бойынша Халықаралық кеңесте (ЮНЕСКО) Х.К.Андерсен атындағы Құрмет грамотасымен марапатталады.

Марат Қабанбайдың публицист-журналист ретіндегі қыры да өз алдына кең өңгімелеуге тұрарлық. 1991-1992 жылдары «Парасат» журналында, 1994-1997 жылдары «Ана тілі» газетінде, 1999 жылдан өмірінің соңына дейін «Сол Дат» газетінде қызмет істей жүріп өзінің өткір де уытты, отты да жалынды, көркем тілді, кең толғамды көсемсөз мақалалары мен төске озып, оқырмандарының сүйіспеншілігіне бөленді. Сөйтіп, өзіне ғана тән айрықша қолтаңбалы мақалалармен көсемсөз жанрындағы өз мектебін қалыптастырған болатын.

Марат аз жасаса да көп іс тындырды. Көркем проза мен публицистикаға қатар құлаш сермеп, екі жанрада да қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Жазушы мұрасын екшеп, мөлшермен қарасақ ұзын-ұрғасы жеті-сегіз томға жетіп жығылады екен. Қамшы сабындай ғана ғұмыр кешкен адам үшін бұл, әрине, көп еңбек. Әйткенмен қайран Мараттың көкірегінде қаншама жаухар кетті ғой деген өкінішімізді де жасыра алмаймыз. Шынында да Марат өрге салсаң, төске озып, Құлагердей аламан бәйгенің алдын бермей келе жатқанда, сұрмергеннің жебесіне жолықты ғой! Шырылдап өмірдің етегіне қалай жармасса да рахымсыз тағдыр илікпеді. Бүгін бастап, ертең бітірем деп кесіп-пішкен талай асылы қаттауы жазылмаған күйі ішінде кетті. Үлкен өкініш сол.

Марат – шалғай шет, шекара түбіндегі бұйығы ауылда жетімдік пен жоқшылық тақсыретін көп көріп, қиналып өскен жігіт. Өмірдің батпағынан оның қайсар мінез, қайтпас талабы сүйреп шықты. Бұғанасы қатпай тұрмыстың батпан жүгі белін қайыстырса да мойыған жоқ. Ауру ана, шиеттей іні-қарындастарын асырап бақты. Кеңшардың майлық-сулық жұмысында тері тамшылап жүріп, кешкі мектепте оқыды. Одан соң екі-үш жыл аудандық газетте істеді. Бір сөзбен айтқанда, Марат әдебиетке өмірден келді, өз өмірінен өнер жасады. Сондықтан оның шығармалары өмірдің өзіндей шынайы, өң-бояуында жасандылық жоқ, кейіпкерлерінің іс-әрекетіне шүбәсіз иланып, әлдебір танысыңды көргендей, әлдебір жақыныңмен ұшырасқандай жатырқаусыз қауышасың. Бұл тарапта «Кермек дәм», «Айшылық алыс жол» романдары мен тағы басқа әңгіме-хикаяттарынан жазушы тағдырының сілем-сілем іздері қылаң беретінін аңғару қиын емес.

Марат 70-жылдардың орта шеніне қарай әдебиет есігін айқара ашып кірді. Әдепкі жаңа талап, жас таланттар сияқты именіп, төменшіктеген жоқ, нық адыммен екпіндей енді. Бұл уақыт туған әдебиетіміздің туы желбіреп, кепеліне келіп дәуірлеп тұрған мерейлі кезең болатын. Марат өзінің алғашқы шығармаларымен-ақ оқушы ілтипатына бөленді. Олардың қай-қайсы да өзінің тосын табиғатымен ерекшеленді. Бояуы бөлек, әуен-ырғағы ерек. Марат баяндамайды, әңгімелемейді, сөзбен сурет салады, көзге көрсетеді, ағын – ақ, қарасын – қара ғып, нендей құбылысты болмасын өз шырай-реңімен мөлдіретіп алдына тосады. Тақырып ауқымының кеңдігін, көтерілген мәселелердің дәлгірлігін былай қойғанда, жазушы шығармаларының басты ерекшелігі деп ең әуелі осы қасиеттерін тілге тиек ету ләзім.

Бірінен соң бірі жарыса жарық көріп жатқан «Жиырма мен жалғыз», «Зая атылған оқ», «Се ля ви», «Бақбақ басы толған күн», «Қала және қыз бала» тағы да басқа әңгіме-хикаялары әдебиетіміздегі жаңа сөз озық нұсқа еді.

Марат – толассыз ізденген, еңбекқор, жақсы мен жаманның бәрін, сия сорғыш сияқты, бойына сіңіре білген қаламгер. Сондықтан оның шығармаларынан бояу мен нақыштың, тәсіл мен машықтың, әуез бен ырғақтың небір сыңғырлы келісімін көтеруге болады.

Жазушы талай рет жазылған, таптаурын болған тақырыптарға қалам тартса да бұрын ешкім елей қоймаған, назарға ілікпеген әлдебір тосын мінез, оқшау көріністерді дөп басып тауып ала қояды,

нәзік штрихтар арқылы елең еткізіп есте қаларлық әдемі бейнелер жасайды. Марат ең бір елеусіз жанның бойындағы қарапайым ізгілікті суреттейді.

Марат Қабанбай бір сұқбатында: «Балалар жазушысының жаман жазуға қақысы жоқ. Кіршіксіз бала көңілі, біріншіден, тым сенгіш, екіншіден, ол тасқа басылған дүниенің бәрін қара қылды қақ жарған шындық деп ұғады» деген екен. Өзі де сол ұстанымнан аттап өтпей, «Бақбақ басы толған күн», «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», «Пысық болдым, мінекей» және тағы да басқа шығармаларында бала болып сөйлеп, бала болып өмір кешіп, әр оқырманды балалық, жастық шақ өмірінің қызықты, арманшыл, қиялшыл сәттеріне жетелеп әкететін және барлығы дерлік өмірде шын болған оқиғалардан – өз өмірі мен балалық қызық шақтары, ауылдастары, айналасындағы балалар мен көз таныс кісілердің өмірі шығармаларына арқау болып келетін.

Балалар әдебиетіне жазушыларымыз онша көп мән бермей, ежелден кенже қалып келе жатқан сала. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін 70-90 жылдар аралығында балалар мен жастарға арналған үздік шығармаларға жыл сайын дәстүрлі республикалық конкурс өткізіліп тұрғаны мәлім. Осы аламан бәйгеге қосылған жүйріктердің ішінде Мараттың жұлдызы алабөтен жарқырап көрінді. Оза шауып, бірнеше дүркін бас бәйгені алды. Оның осы тұстағы шабытты қаламынан түйдек-түйдек туындаған «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», «Бақбақ басы толған күн», «Пысық болдым, мінекей» сияқты хикаяттары әдебиетіміздің мерейін тасытқан озық шығармалар болды.

Мәселен, жазушының «Жиһанкез Тити» атты шығармасы дәл сондай шындық өмірден ойып алған десе де болады. Бірде баласы Айбек есік алдында ойнай-ойнай жалықса керек, көше бойлап ұзап кетіп, парктің алдынан бір-ақ шығады. Паркте адамдар көп екен және сондай көркем – гүлзарлы, сая бақты, баланы еліктіре тартып, баурайды. Паркті қызыға аралап жүріп адасып кетеді. Кешкі уақытта жалғыздан-жалғыз жүрген кішкентай баланы бір милиционер байқап қалады. Баланың жанына келіп, сұрастырса, адасып жүр екен. Үйінің мекен-жайын, көшесін білмейді, тек телефон нөмірі ғана есінде қалған. Сол нөмірі арқылы түнгі 12-те телефон соғып, үйін тауып алады. Міне, осы оқиға жазушының жаңа шығармасына өзек болып, «Жиһанкез Тити» атты әдемі, ерекше сюжетті шығарма өмірге келеді.

Марат Қабанбайдың елдегі кез келген мәселеге деген жеке азаматтық позициясы болды және ол позиция әрқашан қазақ



ұлтының мүддесінен бастау алып жататын. Қазақтың мүддесіне қайшы келетін әрекеттердің барлығын да өз баспасөз бетінде «аяусыз әшкерелеп отырды».

Жазушының мойыны озық туындыларының бірі – «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» дейтін хикаяты. Жазушының бұл шығармасы кезінде одақтық «Детская литература» баспасынан жарық көріп, одан әрі Еуропаға сапар шекті. Германияда «Қарлы кұйын» деген атпен неміс тіліне аударылды. Асыл мен жасықтың парқын білетін талғампаз Батыс жұрты зор ықылас танытып, көп ұзамай оған балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік шығарма ретінде халықаралық Г.Х.Андерсен атындағы сыйлық берілді.

«Жалынның» 1980 жылғы дәстүрлі жабық бәйгесінің жүлдегері болған «Пысық болдым, мінекей» повесінің жазылу тәсілінде атап-атап айтар бірнеше ерекшелік бар.

Жазушы шағын повесті кейіпкер бала Досанның көзімен жазып шыққан. Атап айтқанда, кейіпкердің атынан баяндау тәсілін ұстанады.

Кейіпкер – қамсыз, мұңсыз, тоқпейіл, таза жүрекпен, аңғал көңілмен алаңсыз, ата-ананың аясында өсіп, қалыптасып келе жатқан ауыл баласы.

Ауыл баласы сонау бір 60-70 жылдарда шынында да Марат Қабанбайдың Досаны мен Тілешінен, Заманбегі мен Саматынан тағы басқа кейіпкерлерінен шынында да аумайтын. Ауыл баласы – ойын баласы. Ойын ғана емес, ойдың да баласы. Оны әлпештеп отырған, ойын қуып қана кетпей, ойға да бұрып отырған этномәдени ортасы, ұлттық тәрбие-тәлім дәстүрі болатын.

Досанның бір-екі түнде көргені мен көңілге түйгенін, бала жүректің байқап, бағамдағанын, баяндаған шағын повестен қазіргі көп жоғымызды байқауға болады.

Повесте мекендік атауларға жазушы астарлы мән береді, топонимдік рәмізді қолданады. Досанның кейіннен табылған бөлесі, «түбір астындағы» әпкесі Ғайшаға құмнан басқа қызығарлық ештеңесі жоқ туған ауылының атауы – Аққұм.

Ақ – тазалық, жағымды ұғым. Досан үшін туған ауылдан жарық, таза, ақ ештеңе жоқ екендігі Ғайша әпкесінің ауылы Қарасайға барған бір-ақ күнде білінді емес пе?

Ғайша әпкесінің ауылын Қарасай деп жазушы Досанның Аққұмды аңсауын әсірелей түсу үшін алған сияқты. Аққұм – сусыған ақ құм ғана емес. Киесі, шипалы суымен де – Аққұм. Берекелі, бақытты қоныс. Жұрт Аққұмда құмнан басқа ештеңе жоқ,

бірақ адамдары шетінен қызылшырайлы, сұңғақ, сұлу, кесек, ірі деп таңырқаса таңырқағандай екен.

Оқиға бір-екі күннің ішінде өтті. Ұрынарға қара таппай, асықтан ұтылып, ыза болған Досан біресе досы Үшбас – Тілешпен іштей де, сырттай да қасарысып бақты. Тарихшы ағай Эра Екпінічпен де қайдағы бір Катрагенді қаралап ұстасып қалды. Әпкесі Әйешпен де аралары атылатын бомбадай кернеуі артып, бітіспес өшпенділік өршіп барады. Әпкесі мұны тіпті адамғұрлы көрмей барады.

Повестің бір ерекшелігі – баяндауға араласпағандықтан, баланың тынымсыз тірлігі – айналасымен ауыз жаппай араласуына орай, шығармада қос үнді көп дауысты диалогтар мол.

Негізі жазушының барлық шығармалары секілді «Пысық болдым, мінекей» повесі жеңіл оқылады. Оқиғаны қоюлатпай-ақ, ауыл баласының бір-екі күнгі өмірін бар қызығымен қамтыған жазушы повесте сүйікті прозалық шығармаларда әдетте көбірек қолданылатын шегініс, ой ағыны сияқты тәсілдерге мақсатты түрде, шығарманың баланың көзімен берілу спецификасын ұстанып отырып жүгінбейді.

Жалпы Марат Қабанбай – жазуда өзіндік экспериментке көп барған, олары мейлінше сәтті шыққан, қазақ балалар әдебиетін бала жанының бейкүнә шуағымен суарып отырып құнарландыра түскен дарынды суреткердің бірі. Оның шығармаларын жанрлық ұстанымдар аясында, шеберлік ауқымы аумағында арнайы зерттеуге зәрулік бар. Кенже дамыған қазақ жазба балалар әдебиетінің әлемдік деңгейдегі балалық жайлы үздік жауһар үлгілерге құлаш ұруын айқындауда Марат Қабанбайсыз сөйлеуге болмайды.

1972 жылы қазақ әдеби сынына жарқ етіп, жанып келген Сағат Әшімбаев Марат Қабанбай шығармашылығы жайлы «Жарасты жас керуен» толғамында Мараттың қатарластарының қазақ әдебиетіндегі орнын айқындай отырып былай деген екен: «Сөз болып отырған жас жазушылар арасынан жанрлық-стильдік бағыттағы ізденіс мәселесіне көңіл аударғанда Б.Қойшыбаев, М.Қабанбай, А.Сымайылов секілді жігіттердің әңгіме, повестеріндегі жаңаша жазуға құлшынысты, жаңа дәстүрлерден үйренуге деген іңкәрлікті бөліп айтар едік. Марат Қабанбайдың «Аптаның ақырғы күні» атты әңгімесінде өмірдегі үйреншікті құбылыстың өзін жаңа қырынан көруге ұмтылу талабына қоса, оқиғаның баяндалу, суреттелу барысындағы таптаурын болған штрих, детальдардан айналып өтулері ізденіс нәтижесі деп бағалаймыз. Ізденіс дегенді әр өзінмен жеке сөйлемдерінді өзгерту емес, форма іздеу, оқиғаның орындалу техникасын жетілдіру, композиция құрудың



әдіс-тәсіліне барудың жолдарын табу, психологиялық талдау мен логикалық мотивировканың жаңа түрлерін қарастыру екенін есте ұстаған жөн сияқты».

Марат Қабанбай шығармашылығы Сағат Әшімбаев осыдан 30 жылдан астам бұрын айқындаған ұстанымдар жөнінен арнайы зерттеуді керек етеді.

Марат Қабанбай – көсемсөз шебері

Марат Қабанбайдың шығармашылығының ендігі бір сүбелі саласы – журналистика. Үнемі баспасөз айналасында жұмыс істегендіктен болар, ешқашан публицистикадан қол үзген емес. Қай мақаласын оқысаңыз да өмірдің қантамыры дүрсілдеп соғып тұрады. Еліміз азаттық алған алғашқы аумалы-төкпелі жылдарда қоғам өміріне белсене араласатын ұшқыр да жауынгер жанр – публицистика суырылып алға шықты. Міне, осы тұста Марат кекейінде қабындап, пісіп-жетіліп тұрған көркем дүниелерін қоя салып, журналистикаға білек сыбанып кірісіп кетті.

Әуелде елтану, тілтану бағытындағы танымдық басылым боп басталған «Ана тілі» газетке Марат Қабанбай келгеннен бастап, Қазақстандағы бүкіл қоғамдық-саяси оқиғаларды қазақ халқының мүддесі тұрғысынан ғана саралайтын таза ұлттық ақпарат құралына айналды.

Батысты да, Шығысты да көп оқыған Марат Қабанбай, кейбір қаламгерлер секілді, сол оқыған-тоқығанының жетегінде кетіп қалмай, қазақы тілдің қайнарын да молынан сақтағанын оның шығармашылығымен таныс адамдар жақсы біледі. Сондықтан да кез келген, тіпті таза экономикалық, энергетикалық тақырыптағы хабарлардың өзі ол кісінің қаламы тиген соң-ақ қазақы бөрік киіп, шапан жамылып, аяғына саптама етік іліп, жұтынып шыға келетін.

«Журналистің сөз саптау, сөйлем құруының өзі сірескен ресми стильден аулақ, барынша қарапайым, оқырманның жанына жақын да ұғынықты болуы керек» дейтін Марат Қабанбай.

Марат Қабанбай әрбір сөзге, сөйлемге жауапкершілікпен қарайтын. Мәшіңкеге бір басылған дүние Марат Қабанбай жөндеген соң бірнеше рет қайта басылатын, кейде тек белгілі бір сөйлемдер мен сөздер ғана қайта бөлек теріліп, әлгінің үстіне жапсырылатын. 90-жылдардың орта шеніндегі «Ана тілі» журналисі үшін қалам мен қағаз ғана емес, желім мен қайшының де күнделікті қажет құралға айналғанына компьютермен ғана «сөйлесетін» бүгінгі күні сену де қиын шығар. Сөйтп, артық сөзден, қасаң сөйлемдерден әбден «арылып», жіптіктей болған материалға ғана қол қоятын.

Марат Қабанбай үшін еш ұмытылмайтын қағида – тілші пікірін сұрау, оның сөзімен санасу.

Өзі келбетті болғанымен, көзқарасы сұсты болғандықтан ба, бір қараған кісіге оның өте қатал адам болып көрінетіні рас-ты. Ал, оны жақынырақ білген жан Марат Қабанбай аса мейірімді де мәдениетті жанның өте сирек екеніне көз жеткізер еді.

Марат Қабанбай қызмет еткен жылдары бір де бір рет дауыс көтеріп ұрыспайтын, оны-мұны өкпе-ренішінің бәрін де «жағдай былай ғой, жігіттер» деп сыпайылап отырып қана жетене жеткізіп, соңында «қатты айтып отырған жоқпын ба сендерге?» деп шын ниетімен өзі қысылып отырады екен.

Өмірінің ақырғы жылдары қаламгер оппозициялық «Сол Дат» газетіне басшылық жасады. Екі тізгін, бір шылбыр өз қолына еркін тиген соң, құлашын кең жазып, қоғам өміріне кеңірдектен енген кеселдерді аяусыз әшкереледі. Ұлтымыз бен рухымызға төніп келе жатқан қатерді алдын-ала болжап, бар дауыспен жаны шырылдай дабыл қақты. Оның «Қазақ, қайда барасың» атты жинағында үздік публицистикалық туындыларын қазақ журналистикасының інжу-маржаны десек, асыра айтқандық бола қоймас. Марат бұл шығармаларымен ұлттық журналистикамызды жаңа сатыға көтерді, шеберліктің ұтымды үлгілерін көрсетті. Ендеше Маратша жазу, Маратша сөз саптау үрдіске айналды. Шын мәнінде үлкенді-кішілі журналистеріміздің көпшілігі оны ұстаз тұтты. Марат қайтыс болғанда «Көсемсөздің Қабанбайы» деп қазақ журналистикасының жоқтап, күңіренгені осының айғағы болса керек.

Марат Қабанбай қазақ журналистикасына қыруар еңбек сіңіріп кетті. Оны қазір біреу бағалап, біреу бағаламауы мүмкін, бірақ болашақта қазақ баспасөзін зерттейтінде 90-жылдардағы ұлттық журналистиканы саралағанда қадам басқан сайын Марат Қабанбайға жүгініп отырауы қажет.

Марат Қабанбайдың шәкірттері санайтын журналистер тобы бар.

Иә, биік рухты, оқырмандарын тарлан талантымен тәнті ете білген жазушы «Кентавр» атты романын өмірге әкелемін деп жүргенде, 2000 жылдың сәуірінде бұл өмірден мәңгілікке аттанып кетті. Бірақ оның шығармалары мен аты мәңгілік өмір сүріп, «кентавр» болып қала бермек.

Марат Қабанбай көзі тірісінде ешқандай атақ алып, сый-құрмет көрген жазушы емес. Қатарынан оза шапса да бөйге бұйырған жоқ. Ессесіне ол өзінің жұлдызы жарқыраған талантты туындыларымен

өзіне алтын тұғырлы асқақ ескерткіш орнатты. Жалған дабыраны малданып, мастануды білмейтін хас талант үшін шынында да одан артық қандай мәртебе-мерей бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Жыл – он екі ай» кітабы, 2008 жыл
- 2 С.Сыбанбай «Марат мектебінің түлегіміз», «Жас алаш» газеті, 2001 жыл
- 3 Р.Төленқызы «Мен Кентавр-Маратты көрдім», «Жас алаш» газеті, 2001 жыл
- 4 Л.Оразбекұлы «Балалар жазушыларының кентавры», «Мөлдір бұлақ» журналы
- 5 М.Қабанбай «Жаңғырық»
- 6 Т.Сәукетаев «Қарасөздің Қабанбайы», «Егемен Қазақстан» газеті, 2008 жыл 25 сәуір
- 7 Б.Төлегенова «Марат Қабанбайдың «Пысық болдым, мінекей» повесіндегі көркемдік тәсілдер», «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2005 жыл №8
- 8 М.Қабанбай «Туған жердің төрт мезгілі», Хикаяттар мен әңгімелер, Алматы «Раритет» 2004 жыл

### «ҚАМАР СҰЛУ РОМАНЫНДАҒЫ СЫН ЕСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ»

ЖАҚСЫЛЫКОВА Е.

8 «А» сынып оқушысы, Майтүбек жалпы орта білім беретін мектеп, Павлодар облысы, Май ауданы,

КАЙРАКБАЕВА А. Б.

Майтүбек жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі, Май ауданы

Қазақтың Абай атамыздан кейінгі асқар биігі ұлы тұлға ақынымыз сыршыл лирик, қабілетті, талантты ақын-жазушы – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Бейсембай Кенжебаев ақын туралы: «Ақын – заман перзенті». Расында, Сұлтанмахмұт Торайғыров – аяулы перзентіміз, аса күрделі әрі ауыр кезеңде өмір кешті. ХХ ғасырдың бас кезінде, екі дәуір тоғысында тіршілік жасаған, көп мұра қалдырған ақынымыз. «Асау жүрек» кітабында ақын туралы: «Зор ақылды, талантты өмірбаяны өте қызық, тамаша жазушысы» [Правда № 171 (8217) 21.06.1940].

Сұлтанмахмұттай ірі ойлы, асау жүрек, асқан шабытты, Назым хикмет айтқандай, лапылдап жанып тұрған ақын көз алдында болып жатқан ірі өзгерістің қайсысына да бейтарап қарай алмайтын еді. Ақынның творчествосы үздік, ғажайып тілмен жазылған.

Сол ғасырдың нағыз күнделікті өмір тіршілігін, тағдырын сипаттайды. Әсіресе, өмірдің теңсіздігін қарастырады. Мұны біз оны тұңғыш романында көре аламыз.

Атауыш сөз табының есімдер деп аталатын сөздердің ішіндегі зат есімнен кейін, екінші сөз табы болып табылатын – сын есім.

Зат есім семантикалық жағынан заттың атын білдірсе, сын есім болса, заттың сындық белгілерін дәріптейді.

Демек, сын есім дегеніміз заттың сапасын, салмағын, сипатын, қасиетін, көлемін, түсін және тағы басқа сол сияқты сыр – сипаттарды дәріптейтін лексика-грамматикалық сөз табы.

Сын есім өзінің семантикасы арқылы басқа сөз таптарынан ерекшеленеді. Заттың сынын білдіре тұрып, кейде қимылдың сынын көрсететін үстеумен астасып келеді. Бұл жағдайда бұл сөз табының бұл ерекшелігі – сын есім үстеу қызметінде жұмсала отырып, өз мағынасын жоймайды.

Сын есімге тән қасиет – субстантивтенуі. К.Ақанов бұл туралы: «Сын есім өзінің сындық мағынасын сақтап, оның үстіне заттық мағынасына ие бола алады. Мұндай сын есім заттанған сын есім деп аталады. Зат есім сияқты түрленеді, сөйлемде зат есім қызметін атқарады.»

«Сөзжасам жүйесінде» бұл жайында «Субстантивтену деп әдетте сөз мағынасының заттануын, заттық тиянақтылық алуын айтады. Егер зат есім емес сөз не септелуге, не көптік жалғауын қабылдай алса, онда бұл оның субстантивтенуге жарамдылығын көрсетеді.» Мысалы: Мен сіздерден замандастық ақым үшін сұраймын, даурықпай тараңыздар, үлкендердің құлағына тисе ұят болар. Бұл мысалда: «үлкендердің» - негізгі түбірі үлкен, яғни сын есім. Бірақ келтірілген мысалда бұл сөз көптеліп, септеліп тұр. Демек, бұл оның субстантивтенуге жарамдылығын көре аламыз.

Қ Ақанов тұжырымына қарасақ: «Аталған тілдерде жалпы категориялы мағына – заттылық мағынаны білдіретін зат есімдерден сын есімдердің сапалық, сындық (атрибутивтік) деп аталатын жалпы категориялы мағынасы жағынан ажыратылатындығын былай қойғанның өзінде, зат есімдер мен сын есімдер, ... бір-бірінен сөз тудыру формалары жағынан ажыратылады. Бұл – бір. Екіншіден, зат есімдерден сын сын есімдерден түркі тілдеріндей шырай формалары

арқылы, форма тудырушы аффикстер арқылы ажыратылады. Үшіншіден, морфологиялық жағынан зат есімдермен салыстырғанда, сын есімдер формаларға тапшылығымен сипатталады.»

Морфемалық құрамына қарай сын есім негізгі сын есім және туынды сын есім болып екіге бөлінеді.

Негізгі сын есімдер қатарына сапалық сын есімдер, яғни ешқандай қосымша формаларсыз тұрып-ақ заттың қасиетін білдіретін сын есімдер. Мысалы: Міне, сол жазасынан ағайындарының бірін де ұстай алмай жалғыз үй шошайып қалды. Мұндағы «жалғыз» негізгі сын есім.

Туынды сын есімдерге әр алуан жұрнақтары арқылы жасалған қатыстық сын есімдер кіреді. Мысалы: Бұрын қатыны тірісінің өзінде –ақ қамарды тоқалдыққа сұрауға балаларына именіп, амалсыз өліп жүрген Нұрым, енді не жорық. Мұндағы «амалсыз» туынды сын есім. Себебі келтірілген сын есімнің негізгі түбірі – зат есімнен болып тұр. Яғни, есімнен туып тұрған сын есім.

Жасалу жолына қарай сын есім дара сын есім және күделі сын есім болып жіктеледі. Дара сын есімдерді негізгі сын есімдер мен туынды сын есімдер жік құрайды.

Жеке бір сөз тұрып- ақ заттың сынын, я сипатын білдіріп тұрса, бұл сын есім дара сын есім деп аталады. Мысалы: Жылы суға қолын малып, ақ бөкендей ордаға кіре түседі. Мұндағы «жылы», «ақбөкендей» сөздері дара сын есім.

Күрделі сын есімдер деп екі не бірнеше сөз тіркесіп не қосарланып айтылып, заттың сындық белгісін білдіріп тұратын сын есімдер тобын айтамыз. Мысалы: Қысқасы, азуы алты қарыс оспан бидің тізесі өтіп қалған момындар болсын, жай сыртқы теңбе –тең ағайындары болсын, енді Ахметке таң атырады, деп ойлаған жоқ.

Мұндағы «жай сыртқы теңбе –тең» тіркесі – күрделі сын есім. Дәлірек тоқталсақ: Сын есімнің сөзжасамы.

Сын есім сөздері үнемі бір қалыпта тұрмай, синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдер арқылы дамып жетіледі. Сын есім сөздері түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы дамиды.

Морфологиялық жолмен жасалуы, яғни сын есім тудыратын жұрнақтар арқылы жасалады. Оларға дәлірек тоқталсақ:

1) - қы, - кі,- ғы, -гі зат есімдерден, үстеулерден туынды сын есім туады.

А) мекендік ұғым білдіреді.

Өлеңнің соңғы жолына қарай аяқ басқан соң –ақ, баяғы қалтыраған жүз, жаудыраған көз, күннің бұлт астына қайыра кіргені секілді түнеріп салып жүре берді. Мұндағы «соңғы» - мекендік мәндегі сын есім

Ә) Мезгілдік ұғым білдіреді. Бұл Сарбас ауылы осы омекендермен ыңғайлас, жазғы, қысқы қоныстары бір аралас-құралас еді. Мұндағы «жазғы», «қысқы» - мезгілдік ұғым білдіріп тұрған туынды сын есім.

2) –лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті қосымшалары арқылы. Бұл жұрнақтар зат есім сөзіне жалғанып, сол белгінің екіншісі бір затта бар екенін білдіретін жұрнақ.

1) Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып  
Бойының мінсіздігі онан асып.

Бертін уақыттарда үлгілі жерлерде аралап, тәртіп, дүние танығысы келсе де, қартайған әкесін қимай, өзі жалғыз болған соң, қайтерін білмей қарайлап жүрген жайы бар еді.

Бірінші сөйлемде – «нұрлы»; екінші сөйлемде – «үлгілі» осы жұрнақтар арқылы жасалған сын есімдер.

Екі-үш сөзден құралып, суреттеме қызмет ететін әр алуан тіркестерден де күрделі сын есімдер жасалады.

Мысалы: Ақ жүзді, ақыл – ойлы ақ сұқсыраға  
Дәрі емес мал секілді малды жауыз.

Мұндағы «ақ жүзді» - күрделі сын есім болып табылады.

2) – сыз, -сіз есімдерден сын есім тудыратын жұрнақ, -лы, -лі, (-ды, -ді,- ты, - ті) жұрнақтарына анонимдес мәнде жұмсалады.

Мысалы:

1) Амалсыз арды түйіп қалам алдым:  
Кеткен соң ғашық оты бойымды алып...  
2) Көзге күйік көріндің, іш күйдірдің  
Мейрімсіз отқа салдың, бұл дұрыс па?

Алғашқы сөйлемде «амалсыз», келесі сөйлемде «мейрімсіз» - сын есімдер қатарына жатады.

3) –шыл, -шіл қосымшалары зат есім, есімдік сөздеріне жалғанып, бейімділік, икемділік мағынада жұмсалады.

Омар – турашыл, сәулелі кісі болғандықтан, бірінші қамар сияқты баласының абыройын сақтап, екінші, жазықсыз, нақақ біреуді бас салып талата қою оңай ма? Мұндағы «турашыл» сөзі – (-шыл) жұрнағы арқылы жасалған.

4) – дай, -дей, (-тай,- тей) негізінде өзі жалғанған сөзден салыстыру, теңеулік мағынадағы қатыстық сын есім тудырады.

1) Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның;  
Біреуге Аплатондай білім беріп,  
Мінер ат, ішер асқа зар қылғаның.

1.Есімдіктерге жалғанады. Мысалы: Ісіміздің жайы мынадай болды.

2.Етістіктің есімше формасына жалғанады. Мысалы: Көргенде көңілінде жарты мысқыл мейірім шапағаты бар адамның жүрегі жарылып кете жаздайтындай бір алушылық көріністе еді.

3. -лық, -лік,- дық, -дік,- тық, -тік жұрнақтары зат есімге жалғанып, мекендік, мезгілдік, мөлшерлік мағынаны білдіреді.

Мысалы: Астымдағы жүз теңгелік сұр жорғамды, елу теңгелік ер тоқымымен мынаған әкеп мінгіз.

4. ық, ік, ақ, ек етістіктен сын есім тудыратын өнімді жұрнақтардың бірі. Мысал: 1) Түсі суық қоңыздай,

Жеп семірген доңыздай

Сілтей бер маған жетер қолын болса,

Даны жоқ, даңғыл жатқан жолың болса

Ашық жол асулы қол болар еді ау

Бірақ жоқ, әттен дүние, соның болса...

5.ыңқы, іңкі, нқы,іңкі етістік формасына жалғанып, қатыстық сын есім тудыратын жұрнақ.

Мысалы: 1)Бүгін оның көңілі көтеріңкі, әншейін-ақ, сақ-сақ күледі.

2)Міне екі күннен бері нұрымның да жүні жатыңқы.

Сын есімнің шырай категориясы. күнделікті өмірде бізді қоршағанымызда заттардың белгілері бірде не анық, кейде тым күңгірт немесе сәл артықшылығын, не кемшілігін көреміз. Яғни заттың түсі не көлемі үнемі бірдей бола бермейді. Мысалы сары түсін алсақ, оның бірде нағыз сары, бірде сарғыш бірде сарылау, бірде сарғылт, бірде сарырақ, бірде сап-сары, бірде өте сары болып, бір түстің өзі алуан түрлі болып, ауа-райы сияқты құбылып кездесуі мүмкін.

Салыстырмалы шырай. Мысалы, Ахмет секілді қорқақтау атаның баласы шынжыр балақ шұбар төс Омарларға қол созды деген хабар қазақ ішінде танырқанбайтындай әңгіме емес.

Күшейтпелі шырай. Заттың бастапқы сындық қасиетін күшейте түседі. Бұл шырай негізгі сын есім мен жартылай қосарлану тәсілі арқылы жасалатын формасы болып табылады. Мысалы,

1) Жұп-жұмсақ, бып- биязы ішке кіріп,  
Жайтандап жан күйдірген көзі қандай?

3) Өзгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді

4) Мұбада көрген кісі киыр шеттен.

Келтірілген екі мысалда алғашқы сөйлемде «жұп-жұмсақ», екінші сөйлемде «сып- сыпайы» сын есім күшейтпелі шырай түрінде жұмсалған.

Сонымен қорытындылай келе:

Бұл роман арқылы мен морфология саласындағы жеке сөз табы ретінде көрінген сын есім түрлерінің қолданысын зерттедік. Зерттеу барысынан мынадай қорытынды жасаймыз:

1. Сын есім атауыш сөз табының бір өкілі, әрі тіл білімінің саласында бұрыннан келе жатқан сөз табының бірі.

2. Мағыналық топтары, яғни қатыстық сын есім мен сапалық сын есім түрлері бір-бірінен түрлі қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

3. Әрі қатыстық сын есімнің кейбіреулері сапалық сын есімдер сияқты шырай категориясы бойынша түрленеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу» романы арқылы сын есімнің қолданысы мол. Әсіресе кейіпкерлерді бейнелегенде кеңінен қолданысқа ұшырайды.

Бұл романда сын есімдер қолданысы мол. Бұны сын есімнің жасалу жолдарын талқылай отырып, романдан мысалдар арқылы дәлелдеп отырмыз. Жалпы сын есім – күнделікті өмірде де, әдеби нормада да, қоршаған ортада да өзінің орнын табуда. Заман талабы және қоғам өзгеріп келе жатқан сайын, қазақ тілінің байрағы дамып, жетілуде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Б.Кенжебаев «Асау жүрек»

2 А.Ысқақов «Морфология» \Алматы, Ана тілі 1991\

3 Сөзжасам жүйесі

4 М. Қараев «Қазақ тілі» \1993\

5 С.Торайғыров «Қамар сұлу» романы

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ КӨРСЕТКІШІ – ТҮЙІМ МАҒЫНАЛЫ АМАЛДАР

ЖАКУПОВА С., МЕРФАЛИЕВ Б.  
оқушылар, №7 ЖОББММ, Павлодар қ.  
ХАБДЕСОВА Қ. Б.  
мұғалім, №7 ЖОББММ, Павлодар қ.

Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші – тыйым мағыналы амалдардың танымдық мәнін анықтау арқылы ұлтымыздың дүниетанымын, мәдениетін, ой-санасын саралап тани аламыз. Ұлттың қимыл-әрекеттердің, амалдардың танымдық қырын анықтауда олардың құрылымдық ерекшеліктерін қарастырудың да айрықша мәні бар. Бұл амалдардың мағынасын түсінуде олардың жасалуына негіз болатын уәждерді білу маңызды. Бүкіл бір этностың дүниетанымдық көзқарасы мен дәстүрлі мәдениеті бейнеленген амалдардың танымдық табиғатын тану үшін оларға мағыналық, құрылымдық жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдардың мән-мағынасын терең түсіну кезінде сол бейнелі ұғым-түсініктерді көз алдымызға елестетуіміз керек. Мысалы, артынан топырақ шашу, бетін сипау, шашын жұлу, иіліп сәлем ету т.б. алып қарасақ, бұлардың бәрі де ұлттық негізде пайда болған. Сондықтан да олардың мән-мағынасына терең бойлап, толық түсіну үшін қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін жақсы білу керек. Шынында да, кез келген бейвербалды амалдардың мағынасын түсіну барысында коммуниканттар арасында ол туралы ұғым болуы керек. Бұл, әсіресе, тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдардың мәнін ұғыну үшін қажет. Мысалы, бүйірді таянбайды. Себебі жақын адамы қайтыс болғанда жоқтау айтып жылаған әйел қажығаннан бүйірін таянған. Бұл амал әйелдер мен қыздарға ғана тән. Ер адамдар бүйірін таянып жоқтамаған.

Жер таянып отырмайды. Жақынынан айырылған адам ғана жер таянады.

Қолды тарақтауға, артқа қусырып жүруге болмайды. Бұл – қолы байланған тұтқынды еске салатын жаман ырым.

Тізені, табанды тартуға болмайды. Ауруға шалдыққанда ғана тізе мен табанды тартады.

Жуған қолды сілкуге болмады. Ырыс-несібе кетеді.

Таяққа сүйенуге, бүйірінді таянуға болмайды. Ата-анасы, жақын туыстары өлген адам таяққа сүйеніп жылайтын болған

немесе екі қолымен бүйірін таянып дауыстай жылаған. Мұндай себепсіз бүйір таяну, таяққа сүйену – сүйенішімнен айырылдым, жалғыз қалдым деген ұғым берген. Қазақ салтында ер адамдар ғана таяққа сүйеніп жоқтаған.

Бос бесікті тербету – балаға зар болып жүрген адамның немесе баласынан айырылып қалған ананың әдетін білдіреді. Сол үшін қазақтар бос бесікті тербетуді жамандықтың бастамасы деп санаған.

Киімді теріс киме. Ертеде кімде-кім үлкенге тіл тигізсе өте қатаң жазаланған. Оларды ауыл ақсақалдарының талқысына салып, мынадай үкім шығарған: өзінен үлкен кісіге (мейлі ер, мейлі әйел) тіл тигізген адамды қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне қара күйе жағып, киімін теріс айналдырып, ауылды теріс аралатқан, яғни ұялтқан. Масқаралап, бетіне түкіріп, рухани қатаң жазалаған.

Қара жамылма. Қазақтың ежелгі салтында өлген ердің бір жыл бойы найзасы босағада қадаулы тұрады. Аты жал-құйрығы күйзеліп жылқыға жіберіледі, жұбайы шашын тарқатып, басына қара жамылып, күніне үш мезгіл жоқтау айтады. Марқұмның жылы болған соң атын сойып, найзасын сындырып, асын береді. Әйелінің басындағы қара жамылғы алынады. Бұл жөнінде Ы.Алтынсарин: “Өлген кісінің әйелі ерінің қайтыс болған күнінен бастап, басына қара жамылады” - дейді [1,169].

Тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдардың мән-мағынасын түсіну үшін оның о бастағы әр алуан уәждерін білу өте маңызды. Бейвербалды амалдардың астарлы мағынасын түсіну дегеніміз сол тілді терең түсіне аларлық аялық білімнің болуына келіп тіреледі. Қазақ халқының тұрмысында адамның қимылына қатысты тыйым ретінде кездесетін іс-әрекеттердің саны недәуір. Олар ұлт танымына байланысты орындауға болмайтын қимыл әрекеттер. Табу болып саналатын қимыл түрлеріне назар салсақ,

Аузынды керме;  
Аяғынды айқастырып жатпа;  
Аяғынды көтерме;  
Басынды салбыратып отырма;  
Басынды шайқама;  
Бетінді баспа;  
Бетінді тырнама;  
Бүйірінді таянба;  
Жағынды таянба;  
Жуған қолынды сілкіме;  
Қолынды айқастырма;



Қолыңды қусырып отырма;

Қолыңды төбене қойма;

Табаныңды тартпа;

Тізеңді құшақтама;

Таңдайыңды қақпа;

Тісіңді қайрама;

Шашыңды жайма;

Шашыңды жұлма.

Қазақтың салт-дәстүрі мен наным-сеніміне қатысты тыйым ретінде кездесетін іс-әрекеттер:

Адамға саусағыңды шошайтпа;

Адамға түкірме;

Адамды санама;

Ат құйрығын кеспе;

Ауылдан аттанарда шаба жөнелме;

Ауылға шауып кірме

Аяқ-қолыңды жіппен байлама;

әйел адам еркекке қарсы қарап отыруға болмайды;

әйел адам ер адамның алдын кесіп өтуге болмайды;

басыңа қара жамылма;

басыңды босағаға беріп ұйықтама;

босағаға сүйенбе;

бос бесікті тербетпе;

дастарханды аттама;

есікті керме,

жер таянба;

жатқан кісінің үстінен аттама;

қарт адамның алдын кеспе;

молаға қарай жүгірме;

табалдырықты баспа;

таяққа сүйенбе т.б.

Қимыл-әрекеттің бұл түрлеріне тыйым салынған. Көнеден келе жатқан, халқымыздың дүние танымы мен болмысының қалыптасуына ерекше қызмет атқаратын ұлттық қасиеттердің бірі ретінде қимыл әрекет, ым-ишара, мимиканы атауға болады.

Тамырын тереңнен алатын қазақ халқының салт – сана, әдет – ғұрпы, үлгі - өнегесі, ата – дәстүрі қаншама заман ағымы өтсе де өзінің жас ұрпаққа деген тәлім –тәрбиесінің мол қорын сарқып көрген емес. Айтылар ақыл, берер кеңес есті жасқа мол қазына іспетті. Күнделікті тіршілікте көз тоқтатып, көңіл қуанар

жайттармен қатар келеңсіз қылықтар де кездесіп отыратыны белгілі. Етек-жегін қымтап, ненің бұрыс екенін дер шағында снасына жеткізе білу де - өнер мектебі.

Ұлына ұлағаттылық, қызына қылықтылықты тілеген халық «баланы бастан» тәрбиесіне барынша назар аударып, үлкен мән беріп бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына қалдырып кеткен әрбір тыйымда терең мағына, мол тағылым жатыр. Мысалы, бүйірді таянбайды. Себебі, жақын адамы қайтыс болғанда жоқтау айтып жылаған әйел қажығаннан бүйірін таянған. Бұл іс-әрекет әйелдер мен қыздарға ғана тән. Ер адамдар бүйірін таянып жоқтамаған. Жер таянып отырмайды. Жақынынан айырылған адам ғана жер таянады. Қолды тарақтауға, артқа қусырып жүруге болмайды. Бұл - қолы байланған тұтқынды еске салатын жаман ырым. Тізені, табанды тартуға болмайды. Ауруға шалдыққанда ғана тізе мен табанды тартады. Жуған қолды сілікуге болмайды. Ырыс – несібе кетеді. Тазалыққа жаны үйір халқымыз кір суды айналаға шашудың дұрыс болмайтындығын болжағаннан кейін айтылса керек. Таяққа сүйенуге, бүйіріңді таянуға болмайды. Ата – анасы, жақын туыстары өлген адам таяққа сүйеніп жылайтын болған немесе екі қолымен бүйірін таянып дауыстап жылаған. Мұндай себепсіз бүйір таяну, таяққа сүйену – сүйенішімнен айырылдым, жалғыз қалдым деген ұғым берген. Қазақ салтында ер адамдар ғана таяққа сүйеніп жоқтаған. Бос бесікті тербету – балаға зар болып жүрген адамның немесе баласынан айырылып қалған ананың әдетін білдіреді. Сол үшін қазақтар бос бесікті тербетуді жамандықтың бастамасы деп санаған. Қайғылы хабар алған адам жер таянып жоқтаған. Сол себептен жер таянып отыруға болмайды. Киімді теріс киме. Ертеде кімде-кім үлкенге тіл тигізсе өте қатаң жазаланған. Оларды ауыл ақсақалдарының талқысына салып, мынадай үкім шығарған: өзінен үлкен кісіге (мейлі ер, мейлі әйел) тіл тигізген адамды қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне қара күйе жағып, киімін теріс айналдырып, ауылды теріс аралатқан, яғни ұялтқан. Масқаралап, бетіне түкіріп, рухани қатаң жазалаған. Қыз басына ақ, қара орамал тартпайды. – жаулықтың, қара – қайғының белгісі. Қара жамылма. Қазақтың ежелгі салтында өлген ердің бір жыл бойы найзасы босағада қадаулы тұрады. Аты жал-құйрығы күйзеліп жылқыға жіберіледі, жұбай шашын тарқатып, басына қара жамылп, күніне үш мезгіл жоқтау айтады. Марқұмның жылы болған соң атын сойып, найзасын сындырып, асын береді. Ала жіпті аттама. Ала жіптің мағынасы екеуі оның бірі алғашқы қадам басқан сәбидің

тұсау кесерінде кездессе, екінші қазақтың билер сайысындағы дау-таласында кездеседі. Ертеде қазақ даласында жер дауы, жесір дауы деген таластар көп болған. Осындай даулардың ақ-қарасын анықтап, әділ шешімін беру – ауыл ақсақалдарының үлесіне тиген. Егер дау тоқтамаса биге жүгінген. Салт бойынша дау шешулерде қарсы жақтар жіпті екі ортаға керіп қояды. Дау шешілсе – осы ала жіптің ортасынан шорт кеседі. Бұл – шешімнің соңы, дау бітті деген ұғымды білдіреді. Егер ала жіп кесілмесе, даудың ұзаққа созылғаны. Ала жіпті міндетті түрде қара киім киген кемпір ғана кесетін болған. Сондықтан халқымыз ала жіпті құрмет тұтқан, қасиет санаған. Тіпті қой қораға қасқыр түспесін деп, ала жіпті керіп тастау, киіз үйге жылан кірмесін деп, ала жіппен қоршап тастау – осы ұғымнан туса керек. Тізенді құшақтама. Көне замандарда әйелі өлген кісіні тізесін құшақтатып, өлген әйелінің қасына отырғызып қоятыны белгілі. Тізені құшақтау, табанды тарту, бүйірді таяну сияқты тыйым ретінде кездесетін іс-әрекеттер наным-сенімдер ғана емес, денсаулық тұрғысынан теріс бағаланады. Психолог ғалымдардың айтуынша, бұл кездегі қан айналымы, ішкі және сыртқы ортамен түрлі энергиялық алмасулар ырғағы бұзылатын көрінеді. Бетінді баспа. Бетті басқан – жаман ырым. Негізінде қайғылы хабар алған адам ғана бетін басып, кеудеге тығылған өксікті сыртқа шығара алмай жан азабына түскен. Бетін басқан жанды көргенде, аяқ асты хабар естіп, жақынынан айырылғанын жөн сұрамай-ақ білген. Шашынды жұлма. Бетінді тырнама. Шашынды жайып жүрме. Қазақ халқында «бетінді тырнама», «шашынды жұлма», «шашынды жайып жүрме» деген тыйым ретінде кездесетін іс-әрекеттер бар. Қаралы, қайғылы, зарлы әйел ғана шашын жайып (кейде жұлып) жіберіп, екі бетін тырнап, қан жоса жасаған. Бұл іс-әрекет дауыс қылу, жоқтау кезінде жасалады. Сондықтан қазақ шашты жұлма, бетті тырнау, шашты жаю үлкен қасіреттің белгісі деп білген. Қолынды төбене қойма. Ел-жұртынан безінуге бел бұған адам ортадан төбесіне екі қолын қойып шыққан. «Енді сендерді желкемнің шұқыры көрсін», «көрмеймін», «келмеймін» деген ауыр кесім. Табалдырықты баспа. Қазақтың салт-дәстүрі мен наным-сеніміне қатысты тыйым ретінде кездесетін іс-әрекет. «Табалдырықты баспа» деген тыйым ретінде кездесетін іс-әрекеттің түп-төркіні қаншама ғасырлар бұрын өмір сүрген сақтардың әдет-ғұрпынан бастау алған. Ежелгі сақтар есік ашқан адамның табалдырықты басып, екі қолымен босағаны керіп тұрғанын көрсе, оның күн сұрап келгенін, яғни өлген адамның құнын даулай келгенін айтпай-ақ түсінген. Ауылға атпен шауып

кірме, үйге жүгіріп кірме. Ежелден келе жатқан салт бойынша, тек кісісі өлген үйге ғана шауып баруға болады. Ат қойып, бауырымдап жылау, үйге қарай шабу – қаралы күні жасалатын әдеттер. Сондай-ақ өлген адамның жылын бергенде де оның моласына ат қойып шауып баратын болған. Сол себептен ауылға атпен шауып келген шабарманды немесе жүгіріп келген адамды көрген жан жамандық болғанын сөзсіз түсінген. Үлкеннің жолын кеспе, бетіне тура қарама. Қазақ халқының ата дәстүрінде жасы үлкендерге деген құрмет ерекше. Үлкендер отырған жерге кіші ұрпақ рұқсатсыз баса-көктеп кірмеген. Ақсақалдардан, қариялародан бала-шаға, жасөспірім-жеткіншектер еш уақытта жоғары отырмаған. Қазақ келіндері үлкендердің жолын ешқашан кеспеген, бетіне тура қарамаған.

Бір халықтың сөйлеу этикетіне тән ым, дене қимылы, сөйлеу ырғағы, дауыс мәнері сияқты сипаттар екінші халықтың сөйлеу этикетінде-үлттық мәдениетінде жоқ болуы мүмкін.

Қазақ халқының қимыл әрекеттері мен іс амалдары – ел тарихынан, мәдениетінен, дүниетанымынан аса мол дерек беретін қайнар көздердің бірі.

Қорыта айтқанда, әрбір ұлт кинемасы – этнос ерекшеліктерінің белгісі болып табылатындығын қазақ халқында тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдар мен салт-дәстүр, әдеп-ғұрыппен байланысты бейвербалды амалдар арқылы дәлелденді. Тыйым ретінде кездесетін бейвербалды амалдың танымдық мәнін ашу арқылы ұлттық болмыс пен дүниетанымын аша аламыз. Ендеше тыйым-бейвербалды амалдардың астарлы мағынасын түсіну үшін аялық білімнің болуы заңды құбылыс.

### **ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ҚАЛҚАМАН – МАМЫР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ ҚАЛҚАМАН МЕН МАМЫР БЕЙНЕСІ**

ЖАНЖИГИТОВА А. М., ХАСЕНОВА Д. О.  
8 сынып оқушылары, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Дәуір тұлғасы Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы Шәкәрім Құдайбердіұлы – Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында дүниеге келген. Қазақ ақыны, ойшыл, композитор, аудармашы. Әкесінен жастай жетім қалып, немере ағасы Абай Құнанбаевтың қолында тәрбиеленді. Бұл жағдай

Шәкәрім Құдайбердиевтің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, ақындық шеберлігінің шыңдалуына зор әсер етті. Орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, Батыс, Шығыс әдебиетін зерек білді. Жеті жасынан бастап өлең жазып, өмірінің ақырына дейін ағартушылық бағыт ұстады. Абайдың жаңашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі екінші реалист ақын атанды. Ақынның творчествосы сан-салалылығымен ерекшеленді, оған көңілдің шатшадыман әуені де, көкіректі қарс айырған трагизм де тән. Ақын нақты өмір суреттерін, туған табиғаттың әсемдігін тебірене жырлады. 19ғ. - дың аяғы мен 20ғ.-дың басындағы қазақ өміріндегі оқиғаларға, құбылыстарға қызу үн қосты. «Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық!» (1877) өлеңінде талапты жастарды ұлы Абайдан үлгі-өнеге алуға, содан үйренуге шақырса, «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» (1879) өлеңдері Абай үлгісінде жазылып, адамның өмір жасын жыр етеді. «Өмір», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық», сияқты дидактикалық өлең-жырларында боямалы ажарды, жасанды мінез бен жағымсыз қылықты сынға алады. Ғашықтық сезім таза, пәк жүректен маздайтынын айта келіп, («Анық асық әулие», «Шын сырым») адамгершілік ақ жолға, өнер-білімге үндейді. «Жастарға» (1880), «Арман», «Насихат» (1881) атты өлеңдерінде әртүрлі тап пен топ өкілдерінің ниет, мақсаттарын шеней келе, қоғамда әлі моральдық өлшемнің дұрыс қойылмағанын сөз етеді. Ш.Қ.- қазақ поэзиясында оның философиялық саласын дамытқан ақын. Бірақ кейбір өлеңдерінде («Бай мен кедей», «Бай мен қонақ») мәселенің әлеуметтік мәнін ашуға бара бермейді. Үстем таптың озбырлығын, қиянатын айтумен шектеліп, «еңбек ет, бөтенді қанама, ісіңе арың басшы болсын» деп уағыздайды. «Жуандар» деген өлеңінде байларды сынады, бірақ таптық көзқарасты санасына терең сіңіре алмай, ағартушылық көзқараста қалып қояды. [5, 196] Шәкәрім ауыз әдебиетінің суырыпсалма ақындар поэзиясының жазба әдебиетке ауысуына зор қызмет етті. Лирикалық жанр түрлерінің дамуына, мазмұнының етене жақындасуына мол еңбек сіңірді. Көптеген өлеңдеріне ән шығарды. Абайдың кеңесі бойынша «Қалқаман — Мамыр» дастанын жазды. (1888). Мұнда кіршіксіз махаббат дәріптеліп, ел билеушілер орнатқан қатыгез тіршілікке қарсылық, оны айыптау бар. «Еңлік — Кебек» дастанында (1891) бірін-бірі сүйген екі жастың қасіретін ескілікті салт-сананың қатып қалған уағыздарымен байланыстырады. «Айсұлу — Нартайдың» поэмасы жамандықты жазаласа, «Әділ — Мария» романында шынжыр балақ, шұбар төс алпауыттардың зорлық-

зомбылығына қарсылық білдіріп, революцияның жеңісін хабарлаумен аяқтайды. Шәкәрім Құдайбердиев — «Қодардың өлімі», «Крез патша» дастандарының авторы. [1, 55] Қазақ халқының бай ауыз әдеби қорындағы ең мол саланың бірі – лиро эпостық жырлар. Лиро-эпостың негізгі мінездемесі жайында да құнды пікірлер айтылған. Бұл топтағы жырлардың негізгі ерекшелігі – ғашықтықты мадақ еті, халықтың тұрмыс салты, өмірдің реалистік суреттері, жеке қаһармандардың психологиясын ашуға бағытталады. Р.Бердібаев эпос жайында : «Халқымыздың ғасырлар бойы жаратқан эпикалық мұрасының бір саласы – романдық немесе ғашықтық эпостар. Ғашықтық эпостарда отан қорғау есем, адамның жеке басының мүддесі, махаббат мәселесі қарастырылады және осылар алға қойылады. Романдық эпостарда – адам арасындағы түрлі байланыстың достық, өшпенділік, ата-ана, бала арасындағы түрлі мәселелер қарастырылады. Бұл эпос түрінде драмалық, лирикалық ағым көп орын алады. Романдық эпостарда ауыз әдебиетінің түрлі жанрларының үлгілерін кездестіруге болады. Көптеген жырларда жар-жар, көңіл айту, қоштасу, жоқтау, жұбату, айтыс жанрларын байқауға болады»[4,325]. Романдық эпостар - кіршіксіз сүйіспеншілік, адамның ең асыл сезімдерінің тәңірі тұтып жырлауымен, адамзатты пәктік, адалдық үлгісінде тәрбиелеумен ғана емес, көркемдік қасиетімен де құнды рухани мұра. М. Жолдасбеков, С. Қасқабаев ғашықтық эпос жайында: «Ғашық эпостың басты мақсаты – ерлікті емес, махаббатты жырлау, шайқасты емес, сүйіспеншілік үшін күресті дәріптеу, сол себепті мұнда ел ішіндегі бейбіт өмір, халықтың тұрмысы әдет-ғұрпы молырақ көрініс табады». [4,325] «Қалқаман-Мамыр» поэмасы – халықтық шығарма» «Бұл әңгіме 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған анық іс. Біздің қазақ қалмақтан жеңіліп, «Ақтабан шұбырынды» болғаннан бір-ақ жыл бұрын. Қалқаман- Мамырдың ісіне ескі қазақтар теріс көзімен қараса да, осы күнгі көңілінің көзі ашықтар жазасыз екенін біліп, дұға қылса керек. Өлгенді тірілтпесем де, өшкенді жандырғандай болсын деп, биыл жүз тоқсан жыл болып, ұмытылған істі алдыңызға қойдым. Бұл әңгіме ақсақал аузынан да қалып бара жатыр. Сол асықтардың өзі кетсе де, ізі жоғалмасын дедім – біздің де ізіміз жоғалатынын ойлап ». [2, 280] (Ш.Құдайбердіұлы) Халықтық шығармаға айналған дастан сюжеті феодалды-патриархалдық дәуірдегі озбырлық пен әдет-ғұрыпты әшкерелейді, еркіндікті аңсаған халық идеясын паш етеді. «Қалқаман-Мамыр» дастаны алғаш рет 1912

жылы Семейде кітап болып басылып шыққан. «Қалқаман-Мамырдың» түрлі нұсқалары бар. «Қалқаман - Мамыр» поэмасы – жастардың мөлдір махаббатының дәлелі. Қазақ халқы – негізінен, сөз өнеріне, өлең - дастандарға көп мән берген халық. Сонау V - VI ғасырлардан - ақ дамыған сөз өнері шығыс түркі тілдес елдерге қанатын кең жайып, жыр - толғаулар, өлең - дастандар ауыздан - ауызға халық жадында сақталған. Осындай халық ауыз әдебиетінің жыр - дастандары, батырлық жырлар, ғашықтық, не тұрмыс - салт жырлары болсын Шығыс елдерінің сөз өнерінде тереңірек қалыптасқан. Әсіресе, ғашықтық жырлар, лиро - эпостық жырлар халық жырларын ұрпаққа таныстырған жыршылар арқылы қазақ қауымында ғасырлар бойы сақталып келеді. «Ләйлі - Мәжнүн», «Жүсіп - Зылиха», «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қалқаман - Мамыр» сияқты лиро - эпостық жырлардың ең негізгі тақырыптары сүйіспеншілік, махаббатқа адалдық, мөлдір махаббатқа жету жолындағы ізгі істер, халықтың тұрмыс - салты, тіршілігі, дәстүрі, таза махаббат жолындағы қайғы - қасірет, күйініш - сүйініші болып табылады. Бұл ескі қазақ өмірін суреттеу арқылы трагедиялық тағдырлар туралы сыр шертетін бұл поэма Ш. Құдайбердіұлының атын бүкіл қазақ даласына жария етті. Бұл поэма қай халық болса да сүйіп тындайтын, қайғылы - қасіретті, трагедиялы поэма болғандықтан екі жас өз мақсаттарына жетуге ұмтылды. Менің ойымша, қос ғашық өздерінің ең негізгі мақсаты таза махаббатқа жетті. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңіндегі халықтың хал - ахуалы, тұрмыс - тіршілігі де анық көрсетілген. «Қалқаман – Мамыр» поэмасының басты кейіпкерінің бірі – Қалқаман. Бойында ер жігітке тән батылдық та, ақыл-ой да, өр мінез, сүйіктісіне деген толассыз махаббат та тоғысқан нағыз қазақ жігітінің бейнесі. Қалқаман – поэманың басында батыр күйінде кездеспейді. Оның бойында толысқан ақыл мен ерекше батылдық барын мына жолдардан анық байқаймыз: «Қалқаман қыз айттырмай жүреді екен, Мамырды жас күнінен біледі екен. Асықтығын айта алмай іштен жанып, «Құрбымыз» деп құр ойнап-күледі екен». [2, 281] Тек шын ғашық адам ғана, тек пәк, кіршікіз сезім иесі ғана өз сезімін құрықтай алады. Осы шумақтың өзінен-ақ Қалқаманның ер жігітке тән ұстамдылық танытқанын байқауға болады. Қалқаманның ой ұшқырлығы, тапқырлығы кім-кімді де таң қалдырады: «Ей, Мамыр, адамды Алла жаратыпты, Хауа ананы адамға қаратыпты. Бірін еркек, біреуін әйел қылып, Екеуінен көп жанды таратыпты. Құдай неге қылмаған адамды тақ, Балаларын өзінен өстіріп - ақ.

Хауа ананы жаратуда мақсұты не? Сол арасын білуге ақылым шақ». [2, 281] Әрине, поэма тақырыбы махаббат, сүйіспеншілік болса сырлы жыр болмауы мүмкін емес. Қалқаманның айтқан сөзінен-ақ оның астарлап сөйлеуінен шешендік өнер белгілерін аңғарамыз. Поэмадағы Қалқаман бейнесі ойға жүйрік, ұшқыр, тапқыр жігіт бейнесі: «Қалқаман оймен шешті қыздың сөзін, «Таптым» деп шешуінің анық өзін: Бүрсігүні күн бата сол қамысқа Келіп кірді «сол ғой,- деп,-айтқан кезін». [2, 283] Қыздың жұмбақ сөзін тапқырлықпен шеше білгені оның сегіз қырлы, бір сырлы сері жігіт екенінің дәлелі. «Ер жеткен қыз еркімен ерге тиер» – Мамырдай қыздың Қалқаманды таңдауы жай емес екені белгілі, Қалқаманның қайтпас қайсар мінезі қыз жүрегін жаулап алғаны анық. Қалқаман тек сауатты ғана емес, иманға да берік азамат ретінде бейнеленген: «Мамыр-ау, мені сүйсең, кетпе жатқа, Құдайға хақ, ісім жөн шарифатқа. Басы – бабан, аяғы – шала молда, Бәріне анық оқыған жамағатқа.» [2, 284] Қалқаманның Мамырды алып қашуы адал махаббат, шынайы сезім нышаны. Олай болмағанда, қай ер жігіт өз еліне қыз үшін қарсы шықсын. Демек, Қалқаман бейнесі нағыз ер жігіттің, сөзін ісімен дәлелдеуге даяр батыр бейнесі. Тобықты елі өз бауырын өлтірмекке бел байлағанда, Қалқаманның ерлік танытып, неге де болса көніп, өлімнен қорықпай, ажалмен бетпе-бет келуі өр мінезді ер тұлғаны бейнелейді. Қалқаманның Мамырға деген шынайы пәк сезімін тіпті Мамырдың о дүниеге аттануы да өшіре алмады: «Белгілі Мамырдан сон көп жүрмесім, Түз-дәмін Орта жүздің жеп жүрмесім. Жалғыз-ақ Тобықтының дұспандары Рахымсыз, бауырсыз ел деп жүрмесім.» [2, 289] Қалқаман бейнесі елін, жерін қорғаған батыр бейнесі ретінде суреттелмесе де, өз сезіміне қорған болған батырдай суреттелген. Елінің озбырлығы мен әділетсіздігіне шыдай алмай, өз туған жерін, жақындарын тастап кетуі – сол кездегі әділет жолындағы күрестің бір түрі. Шарасыздықтан туған қарсылық әрекет: «Ел қылып Тобықтыны тұра алмаймын, Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын. Өлерде аямады, қайда аяйды, Сендерге енді мойын бұра алмаймын». [2, 289] Сонымен, Қалқаман бейнесі – қайсар мінезді, сегіз қырлы, бір сырлы, сезімге адал, сөзге берік, нағыз қазақтың өр мінезі ерінің бейнесі. «Қалқаман - Мамыр» поэмасындағы Мамыр бейнесі де, әрине, айрықша маңызды. Өйткені, Мамыр – поэмадағы басты қаһарман. Ол шынайы бейне, ауылда еркекшора болып өскен байдың қызы. Әйтсе де ол әке даңқымен бой түзеген ақылсыз да жан емес. Өзін қаншалықты еркін ұстап, қарына құрық іліп,



жігіттермен қатар жылқы бағып жүрсе де, оның бойында қазақ қыздарына тән нәзіктік те, ибалық та, саналылық та байқалады. Мамыр – сүйкімді, сұлу, өр мінезді өжет қыз. «Сол байдың он бес жасар қызы Мамыр Әрі сұлу, әрі есті, еркекшора» [2, 281],- деп эпитет арқылы поэмада берілген бұл тармақтар аса бір сұлулықты көрсетеді. Қыз балаға тән қасиет – сұлулық. Ал Мамыр қандай сұлу болғанымен ер мінезді қыз болған: «Мамыр жылқы бағады күндіз барып, Тымақ киіп, қолына құрық алып.» [2, 281] Бұл поэмада Мамыр өзінің нағыз қазақ елінің қызы екенін дәл, анық көрсетеді. Мамырдың ақылына көркі сай қыз екеніне дау жоқ. Ол Қалқаманды өзінің тапқырлығымен сүйсіндірді: «Жоқ болса махаббатты бір сүйгенің, Ойлашы, керегі не дүниенің. «Сүйсін, жолдас болсын» деп жаратты Алла, Бұл туралы білгенім осы менің.» [2, 282] Мамыр бейнесінен сөз өнерін құрметтеген қазақтың сұлу қыздары да сөз өнерінің мәнін түсінгені, қадірлегені көрініп - ақ тұр. «Ауылымның күнбатысы қалың қамыс, Бүрсігүннен арғы күн болады алыс. Жас кісиде бар болса жігер - намыс, Болып кетіп жүрмесін жатпен таныс.» [2, 283] деген Мамырдың бұл шумақтары сөз өнеріне деген аса құрметтілігін көрсетеді. Дәстүрге берік, әрқашан үлкеннің айтқанын екі етпейтін Мамырдың елінен қашуы – таңғаларлық іс. Әрине, бұл Қалқаманға деген таза махаббат, адал сүйіспеншілігінен өрбіген іс: «– Қалқаман, рас болса айтқан сөзің, Сен үшін келіп тұрмын, көрді көзің. Сүйген жарым, сүйенген жаным – сенсің, Не қылсаң да біле бер, мейлің өзің». [2, 284] Мамырдың сұлулығы толықтырып отыратын қасиет – ақылдылық, сабырлық: «Алдандырдым мен Сізді сөзбенен құр, Тәуекел деп Аллаға тез, жылдам жүр. Заман қандай болар деп дайындап ем, Боз жорға атым белдеуде ерттеулі тұр.» [2, 285] Мамырдың алдын ала дайындалуы оның ақылдылығының, көрегендігінің белгісі. Сұлу Мамырды сұлуландырып көрсету үшін ақын адамгершілік, сезім, махаббат, әділет – дүниедегі ең қымбат, ең асыл нәрселер деп атап көрсетеді. Қазақ халқына тән ұстамдылық, инабаттылық, сабырлықты Мамыр өз бойына жинақтай білген. Өз басын қатерге тігіп еліне қайтып келуі осы адамгершілік қасиеттерге толық ие екенін көрсетеді. «Көкенай, қарғамаймын, сөзіме бақ, Ісім жөн, бір құдайға көңілім хақ» [2, 286] - деген жолдар тағы да Мамырдың ақылдылығына тәнті етеді. Жұрты жазықсыз қызға ренжісе де, ол жұртына ренжіген емес. Туған елге деген, қаны бір бауырға деген сүйіспеншіліктің нағыз көрінісі: «Мойныңа менің қаным халал болсын, Болма енді Қалқаманның қанына ортақ.» [2, 286] Мамыр

бейнесі өзімшілдіктен аулақ. Тіптен, ажал құшып бара жатса да, сүйгенінің қамын ойлауда. Оның амандығын, уайымсыз жер басып жүруін қалаған Мамыр: «Кешікпей мен өлемін, сен тірісің, Іс емес құдай кешер қылған ісің. Өлтіртпе, тілегім сол, Қалқаманды, Барасың тәңір алдына, білемісің?» [2, 287] – деп өлер алдында жұртынан Қалқаманға әділетті болуын сұрайды. Таза махаббат үшін күрескен Мамырдың өлімінің өзі – әділетсіздікке айтқан лағынеті, қарсылыққа шыққан күресі деп ұғынамыз. Мамыр бейнесі – ибалы да инабатты, сұлу да ақылды, адал да пәк, қыз балаға тән ұяндық пен ер балаға тән ерлік пен еркіндіктің тоғысқан нағыз қазақ қызының бейнесі. Мамыр – тағдырдың ағысына қарсы жүрген жан. Ол – Қалқаманның алғашқы сәттегі шолақ ойдан туған арзан ойының құлы емес, керісінше жігіттің өмірді өзгеше түсініп, сезімнің ұлы күшін мойындатуға бет бұруына жөн сілтеуші. Яғни аңғал жігіттің ақылына жолбасшы, сезіміне көшбасшы. Шәкәрім сомдаған Мамыр бейнесінің тағы бір таңғаларлық тұсы – қайсар мінезі, өлімді қаймықпай қасқайып қарсы алуы. Езбен өткен өмірден, сүйіктісімен бір болуды арман еткен Мамыр бейнесі адалдықтың, бар адамда табыла бермейтін өжеттіліктің нағыз үлгісі деп білемін. Қорытындылай келе, айтарым «Қалқаман – Мамыр» поэмасының қазіргі жастарға берер өнегесі мол. Бұл поэмада қазақтың әдет-ғұрпы, дәстүрі, екі ғашықтың сиқырлы сезімі, жанашырлық сюжет, тарихи оқиға, заман шындығы, шынайылық пен жасампаздық, еліктірер кейіпкерлер бейнесі керемет суреттелген. Шығарманың тәрбиелік мәні өте зор. Бір жағынан, тағдырға қарсы келмеу, ата-ана қарғысына қалмауды дәріптесе, екінші жағынан махаббатқа адал болуға, басына не іс түссе де сезіміңнен теріс айналмауға үгіттейді. Үшінші жағынан, қазақ халқының атадан келе жатқан салт-дәстүрінен аттап өту үлкен қателік екенін де тайға таңба басқандай санамызға жеткізеді. Әрине, сол кездегі жастар мен қазіргі заманғы жастардың заманын салыстыруға келмейді. Заман өзгерді, адам өзгерді. Қазіргі жастар өз махаббаттарын қайғы - қасіретсіз, сүйініш - күйінішсіз елестете алады. Бірақ ертедегі замандағы махаббаттың ұлылығы сонша, ғашықтар махаббат үшін жанын қиған. Ал бұл – қазіргі жастар үшін үлкен ұлағат. «Шын сүйген жан тайынбас ұлы сыннан, аруға жүрегі мен жыр ұсынған» - демекші, Қалқаман мен Мамыр бейнесі тағдырдың сынын күліп қарсы алып, қиындыққа мойымай, қайсар мінезбен тағдырдың дайындаған ешбір сынынан тайынбай, мүдірмей, шынайы сезімді қорғап қалған нағыз қос ғашықтың



бейнесі. Адамзаттың өткен ұзақ өміріне көз салсақ, оның өнері мен поэзиясында махаббаттан, ғашықтықтан асқан тақырып болмапты. Махаббатты жыршы да, жазушы да, акын да көп. Соның ішінде оқырманның жүрегінен орын таба алғандары санаулы-ақ. Десе де, Шәкәрім Құдайбердіұлының қара сиясы жүректі елжіретеді де, сүйсіндіреді де білді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұхаметханұлы Қ. Шаһкәрім // Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-том.-Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006.-48-65б.

2 Шәкәрім Құдайбердіұлы, шығармалар жинағы, Алматы, 2009.-280-291б. Әбдиманұлы Ө.

3 XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Қарағанды: «Болашақ», 2010. – 325б.

4 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна» 2010 -190-203б.

5 <http://www.izden.kz/referattar/kazak-tili-men-debieti/1014>

### ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ

ЖАППАРОВ Қ. А.

8 сынып оқушысы, Жылыбұлақ негізгі мектебі,  
Шарбақты ауданы

Зерттеу жұмысының сипаты. Ел тарихын тарихи тұлғалар арқылы зерделеу; Қазақ тарихында терең зерттеуді қажет ететін ірі тұлғалардың бірі – Құнанбай Өскенбайұлы. Өкінішке қарай, қалың көпшілік оны тек ұлы Абайдың әкесі, қазақ феодалы немесе кедейге «тырнағы батқан» аға сұлтан деп қана таниды. Өйткені, аға ұрпақ Құнанбайды «Абай жолынан» ғана оқып өсті. Оның қайраткерлігі, ағартушылығы жайында естігендері тым аз.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Н.Ә.Назарбаевтың: «Ұлы тұлғаларды білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын

олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» дегені ұлт қайраткерлеріне, олардың ел алдындағы жауапкершілігін сезіндіргені деуімізге болады. Ел тарихын тарихи тұлғалар арқылы зерделеу; тереңде жатқан тарихи, саяси, ұлттық және мәдени дәстүрлерге сүйене зерделеу арқылы шынайы, тарихи бағасын беру қажет. Сондықтан қарастырылып отырған тақырыбымыз арнайы ғылыми зерттеу нысаны болуға әбден лайық, тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі деп білеміз.

Тақырыптың мақсаты мен міндеттері: Құнанбай қажының өмірі мен қызметін жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан қорытып, бұрын тарихымызда белгісіз болып келген немесе әдейі бұрмаланған тұстарын тың деректерге сүйеніп тарихи шындық тұрғысынан зерттеу оның өз халқына берілген шынайы келбеті мен қайталанбас ерекшеліктерін ашып көрсету – зерттеу жұмысының басты мақсаты. Осыған орай зерттеу жұмысының алдына мынадай міндеттер қойылады:

- Құнанбай қажының қалыптасуына өскен ортасының әсерін анықтау

- Құнанбай қажы туралы мақалалар мен зерттеулерді жинақтау  
Қарастырылып отырған мәселені Кеңестік дәуірде арнайы қарауға қажетті алғышарттар қалыптаса қоймады. Еліміз егемендік алғаннан кейін ғана тарихи тұлғаларымыздың атқарған істері тарихнамаға ене бастады. Мұның өзі тақырыптың өзектілігін арттыра түседі.

1.1 М. Әуезовтің Құнанбайдың тарихи бейнесін көркем образға айналдыруы

«Құнанбай өз тұсындағы ел билеушілердің көбінен қатал, салмақты болған, ақыл-ойда, қажыр-қайратта, өмірді білу мәлім еткен»

Мұхтар Әуезов

Халық арасында аты аталмай, танылмай келе жатқан жандардың бірі Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы болса керек. Ол туралы басқалар тәрізді марапат сөздер аз емес. Құнанбайдың шапағаты мен даналығы Семей мен Қарқаралы, Шыңғыстау мен Абыралы өңірлерінің халқына танымал, Құнанбайдың атына айтылған қошемет лебіз көлкөсір болатын. Ұлы қаламгер М. Әуезовтің Абайдың әкесі Құнанбайдың тарихи тұлғасын «Абай жолы» роман-эпопеясында жан-жақты суреттеп, қыры мен сыры мол теңдесі жоқ типтік бейне етіп мүсіндегені белгілі. Құнанбай бейнесі романда басқа көркем бейнелерден биік тұрған тағылымы мол, бойында

адамға төн жақсылық қасиет заманнан заманға үлгі боларлық, ұлттық сананы саналылықпен сақтап қалған тұлға. Оның Абайға жасаған әкелік борышы, қазақ үшін, бүкіл ұлтымыз үшін мақтан тұтарлық әке екендігі архив беттерін ақтарғанда айқын көрінеді. Балалардың дүниеге келуі мен өсуіне, олардың жастайынан бітім – болмысының жетілуіне көреген әке көп мән берген. Олардың рухани танымына бағыт берумен қатар, мінез – құлқының қалыптасуына қарай жағдай жасап, ақыл – кеңес беріп отырған. Көп әйел алған Құнанбай балаларының татулығына, бауырмалды болып өсуіне мүмкіндік жасап, бір әйелден туған баланы басқа әйелдерінің бауырына салып, әйелдерінің де ауыл мен ауыл арасында беделді, абыройлы ана екендіктерін көрсете алған. Құнанбай образына қатысты тарихи шындық пен көркем шындықтың «Абай жолы» роман – эпопеясындағы бейнеленуіне байланысты архив деректеріне сүйене отырып, жаңаша пікір қалыптастыруға Ә. Марғұлан, Л. М. Әуезова, Т. Жұртбай айтулы еңбек сіңірді.

Кейіпкер Құнанбай мен тарихи тұлға Құнанбайдың өмірі, жеке басына қатысты оқиғалардың өзі өмір сүрген заманының тарихи шындығымен салыстыра талдау ұлы шығарманың түпкі көркемдік мақсатын терең түсінуге мүмкіндік береді. М. Әуезовтың өзі де бұл мәселеге ерекше көңіл бөлген. 1933 жылы жарияланған «Абайдың туысы мен өмірі» атты зерттеуінде: «Біздің мақсат – осы қарастырылатын адамдардың барлығының өмірін бізден алыс заманда, бүгінгі өмірімізден бөлек күй, бөлек шарт, бөлек тарихи дәуірде бүгінгіден бөлек болғандығын анық көрсету.

Ол кезінде Қарқаралы дуанының аға сұлтаны, атақ пен даңқтан кенде адам болмаған. Абайдың «Ұйықтаған ойды кім түртпек, көңілде сәуле болмаса», - деп жырлауының өзі әке жолының үлгі болғанын танытса керек. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Құнанбай бейнесін асқан шеберлікпен өрнектеді. Ұлт руханиятының баға жетпес биігінен саналатын классикалық туындысында Құнанбай әдеби кейіпкер. Көп уақытқа дейін, тіпті, біздің бүгінгі ақиқатымызда ұлы суреткер сомдаған идеялық-көркемдік коллизия шеңберінен шыға алмай қалдық.

## 2.1 Құнанбай Өскенбайұлының өмірі жайлы

Құнанбай Өскенбайұлы, Құнанбай қажы (1804, бұрынғы Семей обл. Шыңғыстау, Ақшоқы қыстауы - 1886, сонда) - би, аға сұлтан. Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Ол жасынан палуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың

тәрбиесінде ел билігіне араласты. 1834 ж. әкесінің орнына Күшік-Тобықты болысының старшындығына сайланады. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгінін қолынан шығармаған. 1846 ж. генерал Вишневскийдің ұлы жүз қазақтарын Ресейдің боданы ету мақсатында жүргізген арнайы экспедициясына қатысты. Экспедиция құрамында болған поляктың саяси қайраткері А.Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасы туралы: «Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, көрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған..., әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған» - деп сипаттайды («Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар», А., 1979). Оның азамат, тұлға болып қалыптасуы әкесі Өскенбай мен анасы Зеренің тағылымды тәрбиесінен. Көп ретте Құнанбайды «қарадан шыққан» деп жатады. Анасы Зере болса Құнанбай туылғанда оны дәретсіз емізбеген екен. Бойындағы тектілік пен қайсарлық мінезі де осы ана сүтімен келген.

Абайтану ғылымымен айналысып жүрген Алмахан Мұхамедқалиқызының пікірінше, өз ұрпағының және жалпы қазақ балаларының көзін ашу мақсатында Құнанбай жалғыз өзі қаншама баланың сауатын ашуға ықпал жасаған. Аймақта мектеп, медресе мен мешіттер ашты. Балаларының орысша үйреніп, сауат ашуы үшін оларды Ресейге жіберіп те оқытты. Оның ерекшелігі – білім, оқу ісіне сондайлық көңіл бөлген. Сәулет өнерін жақсы көргендіктен Қарқаралыда мешіт, Меккеде тәкие салған. Янушкевич айтқандай, мұның бәрі білімге, мәдениетке, ой-санаға үлгі беретіндей жарқын істер.

«Өз басым қазақ халқының дана қайраткері, атақты қажы баба салдырған тарихи сәулет туындысы қайта қалпына келіп, халық іргесін босатпайтын қасиетті орынға айналуына қолдан келгенше қолқабыс жасағаным өзімді бақытты адам сезінемін» - деп еске алады мемлекет қайраткері Тайыр Мансұров. Қазіргі таңда жәдігер Қарқаралының мақтан тұтатын орындарының біріне айналып отыр. Құнанбай қажы мешітінің тек жәдігер ретіндегі ғана емес, тарихи өлке тұрғындарының алдынан кезіккен қиыншылықтардың барлығын еңсесін көтере еңсеруі жолында да үлкен ықпалы болды.

Осынау адамзат үшін киелі рухани орынға айналып, халықтың тұрақтылығы мен татулығының ұйытқысындай ұлықталған киелі орынның бой көтеруіне тікелей мұрындық болған бабамыздың бұл ісін шексіз құрметке тұрарлық ерен еңбек деп бағалауға әбден лайық. ( Назерке Жұмабай)

Бүгінгі күні ақын Абайды зерттеушілер Абайдың Абай болуы Құнанбайдың асылдығынан дейді. Ол өз заманының ақылды, дана адамдарының бірі болған. Кей зерттеулерде оны ағартушы да дейді. Өз елінде халқына қамқор бола білген адам. Атақты Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» деп аталған ,1913 жылғы шыққан мақаласында «Абайдың өз әкесі Құнанбай қазақтың жұрт аузына қараған бас адамдарының бірі болған.. Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып ,тұрған заманда солармен таласып, қарадан сұлтан болған екен». Ахаң Құнанбайды қазақтың бас адамдарының бірі деп,ал Абайды қазақтың бас ақыны деп баға берген. А.Янушкевичтің қазақ даласына саяхаты 1846 жылдың мамыр айының басынан осы жылдың қазан айының ортасына дейін созылған. Омбыдан Семейге аттанарда 8 мамыр күні анасына жолдаған хатында «...әлі күнге дейін бірде-бір поляқтың табаны тимеген таулардың шыңына көтерілмекпін», - деп жазады ол. Янушкевич жазбаларының құндылығы сол ,ел ағасы Құнанбайдың бейнесін қасында айлап жүрген, көзкөрген адамның суреттеуі арқылы жетуімен қымбат. Құнанбай бидің ескі тарихты мол білетіндігі, тарихи ойлау зердесінің ғылыми тұрғыдан талдағанда жүйелілігі , танқаларлықтай тіл шұрайлылығы , мұның барлығы да Халиолла, Абай, Шәкерім, Әбдірахман, Көкбайлардың қазақ тарихы, шежіресі, философиялық ой – әлемі мәселесіне не себепті қалам сілтеп барғанын таныта түседі.

## 2.2 Құнанбай – халық қамқоршысы (ерлігі жайында)

Құнанбайдың үлкен бір көрегендігі, оның өз әулетіне арнап үлкен зират салғызғандығы. Бұны – ұрпақтың тұтастығы деп біліңіз. Әруаққа арнап құран оқитын болса немесе іздеп келген жан болса бір әулеттің мазары бір жерде болсын деген ниетпен төрт құлақты үлкен мазар салдырғаны да содан. Ол жерде бүкіл туыстары он жеті адам жерленген дейді.

Янушкевичтің айтуынша , тазының тұяқтарын тазалап отырғанды ол талай көрген. Бала тәрбиесі туралы көп айтқан, бір ғажайып жері бала ауырғанда оның жақсы емшісі де Құнанбайдың өзі болған,сонымен бірге «Есім хан салған ескі жол туралы»,атақты билердің шешімдері туралы көп білген.

Ал Абай әкесі туралы болса:

Зекет жиып, егін сап,

Тойдырған ғаріп, жатақты,-деп жазады.

«Әке - отбасының пірі», кара шаңырықтың қожасы немесе әке - үй ішінің тірегі, баласының жүрегі демекші Өскенбайдан тәрбие алып өскен Құнанбай Абайға да үлгілі әке болардай ғұмыр кешті. Абайдың өсіп-жетілуіне, сана сезімінің ұлғайуына ең алдымен жаратушымыздың жүрегінің түбіне түсірген сәулесі себепкер болса, екіншіден әкенің аялы алақаны мен ақ жолы мұрындық болды.

Құнанбайдың ел басқарудағы саясаты көпшіліктің көңілінен шықпағаны да мәлім. Әрине бұл Ресей әкімшілігінің жүргізген отарлау майданының лебі болса керек. Себебі Құнанбай мұсылмандық қазақи бағыт, құқық талаптарын қатаң ұстанғандықтан ел арасындағы жанжал мен дау-дамайды басып отырған. Бұл отаршылдардың енгізген заң жораларына сөйкес келе бермеді.

Тіпті, бөзбіреулер әке мен баланы, Құнанбай мен Абайды бір-біріне қарсы қоймақ сынай танытты. Тоталитарлық жүйе аямай соққан таңбаның белгісі демеске амалыңыз жоқ. Жалпы, Құнанбай үлкен зерттеуді қажет ететін тұлға.

Бейбіт Сапаралының да «Құнанбай қажы» деген еңбегі бар. Онда да БАҚ беттеріне әлі жариялана қоймаған тың дүниелер жеткілікті.

«Абай жолы» романының талай цензурадан өтіп, біраз жері өзгертіліп жазылғандығы белгілі. Мұны көзі тірісінде Мұхтар Әуезовтің өзі де бірнеше рет айтқан еді. Орыстың саясатына ыңғайлы етіп өзгертілгендіктен Құнанбай көп қазақ үшін әлі де болса жағымсыз тұлға ретінде отыр.

Құнанбай жайлы не айтылса да, бөрінің ойы бір жерде тоғысады. Ол – қазақ халқының тарихында өзінің соңынан өшпес ізін қалдырған ірі тұлға. Мұхтар Әуезов те мұны жақсы түсінген.

Тарихта көп жұмбақ жатыр. Көбісі біз үшін беймәлім. Филология ғылымының докторы Әсет Болғанбайұлы аға сұлтан Құнанбайдың жомарттығына қатысты ел аузында сақталған мынандай бір қызықты әңгімені айтып берген еді.Ілгеріде Жезқазғанның Ақтоғай маңайында өзі өте кедей бір адам болыпты. Бірде ол аға сұлтан Құнанбай қатты науқастанып ,әл үстінде жатыр деген хабар естиді.Өлгі кедей адам қолындағы жалғыз сиырын көп ойланып жатпастан Құнанбай мырзаның дертіне шипа болсын,бір сауабы болсын деп дұға оқытып, сиырын сойып, етін түп – түгел сол маңайдағы кедей кепшікке, жоқ жігітке, тараттырады. Ауыл

аймақ адамдары тандай қағысып, «Қарағым, Құнанбай кімің болады, жалғыз сиырынды сойғаның не қылғаның»деп сауал тастағанда, «Құнанбай мырза ешкімім де емес, ол халықтың адамы, қазақтың қасиетті перзенті. Мендей кедейлердің талайына болысқан мырза адам. Қарадан шыққан хан, аға сұлтан Құнанбай тірі жүрсе, «қандасым, руласым еді» деп өзге ағайындар алдында мына менін айбынымды асырып жүрмей ме» - дейді. Кейін науқасынан айыққан Құнанбай ,ұзынқұлақ арқылы осы хабарды естіп, өзге өлкедегі қаймана қазақтың кесек мінезіне риза болып, мол тарту таралғы жіберіпті.

Мұхаң былай жазады: «Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі: орыс ұлығының бұйрығы бойынша, Кенесарыны қуғандығы. Тегі ,Кенесарының Ұлытау, Кішітаудан көшіп, Ұлы Жүзді бетке алып, бара жатқан кездері бола ма, әйтеуір сол жүрісінің бірінде ,үкіметтің бұйрығы бойынша, Құнанбай старшын күнінде Кенесарыны қуа шыққан орыс отрядымен бірге қазақтан кісі алып қоса қуысқан, қуған қол Кенесарының көшіне жетіпті. Көштің жанында Кенесарының өзі де болса керек. Көште Кенесарының өзі де болды. Бір араға келгенде Кенесары атынан түсіп, намаз оқыпты. Орыс басшысы шабайық дегенде, Құнанбай намаз уақытында шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жиып алып, құр құдықтың ішінде кенесіп, Кенесарыны ұстамауға, қастық қылмауға уәделесіп, келісіпті. Кейін атыс болғанда Жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесарының қолының бір батырын қуып найзаламақшы болғанда, соны Құнанбай сабапты дейді».

Құнанбай шариғат қағидаларын таңдады. Ол ережелерді Құнанбай өзі ойлап тапқан жоқ. Бұл Аллаһтың, Пайғамбардың (с.ғ.с.) жолында болу еді. Өмірінің соңғы жылдарында балаларын жиып, қасиетті мекен – Меккеге барып, Алланың үйін – Қағбаны тауап ету туралы ниеті барын жеткізеді. Меккеге сапар бірнеше айға созылады. Мұсылмандардың бас қаласына келісімен жергілікті қонақүйлерде бос орындар қалмағанын біліп, өкінеді. Сол себеппен Құнанбай қажы Мекке қаласының әкіміне жол тартады. Одан мұсылман қазақтардың қажылықта тіркелмегенін анықтайды. Бұл Құнанбайдың намысына тиді. Сол кезде қасындағы Досжан оған: «Құнанбай, неге осы мәселені өз қолыңа алмасқа?» – дейді. Ол тікелей қала әкіміне барып, қазақ халқы атынан қажылар үшін қонақүй және мешіт салуды ұсынады. Рұқсат алысымен қазақ қажыларының тобы Мединаға аттанады. Ал Құнанбай болса қалып

сол жерде 12 бөлмелі шамамен 60 адам сиятындай етіп қонақүй салдырады. Құнанбай қажы халықтың сілтесе семсері, қорғанса қалқаны болған жан. (Бауыржан Төлегенов)

Қорытынды

Данышпан Абай әкесінен нені мирас тұтты:

Біріншіден, Абайдың дүниетанымы Құнанбай білек күшімен, маңдай терімен ондаған жылдар бойына тәртіптелген ортада қалыптасты.

Екіншіден, Құнанбай дүниеден қайтқанша Абай әкесінің әсер-ықпалында болды.

Үшіншіден, Абай халықтық мұраға, бабалар салт дәстүріне, ескі билер шешендігіне Құнанбайдың білімдарлығының өре деңгейі негізінде дамыды.

Төртіншіден, Абай шығармашылығы, Абай өлеңдері мен қара сөздерінде әкесі Құнанбайдың адам болмысына, дін мен мәдениетке, саясатқа қатысты тұжырымдары із таңбаларын қалдырды.

Әкесі Құнанбай мен Абайдың арасында рухани өлшеусіз дәнекерлік бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан 1998. 16 желтоқсан.

2 Смайыл Құттықожиев Иман журналы, №10, (87) 2011ж.

3 Жұлдыз журналы, 1994 жыл, №8

4 Қазақстан энциклопедиясы, 8 - том

#### ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ

ЖАРКУМБАЕВА А., УТЮПОВ Т.

8 «А» сынып оқушылары, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.

ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Халқының ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Шәкәрім Құдайбердіұлы келер ұрпағына мол мұра қалдырған ақын. Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы 11 шілдеде Шыңғыс тауы бөктерінде қазіргі Семей облысының Абай



ауданында дүниеге келген. Шәкәрімнің туып-өскен шаңырағына да қазіргі біраз жұрт қанық. Қанық болғанда Құнанбайды, Абайды оның ұрпақтарын білу арқылы таныс.

Құнанбайдың бір әйелінен – Құдайберді, екінші әйелінен Абай туған. Шәкәрім – Құдайбердінің кенже ұлы, шешесі Дәметкен. Яғни Шәкәрім – Абайдың жақын інісі. Абайдан 13 жас кіші. Абайдың ақын балалары Ақылбай мен Мағауиядан үлкен. Жас шақтарында бұлар бірге тәрбиеленген. Әсіресе Абай тәлімін тәрбиесін қатар меңгерген. Болашақ ақындардың балалық бесігі, ұшқан ұясы – Абай мектебі. Сонымен қатар ол ауыл мектебінде оқып, білім алады. Әкесі жас шағында қайтыс болғанымен, жетімдік көрмей, емін – еркін өседі. Құнанбай шаңырағының болашақ бір иесі есепті бетқақпай көрмей өседі. Оның үстіне, Шәкәрім жас шағынан пысық, ұғымтал, алғыр болған. Сондықтан оған Абай ерекше көңіл қойып, өз жанына жақын ұстайды.

Ойшыл ақын оңаша толғанып, өлең жазып, өмірдегі, айналасындағы болып жатқан әр қилы құбылыстар мен өзгерістерді бағдарлап, саралау үшін 1909-1910 жылдары Шыңғыстау өңіріндегі Шақпақ деген жерден сая табады. Көптеген шығармаларын ақын осы кезде жазады.

Сауатын ашып, жазу өнерін игеру, кітап оқу мүмкіншілігі жетілген кезден бастап, кеменгер Абай оны терең білім алуға бағыттап отырады. Өз тарапынан Шәкәрім де білім салаларының ілкі басқыштарына тез жетіліп, ерекше үлгеріп, ынта-жігер көрсетеді. Бойына туа біткен талантын да ерте танытады. Есіткенін ескергіштік, айтқанды тез ұғып алғыштық, ерекше ынта-жігерлілік байқалмай, есті адамдардың назарына ілінбей қалмайды. Әсіресе оқығанын тез жаттап алғыштығы. Абай ағасының шығармаларын оқып, жадында ұстағыштығы ерекше көңіл аудартақан. Шәкәрімнің өмір жолын, шығармашылығын зерттеуші Қайым Мұқаметхановтың жазуы бойынша, Шәкәрім 7 жасында-ақ ақындығынан белгі берген. Алғашқы өлеңін әкесінің өліміне байланысты шығарған. Өлеңге әуестігі ерте оянғаны ақынның өз сөздерінен де байқалады. Әуелі домбыра, гарьмонға қосып қосып дағдыланған. Қол шеберлігімен, түр ою, сурет салу өнерлерімен де ерте айналысыпты. Шәкәрімнің ақын болып айналасына танылуы 15-20 жас шамасы. Ал өздігінен ізденіп ғылымға берілуі де, өнерге ден қойып, жазушылыққа бел бууы одан кейінгі кезең еншісі. Содан әрі қарай ел аралап, ірі қалаларда болып, кітапханаларда отырып, өткен-кеткен тарихқа үнілу, тіл үйрену, ақылдың, азаматтық кемелденуі баспалдақтары биіктей берген.

20-30 жастар шамасында жазған өлеңдерінің көпшілігін Абайға тікелей еліктеп шығарады.

Жастық, махаббат тақырыптарына жазған шығармалары Абай өлеңдеріне әсіресе көбірек ұқсайды. Рас ара – тұра гауһар, лағыл, пейіш, хор қызы, ай, жұлдыз сияқты халықтық теңдеулерді қолданады. Бірақ ғашық жарға деген жүрек сырын, ақ – адал ниетін, бойын билеген шын сезімдерін ұстазынша жырлайды. Шәкәрім өмірінің біраз жайы өз шығармаларында, әсіресе, «Мұтылғанның өмірі» деген поэмада жазылған.

Жасынан – ақ өлең жазуға машықтанған Шәкәрімнің алғашқы кезде жазған өлеңдерінің тақырыбы – жастық, махаббат, ауыл жастары өмірінің жақсысын насихаттап, нашарын сықақтап өлеңдер жазады. Шәкәрімнің алғашқы кітабы – 1912 жылы Семейде «Япдам» деп аталатын татар баспасынан шыққан «Қазақ айнасы» деп аталатын өлеңдер жинағы. Ақынның өлеңдерінен айтайын деген ойын тура айтатын Абай әңгімесін мирас еткені байқалады... Сондықтан өзі талай елдерді аралаған, қажы атанған ақын, «Төңір-Құдай» деген сөздерді тура қолданады, кейбір баспадан шыққанда ондай сөздерді алып тастап, баспа өз ойларынан сөздерді алып тастап, баспа өз ойларынан сөздер қосқан.

Шәкәрімнің жан – жақты қаламгер болып қалыптасуына қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, Шығыс пен Батыстың әдебиеті, сонымен бірге замандасы әрі ағасы ұлы Абайдың күдіретті де қуатты поэзиясы тікелей әсер етті. Шәкәрім қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған реалистік дәстүрді жалғастырушылардың бірі болды. Сол дәуірдің қоғамдық – саяси және әлеуметтік қайшылықтарын көре білуде, халқының қамын жеп, жастарға жол көрсетуде ол ұлы Абайдың талантты шәкірті болды.

Шәкәрім өмір сүрген дәуір қазақ халқы үшін күрделі кезең болатын. XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанның қоғамдық – саяси, әлеуметтік – экономикалық және рухани өмірінде маңызды оқиғаларға толы болды. Мындаған орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныстануы, қазақ даласын басқаруда енген өзгеріс көшпелі елдің өміріне жаңа экономикалық қатынастар әкелді. Тарихи – әлеуметтік жағдай қазақтың әдеби, мәдени өміріне де әсерін тигізбей қалған жоқ. Шәкәрім шығармашылығы осы кезеңге тұспа-тұс келді. Халқының мұңын жырлап, адам бойындағы игі қасиеттерді қастерлеп, өлеңдерінің өзегі ету- Шәкәрім лирикасының басты мұраты еді. Ақын айналасындағы жайттарды тек жырлап қана қойған жоқ, ол барлық нәрсеге терең бойлап, жамандығынан жирене біліп, жақсылыққа ұмтыла білді.



Ол – суреткер жазушы, атақты ақын, сонымен қатар бай да маңызды мұра қалдырған, өзіндік творчестволық жолы айрап жатқан сирек кездесер таланттың бірі.

Шәкәрім – осы тарихи кезеңнің талантты перзенті. Бұл жағынан ол халқымыздың зиялы қайреткерлері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Омар Қарашев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұқамеджан Сералин тағы басқаларымен тағдырлас күрескер болды. Туған халқының мәдениеті, азат ел болып, еркін еңбек етіп, бейбіт өмір сүруін армандады. Сол үшін жан сала күресті, сол мақсаттан жазушылық арнасын тапты.

Шәкәрім терең ойға құрылған, күмістей жарқын жырлар жазуды мақсат тұтқан. Өлең сөздері мыс араласпаған таза күмістей, тереңнен толғап, жүрек сырын шертерліктей болуын, ұйқасы жатық болуын көздейді. Кейде ол Абай шығарған өлең өлшемдерін, шумақ түрін, ұйқастарын қолданып жырлайды.

Қырық жасқа дейін Шәкәрім ел жұмысымен айналысып дала, кара жайларын өз көзімен көріп, ондағы әр түрлі тартыстар, қайшылықтар сырына үңіледі. Бөтен жұрт өмірін, мәдениетін білуге, ғылым жетістіктерін тануға талап қылады. Білім мен мәдениет, өнер салаларының жетістіктеріне назар аударады. Қазақ қоғамындағы үстемдер өктемдігіне, надандық кесепаттарына, кулық – сұмдықтарға қарсы шығады. Әділдік, адамгершілік, мәдениет, оқу – білім ұрандарын жырлайды. Айтып, уағыздап қана қоймай шамасы келгенінше, өзінің ізгі ойларын іске асырып та жүреді, Халықты жақсылыққа үндеп, ар – ұят сақтауға, жоқ – жітікке қарасып, қайырымдылық жасауға тырысады. Жиырма бес жасында болыстыққа сайланған тұсын еске әділ басшылық, ізгі әкім үлгісін көрсетем бе деп қиялдаған кездері де болды. Бірақ ол ойларын іске асыра алмайды. Керісінше, өзінің ырқымен жұмыс жүргізу мүмкін емес екеніне көз жеткізеді. Болыс болған кісі жоғары ұлықтар өмірін орындап отыруға тиісті болады. Ал бұл оны азаматтық еркінен айырып, әкімдер құлына айналдырады. Өзі қаласын – қаламасын, басқа болыстар сияқты, жемтікке қонған күшігіндей бұл да алым алып, салық салуға мәжбүр.

Басқа елдерде саяхат шегу ілімге, білімге зәру, өнерге сусап барған ойшыл дарынға үлкен әсер етеді. Ол аздап орысша, түрікше, арабша, парсыша білгені болмаса, батыс тілдерін білмейтін еді. Әйтсе де, зерек ақын әуелі тілмаш арқылы, кейін аударма сөздіктер арқылы өз бетімен оқығандарын түсінетін дәрежеге жетеді. Ол

көзбен көріп, құлақпен естігендерін, оқып білгендерін көңіліне мықтап тоқиды.

Өнер – білім жолына белін бекем буады. Қайда білгір ғалым, өнер өрнектері бар десе, соның жөнін тануға асығады. Өмір, өнер, қоғам, жан, тән туралы жаңаша байыптай бастайды. Өз халқының болашағын ойлап, өткен-кеткеніне көз жібереді. Тарихына үңіледі. Шығыс, орыс, Батыс классик әдебиетін шүкшия зерттей оқиды. Абай мұраларына қайта үңіліп, оның тереңіне бойлап, асыл сырына қаныға түседі. Оқыған шығармаларының халқына үлгі болар дегендерін қазақ тіліне аударады.

Халық поэзиясы жасаған қаһармандық бейнелер мен лирикалық сюжеттер ақынның көңіліне қонып, жүрегіне берік ұялайды. Нәтижесінде: «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр» лирико-эпикалық дастандарын жазады. Дастандардың оқиғалары сол заман әдет – салтына негізделіп, сенімді баяндалады. Кейіпкерлерінің ішкі сезіміне құрылған оқиға өрісі жинақы да әсерлі шығады.

Абай сияқты Шәкәрім де: Гоголь, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Тургенов, Толстой, Некрасов, Салтыков – Щедрин т.б. алыптарды оқып, көзі ашылып, көкжиегі кеңіген. Ол ар – ұждан, жақсылық, әділдік, кісілік жолын нұқсайтын шығармалар жазды. «Насихат», «Тойымсыз нәсіп», «Өлген көңіл – нысапсыз өмір», «Талап пен ақыл» және т.б. өлеңдері («Қазақ айнасы» жинағы) мен «Бояулы суыр», «Қанішер мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене» сияқты мысалдары сондай туындыларға жатады. Оларда әр кез ар – ұждан, адалдық, шындық жолы жеңіл, жұғымсыздық, әділетсіздік әшкере болып, мазакқа айналады.

«Алмас қылыш жатпайды қын түбінде» демекші кара күш қанша құлыптап ұстаса да, кара құлыпты қақ жарып, өнер нұры жарқ етті. Иә, өнерді қапаста ұстауға, немесе мүлде жойып жіберуге болмайды деген осы. Шын көркем туынды мәңгі өмір сүреді. Ол өзінің иесіне – халқына қайта оралады екен. Кезінде жасампаз жақсы жырларымен елге әйгілі болған жазықсыз ақын ақталады. Атақты ақынымыз Шәкәрімнің асқақ үні ұзақ жылдар бойы өзін аңсап күткен қазақ даласын қайта жағыртты. Жақсылықтың жаршысы, ақыл – парасаттың кемел иесі, адамгершіл ақынның жарқын жырлары халқының игілігіне қайтарылады. Шәкәрім оқу, өнер – білімді уағыздай отырып, оған да сын көзбен қарау керектігін айтады. Шын ғылым, нағыз ғалым болады, соны тап та, содан айрылма, ал дүниені бұзатын жалған ғалымнан, залым оқымыстыдан аулақ бол деп кеңес береді.

Шәкәрім лирик ақын ретінде адамгершілік, өнер – білім, болашақ өмір, жастық пен махаббат туралы жазған өлеңдерімен әдебиет әлемінде өшпестей із қалдырды. Ақын қалдырған асыл қазынаның тақырыптық ауқымын, жанрлық кеңдігін көркемдік ерекшеліктері мен өзіндік тілдік шеберлігін ғалымдарымыз жан – жақты зерттеп, дәйекті тұжырымдап, бүгінгі рухани азығына айналдырып отыр. Жас ұрпақты рухани – адамгершілікке тәрбиелеуде бұрынғы ата – бабаларымыздың асыл мұраларын, өсиетті сөздерін, ғибраттарын алдымызға жайып саламыз. Өйткені адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған бабаларымыздың тәлім – тәжірибесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз. Рухани – адамгершілік байлығымыз. Абай, Шәкәрім аталарымыздың шығармаларының тұнығы осы рухани тәрбие. Ғасырлар бойы Абай тәлімі адамзатты адастырмай алдына жарық салар шырағданы болды. Абай ізін жалғастырушы адамдық жолын айнытпай танытқан Шәкәрім жырлары бүгінгі ұрпақтың бойтұмары болмақ. Шәкәрім өлеңдерінің тақырып ауқымы өте кең. Соның ішінде ойып орын алар тақырып – рухани адамгершілік мәселесіне қатысты ойлары. Ол адамгергершілік ар-ұятты жоғары қояды. Оның өлең жолдарынан кісіліктің келбетін танытар асыл қаситтерімен сусындауға тұту, бауырына тарту бұл да адамгершіліктің жоғары түрі. Осы Шәкәрім өлеңдерінде қалай көрініс тапқан?

Бұл тұрғыда Шәкәрім ағамыз: «Ойлансаң, барша адамзат – туған бауыр»- дейді. Ол өлеңдерінде қазағым, ұлтым, алашым деп өз жұртын бүйрегіне бұрса, барша адамзатты бауыр тұтады. «Анадан алғаш туғанымда...» өлеңінде:

Еңбекке шыда, ебін тап та,  
«Сабырдың түбі – сары алтын».  
Өзімшіл болма, көпті ардақта,  
Адамның бәрі – өз халықтың.  
Ынсап пен мейірім, әділетті,  
Жанындай көріп, жан сақта.  
Ол жолда өлсек неміз кетті,  
Мақсұтқа жетпей қалсақ та. – деп туған жұртына өнерге ұсынады. « Ақын кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек анық бақ» деп білді. Оның өзі де «Жолама қулар маңайға» өлеңінде:

Адамдық борыш ар үшін,  
Барша адазат қамы үшін  
Серт бергем еңбек етем деп,

Алдағы атар таң үшін – деп өз өмірінің бүкіл мәнісі еңбекте жатқанын айтады. Ал, «Адамдық борышын» өлеңінде бұл идеяны тиянақтай түседі.

Шәкәрім шығармашылығын оқығанда Абайдың терең ойлы маржан сөздерін еріксіз түсіреді. Ол – заңдылық. Абай ағамыздың «Рақымдылық, мейірбандық, әр түрлі істе адам баласына өз баласына өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі» деген афоризм боп қалыптасып кеткені. Осы өзгеге жақсылық жасау, мейірімді болу идеясы Шәкәрім поэзиясынан қалайша орын алады? Бұл ой, әсіресе, ақын өлеңінде айқын білінеді. Ол су, от, жел секілді ұғымдардың екі жағын, екі түрлі қасиетін салыстырмалы түрде жырлайды да, соның айналаңа пайдасы болар жағын қала дегенді айтады.

Сусағанның сусыны бол су сықылды сүп-сұйық  
Бірақ ондай болма салқын ел көңілін қалдырып.  
От сықылды жылы болсын сөзіңіз бен жүзіңіз.  
Бірақ ондай махаббатсыз болма өртеп жандырып.

Жел сықылды желпі жұрттың шаршағанын талғанын  
Жықпа үйін, болма құйын, қылма жаман аманын  
Жер сықылды пайдалы бол, пайдаласын ел сенен  
Тасты жердей болма қатты, тілме жұрттың табанын, – деп насихат айтады.

Шәкәрімнің «Үш анық» атты еңбегінде ынсап, әділет, мейірім үшеуі қосылып, ұждан, ар, ақыл сөздері жиі кездеседі.

Ақыл білім осындай ар жақтарлық  
Айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық  
Үзіп – жұлып ұятсыз атанбай – ақ,  
Ақылмен жол табалық ел бастарлық, немесе  
...Ғылымсыз болса ақыл түл  
...Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр.  
...Дұрыс деме құр сөйлеп  
Ақылға санат, сабыр қыл, десе ар туралы  
Ақ жолдан айнымас  
Ар сақта, оны біл,  
немесе

Арың сатпа, терінді сат, адалды ізде

Ғибадат пен адалдық ар үшін жи,- деп адамды нұрландыратын ақылы, не нәрсені де ақылға жеңдірсең адаспассың, бірақ ғылымсыз ақыл кем десе, ар-ұжданның ақ жолдан айнытпас серігін

болатынына сенім білдіреді. «Ақылды болсаң арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта» деп ар-ожданды қастерлеп, оны адамгершіліктің туы санайды.

Шәкәрім лирикасын қуаттандырып, нұрландырып тұрған көркемдегіш құралдардың түлері көптеп кездеседі.

Ақын өлеңдеріндегі оның сөз қолданысын, өлең құрылысын ашып, айқындап көрсетуде де, жыр жолдарының сындарлығын ажарландырып, оны сан қырландыра түседі.. Ақынның өлеңдері-зерттеп талдауды, талдай беруді сағынып тұрған әр сипатынын аша беруге тоймайтын бай материал.

Егер әр халықты оның ақынынан танитын болса, ақынды танытатын поэзиясы екені айқын. Ал өлең болса, барлық поэзияның жаны, қимыл-қозғалысы дер едік. Ол-ғайыптан пайда болғандай, сөз сүлейінің сырлы ағыны, жүректі жандырып, жан-жүйенді тербеп, көңілдегі табиғат рухының бейнелі елесі. Міне, осы сипаттың бәрін өмірдегі шынайы бейнесі, жан дүниесі, кеудесі шалқақ, асқақ пенде, өз дәуірінің асыл ұлы, төңкерісшіл, әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі Шәкәрім атамыз.

Демек, келешек жас ұрпақ идеялы да берік, еңбек сүйгіш те ақжарқын, күрескер де батыл, абзал жанды имандылық, адамгершілігі мол мұрагер етіп, тәлім-тәрбие беру ісінде ақын өлеңдерінің күдіреттілігі құрал ретінде қолданыла береді.

Иә, қорыта келгенде ақын өлеңдерінің басым көпшілігі рухани адамгершілік қағидаларға толы десек артық айтпаған болар едім Шәкәрім мұрасы жан-жақты зерделеуді тілейтін асылдарымыздың санатында

Адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған Шәкәрім атамыздың тәлім – тәрбиесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз рухани – адамгершілік байлығымыз.

Міне, осы сипаттың бәрін өмірдегі шынайы бейнесі, жан дүниесі, кеудесі шалқақ, асқақ пенде, мейірімді, әділ, адамгершілігі мол жас ұрпақтың бойында қалыптасқанын тілеген Шәкәрім өлеңдерінің тұнығы-рухани тәрбие.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілі мен әдебиеті №5.2005 жыл
- 2 Сәтбаева Ш.Қ. «Шәкәрім Құдайбердиев» Алматы. 1990 жыл
- 3 Қазақ әдебиеті «Мектеп» 10-сынып. 2006 жыл
- 4 Әбдіғазиев Б «Асыл арна» Алматы 1992 жыл

5 Қазақ әдебиеті 10-сынып. 2008 жыл

6 Қирабаев С. «Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт» 2009 жыл

### МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

ЖУМАГЕЛЬДИНОВА П. Б.

10 сынып оқушысы

ИЛЬЯСОВА Ә. Б.

«Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: ақын шығармалары негізінде оның әлеуметтік және жеке мақсат-мүдделерінің сипатын, тілдік қабілеті мен оны шығармаларында қалыптастыру дағдыларының жиынтығы арқылы бейнеленген даралық қасиетін тұтастай ашу, соған сай шығармашылық ұстанымын айқындау, бүгінгі күн талабы тұрғысынан қазіргі кездегі шығармадағы қолдануын анықтау.

М.Жұмабаев – ұлттық тілдік тұлға. Тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын тануға болатыны белгілі. Мысалы, М.Жұмабаев дискурсындағы теңеулер ойға келмейтін әр түрлі заттар мен құбылыстарды бір-біріне тосын теңеуімен ерекшеленеді. Мысалы, «ұршыққа оралған жіптей бас-аяғы жоқ қыстың ұзын кеші еді». Бұл жердегі ұршық лексемасының тура мағынасы «жіп иіруге арналған құрал» дегенді білдіретін лингвомәдени бірлік. Бірақ бұл сөйлемнің құрамында ол өзіндік мағынасынан тыс көркем контекстке сай түсініліп, ұлттық адресаттың санасында бұрыннан таныс ұршыққа оралған жіптің суреті жаңғыртылуы арқылы қысқы кештің қаншалықты ұзақ болатындығы ұғынылады.

Кез келген тіл көп деңгейлі құрылым, ол әрқайсысы өзінің ғалам бейнесінен тұратын жүйелерді қамтиды. Бірақ ең көп «дүниетанушылық» мүмкіндіктерге тілдің лексикалық жүйесі ие. Креативті лексикалық құрамды талдау сол халықтың немесе жеке адамның ғаламдық бейнесінің ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, метафора тілдің лексикалық жүйесінің семантикалық әлеуетінің дамуын көрсетуде маңызды рөл атқарады, себебі ол сөздің жаңа мағынасының пайда болуының қайнар көзі болып табылады. Авторлық метафоралар оны жасаушыны ерекше поэтикалық, философиялық ойлау қабілеті

тән тілдік тұлға ретінде танытады. Философиялық толғаныс пен көркемдік қызмет адам мен оны қоршаған әлемнің болмысын ерекше ұғынумен байланысты. Бұндай ұғыну барысында қалыпты құбылыстар жаңаша қабылданып, өзгеше реңкке ие болады. Мысалы, М.Жұмабаев дискурсындағы авторлық метафоралар: «өмір – бір құрулы машина», «өмір тоқтау білмейтін, шаршау білмейтін жансыз машина» және т.б. Ақынның индивидуалдық танымының жемісі болып табылатын тағы бір метафора – «Өмір – шірік шөп» метафорасы: «Тәңірі де жоқ, тәубе жоқ, Өмір деген – шірік шөп, Қай үмітпен қазарсың?» Шірік болатын себебі: тәубесіз адам баласын құдайын ұмытып харам іс қылады. Басына айналып келерін ойламай сатқындық, азғындық жасайды. Барға қанағат қылмай, ашкөзденіп тәубесін ұмытады. Ондайлардың өмірі, ақын ойынша – шірік. [2.152]

Тілдік тұлға құрылымының прагматикалық деңгейін зерттеу жеке адамның дамуы барысында өзгеріп, жетіліп отыратын оның мақсаттарымен, міндеттерімен, ниеттерімен және қызығушылықтарымен байланысты М.Жұмабаев қолданған шебер сөздер, фольклорлық мәтіндер айрықша орын алады, сонымен бірге прагматикалық мәні бар мифологиялық аңыздар, ертегілер, тарихта бар оқиғалар, есімдер, жағдаяттар жаңаша түрге енген, өзгертілген жырдың арқауына айналады.

М.Жұмабаевтың бейнелеу тәсіліне дәстүрлі мақал-мәтелдері цитата түрінде пайдалану арқылы қосымша ой үстейтін айтылымдарды жатқызамыз. Бұрыннан бар мақалға мақсаты, интенциясы ұқсас, яғни айтар өнегесі, қызметі бір, бірақ атау лексемалар өзгертіліп қолданылған, қысқартылған мақал-мәтелдер: «Шешен өлсе, артында сөзі қалар», «Етікші өлсе, балға мен бізі қалар, Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар», «Су түбінде жатқан зат жел толқытса ғана шықпақ, Ой түбінде жатқан сыр шер толқытса да шықпақ емес. Шықса, шер мен сырдың көлеңкесі, сәулесі ғана шықпақ». Бұл айтылым «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанның ішкі монологіне құрылғанын ескерсек, автордың Асан қайғы сөзін теріске шығаруы немесе оның ойымен келіспеуі емес, айтылымның мағынасының тақырыпқа, контекстке сай өзгертіліп қолданылғанына көз жеткіземіз. [2.178]

М.Жұмабаев поэмаларына арқау болған мәтінде тұжырымдалған мағыналар тілдік тұлға үшін құндылық сипатқа ие. Автордың поэмаларында жүзеге асқан ойлар адресаттарына, яғни ұрпақтар сабақтастығына негізделіп, оларға аңызды таратып айту арқылы таныстыруды мақсат етіп, сонымен қатар сол тарихи оқиғалар желісін

өзіндік дүниетанымы сүзгісінен өткізіп баға береді, өзіндік ой қорытады, өзіндік идеясы арқылы өрбітеді. Кез келген тілдегі афоризмдер сол тілді тұтынушылардың ғалам бейнесін бейнелейтін бірліктер ретінде адамдардың рухани қажеттіліктерінің кеңістігін кеңейтіп, құлықтық көзқарастарын қалыптастыруда тәрбиелік рөлі зор. Олардың өнегелік сипаты адресатты өзіндік пайым жасауға жетелеп, ойға қалудың өзіндік бір себебіне, ассоциациялар мен идеялардың пайда болуын жеделдететін күшке айналады. Афоризмдердің белгілі бір авторы болатынын ескерсек, тілдік тұлғаның дискурсындағы афоризмдерді талдау арқылы оның ғаламдық бейнесін қайта жаңғыртуға, әлемдегі ерекше позициясын білуге болады деп есептейміз. Сол себепті де өзіміз афоризм ретінде таныған М.Жұмабаев поэтикалық мәтінінде берілген нақыл сөздерді төмендегідей мағыналық топтарға бөліп топтастыруды жөн көрдік: 1. Адам мен оның рухани болмысы туралы: Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең. Ақында адамзаттан дос болмайды және т.б. 2. Оқу-білім, еңбектің маңыздылығы туралы: Білгенжан – көсем! Білімнің сөзі – емжәне т.б. 3. Өмір, өлім құбылысын философиялық-дүниетанушылық көзқарас тұрғысынан қарастыру: Өмір озады – тілек тозады. Надан адам өлім жоғын білмейді және т.б. 4. Ер, әйелгендерлік болмысын құлықтық тұрғыдан тұжырған ой түйіндер. Әйел – ердің тәңіріс, іжарата да алады, жоқ қыла да алады, сүйдіре де алады, күйдіре де алады. Әйел – ердің құлы, табанының астында топырақ болады, ердің көлеңкесіне айналады, өзі жоқ болады және т.б. 5. Ерлік, ер жер, ел тақырыбына: Ел үшінөл ер болсаң ! Көлі кетіп, шөлге айналса – жер жетім, Ері кетіп, шер байланса – ел жетімжәне т.б. Шындық туралы: Талқығасалмайшындықтабылмайды. Құл ғана қожаны ылғиқабылдайдыжәне т.б. [1.53].

М.Жұмабаев шығармаларындағы оқырманға мағынасы түсініксіз немесе аса таныс емес сөздердің, кірме сөздердің мағыналарын сөздіктерде берілген түсініктемелерге сай ашып, мәтін контексіндегі берілу ретіне назар аударсақ, «Туған жерім – Сасықкөл» өлеңінде: «Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп, Көкселдір түс-түс жақтан ат қойған көл», – деген жолдар бар. Оны 1989, 1995 жылғы басылымдарда Көксілдер түрінде жазды деп есептеп, көксіл сөзінің сөздіктегі түсініктемесіне көз салсақ: Көксіл сын. 1) Алғыр қыран, 2) ауыс. Қажымас, қайсар – дегенді білдіреді. Көксіл сөздіктегі ауыспалы мағынаға сәйкес қажымас, қайсар деген мағынада қолданылып тұр. Оған дәлел ретінде көксіл сын есіміне -дер көптік жалғауының жалғануы оны субстантивтендіріп, көксілдер – «қажымас, қайсар ерлер» дегенді білдіреді.



Ақын кейде мәтінде кездесетін мағынасы түсініксіз сөздердің кейбіреуіне өзі түсініктеме беріп кетеді. Мысалы, «Қалмақтың қарты түгіл, қалшасы да, Алдатпас, алдап кетер Абылайды!» – дегендегі қалша сөзіне «жас бала» деген түсініктеме береді. Осы сөзге сөздікте: Қалша сын. Қасарып айтқанға көнбейтін (адам) – деген түсінік берілген. Сонымен бірге ақын тілінде ортақ тілдік қорға тән, яғни түркі сөздері де кездеседі: Ай шырайлы аяшың, Бозаға толып шанашың». Шанаш сөзіне қатысты сөздіктерде: Тұз сақтайтын тері қапшық; Ешкі терісінен істелген торсық – деп көрсетілген де, ал аяш сөзіне қатысты: Аяш зат. жаңа. Жалпы әйел атаулыға құрметтеу мағынасында айтылатын сөз. Орыс тілінен аударғанда «дама», «дамы» деген сөз. Мәтінде келтірілген аяш сөзін негізге ала отырып, М.Жұмабаев шанаш сөзін контексте қырғыз тіліндегі «боза құятын ыдыс» мағынасында қолданған деп ойлаймыз.

Ақын поэзиясының тілдік ерекшеліктерін зерттеген Д.Алкебаева жалпыхалықтық тілдегі «ұзақ» сын есімінің орнына М.Жұмабаевтың «ұзын» сөзін қолданатындығын айта келіп, оның авторлық қолданысындағы «ұзын күн», «ұзын түн», «ұзын жол», «ұзын жас» тіркестерін келтіреді. Біздің пікірімізше, М.Жұмабаевтың ұзақ сөзінің орнына ұзын сөзін қолдануы – оның түрік тілін білгендігінің дәлелі. Олай деп болжам айтуымызға себеп болған жайт – қазіргі түрік тілінде ұзын сөзінің ұзақ мағынасында қолданылатындығы: «Uzun. 1) длинный, продолжительный, долгий (uzun gün); 2) высокий, высокого роста (uzun boylu)» Екінші себеп, М.Жұмабаев Стамбул университетін бітірген имам М.Бегішов медресесінде оқығандықтан, ұстазының да тілдік әсері болуы мүмкін. Үшіншісі, М.Жұмабаев бұл сөздерді тиісті мағынасында да қолданады, мысалы, ұзын бойлы, ұзақ отырып қалу т.с.с. Олай болса, ақын бұл сөздердің қолданылу ретін білмегендіктен емес, әдейі экспрессиясын күшейту үшін прагматикалық мақсатта қолданған. [4.22].

М. Жұмабаев шығармаларындағы көркемдегіш амалдардың қолданылуы әрқилы. Өлеңдегі эпитеттер: жалғыз жан, толқын шаш, қарақат көз, алма қан, қозы көз...Эпитеттер, біріншіден, кейіпкердің келбетін, портретін, өзіндік ерекшелігін нақты, дәл көрсетуге қызмет етеді; екіншіден, кейіпкердің көңіл-күйін, ішкі жан сезімін ашады. Эпитеттердің құрылымдық жағына келсек, сын есімнен, кейде зат есімнен жасалынған эпитеттер көп кездеседі.

Ақын өлеңдегі тенеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, тенеулерді бірде кейіпкердің кескін-келбетін, бет пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, бірде кейіпкердің

мінез құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін ашу үшін таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады.

«Мені де, өлім, әлдиле» өлеңі

Ақ қанатты періште,  
Былдырлаған бұлақтай,  
Көрінген жанды күлдірген,  
Жаңа піскен бүлдірген,  
Балауса нәзік құрақтай

М.Жұмабаевтың өлеңіндегі тенеулер-эпитетті тенеулер.

Мысалы, былдырлаған бұлақтай, нәзік құрақтай, оттай сұлу.

Ақын өлеңдерінде метафоралар көп кездеседі. «Метафора тек ауыспалы мағына емес, ол өзі бойыа көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі процесс. Метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаны бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген», -деп көрсетеді А. Нысанбаева. Жібек бау, жыңды жүрек, жібек мінез, жібек түн, жібек жел, отты сүйіс, жібек тіл метафоралары тек ақын қаламына тән метафоралар. Жазушы кейіптеу тәсілін де ерекше, өзінше бояу қосып қолданған. Жансызға жан бітіре суреттеп, көз алдымызға әкеледі. Мысалы: «Жазғы жолда» өлеңінде:

«Суға-айнаға қаранып,  
Салқынша леппен таранып,  
Қамыс та түр тербелеп».

«Жұлдызды-жүзік, Айды алқа ғып берейін» өлеңінде:

«Жұлдызды-жүзік, Айды  
алқа ғып берейін !»,  
«күн бетінді көрейін».

Ақын өлеңдерінде синекдоха да эмоционалды- экспрессивті мәні жағынан ұтымды шыққан. Адам ұғымының орнына көбінесе табиғаттың керемет қырларынан немесе белгілі бір зат қолдану арқылы ақын өлеңнің кімге арналғанын және сол кейіпкердің қандай да бір ерекшелігін ашады. Мысалы:

«Жұлдызды-жүзік, Айды алқа ғып берейін» өлеңінде:

-Келші көзім, күн бетінде көрейін,  
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.  
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,  
Жұлдызды-жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Ақын синекдохасы қаратпа сөз болып келеді. М. Жұмабаев кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез құлқына қарай метонимия табады. Мысалы: «Мен жастарға сенемін» өлеңінде:



Жас қырандар-балапан,  
Жайып қанат ұмтылған.  
Мен жастарға сенемін !

Бұлардың барлығы образды қолданыстар. [2.108].

М.Жұмабаев тілдік тұлғасын тану оның тек көркем мәтіні ғана емес, тұтас шығармашылығы негізінде жүзеге асуы тиіс. Осымен байланысты М.Жұмабаевтың аялық білімінің көрсеткіші, тілдік нормаларды меңгеруінің және оларды қолдануының көрінісі болып табылатын тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық деңгейінде шығармаларындағы басқа тілден енген сөздердің қолданылу ерекшелігі мен тарихи контексті сипаттайтын сөздерге назар аударылып, олардың семантикалық мағыналары танымдық негізде айқындалды. Мағжан өз тегін де, өз жерін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржанын төгілген, сұлу жырымен оқырманын егілген, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» дегенде, қауіп-қатер жоқ дегені емес, бірақ ақырында қылша мойнын талша қиылатынын біліп пе? Жалпы алып карағанда, «мен өлмеймін» деген сөздерде терең шындық та жатыр. 60 жылдан аса уақыт бойы үстемдік құрған қоғам ақын үнін шығармай, тұмшалап келсе де, енді естіліп, ақыры жалғастық тауып отырғаны шындық. Ақын өлеңі мен дана сөзі өлмек емес. Ақын көзін аластап, өлеңін жауып жоқ қылған әкімшілік дәуір үстімізден енді ғана ауып барады. Қазақстанның тәуелсіз ел болып қайта құрылуы әрбір жеке адамның бас бостандығын қамтамасыз етпек.

М.Жұмабаевтың прагматикалық мақсаты оның рухани насихатшы позициясынан қазақ қоғамына әсер етуге, қозғау салуға ұмтылысынан көрінеді. Осы бағытта оның шығармаларындағы ұлттық сипатты танытатын жеке авторлық метафоралар мен тенеулер сараланып, лингвомәдени бірліктердің қолданылу мақсаты айқындалды. Мәтіндерде берілген ақпараттардың қосымша, жаңа мағыналар үстейтіндігі көрсетіліп, афоризмдердің астарында жатқан уәжділік сараланды. Тілдік тұлғаны толықтай тануға мүмкіндік беретін когнитивтік және прагматикалық деңгейлерде қарастыру М.Жұмабаевты бір жағынан педагог, аудармашы, ғалым, журналист болып табылатын нақты тұлға мен екінші жағынан психологиялық, философиялық, теологиялық біліммен қаруланған ақын, суреткер, көркемсөз шебері тілдік тұлғасы біріктірілген тілдік тұлға ретінде тануымызға негіз қалайды.

Ақын өзінің туындыларында терең ойлар, мағыналы пікірлер білдірген. Өлеңдердің, шығармалардың әр жолынан үлкен астар, мазмұнға толы фразеологизмдерді аңғаруға болады.

Көркем өнердің кез-келген түрінің өз формасы, оның әрбір элементінің өз мағынасы, ішкі ойы болады. Осы мағына мен ішкі ой оқырман қауымға тек тілдің поэтикалық құрылысы, сөз өрнектері арқылы жетеді. Тыңдаушы талғамына сай баяндалар оқиғаны әр түрлі поэтикалық тәсілдермен жеткізе білу, эмоциялық бояуын айқындау - автордың ой-қиялының субъективті жемісі. Дүниедегі құбылыстың әр алуандығына қарай, жеке сөздер табиғаты да сан түрлі құбылып, өз бойында әсерлілік барын аңғартып тұрады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмабаев М. Педагогика – Алматы: 1992.-98б.
- 2 Жұмабаев М. Шығармалар, 3 т. – Алматы – 1995. -112-178б.
- 3 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264б.
- 4 Алкебаева Д. А. Языковые особенности поэзии М. Жумабаева: автореф. ... канд. филол. наук. – Алматы: 1998. – 22б.
- 5 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. — Алматы: Ғылым, 1999. -110-290 бет
- 6 Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.
- 7 Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы: 2008. – 328 б.
- 8 Күдерина К. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 276 б.
- 9 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы: 2007. – 56 б.

## 7 САНЫНЫҢ ҚАСИЕТІ МЕН 13 САНЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ

ЖҮНИСХАН Г.

9 «А» сынып оқушысы, Ақжол орта мектебі, Ақсу қаласы

ХАЛҚЫН С.

Жетекшісі

Сандардың адам өміріндегі орынын жоққа шығару мүмкін емес, сірә! Біздің өміріміздің өзі санға тікелей тәуелді. Бізді жан-жақты сан қоршайды, олар бізге барлық жерде қажет. Біз сандар арқылы санап қана қоймаймыз, қарапайым тіршілігімізде пайдаланамыз. Сандарсыз біз уақытты да, күнді де белгілей алмас едік, сандарсыз біз заттарды да сатып ала алмаймыз, өзімізде бар нәрсені қайта санай алмаймыз немесе бізге қанша қажет екені туралы да айта алмаймыз. Осыдан-ақ сандардың адам өміріне қаншалықты қажет екенін аңғару қиын емес. Адам өмірі тікелей сандарға тәуелді екені анық.

Бірақ біз сандардың біз үшін маңызының зорлығын білгенмен әр санның өзіне тән құпиялары мен тылсым сырларын біле бермейміз. Ұлы ғалым Пифагор: «Әр сан өзіндік ерекшелікке ие» деген екен. Ғалымдардың бұл тұжырымдарына сену - сенбеу әркімнің өз еркінде. Әр санның түбінде терең ой мен идея жатыр. Қарап отырсақ, әр адамның тіпті әр халықтың өз өмірлері мен бақытын, қайғысын белгілі бір санға байланыстырып жатады. Солардың ішінде қазақ халқы да бар.

Қазақ халқының тарихына үңіле отырып қарасақ өздерінің белгілі бір кие тұтқан сандары болған. Өткенге көз тастап, бүгінгімізге қарасақ қазақ халқының өмірінде ерекше орын алған сан «жеті» саны. Жеті – ең ерекше сандардың бірі. Неге екені белгісіз, тұла бойы ашылмаған құпияға толы айрықша сан. Мүмкін қазақ халқы киелі деп санайтын жеті санының орны ерекше болуы тылсым санда үлкен күдірет барын ата-бабаларымыз жақсы білген болар. Осы жеті саны қазақ әдебиетінен өзіндік ерекше орынын да алып үлгерген. Айталы: «Жеті елдің тілін біл, жеті түрлі ілім біл»-деген ұғым қалыптасуының өзі тегіннен тегін емес. Әдебиеттің көп тұсын алып қарасақ осы киелі санға жиі ұшырасамыз, әсіресе осы санға байланысты мақал-мәтелдер жетерлік. Мысалы: «Жігітке жеті өнер де аз», «Айла алтау, ақыл жетеу», «Жүт жеті ағайынды, жиенім сегіз», «Жақсыны жеті жыл жетелесең, адам болады, Жаманды жеті жыл жетелесең, надан болады», «Жетелі мен іскерге жеті күннің бәрі сәтті», «Жеті қарақшыны таныған, жеті күнде адаспас», «Жетімге жеті бидай да тамақ» және тағы басқа өте көп.

Ал біздің ақиық ақындар мен жазушы, жыраулар да жеті санын ардақтап, оған өздерінің өлеңдерін арнаған. «Айдаса қойдың көсемі, сөйлесе қызыл тілдің шешені» демекші Қазтуған Сүйіншіұлының «Жеті жұрты» бүгінде ел аузында. Олар: күйеудің, келіншектің жұрты, кіндік кесіліп қан тамған жұрт, бөтен елде тұрған жұрт (екінші жұрт) әулетті - әділетсіз қамауда болған жұрт және қара жер тартқан соңғы жұрт. Тағы да сондай ақындардың бірі Қадір Мырзалиев жеті санына арнап :

Жетімізді жазалық тақтамызға,

Жетіні есте, қанекей, сақтаңыздар!

Жерлеген соң жетісін береді ылғи

Жеті күннен тұрады аптамыз да! [3, 67 бет]

-деп қазақ өміріндегі жеті санның рөлін көрсеткен болатын. Осы өлең жолдарынан қазақтың дәстүрлеріне деген жеті санының тікелей қатысын аңғартады. Онда қазақ халқының адам қаза болғаннан кейін жеті күннен соң «жетісі» деп аталатын көрші-қолаң, туыс-туғандарын шақырып, қонақасын беретін дәстүрін көрсетеді.

«Жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті жарғы, жеті ата, жеті қазына, жеті күн, жеті жұрт, жеті жоқ, жеті құт, жеті ғалам, жеті қат, жеті көк, жеті ғашық сөздері пайда болған.

Жеті жарғы. Қазақ хандығы тұсында әділдігімен қара қылды қақ жарған қазақ ханы Тәукенің ел басқару жолындағы өзінің жеті биімен бірігіп шығарған заңдар жинағы. Тәуке хан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы осынау заң жүйесін өмірге әкелген. Жеті жарғы заңдар жинағы Тәукенің өз елін тату-тәтті, ауызбіршілікте басқара білуіне үкен пайдасын тигізгені мәлім.

Жеті ата дейді қазақ. Бұл – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген аталы сөз бар. Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Жеті күн. 1. Дүйсенбі. 2. Сейсенбі. 3. Сәрсенбі. 4. Бейсебі. 5. Жұма. 6. Сенбі. 7. Жексенбі. Қазақ халқы әр күннің өз жақсылығы бар деп сенім артқан.

Жеті көк. 1. Ай. 2. Күн. 3. Шолпан. 4. Есекқырғын (Меркурий). 5. Қызылжұлдыз (Марс). 6. Сатурн. 7. Мүштәри (Юпитер).

Жеті жетім. 1.Тындамаған сөз жетім. 2.Киюсіз тозған бөз жетім. 3.Иесіз қалған жер жетім. 4.Басшысы жоқ ел жетім. 5.Аққу-қазсыз көл жетім. 6.Әке-шешесіз бала жетім. 7.Замандасың қалмаса бәрінен де сол жетім.

Жеті ғалам. 1.Шығыс. 2. Батыс. 3.Оңтүстік. 4. Оңтүстік. 5. Аспан (жоғарғы ғалам). 6.Жер (орта ғалам). 7. Жер асты (төменгі ғалам).

Жеті жүт. 1. Құрғақшылық. 2. Жүт (мал қырылу). 3. Өрт. 4. Оба (ауру). 5.Соғыс.6.Топансу.7.Зілзала(жерсілкіну).

Жеті жоқ. 1. Жерде өлшеу жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. 5. Аллаһта бауыр жоқ. 6. Аққуда сүт жоқ. 7. Жылқыда өт жоқ.

Жеті қазына. Ол жөнінде пікір талас көп. Алайда қазақтар ертеде жеті қазынаға мыналарды жатқызған: 1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3.Ілім-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Құмай тазы. 6. Қыран бүркіт. 7. Берен мылтық.

Жеті ғашық. Халықтың ән – жырында жеті ғашық мынандай екі нұсқада кездеседі: а) Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиха, Фархад – Шырын, Тахир – Зухра, Арзу – Қамбар, Уәлик – Ғарра, Уәки – Күлшаһ. ә) Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиха, Фархад – Шырын, Баһрам – Күләнда, Сейпілмәлік – Бәдіғұл, Бозжігіт – Анула (кей нұсқада Қарашаш), Зияда – Хорлы (Хорлы – Ғайын).[1, 316]

Иә, осылай қазақ халқы өз өмірлеріне маңызды, атаулы нәрселерді жеті санына байланыстыра келешек ұрпақ біздерге қалдырған.Жеті санын қазақ халқы қаншалықты қадірлеп,қасиет тұтқанын осыдан-ақ аңғару қиын емес екендігі анық.

Бірақ жеті санына байланысты қазақта ырымдар мен тиымдар да бар.Осы тиымдарды қазіргі таңға дейін ұмытылмай әлі күнге дейін сақталған. Мәселен атап айтатын болсақ: үйге қонаққа кішкентай балалар келгенде әжелер соларға көмпит, бауырсақ немесе тағы да басқа дәм ұсынып жатады сол кезде жетіден артық немесе кем болсын деп міндетті түрде қадағалап беріп жатады. Осының өзі дәлел емес пе?! [5.]

Тек қазақ халқы ғана емес өзге жұртта жеті санына құрмет көрсеткен. Ертедегі Вавилон мұнарасы жеті қабат болып салынған. Осындай мұнаралар Римде жеті төбенің биік шоқысына орналастырылған. Будда дін басы жеті түрлі жеміс беретін ағаш көлеңкесінде отырған деседі қытай-тибет аңызы. Әлемнің жеті кереметі де ғажайып жеті санынан тұрады.Ол кереметтер дүниенің әр түкпіріннен жиналған.Олар: 1.Мысырдың әйгілі Пирамидасы.

2. Кіші Азиядағы Галикарнас кесенесі. 3.Грекиядағы Артемида ғибадатханасы. 4.Египеттің Александрия маягі. 5.Месопотамиядағы Семирамиданың аспалы бағы. 6.Олимпияда қаласындағы Зевс мүсіні. 7.Родос аралындағы Гелиос мүсіні.Осындай әлемдегі теңдесі жоқ кереметтер жетеу болуы да кездейсоқ емес екені анық. «Жеті саны – бақытты сан, ол - адамзаттың сүйікті саны». Көп халықтың түсінігі осындай. [ 4.]

Не десек те осы жеті санын қазақ халқының өміріне қатысты екенін ешкім жоққа шығара алмайды.Сонымен жеті санын қазақ халқы кие тұтатыны сияқты өзге де сандарды өзге жұрттарда қастерлеп, кие тұтады. Сондықтанда болар әр санда өзіндік құпия мен ашылмаған сыр, белгісіз бір құдірет жатқандай.

Әр санның сан сыры мен қыры бар.Олардың тек қана жақсылығы ғана емес жамандығы да қатар жүредігіне көп халық көз жеткізген.Осындай сандар туралы да аңыздар жиі кездеседі. Сондай сандардың бірі он үш саны деседі.Бұл қарапайым санның құпиясын ешкім білмейді.Тек осы сан десе көп халықтың үрейі ұшады-мыс.Әсіресе осы саннан үйрейленетіндер Еуропа халықтары. Адамзаттың бойында аталмыш саннан қорқу сезімі осыдан екі ғасыр бұрын пайда болыпты. Психолог мамандар бұл күннің трагедиялық істерге душар болуына қатыстылығы жоқтығын айтады. Ал, социологтардың зерттеуінше Еуропадағы әрбір төртінші адам 13 санынан қорқатын көрінеді.

Дегенмен осы санға байланысты фактыларға көз жүгіртсек қасіреттің лебі еседі. Адамдардың бұл күні бір жоспары іске аспай қалса, оның бәрін осы саннан көреді екен. Ал, христиан дінінің теологтары оны «трискаидекафобия ауруы» деп атап кетіпті. Әйтсе де аталмыш санға назар аударарлықтай жайттар да жетіп артылады. Мәселен, Германиялық Демоскопиялық институттың жүргізген сауалнамасының нәтижесінде неміс халқының 25 пайызы күнтізбедегі 13 санынан қорқатынын айтыпты. Тіпті, кейбірі жыл мезгіліне қарамастан, әр айдың 13-і күні көңіл-күйлері түсіп, қан қысымы көтерілетінін баяндапты. Ал Ұлыбританияда бұл күні ауруханаға түсетін науқастардың саны әдеттегіден екі есеге өседі екен. Сондай-ақ 13 санынан қорыққан француздар «14 қонақ» деген терминді ойлап тауыпты. Егер басқосуға жиналғандардың саны 13 адам болып қалса, мұндай жағдайда 14 адамды уақытша жалдайтын көрінеді. Және де осыдан түп-тура 34 жыл бұрын 13-сәуір күні 13:13 кеткенде америкалық НАСА ғарыш агенттігі «Аполлон-13» ғарыш кемесін айға аттандырған болатын. Аталмыш кеме жерден 330 мың

шақырым биіктікке көтерілген кезде жарылыс болып, ішіндегі 3 ғарышкер әрең аман қалған. Содан бастап, НАСА агенттігі 13 санына сақтықпен қарайтын болған екен. Ал Британдық Ллойд фирмасы жұманың 13-не сәйкес келген күні түрлі қасірет жиі кездесетіні туралы деректерді іздестіріп көріпті. Нәтижесінде олар бір ғасырдан астам уақыттан бері мұхиттағы кемелердің апаты көбіне айдың 13-і, жұма күніне тура келгенін анықтаған.

Ал енді кейбір елдің сенім-нанымында жұма күнге тап келген айдың 13-і жын-шайтандардың ел кезетін күні деп саналады екен. Сондықтан да болар, батыс елдерде 13 санын қолданбайтындар баршылық. Яғни осы нанымға сенетіндер 13-ші пәтерді, 13-ші үйді қаламайды, кезекке 13-ші болып тұруды да қатерлі деп санайды. Германия, Швецария, Скандинавия мен Австрия сондықтан үйлер мен пәтерлерде бұл сан мүлде жазылмайды, яғни 12-ден кейін бірден 14-ші нөмір көрсетіледі. Тіпті ұшақ салондарында, жолаушылар автобусында, кинотеатрларда, пойыз вагондарында, ауруханада 13 деген орын болмайды. Себебі – жұма айдың 13-не тап келген күні «қара мысық» кірпік қақпай, аяқтан шалатын адам аңдитын көрінеді. Ал Британияда айдың 13-і күні жедел болмаса, дәрігерлер мүмкіндігінше операция жасамауға тырысады екен. Ал егер айдың 13-і жұма күнге тура келсе, онда тағдыр осылай деп шешті деген сеніммен өлім аузындағы адамға да операция жасалмайды.

Батыстықтар «13» санынан не үшін осынша қорқып, ырымдайды? Мұның себебін бұлдырап артта қалған сонау ескі замандардан қарастыруға тура келеді. Оның тұрмыстық да, діни де себептері бар. Айтылымдарға қарағанда, алғашқы адамдар сан санағанда 10 саусақ және екі аяқ арқылы санауды ғана білгендіктен, 12-ге дейінгі сандарды ғана санай алған. Сонымен, «13» саны байыбына барғысыз қорқынышты санға айналып қалған. Ерте заманда Грекияның математиктері «13» деген цифрдан өлердей мезі болған екен, өйткені, ол «бүтін сан» емес. Інжілде Хауа ана мен Адам атаның жеуге тыйым жемісті ұрлап жеген күні дәл айдың 13-і деп жазылған. Римнің ауызша тарихында: «Бақсылар 12 адамдық жиналыс жасайды. 13-ші адам албасты саналады» делінген. Мұнан бөлек, «13» санының ырымдалуының Қайса пайғамбармен де байланысы бар деген тұжырым айтылады. Інжіл деректерінде Қайса дарға асылып өлтірілер қарсаңында өзінің 12 шәкіртін кешкі асқа шақырған. Осы «Ең соңғы кешкі асқа» қатысқан 13 адамның ішіндегі бір еврей сатқындық жасап, 30 жармақ күміс ақшаға бола Қайса пайғамбарды сыртынан сатып жіберген. Осыдан соң Қайса дәл 13-і күні дарға асылыпты.

Ерте заманда бас алатын жендеттердің ақысына 13 доллар ақша беріледі екен. Ал дар ағашына шығатын баспалдақтың саны да 13 болған...

Міне, тарихтағы осыншама көп аңыз себебінен «13» саны батыс жұртшылығының жүрегіне «үрейлі сан» болып орнаған. [5.]

Әрине, бұл күн кейбір жандар үшін тылсым дүниелерге толы болса да, енді бірі үшін жай ғана күн болып саналады. Еуропа ұлттарының өкілі болса да белгілі орыс жазушысы Борис Полевойдан «сіз бақытсыз 13 санға қалай қарайсыз?»-деп сұрағанда: ол: «Мен 13-ші үйде 113-ші пәтерде тұрамын, қызымның да пәтері - 113, ұлым - 13-ші қабатта тұрады. Сондықтан «13» менің саным» - депті. Он үш саны мұсылмандар үшін ешқандай қатері жоқ қалыпты сан ретінде ғана қалыптасқан. Соған байланысты мұсылмандар үшін тарихта да жағымды сәттер кездеседі. Мысал келтіре айтатын болсақ, Пайғамбарымыздың туған жылының (571-жыл) сандарын өзара қосқанда он үш саны шығады екен. Константинопольды (қазіргі Стамбул) мұсылмандар жаулап алған 1453 жылдың да өзара сандарын қосқанда он үш - саны шығады екен. Бәлкім бұл санды содан христиандар жаманға жорып, бірінші соларда осындай сенім пайда болған болуда мүмкін. Әйткенмен де ешкім өткенді және өзгенің наным – сенімдерін нақты білмес.

Бірақ қазақта он үш деген санға байланысты мүшел жас бар. Адам баласы туғаннан бастап, өсіп-жетілу кезеңінде қатерлі жылдар болатындығын айтып келеді. Оны мүшел жас деп атайды. Алғашқы мүшел **он үш жас** – бұл адамның балалық шақтан, ересектік жасқа дейінгі кезеңі. Ол кезде ұлдың дауысы өзгеріп, қыздың дене бітімі сүйкімді бола бастайды. Он үш – кейбір нәзік балалар үшін қауіпті, өйткені баланың бойындағы өзгеріс кезеңі жәймен өтсе қауіп жоқ, ал күрт өзгерсе, кейбір балалар жүек, жүйке ауруларына ұшырауы мүмкін деседі. Осындай мүшел есік қаққанда, «О, Құдірет, мені осы мүшелден қатерсіз өткізе гөр» - деп жалбарынатын. Сондықтан да «Он үште отау иесі» деп дәріптеген. Балаларын отбасылық өмірге баулуды. Қолға алған. Осындай жеткіншек шағын Ақтамберді жырау: Жасым жетіп он беске, Кірер ме екем кең есікке, Бұғана қатып, бел бекіп! Ерегіскен дұшпанмен Шығар күн туса күреске! – деп талпынса, Алмажан Азаматқызы: Он төртіме келгенде, Саликалы қыз болдым Жібектей шашын талдаған, - деп, бойын күтіп, бойжеткендік шаққа жеткенін аңғартады. Яғни осы мүшелге жеткен жақта осы мүшелден ама-есен өтіп, жаңа өмір бастауға асыққан.



Әр елдің салты басқа, әркімнің сенімі басқа. Әр санға әркім өздерінше баға береді де өзінше қасиет тұтады емеспе?! Дегенмен менінше сандар туралы мәліметтерді біле жүрген артықтық етпесі анық. Қазақ халқында көбінесе жеті саны киелі деп саналса, қытай халқы сегіз санын киелі қасиетті сан ретінде қолданады. Оған дәлел 2008 жылғы бежің олимпиадасы екі мың сегізінші жылы сегізінші айдың сегізі күні сағат сегізде басталғанын баршамыз білеміз. Әр халықтың өзінің қастерлейтін ардақтайтын сандары барын оны ашу үшін арнайы іденіс жасап қарастыру керектігін байқадым. Мен қарастырған жеті саны мен он үш санының қаншалықты адамзат өміріне пайдалы тұстары барын толығымен қарастыру менің алдағы ізденіс жұмыстарым болмақ.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сейт Кенжеахметұлының «Жеті қазына» 1 кітабы 31-34 бет. «Ана тілі» ЖСПШ Алматы 2010 жыл
- 2 Нұрқат Көбенқұлұлы «Математика әлем» пәндік энциклопедия Алматы 2011 жыл
- 3 Қадір Мырзалиев «Өлеңдер жинағы» «Жеті» өлеңі 67 бет
- 4 <http://7keremet.wordpress.com>
- 5 [vlast.kz!](http://vlast.kz)
- 6 С.Кенжеахметұлы. Ұлттықәдет-ғұрыптың беймәлімі. Алматы «Санат»1998ж.

### ОРАЛХАН БӨКЕЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ГУМАНИСТІК ҚАҒИДАЛАР

ЖУСУПАЕВА М. Қ.

II «А» сынып оқушысы, №1 мектеп-лицейі, Екібастұз қ.

Гуманизм адамгершілік талаптарының жиынтығы ретінде екі жарым мың жыл бұрын сол кезеңдегі өркениетті орталықтарда қалыптаса бастады. Гуманизм әлем мәдениетінің, яғни Грекияның, Үндістан мен Қытайдың көне мәдениетінің бір бөлшегі деп айтуға болады. Алайда «гуманизм» термині тек Қайта өрлеу дәуірінде ғана қолданыла бастады.

Жалпы адамзаттық, адамгершілік, азаматтық-құқықтық, танымдық, эстетикалық, экологиялық және басқа да құндылықтарды гуманизм анықтады, оны бір жүйеге келтірді, оның мән-мағынасын түсіндірді, алайда оған ешкімді де мойынсұндырмады.

Құндылық – шынайылықтың бір түрі. Ол адамның жеке басымен, сонымен бірге қоршаған әлеммен де байланысты болса да дербес емес. Әлем құндылыққа толы. Атап айтар болсақ, олар материалдық құндылықтар (зат, ақша, жеке меншік...), көркемдік құндылықтар (өнер және әдебиет туындылары...), табиғи құндылықтар (күн шапағы, теңіз, гүлдер, табиғат көрінісі...), адамға тән құндылықтар (әдемі күлкі, сұлу бет әлпет, ерлік іс...). Сонымен, құндылық адамның іс-әрекеті мен ойлау үдерісінде, адамның халықты, қоғамды, идеяларды, мәдениет пен табиғатты бағалау үдерісінде пайда болады.

Бүгінгі күні бұрынғы мұраттардың жойылып, адамгершілік бағыт-бағдарлардың көмескіленіп, қазіргі жастардың тұлға ретінде көріне алмай, ненің жақсы, ненің жаман екендігін, ненің сұлулық, ненің жиіркенішті екендігін айыра алмай отырған кезде адамгершілік түсінікті қалыптастыру қажеттігі өте маңызды.

Осыған байланысты адамгершілік құндылықтарды қайдан үйренуге, өз бойымызға қайдан сіңіруге болады деген сұрақ туындамай қоймайды. Әрине біздің барлығымыз адамгершілік қасиеттерді бойымызға ананың ақ сүтімен сіңіріп, отбасында үйренеміз деп бірден жауап береміз. Бұл орынды жауап. Бірақ жақсы мен жаманды, адалдық пен зұлымдықты айыра білу үшін қоғамды, бізді қоршаған адамдарды да танып білуіміз керек. Оны қайдан білуге болады? Сонымен біз «Игілік, адамгершілік құндылық, адамгершілік түсінік дегеніміз не?» деген адамгершілік-философиялық сұраққа жауап іздеуді жөн көрдік.

Адамға түсінік неге керек? Өмірде өз жолын табу үшін, қиын жағдайларды жеңіп шығу үшін, өзін тұлға ретінде жоғалтпау үшін. Сонымен адамның түсінігі мен адамгершілік құндылықтардың байланысы неде? Яғни адам түсінік арқылы адамгершілік құндылықтарды танып біледі. Осы құндылықтарды танып білу үшін адамның түсінігі табиғат және өзі өмір сүретін әлеуметтік орта арқылы қалыптасады. Ал әлеуметтік орта дегеніміз – бұл отбасы, халық және тарих. Адам бойында адамгершілік түсінікті қалыптастыруға негіз болатын қағидалар мыналар:

- ✓ табиғатпен байланыс
- ✓ халықшылдық
- ✓ отбасылық
- ✓ тарих

Бұл қағидалардың қайнар көзі – әдеби шығармалар. Жоғарыда аталған адамгершілік (гуманистік) қағидалардың танып-білу үшін



көркем әдеби шығармаларға үңілуіміз керек. Сол себепті де біз мақаламызға негіз етіп Оралхан Бөкейдің шығармаларын алдық.

«Әрбір көркем құбылыстың, әрбір көркем сөз шеберінің өз бастауы бар, ол оның кітаптарындағы, әңгімелеріндегі, повестеріндегі, романдарындағы кейіпкерлермен, олардың образдарымен тікелей байланысты, - дейді Бақытжан Канапьянов. – Табиғаты қатал болғанымен де, жанға жайлы осынау өлке тұрғындарын өзінің шығармаларының басты кейіпкерлері етіп алған жазушы – ол Оралхан Бөкей. Ол үшін де, оның шығармаларының кейіпкерлері үшін де бастау болған жер – ол Өр Алтай. Егер нақтырақ айтсақ, бұл өлке жырға лайық аймақ. Бір жағынан Нарын мен Бұқтырма өзендерінің ортасында кеңінен жайғасқан Катон-Қарағай аймағы, одан әрі асса Қазақтың Алтайы Ресеймен, әрі қарай Қытаймен, моңғол жерімен шектеседі. Міне, бұл Оралхан Бөкейдің, оның прозалық кейіпкерлерінің кіндік қандары тамған жер. Бұл жерұйықта адамдар өмір сүріп, алдан тек жақсылық күтеді. Көбіне Оралхан Бөкей кейіпкерлері мен образдары Өр Алтай тауы секілді жалғыз...».

Жазушы шығармалары сюжетінің жалпы мән-мағынасы осы заманғы адамдар өмірін халықтың өткен өміріндегі адамгершілік және этикалық құндылықтарымен байланыстыра отырып қарастыру. Автор түсінігі бойынша, олар шынайы өмірдегі әлеуметтік мәселелерге қатысты орын алатын түрлі жағдайларда адамның ішкі жан-дүниесінен табылып, қайта жаңғырып, кейіпкерлердің өмірде дұрыс жол тандауына бағыт-бағдар беруі тиіс.

«Оралхан Бөкеев геройлары – біздің бүгінгі замандастарымыз. Кәрісі бар, жасы бар – қайсысы болса да қазіргі дәуірдің азаматтық міндеттерін белсенді атқарып жүрген іс адамдары. Жазушы солардың әрекеті, мінез-құлқы, көзқарастары арқылы бүгінгі өмір шындығын, оның алуан түрлі сырларын ғана ашып қоймайды, өткенімізге де ой тоқтатып қарайды, болашағымызға да көз жібереді.

Адамды ардақтау, оның ұлылығын жырлау, жалпы алғанда, Оралхан повестерінің негізгі тақырыбы десе де болады. «Сайтан көпір» повесіне оның «өмірдің қандай қиын-қыстау кездері, қандай ауыр минуттары басқа түссе де, менің жүрегім: «Жасай бер, адам!»-деген гимнді шырқаудан танған емес»-деген М. Горький сөзін эпиграф есебінде алуы да тегін болмаса керек. Жазушы өз геройларының азаматтық, ерлік тұлғасын, төзімділігін сайтан көпірдің тас қыспағына салып сынайды. Басқа түскен қиыншылыққа қарсы ерлікпен күресе отырып, олар қуаныш пен қайғының, күйініш

пен сүйініштің, алуан түрлі сәтін бастан кешеді, өз өмірі, айналасы, өткені мен болашағы жайлы ойланады» [1].

О. Бөкейдің прозасы қайырымдылық пен зұлымдықтың тартысын нанымды бейнелейді. Адам бойындағы рухани құндылықтар жазушының шығармашылық мақсатын танытады.

«Осы орайда автор творчествосындағы небір күрделі желіні айрықша атап айтуымыз керек. Ол осынау өмірдегі бір-бірімен өлердей өш - Жақсылық пен Жамандық. Жазушы әр шығармасында осы екі дүниенің арасындағы бітіспес күресті әр қырынан алып аша түсуге ұмтылған.

Сөйтіп ол өз кейіпкерлерін неғұрлым болмысы ақтарыла ашылатын, мінез-құлқы, жан қалтарыстары жарқырап көрінетін қиын ситуацияларға араластыруға ұмтылады...» [2].

О.Бөкейдің повестерінің кейіпкерлері кеңес дәуірінің қарапайым адамдары: шопандар, орманшылар, теміржол жұмысшылары, тракторшылар, яғни шағын станциялар мен алыс ауылдардың тұрғындары. Жазушы кеңес адамының жеке басының қасиеттерін толық әрі ұлттық таным-түсінігімен бере білген. Ол өзінің кейіпкерлерін «үлкен» адам (қызметіне, лауазымына байланысты) немесе «кішкентай, белгісіз» адам деп бөліп-жарып қарамайды. Оның «Құм мінезі» повесіндегі басты кейіпкер Барханның жан дүниесі таза, әділ, әрқашан өзін ренжітіп, аяқтан шалатындарға да жәрдемдесіп, көмегін беруден тайынбайтын жан. Автор тәжірибелі да қарапайым шопан Бархан бейнесін бір кездері шопандық істің қыр-сырын өзінен үйренген, кейін дандайсып кеткен жас шопан Сейткүл бейнесімен қатар өрбітеді. Оқырман шығармадағы кейіпкерлердің ақ-қарасын өзі ажыратады. Автор рухани-адамгершілік мәселелерін повестің басты кейіпкері Барханның ойымен үндестіреді. «...Пенде деген жалғыз аяқ жолмен жүреді, сосын әлдене тауып алады, бәлкім ол күніне жүз рет көрген заты шығар, бұрын елеп ескермеген шығар, бірақ осыншалық қадір-қасиетін енді ғана аңғарып, қуанышына шек қалмай айқайлайды. Ол не сонда? Ол – өмірдің өзі екен! Дүниедегі ең құнды да, ең құнсыз да сол адамның өз өмірі-ау. Жас бала жарық дүниеге көзін жұмып туады, бәлкім атысып-шабысқан сұрқиялық пен сұмдықты көргісі келмегені де... Ал, сол бала ержете келе, өмірдің бар кереғар бақыты мен қайғысына еті үйрене келе – қимай қиналады. Жалғыз ғұмырды тастап, арғы дүниеге аттана алмай – көзін ашып өледі... Өліге де тіріге де төсек болған қара жер ғана тентек пендесін теңестіреді» [3].

Сан алуан повестерімен жарысқа түскен талантты жазушы Оралхан Бөкеев өзінің «Біздің жақта қыс ұзақ» дейтін кітабына енген

төрт повесті сыр ретінде оқырманға ұсынып былай депті: «Менің, менің ғана емес-ау, бәріміздің осалдығымыз сол – жіліктеп, мүшелеп бере алмауымыз шығар... Сондықтан да қазіргі қазақ әдебиетінің ауруына айналған ұғым, өзіміз лажысыздан көндімге көшкен ұғым жақсыны – жақсы, жаманды – жаман деп батыл айта алмауымыз, міне осының салқынынан кімнің алда, кімнің артта келе жатқанын ажыратудан құм санаған әлдеқайда оңай қызық сөтте сықылдымыз».

Жазушының төрт повесінің қайсысын алсаңыз да, өзегі – адам, адам өмірі, адам тағдыры, адам санасы мен характері, адам ары мен арманы – осының бәрі қиямет қиындықта, қайшылықта сынға түседі, сыр ашады. Бәрінде – күрес, бәрінде – тартыс. Адам мен табиғат, адам мен адам арасындағы қарым-қатынас, қайшылық. Повестердің аты да осының айғағы. «Біздің жақта қыс ұзақ» деудің өзінде тар мағынасында берілген жыл мезгілі ғана емес, жалпы өмір қиындығын бейнелейтін кең философиялық ұғымның символы бар. «Бәрі де майдан» деуде майдан деген тек соғысқа тән емес, барлық өмір атаулыға тән деген ұғым бар. «Сайтан көпір», «Қар қыз», «Жетім бота» деудің өзінде тура мағынасындағы көпір, қыз, бота дейтін тікелей түсініктен гөрі сайтан, қар, жетім секілді анықтама арқылы адамға арналған ауыр сынақ сол, сынақтан кімнің қалай өтетінін анықтайтын адам қасиетінің таразысы бар [4].

Қаламгердің «Қайдасың, қасқа құлыным» повесінде лирика заманауи адам бейнесін анықтап береді. Шығармашылық субъектінің өткен тарихтың материалдық және рухани белгілерімен байланысы қаншалықты терең әрі жан-жақты, сонымен қатар оның қоршаған табиғатқа деген сезімі қаншалықты шынайы болса, лирикалық кейіпкердің бейнесі арқылы адам тіршілігінің мақсаты мен мәні толық әрі айқын көрініс табады. Оған автордың мына сөздері дәлел: «...Бәлкім, өмірімде қаншалықты ағат істер жіберіп, соншалықты сүрінсем, сүйеуіш болған да сол – ертеңіме деген сенім, ертең туар балаға деген зор үміт пе? Иә, ағаттық менің ғана еншім емес, барша қазақтың індеті еді ғой... . Иә, елім деп еңіреген, халқым деп қайысқан азаматтарды көлденең өткен көп аттының сауғасына қаншасын құрбан қылдық, қаншасының құйрығына шала байладық. Енді мынау, енді мынау заты емес, аты қалған әр құлпытастың түбіне бір келіп, аруағына табынып, өткенімізге өкініп отырғанымыз...» [5].

О.Бөкей шығармасындағы кейіпкер ерікті емес. Ол өзінің кәсібі және туған жері мен халқы алдындағы азаматтық міндетінен туындайтын қамқорлығымен ғана шектеледі. Тек өз өмірінің өткені

мен болашағын «байланыстырып», ой түбіне шомғанда ғана өзін ерікті сезінеді. Сөйтіп, әке мен бала тақырыбын идеялық-стильдік жағынан шешу арқылы ұлт пен Отан тағдырына өзіндік үлес қосады. Атап айтқанда, «Апамның астауы» әңгімесінде осы ойдың қаншалықты «байланыс» тапқандығын аңғару қиын емес. «... Енді міне... қолымызды мезгілінен кеш сермеп отырғанымыз. Енді міне, бұзауы өлген сиырдай тұлыпқа мөңіреп, жыртқық астаудан Апамның алақанын, Апамның қауыздаған талқан-тарысын іздеп тамсанып отырғанымыз. Білем, жер-көкті шарлаған Асан қайғы да ажалдан қашып құтыла алмаған; білем, мың жасаған Лұқпан Хакім де өлмеудің, өлтірмеудің амалын таба алмаған; адамзат – өлу үшін туарын...бәр-бәрін білем. Құдай-ау, мәңгілік тіршіліктің жоғын сезе тұрып, Апам сынды адамдарды жер басып жүрген кезінде неге ардақтамадық, неге бағаламадық...» [6].

Әрбір адамның өткен өмір тәжірибесінде берік орын алған әлем, дүние жайлы таным-түсініктерін кеңейту мақсатында жаңа білімді іздестірудің кілті – ол шынайылық. Кейіпкердің ішкі жан толғанысы, сезімі, ойы бәрі де автордың балалық шаққа деген ыстық естелігіне толы. Сол естеліктері арқылы Оралхан Бөкей оқырман жүрегін адамгершілік сезімдерге баулиды. Сонымен қатар, қоғамдағы орын алған әлеуметтік мәселелерге деп қалам тартқан, атап айтқанда, отбасы берекесі, орда бұзар жастағы азаматтардың ішкілікке салынуы және т. б. «...Кейінгі жылдары атымыз бәйгеден келіп, атақ қуған соң, ауылға сирек қатынайтын болдық қой. Шаған өмірінің соңғы жылдарынан хабарсыз болғанмын... Палуан ағамыз бұл күндері ат басып, тозыңқырап қалған намысын қорғаймын деп жүріп қор болған да. Рухын жоғалтқан адам – ол да бір түбі шіріген ағаш, жел тұрса құлап қалады. Елге соңғы барғанда естідім – Шағанды саусақпен түртіп қалсаң, мұрттай ұшады екен. Қарап отырып қапаланасын. Жастық шағымның қол жетпес арманы, шыға алмас шыңы, жыға алмас бәйтерегі болған, қайран азаматты мүсіркеуім емес, жо-жоқ, айналайын ауылда «әттең, сол кісідей болсам» деп, ерлік тұтып еліктейтін азаматтың азайғаны жаныңды жаралайтын...» [7].

Талантты жазушының басты кейіпкері тарихпен қатар өмір сүреді. Автор тарихи оқиғаларды суреттеу арқылы рухы күшті адамдардың тарих сұрлеуінде қалдырған мәңгі өшпес іздерін ұрпақтың ұмытпай, есте сақтауларын қалайды. Автордың аңызнама ретінде жазған «Айпара анасы» тәуелсіздігімізді баянды ету жолында өз үлесін қосқан аналардың бірі-бірегейі. «...Менің

ұрпақтарым намысын қолдан бермейтін, ожданы таза, діні берік күйде баз кешпек. Менің ұрпақтарым бірер сүрініп барып, үшінші рет жігер отын жағар... Тый көз жасынды, ей еңіреген ел, ата-баба қонысын жоңғарға бермей, тас-талқан етер ұланың бар. Жаралы екеніңді білемін. Батыр ел әмсе жаралы болмақ. Шалқайғанға шалқай – пайғамбардың ұлы емес. Еңкейгенге еңкей – құдайдың құлы емеспісің. Жеріңді тастама – жетім қалар. Ашыққан арыстан шөп жегенін көрдің бе? Арғымақ мінген азаматы бар елдің ақыретсіз қалғанын көрдің бе? Сол кезең туған да шығар. Көз жасынды сен де тый, сайын дала, құдайға шүкір, Жандостай ұлын тұрғанда туырлықтай жерінді бермейді жауға ...» [8].

Оралхан Бөкейдің «Қамшыгер» әңгімесін оқыған кезде адам мен адамгершілікке, адам мен қоғамға, адам мен табиғатқа қатысты мәселелердің орын алғандығын байқаймыз. Автордың қай шығармасын алсақ та, ол табиғатты жай ғана суреттеп қоймайды, біздің көз алдымызда табиғатқа «жан» бітіреді. Атап айтқанда, оның кейіпкерлері, көбіне өмірде жалғыздық тауқыметін тартқан жандар табиғатпен сырласып, оған өздерінің мұң-мұқтаждарын айтып, онымен өмір жайлы сыр шертіседі....

Барымташы түсінде қамшысынан тамып жатқан қанды көріп, бойын үрей билейді. «Түске не кірмейді, сол үшін де қорқу керек пе?» - деген ой да оны мазаламай қоймайды. Алғашында көрген түсі жамандықтың нышаны болар деп, барымташы жолдастарымен бірге «іске барудан» бас тартады. «Әлде қан тамған қамшыны лақтырып тастау керек пе?» - деген ой кейіпкерді әбден мазалайды. Бойында пайда болған жігерсіздікті жеңген Садақбай жолдастарымен жылқы ұрлауға аттанады... Қайтар жолда ол «Қыл көпір» сүрлеуінен құлап, ауыр дене жарақатын алады. Тірі қалғанмен де оған мұндай өмірдің қажеті не? Жазушы қамшыгердің дене жарақатынан болған күйзелісті емес, оның жан күйзелесін көз алдымызға әкеледі. «...Қамшыгер қалың ойда келеді. Жан дүниесі көкпар тартып жатқандай ию-кию; жан дүниесінде ит ұлып, ел көшіп бара жатқандай – ырымы жаман. Алты сан алаштың алдында бас имеген қажыр-қайраты өзгеше бір тәлімді пайдаға емес, қара қазанның қамы үшін ғана сарп етіліп, бор кеміктеніп құрып, өз-өзінен мүжіліп жатқанын ойлаған. Жортып өткен жылдарын зерде терезесіне салып салмақтаса, толағай бастың көргені көбік шашқан көрікті хәм ерікті күйлі жылдар емес-ті: бір өңкей жарау құрсак, тас-түйін, жоқ-жұтан күндер екен... » [9].

Әрине Оралхан Бөкейдің қай шығармасын алсақ та, кейіпкерлерінің адамгершілік құндылықтармен ерекшеленетіндігіне көз жеткізуге болады. Қилы заманның әр кезеңі адамдардың бітім-болмысымен, рухани адамгершілік қасиеттерімен астасып жатады. Талантты жазушының «Кісікиік» шығармасы осының айғағы. Кісікиік атанған басты кейіпкер Ақтанды – адамгершілік қасиеттердің, адалдықтың, ар тазалығының, сенімділіктің, табиғатқа деген сүйіспеншіліктің бейнесі ретінде көрсеткен. Ол табиғатты, оның өзіндік сырларын терең түсіне білген жан. Жазушы өз кейіпкерін көркемдікті сезіне алатын түйсігі мол жан етіп бейнелеген. Кісікиік табиғатқа арашашы бола алмаған адамдарға, қоғамға ренішті. Алайда бүкіл ауыл аудан орталығына көшкенде оның бұл реніші үдей түседі. Адамдарсыз асқар тау да, бүкіл табиғат та өзінің табиғилығын жоғалтқандай болып көрінеді... .

Сонымен, адам бойында адамгершілік түсінікті қалыптастыруға негіз болатын адамгершілік құндылықтарды неден көреміз?

1. Табиғатпен байланыс Оралхан Бөкей шығармаларындағы негізгі қағидалардың бірі.

Табиғат – бұл әлемде тіршілік ететін барлық органикалық және органикалық емес дүние. Онымен байланыс – бұл бүкіл жанды дүниеге деген ілтипат. Бұл қағида – адам баласының рухани әлемінің пайда болуына, оның рухани қажеттілігінің қалыптасуына, өз мүмкіндігін бағалап, оны іске асыруға әсер етті. О.Бөкей өз шығармалары арқылы табиғатты адам баласы тұратын, «жұмыс істейтін шеберхана» түрінде емес, оны күтіп, баптайтын «орталық» ретінде көрсетеді. Адам өмірінің өтпелі екендігі, табиғаттың мәңгілік әрі қуатты екендігі жайлы философиялық ой қозғалады. Бұл ой жазушы шығармасында проблема арқылы туындайды.

Табиғат пен адамның, қоғамның өктемдігі

Кім мықты?

Шығарма	Мақсат	Нәтиже
«Кісікиік»	Тұрғындарды бүкіл ауылымен аудан орталығына көшіру	Табиғатты, оның өзіндік сырын терең түсіне білетін Ақтанның туған жерін, табиғатын тастап көшпеуі.
«Кербұғы»	Бұғы мүйіздерін алу	Кербұғы құрсаудан босап, басы ауған жаққа лаға жөнелді.

Қорытынды:

Табиғат заңдылықтарының бұзылуы.

Қирау, өлім, табиғаттың өш алуы: қазірге кезде мұз құрсауларының еруі, түрлі апаттар және т.б.

Табиғат – адам бақыты.

Адам қашан бақытты болады?

Бақытты: басқаларды құтқару, өзін сақтап қалу, өзін құрбан ету («Айпара ана» аңызнама; «Құм мінезі» повесі)

Бақытсыз: туғандарынан айырылу («Жесірлер» әңгімесі); жамағайындардың көре алмаушылығы, өсек-аяң («Ардақ» әңгімесі); мансапқорлық, арамдылық («Құм мінезі» повесі, «Қар қызы» повесі)

2. Халықшылдық қағидасы халықтың мінез ерекшеліктеріндегі қайшылықтарға да байланысты болады. Әдетте көптеген шығармаларда халықтың көңілінен шығу үшін батыр, ержүрек, адал еңбеккерлер қарапайым халық арасынан шығады. Ал Оралхан Бөкей өз шығармаларында бұл мәселе бір жақты етіп берілмеген. Прозаик шығармаларындағы халықтың мінез ерекшелігі әрқилы. Оның кейіпкерлерінің бойынан ұлылықты да орасан зор кемшілікті де көруге болады.

Халықтың қандай мінез ерекшелігі қиындықты жеңіп шығуға көмектеседі?

Шығармалар	Құндылықтар	Кейіпкерлер	Кейіпкердің іс-әрекеті мен оған әсер еткен жағдайлар
«Айпара ана» аңызнама	Туған еліне, жұртына деген сүйіспеншілік	Жандос	-туған жері үшін жанын беруге дайын екендігі (жау тылына - жоңғарлар қосына баруы); -жаудың қолына түсіп қалса да қорықпауы; -өз отбасын сақтау үшін бауырларын құтқаруы;
«Құм мінезі» повесі	Жалпы игіліктерге деген қамқорлық	Бархан	-өз міндетін адал орындайды (совхоз басшылығының сөзін екі еткен емес); -тоң мойындық көрсетсе де көрші шопан Сейітқұлдан көмегін аяған емес; -адал, қонақжай (құлық қазушыларды ертелі-кеш қонақ етіп күтуі)
«Қайдасың қасқа құлыным» повесть	Адамгершілік қасиеттер	Бөкем Қаржау	-ферма басқарушысы болып адал қызмет етуі, -өз қара басын ешқашан ойламауы (ауырып, қаражат жағынан қысылған кезде ешқашан байлық жинамағаны есіне түсті); -Бөкемнің ауырғанын естіп, алыстан ат арылтып келуі, емдеуі.
«Мандайдан бағың шайқалса» әңгімесі	Азаматтық мәдениеттілік	Шаған	-намыскер (күресте оның жамбасыжерге тию – өліммен тең); -азамат(екі жылға бас бостандығынан айырылса да азамат болып қалды) -сертке берік (ішпеуге уәде беріп, уәдесін орындады),

«Сайтан көпір» повесі	Интеллектуалдық таным	Аман	-пәлсапалық ой толғаулар
«Табиғат-өмір-адам» әңгіме	Экологияға деген көзқарас	Автор көзімен	-табиғатқа деген сүйіспеншілік (адамның, өмірдің, табиғаттың байланысын керемет суреттеу)

3. Отбасылық – адамның отбасына деген махаббаты, ортақ мүддеге біріккен адамдардың бірлігі. Жалпы қазақ әдебиеті халықтық философияға негізделіп, отбасындағы патриархальдық басшылықты, ата-ана беделін, олардың балаларына деген қамқорлығына бағытталған. Отбасының адамгершілік қазығы – ана, ананың басты борышы – аналық парызы. Ана – ол отбасындағы бейбіт өмірдің тұмары іспеттес. Жер бетінде адамгершілік қағидаларының орын алуына себепкер – Ана. Осы қасиетті аналық парызды жазушының «Айпара ана» аңызнамасында Айпара ананың бойынан, «Апамның астауы» хикаясында қарапайым қазақ әйелінің бейнесін сомдаған автор апасының бойынан, «Жесірлер» әңгімесіндегі Мағрипа бойынан, «Бәрі де майдан» шығармасындағы Алма кемпірдің бойынан т.б. кейіпкерлердің бойынан кездестіруге болады. Жалпы айтқанда, Оралхан Бөкей шығармаларында аналардың образдары ұлылық пен қатар қарапайымдылыққа да толы етіп берілген.

О.Бөкей шығармаларындағы отбасы құндылығын туралы ой қорыта отырып, егер ата-ана адамгершілік қасиеттерден жұрдай болатын болса, оның балалары да мұндай қасиеттерден жұрдай болатындығына көз жеткіздік.

4. Тарихилығы.

Қазақ әдебиетінің өкілдері – жазушылар, ақындар қандай кезеңге қалам тартса да, олар үшін жеке тұлғаның өлшемі ретінде адамгершілік қағидаларын тілге тиек етті.

Идеология (уақытша)	Әдеби шығармалар	Адамгершілік (мәңгі)
Коммунистік партия Социализм Мансап	«Бәрі де майдан» «Сайтан көпір» «Қар қызы» «Тоқадан қалған түйя» «Қамшыгер» «Ардақ» т.б.	Ар-ождан, махаббат, отбасы, Отан, достық көмек, өзара түсіністік, әлем, жер.

Ар-ождан, махаббат, қайырымдылық, отбасы, Отан, достық, көмек, өзара түсініктері гуманистік дүниетанымының негізін құрайды. Ал гуманистік қағидалар адамның әлеуметтік жағдайына, ұлтына, азаматтылығына, діни және саяси сенімдеріне қарамастан әр адамның түсінігінің адамгершілік қағидасы болуы керек.



Оралхан Бөкей шығармалары кейіпкерлерінің тағдыры әртүрлі. Олардың барлығы да тағдыр тәлкегінің ауыр сынынан өтеді. Бірі қандай қиындықтарды бастан өткерсе де, ешқашан адамға тән асыл құндылықтарды жоғалтпайды, екіншілері бойларындағы рухани қасиеттерін жоғалтып ала жаздап, өмірге жаңарып қайта оралады. Ал үшіншілері, әрине өмірде де, автор шығармаларында да мұндайлар аз, адамгершілік қасиеттерден жұрдай. Автор кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктерін, адамгершілік қасиеттерін талдай, таразылай отырып, оқырмандарының бойына ізгілік қасиеттерін дарытады. Атап айтқанда, әділдік, парасаттылық, зерделілік және т.б.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Борзенко И.М., Кувакин В.А. Философия жизни. Учебное пособие. Москва. 2002.
- 2 Тұрлыбек Мәмесейітов «Парасат жыры» алғы сөз.
- 3 Серік Қирабаев шығармалар. Екінші том. Алматы «Жазушы». 1992
- 4 Мұхаметжан Қаратаев. Бетбұрыс белестері. Алматы «Алатау» баспасы. 2005ж.
- 5 Оралхан Бөкей. Қайдасың, қасқа құлыным. Повестер мен әңгімелер. «Елорда» баспасы. Астана. 1999 ж.
- 6 Оралхан Бөкей. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. Алматы «Атамұра». 2003ж. «Апамның астауы» әңгімесі.
- 7 Оралхан Бөкей. Повестер мен әңгімелер. «Маңдайдан бағың шайқалса»
- 8 Оралхан Бөкей. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. Алматы «Атамұра». 2003ж. «Айпара ана» аңызнама.
- 9 Оралхан Бөкей. Повестер мен әңгімелер. «Қамшыгер» әңгімесі. «Елорда» баспасы. Астана. 1999 ж.

#### **ЕЛБАСЫ Н. Ә. НАЗАРБАЕВ ҰСЫНҒАН «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ МЕН МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ» АРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК**

ЖҰМАЖАН Н. М.  
8-сынып оқушысы, Қараоба орта мектебі,  
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары

мен тыйымдары арқылы жүйеленген этностық сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ұлт бар жерде идея да бар. Ол ұлтпен бірге өмір сүреді, жойылмайды, құбылып өзгермейді. Жинақтай айтсақ, ұлттық идея сөз тіркесі тарихи ахуалға қарай этностың немесе мемлекеттің мұраты дегенге саяды. Тәуелсіздік таңы атып, егемен ел атанып, шекарамызды шегендеген сәттен бастап ұлттық идея мәселесі белсенді қолға алынды. Міне, сол себепті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік елидеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі - мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел» деді.

Мәңгілік Ел идеясы – неше жүздеген ғасырлық тарихы, ерлік шежіресі. Болашақты сондай тарихпен тәрбиелесең ғана жоғарыда Елбасымыз ұсынған идеяның сөз емес, іс жүзінде орындалатынына көзің жетеді. Елбасы Н. Назарбаевтың: «Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы ұмтылуымыз керек», – деген тұжырымы осыған дәлел. Өткенді бағалай білетін Елбасымыз: «Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы» десе, ол бүгінгі күйге ғана ұлттық идеяны меншіктемей, халқымыздың өткен тарихымен біртұтас сабақтастырып, Кеше – Бүгін – Ертеннің бүтіндігі ғана Мәңгі Ел ұғымының жай қызыл сөз емес, батыр, жауынгер, дарқан, «мың өліп, мың тірілген» жанкешті еліміздің жүріп өткен жолы, арманы, келер нұрлы күндеріміздің буырқанған жалғасы екенін мойындатады.

Қазақ даласында ұлттық идея байырғы түрік дәуірінде мемлекеттік, тіпті империялық биікке көтерілді. VIII ғасырда: «Бүкіл түркі халқы үшін қызыл қанымды жүгірттім, түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым, төрт бұрыштағы халықтың бәрін бейбіт еттім: бастыны еңкейттім, тізеліні бүктірдім!», деген бабаларымыз - Білге, Қатаған, Күлтегін (VII-VIII ғасыр) «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, қызыл қанын төгіп, қара терін ағызып» тағаштанып кеткен, еңсесі езіліп, есендірген түріктердің басын қайта құрайды.



Егер осы ескерткіштегі ерлік рухқа толы жыр жолдарын оқи қалсаң, бойыңа ерен қуат пен қайрат еніп, еңсең көтеріліп, жан-дүниені өрлік пен ерлік рух берері анық. Көп ғасырлардан кейінгі азаттыққа ұмтылған өршіл үнді ұранды жырлардың ұлы сарыны содан бастап тартып жатқаны да шындық. Олардың астарында ұлттықты асқақтату мен «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды», мәңгілік елдікті аңсаған асыл арман жатыр. Елдік қашанда мәңгілік идеясымен жұптас. Осынау жасампаз да жарқын идея қажет кезінде жаңғырып, жаңарып, ұрпағына қайта оралып, дәстүрлік жалғасын тауып, өзекті ойға өз өрнегін салып отырады.

Қазақ қазақ болғалы, ел болып ұйысқалы, ұлт болып орныққалы сыртқы жаудың шапқыншылығына, аласапыран замандарды өкелген жаугершілік пен үркіншілікке аз ұшыраған жоқ. Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет жыраулар – өткеннен бізге үзiгi жеткен ерлік пен азаттықты ұштастырған отты жыр дәстүрінің тарланбоздары. Тәуелсіздікті ту көтерген жыр үлгісі солардан қалған. Олар – еш қаймықпайтын, елінің тағдырын өзімен еншілес көрген жаужүрек жыраулар. Ел бірлігі – жырау арманы. Ел тәуелсіздігі – жырау толғауларының алтын арқауы. Жыраулық дәстүрден тамыр тартқан ұлттық идея, «мәңгілік ел» идеясы ХІХ ғасырдағы Махамбет поэзиясында да өзіндік көрінісін тапты.

Ұлт поэзиясы тарихында өзіндік үні, стилі, ерекшелігі, орны бар Махамбет Өтемісұлының әдеби мұрасы аз зерттелген жоқ. Оған ақын поэзиясының тақырыбы, жанры, идеясы, стилі, тілі, лексикасы, көркемдік әлемі хақында әдебиетші-тілші ғалымдар тарапынан жазылған үлкенді-кішілі ғылыми мақалалар, зерттеу-монографиялар дәлел. Бұлардың кейбірін атап өтсек, олар мыналар: М.Әуезовтің «Махамбет өмірі: Махамбеттің ақындығы», С.Мұқановтың «Махамбет Өтемісұлы», Қ.Жұмалиевтің «Махамбет Өтемісов», Қ.Мұхамедхановтың «Семсер жырға сергек қайрайық», «Қазақтың жауынгер, жалынды халық ақыны», З.Ахметовтың «О языке народной поэзии. Язык поэзии М.Утемисова», З.Қабдоловтың «Ерлік пен елдіктің өшпес рухы», Қ.Өмірәлиевтің «Махамбет поэзиясының тілі», Р.Сыздықованың «Махамбет өлеңдерін оқығанда», Мақсат Тәж – Мұраттың «Дулығасыз Махамбет», О.Тұржанның «Муза мен мұң», Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет», Қ.Мәдібайдың «Махамбет Өтемісұлы», т. б. Халел Досмұхамедов ақын шығармашылығы туралы, Исатай-Махамбет көтерілісінің себептері, барысы, ондағы тарихи тұлғалар хақында тереннен қозғап, алғаш рет жан-жақты қарастырған. Мұхтар Әуезов

«Әдебиет тарихы» еңбегінде ақын мұрасы туралы, оның зар заман ақындарымен үндестігін сөз етіп, қимыл мен күрестің өзгеше жыры ретінде зерделесе, Сәбит Мұқанов Махамбетті бостандық рухындағы ақын деп бағалады. Қажым Жұмалиев ақынның өмірі, шығармашылық ғұмырнамасы, өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі, тілі, поэзиясының тарихи мәні хақында таратып айтады. Алайда, Махамбеттің өмірін де, шығармашылығын да түбегейлі зерттеп болдық дей алмаймыз.

Қай халықтың да қадір тұтары - өзінің сөзін сөйлеп, кегін қуар ақыны мен батыры. Екеуі де тек халықтың ғана бойынан табылар сарқылмас жігер мен шабыттың, сана мен сабырдың, тәуекел мен арманның түлегі. Екеуі де жұртын елдікке бастайды. Екеуі де тасқындаған қайраттың ғана емес, ең алдымен, кең толғап, кемсіз пішер кемеңгер ақылдың көрінісі. Ал, Махамбет Өтемісұлы - осы екі қасиетті те бір басына сыйғыза білген қазақ елінің асылы, ақберен ақыны, тарланбоз батыры.

Азаттық үшін алысқан, елі үшін егескен арыстан бабамыз Махамбет Өтемісұлының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Рухы биік жырлары ақынның атадан туған аруақты ер екенін дәлелдей түседі. Тарихшы ғалым Тілекқабыл Боранғалиұлы өзінің «Ғасырдан тәбәрік» атты еңбегінде: «Қазақ жырының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әлеуетпіз. Бірі - рухани ұстазымыз, бірі-рухты ұранымыз» деп, Махамбеттің өзгеше жан екенін сөз етті. Жалынды ақын, намысшыл ержүрек жауынгер өзінің қысқа да отты өмірін жан-тәнімен халқына арнап, еркіндік идеясы мен әділеттілікті ұран етіп, найза ұшы мен қалам құдіретін шебер ұштастырды. Қазақ халқының рухани үрдісін кең аяда тарихи құбылыс ретінде елестетер болсақ, онда Көне Түркі ескерткіштерінен Қорқыт пен Асанқайғыдан бастап, Шалкиіз бен Қазтуған, Ақтамбердіге дейін жалғасып, ақыр аяғында Махамбетке келіп тірелетін жорық жырауларының бір-бірімен ғасырлар қойнауынан сабақтасқан жалынды үнін анық естуге болады. Махамбеттің өлеңдері бостандық пен әділдікті, халық көсемдерінің батырлығын қалың халық бұқарасына паш ету мақсатында жазылды [2,132]. Ақынның өлеңдеріндегі негізгі мақсат та, ұлттық идея да осы болды.

Қазақтың Махамбеттей біртуар ұлының 200 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілуі егемен еліміздің еңсесін биіктете түсті. Махамбет – қазақ халқының кегі, ызасы, намысы, жігері, қайтпас қайсарлығы. Жауынгерлік рухтағы

өршіл жырлардың інжу маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет – ерлік пен намыстың ақыны. Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді жыраулардың жалғасы Махамбет – сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты көрінісі.

Махамбеттің жырлары – ерліктің, өрліктің гимні, қайсарлықтың символы. Ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалған Махамбет – жақсыларға еп, жамандарға көп, лапылдап тұрған өрт.

Халқына төнген жауыздық пен қасіретті, ел арасына жайылған әділетсіздік пен жайсыздықты көре тұра еш қимылсыз жата беруді жөн көрмеген өжет ақын, ержүрек батыр қолына «шашақты найза алып», Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісіне үлесін қосады. Бұл көтерілістің мақсаты да, мұраты да анық. Ол Махамбет ақын өлеңдерінде «қара қазан, сары бала қамы» деп көрсетіледі.

Махамбет поэзиясы - ерлікпоэзиясы. Махамбет халықпен бітеқайнап, бірге өсті. Көтерілісінің әрі басшысы, әрі жыршысы болды. Батырлық пен сезімталақындықтың тізгінін қаруға тарұстады. Ақынның өлеңдері ерлікке, өрлікке арналады. Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «Мұнар күн» жырында ол ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «Арғымақ, сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Азамат ердің баласы», «Қара нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі - сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. Елінің азаттығы үшін ақберен ақын қаһармандық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етті, өзінің өткір тілді өрен жырларымен оларды күреске үндеді. Күрес - Махамбет поэзиясының негізгі тақырыбы. Махамбет жырларының тақырыптық сипатын белгілеуде оның тіліндегі халық, ел, жұрт, алаш, қарындас, ер, батыр, хан, сұлтан сөздерінің, қару-жарак аттарының, туыстық атауларының келу реті мен жиілік саны елеулі қызмет атқарады.

«Мәселен, біз Махамбеттің өлеңдер жинағын қарастырып, оның ішінде «ел», «жер», «халық», «жұрт» ұғымында жұмсалған мынадай тіркестерді таптық:

- 1) Ел қорғаған мен едім, мен де айрылдым елімнен;
- 2) Еңку-енку жер шалмай...
- 3) Ел шетіне жау келсе,  
Азаматердің баласы,  
Намысынашыдай ма?
- 4) Менің атам Өтеміс,  
Елдің қамын жеңді ғой...
- 5) Халық қозғалса,  
Тұра алмайды хан тағында-ай!
- 6) Еріскендей ер болса,  
Соғысқандай жерболса...
- 7) Ел күтқарар мен едім,  
Жандаспайақыры біртүгін бан...
- 8) Ханнанқырықтағанша,  
Қарадан бір-ақтұсайшы,  
Халықтың кегін құсайшы...
- 9) Озашауып, кеңжайлап,  
Еркіннен еркін жатқан еледік...
- 10) Еділ мен Жайық жері ау,  
Мекенеткен шаруаға...
- 11) Еділдің бойы ентоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге  
Мал толтырсам деп едім...
- 12) Қайырыла алмай барамын,  
Қайран да қалған еліме...
- 13) Халық үшін қантөгем деп,  
Қараны ханға теңеп берем деп...
- 14) Халық қайғысынайтуға  
Хан ұлынан тайсалман
- 15) Еңбекетіпелүшін,  
Арманда өтіп кетті деп,  
Соңымда бір қалған халқыма,  
Артымда біратақ, даңқ қалды-ау...
- 16) Серкесінен айырылып,  
Сергелдең болған біздің ел...
- 17) Абайламай айрылдым  
Ар жақтағы елімнен,  
Анау Нарын деген жерімнен

18) Жатыпқалғантайлағы

Жардайтанболғанжер...

Аш-арығымтойғанжер...

19) Астана жұртынайналған;

Бұдан байқағанымыз - Махамбеттің түгел дерлік өлеңдерінде «ел», «халық», «жұрт» сөздері ұдайы кездесіп отырады. Міне, бұл Махамбет жырының негізгі тақырыбы мен идеясын танытады. Ақынның көздейтіні – «ел» болу идеясы. Ал бүгінгі күн тұрғысынан айтсақ «Мәңгілік Ел» болу идеясы.

Махамбет өлеңдері тек жалаң құрғақ үгіт емес, оның өлеңдерінде жалынды, саяси өткірлік пен терең ой, нәзік сезім әрдайым ұштасып, біте қайнасып жатады. Махамбет өлеңдерінде бұл үшеуінің жігін ашып, бөліп алуға болмайды. Осы қасиеті Махамбетті көтеріліс туын көтерген әрі жалынды үгітшісі, әрі ардақты ақыны етті.

Орыс ақыны Е.Евтушенко «ақын дегеніміз - бұл ұлттық идея» дейді. Егер шынымен де солай болса, Махамбет біздің ұлттық идеямыздың ең басты тарауларының бірі болып және ықпалды тұлғасы болып өмір сүре береді. Себебі ұлттық идея - мәңгілік идея. Ол күн тәртібінен түспек емес. Ұлттық идея және азаттық бір нәрсенің екі жағы секілді. Бірінсіз бірі жоқ. Ал Махамбет - азаттық үшін күрес алаңына шыққан ардақты ер. Оның поэзиясындағы ұлттық идея өзіне дейінгі, өзінен кейінгі әдебиет өкілдерінің, ұлт жанашырларының негізгі идеяларымен үндесті. Бәрінде ортақ идея, ортақ мақсат, ортақ мүдде. Ол – ел болу, тәуелсіз ел болу, мәңгілік ел болу. Міне, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Халыққа Жолдауында сөз еткен «Мәңгілік ел» идеясының мәні де осында. Сонау тарих қойнауынан үн қатқан Махамбет бабамыздың асқақ ұраны, арманы мен мұраты бүгінгі күнде жаңғырып, Елбасымыздың, тұтас еліміздің мақсат-мүддесімен, «Мәңгілік ел» боламыз деген идеямен бір арнаға тоғысып, тамаша үндесіп жатыр.

Махамбет өз туған халқының перзенті ретінде өз елінің болашағынан үлкен үміт күтті, елдің еркіндігін аңсады:

Еділдің бойы ең тоғай,

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге,

Мал толтырсам деп едім... - деп армандап еді.

Махамбеттің бұл арманы бүгінде орындалды, іске асты. Бүгінде Қазақстан Республикасы – егеменді ел. Бейбіт заманда өмір сүріп

жатырмыз десек те, Махамбеттің жүрегінкескілеген намыс пен күрескерлік бізге қазір де қажет. Өйткені, арын тапталған, рухын төмендеткен елдің болашағы бұлыңғыр. Махамбет сияқты батыр да ақын бабаларымызды ешқашан жадымыздан шығармауымыз керек.

Қуат берген, күш берген елге күнде,

Ата ерлігі қазақтың келбетінде.

Оу, Махамбет, Мәңгісің, Мәңгіліксің!

Жасай бер мәңгі өлмей жер бетінде!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Халыққа Жолдауы, 2015 жыл.

2 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1 том, Алматы: 1958 ж.

3 Жұмалиев Қ.Егеулі найза - Алматы: Арыс, 2003. - 280 б.

4 Жорық жырлары. - Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2007 ж.

5 Қадыр Жүсіп. Махамбеттану мәселелері. Алматы: Асем, 2003 ж.

6 Өмірәлиев Қ. Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысы \\Қазақстан мектебі, №6 1970 ж.+

7 Хабиева А.А. Тарихи лексиканың мазмұндық құрылымындағы коннотаттық компоненттер (Махамбет шығармашылығы негізінде), Алматы, 2007 ж.

#### ИСА БАЙЗАКОВ – АҚЫН, ӘНШІ

ИДРИСОВА А. Б., МУКАРАМОВА А. Е.  
оқушылар, №25 жалпы орта білім беру мектебі  
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Иса Байзақов(1900-1946)-ақын, әнші,әрі композитор. Павлодар облысы Ертіс ауданы Үлгілі ауылында дүниеге келген.

Өмір баяны

Әкесі Байзақ хат танып,жасында ән салып,өлең шығарған,сауыққой кісі болған.Иса 9 жасында болғанда шешесі қайтыс болып,әңгімеші Жанбаланың бауырында өседі.Нағашы ағасы Рахмет оны домбыра тартып,ән салуды үйретеді.Кішкентай кезінен бастап «Әнші Иса» атанады.1921 жылы Семейдегі жұмысшы факультетінде,1922 жылы

Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында, 1929-1932 жылы Қазақ педагогикалық институтында оқыған.

1926-1929 жылы Қазақ драма театрында шақырылып Әміре, Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай актерлермен бірге жаңа театрдың негізін қалаған. М. Әуезовтың алғаш қойған театр «Еңлік-Кебек» мен «Бәйбіше-тоқалында» басты рөлді ойнаған. 1932-1940 жылы Алматы, Қарағанды, Семей қалаларында радиода, Жазушылар одағында қызмет атқарған. 1924 жылы алғаш рет өлеңдері жариялана бастады. Иса Байзақов жазба әдебиет өкілі ретінде көркем туындылар қалдырды.

#### Шығармашылығы

Көптеген өлеңдерінде өзі өмір сүрген Қазақстанның тыныс-тіршілігін түрлі көріністер арқау еткен. Ақынның өлеңдерінде фальклорлық сипат басым. Бұл-оның суырып салмалық талантының арқасында. Байзақовтың жұрт алдындағы айтылғын ұзақ толғау кіріспе іспетті, өзіндік әндері кенінен таралған. Байзақов поэма жанырын дамытуға зор үлес қосқан.

«Ұлы құрылыс», «Алтай аясында», «Он бір күн, он бір түн», «Кавказ», «Ақбөпе», «Қырмызы-Жанат», «Қойшының ертегісі» және тағы да басқа көлемді шығармаларында өткен замандағы оқиғалар, кейінгі дәуірдегі шындығы туралы айтылады.

«Құралай сұлу», «Алтай аясында» поэмаларында жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» поэмасында сол замандағы қазақ тұрмысы шынайы суреттеледі және де ел бірлігі, патриотизм идеясы көтерілдеді. «Ақбөпе» поэмасында ақын өз кейіпкерлеріне Ақбөпе мен Әміржан бойына бұрынғы қазақ жастарының ең жақсы деген қасиеттерін жинақтаған. Ақбөпе-өзінің бақыты үшін шынайы күрескен өр мінезді қазақ қызының бейнесі. Ақын өзінің отты жырларымен бірге ел ішіндегі насихат жұмысына араласып, еңбектегі ерлікті жырлады. Иса Байзақов 40 астам өлең сөздерін жазып, нотаға түсірген болатын. Оның шығармашылығы-қазақ поэзиясында ерекше орын алатын. Ол актерлік, әншілік, жыршылық дарындарымен қазақ мәдениетінде терең із қалдырған.

Иса Байзақовтың өмірін және шығармашылығын Е. Ысмаилов, М. Хасенов, Р. Бердібаев зерттеген болатын. «Өн қанаты» Н. Ановтың романында, аттас кинофильмде Иса Байзақовтың көркем бейнесі жасалды. 1999 жыл Байзақов Еңбек Қызыл Ту ординімен марапатталған.

Жазған эпикалық шығармалары

«Құралай сұлу» (1925)

«Қойшының ертегісі» (1926)

«Алтай аясында» (1939)

«Кавказ» (1941)

«Қырмызы-Жанай» (1940, аяқталмаған)

«Ақбөпе» (1945)

«Неге Алатау шаттанды» (1929)

«Ұлы құрылыс» (1933)

«Он бір күн, он бір түн» (1939)

Иса Байзақов туралы.....

...Иса желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Европа Исаның ақындығындай суырыпсалма, желермен, тұтқиыл ақындығын, ақындық теңізі деп түсінер еді деп Мұхтар Әуезов Иса Байзақов жайлы жазып қалдырған.

С. Бегалин: Ақын өмірінен..

Иса Байзақұлы өзімізбен бірге жасасып, күні кеше ғана қатарымыздан кетті. Ол бүкіл Қазақстан жұртшылығына өнерімен, өлеңімен өзін танытқан ақын, замандас еді. Иса әрі ақын, әрі артист, әрі өрісі кең жазушы еді. Мен Исаны ең алғаш 1925 жылы маусым айының ішінде, Қоянды жәрменкесінде көрдім дейді: - Бегалин

М. Байзақова «Әкем туралы»

Әкеміздің өмірі өзінің ғажаайып дарынындай ерекше де ғажап болды. Содан болар Исекең туралы көптеген қызғылықты әңгімелер ол кісінің сері мінезі, ақын азаматтылығы жайлы дәйекті деректер тамаша аңызға айналып жүр. Онымен қоса ол кісі туралы кейбір естеліктерде жалған пікір де кездеседі. Жалпы әкем туралы білгенімді айтып кетуді парызым деп ұқтым. 1939 жыл. Папамның тойлары. Папамыз үшін 1939-1940 жылдар өмірінің ең бір бақытты кезеңі болды. 1939 жылы бір топ ақын жазушылар ордендермен наградталғалы жатқанда, папам интернатқа келіп, маған мынадай әңгіме айтты: «Союзге Москвадан бір телеграмма келіпті. Онда «поэта Умурзакова командировать» - деген. Бүкіл қазақ-қырғызда ондай ақын жоқ деп жазушылар әлек болып жүр. Ал, менің жүрегім сезеді, сол дәл маған келген телеграмма. Үндеме, қызым, папаларыңның бағы енді ашылар», - деді.

Мұзафар Әлімбаев «Дауылды Дүлдүл»

Егер шынайы поэзия мен шын асыл өнер саласында қазақ халқының таланттылығын бір-ақ мысалмен дәлелдеу қажет болса, мен Иса есімін атап, бесаспап өнерпаздығын алға жаяр



едім. Сонда кез келген шет елдік тосын көз де тоғыз жасынан талант бәйгесіне түсен жыр дүлділі, «желдірмелерін» желдей естірген шабытты әнші, дарынды композитор, қазақ театрының кара шаңырағын көтеріскен айтулы артист, халық фольклорын жинаушы, әдебиет насихатшысы, артына өшпес үлкен мұра қалдырған Иса творчествосына илана ұйыр еді...

Уағаз Шамсутдинов «Ақынмен бірге болған күндер»

Оқушылармен әңгімелесіп отырғанымда үстіне кара барқыт жағалы пальто киген, басында қазақы бөрік, аяғында тақалы етігі бар 20-21 жастар шамасындағы бар жігіт үйге кіріп келді де: «Қателеспесем, Шамсутдинов жолдас сіз болатын шығарсыз»-деп қолын созды. Оқушылар орнынан тұрысты. Таныса кеттік, бұл жігіт Қызыл-ағаш болысының 9 ауылнайында тұратын Иса ақын екен. Иса қазақты кара жұмысқа алған кезде көппен бірге, ағасы Мұса, әкесі Байзақ – үшеуі Сібір жаққа барады. Одан еліне келісімен Семей кетіп, онда оқыған азаматтармен танысып, білім-өнер қуып жүрген кезі. Ауылға келе сала менің Тасқұдықта тұңғыш совет мектебін ұйымдастырып, балалар мен ересектерді оқытып жатқанымды естіп, келіп тұрғаны екен дейді.

Иса өлеңдері

«Алатау»

«Бұлт қуған басынды қарлы Алатау». Өнге арналған өлең. Қазақ радиосында жиі орындалатын өлеңнің тексі. 1948 жылғы жинақта да, 1956 жылғы «Құралай сұлу» жинағында да жарияланған. 1983 жылғы екі томдық бойынша беріліп отыр.

«Мақтандым бүгін, мақтандым»

Бұл шығарма 1927 жылы 20 қаңтар күнгі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған. Октябрь революциясының он жылдығы басталатын алғашқы айында советтік Қазақстанды суреттеуге арналған 1983 жылғы екі томдықтан алынып отыр.

«Қарашы, домбыраның еркесіне»

Бұл өлең кейде жеке шумақ ретінде естеліктерде келтіріледі. Алайда әр естелікте сөздер өзгерістер бар. Жинаққа 1983 жылғы екі томдықтан алынды. Өйткені мәтіннің толық нұсқасы Жақан Сыздықов 1936 жылы ақынның өз аузынан жазып алынған деп есептеліп, Исаның бұрынғы жинақтарына енген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.»

2 Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл

3 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы

### КӨПТІЛДІЛІКТІ МЕНГЕРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

ҚАЙЫРБАЕВА Қ. А.

6 сынып оқушысы, Абай мектебі, Шарбақты ауданы

ОМАРОВА Г. Б.

Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі

*Білекке сенген заманда,*

*Ешкімге есе бермедік.*

*Білімге сенген заманда,*

*Қапы қалып жүрмелік,*

*Абылай хан*

Өздеріңізге белгілі ХХІ ғасыр ақпараттық технологиялар дамыған нарықтық-экономикалық қоғамда көп тілді меңгеру өте өзекті тақырыптардың бірі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған өткен жылғы Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғарғы білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деді. Бұл, шынында да, қарқынды дамып келе жатқан ел үшін өзекті мәселе. Сондықтан, бүгінгі таңда көптілді меңгеру арқылы ақпараттық және коммуникативтік күздіретілікпен қатар көпмәдениеттілік, жаһандық қауымдастықтың білім беру саласын зерттеп білуге де оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. Көпмәдени және көптілді білім беру мәселесінің өзектілігі бүкіл әлемнің экономикалық, мәдени және саяси салаларының интеграциясына бет алуымен тығыз байланысты. Біздің тануымызша, көптілді білім беру бірнеше тілді қатар оқу арқылы арнайы білім алу және әр түрлі елдер мен ұлттардың тарихи-мәдени және әлеуметтік тәжірибелерін меңгеру, сонымен қатар әлемдік мәдениетке мақсатты түрде қосылуымызға серпіліс береді.



Көп тілді меңгеру - бұл өте күрделі психологиялық үрдіс. Бүгінгі таңда бізге ана тілінің уызына қаныққан, ұлттық мұраны құрметтейтін, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, зиялы да шабытты тұлғаның қажет екені белгілі. Әл-Фараби бабамыздың 76 тіл білгені біз үшін мақтаныш. Лингвистика ғылымы соңғы жылдары көптеген жаңа бағыттарды қамтып, ғылыми-теориялық және практикалық жағынан кең өріс алып, дамып келеді. Мұндай бағыттар қазіргі өмір талабы мен уақыт сұранысына сәйкес пайда болып отырғаны белгілі. Бұған дейін біз бір тілге көңіл аударып келсек, қазір заман талабына сай жаңа салаға, жаңа бағытқа - когнитивтік лингвистикаға айрықша көңіл аударып келеміз. Бұл сала қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жарыстыра отырып, бір-бірімен салыстыра, жалғастыра отырып үйрету принципіне негізделген.

Тілді үйрену мәселесі әртүрлі жағдайларға, шарттарға байланысты. Қандай жағдайда, қай жастан бастап және не мақсатпен тіл оқып үйрену.

- Тіл мамандары тілді жетік меңгерудің бірнеше түрін анықтайды:

- монолингвизм – біртүлділік, яғни алдымен ана тілін меңгеру;
- билингвизм – қостілділік, тілдің бастапқы даму кезеңінен бастап, екі тілде сөйлеу;
- мультилингвизм – көптілділік, бірнеше тілде сөйлеу;
- екінші тілде сөйлеу өзінің ана тілімен қоса – бұл меңгеру үдерісі ана тілінің толық немесе жартылай дамығанынан кейін басталады;

- шет ел тілдерін меңгеру дағдылары – әртүрлі үйрену жағдайларында, үйреніп жатқан тілдің табиғи ортасында немесе тысқары болады.

Қазіргі таңда елімізде жалпы тіл мәселесі, көптілдікті меңгеру жолдары өте қарқынды деңгейде деп мақтанышпен айта аламыз. Оған дәлел ретінде ең алдымен тәуелсіздік алған жылдардан бастап жасалып жатқан бағдарламалар, мысал, 2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беру жүйесін дамыту бағдарламасы, 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді дамыту мен қолдану бағдарламасы мен «Тілдер үшбірлігі» мәдени бағдарламасына сәйкес, 2020 жылға қарай қазақ тілін барлық қазақстандықтар, орыс тілін – 95% және ағылшын тілін – 25% меңгерулері тиіс. Міне бұл Тәуелсіз Қазақстанның білім беру саласының осы уақытқа дейінгі жетістігі деп білемін.

Көпұлтты Қазақстан жағдайында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы қоғамдық өзара келісімді нығайтатын маңызды

фактор болып табылады. Тілдердің үштұғырлығы идеясы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін құруға және дамытуға бағытталған ұлттық идеологияның бөлігі болып саналады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы көптілді білім беру, мектептер мен жоғары білім беру саласының негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Көптілді меңгерген тұлғаны қалыптастыру жолында мектеп ұстаздарының да рөлі өте зор, себебі оқушының бойындағы негізгі құндылықтар мен өмірлік мақсаттар, қағидалар осы уақытта қалыптаса бастайды.

Кез-келген қоғамда азаматтық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеудің негізгі факторлары өз елінің тіліне деген құрмет болып табылады. Бала тілді неғұрлым ерте жастан үйренсе, соғұрлым ол оны жеңіл меңгереді.

Ой түйін жасай келе түсінгенім, көптілді меңгеру әрине жақсы ғой, дамушы елдердің қатарындамыз, бізге әлі де елімізді гүлдендіру үшін, көп жұмыстармен қатар қажырлы еңбек керек, сондай-ақ батыстың дамып кеткен елдерінің тәжірибесін алу үшін олармен қатар тереземіз тең болу үшін көптілді меңгеру алға қойылып отыр. Әрине, көптілді меңгеру арқылы ұлттар арасында татулық және де бірлікке қол жеткіземіз, арнайы білім аламыз, керекті ақпарат көздерімен таныса аламыз, еліміздің сыртқы саясатын жақсартамыз. Дегенмен, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген. Қадыр Мырзалиевтің осы бір жақсы сөзін жадымыздан мәңгіге өшірмеуіміз қажет. Міне, бүгін біз ұстаздар, оқушылармен осы бағытта жұмыс жасауымыз керек. Өз тілін білмеген, өз тілін кәдірлемеген халқы бар ел ешқашанда шарықтап дамымайды, бұл тарихта болмаған дүние. Тіл маманы боғандықтан айтуымыз керек: Қазіргі уақыттағы ақсап тұрған өзекті мәселелердің бірі қазақ тілінің, мемлекеттік тіліміздің екінші орында қалып қоюында болып отыр. Көшелердегі хабарландыру, жарнамалардың қате жазылғанын көргенде көңілге кірбең түседі. Сондықтанда мемлекеттік тіліміздің шарықтап дамуына барша халық болып, ұстаздар қауымы болып атсалысуымыз керек деп ойлаймын. Өзге тілді студент жастардың қазақ тіліне деген дұрыс көзқарасын қалыптастырып, болашақта мемлекеттік қызмет саласында, білім беру жүйесінде жұмыс істей алатындай маман болуына жол ашу, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, ел, ұлт мүддесін қорғайтындай азамат етіп тәрбиелеу – ұстаздар парызы. Бұлай қоғамымыз көптілді меңгеру жолында өз ана тілін аяққа таптап кете баратын болса, сан мындаған тілін білмейтін мәнгүрттердың тізімін толтыра беретіні сөзсіз. Ғабит

Мүсірепов атамыз айтқандай: «ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді», яғни тіліміздің тағдыры өз қолымызда. Ал Ж. Аймуытов болса Ана тілін өсіп өркендей беретін, құламайтын бәйтерекке теңеген екен.

Кемшілікті сырттан, не өзгеден емес, өзімізден табуымыз керек, даналар айтпақшы, тіл – ұлтымыздың тірегі емес пе?

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде». Егер де мәдениетті ел боламыз десек, ана тілінде сөйлейік, одан кейін ғана өзге тілде үйренейік, өйткені біле – білген адам үшін барлық мәдениет те, тарих та, даналық та ана тілінде.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Полиязычное образование в Республике Казахстан: стратегия и развитие.

2 ҚР-нің президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы, 2012ж.

### АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

ҚАЙЫРБЕК А. Ж.

6 «Ә» сынып оқушысы, № 26 мектеп – гимназиясы, Екібастұз қ.

КАЛИЕВА А. С.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

«Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе» - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров Абай атамыздың әр сөзіне терең үңіле отырып, сезіну, тек әдебиет айдынында жүргендердің ғана емес, көкірегі ояу әрбір азаматтың парызы. Мен де Абай атамыздың шығармаларын, ондағы әрбір сөздің мән-мағынасын танып, білгім келді.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845—1904) — ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер [қосымша 1]. Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе құған...») бастаған. Жалпы ақынның шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі — өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі — ғақлия (немесе Абайдың қара сөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі — өзге тілдерден, әсіресе орысшадан аударған өлеңдері [қосымша 2].

Абай - елдің тілін толық пайдаланған ерекше ақын. Өзім Абай атамның өлеңдерін сүйіп оқимын. Оның өлеңдерін оқыған сайын қазақ тілінің терең мәнді сөздерін түсінемін. Абай атамның шығармаларында маған түсініксіз, бұрын естімеген сөздер кездесті. Қазақ тілінде осындай сөздер бар ма? Неге мен бұрын бұл сөздерді естімедім? Біз неге бұл сөздерді қазіргі тілде қолданбаймыз? Міне, осындай сауалдар менің ойымнан кетпей қойды. Мен әрбір сөздің мағынасына терең үңілгім келеді.

Абай Құнанбаев «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы,-деп өлең жазуға үлкен талап қойған.

Ақын өлеңдеріндегі сөздердің басым бөлігі- көнерген сөздер. Қазақ тіл білімі ғылымының зерттеулерінде көнерген сөздер – күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорында сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. Көнерген сөздер көнелену дәрежесі мен қолданылу сипатына қарай өзіндік лексика жүйесін құрайды. Көнерген сөздер көнеру тілдегі қолданылу ерекшеліктеріне қарай екіге бөлінеді: тарихи сөздер мен архаизмдер.

Ақын атаулары ескіріп, қолданыстан шыға бастаған сөздерді көбінесе көнені суреттеу үшін немесе образ үшін пайдаланады. Ақын «Ескілік киімі» өлеңінде:

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,

Тон қабаттап кигенім – шидем шекпен.

Жейде- дамбал ақ саннан, жарғақ шалбар,

Жырым балақ, матамен әдіптеткен.

Мықшима аяғымда былғары етік,

Киіз байпақ тондырмас ызғар өтіп.

Үлкен кісе белімде жез салдырған,

Шақпағым, дөңдәкуім жарқ-жүрқ етіп .

Өлеңдегі «Шидем шекпен», «Жарғақ шалбарым» тіркестерін ақын өткенді суреттеу мақсатында қолданады. Бұл сөздер көнерген сөздер қатарына жатса да, мағынасы түсінікті сөздер болып саналады. Түсіндірмелі сөздікте «Шидем шекпен - түйе жүнінен тоқылып, астарланып, тігілген жеңіл сырт киім. Жарғақ шалбар – теріден тігілген шалбар.» деген анықтама беріледі. Ал жоғарыда аталған өлең жолдарындағы «дөңдәкуім» сөзі мен үшін түсініксіз

сөз. Дәндәку – кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы. Ал, кісе - күміспен, жезбен әшекейлеп істеген пышақ қыны, шақпақ салатын қалташалары бар қайыс белбеу [қосымша 4]. Оқшантай - былғарыдан тігіліп, белдікке тағып оқ-дәрі, құрал салып жүретін қалта. «Дәндәку» сөзінің мағынасын түсіну үшін, анықтамада берілген түсініксіз сөздердің де мәнін ашу қажеттілігі туды. Ақын тіліндегі бір сөздің мағынасын түсіну мақсатында бірнеше сөздермен таныс болдық. Міне, осылай сөздік қорымызды байытып, қазақ тілінің төл сөздерімен таныстық.

Ақынның «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінде:

«Ой, тәңір-айшыл» кер есек,

Қулық, сұмдық не өсек,

Болмаған соң, бір есеп –

Мейілі қамқа, мейілі бөз, – деген жолдардағы «қамқа» және «бөз» сөздері түсініксіз болып табылады. Бұл сөздер көнерген сөздер қатарына жатады, алайда Абай өмір сүрген заманда қамқа, бөз сөздері кең қолданыста болған. Қамқа -зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата. Бөз - мақтадан тоқылатын, жұқа, арзан қолды ақ мата.

Ақынның 1894 жылы жазған «Әсемпаз болма өрнеге» өлеңінде:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға,-деп ақын адамгершілік туралы ойды қайрат, ақыл, әділет, шапқат сияқты адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады. Шапқат сөзі- шапағат деген мағынада, яғни мейірім, рақым секілді қасиеттерді білдіреді екен. «Жақсыдан - шапағат, жаманнан кесапат» деген мақал да бар.

Абай атамыздың «Жазғытұры» өлеңімен таныстым. Осындағы «Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар» жолдарындағы «Мазатсып» сөзі етістік сөз екендігі түсінікті, ал бірақ қандай мағына беретіні белгісіз. Бұл сөз «рахаттанып, масаттанып» деген ұғымда айтылған екен.

Абай шығармаларындағы араб-парсы тілінен енген көнерген сөздер кездеседі. Бұрыннан қазақтың жалпы халықтық тілінде қалыптасқан шығыс сөздерін ақын еркін қолданады.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Жамандық көрсен нәфрәтлі,

Суытып көңіл тыйсаңыз.

Жақсылық көрсен ғибрәтлі,

Оны ойға жисаңыз, –деген жолдарындағы «нәфрәтлі» және «ғибрәтлі» сөздерінің мағынасы түсініксіз. Нәфрәтлі – жеркенішті, ғибрәтлі – үлгілі деген мағынада қолданған [қосымша 7]. Аталған араб сөздерінің орнына қазақша баламаларын қолдансақ, өлеңнің мағынасы ешбір өзгеріске түспейді. Мысалы:

Жамандық көрсен жиреніп,

Суытып көңіл тыйсаңыз.

Жақсылық көрсен үлгі алып,

Оны ойға жисаңыз,-деген жолдарда ақын араб сөздері арқылы өлеңге өзгеше бір мағына беріп тұрған тәрізді.

Ақынның «Алла деген сөз жеңіл» деген өлеңінде араб-парсы тілінен енген сөздер өте көп кездеседі. Ақынның өлеңіндегі әрбір сөздің баламасын тауып, сөздің мағынасын түсіну қажет.

Ақылға сыймас ол алла,

Тағрипқа тілім қысқа ah!

Барлығына шүбәсіз,

Неге мәужүт ол қуа.

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдүр жүрек, сезедүр,

Мүтәкәллимін мантикин

Бекер босқа еседүр .

Өлең жолдарындағы тағрип, мәужүт, хауас, мүтәкәллимін, мантикин сөздері ақынның шығыс тілінен алып қолданған сөздері. Тағрип – түсіну; мәужүт – бар нәрсе; хауас – сипат, сапа; мүтәкәллимін – дінді дәлелдеушілер; мантикин – қисынды сөз деген мәндегі сөздер. Осы тәріздес шығыс сөздерімен өрілген ақынның өлеңдері өте көп кездестіруге болады..

Абай Құнанбайұлының көптеген шығармаларымен таныстым. Сол өлеңдердегі мен үшін түсініксіз болған сөздер бойынша сөздік жасауды ұйғардым.

1. Шидем шекпен - түйе жүнінен тоқылып, астарланып, тігілген жеңіл сырт киім.

2. Жарғақ шалбар – теріден тігілген шалбар

3. Дәндәку – кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.

4. Пыстан - ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, үстін жез, күміспен қақтаған былғары.

5. Бойкүйез- бір нәрсеге селсоқ қарайтын енжар, еріншек.

6. Жеңсікқой- құмар, ынтызар, әуесқой.

7. Қамқа -зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата.
8. Бөз - мақтадан тоқылатын, жұқа, арзан қолды ақ мата.
9. Шапқат – шапағат деген мағынада, яғни мейірім, рақым.
10. Мазатсып- рақаттану, масаттану.
11. Нәфрәтлі – жеркенішті.
12. Фибрәтлі – үлгілі.
13. Күпір-кесапат, пасық.
14. Тағрип – түсіну.
15. Мәужүт – бар нәрсе.
16. Хауас – сипат, сапа.
17. Мүтәкәллимін – дінді дәлелдеушілер.
- 18.Мантикин – қисынды сөз.
19. Ұшпадай- шашыранды.
20. Малма– тері илеу үшін жасалатын ашытқы
21. Шомшы- құс.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлы өзіндік бояуы, өзіндік нақышы бар поэзиясымен ұлттық мұрамызға мол қазына қалдырған ақын. Ол көнерген, ескі сөздерді барлық болмысымен, өзіндік қолданысымен шебер пайдалану негізінде «өлең –сөздің патшасы, сөз сарасы» шебері екенін көрсетті. Ал сол сөз шебері қалдырған мол мұраны оқу, түсіну - біздің парызымыз.

Абай – қазақтың мәңгілік ар – иманы, адамдық биігі.

«Тілім менің – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы» - дегендей, өзіміздің ана тілімізді шұбарламай, ұлылар жырлаған тілмен сөйлеуге ұмтылайық дегім келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай Құнанбайұлы шығармаларының екі томдық жинағы. Алматы: Жазушы, 2005ж.
- 2 «Абай» энциклопедиясы. Алматы: Атамұра.
- 3 Сұлтанмахмұт Торайғыров «Асыл сөз» Өлеңдер мен дастандар. Алматы: «ҚазАқпарат» баспасы, 2005 ж.
- 4 Әбділдә Тәжібаев. Өлеңдер I. Қазақстан ашық кітапханасы, 2013ж.
- 5 «Айгөлек» балалар журналы, №4, 2013ж.
- 6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Дәуір, 2011ж.
- 7 Абай елі - альбом-шежіре. Алматы: Өнер, 1994 ж.

## ЯМЫШЕВ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ЯМЫШЕВО, ҚЫЗЫЛҚОҒАМ, ТІЛЕКТЕС АУЫЛЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫН ЖИНАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

КАЛТАЕВА А. В.

8 сынып оқушысы, Тілектес жалпы орта білім беретін мектебі,  
Павлодар облысы, Лебяжі ауданы

Әрбір ауылда, әрбір қалада ойдан өлең шығаратын, дүниенің өзгергенін, әлемнің өзгергенін қылқаламмен жеткізетін адамдар баршылық. Мен Тілектес ауылының тұрғынымын, өз ауылымның тарихын, атақты адамдары туралы көп білгім келеді. Әсіресе, біздің ауылда шығармашылықпен айналысатын адамдар туралы көбі білмейді немесе бұл өнерге қажетті көңіл бөлмейді.

Сондықтан мен зерттеуге «Ямышев селолық округіне қарасты Ямышево, Қызылқоғам, Тілектес ауылы тұрғындарының шығармашылықтарын жинау және зерттеу» деген тақырыпты алдым.

Ямышев селолық округінде шығармашылықпен айналысатын адамдар бар екенін естігенмін, бірақ олардың саны қайда көп екен деген болжау бар. Кейбіреулері той-домалақтарда туындыларын оқып береді, бірақ анық қандай тақырыптарға жазатынын, қай уақыттан бастап жазатынын, стилі қандай, саны қанша екенін білмейміз. Қазіргі уақытта ауылдың тұрғындары, оқушылар өлеңдерді жазса да, жинақтамайды, газет-журнал беттеріне жариялауға ұялады.

Тілектес, Ямышев, Қызылқоғам ауылы тұрғындарының, оқушылардың арасында шығармашылықпен айналысатын адамдарды анықтау, өлеңдерін жинақтау, «Жырлайды жүрек» атты жинағын шығару, баспа беттеріне жариялауға ұсыну, мектеп мұражайын толықтыру.

XXI ғасыр өркениеттің алға басумен сипатталатын болса, ол әр адамның жаратушылық болмысының нәтижесі. Ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады. Көптеген зерттеушілердің өркениетін өзін әр адамдағы шығармашылықтың болуымен байланыстыруы осыдан. Белгілінің шекарасынан тыс ойлай алатын, мәселені шешудің өзіндік, соны жолын таба білетін, заман талаптарына орай өзін саналы түрде өзгерте алатын шығармашыл адамдар қазіргі өмірдің идеалы, мұраты.

«Шығармашылық» деген сөздің мәніне үнілсек, ол адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан,

жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Шығармашылық – адамның ойлануының және өз бетінше әрекетінің жоғарғы формасы. Дегенмен шығармашылықтың объективті және субъективті болатындығы белгілі. Оның алғашқысы ғылымда, зерттеулерде бұрын болмаған жаңалық деп танылса, соңғысы субъектінің өзі үшін жаңалық болып, оны әрі қарай жаңа бастамаларға шабыттандыратынымен сипатталады. [1]

Жаңа өлең құрастыру өздігінен келе салмайды, оған алдынала жасалған қажырлы еңбек құлшындырады десек, дәл сол сәтті шабытты шақ деп сипаттауға болады.

Шабыт - адамның рухани күштерінің ширығып өрлеуі, шығармашылық толғанысы. Шабыт адамның жоғары белсенділігімен, әрекеттің өнімділігімен, шығармашылықтың шаттығын сезінумен «құштарлық» пен эмоциялық шомудың ұштасуымен сипатталады. Шығармашылық үрдістің санадан тыс тәрізді болып көрінуі шығармашылықтың өзінің барынша саналығының нәтижесі, сананың ерекше айқындылығының, ойлар мен бейнелердің өзінше бір үлгіде лықси келіп, айшықтана көрінуінің, естің, зейіннің, идеяны орындауға бағытталған құлшыныс пен ерік-жігердің жемісі. Шабытты шақтарында адам бойындағы бар жан күштерін шоғырландырып әрекет етеді. [3]

«Шығармашылық проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті» деп түсіндіріледі философиялық сөздікте. [2]

Осындай шығармашылық мақсатқа бағыт алған азаматтарымыз біздің Тілектес ауылында бар деп айтсам, артық болмас дер ем. Кез келген адамды ақын деп айтуға болмайды. Дегенмен, ойдан, қиялдан шығарған, жүрекжарды туындылары баршылық. Олардың есімдері: Рахметов Мағзұм ата, Шакилова Роза апай, Әубәкіров Ризолла аға, Жүнісова Қарлығаш апай және Жанаква Армангүл апайларымыз.

Ауыл тұрғындарының шығармалары тақырыбы жағынан әр алуан. Жиі кездесетін жанр бұл ауыл азаматтарына, жора-жолдастарына арнаулар, туған жер туралы, ана-әке туралы, көрілік және т.б. тақырыптарға байланысты толғаулар. Айтысты тек Рахметов Мағзұм ата мен Жанаква Армангүл апайда ғана кездестірдім.

Өлеңдерін шаруадан бос уақыттарында жазады. Шумақтарының сандары әр түрлі. Туындыларында жиі пайдалынатын ұйқастың

түрі бұл қара өлең ұйқасы. Әндер жазған апайлар, бұл Шакилова Роза апай және Жанаква Армангүл апай. Армангүл апай мектепте мұғалім, сондықтан әндерді көбіне балаларға арнап жазады. Соның бірі мектептегі «Болашақ» балалар ұйымының гимні.

Әубәкіров Ризолла ағаның өлеңдерін оқи отырып, тылсым бұғандай әсерге ененесін, ойлар мен толғамдардың терең тұңғығына сүңгіп, әсем суреттер дүниесіне кіресің. Не суық, не жылы, әлде жарық, әлде көмескі сезімнен хабар беретін алуан бояудың сырларына қанығып, шеберлігін танысың. Ризолла аға бар білген-түйгенін сарп еткен суреткер деп айтсам, артық болмас. Оның шығармашылығының бірқырында, яғни таразының бір жағында – мұңлы толғаныс, туған-туыстарының болмағанына күйініш жатса, таразының екінші басында – романтикалық өршілдік, махаббат, сүйініш, арман, мақсат, үміт жатады. [4]

Рахметов Мағзұм ата зейнетке шыққаннан бері өлең жазуды серік етіп келеді. «Неге?» деген сұрағыма ол: «Адам шау тартқан шағында рухани құндылықтардың бағасын біле түседі екен. Өткен өміріне көз жіберіп, ой елегінен өткізіп, сезімталдық күй кешеді. Сондықтан, ақыл айтар шақта ішкі ойды өзінше бір шумақпен толғату – бір ғанибет!»-дейді.

Осыдан «Қандай оқиғадан қолға қалам алып, өлең жаза бастадыңыз?»- деген сұрағыма ол мынадай қызық оқиғаны айтып берді.

– Мал қорасында сиыр жайлап жүргенде мені сиыр аяғымен теуіп қалды. Сонда мен былай дедім (үзінді):

Мағзұм:

Тілі жоқ қос мүйізді сен хайуан,

Қос аяқпен тептің аямай жан.

Болғанда қаймақ, сүттің керек болды,

Әйтпесе ұрып жығар қартайған шал.

Сиыр:

Көк майсаны көргенде қалдым сасып,

Байқамай теуіп қалдым аяқ басып.

Қария, ақылың бар, адамсың ғой.

Көне-ки, демінді алшы, ашу басып.

«Тілің жоқ хайуан» деп сөктің жаман,

Менсіз күн көресің қалай аман?

Мен сияқты төрт түлікті көбейтсеніз,

Сонда ғана түзелер мына заман.



Мағзұм:

Әй, хайуан, мен сені мәпеледім,  
Астыңа жұмсақ шөпті төсеп едім.  
Сонда сен мені аямадың,  
Осыған қандай жауап берер едің ?

– деп, ата мен сиыр айтысқа түскен екен. Осылай 1994 жылдан бастап өлең жаза бастаған екен.

Қазіргі уақытқа дейін жиналған 40 өлеңі бар екен. Жинаққа 35 өлеңі енді. Бірнешеуі газет бетіне жарияланды. Атап айтсақ: Өлеңдер көбіне шешендік өрнекке құрылған – нақыл, арнау, толғау, айтыс, еске алу, бата-тілек түрінде келеді. [5]

Нақтылап айтсақ:

Нақыл өлең	арнау	толғау	еке алу	айтыс	Бата тілек
5	20	7	4	1	3

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,  
Қазақтың келістірер қай баласы ?

Зерттеу барысында Тілектес орта мектебінде шағын өлең құрастырып жазатын оқушылар баршылық екенін анықтадым. Өлеңдерінің тақырыптары әр алуан. Онда ұстаз, мектеп, табиғат, сайыстарға өз-өзін таныстыру, мен кім болғым келеді, ана, әке туралы, адамдардың қасиеттері туралы жазылған өлеңдер, мерекеге байланысты жазылған шығармашылық жұмыстары баршылық.

«Қай уақыттан бастап жаза бастадыңдар ?» деген сұрағыма:

1. Шакилова Алтынгүл – 9 жастан
2. Әбдіғалымов Қуаныш – 10 жастан
3. Қадырханова Алтын – 9 жастан
4. Рахметов Әсет – 8 жастан
5. Имаханов Алмаз – 8 жастан деп жауап берді.

«Өлең жазуға не әсер етті ?» деген сұрағыма:

Шакилова Алтынгүлдің алғашқы өлеңі «Ауылыма» деп аталады. Бұл өлеңді дүниетану сабағында «Ауыл» тақырыбын өткенде ойдан шығарып жазған екен.

Алтынгүл қазақ тілінде және орыс тілінде жазады.

Әбдіғалымов Қуаныш өлеңдерін кешкі мезгілде жазатыны анықталды. Өлең жазуға себеп болған әжесі. Қуаныш ата-әжесінің тәрбиесінде болған. Әжесі Шакилова Роза апай шығармашылықпен

айналасады, шаруадан бос уақытында немерелеріне өлеңдерін оқып береді екен. Өлеңдерін мұқият тындап, қызығушылығы артып, Қуаныш та бірте-бірте шағын өлең жазуға бастаған. [6]

Қадырханова Алтынға өлең жазуға себеп болған алғашқы ұстазы Айгүл Машрапқызы. Ана тілі сабақтарында, кейде үйге берілген тапсырмаларда шығармаға қоса 1, 2 шумақ өлең шумақтарын қосып отырған. Алғашқы өлеңі «Қазақстан» деп аталады.

Рахметов Әсет кішкентай кезінен өлең тыңдауға, оны жаттап, мәнерлеп орындауға қызығатын. Бұған себеп болған Әсеттің атасы Рахметов Мағзұм. Атасы той-домалақтарда, жиындарда өлең оқып, барша жұртты туындыларымен қуантатын. Өлеңді 8 жастан бастап жазды. Алғашқы өлеңі «Наурыз» деп аталады.

Имаханов Алмаз өте зерек, алғыр, мінезі шапшаң бала.

Алмаз 3 жасынан бастап әзіл-сықақ әңгімелер айтқанды, пародия келтіргенді жаны сүйеді. Өлең жазуға себеп болған анасы Жанаква Армангүл. Армангүл апайдың өлең құрастыру кезінде Алмаз әрқашанда қасында отырады екен. Өлеңдерін мұқият тындап, оларды кейде жаттап та алады екен. Бірте келе Алмаздың да шығармашылыққа қызығушылығы артып, әр алуан тақырыптарға өлең жаза бастайды.

Өлеңдерді жинау барысында байқағаным, көбінесе балаларға өлең жазуға себеп болатын, көңілдеріне әсер ететін, бұл туған-туыстары, атап айтсақ ата-әжелері мен аналары. Өлең туындыларын тындап, ата-әжелерінің, әке-шешелерінің өнегесін алған балалар өте ақылды, алғыр, ұғымтал, тәртіпті де ұқыпты болады екен. Жоғарыда аталған оқушылар мектепте ме, ауданда ма өткізілген мәнерлеп оқу сайыстарына, жарыстарға үнемі қатысып жүреді және де үлкен жетістіктерге қолдары жетіп жүрген балалар. Менің міндетім басқа балаларды да осындай жұмыстарға баулу, олардың сөз өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

Шығармашылық өнер кез келген адамда бола бермейді. Менің ойымша, бұл қасиетті балалық шақтан анықтап, дамыту қажет. Өлең шығаруға бір шабыт, қызығушылық болу қажет. Ал осы қызығушылықты арттыратын мектепте мұғалім, үйде ата-ана немесе ата-әжелер.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 М.Фабдуллин. Қазақ фольклористикасы. Ғылым. Алматы. 1972ж.

2 Қазақ поэзиясының антологиясы. Алматы. Ғылым. 1993ж.

- 3 Б.Адамбаев. Шешендік өнер. Алматы. Жазушы. 1969ж.  
 4 Информатор Аубакиров Ризолла .  
 5 Информатор Рахметов Мағзұм.  
 6 Информатор Әбдіғалымов Қуаныш.

### ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ҚАПЕЗОВА Т.

11-сынып оқушысы

МЕЙРАМҒАЗЫ Ә.

10-сынып оқушысы

ҚАСЫМҚЫЗЫ Ж., МЫРЗАБЕКОВА Ж. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, №47 орта мектеп, Семей қ.

Өмірдің әрбір беті тарих, ал өткенге көз жіберіп, тарихымызды сараласақ, жарқырап өткен жасындар аз емес. Солардың бірі белгілі ғалым, абайтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, шәкәрімтанушы және Шәкәрім шығармаларын алғашқы насихаттаушылардың бірі, әрі жарыққа шығарушы, мұхтартанушы, ақын, жазушы-драматург, аудармашы, қазақ әдебиеті тарихы мен теориясын терең білетін ғалым, Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармашылықтарының білгір маманы, бір сөзбен айтсақ, нағыз энциклопедист ғалым - Қайым Мұхамедханов.

Халқымыздың аяулы перзенті, абайтанушы ғалым, аудармашы, жазушы Қайым Мұхамедхановтың есімін есте сақтау аз. Қазақтың қайсар Қайымының өмірі болашақ ұрпаққа үлгі, өнеге. Қайым Мұхамедхановтың өмір жолы тәуелсіз Қазақстанның елжанды ұландарын арлы, намысты етіп тәрбиелеуге көмектесетін бірден бір үлгі, бірден бір жол.

Егер біздің халқымыздың Қайымдай азаматтары болмаса, дәл бүгінгі тәуелсіздігіміздің баянды болмағы да екіталай еді.

XX ғасыр — қазақ халқы үшін, бір жағынан шер мен мұнның да ғасыры болды. Елім, жерім дегендер қамалған, “Абай” дегендер Қарлаг түрмесіне түскен, бастылары атылған, тектілері тентіреген заман болды. Ұлы жазушыларымыз Мұхтар Әуезовтің де басынан бұлт арылмағандығын жақсы білеміз. Сондай ұлы тұлғаны қажет кезінде жанымен де, арымен де қорғай білген адамдар болған. Солардың бірі — Қайым Мұхамедханов. Қайым қайсарлық танытпаса, М.О.Әуезовтей ұлылардың мұрасы, Абайдың ақын-

шәкірттері туралы мәліметтер әлі де көмескі түрде қалар ма еді. Биыл, 5 қаңтарда Қайым Мұхамедхановтың туғанына 100 жыл толды.

“Кешегі күннен алыс жоқ, ертенгі күннен жақын жоқ” деген бабаларымыздың сөзінің өтірігі жоқ. Жыл артынан жыл қуып, күн артынан күн қуып, өмір өте береді. Келешек ұрпақ тарихын, әдебиеті іздесе, қайдан табады? Тарихи әдебиетті ұрпаққа аманат ету, жеткізу де парыз емес пе?

Зерттеу жұмысының басты мақсаты: Қайым мұрасының зерттелуінің жағдайы, зерттеушілерді тану

Зерттеу жұмыстарының әдістері:

- Деректерді жүйелеу, ой түйіндер жасау, салыстырулар жүргізу, бір қорытынды жасау, статистикалық мәліметке сүйену, кесте арқылы нәтижесін шығару, тарихи мұражай орындарына бару,

Зерттеу жұмысының өзектілігі: 2012 жылдың қаңтар айындағы елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауындағы Қазақстанның болашақ ұрпақтарына - Қазақстандық патриоттық тәрбие беру мақсатын негізге ала отырып, Қазақ елінің рухын тәуелсіз ұлт дәрежесіне жеткізу жолына бүкіл арман – мұратын, қайратын, талантын тағдыр талайына салған сол «астан – кестен заманда» өмір сүруімен, бостандық рухының қасиетті бейнелеріне айналған ұлт зиялысы, абайтанушы Қайым Мұхамедханов мұрасы - болашақ ұрпаққа тәлімі мен тәрбиесі мол мұра екенін дәріптеу.

Қайым мұрасы тарих белестерінен айрықша орын алатын әдебиеттігі тек қана шындыққа негізделген, заманында зерттеуге ешкімнің жүрегі дауламаған Абай, Шәкерім, Мұхтар сияқты ұлт тұлғаларын зерттеуі болашақ ұрпаққа мол қазына іспеттес. Жұмысымыздың өзектілігі де Қайым мұрасының зерттелуінде жатыр.

Алты алаштың ер ұлы, алыптардың серігі Қайым (Ғабдұлқайым) Мұхамедханов - (5.01.1916 жылы Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы қазіргі Жаңасемейде бұрынғы «Заречная слободка» деп аталатын жерде дүниеге келіп, 30.06.2004 жылы қайтыс болған) қазақ әдебиетіндегі абайтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, шәкәрімтанушы, Шәкерім шығармаларын алғаш насихаттаушылардың бірі, әрі жарыққа шығарушы, мұхтартанушы, әдебиеттанушы ғалым, жазушы, драматург, аудармашы, текстолог, М. Әуезовтің шәкірті, 1940 жылдан КСРО Жазушылар Одағының мүшесі, Семейдегі Абай мұражайының негізін қалаушы, 1945 жылғы Қазақ КСР мемлекеттік Әнұраны мәтінінің авторы, ҚР

Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар Одағының халықаралық Абай атындағы сыйлығының алғашқы лауреаты, қоғам қайраткері, ақын, педагог.

Қайым Мұхамедхановтың әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағы зиялылардың бас қосып кездесетін ордасы болды. Аукатты әке Абай мұрасын қастерлеген. «Айқап», «Абай», «Қазақ», «Шолпан», «Сана», «Сарыарқа», «Таң» сияқты басылымдарды үй кітапханасына алғызып, жан азығы еткен. сан мәрте көрген. Сондай ахуалда өскен зерек, зейінді бала Қайымның ойы мен сезімі елшіл, отаншыл, қазақшыл болып, табиғи үрдісте қалыптасқан. Бұл жөнінде Қ.Мұхамедханов естелігінде былай дейді: «Әкемнің сол жағалаудағы еңселі шатырлы үйі халқымыздың арғы-бергідегі бетке ұстар қаймақтары Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Көкбай Жанатайұлы, Иса, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Аймауытов, Қажымұқан Мұңайтпасов, Халел Ғаббасов, Мұхтар Әуезов, Халел Ғаббасов, Мәннан Тұрғанбаевтар жатып, кеңесетін думанды отау болыпты». Қ.Мұхамедхановтың Алаш қаласы атанған Семей топырағында дүниеге келіп, рухани құнары мол ортада тәрбиеленуі

Қ.Мұхамедхановтың Алаш қаласы атанған Семей топырағында дүниеге келіп, рухани құнары мол ортада тәрбиеленуі оның биік белестерге көтерілуіне айрықша ықпал етеді. Қайым Мұхамедханов 1924 жылы Жаңасемейдегі бастауыш қазақ мектебінде білім алады. Әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы ислам діни қозғалысының белсенді мүшесі деген айыппен 1937 жылы 2 желтоқсанда атылған.

1928 жылы дәулетті әке мүлкі кәмпескеленіп, қуғын-сүргінге ұшырайды. Бұғанасы бекімеген бала Қайым жетімдік, мұқтаждықты басынан кешіреді. Талан-таражға түскен әке үйі мектепке айналдырылады.

Қ.Мұхамедханов 1929-32 жылдары колхоз жастары мектебінде, 1932-35 жылдары әр түрлі мекемелерде техникалық жұмысшы болып істейді. 1938 жылы Семей педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. Семей педагогикалық институтының филологиялық факультетін бітірген (1941). Семейдегі Абай әдеби мұражайының аға ғылыми қызметкері (1940-41, 1947-51 ж. оның директоры), Қазақстан Жазушылары одағының Семей облысындағы өкілі (1942-47), Семей педагогика институтының аға оқытушысы, доценті, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессоры (1955-90), 1991-95 ж. ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері болды.

Қайым Мұхамедханов саналы өмірін қазақ әдебиеттану ғылымының абайтану саласына арнады. Абайдың немере інісі Әрхам Көкітайұлымен бірлесе отырып, мұражайда ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты құнды заттар, қолжазбалар, құжаттарды жинастырады. Бүгінде кемелденіп қорық-мұражайға айналған үйдің ғылыми әдеби ортасының қалыптасу ісі де Қ.Мұхамедхановтың табандылығымен жүзеге асқан.

«Абай» журналының 70 жылдан соң қайта жарық көруіне, Семейдегі «Алаш арыстары» мұражайының ашылуына Қайым Мұхамедханов көп еңбек сіңірді.

1939 жылдан Абайдың ақындық мектебі мәселесін зерттеп, «Абайдың әдеби мектебі» деген еңбегін жариялады, осы тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады (1951). Талқылау кезінде ғылыми жетекші М. Әуезов пен диссертантқа жала жабылып, саяси айыптар тағылған. Жас ғалымға Абай мектебі шәкірттерінің қатарындағы «ұлтшыл ақындарды» зерттегені үшін «панисламшыл, пантүркішіл» деген айып тағылып, 25 жылға сотталды. Төрт жылдан кейін ақталып, 1958ж. «Абай төңірегіндегі ақындар» деген тақырыпта екінші рет кандидаттық диссертация қорғады. Қайым Мұхамедханов Абай мектебінің ақындары мәселесін зерттеуді шығармашылық ізденіспен дамыта білді. Ақын шығармаларын зерттеу нәтижесінде Қайым Мұхамедханов Абайдың бұрын белгілі болып келген 7 өлеңін тауып, ақынның 1945 жылы шыққан жинағына енгізді. 1959 жылы «Мағауия Абайұлы Құнанбаев», «Абай шығармаларының текстологиясы» монографиялық зерттеулері жеке кітап болып шықты. «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын жинақ Қайым Мұхамедхановтың қарастыруымен 1993-97 жылы жарық көрді. Оған Абай шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Көкітай, Көкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Дубәкір, Иманбазар шығармалары мен олар туралы зерттеулер енді. Абайдың екі томдық академиялық шығармалары жинағының жаңа басылымын шығаруға (1995) үлес қосты. Бүгінде өмірден өзі кеткенімен, жүректен сөзі кетпеген, ғибратты ғұмыры көп қазаққа үлгі. «Ер қазақ ежелден еркіндік ансаған, Азаттық жолында ар үшін қиған жан!» деп Қайым Мұхамедханов небәрі 27 жасында-ақ Кеңестік Қазақ елінің тұңғыш Әнұранын жазды. Ұлы ұстазы Мұхтармен бірге тұңғыш рет абайтану ғылымының негізін қалады. Алаш идеясын ту етіп, өз халқының бақытты жолында басын

бәйгеге тіккен азамат. 1951 жылы ол «Абайдың әдеби мектебі» атты диссертациясын қорғап шықты. Алайда, марксизм, ленинизм мектебін ғана мойындайтын кеңес үкіметі «Абай мектебі» бар деген сөзге иланғысы келмей, ол «халық жауы» ретінде 25 жылға сотталып кетті. Бес жылда неше-түрлі сұмдық азаптаулардан өтті. Бірақ, соған қарамастан «Абай мектебі бар және қала бермек» деген ойынан қайтпады

Қазірде оның шәкірттері оның жүрек лүпілін сезеді. Абай атамызды зерттеушілер Қайым жолын қуған. Абай шәкірттерінің өлең шығарып жиналып баспаға шығуы Қайым Мұхамедхановтың үлесі.

Осы орайда, Қайым атамыз ұлы Абайды Шәкерімді Мұхтарды зерттеген ғалым болса, ал Қайымды зерттеушілер кім деген сұрақ туындайды?

Өлеңнің асыл кеткен жазып, бойға қуат, жанға болған азық. Қалам алсам қолыма, өлең жазсам, алдымда Абай – Темірқазық!-деп Қайым Мұхамедханов бүкіл өмірін Абайдың ақындық айналасына арнаған, зерттеулерін жүргізген.

Академия бір өзі Семейдегі

Өзі музей, Өзі архив, Өзі мектеп – деп белгілі ақын Несіпбек Айытов «Іздемеске бола ма?» атты Қайым Мұхамедхановқа арнау өлеңін арнаған.

Қайым Мұхамедхановтың мұрасы қазір қалай зерттелуде? Осы сұрақ аясында біраз әдебиеттерге шолу жүргіздік.

Қазіргі уақытта Қайым Мұхамедханов мұрасы жіті зерттелуді қажет ететін өзекті тақырып болып отыр. Бұл тақырыпта бірнеше ғалымдар қалам тербеген. Олар:

1. Мейір Ғариполлаұлы Ескендіровтің (СМПИ ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор) «Қайым шығармашылығы – қазақ жұртының киелі қазынасы» атты мақаласын;

2. Ердембеков Б.А. (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің қазақ тілі кафедрa меңгерушісі, филология ғылымының докторы, профессор) «Абай мектебі және Қайым Мұхамедханов» мақаласы;

3. Қинаят Шаяхметұлы (СМПИ филология ғылымының кандидаты, профессор) ,

4. Әубәкір Ж.М. (Абай мұражайының директоры, әдебиетші-ғалым) «Көкбай және Қайым Мұхамедханов» мақаласы;

5. Қожағұлов С. «Қайым Мұхамедханов және Абай мұрасының мәтінтану мәселелері» мақаласы;

6. Ісімақова А.С. (филология ғылымының докторы, профессор) «Қайым Мұхамедхановтың тәуелсіз кезіндегі абайтануға қосқан үлесі» мақаласы;

7. Алла Белякина «Человек – легенда» кітабы. Алматы 2009 ж.

8. Қайымның бізге қалған мұрасын зертеуде Қайымның шәкірті болған филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Сіләмұлы Еспенбетов бастауымен қорғалған Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетінің доценті Ақмарал Смағұлованың кандидаттық диссертациясын айтуға болады. Бұл диссертацияда ғалым шығармашылығы жан-жақты, барлық қырынан талданған.

9. ШҚО сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық мұражай-қорығының маманы Әсел Карчалованың ғылыми-зерттеу жұмысы «Оралхан Бөкей және Қайым Мұхамедханов шығармашылығы». Әсел Карчалова «Бақыт дегеніміз – еркіндік» атты мақаласы Қайым Мұхамедхановтың азапты күндерінен сыр шерте отырып, Қайым Мұхамедхановта 800-ден астам жарияланымдары бар, олардың ішінде: монографиялар, қорғалған диссертациялар, ғылыми зерттеулер, кітаптар. Ол 100-ден астам өлең жазып қана қоймай, өзге тілдерден қазақ тіліне де аударған деп жазады.

Қайым Мұхамедханов есімі абайтанушы ретінде жылдан-жылға маңызын жоймай келеді. 2008 жылы Алматы қаласында «Қ.Мұхамедханов атындағы білім беру және мәдени орталық» атымен қоғамдық қор құрылды. Оның директоры абайтанушының қызы – Дина Мұхамедханова. Қордың басты мақсаты – Қ.Мұхамедхановтың мәдени мұрасын сақтау.

ШҚО сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық мұражай-қорығының сирек қор және икон жазу бөлімі 2003 жылдан бері Шығыс қазақстандық қазақ жазушылары жайлы материал жинау жұмысын жүйелі де мақсатты түрде жүргізіп келеді. Мұражай қорында Қ.Мұхамедхановтың ғылыми шығармашылығы жайлы өзінің қатысуымен түсірілген қызықты бейнефильмдерден тұратын DVD-дискі сақталған. Жазба «Хабар» АҚ телеарнасында да берілген. Бейнефильмге продюссерлік еткен осы телеарнаның қызметкері, Қ.Мұхамедхановтың ұлы – Жәнібек Мұхамедхан. Апайлы-сіңлілі Дина мен Розаның жіберген мемориалды заттары: дәрістер жазылған дәптер мен Қазақстан Жазушылар Одағының IV съезінің Делегат қатысушыларының мандаты. Жанұя мұрағатының жоғары сапалы фотосурет көшірмесі де сыйға тартылды. Ғалымның Семей қаласында тұратын ұлдары – Болат пен Қанағат жазушының



мемориалды киімдер топтамасын: жақсы сақталған жейде, шапан, костюм, малақай, туфлиі мен түрлі корреспонденттерге жазған хаттарының түпнұсқаларын мұражайға сыйлаған. Қызықты экспонаттардың бірі - Қ.Мұхамедхановтың Н.С.Хрущевке жазған хаты. Бір кездері ол Шәкерімнің ұлы Ахатқа осы хатты жазуға көмектескен еді. Хатта Ахат КОКП ОК хатшысы Н.С.Хрущевке жазушы, философ, XX ғасырдың 30-жылдары репрессияға ұшыраған әкесі – Шәкерім Құдайбердіұлының шығармаларын қазақ әдебиетінде қайта жаңғырту жөніндегі өтініші еді. Ол мұны Шәкерімнің ұлы ретінде емес, Шәкерім шығармаларының қазақ халқы үшін маңызды екенін білетін ұстаз ретінде айтты. Хат 1964 жылы жазылып, XX ғасырдың соңында ғана шешімін тапқан екен.

Өзіндік зерттеулер

а) Зерттеу жүргізу барысында қаладағы кітапханалар мен №47 мектеп кітапханасының қорында Қайым Мұхамедхановтың қанша кітаптары бар екенін анықтауға тырыстық.

Абай атындағы кітапханада Қайым Мұхамедханов туралы кітаптары бар. Алайда, саны аз. Оның өзін үстідегі мұрағат бөлімінен ғана таба аласыз екен. Онда Қайым Мұхамедханов туралы, Карлағтағы тағдыры туралы кітаптарды есептегенде бар – жоғы 4 кітапты құрады. Жеке папкаға жинақталған газет қиындылары, фотосуреттер бар. Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың ақын-шәкірттері» атты кітабы баршылық екен.

Мектепте:

Қайым Мұхамедхановтың кітаптарның саны- 5.

ә) Болашақ ұрпақ, біз Қайым мұрасын тануымыз үшін ол туралы осы бастан біліп, оқуға тиіспіз. Осы бағытта біздің кітапханадан Қайым Мұхамедханов тақырыбында қанша бала ізденеді, қанша бала оқып –білгісі келеді? деген сұрақ туындап статистикалық мәліметтер жүргіздім. Кітапханадағы барлық оқырман саны 680 оқырман. Соның ішінде Қайым Мұхамедханов тақырыбында кітап алғандар 30 оқырман.

Иә, көрсеткіштер саны өте төмен. Оқушылардың көбінің ғаламтор жүйесіне ойысқан деп алдаусыратсақ та, бұл өте төмен көрсеткіштер екені даусыз. Ғаламтордың өзінен Қайым Мұхамедханов туралы деректер аз, оның өзі қайталанып келеді. Осыған қарап Қайым мұрасын әлі де зерттеуді қажет ететіні байқалады.

Сол себепті, осы олқылықтарды жою үшін өз ұсыныстарымда ұсынамын:

1. Қайымтану орталығын құру;
  2. Қайым Мұхамедхановтың бастауыш сыныпқа арнап шағын өлеңдер жүйесін жинақтау
  3. Қайым оқуларын бастауыш, орта буын, жоғары сынып аралығында өткізіп отыру;
  4. Қайымтану курстарын ашу;
  5. Мектепшілік әр-түрлі іс-шаралар өткізу
  6. Қайым Мұхамедхановтың кітаптарын мектеп кітапханасындағы санын көбейту
- «Терең ойдың түбінде теңізі бар, тесіле көп қараса, көңіл ұғар» деп Абай атамыз айтпақшы, Қайым шығармашылығы әлі де зерттеуді қажет етеді.

Келешек ұрпақ, біз Абайды зерттеген Қайымның шығармалары мен әңгімелерін сүйсіне оқып тыңдауға шақырамын. Бұл біздің міндетіміз және парызымыз сынды. «Жеті атасын білмеген, жетесіз демекші» елі үшін күресіп, Абайдай ұлыны дәріптеп өткен ұлыларды тарып, ардақтай білейік. Келешек жастар Абайды, Қайым сияқты ұлы тұлғаларды басқа да қазақ зиялы қауымын білмей жүрмейік!

Қайым Мұхамедхановтың туған жерінде, Алаш азаматтарының басы қосылып, ел болашағы туралы пікірлескен қасиетті Семей топырағында ғалымды еске алуға арналған іс-шаралар өтіп жатыр. Мәселен, № 47 мектепке «Қазақтың қайсар ғалымы» атты ұлы Қанағатпен кездесу кеші өтті. Ғалымның ғылым жолында көрген қиындықтары мен өмірінің қызықты сәттерінен әңгіме өрбітті. Кездесу кеші аясында мектеп директоры Аспиран Сарымсакович Қайранов «Қайым Мұхамедханов» атындағы заманға сай жабдықталған кабинеті аша отырып, қазақтың қайсар ұлдарының бірегейі Қайым Мұхамедханов өмірі мен ғылыми қызметі бүгінгі жастарға үлгі, өнеге. Қайым Мұхамедханов еңбегін насихаттау Қайым үшін емес, болашақ жастар үшін керек екендігін баса айттып өтті.

Жұмысымды абайтанушы-ғалымның мына сөздерімен аяқтағым келеді: «Бақыт дегеніміз – еркіндік, шындықты айтып, ештеңеден жасқанбау. Осылай ғана өмір сүру керек! Бұл – адам үшін ең басты дүние».

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Смағұлова, А. Қ.Мұхамедханов және Абай мұражайы // Семей таңы. - 2009. - 18 маусым.
- 2 Қайым Мұхамедханов «Тарта көр Семейімнің топырағы» шығармаларының жинағы Семей 2012ж122 бет



3 Жұртбай Т. «Абайды дұрыс Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы Алматы. Ел-шежіре баспасы. 2007ж.

4 Қ.Мұхаметханов «Тарта гөр Семейімнің топырағы» Семей 2010

### «ӘУЛИЕ» МИФЕМАСЫНЫҢ ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ

КИРЕЕВА А. Н.

II «Қ» сыныбы, ММ «Павлодар қаласы, №20 лицей-мектебі»

ДОСАНОВА Н. Р.

қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі

Ғасырлар бойы бірнеше ұрпақты толғандырған аңыздар мен шежірелер, яғни мифтер тек мәдениеттің көрінісі ғана емес, ол адамзаттың мифологиялық кезеңінің тілдегі мифемаларда сақтаулы, қазіргі тілдік материалдардағы бейнесі. Тіл мен миф арасындағы байланыс туралы көзқарастар бір-біріне қарама-қайшы пікірлермен жалғасып жатады. Кез келген сөз ертедегі адамзат үшін ерекше мифологиялық құпияға ие болған, оның мағынасы мифтік түсініктер мен сырларға толы, адам үшін киелі болған. Ата-бабалар үшін сөздің киелі мағынасын білу, оның құпиясын ашу аса қажет болған.

Өркениеттің дамуымен бұл құпия сырлар жиынтығы ұмытылуы түсінікті де, бірақ баба мұрасы болып табылатын тіл мәдени ошақтарда міндетті түрде сақталады, қажет кезінде оны ұрпақтары қайта жаңғырта алады. Талай ғасыр куәсі болған әдет-ғұрпымыз бен салт-санамыздың бүгінгі таңдағы жаңаша орын алуы осыған куә. Мәселен, жаңа жүре бастаған баланың аяғына жіп байлап кестіретін дәстүр тұсау кесер деп аталады. Бұл ырым тез жүріп кетсін, тез ер жетсін деген тілекпен жасалады. Оған арнайы ала жіп дайындалады. Ала жіптің өзінде де киелі мағына бар яғни, «ешкімнің ала жібін аттамасын», «шыншыл болсын», «алдамасын» деген ниет жатыр.

Тіл халықтың рухани байлығының ең негізгі қажеттіліктерін – мифологиясын өз бойына жинайды. Осындай тіл фактілеріне талдау жасау мәдени тамырларымызға үңіле түсуге, оның құпия сырларын түсінуге септігін тигізеді. Мифемаларды ұлттық таным, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға байланысты дүние ретінде қарастыру, оларды мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық тілдегі бейнесі деп тануға жол ашса, екінші жағынан, ғылымдар сабақтастығын (тіл,

мәдениет, тарих, фольклор, этнология, әдебиет және т.б.) жан-жақты теориялық тұрғыдан аша түсуге мүмкіндік береді.

Мифемалар тіл білімінде маңызды мәселе болып табылады. Мифема халықтың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-наным, салт-дәстүрін, ұлттық рухты жан-жақты танытады. Мифемалардың лингвистикалық сипатын ашу арқылы халықтың ұлттық болмысын тануға мүмкіндік туады. Сондықтан, қазақ тіліндегі мифемалардың лингвистикалық мәнін қарастыру – бүгінгі күн талабынан туған өзекті мәселелердің бірі. Миф – ата-бабалардың ежелгі, бастапқы, танымындағы ғалам, оның жеке дүниелері, сол ғаламның алғашқы пенделерінің өміріндегі түсініктері. Басқаша айтқанда, «миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі» [1, 229]. Ал мифема дегеніміз – сананың мифтік шынайылығы – уақыт пен кеңістіктің ерекше жағдайындағы барлық мифтік фактілер байланысы заңдылықтарының субъективтік-объективтік ұжымдық-жеке дара түсініктерінің жиынтығы. Символ мен миф бір-бірімен қатысы бола отырып, типологиялық және функционалдық тұрғыдан бір-бірінен ерекшеленеді. Символ мен миф ойлау нәтижесі бола отырып, ойды әр түрлі модельдейді. Әлемнің мифтік моделі барынша динамикалық құрылымға ие, символдық модель мейлінше тұрақты. Символ өзінен басқа бір дүниеге сілтеу жасаса, белгісіз қалыпта қалса, миф құпия ғаламды түсіндіруге тырысады. Қазақ халқының мифологиясы толық зерттеліп, жинақталып біткен жоқ. Түркілер әлемінің мифологиясын басқа халықтардың мифологиясы стандарттары тұрғысынан зерттеуге болмайды. Яғни, мифологияның түркілік, соның ішінде қазақ ұлттық мектебінің өз бет-бейнесі болу керек.

Қазақ халқының бай мұрасы халық ауыз әдебиеті болып табылады. Асыл қазынаның бір бөлшегі батырлар жыры екені белгілі. Халқымыздың ауыздан-ауызға тарап, кейінгі ұрпағына берер тәлім-тәрбиесі мен салт-дәстүрі, танымы, т.б. мол мұрағаты эпостық жырларда жатыр. Тұрмыс-тіршілігі, арманы мен қиялы, болашаққа деген сенімі мен өткен өмірі, қиын-қыстаудан шығу жолдары т.б. жайттардың барлығын жырлардан кездестіруімізге болады. Эпостық жырлар тек халық қиялы емес, онда халықтың әр дәуірдегі тұрмыс-салты, наным, сенімі, тіршілік қалыбы бірлікте беріледі. Арман-үміті, дүние құбылыстарына берген бағасы да эпосқа молырақ түседі. Осы бай мұраны, яғни жырларды, зерттеу – фольклортану ғылымының нысаны. Эпостық жырлардағы

мифемлардың көп екеніне көз жеткіздім. Бірақ, өз басым бұл конференцияға «әулие» атты мифеманы ұсындым. Себебі, басқа мифемаларға қарағанда оның қолданысы көбірек.

«Қырымның қырық батыры» жырларының ішіндегі «Орақ – Мамай», «Парпария» жырларында Баба – түкті шашты әзіз «айдаһар – жылан кейпінде» көрінеді:

Кәміл пірі жар болып  
Баба түкті пірлері  
Айдаһар болып көрінді...  
Айдаһар сонда ысқырды  
Ен қалмақты тықсырды  
Айдаһарды көргенде  
Парпария батырдың  
Көңілі судай тасыды [2]...

Сөздікте: БАБА ТҮКТІ ШАШТЫ ӘЗІЗ – қауіп қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие [3, 95].

«Алпамыс батыр» жырында Байбөрінің түсінде аян беретін Баба түкті шашты Әзіз болашақ батырдың атын бірден өзі қойып кетеді:

Жам әулие жиналды  
Бастығы болып Арыстан бап  
Жабыла тілеп жалындық,  
Жарылқап берді жаппар хақ.  
Баланың аты – Алпамыс,  
Қарлығаш – қызға қойдық ат[4].

«Әмет батыр» жырында да мифемалар бар: Солардың бірі – әулие мифемасы.

Көп ішінде сыйынды  
Жас та болсам беремін.  
Әулиелер қолдаса,  
Ұстап қолдан демесе,  
Ақтанаудай тұлпармен  
Дұспанға қарай желермін[2].

«Әулие – араб тіліндегі «уәли» сөзінің көпше түрі. Әулиенің Құрандағы мағынасы Алланың досы немесе Алланың қорғауындағы адам. Әулие діни құлшылықтың мәніне жеткен, Жаратушы туралы ілімді толық меңгерген кісі. Әулие өз іс-әрекетімен Жаратушыға жақындап қана қоймайды, сонымен бірге олар Құранда айтылған «ең әділетті қоғам» құру үшін шаршамай, талмай еңбек етеді. Себебі: әулие өзінің іс-әрекетін қара басының мүддесі үшін емес,

Жаратушының қалағанын іске асыруға арнайды. Сондықтан олар өздерін Алланың Жердегі өкілі сезінеді. Осы «ең әділетті қоғам» құру идеясының тууы исламдағы көптеген тариқаттардың пайда болуына ықпалын тигізген» [3] .

Миф – әлемдік дүниетанымды өте әдемі қылып суреттейтін, адамдардың табиғат пен қоғамды өздігінен тану құбылысы болып табылады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдардың ең бірінші проблемасы бір-бірімен қарым-қатынас орнату болды. Мифтің алғашқы қозғаушы күші нақты жағдайға байланысты және қоғамдағы тәртіптің ыңғайына бейімделіп, болашақты болжау болып табылды.

Фасырлар бойы бірнеше ұрпақты толғандырған аңыздар мен шежірелер, яғни мифтер тек мәдениеттің көрінісі ғана емес, ол адамзаттың мифологиялық кезеңінің тілдегі мифемаларда сақтаулы, қазіргі тілдік материалдардағы бейнесі.

Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп. Миф (грек. mifos - аңыз,баян,мысал) – халық творчествасының өте ертеден қалыптасқан жанрларының бірі. Миф – ертедегі адамтану, дүниетану көзқарасы, ақиқат танымы. Ежелгі адам кез келген әрекеттің себебін зат арқылы түсіндірген, яғни айтылатын ертегі мен жырдың да, салынатын суреттің де, ән мен өлеңнің де, тарихтың да, биленетін бидің де ар жағында заттық түсініктер жатыр. Миф – бүгінгі ғылымның, мәдениеттің, өнердің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы.

Эпостық жырларды ұшырасатын мифемаларды қарастыра келе, оларды мынадай тақырыптық топтарға жіктедім: Діни мифемалар: әулие, Тәңір, Ғайып ерен қырық шілтен, Баба Түкті Шашты Әзиз; Түр-түс атауларынан болған мифемалар: ақ, қара, ала, сары, қызыл, т.б. Сандық мағынадағы мифемалар: жеті қат көк, жеті қабат жер, қырық құлаш, қырық кез, төрткүл дүние, он сегіз мың ғалам, т.б.; Ертегілік мифемалар: мыстан кемпір, шайтан, жезтырнақ, т.б. Табиғат құбылыстары және жануарларға қатысты мифемалар: жел, жылан, темір, ай, күн, аспан, т.б.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аймұхамбетова Ж.Ә. Мифтің поэтикадағы қызметі(қазіргі қазақ поэзиясы арқауында). Фил. ғыл. докт... дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 46 б.

2 Қырымның қырық батыры. – Алматы: «Арыс», 2005. – 127 б.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. – 968 б.

4 Батырлар жыры. – Алматы: «Жазушы», 1986. 1-т. – 264 б.

## КӨНЕ ТҮРКІЛЕР МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҒАЛАМ БЕЙНЕСІ

КӨПТІЛЕУ Е. Б.

оқушы, Дарынды балаларға арналған Абай атындағы № 10 лицей,  
Павлодар қ.

Кімде-кім мәдениет тарихы, әдебиет және өнерге қызығатын болса, ол адам көне қазақ мифологиясынан мол қазына таба алады. Түркілер мифологиясының арғы тамырлары қола ғасыры, ертетемір замандарынан бастау алған. Мифтік шығармалар және оның кейіпкерлері арқылы табиғат, жер бетіндегі тірлік, адамның келісімді өмірі, қазақи дүниетанымның ерекшеліктерін зерделей аламыз.

Қазіргімізді, өздеріміздің кім екенімізді естен шығармай, өткен заманның ұмыт болған дүниелерін қайта зерделеуде, Рух, Кие, Діл, Таным сияқты қасиетті ұғымдарды білуге мүмкіндік беретін де – осы мифология [1, 3 б.]. Сондықтан халқымыздың мәдени ролін, рухани болмысы мен халықтық ерекшелігін дәйектегенде оның мифтерінде жинақталған танымды зерттеу, оның ерекшеліктерін көрсетуде мифтік шығармалардың орны ерекше.

Біз осы мақалада «Бәйтерек» ұғымын және көне түркілердің мәдениетінің бір қырын қарастырамыз.

Бәйтерек мазмұны бірде зәулім ағашты көзге елестетсе, екіншісінде мықты, зор күшті, үшіншісінде ғарыш пен жер арасындағы тылсым байланысты бейнелейді. Сондай-ақ ол тіршілік иелеріне тірек, сүйеніш, қорған, пана деген ұғымды да білдіреді екен.

Аңыз бойынша мифологиялық Бәйтерек немесе Жолтерек (жолдарақ) О дүние мен Бұл дүние арасын жалғаушы жол ретінде саналады. Алып теректің ерекше қасиеті сол – оны айнала өн салып, тілеген адамдардың тілегі қабыл болып, жақсылыққа өзгереді екен, ал бұрынғы уайым-қайғы ұмыт болып, қалаған кезінде, тіпті, О дүниемен хабарласа алатын қабілет даритын болған [2, 43 б.].

Тағы бір мифологиялық оқиғаға сүйенсек, түркі жұрты жарқын, жақсы рухтардың көсемі Ергенеге бас иген. Күн мен Ай Ергенеге бағынады деп түсінген халық алғыс ретінде Ергененің сүйікті ағашы

– шыршаны үйге кіргізіп, оның бұтақтарына қызылды-жасылды жіптер мен шүберектер байлаған, түбіне сыйлықтар қойған. Шырша тойы қыстың ең бір қаһарлы кезінде - 25 желтоқсанда тойланған [3, 22 б.].

Мәліметтерге жүгінсек, Тарбағатайдың басындағы таңбалы тастарда шырша бейнеленген екен, оларды айнала адамдардың ойылған суреті салынған. Көне түріктер шыршаны «Ергененің киелі ағашы» деп атаған. Шырша садақтың жебесіндей көкке шаншылып, Аспанға, Тәңірге жол нұсқап тұрған.

Мереке алдымен Жер-суға арналады, ол жердің кіндігінде, құдайлар мен рухтардың бас қосқан жерінде өткізіледі екен. Жер-судың қасында үнемі Ергене, қалың күміс сақалды, ашық қызыл шапанды қарт болады. Ол жер астындағы алтын қақпалы алтын сарайдың алтын тағында отырады. Күні бүгінге дейін қазақтар жаңа отауға, жаңа үйге кіргенде шыршаны не аршаны жағып, отпен аластайды. Нәрестені бесікке салғанда да аршамен аластау дәстүрімізде сақталған. Бұл бүгінгі баршама мәлім жаңа Жыл Шыршасы! Ергене қарт бүгінде аты өзгеріп Аяз Ата атанады. Шырша төнірегінде Күнді бейнелеп қол ұстасып айналуынан «Айналайын» деген ең жылы сөз де осыдан алынған.

Демек, Жаңа жылдағы шырша тойы - ол өзіміздің көне дәстүріміз. Тәңірге жол сілтеуші деп саналған шыршаға түрлі-түсті жіптер іліп, оны айналып, тілек тілеу, осы тілектерімізді Тәңрі қабыл алады деп сену біздің көне бабаларымыздың мәдениеті болып табылады. Сондықтан мифтік шығармалар арқылы халқымыздың рухани әлемін танып, жалпы адамзаттық дүниетанымның кең шеңбердегі ауқымының көрінісі ретінде санамызға орнықтыруымыз керек.

Қорытындылай келе айтарымыз, қазақтардың ата-тегі болып табылатын ежелгі түркі елінің мифологиясы мен дүниетанымын зерттеп білу әрбіріміздің парызымыз деп санаймын. Тарихи толқында сан-қилы өзгерістерге ұшырап келген түркі дүниетанымы, қазіргі кездегі қазақтармен қоса бүкіл түркі халықтарының рухани және мәдени негізі болып табылатыны анық.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мифология. -Алматы: Жазушы, 1988. 1-том, 288 б.

2 Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. - Алматы: Зерде., 1995. - 186 б.

3 Қазақ әдебиеті. Казахская литература: хрестоматия / сост. Г. С. Умарова, С. Г. Шарабасов. – Астрахань: Астраханский государственный университет, Издательский дом «Астраханский университет», 2011. – Б. 1. Ч. 1. – 290 с.

## ТІЛІ ӨЛГЕН ХАЛЫҚ – ТІРІ ӨЛГЕН ХАЛЫҚ

КУДАЙКУЛОВА Д.

10 «а» сынып оқушысы, №18 жалпы орта білім беретін мектеп – коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Екібастұз қ.

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.  
ғылыми жетекшісі

*«Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол –  
ұлтымыздың анасы»*

**Н. Ә. Назарбаев**

Қазақстан – егеменді, тәуелсіз ел. Қазақстанды дамыған өркениетті елу елдің қатарына енгізетін біздің болашағымыз – бүгінгі жастар. Олардың міндеті – елінің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу. Әлемге таныту үшін әр жас өз елінің тарихын, тілін жетік білуі керек.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының тұрғылықты халқы қазақ халқының және оның шекарасынан тыс өмір сүріп жатқан қазақтардың (Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Қытай, Монғолия т.б.) ұлттық тілі. Қазіргі қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады.

Қазақ тілінің сөздік құрамы өте бай, оған 67 мың тізімдік сөз, 24,5 мың фразеологиялық тіркес – барлығы 91,5 мың лексикалық бірлік кірген бір ғана он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» куә бола алады.

Қазақ тілі түркі тілдерінің (солтүстік-шығыс ареал) қыпшақ тобына кіреді (татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қырым-татар, қарақалпақ, ноғай) және ол, әсіресе, ноғай, қарақалпақ тілдеріне жақын болып табылады. Қазақ тілі ең көне бастауын әр кездегі ежелгі түрік жазулары ескерткіштерінен: Талас-Орхон-Енисей жазулары (5-8 ғ.ғ.), Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғатат түрік» еңбегі, Ахмет Йүгінекидің «Һибат Ұл һақайық» еңбегі, Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметі» (10-12 ғ.ғ.), Алтын Орда, Шағатай және қыпшақ (13-

14ғ.ғ.) тұсындағы жазулардан алады. Сонымен қатар, халық ауыз әдебиетінің дәстүрлері мен тілдік нормаларында қалыптасқан, кейінгі кезде ақындар, жыраулар мұрасы арнасына құйылған, ұлы Абай мен Ыбырай шығармашылығы арқылы бізге жеткен қазіргі қазақ әдеби тілі. Қазақ жазуы 1929 жылға дейін араб графикасын, ал 1929-1940 жылдары латын графикасын қолданған. 1940 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін орыс графикасын қолдануда.

Мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі - әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмыс-әдебиетін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Тіл – қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж.), «Тіл саясаты туралы» Тұжырымдамасы (1996ж.) және осыларға негізделген «Тіл туралы» Заң (1997ж.) республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастықтың құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді. Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана тіл – қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғы шарты бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің



бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңызды мынадай салаларында жүзеге асады: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие ісі (мектепке дейінгі мекемелер, бастауыш, орта мектеп, жоғары мектеп), ғылым мен техника (ғылыми-зерттеу мекемелерде); қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, бұқаралық ақпарат құралдары саласында, іс жүргізу саласында; мемлекеттік, қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда; дене тәрбиесі, спорт, туризм, денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; өнер мекемелерінде (театр, кино); дипломатиялық қарым-қатынаста; әскери-патриоттық тәрбие және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындар т.б. Сонымен, қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпы халықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл.

Біздің ана тіліміз - қазақ тілі:

- түпкі түрін сақтаған түркі туыстас байырғы тіл;
- ежелден жазба мәдениеті бар тіл;
- әдеби тіл, жергілікті тіл (диалекті), сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді формалары бар;
- демографиялық тірегі мықты ұлттық тіл;
- құрылым-құрылысы кемелденген тіл;
- егеменді Қазақстан Республикасы өз қамқорлығына алған мемлекеттік тіл.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Алайда, Қазақстанда мемлекеттік тілді енгізу және дамыту мәселесі қазіргі уақытқа дейін толық шешілген жоқ. Бұл мәселе уақыт еншісінде деп санаймыз. ХХ ғасырдың басында Абай өзінің жиырма бесінші сөзінде «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды.» - деген болатын. Әрине, мақсат

орыс тілінен бір күнде бас тарту емес, қазақ тілі мен орыс тілін бір біріне қарсы қою да емес. Дегенмен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін шын мәнінде алуы ғана мемлекетті мемлекет ете алады. Сондықтан, мемлекеттік, яғни қазақ тілін оқу қажеттілі туып отыр.

Қазақ тілінің тарихы тереңнен бастау алады, ол алтай тілдері семьясының түркі тілдері тобына жатады. Ал, жалпы Алтай тілдері семьясына түркі тілдерінен басқа тұңғыс-манчжур, монғол, фин-угро тілдері де кіреді. Сондай-ақ, кейбір болжамдар бойынша жапон және корей тілдері де Алтай тіл семьясына жатады екен. Түркі халықтары Солтүстік Мұзды мұхиттан бастап Жерорта теңізіне дейінгі дейінгі ұланғайыр аумақта тұрады. Біздің есебімізше 60-тан астам түркі халықтары бар. Түркі халықтарының мынадай мемлекеттерін атап өтуге болады: Түркия және бұрынғы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін пайда болып өз тәуелсіздіктерін алған Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Әзербайжан. Олардан басқа тәуелсіздігін ресми түрде Түркия ғана мойындаған Солтүстік Кипр Түрік Республикасын атап өтуге болады.

Енді, қазақ тілі мен қазақтарға азды-көпті тоқтала кетсек.

Қазақ халқының атауының пайда болуына қатысты көптеген болжамдар бар. Бірақ, біздің ойымша түркі тілдеріндегі «қазақтар» – еркін, бостандық сүйгіш деген ұғым беретін мағынасы көкейге қонады. Өз атауымыз «қазақтан» айырылғанымыз кеше ғана, орыс тілінде қазақ пен қазақты ажырату үшін «казах» болып жүрген жайымыз бар. Өткен ғасырдың 20 жылдары Кеңес Одағының құрамында болған Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы сол дәуірде Қазақстан емес Казакстан болғаны тағы да бәрімізге мәлім.

Қазақтардың негізгі бөлігі Қазақстанмен шекаралас елдерде тұрады. Қазақтардың ең көп диаспорасы Қытайда (2,7 млн), Өзбекстанда (1,5 млн), Ресейде (1,2 млн) шоғырланған. Қазақстан 1991 жылы өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері шамамен 1 миллион этникалық қазақтар (оралмандар) елімізге оралды. Қазақстан Германия, Израиль, Греция, Ресей сияқты этникалық отандастар мәселесімен айналысатын Әлемдегі санаулы елдердің бірі. Жақында шетелдегі қазақтарды көшіріп алу және қоныстандыру мәселесімен айналысу үшін «Нұрлы көш» бағдарламасының қабылданғаны да белгілі.

Әлемнің әр түпкірінде тарыдай шашылған қазақтардың басты проблемасы – ол жазу-сызу мәселесі. Мысалы, Қазақстан, Монғолия, ТМД елдерінің (Өзбекстан мен Түркіменстанды қоспағанда) және Балтық бойының қазақтары кириллицаны, ал Түркия мен Еуропа



және Америка қазақтары латиницаны, Қытай, Ауғанстан, Иран және араб елдеріндегі қазақтар кезінде Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалап кеткен «төте жазуды» пайдаланады. Бұл жердегі басты проблема – ол Әлемдегі қазақтар бір бірімен сұхбаттаса алады, тек хат-хабар алмасу кезінде әртүрлі қаріптердің қолбайлау болатындығы.

Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті.

Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Тіл – халықтың рухани, мәдени байлығының дамуының құралы.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан –ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М.Жұмабаев: “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады” - деген. Тіл байлығы - әрбір ұлттың мақтанышы. Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті.

Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемеуі – қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің “Туған тіліне жаны ашымаған адам жөндік” -деп ашына айтқаны ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағын да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қаділеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Төл тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген аңызды ұмытумен бірдей.

Қазақстан - әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек.

Қазақ тілі – менің асыл ана тілім. Менің тілім – менің барым, нәрім, тіпті өмірім деуге болады. Себебі, мені қазақ қылып тұрған тілім емес пе?.. Мен қазақтың және мұнымен мақтанамын! Әр адам өз тіліне, дініне, халқына берік, адал болып, оларды құрмет тұтуға міндетті!

Мен өткенде бір мақала жаздым. Шағын көлемді мақаламның тақырыбын: “Тілін білмеген – түбін білмейді” деп қазақ тілімен байланыстырып алдым. «Тіл... Қандай құдіретті сөз. Бұл сөздің астарында бар халықтың өмірі мен ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы жатыр. Қазақ тілі де сан ғасырлар бойы өңледіп, осы дәрежеге жеткені бәріне аян.

«Қазақ тілі - сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» деп қазақ зиялыларының бірі - Бауыржан Момышұлы айтқан. Ал қазіргі таңда қазақ халқының өз тіліне деген көзқарасы қандай? Бүгінгі күнде тіліміз бай тіл болғанымен - өте құнсыз...

Көшеде қасымнан өтіп бара жатқан кейбір қазақтар бір-бірімен қазақ тілінде емес, орыс тілінде сөйлесіп бара жатқанын көргенде - өз ана тілінде сөйлеуге арланатын «санасыз» адамдарды көргендей боламын. «Неге бұлай?» деп өзіме сұрақ қоямын.

Біздің бұл жағдайға қалай түскеніміз, әрине, бөрене аян. Қазақ елі Ресейдің отары болғандықтан тілімізге орыс тілі сіңіп кеткен еді. Басқа тілдерді білген жақсы, бірақ бұл - өз тілін ұмыту, тілді құнсыздандырып құрметтемеу, сөйлемеу дегені емес!

Қазақ қандастарым, жұрттастарым, біздің қазақилығымыз қайда, елге, тілге деген патриоттық сезіміміз қайда?! Өз тілінен жүрдай халық болашақта дамып, өркендеуіне кім кепіл?.. Онсыз да басқа елдерге маскара болған жоқпыз ба? Мысалы: Италияның қазіргі заманғы кәсіпкері, жиһанкез Ренальо Гаспирин:

«Мен әлемнің 141 елін аралаған адаммын. Солардың ішінде өз мемлекетінде, өз тілінде өмір сүре алмай отырған бейшара халықты көрдім. Ол қазақтар!» депті. Мұны есту әрбір қазақ үшін ұят! Бірақ мұны түсініп жатқан қазақ бар ма?

Өз елін, жерін, тілін, халқын сүйетін қазақ азаматтары санаулы ғана... Бұлай жалғаса беретін болса болашақта елімізде не боларын кім білсін...»

Айта берсек сөз көп. Ана тіліміз – мемлекетіміздің тамыры, ал тамыр өлсе, бәрі құриды... Бәрін адам өзінен бастауы керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Балғабек Қыдырбекұлы «Түгел сөздің түбі бір» Алматы «Қазақ университеті» 1993.
- 2 Диваев Ә. «Тарту» Алматы «Ана тілі» 1992.
- 3 Аханов К. «Тіл білімінің негіздері» Алматы «Санат» 2003.

**АҚЫН Қ. ҚАЛИЕВ – ТАЛАНТТЫ АҚЫН**

МАҚАЖАН А., ИДРИСОВА М.  
оқушылар, Қ. Ыдырысов атындағы орта мектебі, Ақтоғай ауданы  
ТОГТОХ С.  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі, жетекші,  
Қ. Ыдырысов атындағы орта мектебі

Құмарбек Қалиевтің қаламынан туындаған өлеңдер – мағынада үйлесімін, мазмұнда жарасымын, бейнелеуде көркемдік бедерін тапқан тартымды туындылар. Олар көлемі жағынан қысқа, бас-аяғы өте жинақы, ықшамды, жұмыр, шымыр келетіндігімен де ерекшеленеді.

Жаңа адамның жаңа қасиеттерін қалыптастыруда көркем әдебиеттің алатын орны айрықша. Соның ішінде, әсіресе, поэзия жанры өзгеше қызмет атқарады. Өйткені бұл - өлең, өлең өзге жанрларға қарағанда әрі қысқа, әрі жылдам жазылатын жанр. Сондықтан оқырман болашақ жарқын өмір адамының жаңа белгілерін көрсетерлік замандас тұлғасын ең алдымен осы жанрдан іздейді.

Қ.Қалиев - қаламынан көркемдік деңгейі биік, шеберлік аясы кең дүниелер туындаған ақын. Оның өлеңдерінің тақырып түрлілігіне, өмірден алған суреттерінің әр алуан бояуына, сюжет құру өзгешелігіне қарамастан соның барлығы да адамның жаңа сипаттарын бейнелеуге арналған.

Ақын туған ел мен жерге, Отанға деген халқының кіршіксіз таза махаббатын, адалдық, адамгершілік асыл қасиеттерін, еңбек сүйгіштік, достық, жолдастық мінез үлгілерін суреттейді.

Ақынның тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болуы шарт. Бұл – қалам иесіне қойылар бұлжымас талап. Жазушы-ғалым З. Қабдолов айтқандай, тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма – мазмұнды да көркем шығарма. Осы тұрғыдан алғанда ақын Құмарбек Қалиевтің халықтық тілдің телегей- теңіз бай қазынасын молырақ игеріп, оның қилы-

қилы әрі қызық құбылыстарын жете түсініп, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұланғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылтулар мен құлпыруларды дәл баса білгендігі байқалады. Өлең шумақтарында әр сөзді таңдап, талғап тауып, ойды анық, сезімді нәзік жеткізер тың да тартымды суреттер жасай білген. Ақынның «Әулие» өлеңінде:

Мына тақыр бір кездің көлі ме екен

Мына аңыз бабалар демі ме екен.

Бір қасиет бары анық, әйтпегенде

Әулие деп аталу тегін бе екен, -

деуі осыған айғақ. Ақын айтқысы келген сыр, танытқысы келген шындығын жан тебіренер әсерлі суретке айналдырып, қағаз бетіне көңілдегі қалпынан айнытпай түсіру мақсатында синоним, антоним сөздерді орынды пайдаланады.

Соғыс бітті, біз жеңдік, сүйінші бер

Есі шықсын, қуансын, сүйінсін ел.

Немесе:

Дәруі едің сонан да жаралы елдің

Жұбанышы ең қазалы, қаралы елдің, -

деген жолдарда синонимдерді көрсек, антонимдер төмендегідей қызмет етеді:

Қиналмаңыз, ағасы, деп ініңді қыздырам

Артық емес, кем емес – моншадан соң 100 грамм

(«Көршілер» өлеңінен)

Бұл жерде жоқ биік те, аласа да

Дуылдайды үлкендер, бала-шаға.

(«Тойда» өлеңінен)

Ән тындаушы мейірі қанбай ішіп,

Тұрғанында бір суып, бірде ысып.

Немесе:

Жүректің де қарасы бар, ағы бар,

Мандайдың да соры менен бағы бар.

(«Тіршілік» өлеңінен)

Ақын шығармашылығында бүгінде ескіріп, әдеттегі қолданудан шығып бара жатқан көне сөздер – архаизм де керекке жараған. Көкжал Барак рухына арналған «Жорықта» өлеңінде олар төменгідей көрініс тапқан:

Уа, алдияр!

Ел шетіне жау келсе,

«Қайдасың Барак» - деп едің

Сен қайкы қара садақ болғанда,  
 Көбебұзар жалпақ оқ –  
 Мен - қауырсын жебе едім.  
 Немесе:  
 Қапыда естен танбайын,  
 Міскін боп қолда қалмайын.  
 Шығыршық көбе, көк берен,  
 Ақ бадана кийін.  
 Шарайна төске ілейін,  
 Тізелік, қолдық тағайын,  
 Шыңдауылды қағайын.  
 Ей, жасауыл, дабыл қақ!

Автордың көнерген сөздерді өлеңдерінде орынды қолдана білуі оның ақындық шеберлігін ғана танытпай, сонымен бірге өз халқының арғы-бергі мәдениеті мен тарихи болмысын терең білетіндігін, аса қадірлейтіндігін де танытады. Оның бірқатар өлеңдері тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – мақал-мәтелдерді орнымен кіріктіру барысында сәттілік тапқан. Мысалы «Тойда» өлеңінде:

Жұтынарысың еріксіз, көзің тұнар  
 Дастарханды небір дәм сіреп тұрар  
 «Досың асын дауындай же» дер қазақ  
 Шын достықты көрсетпей қалай шыдар.  
 Немесе:

«Ештен кеш жақсы» дейді ақбас көрі  
 Көңілі бұл көрінің жатыр әрі.

Сөзден кесте тігіп, дыбысқа жан бітіру шеберліктің бір қыры болып табылады. Ассонанс пен аллитерация да ақын өлеңдеріне әжептәуір ажар беріп, өлең құрылысын, шумақтағы мазмұнды ашуға ықпалын тигізген.

Сен әркімге әртүрлісің, тіршілік  
 Біреу күлсе, біреу тұрар күрсініп  
 Бір бүтінді іздеп жүрсе бір бүтін  
 Бір сынықпен табысады бір сынық

Ақын өлеңдерін тың ажар мен әсем әуезге айналдырып, сөздің реңін келтіріп тұрған – құбылту мен айшықтау түрлері.

Қыс та өтер аязды, көктем келіп шуақты  
 Жер өндейік бірігіп, аямай күш-қуатты.

Немесе:  
 Қиыршық тас, қасат қар бетті тілер,  
 Жынды боран жұлқылап аласұрып.

Иә, бұл эпитеттер ақынның айтар ойы мен салар суретін қаншалықты нәрлендірсе, ал осыған үстеме мағына беріп, көрікке көрік қосуда теңеулер де шебер қолданылған:

Қудай мойның үзіліп,  
 Сымдай денең созылып.

Немесе:  
 Шұбатылған түтіндей  
 Құйрығың артта шашылып  
 Арандай аузың ашылып  
 Көмбеден ағып өтсеңші!  
 («Бәйге алдында» өлеңінен)

Балбырасаң суға тиген қамыстай  
 Не болмаса жабағыдай ұйыссаң  
 Өсіп кетсең кеудең толып талыстай  
 Ізгіліктен үзе қалсаң құйысқан  
 Әулиеге қыста бар.  
 («Әулие» өлеңінен)

Идеялық мақсат пен эстетикалық мұратқа жетуге ақын үшін көркемдегіш құрал – құбылтулар да қомақты қызмет еткен. Солардың бірі – метафора.

Сен қайкы қара садақ болғанда,  
 Мен – қауырсын жебе едім, - десе,  
 бірде:

Көк сүңгінің ұшы – мен  
 Қыры – сендер, біліңдер, - дейді.

Шабытты ақын оқырман көкейіне, оның көз алдына жан тебіренер сұлу сурет тудыруда жансыз табиғатты жандандыра суреттеу, яғни кейіптеу тәсіліне көшкен.

Айнакөл де қопалы, шағалалы  
 Баяу толқып сипайды жағаны өні.  
 Тай сұлу да сүйенген босағаға  
 Тапжылмайды қалпынан бағанағы.  
 Я болмаса:

Көңіл – аспан кеткен бе аласа боп

Күз қағады есікті қараша боп, - деп ақын әдемі тәсілді әдемі қолдана білген, жансызға жан сала суреттеу арқылы ойды биікке самғатқан.

«Көршілер» өлеңінде сырттай қарағанда тату көршілердің сыйластығы айтылған сияқты. Ал енді осы айтудың астарына үңілсек, мырс еткен күлкі тұрғанын да байқаймыз:

Баптау, күту, суару – міндет болсын сіздерге  
 Ал, өнімді жинауды тапсырыңыз біздерге.  
 Шаруа бастан асады үйдің қамын ойласам,  
 Сиырымды әкеліп, сіздің шөпке байласам...  
 Бөліп-жарып қайтеміз, оны да сіз сауыңыз  
 Сүтті әкеліп берсеніз, болмайды еш дауымыз.

Осындай жеңіл қалжыңмен кейбір адамдардың көршісін мезі етер қылықтары мен әрекеттері әшкереленген.

Сонымен, ақын Құмарбек Қалиевтің қаламынан туындаған өлеңдер – мағынада үйлесімін, мазмұнда жарасымын, бейнелеуде көркемдік бедерін тапқан тартымды туындылар. Олар көлемі жағынан қысқа, бас-аяғы өте жинақы, ықшамды, жұмыр, шымыр келетіндігімен де ерекшеленеді.

## БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АЯСЫ

МАРКОВСКИЙ Б. В.

8 сынып оқушысы, К. Макпалев ат. № 4 ЖОББ мектебі, Павлодар қ.

Жырау - жыршы емес. Өйткені жыршының бәрі бірдей ақын бола бермейді. Өз жанынан ешнәрсе шығармай-ақ, біреудің шығарғанын жаттап алу арқылы да оның жыршы атануы мүмкін.

Жырау - әрі ақын, әрі шешен. Ең алдымен ырғағы бар, ұйқасы бір белгілі өлшемге жататын өленді жыраушылардың өздері шығаратын болуы шарт. Екіншіден, жыраушылардың сөздері терең мағыналы, сырты сұлу шешен сөздер, нақыл сөздермен келу керек. Үшіншіден, әлеуметтік өмірде кейінгілерге үлгі боларлықтай терең ойлы пікір айту қажет. Сонда ғана ол - шын мәнісіндегі жырау атағына ие.

15 - ғасырда жыраулар поэзиясы дүниеге келді. Жыраулар өткендегі, түркі халықтарға ортақ әдеби мұраларды, кейінгіге жалғастырып, дамытып, қазақ әдебиетінің, төл әдебиетіміздің дамып, қалыптасуына бастау болды. Жыраулар поэзиясы революциядан бұрын жөнді зерттелмеген. Тек Шоқан Уалихановтың еңбектерінде Асан қайғы толғаулары жайлы айтылған азды - көпті пікір бар. Ғалым жырау поэзиясын аса жоғары бағалаған, оны “көшпенділер философы” деп таныған.

Жыраулар поэзиясының құндылығы неде? Академик Мұхтар Әуезов “қазақ әдебиет тарихы” деген оқулығында Асан қайғы

поэзиясының мән- маңызы жайлы терең ғылыми ой түйген. Ғұлама жырау толғауларының идеялық-көркемдік мазмұнына іштей ене отырып, талдау жасаған, пікір айтқан. “Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің, - дейді М.Әуезов, - ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күнреген қария - Асан қайғы.

Көрнекті жыраудың қазақ көне әдебиетіндегі орны туралы мәшһүр жазушы-ғалым М.Мағауин “бес ғасыр жырлайды” жинағына (“Жазушы”, 1 том, 1989 жыл) беташарында былай деп пікір түйген: “Өзінің ұзақ өмірінде Дешті - Қыпшақтың төрт бұрышын түгел шарлаған, заманының бірінші ақыны танылып, үлкен даңққа бөленген. Жырау туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлілігімен, кезегін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігі, асау серпінді қуатымен ерекшелінеді. Жыраудың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы-түз тұрғынның дүниетанымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моралдық, этикалық қағидалары анық аңғарылады”.

Жақсының жақсылығы сол болар

Жаманменен бас қосып,

Сөйлемекке ар етер;

Жаманның жамандығы сол болар,

Сөйлесе бетін дәйім қара етер;

Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,

Сол жақсы жамандылығың жақсылыққа жыр етер.

Бір жаманға басың қосып сөз айтсаң,

Сол жаман сырың сақламай,

Әрдайым дұшпанына әр ісінді қор етер.

Жыраулық өнер – жабырқаған көңілін көтеріп, қазасын астарлы сөз, күніренген күймен есіттіріп, ас-тойын жырау-жыршысыз өткізбейтін қазақ деген өнер қонған халықтың көнермес ұлы дәстүрі. Халқымыз бодандық бұғауынан құтылып, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіне қол жеткізген тұста, әдеби-музыкалық өнердің жыраулық-жыршылық саласы болашақ ұрпақты ана тілімізде, қазақи ұлттық рухта, өнерпаз ата-бабаларымыз көздің қарашығындай сақтап бізге жеткізген дәстүрлі ұлттық мәдени мұралар негізінде тәрбиелеу бірінші орынға шықты.

Жыраулық үрдіс бағзы замандардан басталып, қоғамның өзгеруіне орай кейде әлсіреп, кейде өзін тұншықтыруға, санадан сылып тастауға тырысқан жойқын тарихи оқиғаларға үнемі



төтеп бере отырып, өнерпаз ұл-қыздарының дарындылығы мен табандылығы арқасында, халық тудырған және онымен мындаған жылдар біте қайнасқан теңдесі жоқ қастерлі қымбат қазына, бабалардан қалған бағалы асыл мұра ретінде таза бітім-болмысын, рухани-ағартушылық күш-қуатын бойына қайта жинап, бүгінгі күнге дейін жетті.

Еліміз егемендік алғалы бері Елбасы Н.Ә.Назарбаев тарихи-мәдени мұраларды жинау, зерттеу, сақтау ісіне айрықша көңіл бөлумен келеді.

Эпостық, батырлық жыр-дастандардың, терме-толғаулардың, нақыл-өсиет өлеңдердің таза әдеби туынды екені даусыз болғанымен, бүкіл ішкі әлемін үнемі сиқырлы да сазды әуез тербеп жүретін әрі ділмар, әрі сөз қадірін білетін қазақ халқы кезкелген поэтикалық туындының шытырман оқиғалы әрбір эпизоды тек оның мазмұнын аша түсетін әуенмен үйлесім тапқанда ғана жан-тәнімен қабылдайды. Сондықтан, жырау-жыршылар, термешілер, әншілер мен бақсылар сияқты батырлық жырларды, салт-дәстүрлік, әдет-ғұрыптық әдеби-музыкалық туындыларды орындаушылар хақында айтқанда, поэтикалық туындыға әр беретін, оны көркемдеп, ұғынықты ете түсетін әуендік туынды мен оны сүйемелдейтін аспаптар, олардың атқаратын рольдері жайлы айтпау да мүмкін емес.

Бұқар мұсылманша оқыған сауатты болған. Бізге жеткен жырлары 1200 шамасында жол. Жырау өлеңдерінің бүгінге дейін жетуі - Мәшһүр - Жүсіп Көпеев жазып қалдырған мұра. Абай өлеңдерін Мәшһүр - Жүсіп көшірмелері арқылы білеміз. Бұқар жазбаларының бізге жетпегені де көп болуы керек. Бұған : «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Аюбтың сабыры, Аплатонның ақылы керек», — деген Мәшһүр сөзі дәлел. 1781 жылы Далба тауында өмірден өтеді.

Оның өмірі мен шығармалары туралы деректер тым шағын. Бұқар жырау - ХУІІІ ғасыр поэзиясының көрнекті өкілі, жыраудың поэзиялық мұрасы жайында бұл кезге дейін көп жазылды, алуан түрлі пікірлер айтылды.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктері.

«Әр дәуірдің өз міндеттері бар» (Гейне). Тарихтан—тағылым, тағдырға—тағзым. Осы реттен келгенде, ХУ-ХУІІІ ғғ. қазақ әдебиетінің мұралары негізінен ауыз екі үлгіде тарады, яғни кешеден бүгінге жетті. Бұл—бір.

Екіншіден, осы кезең туындылары көбіне өлең, жыр, толғау түрінде жеткен.

Үшіншіден, адам бейнесін жасаудың алуан түрлі үлгі-өрнектері бар. Мысалы, Асан қайғы—Жәнібек ханның, Бұхар жырау—Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай батырлардың, Шалкиіз—Би Темірдің, Үмбетей-Бөгенбайдың әдебиеттегі образдарын сомдаған.

Бұқар Жырау есілтіп-төгілтіп, алмастай жарқылдап, дария суындай құйылып отырады. Бұған: “Еліңнің қамын же — сана, Есіліп кенес айт — сана” деген лебізі куә. Кейде сәуегей абыз ишаратпен, тәмсілмен сөйлейді. Оның қапияда шығарылған филос.-дидактикалық сипатқа бөленген құдіретті ой-толғаныстары, тапқыр билік-кесімдері толғау түрінде беріледі. Қиыннан қиыстырылған құрыштай тастүйін сөздер, қанатты кесек ойлар, пайымды терең байламдар белгілі бір нақысты мақалмен тапмақтата, түйдектете, толқындата айтуды қалайды. Бұқар Жырау дәуір, өмір, тұрмыс-тіршілік құбылыстарын және олардың себеп-салдарын түп-тамырынан қозғап қана қоймаған, білгір дана қиял қанатында самғап, келешек заманның кереметін де көре білген, көрегендікпен болжай таныған:

“Әлемді түгел көрсе де,  
Алтын үйге кірсе де,  
Аспанда жұлдыз аралап,  
Ай нұрын ұстап мінсе де,  
— Қызыққа тоймас адамзат!”

Жыраудың толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7-8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау музыкалық аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады. Толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше

«Бұхарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұхтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек» - деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Жыраудың шығармаларының текстологиясы әлі күнге ретке келтірілмеген. Ең қажетті тандамалы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер іріктеліп, сұрыпталып алынбаған, дұрыс, түзу, мұқият салыстырулар жүргізілмеген. Бұл – болашақтың ісі. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ.Халид, Г.Потанин, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов,

С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Мағауин, Р.Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

Бұқар Жырау шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері — Жақсылық пен Жамандық, Елдік пен Ерлік, Изгілік пен Зұлымдық, Әділдік пен Әдептілік, Жастық пен Кәрілік, Татулық пен Араздық, Достық пен Дұшпандық, Адалдық пен Арамдық, Тектілік пен Азғындық, Тұтастық пен Бірлік

Бұқар жырау шығармаларының басты тақырыбы — халқына, Отанына деген ыстық махаббат. Ол Отанды сүюге, бір орталыққа бағынған іргелі ел болуға үндейді. Көреген ақын қазақ халқының ұлттық бірлігі қажет екендігін айқын түсініп, бұл тұрғыда Абылайды бірлік идеясын жүзеге асыра алатын қайраткер ретінде жырға қосады, сыртқы жаулармен күресте қазақ жүздерін біріктіретін қолбасшы, көзсіз батыр ретінде суреттейді. Ал егер оның іс-әрекеті халық мүддесіне кереғар келсе қорқып-үрікпей сын тезіне салады. Жырау шығармасындағы басқа бір маңызды тақырып адам табиғатының өзгеруі, дүниенің бір орнында тұрмайтындығы. Бұқар өмірді кезең-кезеңге бөліп, адамның жасы оның санасын, мінез-құлқын, көңіл күйін, күш-жігерін қалай өзгертетіндігін көрсетеді. Оның поэзиясының халық арасына кеңінен тарап, ғақлия, нақыл, афоризмдерге айналуы, мақал-мәтел болып жетуі де көркемдеу тәсілінің кереметтігінде. Бұқар жырау шын мәнінде көне қазақ поэзиясының ең тұлғалы өкілдерінің бірі. Бұқардың шығармаларын жинап, хатқа түсірген, басын құрап қолжазба қорына жеткізген Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Қай халықтың болмасын әдебиетінің тууы және өсіп-өркендеуі аса күрделі құбылыс. Қазақ әдебиеті де өзінің бүгінгі биігіне, қазіргі өрісіне бірер күнде жете салған жоқ. Талай асу, қиялардан, талай бел-белестерден өтті. Әлдежеше жүз жылдар бойы сан қилы тарихи оқиғалардың сәулесін бойына сіңіріп, өзіндік үн, өзгеше бояу нашық, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Қашанда ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін көріп отырды, өткен күн, озған дәурен, көне тірлік шежіресі болды. Үнемі халық жағынан табылып, елдің бүгінгі ғана емес, болашағы үшін де аса мәнді идеялардың ұраншысы қызметін атқарды.

Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп білген халық. Кендігін де, елдігін де, кеменгірлігін де, көсемдігін де сөзге сыйғызған жұрт. Тұла бойдың тылсым сырын сыртқа жаяр, лып еткен сезім, терең ақыл, кемел ой, арман – мұрат, мұң мен сыр – бәрі сыйған сиқыр сөздің бағасын біреу білсе, қазақтай – ақ білсін.

« Жақсы сөз - самалдай

Қуатты сөз— қамалдай», - деген атам қазақ.

Қорытындылай келе, ғасырдан ғасырға, атадан балаға және заманнан заманға ұласып келе жатқан мәдени мұрамыз.

Біздің Павлодар қаласында Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінің негізі 1990 жылдың 1 ақпанында қаланып, 1992 жылғы 22 наурызда салтанатты түрде ашылды.

Музей экспозициясы 7 (жеті) залда орналасқан: халық ауыз әдебиеті залы, көне түркі жазбалар ескерткіші залы, Бұқар жырау залы, XX ғасыр басындағы әдебиет, әдебиеттер достастығы залы, қазіргі заман әдебиеті залы, өнер залы.

Қазіргі кезде музейде 47 мыңнан астам экспонат бар. Оның ішінде 13 071 жуығы түпнұсқа.

Мектеп оқушылары мен студенттерге Павлодар өңірінің ақын-жазушылары шығармашылығына арналған мектеп бағдарламасымен сәйкестендірілген 50 астам тақырыптық дәрістер жүргізіледі.

Бұқар жырлары жыраулық поэзиямың дәстүрлі жалғасындай болғанымен, әлеуметтік- саяси мазмұны мен тақырыбы, көркемдігі жағынан өзіндік ерекшеліктерімен дараланады.

Жыраудың көптеген афоризмдері мен өрнекті өлең жолдары халықтың арасында кеңінен тарағаны белгілі, олар мақал-мәтелдерге айналғанын аңғару қиын емес.

Бұқар жыраудың:

Жақсының аты өлмейді

Ғалымның хаты өлмейді,

- деген аталы нақыл-афоризмге айналған сөздерінің күні бүгінге дейін халқымыздың арасында кеңінен таралғандығы, оның мақал-мәтелдерге айналғандығын білеміз. Оның нақыл сөздері мен шешендік өнерін ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолдануға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 “Қазақ Энциклопедиясы”, II-том

2 Бұқар жырау // Бес ғасыр жырлайды. - 2 томдық. / құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. - Алматы, 1989. - 1 т. - 81-106 б.

3 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.

4 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009

5 М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғарұлы, А. Сейдімбек. Ел тұтқа. - Астана: KUL TEGIN. - 2009. – 121 б.

## Б. КҮЛЕЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СӨЗ-СИМВОЛДАР

МЕКЕЖАНОВА А. Ж.

8-сынып оқушы, №38 ЖББОМ, Павлодар қ.

МҰРЫНБАЕВА Ғ. И.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, №38 ЖББОМ, Павлодар қ.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінен өзіндік қолтаңбасы арқылы із қалдырған талантты ақындардың бірі – Бернияз Күлеев. XXғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы енді бір айырықша құбылыс – Бернияз Күлеев шығармашылығы. Ақынның өмірі жайлы мағұлмат Мағжан Жұмабаевтың «Бернияз» деген мақалаларынан табуға болатындығын, сонымен қатар А.В.Затаевичтің «Жас қазақ Бернияз Күлеев қазақ өлеңдерін де, татар әндерін де айтады, сүйеді. 1923 жылдың январында Қазанда қайтыс болды» деген деректер бар екендігі Р.Батырбекова еңбегінде айтылады. М.Әуезовтың Бернияз жазған қолжазбаларын сақтағандығы жайлы тоқталады [1, 234]. Дүниедегі қара бояулар шоғыры Б.Күлеевтің бейнелі (символ) өлең жолдарында орын алған. Ақынның өлеңдері сөз құпиясын еркін меңгерген дарынды ақын екендігінің дәлелі. Ол өлеңдерінде бейнелі көрініс, эпизод жасауға шебер.

«Қаптап тұр қара бұлт көктің бетін,  
Көрсетпей тым болмаса көктің шетін.  
Күркіреп жыны келсе, қаһар жауып,  
Мейілінше жүргізіп тұр үкіметін».

Табиғаттың құбылысындағы осындай мұңлы бояулар адам жанының да мұңлы әуендерімен іштей астасып жатыр. Психологиялық параллельдер тіршіліктің, өмірдің философиялық мәніне айналып кеткен. Адам ғұмырының осындай мәңгілік тақырыптары ежелгі дәуірлерден жырланып келе жатқандықтан олар ерекше бір бір мифопоэтикалық астарлар арқылы түсіндірілетін архаикалық сипаттарға толы архетиптік қабаттарды құрайды. Ақынның «Шағым» деген өлеңінің құпия сырына үнілсек, мифопоэтикалық ой өлшемдерінде де терең сырлар мен мифологиялық символика мен мистикалық элементтер жеткілікті.

Қараңғыда жаралып, тудым түнде,  
Күңгірт жерде ес біліп, келдім тілге.

Бала күнде болса да балдырғандай,  
Ізгі жүрек тас болды осы күнде.  
Өткен өмір айналып кері келмес,  
Ол күнгіні от жүрек енді білмес.  
Суға салсаң, су кебер, жалын сөнер,  
Бір қатқан соң қайталап ол жібімес.  
Бай болсаң, патша болсаң - киген тажың,  
Күндемен малын, бағын, һәм атағың.  
Сұр кедей жатса-дағы жерде езіліп,  
Жабырқап шіміркенбес оған жаным!  
Тас жүректі суға салса, су кебер, отқа салса ол да сөнеді дейді.  
Ешкімге жәрдем сұрап басымды имен,  
Болсын жат, болсын жақын, болсын «ием».  
Жалғыз-ақ күн жер басып жүрсем-дағы,  
Еркелеткен ерікті өмір сүйем.  
Өртеніп от жүрегім жанса лаулап,  
Қыңк етіп білдірмесің жұртқа жарлап.  
Өзіммен өзім болам, не болсам да,  
Ешкімнің ақысы жоқ жүрсін аулақ!

Қанша қиындықты көрсе де жаны ашымайтын қатыгездік, катаалдық, зұлымдық атулығы толған жүректі тас жүрек деуі әрине орынды алынған бейнелеу. Өлеңдегі лирикалық қаһарман өр мінезді қаһарман, ешкімге бас иемейтін, жалынбайтын асқақ сезімді, ерікті аңсайтын қаһарман. Мифопоэтикалық ойлау нышандарының бір ұшығы Бернияз Күлеевте жатыр. «Әдемі түн» өлеңін талдайтын болсақ,

Қалғыған арыстандай асқар тауың,  
Төбесі тіреледі көкке жетіп.  
Айбатпен аузын ашқан айдаһардай,  
Алыстан көрінеді терең жарлар.  
Мап-майда аспан беті мөлдір судай  
Қалған жоқ айналада жұлдыз тумай.  
Теңселіп тұнық суда шалықтаған  
Алтын ай көрінеді аппақ құдай.-деп өрнек салады.

Қалғыған арыстандай асқар таулар, айбатпен аузын ашқан айдаһардай терең жарлар, аппақ құдай ай, жалақ ойнап жүрген қыздардай, жымын қаққан жұлдыздар – ақынның мифопоэтикалық санасының терең қиырларын, мифологиялық ойлау жүйесінің символикалық – нышандарын паш етіп тұрғандай. Қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық қатпарлар, мифологиялық ойлау жүйесі, оккульттік түсінік-пайым, әр түрлі символикалық нышан

белгілер, оның эзотериялық табиғатын күшейте түседі. Поэзиядағы мифопоэтикалық ойлау жүйесінің белгілері мифологиялық символикаға ұштасып жатады. Мифологиялық символиканы поэзиядағы көрнекті көркемдік тәсіл деп танимыз. Ал символикалық ойлаудың негізгі құрылым нысанына, тіректеріне архетиптер жатады. Көркем шығармадағы, поэзиядағы архетиптер образдық мағына-мәннің ядролары, негізгі тудырушысы, алғашқы болмысы болып табылады. Әр халықтың салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, діни түсінігіне байланысты архетиптер әр қилы мағыналық болмыс пен мәнді иеленеді.

Жат едік біз, жақын болдық,  
Тағырдан ба, бізден бе.  
Енді осы күні жеті жылдық.  
Жолдастықты үзген не?  
Бір-біріне екі жүрек  
Өздігінен көніп ед.  
Жан айтпай-ақ өзі тілеп,  
Достық қолын беріп ед.  
Жолдастықтың шын белгісі  
Жолығысу емес пе?  
Мұнымызды білген кісі  
Жаттан жаман демес пе.  
Қатарыңнан кем едің сен,  
Баққа тағдыр жол ашты.  
Не қылайын деп едің сен  
Құр адасқан жолдасты.  
Өкпе емес бұл айтылған,  
Әншейін күр базына.  
Болмасын деп кім тор құрған  
Жалпы жұрттың бағына.  
Енді өрісім өзге десең,  
Іргенді алыс сала бер.  
Өстіп ек деп мен де нетем, жолың болсын, бара бер .  
Құрса құрсын бағын жөндеп,  
Өркімнің де есі бар.  
Сен кеттің де, мен қалдым деп,  
Кімде кімнің несі бар.

Ақынның даралық келбетін танытатын өлеңдерінің бірі - Өзім.

Ақынның бұл өлеңінде лирикалық қаһарман өзінің асқақ бейнесін суреттейді. Адам мінезінің, табиғатының түсіне бермейтін

сырларының молдығы айтылады. Налу, торығу, аңсау, шарқ ұрып аласұру сияқты адам мінезі берілмеген. Басқа өлеңдеріне ұқсамайтын ерекшелігі осында. Ақын өмірінің сыры мен мазмұны сан торапты жолдың қайсысына бағышталуы мүмкін деген толғаныстардан туған. «Қыздың мінажаты» деген өлеңіне назар аударсақ, «жандыны жансызбен тоқып білуге талабы бар» жас қыздың толғанысы берілген.

Я, алла , мен ойлаймын түрлі ойды,  
Суарып жүрген шақта қозы-қойды.  
Ойласам, жүрегіме тұз сепкендей,  
Өсірген надандықпен сорлы бойды.  
Қазақта қандай қыз бар оқып жүрген,  
Жандыны жансызбенен тоқып білген?  
Деп айтар: «Ана біреу маржа бопты»,  
Оқыған талапкерді болса көрген,-деп толғанады қазақ аруы.

«Ойласам, жүрегіме тұз сепкендей» деген шындық жағдайын шынайы суреттейді. Ақынның біраз өлеңдері теңсіздік, қалың малға сатылу сияқты қазақ қыздарының басындағы теңсіздікті суреттеуге арналады. «Сүйікті қайғылығы» өлеңі де символдық өлең болып табылады.

Жеркеніп етің,  
Өртеніп бетің  
Махаббаттың дертінен;  
Ойлатпай ойды,  
Жаздырмай бойды,  
Айырды есіл еркіңнен.  
Махаббат оты - қызыл шоқ,  
Жалғанда онан қиын жоқ.

В.фон Гумбольдт: «тіл тек белгілі болған шындықты ғана танытпайды, сонымен қатар белгісіздікті де анықтайды» [2, 138]6 дегеніндей ақын өлеңінде махаббаттың күдіреттілігі символ арқылы, яғни от, шоқ символы арқылы танылып тұр. Дерт, өртену, есінен айырылу – барлығы махаббаттың күдіреттілігін танытуға жұмсалған символдар. Ақын осы өлеңінде символдың деректендіру қызметін шеберлікпен қолданған.

Ұйқы жоқ түнде,  
Күлкі жоқ күнде,  
Қиялға баттың салығып.  
Елестеп сәуле,  
Жаның күр әуре,



Жас төктің кейде зарығып  
Сел болып аққан ыстық жас,  
Дерт болды зармен аралас.

Ыстық жастың төгілуі, сел боп ағу - әсірелеу. Оқырманын күйзелтіп, жанын ауыртатын не жанын жарылқай қуантатын гиперболалық қолданыстар ақын поэзиясында символмен қоса өріледі.

Қайнаған қаның,  
Жайнаған жаның  
Бір ойдан сірә қайтпады.  
Жалынды жүрек  
Бір тілек тілеп,  
Жасырын іште сақтады.  
Сырынды, сәуле, білемін,  
Сүйгенін. жалғыз тілегін..

Ақынның өлеңіндегі қан сөзі - символ. Әдеби шығармаларда қан сөзінің символдық мәні әр түрлі болып келеді. Қан туыстықты білдірсе, енді бірде, ұрпақ деген мәнді береді. Бұл жерде ішкі сезім толғанысын білдіреді. Жалынды жүрек дегенде ақын жастық шақты береді. Ақынның «Қиял сөзі» өлеңі символизм биігінен көрінетін өлеңдері қатарында. Ақын өлеңдерінде дерексізді деректендіріп, жансызға жан бітіріп, өмірдегі құбылыстарды неғұрлым нақты бейнелеуге ұмтылады. Ақиқат өмірді суреттеуде ақын бейнелілікке сүйенеді. Көңіл дерексіз ұғым, ақын өлеңінде жанды бейне ретінде алынған, өзі ерке, ауырады.

Айналаны күңгірт басқан,  
Жерді жапқан көк тұман.  
Менен күлкі, қызық қашқан,  
Үндеместен тек тынам.  
Ой бұлғанып, жүрек жұлқып,  
Жат жақтарға сүйрейді.  
Ерке көңілім еркін бұлқып,  
Жас жанымды билейді.

Ақын сезім бұлқынысын нақты суреттеуіне кейіптеулер, эпитеттер қызмет атқарған. Жас жанды көңіл бейлейді, күлкі қашады, жүрек жұлқып, ой бұлқынады – дерексіз ұғымды деректендіру арқылы адам баласының көңілін, ішкі сезім арпалыстарын, толғаныстарын бейнелейді.

Бар білгені - «Жатпа текке,  
Мезгіл өтпей тұр», - дейді.

«Өнер, қызық, ой, білікке  
Қарсы құлаш ұр», - дейді...

Ақын көңілді сөйлету арқылы өз көзқарасын береді. Сансыз өзгерістер, қоғамдағы құбылыстар ақынның ойын «шар тарапқа шарқ ұрғызады». Ақын көңіліндегі алабұртқан сезім көңілдің айтуы бойынша жарыққа шығады.

«Шар тарапты шарқ ұрып,  
Ой түбіне жет, - дейді.  
«Ойын, күлкі, сауық құрып,  
ойдағынды ет», - дейді ...  
«Жер жұмағын тынбай жүріп,  
Тауып, көріп біл», - дейді.

Жер жұмағын тынбай іздеген лирикалық қаһарманға әрі қарай дем беруші, жол сілтеуші көңілі.

«Жер хорларын түрлендіріп,  
Айқас, ойна, күл»,- дейді.  
«Тағы-тағы, тағы-тағы  
Толып жатқан тұр»,-дейді.  
«Не сырлар бар жалғандағы  
Бәрін тегіс біл»,-дейді.

Символизм – тұспал, ишара поэзиясы. Символизм поэзиясы – ең алдымен идеялық поэзия, тұспалмен жеткізуге тырысады. Лирикалық қаһарманның сезім құбылыстарын символизм арқылы жеткізеді. Ақынның тағы бір өлеңі «Шын сұлуға» деп аталады. Бұл өлеңінде де ақын ғашықтықты, махаббаттың құдіреттілігін суреттеуде символизмге бой ұсынады.

Сен хорсың, періштемесің, алламсың сен,  
Мен үшін сенің көркің тәңірмен тең.  
Көркің күн, жүзің жарқын, ажарын ай,  
Тізе бүктім, «тәңірі» дедім алдыңда мен.

Ақын өлеңіндегі күн, ай, періште, тәңірі – символдар. Берілген сөздер көркем шығармада метафора да болады. Бұл жерде сұлу қызды балап тұр, яғни метафора. Дегенмен, метафора мен символдың негізінде образ жатыр. Яғни, образ тәрізді метафора да, символ да әлемді көркемдікпен, бейнелі тануда туындайды. Бірақ образдан туындағанмен, метафора мен символ әр бағытта дамиды.

Тұрасың таңырқарлық жүз құбылып,  
Қол сілтеп, көкірек керсең нұр құйылып.  
«Ah!» десең, аспан жерге лап бергендей,  
Қалтырар ауа мен тау, жер бұйығып.

Жүрсен-жер, күлгенде-көк сүйінеді,  
 Ағаш-шөп сәжде кылып иіледі.  
 Аспанның ажарлысы Ай менен күн  
 Көркінді көріп таң боп күйінеді.  
 Алдыңнан әлдеқашан бұлт қашқан,  
 Құлдықта қол қусырып жер мен аспан.  
 Айнадай ай жүзіңнің ажарынан  
 Ұялып жұлдыз біткен бетін басқан.

Өлеңде сұлу бейнесін ашуда ақын табиғат құбылытарын жандандыру тәсіліне сүйенеді. Кейіптеу арқылы айтар ойын өсірелейді. Жер бұйығады, тау да қорқып қалтырайды, ай мен күн сұлуды көре алмай қалтырайды. Жер мен аспан қол қусырып, тағызым етеді, айнадай жарқыраған ажарынан жұлдыз ұялады.

Мінезің көркіңнен де көркемірек,  
 Айнусыз ақыл-айлаң, оған тым еп.  
 Өлшеусіз терең ойың, жетік миың,  
 Шешен тіл, кең көңілді шын сұм жүрек.  
 Тал бойың, сыңдар белің, сұлу сыртың  
 Сыбайлас қандай болса мінез- құлқың.  
 Алланың артық туған ардақтысы,  
 Болған жоқ, болмас-тағы сендей сылқым.

Сезім мен ойдың арасындағы байланыс нәзіктігі өлең арқылы көрінгендей.

Ақын символ арқылы белгісіз нәрсеге нұсқау жасайды. Дерексіз ұғымды деректендіру арқылы құбылысты бейнелейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Батырбекова, Р. Асқақ жырлы ақиық ақын / Күлеев Б. Таңдамалы шығармалары. —: Ғылым 2000.

2 Қордабаев Т., Қалиев Ф. Жалпы тіл білімі. Алматы, 2004 ж. -236 б.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ХАЛЫҚ ЕРТЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕРІНІҢ ҰҚСАСТЫҒЫ

МУСАГИТОВА В.

б «А» сынып оқушысы, М. Горький ЖОББМ  
 КАЖКЕЕВА А. К.

жетекші, бастауыш сынып мұғалімі, М. Горький ЖОББМ, Ертіс ауданы

Анығында, ертегіден бай фольклор жоқ. Ертегі өз Отанын сүйуге, оны қорғауға, қиыншылықтардан қорықпауға, ата-ананы қастерлеуге, бақытсыздыққа ұшыраған әлсіздерге көмек беруге үйретеді. Ертегілерді зерттеу олардың сарқылмас әдеби- идеялық құндылығын ашуға көмектеседі. Ертегіні туғызушы ой халықтың өмір-тірлігі үшін алысушы, өнімді ойы екенін танытады. Ол ой ертегіде тегін жайды айтпайды, қоғамдық, өмірлік мағыналы сырларды танытады.

Бұл жай барлық жұрттар ертегісіне ортақ. Сол қатарда қазақ пен орыс ертегісін де елдің бұрынғы тарихынан, бұрынғы қоғамдық тірлік шындығынан, халықтың арман-мүддесінен көп дерек береді деп тексереміз.

“Ертегі” деген аты ертедегі, ертеде, ерте күндегі деген сөздерден туған. Кейде “ертек” деп те айтылады. Содан ертегі айтушыны “ертегіші”, “ертекші” дейді. Осы аты көп ертегінің басында әдейі айтылып, аумап аталып та отырады. Қазақ ертекісінің бәрі де көптен-көп ертегісін “ертеде бір бай бопты”, “ертеде бір хан бопты”, “ертеде бір кемпір мен шал болыпты” деп бастайды. Немесе “ерте, ерте, ерте екен” деген сияқты көпке ортақ, ерекше өлеңше бастауымен келеді. Кейде “ерте күнде үш ағайынды жігіт бопты” деген сөздер ертегінің басын бастайды. Дәл осылайша орыс ертегілері де басталады. Мысалы: «жили –были старик со старухой», «в тридевяти царстве, в тридесятом государстве», «давным- давно», «Жили были царь с царицей и было у них три сына (три дочери)». Осылайша ертегінің алдында үнемі айтылып отыратын дағдылы сөздері әңгіменің жолын ашады, жөнін аңғартады. Айтылатын өзге әңгіме емес, ертегі, оның өзге сөзден бөлек, өзіне тән айшығы, өрнегі бар. Тындаушы соны аңғарсын да, есітер әңгіменің ерекшелігіне бейімделе берсін демек.

Соңғы ғасырларда қазақ халқының ең көп араласқан елі, халық пен халық болып ең көп қатысқан елі орыс халқы болғандықтан, қазақ ертегісіне орыс ертегілерінен ауысып келген әсерлер де көп. Оны біз әсіресе хайуанат жайындағы ертегілерден көп кездестіреміз.

Біздің зерттеу тақырыбы жаңа, өзекті болып табылады. Анығында, ертегіден бай фольклор жоқ. Бірақ осы байлықтың ғылым жолымен жиналып, зерттелуі аса кенже болып келеді. Қазақ ертегісіне көңіл бөлген кісілердің саны бірқатар. Бірақ бұлардың бәрі де зерттеу, тексеру жұмысын аз жасап, көбінше естіген ертегілерін жинаумен болған.

Екі халық ертегілері тіл жағынан әртүрлі болғанымен, ертегі сюжеті, кейіпкерлері, олардың мінез-құлықтары мен әрекеттерінде көптеген ұқсастық бар. Екі халық ертегілерінде де бабалардың тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін көреміз. Ертегілерде жауыздық пен әділдік, қастық пен достық, жамандық пен жақсылық күресіп, ақыры, соңғылары жеңіп шығады. Ертегілер осымен қымбат.

Ертегілері жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанға бөлінеді:

- 1) жануарлар туралы ертегілер;
- 2) қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер;
- 3) тұрмыстық ертегілер (шыншыл ертегілер)

1) Бәрін алдап соғатын айлакер жыртқыш - жануарлар туралы ертегілерінің негізгі сюжеті. Мысалы: қазақ халық ертегісі «Түлкі мен ешкі», «Түлкі мен жолбарыс», «Арыстан мен түлкі» және орыс халық ертегісі «Қасқыр мен түлкі», «Қоянның үйшігі». Бұл ертегілерде түлкі қу, айлакер. Жануарлар туралы ертегілерде екі халық та қасқырды ақымақ не зұлым ретінде суреттейді. Мұны «Қасқыр мен түлкі», «Қасқыр мен кісі», «Қасқыр мен қозы», «Ақымақ қасқыр» қазақ ертегілері және «Түлкі – қарындас пен сұр қасқыр», «Қасқыр мен жеті лақ» орыс ертегілерінен көре аламыз.

3) қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілерге тоқталатын болсақ, қазақ ертегілерінде негізгі кейіпкерлері хан, оның уәзірі, шал, кемпір, мерген, тазша, қойшы, өнерпаз жігіттер, дәулер, мыстан-жалмауыз кемпірлер, айдаһар, самұрық құс, т.б. Орыс ертегілерінде да патша, батыр (богатырь), баба-яга, ведьма, Ивануша-дурачок, жар-птица, великан сияқты кейіпкерлерді кездестіреміз. Қиял-ғажайып ертегілер желісі бойынша Ер Төстік, Әбдірахман патша, Иван-царевич сияқты жағымды кейіпкерлер өз жолында қорқынышты құбыжықтарға, алдырмас кедергілерге тап болады. Сикырлы күштерді өз ақылдарының көмегімен солардың бәрін жеңіп, армандарына жетеді.

Қазақ және орыс ертегілері адамды сикырлы күштерімен таңқалдырады: Самұрық құстың алыптылығы мен Жар-птицаның

сұлулығы адамша сөйлейтін Шалқұйрық пен Сивка-Бурка. Бұл ғажайып кейіпкерлер ертегіден ертегіге «көшіп» жүреді. Ертегі мен кейіпкерлердің аттары әртүрлі, сюжеттері ұқсас бола береді.

Орыс халық ертегілерінің ең сүйікті кейіпкері, әрине, Иван – дурачок немесе Иванушка – Дурачок. Ол отбасында кенже- Иван – царевич сияқты үшінші ұл. Мейірімді, еріншек және жолы болғыш. Жануарларды: балық, құстарды және Коньек – горбунок, Сивка-Бурка, Сұр қасқыр не тіпті пештің үстінде жүргенді жақсы көреді. Ертегі соңында ол патша болып өз сүйіктісіне үйленгенше көптеген қиын сынақтардан өтеді. Оның пеш үстінде шыбын аулап жататыны да кедей отбасында дүниеге келгеннен соң шығар. Ертегішілер осы кейіпкер арқылы мейірімділік, әділеттілік, адамгершілік туралы өз ойларын жеткізеді. Ішкі жан-дүниесі бай, әділ де мейірімді Иванды басқа кейіпкерлерден оқшау, жоғары қояды.

Қазақ ауыз әдебиетінде де осыған ұқсас кейіпкерлер бар. Тазша бала мен Иван – дурачок арасынан ұқсастық табуға болады. Тазша бала кедей отбасында туған, кенже ұл, мейірімді, әділетті, бірақ ол ақымақ емес тапқыр да ақылды. Олда көптеген қиындықтар мен сындарға тап болады да өзінің тапқырлығы мен ақылы арқасында олардың бәрін жеңіп шығады. Ол кейде түсініксіз істер жасап, қисынсыз жауап береді, ал соңында олардың бәрі дұрыс болып шығады, Тазша бала да Иванушка – дурачок сияқты басқаларға ұқсамайды.

3) Тұрмыстық ертегілерде кең тараған сюжет – ақымақ қожайын мен оны алдап жеңетін ақылды жұмысшы. Орыс ертегісі «Шабарша», «Батрак» және қазақтың Алдар Көсе туралы ертегілерінде – бірдей сюжеттер таптық. Сонымен қатар айлакер қонақ пен саран бай да кең тараған. Осы сюжет бойынша қазақ ертегісі «Алдар Көсе мен Шығайбай», орыс ертегісі «Балтадан жасалған ботқа» («Каша из топора») құрылған. Алдар да, орыс солдатты да айлакер. Олар негізінен саран байлар, кемпір мен молдаларды алдайды, қарапайым кедей адамдарды жақтайды, көмектеседі. Әрқашан өз мақсаттарына жетеді.

#### Ертегі кейіпкерлерін салыстырмалы талдау

Қазақ ертегілері	Орыс ертегілері
Ер Тарғын, Тазша бала, шаруа баласы,	Иван-шаруа баласы, Иван-царевич, Иванушка-дурачок
Көбінде кенже бала, өзінің басқалардан өзгешелігіне қармастан ақылды, тапқыр, мейірімді, әділетті, өз мақсатына жетеді	

Алдар Көсе	Орыс солдатты
Сараң бай не кемпірлерді жазалау үшін айла мен ақылды қолданады. Алдар да. Орыс солдатты да тапқыр, айлакер, кедейлер мен әділетсіздікке ұшырағандарға көмекке келеді	
Хан	Патша
Кейде мейірімді, данышпан, бірақ қатыгез және аяусыз да болады. Кей ертегілерде өзінің ақымақтығымен таң қалдырады.	
Бай, байдың баласы, қызы әйелі	Өгей шеше, оның қызы,
Сараң, ақымақ, мейірімсіз, еріншек. Ертегі соңында алданып қалады.	
Дана қыз, Күнәкей	Василиса-Примудрая. Марья-искусница, Аленушка
Ақылды, мейірімді, еңбексүйгіш, тапқырлығымен өзінің сүйіктісін, әкесін, інісін өлімнен сақтап қалады	
Мыстан кемпір, Жезтырнақ, Жалмауз кемпір	Баба-Яга, Ведьма, Кикимора, Кашей Бессмертный
Өте зұлым, мейірімсіз сиқырлы күші бар. Ертегіде жағымды кейіпкерге түрлі тосқауылдар жасайды.	
Тұлпарлар- Шалқұйрық	Сивка –Бурка
Өте жүйрік, өзінің қожайынына берілген, қажет болғанда көмекке келеді. Кейде адамша сөйлейді, құсша ұшады.	

Бір халықтың ертегілерін өзге елдің ертегілерімен салыстырып, сюжеті, кейіпкерлері, олардың мінез-құлықтарында көптеген ұқсастықтар таптық. Бұл ұқсастықтардың негізі әр халықтың арман –мүддесінің, ұқсастығы мен шаруашылық, қоғамдық, салт-саналық жағдайы деп санадық.

Ертегілер – біздің сенімді серіктеріміз. Олар адамды қуантады, шарықтатады, болашағына сенім арттырады, мүмкін емес жетістіктерге жетуге еліктіреді. Ертегі –қай халықтың болмаса сүйіктісі. Өйткені, ертегі- халықтың ақылы мен арам-тілегі. Өте ертеде пайда болған ертегілер осы күнге дейін өзінің жеңіл сиқырымен, кейіпкерлерімен бірге ерлікжасап, әртүрлі қызықты оқиғаларымен таңқалдыруда. Ертегі өз Отанын сүюге, оны қорғауға, қиыншылықтардан қорықпауға, ата-ананы қастерлеуге, бақытсыздыққа ұшыраған әлсіздерге көмек беруге үйретеді. Ертегілерді зерттеу олардың сарқылмас әдеби- идеялық құндылығын ашуға көмектеседі. Ертегілер- бізге Отан, оны шығарған халық

ретінде қымбат. Сондықтан да өз халқының тарихы, тұрмысы, салт-дәстүрі, мен шығармашылығына қызығушылық артатын әр адамға оларды зерттеу қазір де көкейкесті болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ ертегілері. Құрастырған: А. Сәулебаева – Шымкент «Шикула и К0» 2003
- 2 Қазақ ертегілері (Кең тараған) Алматы «Балауса» 2003
- 3 Қазақ ертегілері. Алматы «Алматыкітап» 2004
- 4 Қазақ ертегілері. Құрастырған. Е.Дүйсенбайұлы.– Алматы: «Жазушы», 2009
- 5 Читаем сами. Иван –царевич и серый волк. Омега» Москва 2003
- 6 Аникин В.П. Русская народная сказка. Москва – 1977
- 7 Литературное чтение 2,3,4 класс Алматы «Атамұра» 2009г
- 8 Литературное чтение. Хрестоматия.2,3,4 класс Алматы «Атамұра» 2009г
- 9 Журнал сказок. №6 2007г, №2 2009г, №4,9 2010г, № 7,8 2013г.

#### ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ «ЕҢБЕК» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

МҰХАМЕТЖАН А.

6 «ә»-сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты

ҚАЙРАТ А. Қ.

ғылыми жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда әрбір қазақстандық үш тілді тең дәрежеде меңгере алуы қажет деп міндеттелінген Елбасының сөзі арқау болғандықтан, біз үшін қазақ, орыс, ағылшын тілдері фразеологизмдеріндегі «еңбек» ұғымының ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, оны көпшілікке ұсыну маңызды болды. Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. ЮНЕСКО ХХІ ғасырды «полилингвизм ғасыры» деп атады. Осы күнгі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. Отандық және әлемдік тіл мамандары арасында пікірталас туғызған, олардың қай салаға қатыстылығы жөнінде айтылған тұжырымдарды атай кеткен



жөн. Мысалы, фразеология саласының қалыптасуына, дамуына өзіндік үлес қосқан В.В.Виноградов, Н.М.Шанский, В.Н.Телия, М.Чернышева, М.М.Копыленко, И.В.Арнольд, А.В.Кунин, І.Кенесбаев, Ә.Т.Қайдар, Б.Манасбаев т.б. сынды ғалымдар мақал-мәтелдерді фразеология саласының еншісіне тиесілі деген ғылыми негіздемелер ұсынады. Дәлірек айтсақ, орыс тіл білімінде бұл салада көп еңбек жазған – В.В.Виноградов. Ғалым фразеологиялық орамдарды фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тіркес деп үшке бөлген. В.В.Виноградов фразеологиялық единицаларды бүтіндей фразеологизмнің біртұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарлары мағыналарының арақатысы тұрғысынан топтастырған. Қазақ тіл білімінде де осы классификацияны бірден-бір арқау етеді. Ал Н.М.Шанский «Лексикология современного русского языка» деген еңбегінде академик В.Виноградовтың жүйесіне төртінші етіп фразеологиялық түсінік (фразеологическое выражение) дегенді қосады. Сонымен, Н.М.Шанский фразеологиялық орамға жататын тілдік тұлғалардың аясын кеңейте түсіп, оған кейбір термин сөздер мен мақал-мәтелдерді де кіргізеді. Ағылшын тілінің фразеологиясына қатысты кешенді зерттеулер мен дәйекті тұжырым-пайымдауларымен танымал А.В.Кунин де жоғарыда аталған тұрақты тұлғалардың құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін негізге ала отырып, оларды «коммуникативтік фразеологиялық бірліктер» деп атап, жеке қарауды ұсынады [3, 65]. Сондай-ақ автор құрамындағы сыңарлары тура мағыналы болып келетін мақалдар тобын, яғни «all is well, that ends well» (сөзбе-сөз ауд: сәтті аяқталған істің бәрі жақсы), «Better late than never» (сөзбе-сөз ауд: ештен кеш жақсы) тәрізді оралымдарды фразеологиядан тыс, «фразеологиялық емес тұрақты құрылымдар» аясында қарастырды.

Академик В.В.Виноградовта фразеологиялық тізбектер (фразеологические единства) кейде метафоралық тұрақты орамдар (метафорические устойчивые обороты) деп те аталады. Тағы бір жерде бұлар идиомдар болып, оның құрамына мақал-мәтелдер, тұрмыстық қосарлы аттар (составные бытовые названия), қанатты сөздер, үзінді цитаттар, кішіпейілдік формулалар (формула вежливости) т.б. еніп кеткен. Сөз тіркесі түріндегі фразеологияның объектісін таныту үшін, кейбір зерттеушілер «фразема» деген термин қолданып жүр. Бұл термин «лексема», «морфема», «семема» деген атаулармен сәйкес әрі ұйқас. Жобада академик В.В.Виноградов жіктемесін Н.М.Шанский дамытқан пікірге сүйене

отырып, фразеологизмдерге кең мағынада мақал-мәтелдерді кірістіріп талдау жүргіздік.

«Концепт» термині (латынша: conceptus – «ой», «ұғым», «түсінік») пәнаралық немесе Е.С. Кубрякованың анықтамасы бойынша «қолшатырлық» қызмет атқарады, яғни ой мен таным мәселелерімен айналысатын, ақпараттарды өңдеп сақтайтын бірнеше ғылыми бағыттардың пәндік саласын «қалқалаушы» болып табылады. «Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде» оған былайша анықтама беріледі: «концепт ұғымы адамның ойлау үдерісінде пайдаланатын ой туралы түсінігінің және білімі мен тәжірибесі бейнеленетін, әлемді танудағы бүкіладамзаттық әрекеттердің нәтижесіне жауап беретін білім қоры». Қазіргі тіл біліміндегі «концепт» терминіне бір ғана мағынада түсінік берілмейді. Лингвомәдени (Н.Д.Арутюнова, Т.В.Булыгина, С.Г.Воркачев, В.В.Колесов, Ю.С.Степанов және т.б.) және психолингвистикалық (Н.И.Жинкин, А.А.Залевская, Е.С.Кубрякова, З.Д.Попова, И.А.Стернин және т.б.) зерттеулерге сүйене отырып, біз «концепт» деп шындықтың белгілі бір үзгі туралы ұғым мен түсініктер жүйесін бейнелейтін ментальдық-когнитивтік құрылымды айтамыз. Концепт деп тілдік оралымдарды да түсінуге болады. Концепт паремиялық топтарды біріктіруші болып та қызмет атқара алады.

Концептіге ұғым енгенімен, ол ұғыммен ғана шектеліп қалмайды, сөзге қатысты барлық ақпараттарды қамтып отырады. Сонымен бірге концептінің көрінісі сөз тіркесінде, түрлі дискурстарда, тұрақты тіркестерде, мәтіндерде жүзеге асады. «Еңбек» концептісінің тілдік негізін еңбектің күшті қажет ететін әрекет ретіндегі мағынасы құрайды. Дәл осы мағына «еңбек», «жұмыс», «іс» сияқты сөздерде кездескенімен, осылардың ішінде «еңбек» лексемасы доминант болып табылады.

Санадағы таным бірлігі ретіндегі концептілердің басым бөлігінің қарама-қарсы екі жағы болады, оң және теріс. Яғни таным бірлігі туралы білімдер жүйесі адам санасында оң және теріс бағаланады. Алайда олардың ішінде тек қана біржақты бағаланатындары да кездеседі. Жалпы «еңбек» концептісінің қазақ этнотілдік ұжымындағы бейнесі тек қана оң бағалы білімдер жүйесінен құралатыны анықталып отыр. Мәселен, орыс тілінде бұл концептінің оң бағалаушылық белгілерімен бірге теріс бағалаушылық жағын құрайтын тілдік бірліктер де бар: «Работа не волк, в лес не убежит; Работа не черт, в воду не уйдет; Дело

не малина, в лето не опадет; Что дело, дело не сокол – не улетит; Дело не голуби, не разлетятся; Дело не медведь, в лес не уйдет; Ал, ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді де шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1) Оң бағалауыштық: break your back doing smth to do smth, turn your hand to smth, work your fingers to the bone, keep your head down, keep your nose to the grindstone, roll up your sleeves, sweat blood, work yourself to death, keen as mustard;

2) Теріс бағалауыштық: drag your feet, not do a hand's turn, not do a stroke, swing the lead, twiddle your thumbs, do smth willy-nilly. Байқағанымыздай, еңбектің өзі емес, еңбек ету үдерісі осындай сипатқа ие болған.

Қазақ тілінде еңбекке қатысты тек оң қатынасты білдіретін бірліктер молынан, ал теріс қатынастағы бірліктер жоқ екенін: Еңбегі аздың өнбегі аз; Ұстаның бізі сүйкімді, Жақсының сөзі сүйкімді; Ұстаның өрісі көрігінен төсіне дейін; Алтын менен күмісті зергер үшін жаратқан. Арқар менен құлжаны мерген үшін жаратқан; Шебердің инесі де алтын, соққан күймесі де алтын; Шеберді саусағы асырайды; Қойшыны таяғы асырайды, Қасқырды аяғы асырайды; деген сияқты мысалдардан айқын байқауға болады. Еңбек – тіршіліктің қайнар көзі, өмір сүру тәсілі. Ал кәсіп болса еңбекке негізделген. Адам еңбек құралдарын үздіксіз жетілдіре отырып, тынымсыз еңбек етудің нәтижесінде қазіргі кездегі жетістіктерге жеткен.

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Еңбек етсең еленерсің, қызығына бөлжерсің.	Кто любит труд, того люди чтут.	All work and no play makes Jack a dull boy.
Қыс арбанды сайла, жаз шанаңды сайла.	Готовь сани летом, а телегу – зимой.	After dinner comes the reeoning.

Жоғарыда берілген үш тілдегі мақал-мәтелдердің мағыналары бірыңғай болғанымен, лексика-грамматикалық құрылымы сәйкес келмейтінін анық білдіреді. Тағы да бір айырмашылығы, ағылшын тіліндегі айтылған мақал орфографиялық тұрғыдан қысқа болып беріліп, екі мағынасы үтірмен белгіленсе, ал қазақ тілінде, керісінше, яғни мақалдың екінші сөйлемі үлкен әріппен жазылады.

«Еңбек» концептісі тірек болып табылатын мақал-мәтелдерді талдау барысында олардың мынадай концептуалдық белгілерінің бар екендігіне көз жеткіздік:

1. Еңбектің адам өміріндегі орны  
«Ер еңбегімен танылар» (Ерді еңбек жеткізер; Ердің атын еңбек шығарар; Еңбегіннен ел таныр; Еңбек – ердің көркі, Ер – елдің көркі; Ер еңбегімен озады, еріншек езілумен тозады).

«Қиналып еңбек етсең, жемісін жейсің» (Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар; Жан қиналмай жұмыс бітпес, Талап қылмай мұратқа жетпес; Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді; )

2. Адам өміріндегі еңбектің нәтижесі

«Еңбек өз жемісін әкеледі» (Еңбек етсең – емерсің; Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды; Бейнет, бейнет түбі – зейнет; Рақаттың түбі – кеңіс, еңбектің түбі – жеміс; Берген – алар, еккен – орап; Ексең егін, ішерсің тегін).

3. Еңбекқор мен еріншек

«Еңбекқордың белгісі» (Ерінбеген етікші болады; Бал ұстаған бармағын жалайды).

«Еріншектің белгісі» (Еріншекке бүгіннен ертең оңай; Дарақының күлкісі қанбас, еріншектің ұйқысы қанбас;)

Ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қалыптасуына ағылшын, орыс және қазақ ғұрыптарының тарихи, рухани және материалдық мәдени дәстүрлері негізгі себеп болған деп тұжырымдаймыз.

«Еңбек» концептісіне қатысты мақалдарды шартты түрде 3 топқа бөліп қарастырдық.

### 1. Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығы

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Еңбек етсең ерінбей, толды қарның тілгенбей. Еңбексіз рахат келмес, машакатсыз бақыт келмес.	На nive потей, в клети молись, с голоду не помрешь. Хочешь есть калачи, так не сиди на печи!. На бога уповай, а без дела не бывай.	No song, no supper.

### 2. «Еңбек» концептісінің адам мінезіне қарай берілуі

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Жалқаулық – жаман ауру. Еңбек адамды бүтіндейді. Жалқаулық адамды түтіп жейді.	Труд человека кормит, а лень портит. Ранняя птичка носок прочищает, а поздняя глаза продирает. Где работно там и густо, а в ленивом дому пусто. Что нарядёшь, то и протрясёшь.	An idle brain is the devil's workshop.

## 3. Адамның ақыл-ой қабілетіне, жағдай-күйі

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Сөзіне қарама, ісіне қара. Ердің атын еңбек шығарады. Ұстанын жұмысы ісінен көрінеді.	Всех работ не переработашь. Легко пришло, легко и ушло. Видно мастера по работе. Не по словам судят, а по делам.	Easy come, easy gone. Actions speak louder than words. Such carpenters, such chips.

Келтірілген мақалдар адамды еңбегіне қарап бағалайтындығын байқатады.

Қорыта келе, тіл-тілдегі мақалдар сол ұлттың мәдениеті мен өнерінен, салты мен дәстүрінен, дүниетанымынан хабар береді. Мұндай семантикалық топтарға жіктеу жобамыздың өзектілігін айқындай түсері анық. Көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге, сөзбе-сөз аударылады. Бұған идиомнан гөрі, әсіресе, мақал-мәтел мен қанатты сөздер бейім келеді. Мысалы: Ни рыба, ни мясо – ет те емес, балық та емес. Как две капли воды – екі тамшы судай. т.б. Үш тілдегі мақал-мәтелдер құрылысы жағынан сырттай ұқсас болып келгенмен, олардың мазмұнды түйіндеуінде, ойды шешуінде өзіндік ерекшелігі байқалады. Мақалдарда бір-біріне сай қарама-қайшы ұғымдар мен нәрселерді салыстырып, шендестіру арқылы ой-пікірді айқындау тәсілі басым болып келеді. Мысалы: Еңбек түбі – бейнет, Бейнет түбі – зейнет; Business before pleasure. Жылай-жылай жер қазсаң, Күле-күле су ішерсің; No sweet with out some sweat.

Мақал-мәтелдерден біз белгілі бір халықтың этнос болмысын, оның рухани-заттық мәдениетін, дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімін, т.б. байқаймыз.

Қазақ мақал-мәтелдері мал шаруашылығына, саятшылық-күс баптауға, кей кездері егіншілікке байланысты болса, ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерінің көп бөлігі бағбаншылық саласын қамтиды. Ал, ағылшын халқы еңбексүйгіштікті құстардың мейірімділігімен теңдестіреді. Мысалы, A busy bee has no time for sorrow. [Трудолюбивой пчелке некогда грустить]; As busy as a bee [трудолюбивый как пчела]; No bees, no honey [Без пчел не получишь меда]; The early bird catches the worm [ранняя птичка носок прочищает]. Похожие значения реализуют английские поговорки представляющие образ бобра, например: an eager beaver; to be as busy as a beaver [трудолюбивый как бобёр].

Орыс халқы мен ағылшын халқының «еңбек» концептісін аң-күс, жануарлармен беруінде ұқсастықтар бар. Мысалы: Early bird catches the worm. Не велика птица - синица, да умница. Екі

халықтың да құстардың мейірімділік пен тазалық, еңбекқорлық секілді қасиеттерін жоғары бағалайтындықтарын байқаймыз. Орыс халқында еңбекқорлық көбіне құмырсқа, есек бейнесінде суреттеледі. Мәселен: Муравей не велик, а горы копают.

Ағылшын ауыз әдебиетінде көп кездесетін кейіпкерлер мақал-мәтелдерден де өз орындарын тапқан.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат негізінде мынадай тұжырымға келдік: қазақ, орыс, ағылшын фразеологизмдерінде (мақал-мәтелдерінде) еңбек адамды ажарландырып қана қоймай, адамның әлеуметтік өмірдегі тұтас бір бөлшегі екенін байқадық; үш тілдің де мақал-мәтелдерінде ұқсастықтары мен айырмашылықтары болғанмен, ұлттық мінез, дүниетанымдары өзгеше. Мақалдарды, тұрақты тіркестерді бірнеше тілде білу өзімізге де пайдалы. Тегінде, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер – қай халықтың болсын жан дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тіршілігінің айнасы; ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймай, құнын артырары сөзсіз. Қорыта айтқанда, қазақ, орыс, ағылшын тұрақты тіркес, мақал-мәтелдеріндегі «еңбек» концептісі жалпы адами құндылықты білдіріп, еңбекке деген көзқарас арқылы адамзаттың қоғамдағы орнын айқындайды. Паремиялардан еріншек адамның «құр кеуде» екендігін, яғни «Кісінің көркі – еңбекте» деген астарлы ойды ұғасыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Лингвистический энциклопедический словарь, Москва, 1990.
- 2 Т.Ж.Мықтыбаева «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы» Алматы, 2005. 10.02.20. автореферат.
- 3 Кунин А.В. Фразеология современного английского языка. - Москва: Издательство «Международные отношения», 1972. Попова З.Д., Стернин И.А. Язык и национальная картина мира. Воронеж: Истоки, 2002.
- 4 Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка . Москва, 1972.
- 5 Балақаев М., Қордабаев Қ. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Алматы, 1971.

## АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ – АСЫЛ ҚАЗЫНА

НУРГАЛИЕВА Ж. Б., АМАНГЕЛДІ Ж. Р.

5 Ә, 5А сынып оқушылары, № 26 мектеп – гимназиясы, Екібастұз к.

ҚАЛИЕВА А. С.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Мұндай ғажайып түйінді ойды Абай Құнанбаевқа дейін кім жазды? Ал, Абай атамыздан кейін кім жазды екен? Бұл -біздің Абай атамыздың өлеңі, өнер үшін, өлең құдіреті үшін берген үлкен талғамы. Абай Құнанбаев-ақын, композитор, философ, ағартушы [1.47]. Ақынның әрбір жыры бүгінде халықтың жүрегінде, мәңгі өшпес, өзіндік сыры бар қазақтың қайталанбас сырлы өрнегінде. «Жүрекке қашалған сөз-мәңгілікке суарылған сөз», -деген ғалым Қадыр Жүсіп. «Алмас жыр» атты еңбегінде [6.58].

Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Өнердің ең асылы-сөз» деген екен [3.91]. Асыл дегеніміз қымбат дүние. Абай атамыздың әр өлең жолы мен үшін асыл қазына, терең мағыналы ой, философия:

Өзгеге, көңілім, тоярсың,

Өлеңді қайтіп қоярсың?

Оны айтқанда толғанып,

Іштегі дертті жоярсың. [2.119]?

Ал философия деген не?

Оның анықтамасына тоқталсақ, былай болады: «Философия- қоғамдық сананың бір формасы-табиғаттың, қоғам мен ойланудың даму барысындағы неғұрлым жалпы заңдылықтар жайындағы ғылым» [5.703]. Ал ғалым Т.Рысқалиев: «Философияның даналықтан туатын, даналықпен тығыз байланысты тағы бір қыры, тағы бір анықтамасы түсінік», -дейді [5. 8].

Абай Құнанбаев шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде, 1920-1930 жылдарда ақынның идеялық мұрасы әр түрлі пікірде болды. Көрнекті мәдениет қайраткерлері мен ғалымдар: М. О. Әуезов, С.Мұқанов, Қ. Жұбанов, С. Садуақасов, І.Жансүгіров Абайдың ақындық мұрасына арнайы мақалалар жазды. Әр түрлі көзқарасқа қарамастан С. Мұқанов: «Абайдың әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, солай болғандықтан да

қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі», - деп жазды.

Абай Құнанбаев көптеген орыс жазушылары мен философтарының, атап айтқанда А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.А. Крыловтың, В.Г. Белинскийдің,

А.И. Герценнің, Н.Г. Чернышевскийдің, Н.А. Добролюбовтың шығармаларын оқып, зерттеді. Орыс демократтарының ойы мен дүниетанымының ақынның қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар, ойшыл- ақын ежелгі заман философтары Сократ, Платон, Аристотель және Шығыстың көрнекті ойшылы әл-Фараби еңбектерімен танысты. М.Әуезов: «Абай Құнанбаев Батыс Европа философиясын, дәлірек айтқанда Р. Декарт,

Б. Спиноза, Г. Спенсер, Л. Феиербах еңбектерін оқыды, өзінің философиясын кездейсоқ жасай салған жоқ», -деген пікір білдірді.

Абай Құнанбаевтың идеялық мұрасы қазақтың қоғамдық ойы мен мәдениетінің даму тарихын жаңа бір деңгейге көтерді. Ақынның өлеңдері өз дәуірі үшін философия саласында қазақ халқының қоғамдық ойының жаңа пікірлер ұсынғандығы болып табылады.

Абай Құнанбаевтың философиялық ойы. Абай Құнанбаевтың көптеген өлеңдерінде терең философиялық ой табиғатқа, болмысқа көзқарасы, таным, ақыл, сана көрініс тапқан. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңінде:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып, ойнап-күлмес.

«Мені» мен «менікінің» айрылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

- десе, 1897 жылы жазылған. «Көк тұман - алдындағы келер заман» өлеңінде:

Соның бірі-арнаулы таусыншақ күн,

Арғысын бір-ақ алла біледі рас.

Ақыл мен жан-мен өзім, тән менікі,

«Мені» мен «менікінің» мағынасы-екі.

«Мені» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі, -деген жолдардан ақынның адам және адамзат туралы терең мағыналы ой түйіндегенін байқаймыз. «Мен» мен «менікінің» ара қатынасы ертеден әр түрлі діндер

мен философиялық жүйелерде қарастырылып жүрген өте көне философиялық мәселелердің бірі. Абай философиясының өзекті мәселесі - адам, кісілік мәселе болғандықтан, Абай Құнанбаев «Мен», «менікінің» деген қарым-қатынасқа философиялық талдау жасайды, түсінік береді. «Мен» -жан болып табылса, «менікі»- тән адам денесі. Руханилық адам бойындағы адамилыққа байланысты болса, материалдық дүние-пендешілікке тән. Сондықтан Абай «менікі» өлсе өлсін, оған қайғырма, өзінің өзінен кейінгі ұрпаққа қандай рухани мұра қалдыра алатындығыңды ойлан, бір сөзбен айтқанда пенде емес, азамат адам бол деп үйретеді.

Ақынның өлеңдерінде өмірдің сан қырлы жақтары түрлі тақырып төңірегінде өрбиді.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бұл сөзді тасыр ұқпас талапты ұғар,  
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін, -

деп көкірегі сезімді жастарға сөз өнерінің құдіреттілігін ұғар, сезер деген түйін жасайды.

Абай Құнанбаев:

Өткірдің жүзі  
Кестенің бізі,  
Өрнегін сендей сала алмас.

Білгенге маржан,  
Білмеске арзан

Надандар бәһра ала аламас, - деген толғауында өлеңге талаппен қарау керектігі жөнінде әсерлі, үлкен талғампаздық ой салады.

Ал ақынның:

Мақсұтым-тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Надандық көңілін қойып көзін ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуле баста-ақ, - деген жолдарынан өскелең жас ұрпаққа үлгі тұтар ғибратты, тәлімі мол, терең ойшылдыққа жол көрсеткендей өнегесін аңғарамыз.

Абай Құнанбаев айтқан философия мәселесін түсінік деп қарастырсақ, адамның бұл дүниені, яғни қоршаған ортаны, өзінің ата-тегін, өзін түсінуі-бәрі үлкен таным деуге болады. Жалпы даналық түсінік деген ой қазақ дүниетанымында ауыз әдебиеті үлгісінен бастау алып, ғылымда «Орхон -Енесей жазулары» деп аталатын

көне түркі жазуымен тасқа қашалып жазылды, жыраулар поэзиясы Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз жырау жырымен жалғасып, Бұқар жырау, Көтеш ақын, Абай, Ыбырай атамыз сынды дара да дана ақындарымыздың өрнекті ойымен биікке шарықтады.

Ақын 1886 жылы жазған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге,-

деп жастарды «Ғылым» атты ғажайып түсінікті меңгеруге шақырған.Ғалымдық жолға түсу үшін нені өз бойына жақын ұстау керектігіне тоқталып:

Ғалым болмай немеңе,  
Балалықты қисаңыз?  
Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз.  
Сізге ғылым кім берер,  
Жанбай жатып сөңсеңіз?  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл берсеңіз,-

деп ғылым жолына түскен жастарға ерекше көзқараста болу керектігі жөнінде түйін жасайды. Бұл Абай Құнанбаевтың өз атынан жазған алғашқы өлеңдерінің бірі. Олай болса, ақындық жолға түскен Абай атамыздың алғашқы ойы мәдениет, ғылым, білім арқылы сөз өнерінің асқақ биіктігін байқата білді деуге болады.

Абай Құнанбаевтың әр өлеңі бір ғылым деп айтсақ артық болмас, өйткені ақын өлеңі түрлі тақырыпта терең жазылған, ұшқыр ойлы келеді:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.  
немесе:

Жаздыгүн шілде болғанда,  
Көкорай шалғын, бәйшешек,  
Ұзарып өсіп толғанда;  
Күркіреп жатқан өзенге,  
Көшіп ауыл қонғанда.



Ақын өлеңдері өмір сүру жағдайына, халықтың тұрмыс-тіршілігіне сай табиғаттың сәнді көрінісіндей мөлдір, ал ой тізбегі жарасымды көрініс береді. Осылайша, Абай Құнанбаевтың жырларын сөз өнері, ғылым, өмір философиясы деп бірнеше тақырыпқа бөліп қарастыруға болады.

Абай Құнанбаевтың философиялық ойының негізгі бір ерекшелігі адам мәселесін философияның негізгі мәселесі ретінде қалыптастырады. Хәкім Абай адамды жаратқан Құдай болғандықтан, адамның бойындағы адамдық табиғатпен емес, Аллаға деген сеніммен, махаббатпен анықталады. Адам мен кісі мәселесін жан-жақты қарастыру арқылы ақын жетілген адам тұжырымын жасады.

Қытайлық ойшыл Конфуций өзінің философиялық ойын «Жақсы адам парыз туралы ойласа, жаман адам өзінің пайдасын ойлайды» деген, ал Абай атамыздың пенде туралы ойы Конфуций ойымен сабақтасады. Ақын адам мәселесі бойынша өзінің ой – толғаныстарын діни эстетикалық жақтармен толықтырады:

Адамның кейбір кездері  
Көңілде алаң басылса;  
Тәңірінің берген өнері  
Көк бұлыттан ашылса [2.6].

Немесе:

Алла ішінді айтқызбай біледі ойла,  
Пендесіне қастықпен кінә қойма.  
Распенен таласпа мумин болсаң,  
Ойла, айттым, адамдық атын жойма! - дейді.

Абай Құнанбаев шығармашылығында «рас» - болмыс деген мағынаны білдіреді. «Рас» не деген сұраққа Абай: ол Алланың өзі және сөзі деп жауап береді. Алла-шындық. Шындықты мойындау. Алланы мойындау деген сөз. Абайдың «распен таласпа...» деуі. Алла сөзіне күмәнданба деген мағынаны береді және де Алла жолына түскен адам ғана адамдықты жоймайды, себебі адамилық Алла мен адамның ара қатынасынан туатын қасиет.

Алла шексіз, оны танып білуге ұмтылған адам өзін-өзі шексіз жетілдіріп отыру керек. Алланы тануы- адамның өзін-өзі тануы. Абай үшін нағыз мұсылман болу-адамның адамдық атын жоймаумен тең.

Абай Құнанбаев жан-жақты жетілген адамды «Махаббат философиясымен» байланыстырады. Алланы сүюге шақырғанда адамның өзін-өзі танып, тазару мақсаты тұрғысынан айтады.

Ақын махаббатты адамды жарамсыз қылықтарынан арылтатын, тазартатын күш деп қарайды. Сонымен, Абай Құнанбаевтың философиясы- адам, адамдық, кісілік сияқты өзекті мәселеге негізделген. Ақын өз халқының бойына адамилық тәрбиені дарыту мақсатында түрлі ой-толғанысын жазған.

Жас қартаймақ, жоқ тұмақ, туған өлмек,

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.

Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек [2.46], - деп адам өмірі уақытша екенін ескертеді.

Абай Құнанбаевтың өлеңдері өмірдің сан қырлы жақтарын түрлі тақырып төңірегінде жазған. Ақынның кейінгі ұрпаққа қалдырған терең ойлы мұрасы – ғажайып дүние. Әр түрлі тақырыптағы өлеңі – асыл қазына. Ақынның өлеңдерін оқи отырып, ой қорытамыз, түсінеміз. Абай атамыздың өнегесінен ғибрат аламыз. Адам баласы мәңгілік өмір сүру үшін шапағатты іс істеп, соңына мұра қалдыру керек. Ол -ғылым,оқу.

Көрнекті жазушы М.Әуезов: «Абай кешкен өмірді, Абай қалдырған мұраны тану, зерттеу керек дегенді бәріміз де түсіндік,»- дейді [4.254]. Олай болса , Абай атамыздың өлеңдері біздің заманымызға жеткен асыл мұра, үлгі-өнеге. Ақынның нақылға толы ой тұжырымын әр қырынан түсіну, зерделеу-біздің парызы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абай. Энциклопедия. (бас.ред. Р.Н.Нұрғалиев, ред, алқасы: З.Ахметов.) Алматы. «Атамұра» баспасы, 1995-720 бет.

2 Абай Құнанбайұлы, өлеңдерін, поэмаларын,аудармалар, қара сөздер. Құрастырушы Г.Бельгер-Алматы: Мектеп,2003-248 бет.

3 Ақылдың кені. Құрастырған Қ.Жарықбаев-Алматы: Қазақстан, 1991-256 бет

4 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев)-Алматы «Санат» 1995-320 бет.

5 Ежелгі көшпенділер дүниетанымы. Жиырма томдық. I том. Астана: Аударам 2005-496 бет.

6 Қадыр Жүсіп. Алмас жыр. Атырау 2003-130 бет.

7 Қазақ тілінің сөздігі. Жалпы ред. Басқарған Т.Жанұзақов.- Алматы: Дайк-Персс, 1999-776 бет.

8 Ғарифолла Есімов Хәкім Абай: (даналық дүниетанымы)- Алматы: Атамұра-Қазақстан,1994.-200 бет.

## Ә. НҮРПЕЙІСОВТІҢ «ҚАН МЕН ТЕР» РОМАНЫНДАҒЫ ДИСФЕМИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

ОРАЗҒАЛИЕВА А. С., ЖАҒЫПАРОВА Ж. С.  
10-сынып оқушылары, №47 орта мектебі  
ҚАДЫРОВА Е. Қ., ТӨРЕБЕКОВА І. Қ.  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері,  
“№47 жалпы орта білім беретін мектеп” КММ, Семей қ.

Дисфемизм немесе какофемизм — ауыс мағынаның бір түрі. Дисфемизм латын тілінде *dis* - қарама-қарсылық не болымсыздық мағына тудыратын қосымша, *phemi* грек тілінде айтамын деген мағынаны білдіреді. Дисфемизмде қалыпты қолданылатын зат, құбылыс атауларын неғұрлым дөрекі, тұрпайы сөздермен ауыстырып айтады. Ол мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Дисфемизм кемсіту, қорлау, жаратпау ұғымын тудырады. Мысалы: боқ мұрын бала, боктан өзгені сөз қылу, боғымен жасты баламен ойнады, боғын пышақтады, қолынан боқ келмейді, боққа татымайды, боғы ботқа, т.б. Қазақ тілінде бір сөзге қатысты көптеген дисфемизмдер бар. Бұларды белгілі контексте жөнімен дұрыс қолданылған сөздердің орнын бұрыс сөздермен алмастырып айтуға болады. Дисфемизм терминін 1927 жылы француз психологы А. Корнуа енгізген болатын.

Дисфемизмдер әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. Бұлар көбінесе көркем шығармада ауызекі тілдің сөйлеу үлгісі ретінде кейіпкерлердің тілінде ұшарасады. Сол арқылы әр жазушы өзінің қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасайды.

Күнделікті қарым-қатынаста мағынасы жағымсыз тұрпайы сөздерді жағымды сыпайы сөздермен алмастырып қолданатындығымыз сияқты тілде әдепті сөзді әдепсіз, дөрекі сөздермен де ауыстырып айта беру әдеті болады. Мұндай құбылысты тіл білімінде дисфемизм немесе какофемизм деп атайды.

Белгілі контексте жөнімен дұрыс жұмсалған сөзді мағынасы неғұрлым дөрекілеу сөзбен алмастыру — сөзді ауыспалы мағынада қолданудың бір жолы. Дисфемизм сан қилы жағымсыз эмоциялық мән тудырады.

Қоғам өмірінің қыр-сыры өте көп. Жылы сөз айтып, біреудің көңілін көтеруге болатындығы сияқты қатты сөз айтып, біреудің намысына тиіп, ренжітуге де болады. Осының бәрі тілдегі сөздердің күдіретті күшін танытады. “Басқа пәле — тілден”, “Тіл тас жарады,

тас жармаса бас жарады” дегенде халық сөздің қоғамдық мәнін, қадір-қасиетіне жете отырып айтқан [1, 9 б.].

Герольд Бельгер: “Қазақ даласындағы бір аяулы есім — Әбдіжәміл Нұрпейісов. Франция, Германия, Бельгия, Испания, Болгария, Словакия, Қытай және Ресей жазушылары мен сыншыларының пікірі бір жерде тоғысады — “Қан мен тер” трилогиясы мен “Соңғы парыз” дилогиясының авторы ірі суреткер, мэтр, әлем әдебиетіндегі елеулі құбылыс дегенге саяды” деп XX ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері Әбдіжәміл Нұрпейісовке баға береді.

«Қан мен тер» трилогиясы — ел, халық, оның әлеуметтік тағдыры туралы шығарма. Уақыты өзгергенімен, заманалық зәрулігі өзгермейтін туынды. «Қан мен тер» трилогиясын құрайтын «Ымырт» (1961), «Сергелден» (1964), «Күйреу» (1970) романдарынан, атының өзінен-ақ байқалып тұрғандай, төбеден жарқырап тұрған күнді аз кезіктіреміз.

Шығармада «О көк тігілгір, о қара байланғыр, құрғырлар-ау, қатынжанды, ит, бейшараны, адыра қалсын» деген дисфемизмдерді қолданғандығы сол кездегі өмір шындығынан бір көрініс береді.

Дисфемизмді қолдану арқылы жазушы кейіпкердің шынайы бейнесін жасайды. Бұл дисфемизмдер шығармада қолданылу жағдайы түсінікті, алайда қазіргі уақытта сол дисфемизмді күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолдану жиі байқалады.

Мысалы, мүсәпір сөзін алатын болса, бүгінгі күнде қазақтар қолданып жүрген мағынасы — жоқшылық зардабын көп тартқан, бейшара, қарып-қасер, сорлы; қайыршы. «...мүсәпір шалдың алдына аударса салып, жүріп кетеді» (А. Жұбанов). Сөздің шыққан тегі араб тілі мусафыр — 1) саяхатшы; 2) жолаушы; 3) қонақ. Араб тілінің өзінде бұл оның алғашқы мағынасы емес. Бұл жерде сөздің мағынасымен бірге дыбыстық құрамына да өзгеріс кірген. Сөз түбірі «сафар» жол, жорық, саяхат мағыналарында қолданылады. Осы түбірдің алдына сол тілге тән -мү қосымшасы қосылып, «мүсәпір» туынды сөзі пайда болған. Қазіргі тілімізде «сафар» сөзі «сапар» қалпында дыбысталаып «жол, жолға шығу» мағыналарында да, адам аты қалпында да қолданылатынын білеміз. Сөйтіп, тілімізде «мүсәпір» сөзінің шамадан тыс мағына өзгерісіне түскендігі байқалады.

Әумесер — қазіргі түсінігімізде алаңғасарланып не болса соған ұрынғыш, әулекі адам. «Бұл өзі сыпайы, биязы жігіт деп жүрсек, әумесер, содыр ма, қалай...» (3. Шашкин). Тұлғасы әрі мағынасы

жағынан жақын, жуық сөзді парсы тілінен кездестіреміз: оубаш — есерсок, бұзық. Бұл сөздің түркі тілдеріне ауыса қалғанда дыбыстық өзгеріске түсуі қиынға соқпайды: оубаш => аубас => аумас => аумес + ер => әумесер. Бірақ оның өзгеріске бейімділігіне сүйеніп, төркіні парсы тілінен деуге түркі тілдерінің кейбір тілдік деректері ырық бермейді. Қырғыз тілінде «оома» сөзінің бір мағынасы — тұрақсыз, ықпалға тез берілуші дегенді білдіреді. Қазақ тілінде дәл осы мағынадағы сөз «аумалы» қалпында айтылатыны мәлім. Егер біз ертеректегі бұл сөздің түбірі қырғыз тіліндегіге жуық десек, «оома» қазақ тілінде «аума» тұлғасына дейін өзгерері даусыз. Соңғы тұлғаға тілімізде күнде қолданылып жүрген «есер» сөзін тіркесек «әумесер»-дің қалай пайда болғанын анықтау қиын емес: аума + есер => әуме + есер => әумеесер => әумесер. «Есер» сөзі түркі тілдеріне ертеден тән екендігін де ескерткен жөн. Көрсетілген деректерді еске ала келіп, парсы тіліндегі «оубаш» тіліміздегі «әумесердің», оларға ауысқаннан кейінгі қысқара қабылданған тұлғасы болар деген жорамалға жол бермекпіз.

Тесік өкпе деп қиыншылықты көп көрген адам, кедей кісіні айтады.

Байғұс сөзінің қазіргі мағынасы — бишара, бақытсыз сияқтыларды ұғындыратыны мәлім. «Кімге батар ол байғұс тартқан күйік» (Абай). Сөз төркіні парсы тілі. Онда: биһуш — санасыз, сезімсіз мағынасын береді, Иран тіліндегі түбір — нуш. Ал «би» түбір алдында келетін, біздегі «-сыз, -сіз» қосымшасы орнына жүретін буын, «Байғұс» сөзін қазақша айтсақ — санасыз, сезімсіз болмақ [2, 115 б.].

Қазір «қатын» сөзі дәрекі, әрі басынғандық түрінде естіледі. Күйеуге шыққан қыздарды қазақтарда қатын дейді. Бірақ көбіміз бұл сөзді теріс түсінеміз. «Қатын» байырғы қазақ тілінде «құтым» (бағым, ырысым) деген мағынаны берген. Уақыт өте келе дыбыстардың ассимиляциялануы барысында «құтым» сөзі «қатынға» ауысыпты. «Қатын» сөзі араб тілінде хатун “таң нұры”, ал парсы тілінде «қатун» - “түнгі ләззаты” деген мағынаны білдіреді екен. Осыдан 1500 жылдай бұрынғы ата-бабамыз Көктүріктердің сына жазуларында да «қатын» сөздері кездесіпті. «Қатын» сөзін қазіргі қазақшаға аударғанда «ханым» дегенді білдіреді екен. Түркі жазуларында оның мағынасы сондай. Тағы бір жерлерде «қатын» сөзінің төркіні ежелгі түркілер дәуірінен бастау алғаны жайлы, ерте көктемде гүлдейтін бәйшешек гүлінің хош иісін “хотун” деп, сол иіске әйел затын теңестіргендігі жайлы айтылыпты. «Қатынның» мағынасы дұрыс сияқты.

Ал, қазір «әйел» деген сөзді қолданады. Қазіргі уақытта «қатыннан» қашып, «әйел» сөзін ардақтап жүр. «Әйел» парсы тілінен алғанда «әйәл» “сайқал” деген мағына білдіреді. Қырғыз ағайындар қыздарына «Сайқал» деп те ат қояды екен.

Кенес Одағы орнап, коммунистер билікке келгеннен соң «қатын» деген сөзге қарғыс айтылды. «Бай-манаптардың қолданған сөзін қолданбаймыз, жаңа заман құрып, жаңа заман ойлап табамыз» деген советтердің жаңашылдығы қатынның орнын алмастыратын әйел сөзін қолданысқа енуіне ықпал жасады. Бұрынғы «қатын» сөзінің орнын «әйел» сөзі басты. Әйел деген сыпайы болғанмен, мағынасы сайқал деген ерсілеу сияқты.

Романда адамды «күшік, ит» деп кемсіткен жерін де байқауға болады.

– Ол ит жылатпай мал берушіме еді? Қолынан берді ме? (Ж.Аймауытов).

– Қора күзеті, көрінгенге обалар иттік сеңен қалған өнер, қу соқыр. Маған күлер артың жоғы - деді Бати тілін тартпай (О.Бөкей).

– Ө. ө, күшік ... Балажанын жаманын. Бесіктен белі шықпай жатып баланы қайтеді-ау бұл шірік неме (Д.Исабеков).

– Бажылдап төбетте келді ұмтылып. «Соғымға арнағаным еді» ... пәлен-түген еді деп қырады (Ж.Аймауытов).

– Ойпырмай, не дейді, не дейді мынау шошқа, мен бе екен кеңестің қасы (ұмтыла берді) (М.Әуезов).

Ит, күшік, төбет, шошқа -оңбағандық семасын, дүлдүл жылдамдық семасын беріп тұр. Ит, күшік, төбет, шошқа т.б. осындай эмоционалды сөздер арнайы сөздер тобына жатады. Қазақ тілінде күшік сөзі сонымен қатар еркелету мәнінде де кездеседі. Үй жануарлары тобы да көп семалы болып келеді. Бұлардың да қалпы денотатив компонентті экспрессив-бағалауыштық мағынадағы сөзге тең келеді.

Топас сөзі. Осы күнгі түсінігімізде бұл сөздің мағынасы — ой-өрісі нашар, надан, ақымақ, кеше. Сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасын осы күнгі түркі тілдерінен-ақ іздеп табуға болады. Хакас тілінде — «тоо» сөзі — біздің түсінігіміздегі «тындау, тіл алу», ал «тообас» тұлғасы — «еш нәрсемен санаспайтын, тындаусыз» мағыналарында жұмсалады. Ал тува тілінде «тоовазы»—тықдаусыз, «тоовас» — қайырымсыз, керенау мағыналарында қолданылады. Қайырымсыздық, тыңдамаушылықтың ақыры — надандық, ақымақтыққа әкеп соқтырады. Қазіргі біздің тіліміздегі «топас»— осы, соңғы мағынаны меншіктенген.

Қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасауда жазушы төмендегі дисфемизмдерді қолданған болатын:

- Итсиек;
- Сайтан;
- Бейбақ;
- Ақымақ;
- Қайыршы;
- Ашқарак;
- Зымиян;
- Сілемік;
- Шірік неме;
- Хайуан;
- Сұмырай;
- Залым;
- Заржак;
- Кәпір;
- Батшағар;
- Қаныпезер [3].

Демонология сөздер: албасты, дәу, диуана, дүлей, жалмауыз, көпір, көкпері, құбыжық, мыстан, перизат, періште, сайтан т.б. Мысалы: Дүрияның есінен ауысуына өзін ешқашан да кінәлі санап көрген жоқ. Сондықтанда жұмысты аяқсыз істей берген. Тек, сай сүйегін сырқыратар сөзі жаман албастының (О. Бөкей). Әлима ызалы. Күнде көріп жүрген Жақаңнан сонша құтың қашады. Ана келе жатқан дәудә көрген жан тәсілім етпесең жарар еді (Қ.Мұхамеджанов). Жалғыз немересін дүлей Омаштың суға тұншықтырып жатқаны елестетеді (Д.Исабеков). Өтірік өсек таратып, бізді келемеж қылып, бізді елге құбыжық қылып көрсетіп, осы күнгі істемей тұрғаны бар ма? (Б.Майлин). Албасты - өзәзіл, дәу-үлкендік, дүлей-ұр да жық, құбыжық-қорқыныштылық семасында қолданылып, бұның қалпы экспрессив-бағалауыштық мағынадағы сөзге тән келеді.

Әлеуметтік баға беруге байланысты қолданылатын эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтары. Сын есім сөздер зат есімнің орнына қолданылып, өзінің қандай да бір субъектіге бағасын білдіреді. Тілімізде мұндай сөздер сөйлемде қызмет жағынан зат есімдерге жатса, түбір негізі сын есімдерге жатады. Бір қызығы бұлар етістіктер сияқты жеке-жеке семаларға ажыратылады. Жинаған материалдарда «қу», «өтірікші», «сорлы»;

«дойыр», «қатыгез», «ақымақ», «жынды», «ұятсыз» т.б. семалар кездеседі. Солардың негізгілері секілді мына семаларды жатқызуға болады. «Қу» семасы: айлакер, алаяқ, залым, зәлім, зымиян, қу, суайт т.б. Мысалы: Бекмырза. Қырғызымның Алатауы, сені көрер күн бар ма? Уәлиге бәрібір. Атамекені осы жоқ болып кеткен алаяқ (Қ.Мұхамеджанов). Ит-ай, мұндай зәлім болар ма. Ол ойыңды іске асырмасың асыртпасын (О.Бөкей). «Сорла» семасы: байғұс, бейбақ, бейуаз, бейшара, жігерсіз, маубас, мөлжубас, пақыр, сүмелек, ынжық, т.б. Мысалы: Мен қалдым бейбақ болып бедеу күйімде, сен кеттің артыңа жалтақ-жалтақ қарап (О.Бөкей). Жұман момын адам: кісіден тіленбейді, кісіге жағынбайды, бес уақыт намаз оқып: «А құдай, беғргеніңе шүкір» деп, барға қанағат, жоққа сабыр ететін бір бейуаз (Ж.Аймауытов). «Дойыр, қатыгез» семасы: бейміт, дойыр, есерсоқ, жауыз, қанішер, қатыгез, содыр, тасбауыр т.б.: Қуып жетсе мына бейміттің оңдырмайтынын біліп шал да екеуінің соңынан жүгірді (Д.Исабеков). Бике (не қыларын білмей) О, қатыгез қатып қал ... Өз дегенің болмаса көнемісің (Ш.Хұсайынов).

Дисфемизм толықтай зерттелмеген. «Қан мен тер» романынан көптеген дисфемизмдерді байқауға болады. Қоғам өзгерісінен осы дисфемизмдер арқылы кейіпкердің шынайы болмысын танимыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы, 2004.
- 2 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы, 2005.
- 3 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Алматы: Жазушы, 1973

#### ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН ҰСТАЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

РАШИТОВА А.

10-сынып оқушысы, Максим Горький ЖОББ мектебі, Ертіс ауданы,

Иса Байзақов ауылы

АУБАКИРОВА Г. Т.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Ұлы Жеңіс оңайлықпен келмеді. Талай боздақтар Отан қорғау жолында қыршын кетті. Ана баласынан, жар сүйгенінен бала әкесінен айырылды. Соғыстың аты – соғыс. Ол – қатал. Онда мейірім, ізгілік деген болмайды. Соғыстың шығынсыз болмайтыны



да сондықтан. Максим Горький ауылдық кеңесінен (қазіргі Ертіс ауданының Иса Байзақов ауылдық округі) майданға жүздеген жас аттанып, Отан үшін жанын берді. Көбі майданда қаза болды. Сол сұрапыл жылдары асқан ерлігімен көзге түскен қазақтың қаһарман ұлдарының бірі – Қабыш Көктаев.



Біздің жерлесіміз Қабыш Көктаев 1922 жылы туған. 1940 жылы Максим Горький атындағы мектепте мұғалім болып жұмыс істеді.

Әкесі отыз екі жасында қайтыс болған. Қабыш ағамыз інісі екеуі жетім қалады. Жетімдіктің азабын тартқан ағамыз әкесінің туғаны Соңғыбай ағасына былай деп жазады:

Мен Қабыш сөз жазамын жетім бала,  
Ішіме жастай түсті қайғы сана.  
Жасы отыз екіде әкем өліп,  
Артында жетім қалдық екі бала.  
Жасым бар тоғызда жылым мешін,  
Өлімнің кім біледі ерте кешін.  
Бойым өсіп, бұғанам қатпай жатып,  
Жетімдік, нашарлықты көрді басым.  
Барарға жер, басарға тауым да жоқ,  
Жан әке өлімінді ойлаймын көп.  
Жесірлік қайғысында ғаріп ана,  
Жетпеген қос жетімді қылды ермек.  
Жақсы сөзге көзіміз жалтандайды,  
Жаман айтса бойымыз қалтандайды.  
Келмеске үкім айтып әкем кетті,  
Ойлаймын келе ме деп Соңғыбайды.  
Ойында сана болса ойлар бізді,  
Төрт қылып қоймас деймін екі көзді.  
Егерде жалғыз ағам қайырылмаса,  
Оярмын жылай-жылай екі көзді.

Туыстарынан үмітін үзген Қабыш ағамыз әкесінің жоқтығын інісі білдіртпеймін деп, анасына қолқанат болып ерте есейді.

20 жасқа толған кезде 1942 жылы әскер қатарына шақырылды. Батыр ағамыздың әскерге кетердегі өлеңі:

Қош болғайсың ардақты жалғыз анам,  
Кетіп барады әскерге сенген балаң.  
Амандықпен көрсет деп тілей берші  
Болма ана мені ойлап мұнда алан.

Қош болғайсың Кеңестей жалғыз інім,  
Не болады мен кетсем көрген күнің  
Мәпелейтін жаныңда бауырын жоқ,  
Қандай жанның естірсің жылы үнін.

Жан анамды мәпелеп кімдер бағар,  
Көңіл сырын іштегі қай жан табар.  
Уататын жан болса бұл маңайда  
Көңілдегі уайым сонда қалар.

Мәпеледің жан ана, мені бақтың,  
Міне ертең алысқа қозғалмақпын.  
Жаман айтпай жақсы жоқ кете барсам,  
Еңбек кетер мойнымда не қылмақпын.

Жыламаңыз қамығып қамқор ана,  
Денсаулықты тілеңіз жалғыз ғана.  
Көздің жасын құрғататын басын сүйер,  
Медеу болар үйімде кім бар және.

Біреуден бір естісе қатты сөзді,  
Жылауменен шығарма екі көзі.  
Ағайындар көз қырын салыңыздар,  
Ауыртпалық қайғының келсе кезі.

Не айтамын басқаша кеттім жүріп,  
Құрбылармен бас қосып ойнап күліп.  
Жалғыздығың жан ана еске түссе,  
Жас келеді көзіме жүрек тіліп.

Артымнан кім хат салар мені ескеріп,  
Сол себептен барамын уайым көріп.  
Хат танымай Кеңесім қала берді-ау,  
Қалай жүрем хат алмай көз мөлдіреп.

Артымда жетпей қалған Кеңесім-ай,  
Ағанды қай заманда көресің-ай.  
Ағатай менде бірге барамын деп,  
Соңымнан қай уақытта ересің-ай.

Уа, Кеңес хатыңды жаз, назынды айт,  
Бар болса айтар сөзің алдыма тарт.  
Ананды мен барғанша асырай тұр,  
Ауырлық, қиындықты мойныңа арт.



Мен қайтып барғанымша оқу оқы,  
Жақсыға талпындағы миға тоқы.  
Хат жазып амандықты білдіріп тұр,  
Хатымды барған сайын анаға оқы.

Сәлем де Кеңес күнім, ағайынға,  
Қай жерден басқа жақын табайын да.  
Ағайын көп ақылшы бар боп жүрген,  
Арыстанша мен айға шабайын да.

Енді еңбек етіп, анасы мен інісін қамқорына алған кезде сұрапыл соғыстың басталатынын кім білген. Туған-туысы Соңғыбайға деген ренішінен соғыс азабы басым болды. Анасы мен жалғыз інісіне қош айтысып, қимай әскерге аттанады.

1-Украин майданында, Брянск, Воронеж қалаларын жаудан азат ету шайқастарына қатысты. 1943 жылы ақпан айында алғаш рет жарақаттанды, бірақ, ұрыс алаңын тастаған емес. Жарты жылдан кейін Курск облысының Зиновьевка селосында екінші рет, ал 1944 жылы сәуір айында үшінші рет жарақат алды. Елі мен халқы үшін кек алуға деген ұмтылыс оны тезірек жазылып, күш жинап, майданға қайта оралуға көмектесті. Бүкіл Еуропаны кесіп өтіп, Берлинді алуға қатысты. Қан майданда жүргенде Қабыш атамыз отбасына, туған-туыстарына, еліне үзбей хат жазып отырды.

Әскерден үйге жазған хаты:

Сағынып қағазбенен қалам алам,  
Сәлеммен Қабыш атты хатқа салам.  
Өлеңмен сіздерге арнап хат жазамын,  
Сүйікті Кеңесім мен ардақты анам.

Туған жер өскен елім аманбысың,  
Түскенде сен есіме келер жасым.  
Анашым денің сау ма Кеңеспенен  
Он алты ай бір сендерсіз өтті күнім.

Алыстан қол созамын ардақты анам,  
Сағынып сарғаймашы мен балаңа  
Отанды немістерден қорғауда жүр,  
Отанға көмек көрсет болсаң ана.

Денім сау аман-есен қызметтемін,  
Сіздерден алысырақ бір шеттемін.  
Мені ойлап жүдемеші ардақты анам,  
Жеңіспен елге барар болар бір күн.

Сонымен қош бола тұр туған елім,  
Көргенше анашым мен Кеңес інім.

Сағынып беттеріңнен сүйемін де,  
Осымен тәмәм болсын сөзім менің.

Естісем амандықты көңілім шат,  
Егер де бір сендерден ала алсам хат.  
Қуанып мауқымды бір басқандай боп,  
Сағыныш аз уақытта ұмыт болмақ.

Сағынып сіздерге арнап жазған хатым,  
Емеспін көркемдеуге жазушы ақын.  
Азырақ білгенімше жаздым ана  
Балаңыз сәлемменен Қабыш атым.

Осындай амандық білдірген хаттары 1945 жылдың көктем айларына дейін үзілмейді.

Сөз соңында айтарымыз, Отан үшін ерлікпен жанын пида қылған Қабыш Көктаев атамыз сол кезде 23 жасар балаң жігіт еді. Қан майданда «Кеңес Одағының Батыры» атағына екі рет ұсынылды, бірақ, КСРО Жоғарғы кеңес Президиумының жарлығымен 23.09.44 жылы Ленин орденімен марапатталды.



Артында қалған ұрпақтарына үлгі-өнеге боларлықтай ерлік танытты. Батыр бабамыздың есімі мәңгілік есімізде сақталары анық.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ұлы Отан соғысының ардагері Кабыш Көктаевтың жазбалары.
- 2 Павлодар облыстық мұрағат және құжаттама басқармасынан көшірмелері алынды.
- 3 «Әскерден үйге жазған хаты» жерлес туған-туыстарынан алынды.

## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

САКЕНОВ А.

7-сынып оқушысы, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

ОЛЖАБАЕВА А. М.

ғылыми жетекші, М. Горький атындағы жалпы орта білім беру мектебі,

Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Жалпы музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты болып өсуі үшін, ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұтады. Еліміз егемендік алып, өз шаңырағымызды тіктеген тұста ұлттық өнерімізді, мәдениетімізді, білімімізді жаңғыртып, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу міндеті қойылды.

Бүгінде білім саласына көптеген өзгерістер, жаңалықтар енгізіліп, авторлық бағдарламалар, әдістемелік жинақтар шығармашылық ізденіспен дамып келеді. Музыка саласында да дәстүрлі халық музыка байлығын, Қазақстан сазгерлері шығармаларын насихаттау жаңа қырынан алға қойылып, жаңартылған музыка бағдарламалары жасалуда.

Музыка – күдіретті күш, жан дүниені ерекше әсерге бөлеп, адамды сәулелі өмірге жетелейтін сиқырлы өнер. Музыка тағдыры, жалпы музыка мәселесі тек сазгерлер мен музыканттардың, әншілер мен орындаушылардың, музыка зерттеушілері мен өнер қайраткерлерінің ғана жанашырлығын қажет етпейді.

Өткен ғасырлар үніне құлақ түрсек, біздің ата – бабаларымыз тастан, ағаштан, өсімдіктен, малдың терісінен сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан т.б. алуан түрлі заттардан дыбыс шығаруға болатынын аңғарып, қарапайым музыкалық аспаптар жасап алды. Сол ұмыт болған қазақ халқының аспаптарын қайта жаңғыртып, олардың кең түрде насихатталуына мол еңбек сіңіріп, соңына қыруар мұра қалдырған Болат Шамғалиұлы Сарыбаев еді.

Болат Шамғалиұлы Сарыбаев көне аспаптарды жинауға 1960 ж. бастап кіріскен екен. Сол жылдары Алматы консерваториясының ұстазы Б.Сарыбаевтың үйі ерекше мұражайға айналды. Ол жинаған аспаптар саны 300 – ге жетті. Зерттеуші еліміздің түрлі аймақтарынан көне аспаптарды тауып, оларды зерттеп, жетілдіріп, орындау әдістерін меңгерді, шәкірттерін баулыды. 1968 ж. көне ұлттық музыкалық аспаптардан ансамбль ұйымдастырды. Б.Сарыбаев аспаптарды ойнау тәсіліне қарай мынадай түрге бөлді:

үрлемелі ұрмалы, сілкімелі, ысқышты, ішекті, шертпелі, тілшікті.

Домбыра

Домбыра – қазақтың халық аспабы. Домбыра – қазақ халқының әрбір үйінде болуы міндетті және қажетті аспап болып есептелген. Бұл музыкалық аспаптың пайда болу тарихы ғасырлар қойнауына кетеді. Ежелгі Хорезм қаласының қазбаларынан археологтар екі шекті құралдарда ойнап тұрған музыканттардың терракотты бейнелерін тапқан. Ғалымдар бұның Хорезмдік аспаптардың бұдан екі мың жыл бұрын өмір сүрген көшпелі сақ тайпаларының музыкалық аспабы екенін белгіленген. Бұл ежелгі екі шекті аспаптардың қазақ домбырасымен ұқсастығы көп және оның прототипі болып табылады. Осылайша, археология арқылы домбыраның ерте кезде пайда болғандығы анықталды. Домбыраның екі түрі бар – батыстық және шығыстық. Бұл орындалу дәстүрінің екі түрлілігімен ерекшеленеді. Орындалуы тез, виртуозды төкпе күйлерді орындау үшін сол қол домбыра жалымен еркін жылжуы керек. Сондықтан, батыстық домбыра жалы жіңішке және ұзынша болып келеді. Шығыстық жуан және қысқа жалды домбыраларда мұндай техникалық әдіс қолданылмайды. Аспаптар көлемі мен қалыбының түрі дыбысталу күшіне әсер етеді: көлемі үлкен болса, дыбысталуы да сондай болады. Дыбысталу сипатына оң қол техникасының әсері бар: төкпе күйлерде дыбыс қол білезігін күшті сілкіу арқылы екі ішекті қағумен алынса, шертпе үйлерде дыбыс жекелеген қолсаусақтарымен шектерді шертуді арқылы берілген

Қобыз — таңқаларлық пішінді және ғажайып сазды, бай тембрлі аспап. Қылқобыз аталуы да осыдан болар. Қобыз үнінің төмендеп қайта жоғарылап дыбыс шығаруы — шектеріне саусақтың ұшын ғана тигізіп, сәл ғана басып шертіп, керілген қылды ысқышпен үйкеп ысқылап тарту арқылы ысқышты аспапқа «іліп қойғандай» етіп көлденен ұстап ысқылап сүйкеп-сүйкеп көсеп-көсеп жібергенде флажолетті обертонды қою-қошқыл сазды мұңлы болып шығады.

Біреулер оны құс даусына ұқсатады: « — Оның даусы аспаптың шегін аттың жалынан керілген қылдан тартылған еспе ысқышпен үйкелегенде аққудың үніне ұқсас дауыс шығады» — дейді (П. Паллас). Енді біреулер қобыз үнін адам даусына ұқсатады (Б. Сарыбаев) ащы, зарлы, өксікті үн шығарады деген де пікір айтады (И. Гмелин). Қобыздың саз аспабы ретінде тағдыры тайғақ, жолы тар, қиын-қыстау болды. Бұл аспап қазақ халқының тарихи-этникалық мәдениетінің көне көзі, рухани қазына мүлкі, эпостық

және аспаптық музыкалық өнерін күні бүгінге дейін сақтап жеткізуші ұлттық мұра бола тұра, ол өзіне деген кертартпа ескілікті көзқарастан арылмай ақталмай-ақ қойды. Әу бастан-ақ қобыз бақсының, бақсылық жасаудың құралы деген пікір қалыптасқан болатын. Сондай бір түсінбеушіліктің кесірінен қобыз жаңа заман көшіне ілесе алмай ескіліктің қалдығы саналып жоғалып, жойылып кетудің алдында қалды дейді А. Затаевич. Осының салдарынан 20 ғ. басында қобыз аспабына арналып шығармалар жазылмай сиреп ұмытыла бастады. «Әкеден балаға мұра» болып келе жатқан қасиетті өнеріміз, ұлттық салт-санамыз, отбасылық қобызшылық дәстүріміз үзіліп қалды. Классикалық қобыз музыкасының аты аңызға айналған ең соңғы хас шебері.

19 ғ. ортасында дүниеге келген Ықылас Дүкенұлы.

Дегенмен жоғалып жойылып құрып кетуге жақын қалған қобыз ойнау өнерін өмірге қайта оралтып «шаң басқан уақыт» пернесін ашуға жасалған шаралармен ізденістер, талпыныстар болмай қалмады. Осындай істің басында бірегей ірі қобызшылар зор тұлғалы музыканттары болып Жаппас Қаламбаевпен (1909—1970) Дәулет Мықтыбаев (1904—1976) тұрды. Шын мәнінде осы екеуінің арқасында музыкалық қобыз аспабының барлық құпиясымен қасиетінің қыры мен сыры сақталып өткеніміздің баға жетпес асыл мұрасын шашау шығармай жоғалтпай бізге жеткізіп жаздырып қалдырып кеткеніне шүкір дейміз. Қобызда ойнап ең алғаш рет концерттік эстрадаға шыққан, 1968 жылы Алматы консерваториясында ашылған қылқобыз класына бірінші сабақ берген де осы екі тарлан

Сыбызғы

Сыбызғы - Үрмелі аспаптар арасында сыбызғы- халық үшін ең сүйікті аспап болып табылады. Ол халықтық музыкалық өнердің ажырамас бөлігіне айналды. Сыбызғы шопандардың отар бағып жүрген кезде жалғыздығын жебейтін аспап ретінде, ал кешкі демалыс мезгілінде музыканттар ол арқылы ескі аңыздар-жырларды айтқан. Сыбызғышылар барлық тойлар мен мерекелердегі құрметті қонақтар болған. қолданылуы оның қарапайымдылығымен түсіндіріледі. Сыбызғыны қуыс талдан жасаған, одан үш саңылау ойған. Сыбызғының оңай және тез жасалатынына қарамастан, ойнау жеңіл болмаған. Сыбызғылық күйлер әдетте екідауысты болып Сыбызғының кең таралуы, келеді. Бір дауыс аспаптан шықса, екінші дыбыс орындаушы- музыканттың тамақты дыбысынан пайда болған. Осы екі дыбысты қатар орындау техникасын меңгерген адам

сыбызғыда ойнай алатын болған. Талдық сыбызғылардан басқа ағаш сыбызғылар да бар

Адырна

Адырна - қазақтың көп ішекті шертпелі аспабы. Аспаптың шанағы қуыс, беті көн терімен қапталады. Б.з.б. аңшылар ұстанған көне аспап саналады. Оның көне үлгісі әуелде садақ тәрізді болған. Кейін бұғы, марал, киік, бөкен тәрізді аңдарға ұқсастырып жасап, мүйіз бен құйрықтың екі арасына ішектер тартып ойнаған. Адырнаны тізенің үстіне қойып, басын иыққа тіреп, ішектерін іліп тартып кейде шертіп ойнайды. Адырнаның ішегі шуда жіптен немесе тарамыстан тағылады, аспаптың тұрқы 48-50 см., қалыңдығы 8-10 см, 7-ден 13-ке дейін ішектер тағылады. Адырна қазіргі кезде фольклорлық әуендер мен шағын күйлерді орындауға қолданылады. Адырнаның Д. Шоқпарұлы, А. Құмаровтар жасаған бірнеше нұсқасы Ықылас атындағы қазақ саз аспаптары мұражайында сақтаулы. “Адырна” аталатын көне аспаптар ансамблі бар. Адырна - Садақтың ағашқа керілген жібі.

Шаң қобыз

Шаң қобыз - бітімі бөлек, ойналуы ерекше қазақ халқының көне музыкалық аспабы. Үні құлаққа жағымды, адам даусына жақын. Аспапта ойнау ерін мен тістің арасындағы қуысқа тікелей байланысты. Ойнау кезінде орындаушы оң қолымен тілшенің ұшын шалып отырып, шапшандата дыбыстайды. Дыбысы тілшені қозғалысқа келтіргенде шығады. Аспапта жеке ән- күй орындап қана қоймай, басқа да көне музыка аспаптарымен бірге халық әуендерін сүйемелдеуге болады. Шаң қобыз аспабының құрылысы қарапайым, жұқа тақтайшадан жасалады.

Аса таяқ - сілку арқылы үн шығаратын көне музыкалық аспап. Ұзындығы 110- 130 см. Тұтас ағаштан арнайы қалыпта жасалады. Басы күрек тектес. Бас жағына түрлі темір сақиналардан сылдырмақтар тағылып, өрнектермен әшекейленеді. Аса таяқ өзіндік үнімен ерекшеленеді. Аспапты ырғап, шайқап ойнайды. Аса таяқ аспабын ертеде көбінесе бақсылар қолданған. Қазіргі кезде көне үлгілері қайта жасалынып, ұрмалы музыкалық аспаптар тобына қосылады.

Сақпан - өзіндік үнімен ерекшеленетін сілкімелі қазақ халқының көне музыкалық аспаптарының бірі. Ертеде үй тұрмысында, әсіресе мал шаруашылығында кеңінен қолданылған. Қойшылар көктемгі төл кезінде бұл аспаптың дыбысымен қой қайырған. Шаруалар егістікке қонған құстарды үркіту үшін де пайдаланған. Кейбір

өнерпаздар сақпанмен өзінің әуенін сүйемелдеген. Сөйтіп, сақпан музыкалық аспап дәрежесіне көтерілді.

Желбуаз – үрлемелі аспаптар тобына жататын, ерте заманнан келе жатқан, ел көзіне еленбеген көне музыкалық аспабының бірі. Аспап иленген мал терісінен жасалады. Сырт көрінісі меске ұқсас. Аузын бекітіп тұратын тығыны болады. Әуен шығаратын екі сырнай түтікше бекітеді. Мойынға асып алып жүруге ыңғайлап, қайыстан арнайы бау тағылады. Ұстап жүруге өте жеңіл. «Желбуаз» аспабын белгілі композитор Н. Тілендиев «Отырар сазы» оркестрінде қолданды.

Дабыл

Дабыл - дабылды аспап, доға екі жағынан терімен тартылған. Дабылды әдетте, әскерлер қолданылған. Бұл аса қатты дыбысты беретін аспап. Ерте кезде дабылды аспаптар (дабыл, дауылпаз, және шындауыл) қазақтар өмірінде кең қолданылған. Бұл аспаптардың ашық дауыстары арқылы ауыл тұрғындарын аңға, діни әдет-ғұрыптарды іске асыруға, көшіп-қону туралы хабарлар айтуға шақырған.

Дауылпаз

Дауылпаз - ұрып ойналатын музыкалық көне аспаптың бірі. Халық тұрмысында кеңінен қолданылған. Әсіресе, бұрынғы кезде, жаугершілікте дабыл қағып, белгі беру үшін пайдаланған. Аспаптың жасалу құрылысы анағұрлым күрделі. Ол тұтас ағаштан ойылып жасалады. Бет шанағы терімен, қапталады. Иыққа асып алып алу үшін қайыстан арнайы аспалы бау бекітіледі. Дауылпаз ағаш тоқпақпен ұру арқылы дыбысталады. Қазіргі кезде дауылпаз аспабы көптеген фольклорлық ансамбльдерде кеңінен қолданылып жүр. Дауылпаз тектес аспаптар әр түрлі атпен басқа халықтарда да кездеседі. Айталық, өзбек халқында - «Тәблбас», Қырғызда «Доолбас» деп аталады.

Шертер

Шертер – ежелгі шекті аспап. Шертерде домбыра сияқты ойнайды. Шертердің көлемі домбырадан көп кіші, бірақ сыртқы түрі қобызды еске салады, оған жұмыр түр беріп, сыртын терімен қаптайды, аттың қылынан екі шек тартылады. Аспап бір ғана бұрандалы болып келеді, шектің бір басы бұрандаға, екіншісі басына бекітіледі. Шертер аспабы аңыз, ән, ертегілерді айтқанда қолданылған. Ол бақташылар арасында кең тараған.

Жетіген

Жетіген - қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыка аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып

жасалады. Құрылысы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтседе, баяғы қарапа йым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылады. Аспаптың үні өте нәзік, құлаққа жағымды. Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар айтылады. Сол бір аңыздың бірінде : өткен заманда өмір сүрген бір қарияның жеті баласынан айрылған қасіретті қайғысынан туындаған әуен- деседі. Бізге «жетіген» деген атау осылай жеткен. Қазіргі кезде жетіген аспабы көптеген ансамбльде ойналып, кеңінен насихатталып келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 1-4 сыныптарға арналған «Музыка» оқулықтары. Алматы: Атамұра 2009-2011

2 А. Жайымов, С. Бүркүтов, Б. Ысқақов. Домбыра үйрену мектебі А., 1992

3 Күзембаева С, Егінбаева Т. Қазақ музыкасы тарихынан лекциялар. Алматы, «Таймас» баспа үйі, 2005.

4 Өтеғалиева С. Көшпенді халықтардың музыкалық аспаптар қоры. Алматы, Ғылым, 1995.

5 Сарыбаев Б. Қазақтың халық аспаптары. Алматы, Өнер, 1978

#### АРМАН ҚАНИДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ СУРЕТТЕЛУ КӨРКЕМДІГІ

САМСЕНОВА А. М.

8 «А» сынып оқушысы, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.

ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Тақырыптың өзектілігі: Арман Қанидің ақындық тағдыры өзі шамалас ақындардікінен өзгеше, азаматтық сыршыл жырларындағы «лирикалық мені» де өзгешелеу. Өйткені ол жасөспірім шағынан еліміздің егемендігін көздеген ұлтшыл ретінде отыршылдыққа қарсы күресуге бел буған және саяси іс-әрекеттері үшін көмелет жасына толмай «саяси сенімсіз» адамдар санатына жатқызылып, қудалауға ұшыраған. Білім алу құқына қол сұғылып, баспасөз бостандығына шектеу қойылған ол ұзақ жылдар бойы жұмысшы болып істеген. Сол кезеңде ұлтшылдық, азаматтық мұрат-мүддесін саяси іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыруға ұмтылды: 1986 жылы жылы, Павлодар қаласында бір топ серігімен Алматыдағы



желтоқсаншыларға үн қосуға әрекеттенді, 1989-1990 жылдары «Невада-Семей», «Азат» қозғалыстарының, «Қазақ тілі» қоғамының Павлодар облыстық ұйымдарын құруға атсалысып, қоғамдық-саяси істерге белсене араласты.

Тақырыптың мақсаты мен міндеттері:

Зерттеудің алдына қоятын негізгі мақсаты- Арман қанидің жинақтарындағы шығармаларын зерттеу.шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін қарастыру, мектеп оқушыларына таныстыру,осы орайда жұмыстың алдына мынадай міндеттер қойылады:

Арман қанидың жинақтарындағы шығармаларды оқу,көркемдік әлемін тану;

Ол туралы жазылған пікірлермен танысу,зерделеу;

Арман Қанимен сұхбат ала отырып, қоғамның руханияттық қайнар көзін анықтау.

Зерттеудің нысаны: Зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде Арман Қанидың шығармалары алынды.Оның шығармасындағы тақырыбы мен ұлт руханиятының суреттелу көркемділігі жайлы талқыланады.

Зерттеудің декрекокөздері: Зерттеудің жұмысының материалдары ретінде «Шындықпен бет- бет», «Уақыттың өзі оқысын саған үкімін» жинақтарындағы шығармалары,Мұзафар Әлімбаевтың Арман қани жайлы пікірі және тағы да басқа интернет желісіндегі Арман Қани туралы ақпараттар негіз болды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Бұл тақырып арнайы зерттеу нысанына айналып отырғандағы;

- Арман қанидың шығармаларындағы суреттелу көркемдігін таныту;

- қазақ поэзиясының көрнекті тұлғаларының Арман қани шығармаларына пікірлері;

- Ақын шығармашылығы арқылы ұлтжандылыққа баулу позициясы.

Зерттеудің болжамы:

Арман қани шығармаларына әдеби талдаулар жасамақ,оның көбінесе троп пен фигура тәсілдерін кеңінен қолданылатын байқаймыз.Егер келешек ұрпақ оның шығармаларындағы суреттелу көркемділігіне назар аударса, оның шығармаларын мектепте, жалпы қоғамда әдеби көркемдікті тануға мүмкіндік жасалынады. Жас ақындар мектебі мен клубтарында ақындық шеберлік негіз ретінде пайдалануға болады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы: Жұмыс әдебиет пәніне, теориялық ұғымдарды бекіту кезінде пайдасы зор.Бұл жұмысты қазақ әдебиеті сабағында мұғалімдерге және оқушыларға қосымша әдеби материал және Ертіс-Баян өңірінің ақын жазушылары атты әдеби нысанға қолдануға болады.

«Жас ұлан» атты жасырын саяси ұйымын құрып, жетекшісі болып сайланған.Бұл ұйымды құрғаны үшін Комсомол комитетінің қатарынан шығарылып, мектептен қуылып, көптеген кедергілерге ұшыраған.1976 жылы Чапаев орта мектебін сырттай оқып бітірген.1995 жылы Павлодар педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін тамамданған.Жаяу Мұсаның туған жиеншары,Мәдидің аталас ағайынының ұрпағы, Арқаның екі бірдей композиторын өмірде де, өнерниетте де өзіне үлгі тұтып өскен.Арманның алғашқы өлеңдеріне 1980 жылдардың көрнекті тұлғалары Жүмекен Нәжімиденов,Қуандық Шаңғытбаев жылы лебіз білдіріп, шығармашылығын сәт сапар тілеген.Тұңғыш жинағына Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев толымды пікір білдірді.

Топтама өлеңі қазақстан жас ақындарының «Қарлығаш» ұжымдық жыр жинағы (Алматы, 1984 ж.) енген. «Ар алдында» «Павлодар,2001ж.», «Қызыл түнектегі ақ бұрқак», «Тамшылар» (павлодар, 2004ж.), «шындықпен бетпе-бет » (Алматы,2006ж.), «Жұлдызды тұман» (Павлодар,2008ж.) жыр жинақтары жарық көрген.А.Қани- Қазақстан шығармашыл жастары «Жігер» фестивалі дипломының иегері (Алматы,1983ж.), Павлодар қаласы шығармашыл зиялылары «Қауышу» слетінің «Жылдың үздік ақыны » атағы иегері (2001ж.), «Бір өлең – бір әлем» республикалық мүшәйрасының I орын жүлдегері (Алматы,2008ж.).

Ол осыдан түп-тура қырық жыл бұрын,1969 жылы, павлодар қаласындағы №3 мектеп-интернатта оқып жүрген кезінде,ұлтшыл жасөспірімдердің «Жас ұлан» атты жасырын саяси ұйымын құрып,жұртшылықты кеңестік отаршылдыққа қарсы бас көтеруге шақырған өлеңдер жазып,ұнпарақтар таратқан.ұйымды МҚК (КГБ) басқармасы әшкерелеген соң, бірнеше серігімен бірге «Ұлттық саясат мәселесіндегі идеялық-саяси қателігі үшін» деген айыппен комсомол қатарынан шығармалды,оқу-үлгерім табеліне тәртібі «3» деген баға қойылып, «ө еркімен» мектептен қуылды.Арман қани орта мектепті де (1976ж.),жоғары оқу орнын да (ПМУ-дың филология факультеті,1995 ж.) өз құрбы-құрдастарынан көп кейін, сырттай оқып тамамданған.1990 жылдардың бас кезінен бері бұқаралық ақпарат құралдарында журналистік қызмет атқаруда.



Арман Қани – Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, керекулік ақын.

Ол кісінің «Шындықпен бетпе-бет» атты жинағындағы өлеңдердің тақырыбы жайлы тоқталып кетсек, мәні мен тақырыбының орайластығы бойынша өлеңдер төрт бөлімге топтастырылған. негізінен осы кісінің «шындықпен бетпе-бет» атты жыр жинағында Қазақстан республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдық мерекесі мен Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арналады. «Егіз әуен, екі жұрт» аталатын бірінші бөлімде ата мекен, туған жер туралы сыршыл жырлар қамтылған. бірінші бөлімі Едірей жырларынан басталады. Келесіден баянауыл жайлы жырлар қамтылған. Одан басқа: «Егіз әуен, екі жұрт»; «Жер дауы»; «Із»; «Ертіс»; «Кемпіртас»; «Сәтпаевтің жұлдызы туған көктем»; т.б. әр-түрлі керемет өлеңдерді туған жеріне, атамекеніне арнап бірінші бөлімінде жазды.

«Бостандық тұлпары» атты екінші бөлім қилы тарихи кезеңдердегі күрделі оқиғаларды сурейтейтін саяси, азаматтық жырлардан тұрады. Олардың бірі: «Қыпшақтар аңызы» 1998 жылы Төлеген темірұлы Байқанның аруағына арналып жазылған. Одан басқа 1998 жылы жазылған «Ерлік пен махаббат», «Той үстіндегі елес», «Керуен» атты балладалары бар. Жалпы баллада дегеніміз – әдебиетте: поэзияның шағын сюжетті лирикалық жанры болып табылады. «Қызыл түнектегі ақ бұрқақ» атты өлеңі жалпы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастар рухы мен патриот сезімге баулу жайлы жазылған өлең. «Сенім» атты өлеңінде 1991 жылы қазақстанның халық депутаты қуат Есімхановқа арнап жазады. «Айыптау» атты өлеңінде елін егемендікке үндеген мағжан, шәкәрім, міржақып сынды Алаш қайраткерлерінің қазасы үшін коммунистік жүйені айыптады. бірақ өз есімін айтпай,

«Қазақтың сөзін қаныма былғап қайтейін,

Уақыттың өзі оқысын саған үкімін!» - деп, Ахмет байтұрсыновтың қалған «жаудар көз, жетім арманды» жұбатумен шектелді. Сонымен қатар кемел ойлы ақын:

«Оқ атып машук түбінде мұнмен мұныратқан,

Қараойда қанжар сермеген өзім секілді» - деп, лермонтов пен махамбет ақындардың құныкері өзі тәрізді опық жеп,

«Омырауынан сүт саулап өткен АЛЖИР мен Бухенвальт үшін алдында қалай ақталам?!» - деп, кеңестік қызыл империя мен фашистік Германиядағы концлагерлер үшін жүзі өртеніп, жерге қарағандай болды.

Тіпті нағашы жұртты баянауылға арнаған бейбіт мінезді өлеңдер топтамасында,

«мойылдады мойыл көз

Білікқұмар,

Астам ойды көңілден ұмыттырар.

Ай туғанда әйтсе де қыр астынан

Бөрі дүние мені іздеп ұлып тұрар!

Кірпігімнен жас брап, жанып ішім,

Мен шайқасқа шығарамын Арым үшін!

Сен аман бол,

Сертке адал сарыарқадан

Сары орамал бұлғаған сағынышым!» - деп, «Ғұмырнама мен «шындықпен бетпе-бет» топтамаларында шындық пен жалғандықтың, әділдік пен қараниеттіліктің тартысында, жалған дүние мен бақилық ғұмырдың мәніне философиялық пайымдауларын жасайды.

Арман Қани ақын – күрделі суреткер. Кейінгі жарық көрген прозалық шығармаларында өмірдің жаратылуы туралы философияны айта отырып, Құдай, періште, өзгезіл пенденің жаралуы туралы терең ой толғайды. оның бәрі қызіргі күнге де лайық келеді. «Періште алтын көрсе жолдан таяды» дейді, ал оның себептері неде, ақын осыған жауап іздейді. Алла адамды жаоратқанда он екі мүшесін, ақылын және таңдау мүмкіндігін береді. Ал адам харам жолды тандайды немесе қиын болса да адал жолды тандайды. осыдан бәрін философиялық тұрғыдан қорытады.

Ақын тіршіліктегі қарама-қайшы күштердің арпалыстарынан ақиқат іздейді. тазалық пен қараулық, сарандық пен жомарттық, сұлулық пен сүйкімсіздік, сүйсіну мен күрсіну, жарық пен қараңғы өлеңге түскенде жүрегінді шым еткізіп, жаңа туғызып, болмыстың арпалыстарын Арман қани өлең аясына сиғызып кетті. мың құбылған дүние шіркіннің алуан сырын қорытып, түйіндеп, тұжырмадап, өзгенің көкейіне құю құдіретін аса шеберлікпен суреттейді.

Әдеби шығармалардың қай саласының болсын болмысын, рух жарасымдылығын таразылайтын – алдымен сол шығарманың иесі – қаламгер. Әдебиет әлемінде көркем өрнектерімен, ғұмырлы жырларымен, азаматтық бітімімен соны із қалдыратын да шыайы ақындар мен жазушылар. Әрине, бұл пікір тек өз уақытының талап-тілегіне жауап беріп қана қоймай, келер ұрпақпен де үндесе алар дарындыларға ғана арналары даусыз.

Қазақ поэзиясы деген ұғымды саралар болсақ, тарқатар ойымыздың бір ұштығы арман қани сияқты дарынға тірелері күмәнсіз. Тағдыр оның ғұмырына сараңдық еткенімен, талантына тосқауыл бола алмады.

Сыр аралас шым-шытырық көңіл күйін, жүрек лүпілін ақын осылай толастатады. Бір оқыған адам осы жолдарда пәлендей ештеңе де тұрған жоқ қой деп ойлануы мүмкін. Жоқ! Бұл жолдарда ертегі-мысалдағыдай қарапайым оқиға емес, адамның тағдыры, адамның психологиясы, терең философиялық тұжырым бар. Мұндағы сюжет те, композициялық құрылым да, тартымды фабула да символикалық қаһармандарымен біте қайнасып жатыр.

Бұл мақалада Арман ақынның символикалық бейнеделерінің бір қырына ғана аз-кем шолу жасалады. Оның поэзия мен проза жанрында еткен қажырлы еңбегі, тереңдігіне бойлатпай келе жатқан философиясы, стильдік хас шеберлігі әдебиеттану ғылымы саласында арнайы зерттеулер жүргізілуін қажет етеді. Күрделі ақынның күрмеуін шешу жауапкершілігі мол қажымас қайрат-күшті талап етері де сөзсіз. Йә, бұл – айтуға ғана, жазуға оңай-ау. Ақынның жинағының баспада он жылдан астам уақыт жатуы да, мерейтойларына арналған азды-көпті пікірлерден басқа жүйелі зерттеулердің болмауы да – бұл арманның алыс екенін аңғартқандай. Не болса да ақын дүниесі өзі бедерлеген байғыздар мен жапалақтардың ниетінен аман деп білеміз.

Арман Қани қазақ поэзиясындағы ұлтжанды, шындықты шынғырта жырлай білетін, әр қазақтың жан дүниесіне рух дәнін сеуіп, болашаққа айбынды күш – қуатпен ғұмыр кешуге үндейтін жалынды ақын.

Ақын поэзиясында ұлтжанды, шындықты шынғырта жырлай білетін, әр қазақтың жан дүниесіне рух дәнін сеуіп, болашаққа айбынды күш – қуатпен ғұмыр кешуге үндейтін жалынды ақын.

Ақын поэзиясындағы ұлттық және суреткерлік шеберлік көркемдік тәсілі

«Арман қани поэзиясы – біздің ұлттық мақтанышымыз, біздің енді ашылар алтын сандығымыздың бірі». Ешкімге ұқсамайтын ақынның әрбір шумағы тың қазыналар. мәселе ақынның қай кезде қалай атанғанында емес, халқына қалдырған асыл мұрасы арқылы құрметтілігін танып, ел тарихынан алатын өз орнына қылдай да қиянат жасамауда.

Ақын поэзиясы философиялық ой-толғамы терең, өзіндік жазу ерекшелігі, жарқын үні бар поэзия. нәзік жанды қарапайым ақын

кіндік қаны тамған топырақтың асылдығын қастерлейді. Туған жерінің құмы мен желін, қурацы мен бәйтерегін, төбесі мен тауына дейін сағына жырлайды.

Ақын талантының күдіреттілігі және бақыты да осында болса керек. Арманға өмірдің сан қатпар қыртыстарына жіті көз салады, әрбір құбылыс пен оқиғаға үлкен мән береді, болмысты сырт шолушы болып қана қоймай, философиялық ой түйіндейді. Жақсылық пен жамандық, жарық пен жылу, күнгей мен көлеңке, зұлымдық пен махаббат секілді егіз ұғымдар оның лирикалық шығармаларына желі болып тартылады. «Осынау бір олпы-солпы өлеңмен, өзімді өзім түсіндіріп келем мен...» дейді ол қарапайымдылығына бағып. Алайда, олпы-солпы өлеңдер өте аз байқалады. Өйткені, ақын өз шығармаларына аса ұқыпты қарайды, шынайы сезім мен ақиқат фактілерден туған ойларын ғана жыр жолдарына айналдырады.

Ақын жырды тек өзі үшін ғана емес, халық үшін жазады. Өз ойын өлеңі арқылы жұртқа жомарттықпен үлестіреді. Өмір шындығын еш бояусыз, қоспасыз шынайы образда, қаз-қалпында бейнелейді. Адамның жан күйзелісін, ыстық-суық сезімдерін ашып көрсетеді.

Өуезді сөйлемдер, таңғы шықтай таза суретті ойлар, жай-жүйенді толқытар толғаныстар. «Сөз естіліп те тұрсын, естігенін көзіне көрініп те тұрсын» (Гиппократ) дегендей, шындық жаршысы болған Арман Қани тур өлеңдерінде өжеттік, өткірлік, бар екенін байқадық.

Алмастай жарқылдап, жанына күй болып еніп, қуантып, өмірге деген құштарлығыңды арттыратын пікірі мейлінше шынайы. ойлампаз, оянымпаз, сезімпаз ақын бойындағы ішкі әлеуеті, мағнауи (рухани) күштер атаулы бір мезетте шиыршық атып, бір-бірлерімен жалғастық-тұтастық тауып, тегелей көркем сыр тудырады. Оның қуатты түйсігі, көрегендік, әсерленгіштік, эмоциялық қасиеттері, ұшқыр ойы, қиялы барша көркемдегіш-суреттегіш құралдар жүйесі мен қызметіне керемет серпін үстейді.

Арман қани поэзиясында халық жарларының бейнелілік-суреттілік жүйесі, музыкалық сипаты, ұлттық дүниетанымы, көркемдік тәжірибесі жарқын көрініс тапқан деуге болады. Оның өнернамасында күйлі, қуатты сөз-образдар, сөз-символдар, фразеологиялық тіркестер, әсірелеулер молынан кездеседі.

Ақынның сан – салалы лирикалық шығармаларында сыры ашылмаған қаншама дүниеге жатқаны баршаға аян. Арман Қани әр

тақырыптағы лирикалық шығармалары, ондағы кейіпкерлер әлемі, әғни лирикалық қаһарман мәселесі, ақындық шеберлік сырлары әр адамды қызықтырары айдан анық. Күллі шығармашылық-өнерпаздық қабілет-талантымен әдебиет зерттеушілерінің назарын аударып, ойлы да сыншы, талғампаз оқырмандарының көңілінен шыққан ақындығының арнайы да мақсатты да мақсатты, сондай-ақ міндетті зерттеу сөзіне айналып, объекті өрісіне імуі – өмір талабының пәрменіне сай рухани қажеттілік.

Арман қани өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды дәл нысанаға алумен ерекшеленеді. Ақынның шығармашылығына тән қасиет – шындыққа бас ию.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998.-387б.
- 2 Қазақ көркем сөзінің шеберлері: Анықтамалық.- қарағанды: Экожан, 2010. 512б.
- 3 Қабдолов, З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2003-528б.
- 4 Қани Арман. Шындықпен бетпе-бет жыр жинағы, - Алматы: ҚАЗАқпарат
- 5 Ларин, Б.А. Эстетика слова и язык писателя. - Л., 1974

### САЛТ-ДӘСТҮР МЕН ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰМЫТ ҚАЛМАС

СЕКСЕН Ә. Ы., СЕЙТҚАН А. Б.

6 «Е» сынып оқушылары, №25 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ. ХАЛЕЛОВА Ш. Д.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Павлодар қ.

Ата дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді. Ата дәстүрі бойынша ең әуелі әкені, содан соң атаны, ата-бабаны құрметтеп, солардың алдында ұрпақтық қарыздарды өтеу – кейінгі ұрпақтың міндеті. Ол ұрпақтық борыштар: ананың ақ сүтін, еңбегін өтеу, ата дәстүрлерін құрметтеп, одан әрі ол дәстүрлерді жалғастыру, адамгершілік қағидаларды қалтқысыз орындау болып табылады. Тәуелсіз мемлекетімізде ата-бабамыздан қалған қазынанань бірі

салт-дәстүрлерді, ұлттық ойындарды ұмыту мүмкін емес. Ендеше осы елдің ертеңі жасөспірімдерге салт-дәстүрімізді, ұлттық ойынды насихаттай отырып, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тәрбие көзін мақсат ету. Әр жұмысты ұлттық негізде құра отырып, халқымыздың ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлер мен ұлттық ойын жөнінде кейінгі ұрпақ жан-жақты білуі тиіс деп ойлаймыз.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Қазақ - көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып-дәстүрі бар, пейілі өзінің байтақ даласындай кен де қонақжай халық. Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазақи салт-дәстүрлерімен, ұлттық ойындармен, ырымдарымен, той-мереке, әдеп-ғұрыптарымен талай елді таң қалдырып келеді. Тәуелсіз елімізде ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңартатын ендігі болашақ ұрпақ-біздің қолымызда. Жұмыстың мақсаты: Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары өте көп. Дегенмен, ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлер мен ұлттық ойындар баршылық. Осы дәстүрлердің тарихын, мән-мағынасын терең зерттеп, оның халқымыздың салт-санасында алатын орнын айқындау, ұрпаққа паш ету.

Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай. Бұл - оның тәрбиелі әрі мәдениетті ел екендігін көрсетеді. Біздің халқымыз өз ұрпағына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Біздің ең негізгі мақсатымыз ата бабаларымыздан қалыптасып келе жатқан салт-дәстүрімізді кейінгі жас ұрпаққа ұғындыру. Келер ұрпақтың дәстүрге деген қызығушылықтарын арттырып, салт-дәстүрмен таныстырып, дүниетанымын кеңейту, халықты дәстүрді сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Салт-дәстүр арқылы біз сол халықтың мінез - құлқын, қасиеттерін тани аламыз. Әр халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезіне, сеніміне, ырымына қарай қалыптасады. Салт-дәстүрдің ұрпақ тәрбиелеудегі өте мәні зор.

Қазақ халқы өте ырымшыл халық болғандықтан, бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрге, әдет-ғұрыптарға аса мән берген. Бала дүниеге келген күннен бері, есейіп ер жетіп кеткенге дейін осы салтты ұстанған. Мысалы: шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, атқа мінгізу сияқты т.б. дәстүрлерде көрініс тапқан.

Халқымыз рухани асыл қазынасының алуан түрлерін салтында, ғұрпында сақтаған... Үйрену, үлгі алу бүгінгі ұрпақ үшін

кезек күттірмес жауапты іс. Жоғалып та бара жатқан жақтарын еске түсіріп, оларды насихаттауға үлес қосу. «Отан отбасынан басталады» деген даналық ұйыған халқымыз ұрпағын ата - ананы, үлкендер мен кішілерді құрметтеуге, елдің, халықтың қамқоршысы болуға шақырған. Қазақ халқы баланың мінезінің қалыптасуына салт-дәстүрлер әсерін тигізеді деп ойлаған. Әр адам өз баласын отбасылық жауапкершілік рухымен демеп, бала тәрбиесіне ерекше зер салған.

*Ақсарбас атау.* Қауіп-қатерге ұшырағанында «А, Құдайым ондасын! Мені осы қиындықтан құтқара гөр! Ақсарбас!» деп құдайы атайтын болған. Мұндай жағдайда «Ақсарбас!» деп үш рет айқайлаған. Сосын қауіп-қатерден аман қалғанында әлгі адам ауыл аймағын шақырып құдайы берген. Ақсарбасқа шалынатын малдар: бозқасқа (қой), көкқасқа (жылқы), қызыл-қасқа (сиыр). Адам ақсарбас атағанда қай малын айтса, соны құдайыға союға тиіс.

*Асату.* Бұл дәстүр Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы» деген кітабында толық баяндалған. Дастарқан басында ет жеп отырғандар тоғая бастағанында, төрде отырған ақсақал қалған етті қолымен қонақтарға, жас балаларға асатады. Бұрындары ауыл балалары ет асаймыз деп қонақ келген үйдің қасында жүретін-ді.

*Ат тұлдау.* Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды.

*Аунату.* Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған-туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхатр Әуезов келгенінде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

*Үкі тағу* әсемдік үшін үкінің үлпілдек жүнін тағу. Дәстүрлі қазақ қоғамында үкі қасиетті құс саналған. Сондықтан халық үкі қауырсындарын жас нәрестенің бас киіміне, бесігіне таққан. Қасиетті құс сәбиді жын-шайтаннан қорғайды, оның тыныш ұйықтауына септігін тигізеді деп сенген. Осыдан келіп, қыздар мен сері жігіттер бас киімдеріне, жас келіндер екі бұрымына сәндікке Үкі тағуды дәстүрге айналдырған. Үкі көбіне қыздардың бас киімдеріне (тақия, сәукеле, т.б.) тағылған. Қазақ сал-серілерінің арасында да үкі қауырсынын тағып, елден ерекшеленіп жүргендер де болған.

Мысалы, Үкілі Ыбырай, т.б. Үкі қауырсынын халық бойтұмар ретінде көріп, бағалаған.

*Ерулік беру.* Ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, бауырларының бірі туған-туыстарына жапсарлас келіп қонса, көрші-қолаң немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табақ тартып, қонақасы береді. Осылайша қазақтар танысын, танымасын бір-бірін бөтенсімей, өз ортасына тарта білген.

*Жылу жинау.* Бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлемі, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ортасынан бір адам ұйымдастырады. Бұл жәрдем – жылу жинау деп аталады. Арам жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жиналмайды. Олар: дүние-мүлкін қартаға салып ұтқызып жібергендер, зинақорлыққа салғандар, ішіп құртқандар, қоғамның, мемлекеттің дүние-мүлкін жеп қойғандар.

*Қазан шегелеу.* Жақын туыс, әзіл-қалжыңы жарасқан адамдардың үйіне екі-үш адам бірге барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Бұл олардың түстеніп, ет жеуге келгендігі. Үй иесі оған әзілмен жауап қайтарып: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік» деп қонақжайлық танытады, әйелі ет асып қонақасы береді.

*Қалау айту.* Біреудің жақсы малына, мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйдің иесіне немесе әйеліне, баласына соған лайықты бағалы бір тарту әкеліп, әлгі дүниені, жануарды «менің қалауым осы» деп сұрайды. Кейде үй иесі мұндай сыйлы, жөн-жоралғысымен келген қонаққа өзі сөз салып: «Бұл үйден қалаған бір заттың бар ма? Қалауыңызды айтыңыз» деп сұрап, қалаған заттың сыйлайды.

*Мойнына бұршақ салу.* Ертеде баласы жоқ адамдар мойнына көгеннің бұршағын салып Құдайдан перзент сұрап жалбарынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады.

Ата-бабаларымыздан мұра боп қалған салт-дәстүрлер әрдайым игі мақсаттар үшін қолданыста болған. Сол себепті оларды біле жүру, кей-кейде өмірде іске асыру да артық етпес.

Ежелден «Адам ақылымен сымбатты, ұрпағымен қымбатты» деп санаған халқымыз тұрмыс тіршілігіне байланысты дүниеге келген ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне лайықтап, шебер пайдалана білген. Ұлттық ойындарды ойын сауық, тұрмыстық, дене шынықтыру т.б. бірнеше түрде саралауға болады. Сәбиге берілетін тәрбие ісінде оны болашақ ұлтжанды азамат етіп өсіру мәселесінде, ең алдымен, «Баланы ойын өсіреді» деп тегін айтылмаған, себебі



сәби ойын үстінде дүниені таниды, үйренеді, талпынады. «Бала ойынмен өседі, дана оймен өседі», дегендей халқымыз баланың мінез-құлқының дамуында, қалыптасуында ойынның да ерекше бір рөлі бар екенін айтқан. Ойын кезінде баланың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным - қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыптаса түседі. Бала табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар. Ойын – балалық шақтың басты ерекшелігі. Ойын арқылы баланың сана-сезімі, кәсіп таңдауы, ақыл-ойы жетілетіні көрсетілген. Халықтың рухани бай қазынасының бірі, тәрбие құралы – халық ойындары. Ойын арқылы ойшылдыққа, тапқырлыққа, шеберлікке, дәлдік пен мергендікке тәрбиелеуге болады. Артық ойынның зияндылығын да көрсетіп отырған: «Көп ойласаң дана боласың, көп ойнасаң бала боласың», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», деп тоқтау салып отырған. Ұлттық ойыннан ой танымы жаттығуларын, сөздік, шешендік, тапқырлыққа машықтану көріністерін байқаймыз. Ұлттық ойындардың ішіндегі арнайы ер балалардың денесін шынықтырып, дене бітімін түзетіп, сергектігін күшейтіп, күш қабілетін толықтырып, машықтандырып, ой тапқырлығы мен шешендігін жетілдіретін, білімін байытып, біліктілігін танытатын түрлері де баршылық. Ел арасында көп тараған ойын сауық ойындарының түрлерін баланың жас ерекшелігіне қарай бөліп саралап, алуан түрлі рухани талап тілектеріне сәйкес бағыттауға болады. Ең басты міндет – ұлттық ойынның өзіндік құндылығын жоғалтпай, ойынды мазмұнды, қызықты ұйымдастыруға жағдай жасау керек, тәрбиеге де, ой санаға арналған тай жарыс, құнан жарыс, жорға жарыс т.б. баланың күшін дамытып, ерік-жігерін, денесін ширатады, бұлшық еттерін қатайтады, төзімділікке, батылдыққа, ептілікке баулиды, тез ойланып, шешімін тез табуға машықтандырады.

*Мойын арқан* – жекпе-жек күш сынасатын ежелгі халық ойыны. Жігіттер тойда, жазғы сауықта сайысқа түседі. Көгал алаң тандалады. Ұзын арқанның екі ұшы тұйықталып түйіледі. Алаңның ортасынан белгі үшін белдеу сызық сызылады. Қос қанаттан ұзындығы тепе-тең мөлшерде сайыскерлер тұратын меже белгіленеді. Сайысқа қалаушылардың бәрі түседі. Сарапшылыр олардың шама-шарқын мөлшерлеп, теңдесімен тартысқа түсіреді. Ойынды басқарушы тұйықталған арқанды сайыскерлердің мойнына кигізіп, екі саласын қолтықтың астынан өткізеді де, тартысушыларды жерге тағандатып қояды. Белгі берілгенде екеуі екі жаққа қарай тартуы керек. Дайындық шаралары біткеннен кейін бастаушы тартысқа рұқсат етеді. Сайыскерлер бірін-бірі шегіншектетіп сүйрей жөнеледі. Алаң

ортасындағы белдеу сызықтан қарсыласын шегіншектете сүйреп өткізген сайыскер жөнеледі.

*Алтын қабак (жамбы ату)* – шауып келе жатқан атын үстінен нысананы дәл көздеп, атып түсіру. Бұл ойынның нұсқалары басқа халықтарда да кездеседі. Шығу тегі әскери ойынның пайда болуымен байланысты болған, оның қажеттігі 18 ғасырға дейін сақталған. Мұндай жарыс өткізілетін мерекелерде биік бағана, болмаса ұзын сырық қадалып, оның ұшар басына нысана ретінде жамбы (күміс құймасы) ілінетін болған. Оны қылмен немесе жібек жіппен байлаған. Атпен шауып келе жатқан кісі садақпен жамбыны атып түсіріп, жеңіске жетуге тырысқан. Нысананы дәлдеудің басқа да түрлері кездескен. Мысалы, жерде тұрып, немесе ат үстінде отырып, мылтықпен атуда қолданылған. Жамбы ату жігіттерді шабандоздыққа, мергендікке үйрету де елеулі рөл атқарған.

*Тең көтеру* - ауылда, жазық жерде, көгалдың үстінде ойнатылады. Екі жақ жотоларын қабыстырып, теріс қарап тұрады да екі қолдарымен шынтақтарын қосып ілмектейді. Содан кейін бірін-бірі кезек-кезек көтеріседі. Біреу көтергенде екіншісі оның үстінде шалқасынан жатады. Екіншісі көтергенде серіктесі сол қалпында қалады. Тең көтеру ойынын балалар да кез келген жерде екі-екіден тұра қалып бір-біріне жотоларын тақап тұрып, бір-бірін арқалап ойнай береді. Бұл ойын түрінде балалар өз күштерін дамыта отырып, мықтылыққа дағдыланады.

*Саят* - халықтың қыран құстары мен жүйрік тазы арқылы саяхат жасап аңның қызығын тамашалайтын сауық. Саятшылық қыс пен күз айларында ұйымдастырылады. Көктем мен жаз айларында саятқа шықпайды. Өйткені бұл мезгілде аң да, құс та ұрпақ өргізудің қамында жүреді. Мұндайда оған зиян келтіруді қазақ аса зор күнә деп білді. Мергендік батырдың ең негізгі қасиеті болып табылады. Мергендікті дамытуда ата-бабаларымыз осындай ойын түрлерін қолданған.

Ұлттық ойын өзінше бір өмір мектебі, сол арқылы адам мінез-құлық ережелері мен нормаларын, олардың қоғамға, өмірге көзқарасын, өзара қарым-қатынасын шығармашылықпен игереді.

Жалпы, бұл ғылыми жұмыста бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Оның тәрбие-тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерін жазып шығу үлкен еңбек. Сол жұмыстың бір тамшысы ретінде ұлттың тәрбие ісіндегі салт-дәстүрі мен ұлттық ойын. Ата



дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ қазақтың тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі-өнеге тұтуға тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. Алматы. «Алматыкітап», 2006.
- 2 Смадиярова Қ. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде, 2013/12.
- 3 Ақылбай Д. Алдаспан, 2013/11-12.
- 4 Толыбеков Қ. Бабадан қалған бар байлық. Алматы. ЖШС «Қазақстан» баспа үйі – 2000. - 256 бет.

### КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІН ЖАСАУДА ТЕҢЕУДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

СЕРИКБАЕВА К. Т.

10-сынып оқушысы, «Зерде» дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

Қаламгер еңбектерінде кейіпкер бейнесін сомдауда теңеудің де алатын орны ерекше. А. Байтұрсынұлы теңеуге төмендегіше анықтама береді: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз. Теңеу екі түрлі: Әншейін теңеу, әдейі теңеу. Екеуінің арасындағы айырмасы сол: әшейін теңеу-әдетті теңеу болады, мәселен, удай ашы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сөздер-әдейі теңеу» [1, 157].

Өзінің «Қазақ теңеулері» атты еңбегінде ғалым Т.Қоңыров «Теңеу дегеніміз ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы»-дейді [2, 7].

Ғалымның жіктеуіне сүйене отырып, прозадағы, нақтырақ айтсақ, Ә.Нұрпейісов шығармаларында кездесетін теңеулерді төмендегідей жолмен көрсетуге болады:

- көру теңеулері;
- есту теңеулері;

- дәм сезім теңеулері;
- тері сезім теңеулері;
- иіс сезім теңеулері;
- сезім күй теңеулері.

Көру теңеулері арқылы кейіпкердің бойындағы, тұлғасындағы ерекшелігін танымыз. Мәселен, Сүзетін бұқаша басын бауырына алып, бұған тұздай көк көзінің астынан кірпік қақпай қала қарап, жақындай берді. Сүзетін бұқаша, тұздай тәріздес жазушы қолданысындағы теңеу түрлерін алуға болады. Негізінен, жазушы шығармаларындағы кездесетін теңеулерді кейіпкер бейнесін беру ерекшелігіне қарай, суреттеу қызметіне қарай тағы да екі топқа бөлеміз. Олар: адамның жеке мүшесіне қатысты және көңіл-күйіне қатысты теңеулер деп бөлінеді. Мәселен, «Іші тартылып қалған жарау аттың кеудесіне ұқсас, тынысы мол кең кеудесіне онша көп үйлесе қоймайтын шошақтау келген кішкене басы сомдап соққан жұмыр темірге орната салған секілді», «Тоят іздеген бүркіттей», «бытыр еткізе түсіретін бүркітке ұқсап», «мойын емес, темір дерсін», «сурет секілді», «үлкен обаға ұқсап» т.б.

Теңеулерден кейіпкердің сыртқы бейнесін анықтасақ, «итше ырылдасып қайтемін», «қызғыштай қорыған», «ысқырған жылан секілді», «тышқанның арыстанға шапқаны секілді», «көктемде бұрқырап аққан Сарысу секілді алып кетеді, ағызып кетеді. Шілденің аңызға секілді қуартып кетеді, күйдіріп кетеді» .

Бұл келтірілген теңеулер кейіпкердің мінез ерекшелігін көрсетіп, ішкі сезімін-көңіл күйін сездіреді. Жазушы қолданысындағы теңеулер өзгеше өрнектер тудырып, шынайы суреттер жасайды. Халық арасында ерте кезден қалыптасып, құлаққа сіңімді болып кеткен бұл теңеулердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Ал автор көбіне-көп теңеулерді ыңғайлап алған. Мәселен, «Итше ырылдамаймын, немесе тышқанның арыстанға шапқаны секілді» деген теңеулер – авторлық теңеулер. Жазушы қолданысында ерекше мәнге ие болған. Осы тәріздес қолданыс түріне белгілі қаламгер М.Әуезов: «Жеке сөз өзінің орны мен сәтін тапқан шақта жаңаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп, жанданған сөздің демі, лебі білініп, тың тірлік етіп бал-бұл жанып тұрады. Ол көп қолданылатын өлі болып кететін сөз емес, қызықты, ыстық лепті қайнар сөз болады», -дейді [3,84].

Авторлық теңеулерге мысал келтіретін болсақ,

Қара тырыспай жылы жастай өлген ағасының үлбіреп отырған уыздай келіншегін ағайындары зорлап бұған алып беріп еді.

Үлбіреп отырған уыздай- халықтық теңеу. Яғни трилогияда халықтық теңеулер де орнын тауып қолданылған.

Демек, жазушы қолданысындағы теңеулер өзінің жеке дара ойларынан қорытылып шыққан ерекше мәні бар, өзіндік орны бар теңеулер болып танылады.

Жазушы қолданысындағы көріктеу құралдары ерекше реңк беруімен қатар, оның шеберлігін, сөз қолданудағы өзгешелігін де білдіреді.

Шығармада кейіпкерлер бейнесін жасауда теңеудің алатын орны ерекше.

Мысалы, Бет ұшындағы қара меңі енді мүлде айқын, көз қарашығындай мөлдір қара ноқатқа айналған.

Бірі – кірпішешеннің инесіндей тікелейтіп шаш қойған, қалқан құлақ қара жігіт, ал екіншісі тым жүдеу, жақ еті суалған, сонысына қарамастан осы жақтың әйелдерінің салтын сақтап, көк жаулық, оның үстіне қоқырайтып шаршы тартқан қарт адам..

Теңеу - көнеден келе жатқан көріктеуіш тәсілдерінің бірі. Сөзге шешен қазақтар ауызекі сөйлеу барысында да теңеуді жиі қолданған.

Қаламгер шығармаларында теңеуді:

- екі затты салыстырып көрсету мақсатында;
- айтылар ойды әсерлі ету негізінде;
- кейіпкердің мінез-құлқын көрсету үшін;
- іс-әрекетті айқындау мақсатында жұмсайды.

Сонымен теңеудің стильдік қызметінің өзгешелігі жөнінде З.Ахметов: “Әдетте теңеу туралы сөз болғанда, салыстыру үшін не нәрсе алынды, қандай нәрсемен салыстырылады, соған көп мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Екі нәрсені теңестіруден, олардан артық сипат-белгі табудан қандай мағына туып, қандай ой аңғарылады, қандай сезім-әсер жалғастығы (ассоциация) пайда болады – міне, осы толық ескерілуі керек”, - дейді [4, 15].

Ақын-жазушылардың көпшілігі теңеудің қызметіне сүйенеді. Теңеу прозада да, поэзияда да стильдік қызмет атқаратын, әрі жиі қолданылатын тілдік құрал болып табылады. Мысалы, Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, жазушы теңеулерді бірдей кейіпкерлердің кескін – келбетін, бет пішінін, сыртқы көрнісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, бірде кейіпкердің мінез – құлқын, көңіл – күйін, ішкі сезімін ашуда таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады.

“Қанды жүзі қан қатқан, тот басқан жалпақ алмас пышак секілді” (Оянған өлке, 76)

“Жалпақ жаурыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады; астында сар қасқа аты бар, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, киіктей ыршып келеді” (Оянған өлке, 87).

Прозада кейіпкерлердің көңіл – күйін, ішкі сезімдерін ашатын төмендегідей теңеулер кездеседі.

“Нұрсыз көзі бозарып, қорыққан қояндай алайып, ұясынан шығып барады” (Оянған өлке, 68).

Ал Ә.Нұрпейісов шығармаларында да теңеу оқырман сезіміне суреттелер затты өзге нәрсеге ұқсату арқылы бейнесін әсірелеп жеткізу құралы ретінде т.б. қызметтерде жұмсалады. Мысалы,

Анау шоқы аяғының ұшынан басып, аспанға қарай мойнын созғанда талғар бар ауыр тұлғасымен тұтас көтерілген сияқты.

Қазақ тілінде теңеуді жан-жақты зерттеп, ғылыми тұжырымдама жасаған ғалым Т.Қоңыров теңеудің жасалу жолдарын жан-жақты зерттеп, тоғыз түрін көрсетеді [2].

Әдебиетші З.Қабдолов теңеуді шығарма мазмұнын құнарландыратын көріктеу құралдары деп санайды [5, 212].

Ә.Нұрпейісов шығармаларында теңеулер қаламгердің шеберлігін, тілінің байлығын, орынды сөз ұйқастыру тәсілдерін айқындаған.

Сонымен, адам сезімін, көңіл – күйін, психологиялық халін суреттеуде теңеулердің атқарар ролі ерекше. Мысалдардағы кейіпкерлердің күйін, өкінішін, аянышын, ызасын, қорлық пен зорлығын, жиреніш сезімдерін жинақтап жеткізген.

Біз қарастырып отырған көркем әдебиетте: Аш иттей әр үйді бір торып, әр қораны бір тіміскілеп шетке шыққанға ауыз салып жүрген аштық біздің үйге аранын ашып келе жатты .

Автор дерексізді деректендіріп, жан бітіріп көрсеткен.

Мұз үсті шахмат тақтайы секілді. Адамды жұтар ажал аузындай болып, ойдым-ойдым үңірейіп көрінген үлкен қара тесіктер көкшіл мұзбен жиі алмасады. Солардың қарауытқан арғы тұңғыық тереңінде, заманша зырлап аққан балық көзді бұйра-бұйра ағын су жылтырап, өзінің жылуы жоқ салқын әрі нұрсыз сәулесін тітіреген жүрекке қанжарша сермеп, өн бойынды сескендіреді .

Мұз үстіндегі кейіпкердің сезімін мұз ойықтарын ажал аузына теңеу арқылы, мұз астындағы судың солғын сәулесінің қанжарша сермелетіндігі арқылы жеткізіледі.

Көк ауысып жерге түсіп, жер ауысып көкке шығып кеткен секілді.

Теңеулер адамның сезімдерін, өзіндік көзқарасын білдіру үшін қолданылған. Мұндай теңеулер көбінесе секілді, бейне, ұқсап, сияқты сөздері арқылы жасалған.

Келіншек үндеместен зып беріп төргі бөлмеге кіріп кетіп еді, төбедегі аспалы шамнан түскен сәулеге жаңағы келіншектің аппақ балтыры шағылысып, тұра қашқан ақ бөкеннің таңындай бір жарк етті де, көзден ғайып болды...

Еламан қара тас сияқты, не дерге сөз таппай түйіліп тұр. Әр қаһарманның бір сәттік кезін ішкі сезімімен байланыстырып, қара тас сияқты теңеумен көрсеткен. Бұл арада автор қара – эпитетті, тас сияқты – теңеуімен қабат алып, бірнеше көріктеу құралдарын біріктіре жұмсаған. Тас сияқты сөзін қара сөзі әсерлендіре түседі.

Кейіпкерлердің қимыл-әрекетін теңеулер арқылы бейнелейді:

Темір келгенше Құдайменде ұлық алдында «тақсыр-тақсыр» дегеннен басқа түк айта алмай, сақау кісіше өзара ымдасып қана отырған.

Көне заманнан қазақ елі теңеуге жұп етіп, малды, құстарды немесе ұлттық танымға байланысты атауларды алады. С.Шаймерденов шығармаларында кездесетін теңеулерде осы тәріздес болып келеді. Мәселен,

- Тоның не? Атан түйедей бола ма, соны айтсаңшы.

Ол тоят іздеген бүркіттей комданып алыпты .

Жазушы кейіпкердің әдетін, қалыпты күйін теңеулер арқылы береді:

Амал бар ма, тасыған көңіл судай басылды.

- табиғатты суреттеуді кейіпкер сезімімен ұштастыруда қолданылған теңеулер:

Аспан мен кең жазықтың көз жетер шетінде ғаламат бір күш тегеуірінімен көкке шапшып барып, бұрқылдай қайнап, асыла қатып қалған су толқынына ұқсайды.

Сұр күйін лезде аппақ боп белі ирелендеп ұзарып шыға келді. Төбенің басына шығып ап, жынша құтырып, өз қылығына өзі мәз боп ойнақтап кетті. Құйын әуеге қарай өрлеп, ирелендеп тұрды да, кенет әйел жаулығын ала қашқан баладай жалт беріп, бермен қарай салды.

«Проза тілінде кез келген екі құбылысты алып, салыстырып, бір-біріне теңей бермеген, әрбір теңеу шығарманың идеялық, соған орай эмоциялық мазмұнына байланысты құрылған», - дей келе

зерттеуші Ж.Қоңыратбаева қазақ көркем прозасындағы тұрақты теңеулердің қолданылу мақсатын:

«- теңеу негізді фразеологизмдер, ең алдымен, кейіпкерлердің бет-пішінін, сыртқы тұлғасын жасау үшін қолданылады;

- проза тілінде кейіпкерлердің тұлғасын, қасиет-қарекеттерін беруде фольклорлық персонаждармен келген тұрақты теңеулер;

Адам сезімдерін, ішкі психологиялық халін, әсерлері мен ойларында нақтыландыру амалы ретінде пайдаланылады,

- кейіпкердің іс-қимылын, әдетін бейнелеуде жұмсалады»[6, 88-92], - деп топтап береді.

Біз қарастырып отырған көркем проза тіліндегі тұрақты теңеулердің стильдік қызметін осы жіктеуге сәйкес талдауға болады. Мысалы, автор тұрақты теңеулердің стильдік қызметін кейіпкердің іс-әрекетін бейнелеуде пайдаланады.

Темірке кенет қан исін сезген кәрі жыртқыштай дүр сілкініп, басын көтеріп алды.

Адамның ішкі толғаныс, қуаныш, күйініш т.б. сезім иірімдерін жеткізудегі қызметіне мысал келтірер болсақ,

Темірке әлі де болса күйген терідей бүріскен күйі.

Осыған дейін бір ашып, бір жұмып отырған шүңірек көздің жанарына шоқ түскендей жарқырап кетті.

Кейіпкердің іс-қимылын білдіру мақсатында автор қызғыштай қору деген тұрақты теңеуді жұмсайды.

- Қызғыштай қорығаны қалай?.

Тұрақты теңеулер шығарманың өн бойында белгілі мақсатта жұмсала отырып, көркем прозаның тіліне дәлдік, айқындық, табиғилық, әуезділік, бейнелілік т.б. береді.

Қазақ халқының ертеден қалыптасқан салт-дәстүріне, жоралғысына қатысты алынған теңеулер арқылы кейіпкерлердің дүниетанымы, сөйлеу ерекшелігі, ұғымы көрінеді. Мысалы, Кенет мына кісінің ат құлағын қаққандай қос тізесіне көзі түскенде құман ұстаған қолы қалтырап қоя берді.

Прозада әдеттегі ауылдың өмірінде кездесетін ауызекі сөйлеу түрі де қолданылған. Қарапайым ауыл адамының өзіне тән мінез, сөйлеу ерекшелігін күшейту, әсірлеу мақсатында қаламгер тойған қозыдай, текенің мүйізіндей, табаны күректей теңеулерін қолданған. Бұл сөздер арқылы әрі суреттеу, әрі кейіпкер мінез өзгешелігін жазушы шебер көрсеткен. Автор тарапынан мысқылдау, келемеждеу де бар. Мәселен, текенің мүйізіндей, табаны күректей теңеулері астарлы түрде беріліп, жазушының кекесінін жеткізіп

түр. Келемеждеуді әсерлі етуде теңеулер белсенділік көрсетеді. Кейіпкердің бір сәттегі сезімін, тұрмыс-тіршілігін суреттеуде теңеудің қызметін пайдаланады.

Табиғатты суреттеуде теңеу ұтымды жұмсалып, бейне жасауға қызмет етеді.

Мысалы, Іркес-тіркес кесе тұрған ақ жолдар ми қабығының тарамдарындай болып әр түрлі бейнелер жасайды .

Қол шанының соңында тартылған сымдай болып, ап-айқын жіп-жіңішке қос сызық қалады .

Ми қабығының тарамдарындай – теңеуі шым-шытырық болып таралып жатқан жол тармақтарын дәл басып бейнелесе, тартылған сымдай болып – теңеуі жолдың айқындылығын береді.

Теңеулердің жасалу жолын зерттеген ғалым Т.Қоңыров: «Бүкіл қазақ теңеулерінің 70%-дан астамы -дай/-дей/, -тай/тей/, -дайын/дейін/, -тайын/-тейін тәсілі арқылы дүниеге келетін» [2, 20] деп тұжырымдайды.

Ө.Нұрпейісов шығармаларындағы теңеудің жасалу жолдары килы тәсілдерден тұрады.

-дай //-дей, -тай //-тей жұрнағы арқылы жасалған (кірпі шешеннің инесіндей, қара өрттей, сендей соғылысқан, оттай, сойталдай, ағаштай т.б.) теңеулер жиі ұшырасады;

-ша //-ше жұрнағының көмегімен жасалған (тамыршыша, жылқыша, елікше) теңеулер кездеседі;

Ұқсап, бейне, сияқты секілді сөздерінің тіркесуімен жасалған (бейне бір жылан, өлген қойдың жамбасына ұқсап, жер бетінің меңдері секілді, т. б.) теңеулер қолданылған.

Қаламгер шығармаларында теңеудің күрделенген түрлері кездеседі. Теңеудің мұндай түрін қолданудың стильдік маңызы да бар. Күрделенген теңеулер – кейіпкердің мінез-құлқын, кескін-келбетін эмоциялық тұрғыда көрсету үшін жұмсалған тілдік құралдар.

Т.Қоңыровтың теңеулер жөніндегі пікірлеріне сүйенсек, онда күрделі теңеулер жөнінде: «Өзінің структурасы жағынан күрделі теңеу - жалаң теңеуге қарама-қарсы құбылыс. Мұнда не образ немесе жай теңеу, екеуі де өздеріне бүтіндей күрделі ұғымын негіз етіп алады да, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделген, шытырман суретке құрылған, эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті теңеулік образдар жасалады. Осындай күрделі ұғымның нәтижесінде жаңа заттар мен құбылыстарды былай қойғанда, ескі бұрыннан белгілі заттар мен құбылыстардың өздері жаңа сипатқа ие болып жаңа қырларынан көрінеді,-дейді [2, 21].

Кірпікшешеннің инесіндей тіктейтіп шаш қойған, бір мезгілде тасқұдайға ұқсап, қара шыбын сияқты, шоқ ағаштар бейне теңізде жүзген ғажайып кемелерге ұқсап, т.б. теңеулер белгілі бір затты немесе кескінді суреттеуге арналған.

Қазақ прозасындағы тұрақты теңеулер қолданысының бір ерекшелігі – оның кеңейтілген, күрделенген, тіпті сөйлем тәрізді болып келетіндігінде. Жоғарыдағы мысалдар соның айғағы.

Сонымен қорытар болсақ:

- қаламгер шығармаларында жай теңеуден басқа күрделенген теңеу түрлері жиірек қолданылған;

- көбінесе теңеу түрлері эпитетті теңеулер болып келеді;

- теңеулер қазақи нанымдар мен сенімдерге негізделген.

Авторлық теңеулермен қатар қолданылған сөйлеу тілінде кездесетін тұрақты теңеулер шығарма тілін көріктендіріп, ажарлай түскен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А.Шығармалары. Алматы, 1989.-302 б.
- 2 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978.- 192 б.
- 3 Әуезов М.Әр жылдар ойлары. -Алматы, 1959.-556 б.
- 4 Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Алматы, 1996.-240 б.
- 5 Қабдолов З. Сөз өнері -Алматы, 19837 -2316
- 6 Қоңыратбаева Ж. Тұрақты тіркестердің бейнелік сипаты // Қазақстан мектебі.-1999.-N10 .

#### МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫРЫ, ӨР РУХТЫ АҚЫНЫ

СЕРІК И.

6 – сынып оқушысы, Қызылжар жалпы орта білім беру мектебі,  
Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Қазіргі заманның басты талабының бірі- біздің халқымыздың тарихын, ата-бабаларымыздың мындаған жылдар бойы тәуелсіздік үшін күрестің маңызын халықтың санасына жеткізу. Осыған байланысты еліміздің тарихи тұлғаларының өміріне, іс-әрекеттеріне тарихи рөліне оқушылардың қызығушылығын арттыру қажет. Тарихи тұлғаның өмір жолының мәнін ашу - болашақ ұрпақтың тәрбиелеу саласында маңызды іс деп санауға болады.



Махамбет Өтемісұлы- бастан - аяққа дейін қасында жүрген, жаумен жауласып, даумен дауласып, өлімге басын қиған Исатайдың қанды көйлек жолдасы. Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көнілін аударып ертетін адамның түрі болған. Исатай ақсақалдармен, бас адамдарымен кеңесіп отырғанда, Махамбет айналасындағы үйлерге, ауылдарға қыдырып жүріп өлең айтып, домбыра тартып, жұртты қыздыратын. Махамбет мінезі сотқар, қалжың қой, бетін - көзің демей ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған.

Махамбет Өтемісұлы (1803-1846) - Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің көсемі әрі жалынды жыршысы, халқының азаттығын көксеген күрескер, ел бастаған батыр, қазақтың өр рухты ақыны.

Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында туған. Бала кезінен мұсылманша, орысша білім алды. Әкесі Өтеміс елге ықпалды би болған. 1824-1828 жылдары Орынбор қаласында Жәңгір ханның ұлы Зұлқарнайынның қасында болды. 1829 жылы Махамбет Ішкі Ордаға Жайықтан жасырын өтті деген айыппен ұсталып, Қалмыков бекетіндегі абақтыға 2 жылдай қамалды. 1831 жылы түрмеден қашып шықты, бірақ артынша ақталды. 1834 жылы Исатай батырмен бірікті. Осы жылы маусымның 9-ында Жәңгір хан Махамбетті өз жағына тарту мақсатында старшын лауазымын ұсынды.

Жер мәселесі, жайылымның тарлығы, орыс империясының қазақ хандығын жою мақсатындағы іс-қимылдары, сондай-ақ Жәңгір ханның жерді туған-туыстарына бөліп беруі мен ел билігінде қайын атасы Қарауылқожаға үстемдік берген астамшылық әрекеттері көтерілістің тууына себепші болды. Қарауылқожа мен Исатай - Махамбет арасындағы тартыс өршіп, наразылық үлкен қозғалысқа айналды. Исатай атынан жазылған «Әй, Махамбет, жолдасым!» атты ақын толғауы, ондағы «Хан баласы жылады-ай, Жанымды қи деп сұрады-ай» деген жолдар хан ордасын қоршауға алған соғыс күндерінің шындығын сипаттайды. Осы жылдың қараша айында көтерілісшілер Бекетай құмында өздерінен күші әлдеқайда басым Гекке әскерімен соғысып, жеңіліс тапты. Бұл оқиғалар ақынның «Соғыс» жырында бейнеленсе, «Жабығу», «Ереулі атқа ер салмай» туындыларында жеңілістің күйзелісті күйі шертіледі.

1838 жылы шілденің 12-інде Ақбұлақ бойындағы шайқаста Исатай қазаға ұшырап, Махамбет Хиуа жақта 2 жылдай жасақ жинауға әрекет жасады. Бұл ниетінен нәтиже шықпаған соң

Бөкей ордасына жасырын өтіп, ел ішін паналады. Ақын өміріндегі ауыр да сүргінді жылдар жалғасып, 1841 жылы наурыздың 4-інде белгісіз біреулердің көрсетуімен Тілеков деген қазақтың үйінде отырған жерінде қолға түсті. Орал әскерінің 40 адамнан құралған жасағы үй иесі мен Махамбетті тұтқындап, Қалмыков бекетінде 2 апта түрмеде ұстады, кейін Орынборға айдады. Орынбор генерал-губернаторы Махамбет ісін әскери соттың қарауына тапсырды. Сот 1841 жылы шілденің 7-інде «бүліншілікке» тағы араласса, қатаң жазаланасың деген үкіммен тұтқыннан босатып, шекарадан өтпеуді қатаң ескертті.

1841-1845 жылдар аралығындағы Махамбет өмірі туралы деректер тым аз. 1845 жылы ол баласы Нұрсұлтанды оқуға орналастырмақ ниетпен Орынборда болды. Шекарадан өтуіне байланысты генерал-губернатор істі қайта қозғаса, Кіші жүздің батыс бөлігінің әкімі Б.Айшуақов та ақынды қудалауын қоймады. Ол ақынның басына 1000 сом тігіп, оны ұстау үшін арнайы адамдардан құралған қарулы жасақ жіберді. Махамбет Хорунжий Тұрымұлының қолынан қаза тапты.

Махамбеттің шығармашылығы. Махамбет пен Исатай.

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «Мұнар күн» жырында ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақтың баласы», «Қара нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі - сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді ол отты жырларында.

Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы - Исатай Тайманұлы. «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды.

Оның «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» арналған өлеңдері патшаның жергілікті билеуші өкілдері - хан-сұлтанға қарсы жазылған, олардың бет пердесін ашатын жырлар болды.

Ақын өлеңдерін дәстүрлі үлгіге негіздей отырып, түр, мазмұн, жағынан байыта, жетілдіре түсті. Лирикалық өлеңдері көбіне толғау, жыр, терме түрінде жазылды. Исатайға арналған өлеңдерінде жоқтау сарыны басым. Оның шығармалары қазақ поэзиясының сатира, элегия, монолог, арнау жанрларының қалыптасуына, стилінің дараланып, поэтикалық тіл құралдарының артуына, философиялық тереңдіктің орнығуына үлес қосты. Халық нақылына құрылған философиялық толғаулары мен жігерге толы ерлік жырлары, жауынгер рухты биік өлеңдері оның шығармашылығын жоғары деңгейге көтерді. Махамбет жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті. Ақын жырлары орыс, араб, парсы сөздерінің көп кездесіп, шағатай тілінде жазылуымен ерекшеленеді. Ол жыраулық поэзия дәстүрін шебер дамыта отырып, қазақ өлеңінің табиғатын жаңартты.

Заманында Кіші жүздегі батырлардың бәрі де Исатайға жолдас болған. Бас - басына бұларды тексеруге мағлұматымыз жетпейді. Тек – азды көпті хабарымыз бар бірнеше бас жолдастары туралы ғана айтпақшымыз. Алдымен Махамбет туралы. Өтемісұлы Махамбет батыр – бастан - аяққа дейін қасында жүрген, жаумен жауласып, даумен дауласып, өлімге басын қиған Исатайдың қанды көйлек жолдасы. Махамбет беріш руынан, Жайық арасынан. Махамбеттің атасы - Өтеміс, Өтемістің атасы – Құлмәлі. Мәлі деген кісі жауда қолға түскен тұтқын екен. Жайық беріш Тумаш деген адамның балалары еншілес қылып алған. Өзін - өзі қызылбастың Нәдірші деген патшасының тұқымымын дейді екен. Құлмәлі деген бұл күде Гурьев уйезінде Тайсойған деген жерде бір бөлек ел. Құлмәлінің тұқымында би де, батыр да, шешен де, әулие де шықты деп қазақтар ұлықтайды.

Өтеміс Айшуақтың, Бөкейдің заманында қазақтың қабырғалы биінің бірі болған. Махамбеттің Бекмағамбет деген ағасы Жәңгір ханның орда биінің бірі болған, ханды жақтап, Исатай мен Махамбетке қарсы болған. Махамбеттің өзінде жас кезінде Жәңгірдің нөкерінде екен. Исатай ханға қарсы бола бастағанда – ақ Исатайға еріп кеткен. Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. өте қызулы адам екен. Әдіс, шеберлікке кем болса керек. Бағыт алған жағынан тайынбайтын қасарыспа ер екен.

Исатай жұртты ақылмен, дәлелмен, түрлі әдіспен соңына ерткен адам болса, Махамбет көпті қыздырып, көңілін аударып ертетін адамның түрі болған.

Исатай ақсақалдармен, бас адамдармен ақылдасып кеңесіп отырғанда, Махамбет айналасындағы үйлерге, ауылдарға қыдырып жүріп өлең айтып, домбыра тартып, жұртты қыздыратын еді дейді – мыс. Махамбет мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің – көзің демей ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған. 1838 – інші жылы қауыстың 23- інші күні Бөкейлікте Бекайдар деген жерде Исатайды отыз жолдасымен орыстың отряды қамайды<sup>24</sup>. Махамбет жолдасымен мылтық атып, садақ атып, найза жұмсап отрядты қайырып, Исатайды екі жолдасыменен шығарып жібереді. Исатай құтылған соң Махамбет жолдастарымен орыстан қашады.

Қуғыншылар соңынан қалмай қуып, Махамбетті ұстауға таянады. Сонда Махамбет астындағы бұлық көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамығын жықындап қалған қуғыншылардың көзіне шашып жіберіп, құтылып кетеді. Махамбеттің мінезі Исатайдікі секілді көптің басын құрастырып, бүтін елді соңынан жүргізетін мінез емес, Махамбет жақсы үндеуші (әгітетірі), жақсы бастықтың қолында өте ыңғайлы қолбасы. Ананы – мынаны істеп келге табылмайтын адам. Махамбеттің осындай екендігі тарихты тексергенде, елдің аузындағы әңгімені тыңдағанда көрініп тұр.т

Исатай өлгеннен соң – ақ, Махамбет көпті ерте алмады. Исатайдың құрастырған елінен айырылып қалды. Бұған Исатайдың өлімі себеп болды. Көптің тауы қайтты. «Жорықтың алды оңбаған, арты оңбас» деген пікір жұртты менгерді.

Махамбеттің мінезі де, Кенесарының жолдасы Наурызбайдың мінезі де тексере келгенде бір – біріне ұқсас келеді. Екеуінде де ерлік бар да, көпті ертетін тәсіл аз.

Рушыл, ата – текті сыйлаған қазаққа Махамбеттің Құлмәлінің немересі болғандығы да, әсер берсе мүмкін.

Махамбеттің жыраулығы күшті болды. Махамбеттің сөзі көп болған. Көбі жойылған. Ел арасында сақталған сөздерінің бар қатарын осы кітапшада келтіріп отырмыз. Махамбеттің сөзінің ішінде ел ішіне көп жайылғаны – Баймағамбет сұлтанға айтылғаны. Әлімұлы, байұлы, жетірудың арасында осы өлең көп жайылулы. Біздің қолымызда ел ішінде жайылған осы өлеңнің бірнеше нұсқасы бар.

Айтушылардың көбі бірақ Махамбеттің түрлі сөзін қосып шатастырып айтқан. Жетірудың ішінен жиылған нұсқаларда қатарлар өте көп, кейбір жерлерінде сөздің негіздерін өзгертіп жіберген. Біздің бастырып отырғанымыздың негізіне Мұрат ақыннан естіп

едім деп, Шөрекұлы Ығылман ақынның жазып бергені алынды. Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып құрастырғанда, бабтарға бөлгенде сөздердің орны аумасып кетуі мүмкін.

Бала күнінен осы сөзге құлағы қанық Махамбеттің еліндегі ақсақал, қарасақалдары біздің келтіріп отырған өлеңімізді дұрыс дейді. Ісін аяқтаймын деп Исатайдан кейін Махамбет біраз әуре болып жүреді. Бірақ елді біріктіре алмайды. Исатайдың жолдастары, оның ішіндегі Махамбет секілді бастықтарын ұста деген үкіметтің қатты бұйрығы шыққан.

Махамбет ел ішінде жүре алмайтын болған. Махамбет ақыры ұсталуына көзі жеткен соң, байұлының адамдары басы Үбі, Байнақ дегендер болып, Махамбетті зорлап Баймағамбет сұлтанға алып барады. Баймағамбеттен үкіметке ұстап бермейтін қылып, ел ішіне жүре беруіне рұқсат алып береді. Билердің сөзін қабылдаған соң, Баймағамбет батырды үйіне шақырып танысады. Батыр үйге қару - жарағын тастамай кіреді. Баймағамбет батырдан «бір – екі ауыз өлең айтыңыз» деп өтініш қылады. «Менің сөзім сізге жақпас» деп батыр айта қоймайды. Баймағамбет қайта – қайта өтініш қылады. Сонда Махамбет Исатайды жоқтап, Байекені боқтап, белгілі өлеңін айтады. Байекенің қасындағы жас төрелер батырдың сөзіне ашуланып қызған екен, «Бұлай айтпаса Махамбет батыр бола ма, батырдың сөзін көтермесем мен хан болам ба?» деп Байеке оларды тоқтатыпты – мыс. «Ұялғаннан кірерге жер таба алмадық. Ханның бетіне қарай алмадық, кеткенше асық болдық» деп еріп барушылар талай айтқан екен – мыс.

«Сөзімді жаратпай, бірдеңе істейін десе, со жерде Байекені қасындағы жолдастарымен жарып тастайын деп отыр едім» деп Махамбет соңынан айтыпты – мыс. Махамбет бұлай қылмайды деп ешкім ойламаған, Байеке де бұны сезсе керек. Байекеден қайтқан соң Махамбет Оралдағы ағайындарының арасында жүреді. Үкіметке, хандарға қарсы елді азғыруын қоймаса керек. Бір күні үйіне бір бөлек адаммен досы Ықылас келеді.

Қонақ болып отырып Ықылас Махамбетті өз қылышымен басын кесіп алады. Ықыластың ру тама, жабал бөлімінен, тұқымдары осы күнгі Орал уезінде Бөрлі болысында. Ықыласты азғырып өлтіруге жұмсаған Баймағамбет деп айтады – мыс. Батырдың басын апарып бергенде Байеке Ықыласқа айтыпты – мыс: «Өлтір деп жіберген жоқ едім, тірілей ұстап әкел деп едім, басын алып кет» деп. Махамбет қырық екі жасында 1845 – інші жылан жылы өлді. Сүйегі Ілбішін уезіндегі Дендер деген жердің күншығыс жағындағы Қараой деген

жерде. Бір жылдан соң Ықыластың көмген жерінен ағайындары Махамбеттің басын ұрлап әкеліп, денесімен бірге көмген.

Махамбет ақындығына қатар шебер күйші болды. Оның 11 күйі 1982 жылы «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен жарық көрді.

Ақын өлеңдерінің халық арасына тарауына Ш.Жарылғапұлы, Қуан ақын, кішкене Қобыланды, Кубала, Лұқпан, Мұрат, Ығылмандар көп еңбек сіңірді. Алғаш 1908 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Мұрат ақынның Ғұмар қажы оғлина айтқаны» атты жинақта Махамбеттің 100 жолдан астам 2 толғауы басылды. Ғ.Мұштақ құрастырған «Шайыр яки қазақ ақындарының басты шығармалары» жинағында Махамбет толғауынан үзінділер берілді. 1939 жылы Қ.Жұмалиев ақын өлеңдерінің жинағын шығарды. 2003 жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде кең түрде аталып өтіліп, 4 томдық жинағы жарыққа шықты. Интернетте Махамбет сайты ашылды. Астана қаласындағы оқушылар сарайына ақын есімі берілді. Ресейдің «Выборг кеме жасау зауыты» ААҚ Қазақстанның тапсырысы бойынша «Махамбет» атты мұнай құю танкерін жасап шығарып, суға түсірді. Атырау облысында Махамбет атындағы аудан, ауыл, көше бар. Ақын қайтыс болған Атырау облысының Индер ауылынан 40 шақырым жерде кесенесі тұрғызылды. Белгілі антрополог Ноэль Шаяхметов Махамбеттің бет-бейнесін жасап шығарды.

Қорытынды. Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды.

Ақын өлеңдерін дәстүрлі үлгіге негіздей отырып, түр, мазмұн, жағынан байыта, жетілдіре түсті. Лирикалық өлеңдері көбіне толғау, жыр, терме түрінде жазылды. Исатайға арналған өлеңдерінде жоқтау сарыны басым. Оның шығармалары қазақ поэзиясының сатира, элегия, монолог, арнау жанрларының қалыптасуына, стилінің дараланып, поэтикалық тіл құралдарының артуына, философиялық тереңдіктің орнығуына үлес қосты. Халық нақылына құрылған философиялық толғаулары мен жігерге толы ерлік жырлары, жауынгер рухты биік өлеңдері оның шығармашылығын жоғары деңгейге көтерді. Махамбет жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті. Ақын жырлары орыс, араб, парсы сөздерінің көп кездесіп, шағатай тілінде жазылуымен ерекшеленеді. Ол жыраулық поэзия дәстүрін шебер дамыта отырып, қазақ өлеңінің табиғатын жаңартты.

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ТҮС АТАУЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҰҚСАСТЫҒЫ

СҮЙІНДІК Т. О.

10-сынып оқушысы, «Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-  
балабақша оқу-тәрбие кешені» КММ, Теңдік ауылы

МАЗУЛОВА Ж. Ж.

орыс тілі мұғалімі

Қазіргі кезде ғаламдық жаһандану, яғни әлемдік білім беру кеңістігіне ену процесі жүріп жатыр. Президентіміз Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясын ұсынды. Яғни, біздің болашақ ұрпағымыз өте білімді, заман талабына сай жан-жақты дамыған, мәдениетті болуы қажет. Ал жан-жақты дамыған тұлға тек берік біліммен қаруланып қана қоймай, қазіргі заман талаптарына сай бірнеше шетел тілдерін меңгеруі тиіс.

Үштілділік-заман талабы. ЮНЕСКО ХХІ ғасырды полилингвизм ғасыры деп атады. Біздің болашақ ұрпағымыз шет тілін үйреніп қана қоймай, сол тілді тудырған халықтың мәдениетін өз халқының мәдениетінен кем білмеуге тырысу керек.

Зерттеу жұмысымыздың тақырыбы өзекті деп санаймын, өйткені орыс тілін жан-жақты меңгеру, сөздік қорын байыту және екі тілдегі мақал-мәтелдерді қолдануға дағдыландыру мен тәрбиелік маңыздылығын түсіндіру болып табылады.

Бұл зерттелген жұмыстың нәтижесін әдістемелік құрал ретінде және сөздік түрінде оқушылар мен ұстаздар қолдануға болады.

Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасалып, ерекшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі мақал-мәтелдер.

“Мақал-мәтел-сөз мәйегі”, “мақал-сөздің мұнарасы”-деп, қазақ халқы ауыз әдебиетінің асыл жанрына аса құнды баға берген.

Мақал-мәтелдер-ұзақ жылдар бойы халықтың іс-тәжірбиесінен түйінделген даналық жемісі. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінде халықтың өмір сүру барысындағы тәжірбиесі, көңілге түйген ақылының кені жатыр.

Тегінде мақал-мәтелдер қай халықтың да жан дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тіршілігінің айнасы; ол сол халықтың сөздік қорының байлығын танытып қана қоймайды, оның уақыт озған сайын құны артпаса арзымас қазына екенін де сездіретін белгісі.

Кез-келген халықтың мақал-мәтелдеріне анық көрініс беретіні ертеден мәлім. Ал басқа тілдегі мақал-мәтелдерді біліп, түсіну-бұл тілді жақсы меңгеруіне көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар басқа халықтың ой-бейнесін және мінез-құлқын түсінуіне көп үлес қосады, дәнекер болады.

Тіл мүмкіншілігін мейлінше кең пайдаланып, ылғи толығып, толассыз дамып отыратын осы қазынамыз түс атауларын да мол қамтиды екен. Дегенмен, мақал-мәтелдердің түс әлеміне қатыстығын сөз еткенде айта кетер жағдайлар да бар. Солардың бірі – мақал-мәтел жасаушы түске қатысты тіркестердің көбі өздерінің түстік мағынасында қолданылмайды. Олай болса орыс және қазақ тілі сабақтарында орыс халқының мақал-мәтелдерін қазақша және қазақ халқының мақал-мәтелдерін орысшаға аударып, оларды мағынасы сәйкес, тіпті мағынасы бірдей мақал-мәтелдермен салыстыру арқылы қос тілді меңгерту тиімді нәтиже берері хақ.

Әрбір тілдегі түс атаулары-белгілі бір заттың сапалық сынын ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ белгілі бір халықтың мәдени өмірі мен тарихынан, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан мол мәлімет беретін күрделі категория. Сондықтан да түс атаулары әр халықтың дүниетанымында өзіндік орын алады, олардың жасалу жолдары мен тілде қалыптасуы да әртүрлі.

«Түс» түбірінің мағынасын «қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» «түр, келбет, нұсқа, рең» [1,786], «словарь современного русского языка» “цвет-свойство тела вызывать зрительное ощущение света определенного спектрального состава; краска, тон” [7,8126] деп түсіндіреді.

Түс адамдардың көңіл-күйіне, эмоциясына әсер етеді. Сондықтан да түстерді әртүрлі ғылым салаларының мамандары зерттеп-зерделуге тырысады. Лингвистер, этнолингвистер, тіл тарихын зерттеушілер он шақты тілді зерттей келе, түс атауларының жүйесінде кейбір әмбебап ұқсастықтар кездеседі деген тұжырымға келеді.

Қазақ тілінде жалпы түс ұғымына қатысты атаулардың саны мыңнан асқанымен олардың тек 11 (он бірі) негізгі түстерге жатады деп есептейді. Ә. Қайдаров, олар: ақ, қара, қызыл, жасыл, сары, көк, қоңыр, көгілдір, күлгін, боз, сұр. Ғалым тілімізде қырыққа жуық әртүрлі сөз тұлғасы (түбір, туынды түбір, біріккен сөз) арқылы жасалған түр-түс атаулары бар деп санамалап көрсетеді: ақ, боз, сұр, қара, ала, ал, қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр, кер, құба, құла, торы, күрен, жирен, күлгін, шабдар, барқын, баран, қызғылт, көгілдір, көкше, сар







Қара түстің де басқа түстер сияқты толып жатқан ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары бар. Бұл тек қазақ тілінде ғана емес бүкіл түркі дүниесіне ортақ құбылыс. Түркі тілдеріндегі түс атауларының мағынасын арнайы зерттеген академик А.Н.Кононов тек «қара» сын есімнің өздерінде ғана 20 шақты қосымша, қосалқы, ауыспалы мағыналар бар екенін ескертеді. Олар орысша мынандай сөздердің баламасы ретінде қолданылады: 1) «темный», «мрачный»; 2) «суровый»; 3) «печальный», «несчастный»; 4) «скот»; 5) «толпа» т.б.

“Черный” және қара сөздерінің ортақ ұқсастығын таптық.

1. “Имеющий цвет сажи, угля” - Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы. Черен, как сажа, как уголь, как смоль, как ворон, как ночь, как земля.

2. “Мрачный, тяжелый, безотрадный” – “Бұлыңғыр, ауыр” - Черных кобелей набело перемывать. Молданың сәлдесі ақ болғанымен, ниеті қара.

3. “Темный”- “қара түсті”- Кәрі атын мактаған қара жаяу қалар. Черная коровка дает белое молочко.

“Черный” – “қара” орыс тілінде мынадай айырмашылықтарға ие.

1. “Чародейский, колдовской, связанной с нечистой силой” бақсылық, сиқыршылық, қара күш. Черный глаз, карий глаз-минуй нас!

“Қара” сөзінің қазақ тілінде де өзіндік ерекшеліктері бар.

1. “Безвкусная, нежирная пища”-тоқ болмайтын тамақ.

Қарны ашқанға қара талқан майдай көрінеді.

2. “Страдания, горе”-қайғы-қасірет. Қаралы адамның жаны жаралы.

3. “Земля”- “жер” деген мағынаны білдіреді.

Қара жерді жамандама, қайтып сонда барарсың.

Қауым елді жамандама, қарғысына қаларсың.

«Көк» түсі. “Синий” яғни көк түс орыс тілінде де қазақ тілінде де көбінесе тұрақты сөз тіркестерінде (фразеологизм) қолданады. Мақал-мәтелде бұл түстің ұқсастығы жоқ.

Орыс тілінде синий сөзінің ерекшеліктері:

“Очень побледневший” - Синий как иней.

“Неясный, неопределенный” - Синя порху во рту не было.

Қазақ тілінде көк түсі орыс тіліне қарағанда көптеген мағынаға ие. Көк түсінің орыс тілінен бір айырмашылығы ол қазақ тілінде яғни көне түркі тілінде заттық атауы болған және ол “жасыл” мен “сұр” мағынасында қолдана беріледі.

Қазақ тілінде көк түстің ерекшеліктері:

1. “Небо, небосвод”- аспанды білдіреді. Көптің қолы көкке жетеді.

2. “Трава, зеленеющие растения, овощи”- шалғын, шөбі мол жайсаң жер, шөп немесе өсімдікті білдіреді. Малың көкке тоймай, аузың аққа тимейді. - Обилие надоя от обилия травостоя.

3. “Расцветать”- өсу, оңу мағынасында қолданылады.

Жауынмен жер көгерер, еңбекпен ер көгерер.

“Красный” және қызыл түстердің ұқсастығын байқаймыз.

1. “Очень ценный” – “өте құнды” деген мағынада- Өнер алды-қызыл тіл. Красно поле рожью, а речь ложью (т.е. красным словом).

Орыс тілінде “красный” сөзі өзіне тән ерекшеліктермен көзге түседі:

1. “Красивый, прекрасный”- красен как маков цвет.

2. “главный, передний”- ең басты, төрде деген мағынада айтылады: Долг платежом красен. Не красна изба углами, а красна пирогами.

3. “человек”- адамға байланысты- Рыжий да красный-человек опасный.

Қазақ тілінде қызыл сөздің ерекшеліктері

1. Тұрмыс-тіршілігінде тағам және ет өнімдері мен байланыстылығында айырмашылығы байқалады. Мысалы: “тісіме қызыл бастырмағалы көп болды”.

2. Тілсөзге байланысты Адам қызыл тілден өледі, түлкі қызыл жүннен өледі.

Қорытындылай келе, қазақ және орыс тілі бойынша мақал-мәтелдерді зерттеуге арналған ғылыми еңбектерге жалпылама шолу жасалып, аталмыш тілдік бірліктерді топтастыруға ұстанымдары айқындалды.

-Бір қатар қазақ және орыс мақал-мәтелдерінің құрамы мен құрылымы және мағынасы тұрғысынан өз ара сәйкестіктері байқалды;

-Қазақ және орыс мақалдарының басым көпшілігі екі, не бірнеше тармақты болып келеді.

-тілдегі мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады.

-қазақ тілінде түске байланысты мақал-мәтелдер көбінесе ауыспалы мағына да айтылады. Және де заттың орнына қолданылады. Мысалы: көк-аспан, шөп; ақ-тағам атауы.

- екі тілдің мақал-мәтелдерінде ақ түс жиі кездеседі, себебі ақ-пәктіктің нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі. Махаббат, үміт деген сезімдердің символы.

Қорытындылай келе, мақал-мәтел тілімізді байыта түсетін халықтың асыл қоры. Оның жұртшылдық үшін пайдасы мен рөлі зор. Қос тілді меңгеруде сол тілдердегі мақал-мәтелді үйретіп, жаттатқызу арқылы оқушының практикалық дағдыларын қалыптастыру әдісі белгілі нәтижелерді көрсетеді. Олай болса орыс және қазақ тілі сабақтарында орыс халқының мақал-мәтелдерін қазақша және қазақ халқының мақал-мәтелдерін орысшаға аударып, оларды мағынасы сәйкес, тіпті мағынасы бірдей мақал-мәтелдермен салыстыру арқылы қос тілді меңгерту тиімді нәтиже берері хақ.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2004
- 2 Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы: Ана тілі, 1992. 160 б.
- 3 Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу).- Алматы, 2004.
- 4 Тұрманжанов Ә., Ақтамбердіұлы К. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Раритет, 2004 - 439 б.
- 5 Толковый словарь русского языка/Ожегов С.И., 2003. 928с.

#### ҚОЛ, САУСАҚТЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЖАСАЛҒАН БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

СУХАНКУЛОВ Е.

7 «Ә» сынып оқушысы, Дарынды балаларға арналған  
Абай атындағы №10 лицейі, Павлодар қ.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас тәсілдерінің бірі – ым тілі. Ым-ишара бүгінгі қарым-қатынаста қосымша қызмет атқарып келеді. Оларды ғылым тілінде бейвербалды амалдар дейді.

Кез келген халықтың бейвербалды амалдары екінші бір халықтың бейвербалды амалдарына ұқсауы да, араларында айырмашылықтар болуы да мүмкін. Мәселен, ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына айтып кеткен әрбір тыйымында терең мағына, мол тағылым жатыр. Қазақ халқында тізені құшақтау – жалғыз калудың, бетін басу – жаман хабар естігеннің, үлкеннің жолын

кесу – әдепсіздіктің белгісі болып табылса, ал бұндай бейвербалды амалдар (тізені құшақтау, қолды төбеге қою, бетін басу т.б.) өзге халықтарда басқа мағына беруі де мүмкін. Сондықтан әрбір ұлт ым-ишарасы этнос ерекшеліктерінің белгісі болып табылады.

Қимылдар да сөйлемдер сияқты жасалынып, адамның көңіл-күйі, қарым-қатынасын дәл білдіреді. Байқағыш адам мұндай бейвербалды сөйлемдерді «оқып», оны сөйлеушінің ауызша сөйлемдерімен салыстыра алады. Демек, адамдар тек сөйлесу арқылы ғана қарым-қатынас жасамайды. Кейде олар белгілі бір шартты келісімдер немесе белгілер арқылы тілсіз-ақ ұғынысады. Бұл да адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Семиотикалық таңба-белгілерден өзгеше адамдардың ыммен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары арқылы ұғынысуы сияқты көп белгілер бар. Тіптен дене мүшелерінің (қолдың, аяқтың, иықтың т.б.) әр түрлі қимыл-әрекеттерінің өзінен түрлі мағынадағы сөздерді ұғуға болады. Біз солардың барлығын қарастырмай тек қол, иық, саусаққа байланысты ым-ишараттар тілін қарастырдық.

Қол сілтеу, сермеу, сілкіу – қос қолды я болмаса бір қолдың алақанын сыртқа қарата ұстап, қолды көтере беріп төмен қарай күшпен сермеп қалу. Мағынасы: 1. бір нәрсені қажет етпеу, қабылдамау. Мысалы, Жаңыл күліп, екі қолын сілкіп, басын шайқады.

– Керек емес, ақша керек емес!.. Біз сәудегер емес... (М. Әуезов. Абай жолы).

2. Бір нәрсені не болмаса әлдекімді ұнатпау, риза болмау. Мысалы,

– Келме, – деп қолын сілкіп (Б. Майлин. Шұғаның белгісі).

3. Қасындағы адамның пікіріне немқұрайдылықпен қарау, сөзіне құлақ аспау. Мысалы, – Алтай, Алтай, сен де ұмытпайды, хватит, көп айту керек емес, – деп Ақаннан төменірек отырған гүлбан шал қарсылық білдірсе де, Алтай қолын бір-ақ сермеді (С. Жүнісов. Ақан сері).

4. Тыныштықты тілеу, талап ету. Мысалы, Абай тыныштық тілеп, екі қолын шапшаң сермеді де, барлық топқа тыйым салып, Дәрменді тындауға бұйрық етті (М. Әуезов. Абай жолы).

Қолын шығару – сұқ саусақ пен ортаңғы саусақ арасынан бас бармақты шошайтып көрсету. Мағынасы: әлденеге үзілді-кесілді қарсылық білдіру, бір нәрсені мүлде жоққа шығару; сондай-ақ ештеңе бермеудің, ештеңені алмаудың белгісі. Мысалы, – Оларға міне су! – деп Қылышбай қолын шығарды. – Содан кейін Адай

тартамыз. Илияс ишан қол жинап жатыр. Ол қолдың басына мені күтіп отыр (Қ. Исабаев. Соңғы ерлік).

Қол көтеру – көбінесе оң қолды, кейде екі қолды бірдей жоғары көтеру. Мағынасы: 1. Барлық істі тоқтатуды талап ету. Мысалы, Шыңғыс тамыры білеуленген сіңірлі қолын көтеріп, «жә!» деген белгі жасап, ырғаса бастаған екі шонжарды тыйып тастады (С. Жүнісов. Ақан сері).

2. Қарғыс айту. Мысалы, – Қарғыс атсын ол күнді! – деді Бұқар жырау екі қолын жоғары көтеріп. – Қайта оралмасын, өшсін қарасы сол қалпымен! (І. Есенберлин. Көшпенділер).

3. Біреудің көңілін аудару. Мысалы, Әй, Әбілқайыр хан! Әй, Барақ сұлтан! – деді сол қолын жоғары көтеріп. – Хан мен сұлтан өзара қырқысып жатырсыңдар. Сонда қара –халық бізді неге шақырдындар? Соларынды айтыңдаршы! (І. Есенберлин. Көшпенділер).

4. Жүрісті тоқтатуды өтіну. Мысалы, Қуғыншылар қатты желіске салып лекіте тартқанда, Жайық атын тежеп, қолын көтерді. Тасемен де қатарласып бөгеле берген (С. Жүнісов. Ақан сері).

5. Қабылданған шешімге қарсы шығу немесе жақтап дауыс беру. Мысалы, Бауыржан: – Ешкім қарсы қол көтерген жоқ!.. Сонымен, бұл шешіміміз бір ауыздан қабылданды.

Қолмен ишара жасау – алақаны төмен қаратылған қолын басқа бағытқа (жанына) қарай сілтеп қимыл жасау. Мағынасы: сабырға шақыру. Мысалы, – Отыра тұр, Барақ сұлтан, – деді Әбілқайыр қолымен ишара жасап. Барақ үн-түнсіз қайта отырды (І. Есенберлин. Көшпенділер).

Қолын (қос қолын) беру, созу, ұсыну – қос қолының алақандарын бір-біріне жақындата ұстап алға қарай созу немесе қолын алға қарай созып, ұсыну. Мағынасы: 1. Танысу, амандасу ишараты. Мысалы, –Уездік әскери бөлімінің жетекшісі Тәтім, – деп қолын берді. Буыны дірілдей қолын берген Таусоғар саусақтарының басы бірікпей, жансыз денедей сезілді (С. Бегалин. Замана белестері).

2. Қоштасу ишараты. Мысалы, – Көне, достым, – деді ол қолын ұсынып, – енді қоштасамыз да.

– Жақсы, қош бол! – дедім мен де қолымды ұсынып (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Саусақтарын ұсыну – сұхбаттасына жай қимылмен саусақтарын созу. Мағынасы: танысу үшін жасалған ишарат. Мысалы, – Атым Гауһар... Бәсентин Малайсары батырдың қарындасымын, – қыз бұ

жолы сүйріктей саусақтарын ұсынды. – Алла сау-сәламет көрісуге жазсын! (І. Есенберлин. Көшпенділер).

Қол алысу – екі адамның бір-бірінің қолын алуы. Мағынасы:

1. Сәлемдесу ишараты. Мысалы, Атаман, Сырым, Торғын үшеуі келеді. Торғын – губернаторға тізе бүгіп сәлем етеді. Губернатор тез тұрып келіп Торғынды тұрғызып Сырым екеуімен қол алысады (Ф. Мүсірепов).

2. Екі жақ, екі тараптың келісімге келуі. Мысалы, Келістік пе? Онда кел, қол алысып қояйық! – деді Нұрлан қос қолын созып.

Қолдасып қоштасу – екі адамның бірінің бірі қолын алуы. Мағынасы: қоштасу ишараты. Мысалы, – Ал, қош, ата! – деп қолдасып жүре беріп едім, аздан соң Жүмекен: – Әй, бала! – деп дыбыс берді (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Оң қолын төсіне (кеудесіне) қою – оң қолының алақанын ақырын ғана кеудесіне қою. Бұл ишарат көбінесе бас июмен қатар орындалады. Мағынасы: үлкенді сыйлаудың, құрметтеудің және сәлемдесудің белгісі. Мысалы, Ол жанындағылармен күбірлесіп сөйлесті, сөйтті де екеуін жанына ертіп, Тайжан үйіне қарай аяндады.

– Ассалаумағаләйкум, – деп оң қолын кеудесіне қойып сәлем берді (З. Ақышев. Жаяу Мұса).

Қос қолды кеудеге қою – қос қолдың алақанын бірінің үстіне бірін салып, кеудеге қою. Бұл ишарат та бас июмен қатарласа орындалатын күрделі ишараттың бір компоненті. Мағынасы: сәлемдесу ишараты. Мысалы, – Арсыз ба, Бұқар-еке! – деді Науан ұста қос қолын кеудесіне қойып (І. Есенберлин).

Қолын кеудеге апарып, бас ию – қос қолдың алақанын бірінің үстіне бірін салып, кеудеге қойып, басын ию. Мағынасы: сәлемдесу ишараты. Мысалы, – Сау-саламатсыздар ма, мәртебелі мырзалар, – деді сәукелелі, шашы жерге түскен келіншек. Қасындағы қыз орысша білмегендіктен, ескі Арқа дәстүрімен екі қолын кеудесіне апарып, бас иді (І. Есенберлин. Көшпенділер).

Қол бұлғау – шынтақтан бүгілген немесе тік жоғары көтерілген қолдың алақанын оңға, солға, артқа қозғау, қимылдату. Мағынасы: 1. Қоштасу ишараты. Мысалы, – Жолың болсын, балам! – деп көрші кемпір ғана маған қол бұлғап қала берді (М. Дүзенов. Ақ әже).

2. Жанына шақыру, жақын келуді сұрау, өтіну. Мысалы, Бірақ енді бұлардың арасынан Өдек батымдау ажар көрсетіп, Афанасьич пен өзге екі еркекке қарады да, қолын бұлғап шақырып: – Жүр!.. Мұнда жүр! Еркек бар! – деп ерте бастады (М. Әуезов. Абай жолы).

Қол жаю – алақаны жоғары қаратыла ашылған қолды кеуде тұста ұстау. Мағынасы: 1. Құран оқып болған кезде жасайтын ишарат. Мысалы, Күмісті қалтасына салған молда да қол жайып, әлденені ішінен күбірлеп, бетін сипады (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

2. Қолын (кейде екі қолын да) алға созып, алақанын жайып қайыр тілеу. Мысалы, – Көшеде бұл күнде қол жайып тұрғандар өте көп, – деді Арыстан.

Қолды теріс жаю – қос қолдың алақанын теріс қаратып, кеуде тұста ұстау. Мағынасы: қарғыс айту, қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша теріс бата беру. Мысалы, – Егер қошемет етіп біреуің жолдас болсаң, қолымды теріс жайып бата беремін, – деді Базарбай (Қыз Жібек).

Қолымен нұсқау – қолымен әлдебіреуді нұсқау. Мағынасы. Сілтеу, бағыттау. Мысалы, – Молдеке! – деді Мұстафа, қасында бейшарасыған кескінмен қарап отырған молдаға, босағада тұрып қалған мені қолымен нұсқап, – анау баланы танысың ғой? (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Қол қусырып бас ию – қос қолдың алақанын бірінің үстіне бірін айкастырып ұстап, кеудеге қою. Бұл ишарат бас июмен қатар жүреді. Мағынасы: сәлем беру ишараты. Мысалы,

Шал жанына келгенде Жапал тұрып,

Бас иіп, сәлем берді қол қусырып (Ш. Әбенев. Кейпін батыр).

Қол қусырып, иілу – қос қолды кеудеге айкастыра ұстап, бүкіл денесімен алға қарай еңкейіп сәлем етіп тұрған адамды аса құрмет тұтатындығын білдіріп, сәлемдесу ырымын жасау. Мағынасы: сәлем беру ишараты. Мысалы,

... Жәнібек хан нөкерлерімен таяу кенліп қол қусырып иіліп сәлем берді:

– Арсың ба, Асан ата!

– Барсың ба, жарқыным!

Хан енді қазақ әдетімен алдымен құшағын айкастырып, кеудесіне тигізіп, әуелі Асанқайғымен сәлемдесті, содан соң барып Қотан жыраумен, Қазтуғанмен амандасты (І. Есенберлин. Көшпенділер).

Қолын тістеу – қолды қан шығармай тістелеу. Мағынасы: күйзелу, ашулану, бір нәрсенің шешімін таппай, қиналу. Мысалы,

Барғаннан Апраһиап оқып хатты,

Тағынан есі танып құлап жатты.

Тыпырлап, қолын тістеп, шашын жұлып,

Гуласын басындағы далаға атты (Рустем-дастан).

Түртіп қалу (қолмен) – сұхбаттасын қолымен немесе саусақтарының ұшымен ақырын түртіп қалу. Мағынасы: біреудің көңілін, назарын аудару. Мысалы, Мосқалдау бір әйел Қарақатынды түртіп қалды. Төр жақта отырған Еламанды ымдап, ернін тістеп, қой дегендей ишара етті. Еламан оны байқаса да, өнін алдырмай, көзін төмен салып тұнжырай түсті (Ә. Нұрпейісов. Қан мен тер).

Қос қолын төбесіне көтеру – қос қолдың ашық алақанын алға қарата ұстап, басынан жоғары көтеру. Мағынасы: жеңіліс табу, берілу. Мысалы, – Жеңілдім, жеңдің, Бақытым. – Нәбихан күреніте күліп, қос қолын төбесіне көтерді (Ә. Сәрсенбаев. Шілдехана).

Қол соғу, қол шапалақтау – қос қолдың алақанын бір-біріне қайта-қайта соғып, дыбыс шығару. Мағынасы: құптау, мақұлдау, риза болу. Мысалы, Сол бір жарасымды көрініс кезінде залдағылар ұзақ қол соғып, өз сүйсіністерін білдірген болатын (Қ. Байсейітов. Құштар көңіл).

Қолымен ымдау – қолмен әр түрлі қимылдар жасау. Мағынасы: біреуді қасына шақыру ишараты. Мысалы, Екпіндеп жортқан биесін тежеп тоқтатты, ол божының ұшын қолына ұстай жерге түсті де, маған «бері кел» дегендей қолымен ымдады (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Саусағымен шақыру – жұмылған қолдың сұқ саусағын бүгіп-жазу. Мағынасы: біреуді қасына шақыру. Мысалы, – Кил әлі мұнда! – деді молда, Оразалының қасында отырған маған, көтерген сол жақ қолының сұқ саусағын шошайта қимылдата (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Саусағымен нұсқау – саусағымен (көбінесе сұқ саусақпен) әлдебіреуді (әлденені) нұсқап көрсету. Мағынасы: бағыт сілтеу, нұсқау. Мысалы, – Бердім! – деді Нұрғожа, – онда да сіз үшін ғана бердім. Әйтпесе, – деді Нұрғожа, сұлдері құрып отырған күйеуді саусағымен нұсқап, кіжініп, – мына қарақшы кеззепті тұқымымен құртар ем (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Сұқ саусағымен нұсқау – сұқ саусақты алға қарата тік ұстап, бір адамға қарай бағыттау. Мағынасы: бағыт көрсету, нұсқау. Мысалы, – Сонау шеткі машинаға жеткен екі жиреннің делбесін ұстап қоқайып отырған сол емес пе? – деді, сұқ саусағын шошайта нұсқап (Ж. Тілеков. Шалғай шетте).

Саусақтарын қозғап қол бұлғау – алақаны өзіне қаратылған қолының барлық саусақтарын бүгіп-жазып өзіне шақырғандай қимыл жасау. Мағынасы: адамның әлдебіреуді өзінің қасына шақыруы. Мысалы, – Қара іт син дә кил әлі! – деді молда Оразалыға,



даусын қаһарландыра қалыңдатып, маған көтерген сол жақ қолының саусақтарын түгел жазып, ербеңдете бұлғап (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Жұдырық түйю – түйілген жұдырығының сырт жағын қасындағы адамға қарата ұстау. Мағынасы: күш көрсету, сес көрсету, қоқан-лоқы таныту. Мысалы, – Оңбаған-ау, мені мазак қылғың кеп отыр ма? – деп Бекен қуланған кескінмен жұдырығын түйді (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Бармағын тістеу – адамның өз қолының (саусағын) саусақтарын өзігістелеуі. Мағынасы: күйіну, өкіну, ыңғайсыз жағдайда қалу. Мысалы, Заң білмейтін надан ауыл, қалаға барған жастарды қуа алмайды, бармағын тістеп қала берді (С. Мұқанов. Өмір мектебі).

Бас бармағын көрсету – қолдың барлық саусақтарын жұмып, тек бас бармақты жазып, тік ұстау. Қолды кеуде тұсқа дейін көтеріп ұстайды. Мағынасы: «бәрі жақсы», «бәрекелді» дегенді білдіру. Мысалы, Өмірбай күшіктен көз алмай келе жатып, бір уақытта бас бармағын көрсетіп, екі ұртын томпайтты. Бұл оның «Ала күшік мықты болады», – дегені (К. Наменгенов. Біздің ауылдың аңшылары).

Саусағын шошайту – сұқ саусақтан басқалары жұдырық болып түйілген. Сұқ саусақ қана тік жоғары қаратыла ұсталады. Мағынасы: айтылған хабарға көңіл бұрғызу, назар аударту. Мысалы, – Культура! – деді саусағын шошайтып. – Қалай турайтынында, нені турайтынында шаруам жоқ, – деді Өмірбек (М. Мағауин. Түнгі қонақтар).

Сұқ саусағын ерніне апару – сұқ саусақпен ерінді басу.

Мағынасы: тыныштық тілеу.

Сонымен қорыта айтқанда, ым-ишараттар тілі ұрпақтан қрпаққа жалғасып келеді. Халқымыздың бейвербалды амалдары арқылы ел тарихынан, мәдениетінен, дүниетанымынан хабардар бола аламыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер. – Алматы, 2003. – 167 б.

2 Аханов К. Тіл біліміне кіріспе.-Алматы: Мектеп,1965.-328 б.

## ЖЫР ЖАМПОЗЫ ЖАМБЫЛ

ТЕМИРОВА А. Б.

8 - сынып оқушысы, Сарышығанак орта мектебі,  
Павлодар облысы, Ақсу қ.

САРСЕНОВА А. А.

Жамбыл Жабаев (28 ақпан 1846, Жамбыл тауы-22 маусым 1945, Алматы) – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы облысының Ұзынағаш елді мекені. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шыпырашты тайпасының ішіндегі Екей руы. Жамбылдың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық –жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген.

Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезі Ресей отаршылдары – бір жағынан, Қоқан хандығы – екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар- үшінші жағынан қазақ халқын әлеуметтік саяси қыспаққа алған шақ еді. Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмәре тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді. Жамбыл Қазан төңкерісінен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістерге үлкен үмітпен ден қояды. Оның «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы жарық көріп, онан соң орыс тіліне аударылған нұсқасы «Правда» газетінде жарияланып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайылды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақ иық қыранындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936-1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыр-толғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады.

• 1937 жылы бүкіл еліміз Жамбылдың шығармашылық қызметінің жетпіс бес жылдығы аталып өтілді. Бұл күндері халық ақыны дүние жүзінің көптеген озық қайраткерлерінен құттықтау телеграммалар алды. Көрнекті француз жазушысы Ромен Ролланнның Жамбыл ақындығының 75 жылдығына орай «Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адамзаттың жаршысы Жамбылға туысқандық сәлем жолдаймын» деп телеграмма жіберуі.

• 1941 жылы Жамбылға мемлекеттік сыйлық берілді. Ұлы Отан соғысы күндерінде Жамбыл өзінің өлеңдерінде Кеңес Социалистік Республикалар халқын Отанды қорғауға, еңбектегі ерлікке шақырды. Совет адамдарының батырлығын, КСРО халықтарының мызғымас достығын жыр етті.

• 1943 жылы майданда Жамбылдың ұлы Алғадай қаза тапты. Бұл жөнінде ақынға хабар жеткенде, ол біраз үнсіз отырып барып, қайғылы хабарға өлеңмен жауап берді. Жамбылдың ақырғы жыры

• 1945 жылы 9 мамырда айтылды. Бұл неміс фашистерін біздің халқымыздың қаһармандықпен жеңгендігіне арналған еді. Жүз жасқа небары бірнеше ай қалғанда,

• 1945 жылы 22 маусымда Жамбыл қайтыс болған.

• 1946 жылы ақпанда Қазақстан жұртшылығы даңқты ақынның жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Юбилейіне қарай ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты. Жамбыл Жабаев Ленин, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - деген еді Сәкен Сейфуллин.

Жамбыл қазақ әдебиетінің мол қазынасынан көп нәрсені үйреніп тоқиды, өзінің төкпе ақынға лайық шеберлігін жетілдіре береді. Жамбыл айтыс кезінде көптеген ақындарды жеңіп отырған. Олардың ішінде айтыста ысылған Сарбас, Досмағанбет, Құлманбет сияқты атақты ақындар да бар еді.

Жамбылдың «Құдайберген болысқа берген жауабы», «Шағым», «Әкеме», «Пұшықтың ұрыға айтқаны», «Жылқышы», «Сыртың бір сұлу жан екен», «Қуғын», «Кедей күйі», «Сәт сайланар», «Мәмбетке» және басқа өлеңдерінде үстем тап өкілдерін аяусыз сынап-мінегенің, оның әр уақытта еңбекші бұқараның ауыр өмірін жырлағаның көреміз. Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік, бір сөзбен айтқанда, ынтымақ, бірлік – Жамбыл шығармаларының негізгі арқауы. Ақынның көптеген өлеңдері партиямыз бен үкіметіміздің бейбітшілік сүйгіш саясатына арналған. Ол өзінің бұл туындыларында Отанымыздың қасиетті шекарасын бұзбақ болған қандай да болсын дұшпанға өлтіре соққы берілетінін асқан сеніммен жырлайды. Халық поэзиясының алабы Жамбыл өзінің барлық лирикалық өлеңдері мен эпикалық дастандарында патриотизм идеясын, Отанға деген сүйіспеншілік және бірлік, достық,

туысқандық идеяларын насихаттады. Жастаржы отаншылдық рухта тәрбиелеуге, партияның В. И. Лениннің ісі үшін күреске әзір болуға шақырды. Ақынның соғыс жылдары туған «Ата жаумен айкастық», «Өмір мен өлім белдесті», «Аттан, батыр ұрпағым», «Отан өмірі», «Қамал бұзған қаһарман» секілді көптеген өлеңдерінде совет халқының қаһармандығы мен Совет Армиясының жеңімпаз күші жырланады.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі. Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М. XIX мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. Алматы. 1933 ж.

2 Абылкасымов Б. Жанр толғау в казахской устной поэзии. Алматы. Наука, 1984

3 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Кітапта, Ақ жол. Алматы Жалын. 1991 ж.

4 Жамбыл Жабаев. 2 томдық шығ. жинағы. Алматы. Жазушы, 1982 ж.

## ФАБИТ МҮСІРЕПОВТИҢ «ОЯНҒАН ӨЛКЕ» РОМАНЫНДАҒЫ СӨЙЛЕУ ТҮРІНІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

ТЛЕКТЕС А. Д.

9-сынып оқушысы, Дарынды қыз балаларға арналған облыстық  
қазақ-түрік лицейі, Павлодар қ.

ЖУМАБЕКОВА А. С.

педагогикалық ғылымдар магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің  
мұғалімі, Дарынды қыз балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицейі,  
Павлодар қ.

Қазақтың бай әдеби тілінің асыл қорын барынша жұмсап, көркем шығармаларында кестеге салған әсем өрнектей мінсіз пайдаланаған қаламгерлер қазақ әдебиетінде аз емес, дегенмен бұл топтан шоқтығы биік болып ерекшеленіп тұрған тұлға – Фабит Мүсірепов. Фабит Мүсіреповтің тұла бойының, кеменгер ойының, өміршең шығармашылығының танымдық та, тәрбиелік те қадір-қасиеті ерекше. Өйткені көрнекті жазушы шығармашылық жұмыста, жазу өнерінде өзіне де, өзгеге де, алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі буын инілерге де талап қоя білген қаламгер. Фабит Мүсіреповтің портрет жасау, пейзаж жасау, адам жанының нәзік иірімдерін тебіренер детальдарды, штрихтарды таба білуі - өз алдына бір бөлек тақырып. Қаламгердің «Оянған өлке» романының көркемдік ерекшелігін автордың сөз шеберлігі, нақтырақ, романдағы сөйлеу түрлерінің берілу жолдары мысалдары негізінде қарастырсақ.

Автор қолданысында сөйлеу әрекетін білдірудің көптеген жолдарын көруге болады: мыяулау, қылқылдасу, баж ету, сыбырлау, жамырасу, бастырмалатып сөйлеу, былш ету, бажылдау, зеку, күбірлеу, есіле сөйлеу, көсіле сөйлеу, қақпақылдау, көпіртіп сөйлеу, қыңқылдау, оттап сөйлеу, шегелей айту, сығырлап айту, тіл қағысу, күңкілдесу, дабырласу, былшылдау, түйдектетіп айту, орағытып сөйлеу, жіңішкелеп сөйлеу, тақылдап сөйлеу, гу-гу ету, күпілдесу, шүйіркелесу, айғайлап сөйлеу, шапылдасу, сарнай сөйлеу, суырылып сөйлеу, кеңкілдесу, көкіп сөйлеу, балағаттап сөйлеу, мақтап сөйлеу, хабарлау, мәпілдеп сөйлеу, даурығып сөйлеу, салғыласу, бұрқылдап сөйлеу, шуласу, тұспал жасай сөйлеу, қалжындасу, шаңқылдасу, мыңқылдап сөйлеу, т.б. Көріп отырғанымыздай, Ф. Мүсірепов қазақтың бай, көркем тілін өз кейіпкерлерінің сөйлеу әрекетін сипаттауда, кейіпкер образын сомдауда барынша кең пайдаланған. Нақты мысалдармен сөзімізді дәлелдесек.

- Сұра, сұра, қайта сұра! - деп қылқылдасады [1, 35 б.]. Бұдан қайта-қайта сұрап, мазасын алған топтың сөйлеу әрекетінен олардың қалған жерден қан алар қырсық мінезі ашылады. Мына мысалдағы сөйлеу әрекетін сипаттайтын сөз де сондай: Кейде қыңқылдап сұраған «берші, бердің» мазасыз тепегі де кетеді [1, 292 б.]. – Өлгі біздің Жабайдың бір қыңқылдап жүргені бар еді ... - деген еді [1, 52 б.]. – Пошам? - деді Сандыбай, «бас, бас!» деп, қақпақылдап отырғандарға [1, 117 б.]. Берілген мысалдардан қылқылдасу, қыңқылдау, қақпақылдау сөздері кейіпкерлердің мінезіндегі шыдамсыздық, қырсық қырларын, қалған жерден қан алуды аңғартады.

Ал төмендегі мысалдардағы күңкілдейтін, сыбырлап, күбір-күбір, күбірлеп сөздері сөйлеудегі дауыстың ақырын шыққандығын ғана емес, мазасыздықты да ашады: – Не алжыған әкелеріңді тоқтатындар, не болмаса, еркекше намыстарына шабыңдар! - деп, Жұманның келіндері де күйеулеріне күнде күңкілдейтін болды [1, 137 б.]. Ушаков Байжанның құлағына сыбырлап: - Он ат... Екі жүз елу сом күміс ... Болады? – деді [1, 42 б.]. Баяндының күбір-күбір қайтарған жауабына: - Дүкенің қазір келеді [1, 193 б.]. ... - Әй, бұ да берсең ғана береді ғой... Оңай алданбайды-ау, шіркін ... - деп, Берден өзіне-өзі күбірлеп барады [1, 66 б.].

Жұман баж етіп: - Өлсе, өрем қапсын [1, 47 б.]. Отауы бөлек үлкен баласы Қошқарбай келіп үйге кіре бергенде-ақ, Жұман бажылдап: -Уа, тумай кеткір, сен осы менен туып па ең, иттен туып па ең?! [1, 79 б.]. Таң атқанша тағы біраз кикілжің боларын сезіне қалған Көпей Талтаяққа қатал дауыспен зекіп: - Сен шал, тамағыңды іш те кетші үйіңе! - деді [1, 78 б.]. Жазды күні түк жоқ, «Ит жанның» маңайы шұбартқан қара-құра, тізбектелген жүк көлігі, шаң-шұң бажылдасқан кірешелер екен [1, 201 б.]. Бұл мысалдардан автор көптік ұғымды (бажылдасқан), ашу қысқан кейіпкер сөзін (зеку, баж ету, бажылдау) де шебер берген. Сонымен қатар, көптік ұғым, бірнеше адамның бір уақытта сөйлеу әрекетін төмендегі мысалдардағы жамырасып, дабырласып, шуласатын, гу-гу сөздері арқалап тұр: Бір қосын болып тұрған ауылдас жігіттер Күнзиланы қоршап алып, өз үйлерінің жайларын жамырасып сұрасып жатыр [1, 299 б.]. Аттардың сықыр-сықыр жортқанынан ағаш үйлер жаңғырығып, арғы көшемен тағы бір қазақтар дабырласып келе жатқандай сезіледі [1, 122 б.]. Ойда-қырда буалдар ішінде шұрқырасқан жылқылар: - Көш, Жұман бай, көш! - деп шуласатын сияқты [1, 48 б.]. Ат қызумен желігіп алған Сармантайлар гу-гу етеді, қырып жіберетіндей күпілдеседі [1, 92 б.].

Адамдардың сөйлеу әрекетіндегі шешендік, сөз өнеріне деген машықтың болуы, тоқтаусыз сөйлеу, сөзбен қағу әрекеті де автор қолданысында бар: Достарымен түгел сырмінез болып алған Ушаков енді оны біржола ықтатып алғысы келіп, бастырмалатып кетті: - Менің жұмыскерлерім не ойлайды, оны сен біліп бермейтін бол, - деді Ушаков [1, 263 б.]. Алғашқы айтқанында бір жері бостау қалғандай, бұл жолы әр дыбысын құлағына шегелей, сығырлап айтып жатыр: - Каторгадан! [1, 167 б.]. Қысқа-қысқа ғана тіл қағысып, анда-санда өз араларының сенімділігін тексеріп қояды [1, 322 б.]. Ие, халық, жұрт дейтін адамдар, ерігіп іші тысқандардың арасында басқа тақылдамай, осындай халдегі бұқараға жәрдем етуге тиісті деп ойлады Быков [1, 174 б.]. Өз жұмысына келгенде шешіліп сала беретін әдетінше суырыла сөйлеп кетті [1, 329 б.]. Ол тағы да бірдемелерді түйдектетіп кетіп еді, «Тоқтат!», «Доғар!» деген у-шулар естіртпей жіберді [1, 324 б.]. Сол қысылысынан Баянды құтқарғалы отырғанын түсіне қалды да: - Жарайды, Бәке, болсын дегенің, - деді Ыбырай. Бірақ өзі үшін емес, Баянды үшін шығынданайын деп отырғанын ұғындырғысы келіп, осының өзін ұзақ орағытып, көп сөзбен айтты [1, 196 б.]. Шама келсе алдымызға түсірмеуді ойлауымыз керек те, - деді Ушаков, Разановтың тартпақтай беретініне де тұспал жасап [1, 69 б.]. Осылай әркімдерді де ағаш-жағалтайлап алып, Қожекең жіңішкелеп Игілік сөзін жеткізе бастады [1, 99 б.]. - Сұрыптаған екенсіз, Карл Карлович ... Бүйте берсеңіз мыстың бұтын бір тиынға түсіріп жүрмеңіз, - деді қалжындап [1, 69 б.].

Сөйлеу әрекетіндегі сөз қосып сөйлеу я болмаса аузына келгенді сөйлеу, әсіресе төмендегі мысалдағы кейіпкерлер мен олардың сөйлеу әрекетінен байқалады: Күншенің үйінде есіле сөйлеп, көсіле шалқып кеткен Сандыбай бұл үйге әрең батып кірді [1, 115 б.]. - Үйтіп көкігенше, адыра қал! - деді Балсары [1, 404 б.]. Көпіртіп сөйлеген сөзі болмаса, ісі әзір берекеленбей келе жатқан Берден көріне көлбең кете алмады, үндей алмай қалды [1, 66 б.]. - Енді, оттамасаң екен! - Бұланбай да түсін суытып алды [1, 162 б.]. Айла-арамдықтан безінуді білмесе де, қыйыстыруды өнерсіз-ақ былш еткізе салатын төрең оңай ұсталарын да тез сезініп қыпылдап қалды [1, 263 б.]. -Ендеше қойнына тығып ал, былшылдай бермей! [1, 128 б.].

Адамның ашулы қалпын, сөйлеудегі сенімсіздікті сипаттауда жазушы қолданған сөйлеу түрлері де әсерлі: Бұларды әбден шүйіркелесіп, достасып қалды-ау деп ойлай қойған Иван Зубов

алыстан айғайлап: - Жетер, жетер! Қазір лавке жабылып қалады, - деді [1, 177 б.]. Әркім қолына леккенін құшақтап алып, бірі шаңқылдап, бірі мыңқылдап, өзімен өзі ұрысып бара жатыр [1, 189 б.]. Қалған малды сенің Қаракесегің талап жатыр, еншінді еліңнен барып ал! - деді қаншықтай шапылдасқан қатындар [1, 192 б.]. Барак жұмыскерлерін бастап барған Буланбай киіз үйде туратындармен ұзақ салғыласып еді [1, 452 б.]. Олар үйлеріне барып бұрқылдайды, отыра беріп, тұра беріп, осы шалдардың өзін де қауып-қауып тастайды [1, 453 б.]. Оның ойы да, көздері де қуғыншылардың алдында сыбап балағаттап келе жатқан Омарға қадалып тұр еді [1, 399 б.]. Мұсақай үйінде даурығып сөйлескен қонақтар барын көрді [1, 445 б.]. Жалғыз атыммен итшілеп жүріп, қыс бойы ел арасынан қағыстырып, арзан азық-түлік әкеп беріп тұрым ем ... - деп, жігіт сарнай бастап еді, Бұланбай тыңдамай, жұрттан бұрын теріс айналды [1, 243 б.]. - Бұл әлі Ушаковтың түбіне де жетеді!.. - десіп, тағы бір топ жұмыскер өзара кеңкілдеседі [1, 413 б.].

Сөйлеудің автор қолданысында төмендегідей түрлері де қолданылған: Ең алдымен сізді біздің балаларымыз мақтайды [1, 438 б.]. Үй іші оған берешекке берешек қосылып жатқанын хабарлайды [1, 412 б.]. Әзір отырған үш жүз жігітім бар дегенді ол Ушаковқа да мәлімдеп қояды [1, 444 б.].

- Өзіме барып әкеле қояйын, қайда жүр екен өзі, жануар, - деп, мыяулап сөйлеген сығырайған шал айнала қарады [1, 48 б.]. Мыяулай сөйлеп, қарақшыдай қалқыып Талтаяқ кіріп келді [1, 77 б.].

Қарап отырсақ, романда қаншама кейіпкер бар. Автор әр кейіпкерге, әр топқа, әр жағдайға байланысты сөйлеу әрекетін өзінше дәл, нақты сөздермен білдіреді.

Ғабит Мүсіреповтің сөз шеберлігі қазақ әдебиетінің тарихында, әдебиеттану ғылымында барынша мойындалған. Қаламгер үшін көркемдік үлгінің басты өлшемі тақырып емес, сол тақырыпқа лайық ой мен сөзді кестешінің бізіндей әсемдеп, орынды қолдана білуінде. Ендеше, жазушының шығармаларын қай жағынан алып қарасақ та, кірпіштей қаланып, келісіп тұрған біртұтас дүние екенін көреміз. Көрнекті суреткер Тахауи Ахтанов өзінің «Талант мөлдірлігі» атты мақаласында: «Қазақ сөз зергерлерінің ішінде Мүсіреповтің қайталанбас жазушылық қолтаңбасы ерекше. Стилинің әсемдігі, дәлдігі, тілінің нәрлілігі, нәзік юморы мен аса байқампаздығы – бүкіл бір ұрпаққа үлгі» деген пікіріне сүйенсек, ұлы суреткердің көркем шығармаларының қазақ халқының әдебиеті тарихында алатын орны биік. Ғабит Мүсіреповтің шығармалырының



ішінде «Оянған өлке» романы – шын мәнінде қазақ даласындағы өзгерістердің жыршысы ғана емес, өзінің көркемдік ерекшелігімен қазақ әдебиетіне дем берген туынды.

«Романда қазақ өмірінің сол кездегі тарихы да, әлеуметтік тұрғысы да, пәлсапалық ойы да, этика мен эстетика да, әдет-ғұрыптық, салт-санасы да – үлкен суреткердің ой елегінен өтіп, бейнелі көрініс тапқан. Жазушы романда кесек те сом образдар, типтік характерлер жасаған. Романдағы кейіпкерлердің барлығы жазушының эстетикалық мұратын ашуға қызмет етеді. Романның бүкіл сюжеттік желісі Игілік образына байланысты өрбиді. Сан алуан оқиғалар, тікелей де, жанамалай да сол Игілікке кеп тіреліп жатады» [2, 160 б.].

Жазушы «Оянған өлке» романында кейіпкер характерлерін, ішкі жан-дүниесін беруде сөйлеу әрекетін де шебер әрі ұтымды пайдаланады. Кейіпкерлер арасындағы екеуара сөйлеуде кейіпкердің сөйлеу әрекетін сипаттау кейіпкерге автор берген баға ретінде көрінгенмен, әрі көркемдік деталь, әрі кейіпкер мінезін жасауда автор қолданған көркемдік тәсіл, образ ашудағы шешуші фактор ретінде қызмет етеді. Кейіпкерлердің өзара диалогқа түсуінде тек коммуникативтік қарым-қатынас жүзеге аспайды, өмірде кездесетін сан қилы қарым-қатынас жүзеге асады, ал кейіпкерлер репликалары арқылы кейіпкер мінезі танылады. Себебі кейіпкер жалғыз өзі тұрғанда ашылмайды, кейіпкер мінезін ашу үшін оны басқа кейіпкерлермен қарым-қатынаста, тартыста, іс-әрекет үстінде көрсету керек.

Сонымен, сөзімді жазушы Тұманбай Молдағалиевтің мына пікірімен аяқтағым келіп отыр: «Қазақ әдебиетінің аспаны кең. Бірақ жарқырап көрінетін жұлдыздарға сол аспан толып тұр деп айтуға батылың бармайды. Жамбыл, Сәкен жұлдызы, Илияс, Бейімбет жұлдызы, Ғабит жұлдызы бізге алыстан көрінеді, алыстан көрінсе де жанып, жарқырап көрінеді. Осы жұлдыздардың ең жарығы, ең биігі – Жәккендікі десек, ең сұлуы, ең нәзігі, меруерттей жалтырап көрінетіні – Ғабит жұлдызы дер едім».

Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы сөйлеу әрекетін білдіретін осындай сөз қолданыстарынан әр түрлі кейіпкерлер портреті ашылып қана қоймай, сонымен қатар, қаһармандар арасындағы қостау, келісу немесе бірінің сөзін бірі қақпақайлау, қақтығысу, эмоционалдық қарсылық білдіру, кері реакция беру, кейіпкердің көңіл-күйі я болмаса өзгелерге берген бағасын, сынын пайымдауға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ғ. Мүсірепов. Оянған өлке, 1-кітап. – Алматы: Казгосметиздат, 1953. – 502 б.

2 М. Қаратаев, Т. Нұртазин, С. Қирабаев. Қазақ совет әдебиеті, – Алматы: Мектеп, 1968. – 492 б.

3 С. Қирабаев. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003. – 224 б.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ТОҒАЙБАЕВ М., АНВАРБЕК Р.

9 «А» сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар к.

ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, шырықтырып, шынықтырады. Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген. Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәниден бақиға дейін, — Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді,

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты не-гізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Әр елдің өзіне тән әдет – ғұрпы, салт – дәстүрі бар. Оларды екі ауыз сөзбен халықтың келбеті, тәрбиелік ережесі деуге болатын сияқты. Сол жол – жоралғылардың қай – қайсысы да Алла тағаланың пәрменімен пайғамбарға көктен түскен Құрман аяттарындай бір күнде пайда бола қалмапты. Ата – бабалардың ұзақ ғасырлық ұзын – ұзын көш – керуені арқылы ұрпақ алмасқан сайын үзілмей жалғасып, кешеден бүгінге асыл аманттай ардақ қалпында ұлпасып отырған.

Алтыбақан. Бұл – жас-тардың кешкілік бас қосып, ән айтып, домбыра тартып, қыздар, жігіттер болып айтысып, бір-бірімен әзілдесіп көңіл көтеретін ойын-сауығы. Қазір де үлкен тойларда алтыбақан құрылады. Алтыбақанды құру мынандай тәсілмен жүзеге асырылады: алты бақанды сырықтың екі басын үш-үштен қосақтайды да мосы тәрізді етіп байлап тастайды. Бақанның аша тармағы сырыққа кигізіліп тұруға тиісті. Алты бақанды құрастырып болғаннан соң оның екі басына 3 қатар арқан байланады.

Арқан тартпақ. Оны арқан тартыс деп те атайды. Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан көп болмаса, ой-ын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он – он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады.

Айгөлек. Оны қыз-жігіттер екі топқа бөлініп, қаз-қатар тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап тұрып ойнайды. Бір топтың ойын бастаушысы: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек, бізден сізге кім керек?», деп сұрайды. Екінші топтың ойын бастаушысы: «Айгөлек-ау, айгөлек, айдың жүзі дөңгелек, сізден бізге Ақерке керек!», — деп, бір адамның атын атап шақырады да, аты аталған адам бар пәрменімен жүгіріп келіп, шақырған топтың тізбегін үзіп

кетуге тырысады. Тізбекті үзіп кетсе, ол топтан қалаған адамын алып кетеді, үзе алмаса сол топта қалып қояды. Ойын екі жақтың бірінің адамдары таусылғанша жалғаса береді.

Қыз қуу. Ол – ұлттық ат спорты ойыны. Қазір бұл ойынның ережесі жасалып, бір жүйеге келтірілді. Қазақстан-да қыз қуудың алғашқы спорттық жарыстары 1923 жылы өткізілді. Содан бері мерекелік бағдарламаларға енгізіп келеді. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт айналып қайтатын жерге дейін алдында атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүюге тиісті. Бұл – жігіттің жеңгені. Қуып жете алмаса, қайыра шапқанда қыз жігітті, оның атын қамшының астына алады. Бұл – қыздың жеңгені.

Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезенді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

Қазақтың ұлтық тағамдары. Көшпенді өмір сүрген қазақ халқының негізгі тағамдары мал өнімдері: еттен және сүттен жасалатын тағамдар. Өнерге бай бұл халық ет пен сүттен түрлендіріп құнарлы тағам жасай білген. Кейіннен отырықшылық өмірге көшкен қазақ халқы егіншілікпен айналысып, жер игерудің де шебері болды. Негізгі ұстайтын малдары – төрт түлік мал мен ететін астықтарының түрлері бидай, арпа, тары, сұлы, жүгері күріш т.б. Бидайдан ұн тартып, нанның түр – түрін пісіре білген. Одан басқа жеміс – жидек пен көкөністерді де шебер қолдана алды. «Ас иесінің әлі біледі, астаушының қолы біледі» деген.

Қазақ халқының колөнері. Қазақ халқы өнерлі халықтардың бірі. Баспанасы киіз үйден бастап, оның ішіндегі тұрмыста қолданылатын барлық заттарын, әшкейлі бұйымдары мен киім – кешектерін шебер жасай білген ұста халық болған.

Көшпенді болған қазақ халқы киіз үйді көшіруге ыңғайлы етіп, өмір сүруге жазда салқын, қыста жылы болатындай, қолайлы етіп жасаған. Оның ішіндегі қажетті сан алуан кілемшелер мен төсеніштерін, түс киіздерін, жеріне төсейтін киіздерін, алаша, шилерін, текемет, сырмақ, бірсалар, тулақ, жер жастық, құрақ көрпеше, киіз үйді жабатын түндігі мен басқа да киіздерін шебер жасаған.

Қазақтың ұлтық киім – кешектеріне келсек, оның да, басқа ұлттар сияқты, өз өзгешеліктері бар. Алдымен, ұлттық киім –

кешектерді жергілікті ерекшеліктерге бейімдеп тіккен. Екіншіден, киімдерді екі бағытта: ерлерге және әйелдерге арнап тіккен. Мал бағып, аңшылықпен айналасқан қазақ халқында тері мен неше түрлі жүндердің түрі көп болып, оны жақсылап өңдеуді білген. Теріні илеп, тон немесе басқа киімдер тігуге әзірлейді. Жүнді жуып, тарап, иіріп әр түрлі киімдер мен төсейтін алаша, ілетін кілемдер тоқиды.

Қымызмұрындық. Ұлттық салт – дәстүріміздің ішінде халық санасынан мүлдем ұмытылып, тойланбай келе жатқан жалпы қазақтық мейрамдарымыздың бірі – қымызмұрындық.

Қымызмұрындық дегеніміз – ел жайлауға шыққанда жазғытұғым аталып өтетін – қымыз тойы. Қазақ жерінде қымызмұрындық әр түрлі аталады. Жетісу, Батыс Қазақстанда қымызмұрындық, Сарыарқада биемұрындық, Шыңжада биедау, Моңғолияда бие байлар т.с.с., бірақ бәрінің мағынасы бір. Қытымыр қыстан жүдеп – жадап шыққан көшпенді ел жаз жайлауға шығып жадырап, сағынған сүйікті сусынын, бүкіл халқ болып ішіп, нағыз мейрамға айналдыратын. Жалпы ұлттық сипаты жағынан қымызмұрындық Наурыз мерекесі мен құрбан айттан бірде – бір кем түспейді.

Амандасу. Амандасу салты қазақ халқының ең үлкен дәстүрлерінің бірі. Үлкені мен кішісі бір – бірімен кездескенде, кішісі бірінші амандасады. Жасы үлкен ер адамдар арасында амандасу салты «Ассалаумағалейкүм!» деген сөзден басталады. Бұның мағынасы жақсы тілекті білдіреді: «Сізге алланың нұры жаусын» деген сөз. Бұл сөзді жасы үлкен ер кісілермен әр түрлі жастағы ерлер амандасқанда жиі қолданады. Тілегін қабыл алып, қарсы адам: «Уағалейкүм ассалам!» деп оң қолын ұсынады. Ол: «Алланың рақымы сізге де жаусын!» деген сөзді білдіреді.

Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Оны музыка мәдениетінен, би өнерінен, қол өнерінен, тұрмысынан байқаймыз. Ән, күйлері тыңдай отырып, билерін, ою – өрнектерін, зергелік әшекей заттарын көре отырып, оның қай ұлтқа тән екенін ажырата білуге болады. Осылайша қазақ ұлттың да оңай ажыратуға болады. Қазақ халқының бұрыннан пайда болған салт – дәстүрлеріне ұқсас болып келеді. «Қырғыз, қазақ бір туған» деген мақал қазақ халқы мен қырғыз халықтарының бір – біріне өте ұқсас екенін көрсетеді. Сонымен қатар, түркі тілдес халықтар да қазақ халқымен бір қандас болып келеді.

Қандай халықтың болмасын салт – дәстүрлері сол халықтың мінез – құлқын, қасиеттерін таныта алады.

Қазақ халқының салт – дәстүрлері осы ұлттың міне – құлқын, қасиеттерін көрсетеді. Кейбір салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары сол халықтың тұрмысына, тәрбиесі мен мінезіне, сеніміне, ырымына қарай қалыптасына, келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл, 209 б.

2 Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» 2003 жыл, 198 б.

3 Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, 275 б.

4 Қазақ халқының салт – дәстүрлері «Көшпенділер» баспасы Алматы, 2007

5 Қазақтар \* Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтама \* V том

#### ПІКІР, ОЙ, ТАНЫМ ҚАЙШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ТАРИХЫ

ТӨЛЕУБАЕВА А.

оқушы, Дарынды балаларға арналған №10 лицей-мектебі

Әке мен бала ой, пікір қайшылығындағы түрлілік туралы көзқарастар мен тұжырымдар ерте кезден бастап айтылып келеді. Ежелгі грек философы Сократ әке мен бала мәселесінде балалардың оңай іске жақындығын, қызыққа құмарлықтарынан деп анықтайды.

Әлемде бұл мәселені қоғаммен, адамның рухани жан-дүниесімен қатысты ғылым салаларының барлығы да қарастырады. Педагогика мен психология адамның еркі, күш-жігері, тәрбиесімен алса, философия танымымен, әдебиет көркемдік бейне, тіл сөйлеу қолданыстары тұрғысынан зерттейді.

Этнография ұлттың танымен, түсінік, ой-тұжырымдарымен байланысты болғандықтан да, бұл мәселені халықтың сан ғасырлық тарихымен сабақтастырады. Ғасырлар бойы жасалған әдет-ғұрыптары мен салт-саналары, шаруашылығы мен қоршаған ортасы алынады. Осыларды қалыптастырған түсініктері тәрбие мен күш-жігер, ерік – барлық рухани құндылықтарды жетілдіретін тұстар назардан тыс қала бермейді.

Қазақ танымының негізгі көзі – көркем әдебиет. Біз зерттеу барысында көркем әдебиет үлгілері ұлттың көзқарасындағы ескі мен жаңаның қайшылық себептерін айқындай алатындығын анықтадық.

Қазақ фольклоры – әдебиет үлгісінің көне түрі ғана емес, халықтың танымдағы ескі мен жаңа күресін ашатын дәлелдердің бастылары. Қазақ ертегілерінің ішінде «Ер Төстіктің» орны ерекше. Көркем туынды халық өмірінің түрлі кезеңдерін суреттейді. Онда нақты ел-тұрмысының оқиғаларын көрсететін, соған орай шығарманың қай мезгілде, уақытта туғанын анықтайтын белгілер болады. Ендігі бір шығармаларды ел тарихының әр кездерінің суреттері, әр мезгілдерінің көрінісі болады. Ауыз әдебиетіндегі таным, түсініктер адамзаттың барлық тарихи кезеңдеріне де жарай береді. Ондағы тақырыптар жалпыадамзаттық мәселелерге арналған. Әр кезең таным, түсінігіне қарай әр ұрпақ оны өзінше, өз ыңғайына қарай бағалайды. «Кемпірдің сөзіне наным, бұйданы іліп алайын деп еңкейе бергенде, Ерназарды кемпіркең шап беріп жағадан ала кетеді. Алдап отырған жалмауыз кемпір екенін Ерназар енді ғана біледі. Ерназарда тапжылуға шама жоқ. Олай-бұлай жұлқынып байқап еді, болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады. Ерназардың мойны үзіліп, буынып барады, шыбын жаны шығып барады. Ерназардың қоя бер дегеніне кемпірдің босататын түрі жоқ. Өлетін болған соң, Ерназар жалына бастайды:

Ағарған сақал, шашым бар!  
Қартайып келген жасым бар!  
Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп,  
жаңа ғана қызығын көрейін деп  
отырмын. Қоя бер мені, шешежан, – дейді.

– Жок, – деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

– Тоғыз келін түсіріп, Елдей көшіп келемін. Толып жатқан жасаудан Тойғаныңша беремін. Босат мені, шешетай! – дейді» [6, 12]. Ерназар жалмауызға төрт түлігін, сұлу да ақылды кенже келіні Кенжекейді берейін деп жалынады. Бірақ жалмауыздың тілегі Төстікті алу болатын. – Жок, – деп кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге аз-ақ қалады.

– Оған разы болмасан,

Атамасым атайын,

Сегізінен бір бөлек,

Жалғызымда – қуат,

Жаяуымда – қанат,

Пана болған бір кезде,

Ер Төстігім – ең кенжем,

О да болсын сенікі.

Бір әділ жан менікі.

Жібере көр, шешеке! –

дегенде, кемпірдің қолы босанып сала береді.

– Төстікті маған қалай бересің? – деп сұрайды кемпір.

Оған Ерназар айтады:

– Менің қалтамда Төстіктің садағының ұшын шығаратын егеуі бар. Төстік онсыз жүре алмайды. Мен бұны осы араға тастап кетейін. Төстік іздеп келеді, сонда өзін ұстап ал, – дейді» [1, 12].

Ерназардың Төстікті құрбан етуі өз жанының амандығы үшін керек. Төстік әкесінің өзін жалмауызға жаны үшін бергендігін біледі. Бірақ қарсы келмейді. Бұл әкенің өмірі үшін баланың құрбан болуға дайындығын көрсетеді. Осы арқылы біз есте жоқ ескі замандардағы танымның өзгешелігін байқаймыз. Ол әкенің кесімімен келісіп, тағдыры-талайымен өзі жеке қалады. Өз бас амандығы үшін өзі ғана күреседі. Ертегіде де осы таным суреттеледі. Төстіктің ағалары әкесі Ерназардың малын сақтау үшін сегізі бірге кеткенімен, әке жанының айырбасталған Төстік тағдыры өзімен-өзі ғана қалады. Осы арқылы ұлт этнографиясындағы әкенің айтқанын бұлжытпай орындаған, оны жазылмас заң деп қабылдаған ұрпақ танымы анықталады.

«Ер Төстік» ертегісін ғалым Ә.Қоңыратбаев ертегілік эпоэка жатқызады. Ғалым жіктелісінде бұл түркі қағанаты дәуірінен бұрынғы кезенді қамтиды [2, 95]. Тарих қыспағына көп түсе қоймаған еркін, кендік пен өз түсініктерін сақтаған дәуірдің танымын береді. Бүгінгі үлкеннің айтқанын тыңдау керек, әкешені сыйлау қажет деген ұлттық сана жазылмай-ақ бекітілген заң болғандығын айқындайды. Халықтың ерте дәуірлерінде әкеге қарсылық, оның танымы мен көзқарасы бала үшін қаншалықты ауыр болса да, шыдау, көну, дегеніне мойынсұну болғандығын танимыз. Осы арқылы жеке мемлекет, қағазға жазылған заңы мен темір қақпалы жазалау орындары болмаған жұрттың ұйысуы мен бірігуінің басты шартын көреміз. Бұл – әкеге қарсы бала танымындағы қарсылық пен қайшылықтың болмауы.

Қазақ ертегілерінің бірінде («Еңбек жұтатпайды») әкенің ақыл мен еңбекті жоғары қойған кенжесін құрмет тұтқан баланың мұрагер болғандығы айтылады. Қанша бай, беделді болғанымен, қалған үш ағасы еңбекқор кенже інілерін әкесінің өсиетімен тыңдауға уәде беретіндігі баяндалады.

Сыртқы жаулар басып алған елдегі қариялар тағдыры туралы ертегі бүгінгі заманға дейін жеткен. Басып алған билеуші



қарттардың барлығын құртып, елде тек жастар ғана қалсын деген бұйрық шығарады. Сол бұйрыққа қарсы келе алмаған бір жас жігіт әкесін сандыққа салып, тығып бағады. Күндердің күнінде қарияның ақылымен ел тығырықтан шығады. Халықтық танымдағы әкеге деген құрмет пен қайырымның сырын ашады. Бұл ертегілер ұлттың жекелік ойға бөлінбей, тұтас ортақ мақсат пен мүддеге біріккен кезеңін суреттейді.

Әке мен бала арасындағы қарсылық қазақ әдебиетінде 19-ғасыр шығармаларынан бастап көріне бастайды.

Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінде:

«Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді» [8, 27]

Әңгіменің жалғасында әкесінің тағаны сатып, оған шие сатып алып, бір иілуге ерінген баласын бірнеше иілткені туралы айтылады.

Жазушы мол байлық басы әке ақылын тыңдаудан басталады, әке ақылын алған бала алысқа барады деген ұлттық ойларға жетелейді.

Қазақтың еркін кезіндегі, саяси-әлеуметтік, қоғамдық қыспаққа түсе қоймаған кезеңінде балалар үшін әкелерді сынауға ақылымыз, күшіміз жете бермейдідеумен бірге, сынау үшін, оларға қарсы келу үшін өрісін тартылып шығарлық жекелік түсініктер болмағандығын байқатады.

Қазақ танымындағы әке мен бала қарсылығын, ескі мен жаңа күресін 19-ғасырдың суреттерін бертін шығармалардан бастап көреміз. Жоғарыдағы «Әке мен бала» дидактикалық мәнде болғанымен де, сол кезеңнің суретін береді. Әлі де болса, әке, ата сөзінің өтімді, ойының жүйелі екендігін мойындатады.

19-ғасырдың суреттерін беретін шығармалардағы ескі мен жаңа күресінің қазақ қоғамындағы алшақтықтар себептері дамудың ұлттық және жалпыадамзаттық өркендеуін тандауымен байланысты болады.

Ұлттың болашақ дамуына кесірі тие қоймайтын, халықтық таным берік сақталған кезеңдерде тіршілік үшін күрес, өмір мәнін ұғыну, ортаның сырын түсіну жолындағы сипаттармен ашылады.

Бұл кезеңдердегі әке мен бала арасындағы ой-таным алшақтығы елдік, жұрттық сипаттардан ада. Тіршіліктің мәнін ұғыну, өмірдің

сырын түсінуге талпыныстардан тұрады. Дүние мәнін ұғынуға қарай жетелейді. Әрі әке сөзі өтімді, бала тарапынан қарсылық байқалмайды.

Қазақ танымындағы есік мен жаңаның қайшылығы ұлттық мәселелерден тыс, халықтық таным-түсінікке қатыссыз қалыпқа көрінді. Ескі мен жаңаның қайшылығы, әке мен бала арасындағы түсініктік алшақтық үйшілік, отбасылық сипаттан асып, ұлттық танымдағы кереғарлыққа ұласқан шақта анық байқала бастады.

Бұл 19-ғасырдың екінші жартысынан бастап, өзге танымды ұрпақтың ой-пікірімен байланысты болатын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ ертегілері Т.3 – Алматы: Ғылым, 1990
- 2 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология – Алматы: Ғылым баспасы, 1987
- 3 Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы – Алматы: Білім, 1991
- 4 Сейдімбек А. Қазақ әлемі – Алматы: Санат, 1997
- 5 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Шығармалары Т.5 және Т.6 – Павлодар, 2009, 2010
- 6 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары – Алматы: Арыс, 2006
- 7 Артықбаев Ж.О. Казахское общество в XIX в.: традиции и инновации. – Караганда, 1993
- 8 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ – Алматы: Жазушы, 1989

#### «БАЛДЫРҒАНДАҒЫ» ТАБИҒАТ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕР

ТӨЛЕУБАЙ Ұ.

оқушы, Дарынды балаларға арналған №3 гимназия-мектебі,  
Павлодар Қ.

«Балдырған» журналында табиғат жайында әңгімелер өте көп. Себебі табиғат дегеніміз де кен дүниені алып жатыр. Табиғат туралы әңгімелер тау, тас, өзен, көл, ауа райы өзгерісі, аң, құс, өсімдік болып көбейе береді.

Мен өзім оқыған табиғат жайындағы әңгіме, ертегілердің айтары көп екен. Оларды төмендегідей топтарға бөлдік. Сонда «Балдырғандағы» табиғат – тұтасымен дүниетану әліппесі де.

Әңгіме, ертегілердің ішінде қасқырлар туралы көп жазылған. Олар бірде малға маза бермейтін қорқау болады. Енді бірде шарасыз. Әңгімелерде бірде қасқырлар адамдардың малдарын жеп жамандық жаса, енді бірінде өздері де адамдардан құтыла алмай әлекке түседі. Табиғаттағы тепе-теңдік деген осы болса керек. Бірде адам женеді, бірде тағы женеді. Ал адам өзінің артықшылығын пайдаланып үнемі жеңуі дұрыс болмайды екен. Онда табиғат құриды. Бәрі-бәрі жоғалады. Бәрі жоғалса, адам да жоғалады.

1. Ертегілер («Ағаштар неге ашуланды» Б.Соқпақбаев, «Ара адамды неге шағады» Р.Мәженқызы, «Көкек» М.Етекбаев, «Тірілген түлкі» Ж.Садықов, «Кәрі бөрі хикаясы» М.Дүзенов, «Қасқыр мен қоян» Д.Ахметов т.б.)

2. Тағы аң, құстардың ортамен қалай әрекет жасайтыны туралы («Қасқырлар айнасы» М.Дүйсенбаев, «Құралай» М.Қоянбаев, «Қасқырлар» Ж.Ахмади, «Оңай олжа» М.Дүйсенов т.б.)

3. Жараланған, шарасыз жабайы аң, құс, жануарларға адамдардың көмектесуі («Ақсақ бөдене» С.Қалиев, «Жалғыз үйрек» Қ.Қариев, «Кемелдің кекіліктері» О.Байбақұлы, «Кірпінің көз жасы» Т.Сарыбайұлы, «Көжек» Т.Дәуренбеков, «Қоныр құлда» Қ.Олжайұлы, «Саятшы түлкі» М.Жылқыайдарұлы т.б.)

4. Үй жануарлары, құстары жайында («Жетім торы» Т.Қажыбаев, «Тай үйреттім» Ж.Әбдірашев, «Ала мысықтың айкасы» С.Аққошқаров, «Қара тауық» А.Хамзеұлы, «Құла құлын» А.Манабаев, «Ұялас» А.Мүкиұлы т.б.)

5. Өзен, көл, ағаш, аң, құстар ерекшеліктері («Атша көкек» Б.Баймаханов, «Жидек пен жасырынбақ» Т.Әбдіков, «Құмды дала қызығы» Б.Баймаханов, «Құмырсқа мен құлық» Ш.Ниязин, «Араның ұясы» Қ.Қайымов т.б.)

Табиғат – тіршілік ортасы. Жаратылысты мекен еткен аң, құс, өсімдіктің көбеюі керек. Олар да сол үшін жаратылған. Өзен, көлдің ағып, сарқырап жатуына адам кедергі болмауы қажет. Табиғат та адам сияқты оның әрбірінің өз тілі бар. Әрбірінің өз түсінігі бар.

Маған осы туралы жазылған М.Дүзеновтің «Кәрі бөрі хикаясы» ұнады. Әжесі немерелерін жинап кәрі бөрі туралы ертекті айтып береді.

Атырапқа аты тұлпарлар енесі деген атпен шыққан құла бие болады. Сол құла биені кәрі арлан қасқыр жарып кетеді. Кәрі қасқыр мықты әрі алатын кілең жүйріктер туатын тұлпарға әу бастан өшігіп, ала алмай жүріпті. Аңдып жүріп қапысын тауып, жарып кетеді.

Барақ қасқа, Жүйрік торы, Шағыр қасқа деген тұлпардың тұяқтарын мінгендер қасқырдың соңына түседі. Қасқыр да адам

сияқты қай жүйрік тақаса қалай қарай қашуды біледі. Өрге шаба алмайтын Барақ қасқа тақағанда тауға, ылдиға икемсіз Жүйрік торы жете бере еніске, ылди мен өрге бірдей Шағыр қасқа көрінгенде күнге қарай қашады. Қасқыр да ақылды, әр қадамын ойлап қашады.

Қасқырды қара тайға мінген бала жігіт соғады. «Бір кезде кәрі бөрі топтан бөлініп, қалың жыңғылға қарай жалт берді. Манағыдай емес, үрей буынына түсіп, бауырын еркін жаза алмайды. Кәрі бөрі зар жылап барад:

Асылдың жаста екенін білмеп едім,

Көзіме түскен күні, күні бұрын,

Алдымен осы тойды жүндер едім...-деп еңіреді ол».

Қасқырдың да жан азабы, ішкі толқынысы болатының біздің аталарымыз жақсы білсе керек. Сондықтан да, табиғаттағы барды ол адамға пайда, зиян демей қорлай беруге жол бермеген. Адамның ақылы онды тізгіндеуге жетеді. Аңды циркте де ойнатады, қолға да үйретеді, қақпанға, тұзаққа да түсіреді. Ал аталарымыз түздің аңы түзде тіршілік ету керек. Тағы, жабайы аңның тағылық қалпын бұзбау қажет дегенді ұстанған.

«Кемелдің кекіліктері» (О.Байбақұлы) әңгімесінде Кемел мен Қуанышқа әкелері темір торға қамалған екі кекілік әкеліп береді.

Кішкене балапан кекіліктерді көрген аталары Мәкен: «Бұларға тор тарлық жасайды. Аунап-қунауына жарайтын, ішінде құм, тастары бар, үлкенірек жәшік жасалғаны жөн», - деп немерелерінің кекіліктері еркін өмір сүрсін деп жақсы үлкен тор жасап береді. Еденін тақтайлап, кекіліктерге тау-тасын жоқтатпайтындай тас пен құм қойып әдемі салып береді. Немерелеріне күнделікті суы мен тамағын ұмытпауды тапсырады. Сөйтіп кекіліктер өсіп, қанаттары қатайғанда аталары: «Қанаттары бабына келіп қатайды. Енді еркіндікке жіберген дұрыс, кекілігі көп тұсқа апарсаң, тобына қосылып, күн көріп кетеді. ...Адам сияқты бұлар да жаратылыстың жанды мақұлықтары, өседі, өнеді, бостандықты қалайды. Қаншама қолға үйреніп кеткенімен бойларына өздеріне тән түйсік барын ұмытпаған жөн», - дейді. Бұл Мәкен атаның кекіліктерге ғана емес, жалпы табиғаттың әрбір иесіне қарата айтылған сөзі. Табиғаттың әрбірінің өзінше өмір сүру дағдысы, жаны, сол ортаға әкелер пайдасы да бар. Оны үркітіп жою екінші бір табиғатты құртумен бірдей. Табиғат құрыса адам өмір сүре алмайды. Осындай қысқа әңгімелер дүниені танытып, табиғатты құрметтеуге үйретеді.

Т.Сарыбайұлының «Кірпінің көз жасында» кішкене мақұлықтың да жылайтынын жазады.

Көзі жаудырап жүгіріп келеді. Қолға алғанда жиырылмайды. Айналдырып қараса, бауырында кенелер қаптап кетіпті. Бала кенелерді тазартып кірпіні қайта қоя береді. Әңгімеден ұққаным, кішкене кірпіде мейірім іздейді, жанына қорған сұрайды. Адам баласынан қол ұшын қажет етеді. Адам табиғатты аялап, осы бала сияқты қорғауы керек екен.

«Қоңыр құлжа» (Қ.Олжайұлы) әңгімесі атақты әнші Жүсіпбек Елебековтің бала кезі туралы. Есінде қалған, ерекше әсер еткен оқиға жайында.

Жүсіпбек ата бала кезінде ән айтуды елге танымал ағасы Жақыпбектен үйренеді. Балаларды жақсы көретін ата ауылға барғанда әңгімелеседі. Олардың аттарын, сабақтарын сұрайды екен. Әнін тыңдайды. Өзін жақсы көретін балалар да аталарын машинаның артынан жүгіріп шығарып салады дейді әңгімеде. Кей сәттерде оларға бала кезінен әңгіме де айтады екен.

Бір жыл қыста аяз болады. Малдың бәрі қырылып қалады. Төрт – бес үйдің ортақ жалғыз сиыры ғана бар. Тамақ сиырдың сүті мен талқан.

Бірде әкесі шұңқырға түсіп кеткен арқардың қозысын үйге алып келеді. Қарны ашып қалыпты. Өзі кіп-кішкентай, әрі сүп-сүйкімді. Жүсіпбек өзіне тиесілі сүтті қозыға беріп асырайды. Қозы да балаға әбден үйренеді. Артынан қалмайды. Ауылдың балалары да жақсы көреді. Маңынан шықпайды. Балалар қозыға жақсы қарайды. Шөп жеуге жарайды. Балалардың артынан қалмайды. Оған Қаракөз деп ат қояды.

Қарашада Қаракөз марқаға айналады. Кішкене екі мүйізі өсіп шығады. Ауылдан ұзап жайылады. Кейде өрісте қалып та қояды.

Ақпан айында Жүсіпбек Қаракөзден айырылып қалады. Бала оны көп ойлайды. Тіпті түсіне де кіреді. Әкесі үйірін тапты, енді оралмайтынын айтты.

Май айында ағасымен тойға баруға ауылдан шығады.

Ауылдан ұзай бергенде алдыларынан егіз қозы ерткен арқар мен қоңыр құлжа шығады. Бала Қаракөзін танып, алдынан жүгіріп шығады. Арқар мен қозылар қаша жөнеледі. Құлжа қозғалмайды. Жүсіпбек жүгіріп келіп, мойнынан құшақтап, мойнына асыла кетеді. Құлжа арқар кеткен жақтағы тасқа қарай жүгіреді. Жүсіпбек те ере келеді. Қараса тастың артында бір қозы жатыр. Артқы аяғы сыныпты. Қозыны ауылға алып келеді. Әкесі тобылғымен құрсаулап байлайды. Тойға бара алмайды. Бірақ оған ешкім де ренжімейді.

Он күннен соң қозының аяғы да жазылады. Әкесі құлағын кесіп, ен салады. «Баламның киесі, даламның көркі бол, жануар!» деп босатып, қоя береді.

Маған әңгіме өте ұнады. Бала Жүсіпбек өте мейірімді. Бала да, оның әке-шешесі, ағасы, достары, ауылдастары бәрі, бәрі – мейірімді адамдар. Төрт-бес үй бір сиырдың сүтін ішіп отырса да, қозыны сойып алайық, етіне тояйық демейді. Оған жәрдем беріп, емдеп қоя береді. Аш болса да, дәрменсіз тағы жандарға соқтықпайды.

Қол ұшын беріп, тіпті Жүсіпбек өзі ішпей сүтін қозыға беріп асырайды. Тағы болса да қоңыр құлжа адамдар мейірімін сезінеді. Қозысы аяғын сындырғанда адамдардан көмек сұрады. Адамдардың көмектесетінін білді. Досы Жүсіпбектің көмектесетінін сезді.

Әңгіменің соңындағы әкесі: «Баламның киесі бол!» дейді. Қазақ халқы аң, құсты киесі бар деп тиіспейді. Ал аң, құс адамның киесі болса, оны жамандықтан қорғайды. Сақтап жүреді деп сенген. Сол сенім аң, құс та да болса керек.

«Мейірім, қайырым – адам баласының ең асыл қасиеті. Туған жеріңді, далаңды сүю, Отанды сүю – ізгілік. Одан тараған жақсылық – сенің бақытың!..» деп әнші ата әңгімесін аяқтайды.

Адам бақыты – мейірімді, қайырымды болғанында. Ізгі адам туған жерін, даласын, даласының аң, құсын, Отанын жақсы көреді. Жақсы көре білу де – бақыт.

Жүсіпбек атаның ғұмыры бақытты. Халық жақсы көреді. Балалар жақсы көреді. Себебі Жүсіпбек ата даласын, даласының аң, құсын сүйіп өтті.

Табиғат жайындағы әңгімелерді қайталап оқысақ, «Балдырғанның» айтары көбейте түседі.

1. Біз – табиғаттың баласымыз. Адамдар қандай ақылды болса да, табиғат күшті, ол бәрібір женеді.
2. Табиғат та (аң, құс, өзен, жан-жануарлар т.б.) адам сияқты жақсы мен жаманды біледі, түсінеді, сезеді.
3. Табиғаттағы аң, құс, өзен, қол, жан-жануарлар адамнан тек мейірім күтеді.
4. Жаратылыстағы барлығы да баласы үшін өмір сүреді.
5. Жан-жануарлар, аң, құс, өзен, көлдер де бір-бірін, өздерін қорғайды.
6. Олар да тірі қалу үшін күресе алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы. А., 1977.
- 2 Кірісбаев Б. «Піл неге жылады?» А., 2008.
- 3 Айша Бибі. «Аруана», А., 2004.
- 4 «Балдырған» журналы 2008, № 1-12.
- 5 «Балдырғанға» 50-жыл». А., 2008.
- 6 Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ». А., 1991.
- 7 Әлімбаев М. «Балдәурен, шіркін, балалық». А., 2003.
- 8 Мырзалиев Қ. «Сабақ». А., 1985.
- 9 Жаманбалинов М. «Күнбағыс» А., 1992.
- 10 Ақ сандық, көк сандық. Құр. К.Ісләжанұлы.

## ШУМЕРЛЕР МЕН ТҮРКІЛЕР

ТУРСУНХАНОВА А. К.

9-сынып оқушысы, «Дарынды қыз балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицейі», Павлодар қ.

ПСТЕБАЕВА Қ. С.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Дарынды қыз балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицейі», Павлодар қ.

Менің мақсатым да көзі қарақты зерттеушілер сияқты Шумерлер тарихының түңлігіле отырып, сөздің шығу тарихына үнілу.

Шумер тілі – өлі тіл деп есептеліп жүр. Сөздік қорына келетін болсақ: негізгі түбірден, бір буынды сөздерден құралған.

Шумер жазуы, ертедегі Шумер мемлекетінде қолданылған. Оны Оңтүстік Қосөзеннің (Евфрат пен Тигр) бойында (қазіргі Ирак) біздің заманымыздан бұрын 2-мыңжылдықта өмір сүрген тайпалар пайдаланған. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл жазу мен тілінің басқа тілдермен туыстығы дәлелденбеген. Қазіргі ғыл. деректер бойынша Шумер жылы дүние жүзіндегі ең ежелгі жазу болып саналады. Оның алғашқы түрі сурет түрінде, заттың ерекше белгілерін кескіндеу арқылы жазылған. Кейін бір сөзді нақты таңбамен жазуға көше бастаған. Осыған орай Шумер жазуы жылы бірнеше кезеңге бөлінеді: 1) классик. Шумер жазуы жылы (біздің заманымыздан бұрын 23 – 21 ғ-лар); 2) жаңа Шумер жазуы жылы (біздің заманымыздан бұрын 21 ғ.); 3) кейінгі Шумер жазуы жылы (біздің заманымыздан бұрын 2-мыңжылдықтың бас кезі). Шумер жазуы жылы туралы құнды зерттеулер жүргізген И.М. Дьяконов оның аккад тілімен қатар кітаби тілдің негізін қалағанын, график.,

лексик. және грамматикалық ерекшеліктері болғанын анықтаған. Ғалым шумерлік 100-ден аса сөздерді алып, олардың грамматикалық құрылымын, сөз таптарының мағынасы мен қызметін, сөздердің орын тәртібі мен синтагмат. ерекшеліктерін көрсетті. Әңгіме осыдан шығып тұр. Яғни біз атап жүрген зат атаулары ежелгі шумер жазуымен тікелей байланыстылығы [1].

Қазіргі таңда әлемдік тілші ғалымдардың ерекше ықыласпен құмарта ықылас білдіріп жүрген өзекті мәселелердің бірі-шумерлер тарихы, олардың жазуы, әсіресе шумерлер мен түркілер арасындағы туыстық жақындық. Түркі тілдес халықтардың жазу-сызу мәдениетін зерттеген ғалымдар кеңестік кезеңде олардың ілімін шумерлік руханиятқа байланыстырып зерттеген емес. Осындай өзекті мәселемен алғаш рет филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Қосымова айналысып, «Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері: Шумерология және түркі (қазақ) таным мәселелері» атты монографиялық еңбегін жарыққа шығарды. Аталмыш монографияда түркі тілдерінің даму кезеңдері және қазақ тілінің түркі тілдер ішіндегі алатын орны анықталып, қазақ тілі көне түркі тілімен салыстырыла зерттеліп, шумер дәуірінен бері қолданылып келе жатқан тарихи сөздердің дыбыстық ерекшеліктері мен мағыналық өзгерістері ғылыми негізде алынып зерттелген. Қазақ тілінің тарихын түркі тілдерінің даму тарихында қарастыра отырып, оның өзіндік даму жолын анықтауға ұмтылуы, сонымен бірге түркі тілдеріндегі қазақ тілінің рөлін көрсетуге деген талпынысы автордың қазақ халқының ежелгі дәуірдегі мәдениетін әлемдік деңгейде таныту болып табылады. Ғалым өз еңбегінде Шумер тілі мен түркі тілдерінің жақындығын ғылыми тұрғыда нақты деректермен дәлелдеп шыққан. Автор өз монографиясында ономастикалық атауларда болған тарихи және фонетикалық өзгерістердің заңдылықтарын негіздеп, қазақ тілінің шумер заманынан белгілі көне түркі тілінің тарихи жалғасы екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Шумертанушы О.Н. Тунаның дәлелдеуінше, шумер тіліндегі элементтер-түркі тілінен енген тілдік бірліктер. Тілші ғалым Г.Қосымованың зерттеу жұмыстарының нәтижесі шумер тілі мен көне түркі тілінен алынған мыңдаған сөздердің дыбыстық жүйесі, олардың орналасу тәртібі, тіркесу мен үндесу заңдылығы, түбір сөздерге қосылып жазылатын аффикстердің түрлері мен жалғану жүйесіндегі ұқсастық, сөз таптарына тән грамматикалық категориялардың ортақтастығы осы екі тілдің түбірлес, туыстас тілдер қатарына жататынын және бұл ортақтастық



жай ғана кездейсоқтық емес, керісінше сан мыңдаған жылдықтар бойында қалыптасқан жүйе екенін ғылыми негізде дәлелдеп берді.


Сөздің шығу тегіне байланысты құнды еңбектердің бірі Олжас Сүлейменовтың «Язык письма» деген этимологиялық зерттеуін ерекше атап өтуге болады. Бұл еңбек –сөздің беймәлім тархын тілдің сана тұрғысынан аша түскен. О.Сүлейменов: «Генетика жағынан туыс тайпалар ғасырлар бойына көрші тұрып, бір жазуды меңгерсе де, ортақ таңбаны атайтын бірдей дыбыстардың тіркесімділігінен әртүрлі сөздерді туындауы мүмкін» [2, 6 б] деп түйіндейді. Сөз тұлғасының дамуына фонетикалық өзгерістенбасқа адам санасындағы саналық өзгерістің де әсер еткенін сөздің тарихын зерттеп отырып көз жеткізуге болады.

Шумер жазуы жылдарын Хоммельден кейін түркі тілдерімен салыстырған О.Сүлейменов ұқсас сөздердің кездейсоқ еместігін дәлелдеді. Ол Шумер жазуы жөн түркі терминдерімен салыстыра отырып, сәйкес келетін сөздердің дені: 1) Тәңірге; 2) адамға; 3) табиғатқа; 4) мәдениетке қатысты екенін зерделеп, ондағы жүйелілікті анықтаған. Ол шумер және түркі жазуларының жақындығын нақты тілдік деректер арқылы негіздей келіп, оның генетик. жақындық емес, мәдени жақындығының болуында деп, мағыналық, тұлғалық, ұғымдық жағынан жақын шумер мен түрік сөздерін салыстырады. мысалы , ада – ата; ама – аба, ана; амар, мар – мара, мала, бала; ер – ер; думу – тума, од – от, уш – үш, т.б. Автор Шумер жазуы жылдарындағы материалдар арқылы ежелгі замандағы түркі тілінің сөзжасамдық жүйесінің кейбір сызбалық жүйесін анықтауға болатындығын, шумерлердің дайын терминдерді қабылдап, өз сөзжасамдық жүйесімен түрлендіргенін, зат есім мен етістік арасындағы байланыстың генетик. тектілігі болғанын анықтай түсті. Жазу тарихында Шумер жазуы жылы басқа жазулардың (аккад, вавилон, ассирия, т.б.) қалыптасуына негіз болған[3, 45 б].


Шумерлер оқулықтар жазбас бұрын алдымен шумер-аккад сөздігін жасаған. Олардың екі түрі бар; жалпы және терминдік (мыс. ботаника, фармацевтика, зоология, минералогия және т.б.) сөздіктен үзінді: шумерлік – дир, дири – аккадша – ватру – превосходящий (асып түсетін) қазақша – аса, дүр, дүрдей. Шумерлік оқулықтардың үлгісі «қыш кітапханалар» арасынан табылған э – дуба (оқу, оқыту, оқулық, яғни әдаба) шумерлердегі бала оқытуды, мектепті және оқу құралы әдебиетті айқындаушы болып табылады. Мұнда, мысалы емші – «ашутасу», дұғалаушы – «машмаш» деп берілген (қазақта

аштау, ұшықтау деген сөздер бар, ал «машмаш» – шаман дегенге келеді). Шумер тілін грамматикалық жағынан зерттеу үшін арнайы оқу құралы (өзгерген сөздер, оның айтылуы туралы) жасалды. Оны «Ана иттишу» - «согласно извещению об этом» – «анадай айтылуы», яғни бұл туралы айтылуына сәйкес деп атаған. Сол оқулықтардың бірі жорамал кітабы [3, 61 б].

Бұл еңбектерді қарастыра отыра шумер тілі мен түркі тілдерінің байланысы бар екені аңғаруға болады. Оған дәлел ретінде Олжас Сүлейменовтің еңбегінде былайша көрініс тапқан: «В иероглифическую эпоху любой простой знак должен был иметь образное значение. Я поинтересовался как выглядела в шумерском письме цифра, соответствующая числу десять. И оказалось:

 - и - десять.

Если прототюрки были знакомы с графемой в этом качестве, то они использовали её и как указатель направления - «вправо». Попытался представить:

 - \*uη - 1) десять, 2) правая (сторона), вправо, 3) он.

Во всех тюркских языках представлены производные этой лексемы: up - десять (тат., баш., сюг., лоб.), op - т.ж. (тур., аз., кум., караим., кр.тат., балк., узб., каз., кирг., ног., ккалп., уйг., алт., хак., тув.), von - т.ж. (як.), vup, vupa, vuppa - т.ж. (чув.диалекты).

(Старокипчакская форма ong - десять, мне кажется наиболее приближена к праформе.)


Знакомство с цифрой-угол может подтвердить второе значение названия знака, служившего, вероятно, и указателем направления вправо. Диалектные формы слова и значения собрались в общетюркском.


u (o)

 - \*buη - uη       un (on) - an - a

uη (oη) - ung (ong) - ang

uη - правый (тат., башк.), uη - т.ж. (тур.диал.), oη - т.ж. (большинство тюрк.яз.), aη - правый (чув.). Распространилось в тунгусо-маньчжурских языках: an - правый (эвенк.). Носогортанность согласного сохраняется в производных angida - правый, в правой стороне (солон.), anguvv , angav - т.ж. (эвен.).

Исходным, вероятно, был знак месяца, истолкованный как след ноги (копыта), ориентированный вправо:  - \*uḫ - 1) след ноги (копыта), 2) количество пальцев на ноге, 3) вправо.

Севортян в эту группу, мне кажется, совершенно справедливо включает древнетюркскую лексему, приведённую венгерским тюркологом Вамбери - ong - «пальцы на ноге». Этот иероглиф в древнейшем курсивном начертании попадает в алфавит:  - an - (др. тюрк.).

... Неслучайность совмещения значений «десять» и «правая (сторона)» может подтвердить и другой пример. Если та же цифра назвалась в славянских \*des - 10, desno - правое (слав.), то это соответствует итальянским \*des - 10, des (stra) - правая (сторона)» [4, 207 б].

Жіктеу есімдіктеріндегі мынадай ұқсастықтарды көрсетеді: «me (шум.), men – мен (қазақ), ze (шум.), sen – сен (түркі, қазақ) [5, 24 б]. Демек, «бұл тілдік құбылыстар түркі-шумер байланыстарының болғанын дәлелдейді. Яғни түркілер өз заманында жақсы дамыған шумер мәдениетін пайдаланған.

Мен шумерлер тілі мен көне түркі тілінің, яғни біздің ата-бабамыздың тілінің туыс тілдер қатарына жататынына және алтай тілдер тобына кіретін түркі тілдерінің шумерлер дәуірінен бұрын да болғанына ғалымдар зерттеулері арқылы көз жеткіздім. Сына жазуымен жазылған шумер кестелері ойлап қарасақ, түркі тілінің ең көне жазба ескерткіші болып шықты. Ғылыми негіздемелер мен зерттеулер нәтижесі қазақ тілінің жасын түркі тілдерімен бірге ұзартып, шумер дәуірімен байланыстырады. Мен ғалым, шумертанушы О.Н.Тунаның пікірін көпшілікке ұсына отырып, түркі тілдерінің бір тармағы- қазақ тілінің сан ғасырлық тарихы бар екенін және шумер тілімен сабақтаса дамығанын айрықша мақтанышпен айтқым келеді. Зерттеуші ғалым О.Н.Тунанын: «Түркі тілінің осыдан 5500 жыл бұрын тәуелсіз және екі тобы бар тіл ретінде өмір сүргені дәлелденген. Егер пайда болғаннан шумершемен байланысқа түскен уақытқа дейінгі таралу жылдамдығы тұрақты болған болса, прото-түркі тілі орасан көп уақыт бұрын өмір сүрген болуы қажет. Түркі тілінің археология және глоттохронологиялық жұмыстарына сүйеніп айтылған «жасы» ең сараң есептерімен есептегенде 8500 жыл сөздерімен салыстыруға болады. Өйткені прото-түркі тілінен прото-шығыс және батыс түркі тіліне дейінгі өткен заман есептелсе, ол дәуірден осы күнге дейін өткен 5500 жыл екі есеге артуы мүмкін» [6, 89 б],-пікірі бүкіл әлем алдында түркі тілінің сан ғасырлық ғұмыры болғанын, тілі ұзақ өмір

сүріп келе жатқан халықтың жоғары деңгейдегі мәдениеті болғанын да дәлелдейтін нақты деректер.

Автордың ойынша: «Тіл – жанбайтын, шайылмайтын, шірімейтін және идеологияның әсері тимейтін мұрағат. Ата-бабамыздан жеткен басты интеллектуалдық мұра; тіл мен мәдениетте көрініс тапқан бірінші иероглифтердің дамуын түсіне білу керек; сөздің себептілігін іздеу, жазу мен тіл бастау алатын бірінші иероглифтерді анықтау жұмыстары жүргізілгенде ғана тіл білімі өз мәнін сақтай алады; ауызша тіл жазба тілмен салыстырғанда құнды мәлімет беруі мүмкін. Сондықтан бізге ата-бабамыз өздерінің өткен тарихын ұрпақтары білсін деп, «біліңдер, білгір болыңдар» деп өсиет қалдырды. Бізге өте мол мұрағатты оқу тағдырымызға бұйырды, онда тек өткеніміз ғана емес, сонымен қатар болашағымыз да кодталған» [5,317 б].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Википедия (<http://kk.wikipedia.org/>)
- 2 Көбденова Г. Сөздің шығу тарихы/Ана тілі,-2012,-16-22 тамыз, -5 б/
- 3 Қоңыратбаев Ә.,Қоңыратбаев Т.Көне мәдениет жазбалары.- Алматы,1991.
- 4 Сүлейменов О. Язык письма.-Алматы, 1998-499 с.
- 5 Сүлейменов О.Таңбалар тілі.-Алматы,2014-384 б.
- 6 Крамер С.Шумеры. Первая цивилизация на земле.М.,2002.

#### ЫРЫМ-ТҮЙІМ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

УАХИТ Р.

6-сынып оқушысы, Ақжол орта мектебі, Ақсу қ.

ХАЛХЫН С., ПАЛАН А.

Жетекші мұғалімі

Қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, ырым-жосындары көшпелі халықтар арасында әлі күнге дейін, озықта өміршен екендігін айтуға болады. Олай болу себебі кезінде тарихта қалған Ақ патшаның арбауына түсуі, одан соң орыстың отаршылдық саясаты. Тәуелсіздік алғанға дейінгі бодандықтың бұғауынан бүлінбестен шығуы да осы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жосынымыздың рухы мықты тәрбиелік мәні зор екендігінің арқасы деуге әбден болады!

Осы аталмыш ойды алдағы ғылыми жобадан аңғаруға болады. Бұл жобадан ырым-жосын бөлектеп алуымыздың өзіндік мәні бар. Ол қазіргідей ғылым мен техника қарыштап дамыған жаһандану заманында қазақ халқының қанына сіңген ерекше ырым-жосынымызды жоғалтып алмау!

Оның қазіргідей жас ұрпақты тәрбиелеу үшін ұтымды тұстары барын ашып көрсету. Әсіресе мектеп балабақша тіпті колледж жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге дейін маңызы зор екенін айтуға болады.

Жаңа заманда жаңаша үлгіде тәрбие алуға бейім тұрған жас өспірімдерге ата-бабадан, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ерекше ырым-жосынды көкейлеріне түйгізу;

Әрбір жас ұрпақтың көкейіне құйып, көздерін қандырып өсірсек аяқтарын шалыс басу, қателесу, менменшіл өзімшіл болудан қорғайды. Қысқасы үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге үлгі бола білетін, білімді, тәрбиелі сыпайы ұрпақ қалыптастыруға үлкен себін тигізеді деп ойлаймын.

Ендеше осы ырым-жосынды жіпке тізе отырып, оның ішкі түйсінін тәрбиелік, тәлімгерлік мәнін ашуға аздаған ғылыми ізденіс жасауды жөн көрдім.

Алдымен жасы үлкен, көпті көрген көнекөз ата-әжелерден сұрап білу арқылы ырым-жосынның түрлерін жинақтап, ондағы айтпақшы болған ішкі түйсіктердің тәрбиелік, тәлімгерлік қасиеттерін ашуға бел байладым.

Ғылыми жобадан мынадай ырым-жосындар қарастырылады.

«Жатағап ат үркітіп жау шақырма!» Мұның мәнін білетін адам бұрындары бейсауыт жолаушы келгенде ауылға кірместен алдынан шығып, атынан түсіріп алып үйге кіргізіп барып бұйымтайын сұраған. Оған керісінше жаугершілік заманда тіпті ауылдағы ойын балаларының өзі қарсы тұрып ат үркітіп, ауылын қорғауға бейім болғандығын аңғаруымызға болады. Біз жастар арасында қазір айтылмаса да, басқада сөздер жиі айтылатынын біз білеміз. Дәлел ретінде «Көзінді алайтпа!», «Қолыңды ербеңдетпе!» «Саусағыңды шошайтпа!» - деген ұғымдарда тәрбие берудің өте қарапайым тәсілі қолданылған.

Осындай аталмыш ұғымдарды әрбір жас буындарға, мектеп қабырғасын-дағы оқушыларға, жоғары оқу орындарында, колледжде тіпті балабақша балғындарына дейін, сабақ ретінде ырым-жосындарды оқытатын болсақ, сөз жоқ тәрбиелі де үлгілі жас буын қалыптастырамыз. XXI ғасыр білімділердің, ойшылдардың

ғасыры болса, жаһанданудан ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуымызға үлесін тигізеді деп ойлаймын. Расында қазақ халқы дана, ақылгөй, сезімтал халық болғандығымызды осы аталмыш ырым-жосындардан-ақ байқауға болады!

Ұрпақ тәрбиелеуде алдына жан салмайтын Жапония халқын алсақта, біздің дана халқымыздың ырым-жосындарының қасында тәрбие беру үлкен дана-лықты, адамгершілікті талап етеді деп ойлаймын. Әлемдік картада жерінің көлемі жағынан тоғызыншы орын алуы ақ найзаның ұшы, ақ білектің күші ғана емес, асқан ойшылдықтың, көрегендіктің, өр мінезді өз салт-дәстүрін ырым-жосындарын құрметтеуден бастау алғаны болар. Сан ғасыр армандаған тәуелсіздігімізді нығайтып, сақтап, дамытып қанатымызды кеңге жаюымызға осы ырым-жосындарымыздың берері мол деп ойлаймын. Төле би бабамыз айтқандай «Атадан ұл туса игі, – ата жолын қуса игі, Жаудан бұққан немені – ел ішінен қуса игі» деуінің өзінде үлкен фәлсафа жатқанын аңғару қиын емес. Олай болса азды көпті жинақтаған ғылыми жобамды ортаға салуды жөн көрдім.

Тыйым дегенді «мынау жаман», «ескіліктің қалдығы» деп түсінбеген жөн. Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы тыйым сөзбен балаларын тәрбиелеп отырған. Ол әншейін жай ғана «сөйтпе-бүйтпе» емес, оның әрқайсысының астарлы мағынасы бар.

1. Көзінді алайтпа! Ол бір қарағанда жақтырмау, ашулану болса, оның ішкі сырына үнілсек қалы құрып есі ауысқан адам, қатты қорыққан адам (көзі шарасынан шығу) қыл үстінде өлім аузында жатқан адамдардың көзі алайып көрінетінін айтсақ бала екінші рет ондай оғаш қылық жасамас еді.

2. Саусағыңды шошайтпа! Саусақ шошайтудың түрлі жолдары бар. Басбармақ пен сұқ саусақ екі түрлі ұғым кез келген саусақты шошайтып мінез көрсету саусақ шошайтудың ең сорақы түрі, ол туралы ислам діні ұғымында мынадай қағида бар. Сұқ саусағыңды екінші адамға қаратып нұсқап сөйлесең қалған саусақтарың өзіне қарап тұрғанын ұмытпаңыздар өкінішке орай мұндай жағдайлар адамдар арасында кездесіп жатады.

3. Ішегіңді тартпа! Кішкентай сәби кейде ішегін татса, үлкен адамдар тыйым салып қойғызып жатады. Ішегін тарту бір кездері әйелдер арасында жиі қолданып, сәнге айналғаны тағы бар. Шын мәнінде ішек тартудың не екенін білмеуден болар. Жалпы қатты қиналып, жақынынан, туысынан айырылып, жылауға шамасы жетпей дауысы шықпағанда ішегін тартып жылаған.

4. Таңдайыңды қақпа! Таңдай қағудың да түрлері көп. Өміріндегі ерекше істерге таңдай қағып жатса, қатты өкініп амалы таусылған адам таңдай қағады. Ал бала мұндай жәйттерді біліп өссе оғаш қылықтар жасаудан мүлдем аулақ болады!

5. Ерiнiңдi шығарма! Ернiн шығару ерсiлiк екенiн бәрiмiз бiлемiз. Кейде жастар, жас балалар бiрдеменi бiлмей жатса, ернiн шығарып қояды. Жалпы адамдар қатты ренжiсiп айтарға сөз таба алмағанда ерiндерiн бiр-бiрiне шығарып мұқатқан. Яғни кейде төменшiк санап мойындамаудың белгiсi болған.

6. Мұрыныңды шүйiрме! Мұрын шүйiру әдетте өзгелердi менсiнбеу, көзге iлмеу, жақтырмаудың белгiсi. Iшкi сырына үнiлетiн болсақ, өзiн жоғары санау ақымақтық, алла алдында астамшылдық, өнегесiз болатынын айтуға болады.

7. Екi кеште, бейуақта ұйықтама! Ескi ұғымдарда екi кеште ұйықтауға болмайды жын-шайтандар жүретiн мезгiл деген. Оның негiзгi мәнi уақ-суақ қарбалас мезгiл мал қоралай тын, үйге шам жағатын келесi күнге қаракет, яғни жоспар құратын мезгiл. Тiптi ұйқы өзгеруi, уақытты ауыстырып ажырата алмауға дейiн баратынын айтуға болады.

8. Ақты төкпе! Көшпелi халықтар ақты қатты қастерлеген. Егер ақ төгiлсе қос иығына төгiлген ақтан жағып тез сүртiп немесе топырақ-пен жылдам жауып тастап отырған. Оның мәнi мұнда деп ойлаймын ақ тамақта ғана адам ағзасына пайдалы ақуыздар, кальций көп кездесуiнде. Кез келген ақ тамақты алсақта оның құнарлығы асқазанға жеңiл болуы емдiк қасиеттерi болуы өз алды бiр әнгiме.

9. Қолыңмен жер шұқыма, бет алды сызба! Үлкендер былай дейтiн жетiм бала ғана жер шұқиды. Жаман ырым бастама дейтiн. Жердi жалаңаш қолмен сызу, шұқу қолды жарып ластау болса, жердi тең қайла арқылы өңдеп, белгiлi сайманмен кәдеге жарататынын айтсақ болады.

10. Жүреңнен отырма! Ескi ұғымда жүресiнен ер азамат отырса қырық жолаушының жолын бөгейдi деген. Расында қырық жолаушының жолын бөгемесе де ата-бабамызда ер азамат таққа отырған, жүресi-мен бiр тiзерлеп тек жауға аттанарда ғана отырған. Керiсiнше жас келiншектер бiр тiзерлей де, жүресiмен отыра берген. Мұның бәрiн жiпке тiзбей-ақ бiр-ақ сөзбен тыйым салып отырғаны байқалады. Бiрақ сөз төркiнiн дұрыс ұғына бермейтiн жастар үшiн бәрiн ашып ұғындыру керектiгiн айтуға болады.

11. Бет алды дауыс көтерме! Кез келген адам бетiмен айқайлап, дауыс көтеретiн болса үлкендер басының тазы бар ма? Соншама не

болды жұртты басына көтерiп, □ деп жатады. Ал қазiрде ұрысқақ жоқ дүниеге дауыс көтерiп, бая-шая болатын адамдар арамызда жоқ емес. Оларға ел аман жұрт тынышта не болды, жылан шағып алған жоқ шығар деген сөздердi жиi айтатын болсақ олда ойлантын болар.

12. Мұрыныңды шұқыма! Үлкендердiң сөздерiне келсек мұрнында құрт жоқ шығар маңқа емес шығарсың! Сумен тазалап сiңбiрiн деушi едi. Ал қазiр кейде ересек адамдардың өзi кез келген жерде тұра қалып, мұрын шұқып, оғаш қылықты жастарға көрсетiп жата-ды. Мұндайда былай деп айтқан дұрыс зындан түбiнде не жатыр екен талпақ танауыңа тас толып қалыппа! Таудың басынан тас бұлақ ағызып, тазалап алғаныңыз жөн болар десе, сөз төркiнiн түсi-нетiн жан қайталамас болар.

13. Шашыңды жайма! Бұрындары шашын жайған әйел көрсе байы өлiп, бағы қайтқан адам ғана шашын жайып жүредi □ деп тыйым салатын. ал қазiр жас қыз балалар, бойжеткендердiң бiразы шашын жаюды сөнге айналдырған. Ислам дiнiнде шашыңды жаппай бала емiзбе, тамақ iстеме «харам» дейтiн болса, қазақ халқы жаңа түскен келiннiң басына орамал тағуы тегiннен-тегiн емес шығар. Осылар-ды бiлiп өскен жас ұрпақ қателiкке бой алдырмас болар.

14. Орынсыз күлме! Қазақта мұндайда сөз бар, «жылағанды сұрама, к күлгендi сұра » - деген бетiмен жыртақтап, мағынасыз күлу кiмге де болса жараспас. Ұлы Абай атамыз өз сөзiнде «Орынсыз ыржаң бол-ымсыз қылжаң, болама дәулет кәсiп бұл» - десе, қазақ мақалында «Қатынның қары, еркектiң қоры күледi» - деп турасын айтқан. «Қатынның қары» дегенiмiз арсыз әйел, «Еркектiң қоры» деген қолынан дым келмейтiн азаматты айтса керек.

15. Бетiңдi тыжырайтпа! Ол не қылғаның бетiңдi тыжырайтып жақ-тырмай тұрмысың деп жатады үлкендер. Қазiргi жастар жақтырма-ған қылық көрсеткiсi келсе, бетiн тыжырайтып, иии... деп жиiрке-нiш бiлдiретiн тұстары бар. Бұл адамның әдеми келбетiн бұзып әжiм түсiруге бiрден-бiр себеп екенiн айтса өзi-ақ ұғынар.

16. Отқа түкiрме! Отқа түкiргенiң отансыз қалғаның деп жатады бұ-рындағы адамдар. Ал қазiр отқа түкiретiн жастар көрмесекте жанып тұрған бағыңа түкiрiп терiс айналуға болмас, бұл қылығың iшке қонбас десе де түсiнiп алар.

17. Дарияға кiшi нәжiс сындырма! Күллi адамзат жан-жануар бiткен сусыз өмiр сүре алмайды. Су табиғатқа адамзат, жөндiк тiршiлiк иелерiне қуат бередi, нәр бередi. Ұлы халқымыз айтқандай «Бұлақ көрсең көзiн аш»- дегендей суды аялап күту баршамыздың парызымыз болмақ. Осыны айтсақта жалпыға жеткiлiктi болар.



18. Үйдің ішінде қараңғыда ысқырма! Бұрынғылар түнде жылан ысқырады деп тыйым салатын. Расында түнде жылан ысқырады көпірдің туы көтеріледі деп айтып жататын. Тіпті қазірдің өзінде үйде ысқыруға болмайды ақша болмай қалады, десе қазақтың мәтелінде мындай сөз кездеседі. « Айдағанын бес ешкі ысқырығын жер жарады» - деп үлгілейтін де болған. Міне бізге тәрбиелік мәнді қолданудың жолы.

19. Үлкеннің алдын кесіп өтпе! Бұл қағида әлі күнге дейін жалғасын тапқан. Жөн білетін жастар үлкендер алдын кесіп өткен емес. Десе де көзге ілмейтін ілтипатты білмейтін жастарда арамызда кездеседі. Бұл туралы Мұқағали ағамызда жақсы жырлаған:

Сен өтші мен тұрайын қарағым  
Ағарып тұрған самайға неге қарадың  
Үлкеннің алдын көлденең кеспеген  
Таудай боп өссін әр қашанда талабың!  
бұдан артық қалай айтуға болады.

20. Есікті керме, босағада тұрма, маңдайша баспа! Бұл аталмыш ырым-жосындар бір-бірімен ұштасып жатыр. Ішке адам кіргізбеу үшін есікті керетіні бар. Ескілер болса есікті керу ессіздің ісі деп сынаған. Есікті керіп тұру ешкімді кіргізбестің амалы. Сырттан баса көктеп кіргендерден іштегілерді қорғаудың амалы. Босағада тұрма ішке кірсеңші деп жатады үлкендер. Неге деген сұраққа қысқаша былай дейді. Сиырың тұрып туатын болады деп айтады. Міне ырымның ерекшелігі. Бұған қоса дұшпаның ғана босағада тұрады. Босағадан шығарып салу сыйламастықтың белгісі екенін аңғару қиын емес. Маңдайшаны баспа, табалдырық баспа! Дәулетің тасып тұрма деп тыйым салатын үлкендер! Расында да үйге ырыс-байлық босаға, табалдырық арқылы кіретінін мән бермейміз. Босағаны сыйлап табалдырық маңдайшаны баспай жүрудің тәрбиелік мәнін түсіндіру қиын еместігін білген жөн.

Қазақтың тыйым сөзі – ұлттық тәрбие көзі, яғни қазақ кішкентай кезінен жақсылыққа үйір, жаман әдеттерден аулақ болсын деп тыйым арқылы баласын тәрбиелеп отырғанын біз жоғарыда айтқандай. Халқымыздың қанына сіңген тектілігі, адамгершілігінің жоғары болуы, әртүрлі келеңсіз көріністерден, әбес қылықтардан аулақ болғаны осы қазақтың тыйымының арқасы, яғни бала бойына ертеден сіңіргеннен. Құдайға шүкір, біз сол ата – әжелеріміздің тыйымымен өстік. Үлкендер бізге обал – сауапты кішкентайымыздан құлағымызға сіңірді. Біздің халық нан мен тұздың қатарына ағарғанды жатқызады, өйткені ақты да қатты қадірлеген. Айталық

«ақты баспа» дейді. Ақ дегеніміз не? Бұл – сүт, айран, қатық, қымыз, шұбат... Осының барлығы ақтың құрамына кіреді. Өйткені ол – сүт. Мал өзінің төлін алғашқыда сүтімен асырайды. Адам баласы анасының сүтімен жетілетін болса, малдың төлі де – сол, өзінің енесінің ақ сүтімен жетіледі. Мал да өзінің ұрпағын сүтімен өсіреді. Оның үстіне біздің қазақ төрт түлік малдың қадірін жан – жақты білген, өзінің өміріне тірек еткен. Қазақ – малды көп ұстаған халық. Ақтың қадірін, өзгелерге қарағанда, дәл қазақ халқындай жақсы білетін әрі қадірлейтін халық кемде – кем шығар... «Ақты баспа», «ақты төкпе» деп жатамыз. Өйткені төгілген ақты баспау керектігін мал желінінің ісіп кететіндігімен түсіндіреді. Алғаш найзағай ойнағанда, көктемнің алғашқы жауыны жауған кезде киіз үйдің босағасына, керегелерінің басына ырымдап жағады. Көктен жаудырсын, жерден өндірсін, ақ мол болсын, береке болсын деген ізгі тілек жатыр мұның астарында. Қазақ ұғымындағы ақ атаулы – азықтың тамақ қана емес, олшынымен қаншама төлді өсіріп отырған қасиетті сүтқой. Сондықтан ананың ақ сүтін ардақтай білетін қазақ халқы малдың сүтінде қадірлеген. Қазақта «ақ» сөзімен тығыз байланысты ұғым өте көп. «Ақ жаулықты ана», «ақсақалды қарт», «ақсүт», «ақ неке» дегендей, ақ сөзімен байланысқан ұғымын терең сөздер тазалықты, пәктікті айғақтайды. Жылан екеш жыланға да көңіліміздің түзулігін білдіріп, жамандық жасамай, басына ақ тамызып шығарып жібереміз. Қазақ ешқашан үйге кірген жыланды өлтірмейді. Өйткені жылан өздігінен, қарнын тойғызу үшін адамды шақпайды, тиіп кеткенде өзін қорғау үшін шағады. Атам марқұм: «Енді оның тебетін аяғы, ұратын қолы жоқ, тым болмаса әкеден бастап сықпыртып боқтайтын тілі де жоқ, жыланның жаратылысы солай, шақпағанда қайтеді...», – дейтін еді. Алла тағала тектен – теке ештеңені жаратпаған. Қазақта «жатқан жыланның құйрығын баспа» деген сөздің өзі біраз жайды аңғартпай ма?! Тіпті адам таңғаларлық, қазақтың әрбір мақалының өзінде ұлттық тәлім – тәрбиенің көзі жатыр деуге болады. Түсінген адамға тіпті қазақтың әрбір сөзінің өзі – ұрпағына қалдырған үлкен қазынасы. Өкініштісі, оның мағынасына терең бойламаймыз. Бүгін де көшеде төгіліп қалған сүтке мән бермейміз, шалпылдатып басып бара жатқандарды дәкөреміз. Бұлда – ұлттық сананың, ұлттық психологияның сұйылып бара жатқандығы...

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ақжелкен журналы 12/2007ж.
- 2 Алматы «Өнер» 1998ж Қазақы тыйымдар мен ырымдар.
- 3 Балаби журналы 12/2003ж.
- 4 Зейнеп АХМЕТОВА: Қазақтың тыйым сөзі – ұлттық тәрбие көзі /интернет/
- 5 Қ.Бегманов. Халқы мықтының – салтымықты. Алматы «Өлке»2010ж.

**ИЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «КӨШПЕНДІЛЕР»  
АТТЫ ТАРИХИ ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ «АЛМАС  
ҚЫЛЫШ», «ЖАНТАЛАС» ЖӘНЕ «ҚАҺАР»  
РОМАНДАРЫ, ТРИЛОГИЯНЫҢ ТАРИХИ МӘСЕЛЕСІ**

УНАРБЕКОВА А., ИСКАКОВА Д.  
9 «А» сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар к.  
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.  
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі

Қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет тарихи тақырыпқа қалам алып, жаңа бағыттың есігін ашқан І. Есенберлин, осы салада жемісті еңбек етіп, қазақ халқының рухани өміріндегі асыл қазынаға айналған керемет әдеби туындыларды дүниеге әкеледі. «Көшпенділер» трилогиясының редакторы болған, қазақ әдебиеті классиктерінің бірі, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың айтуынша «...І. Есенберлин артындағы біз секілді жас жазушыларға мұзжарғыш кеме секілді тыңнан жол салып берді».

Жазушы 1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1973 жылы «Жанталас» романдарымен қазақтың рухани дүниесін дүр сілкіндіріп, қазақы рухтың өшпеуіне, қайта онын нығая түсуіне ықпал етеді. Қазақ халқының рухани өмірін тұқыртуға бағытталған әрекет етуші күшке «Көшпенділер» трилогиясы қарсы әрекет етуші күш ретінде тұрды және ол өзінің негізгі міндетін атқара алды.

Кәсіби тарихшы ретінде І.Есенберлиннің «Алмас қылышының» күдіреті неде болды екен деп кітапты қайта қарауға тура келді. Кітаптың көркемдік жағын сыншы-әдебиеттанушылардың еншісіне қалдырып, оның тарихилық жақтарына ерекше ден қойдым.

«Алмас қылыш» романындағы алғашқы тарихилық жаққа оның уақыт пен кеңістік ұғымдарын нақтылауы болып табылады. Кітаптағы оқиғалардың басым бөлігі XV ғасырдың орта тұсынан

XVI ғасырдың алғашқы он жылдығы аралығында қазіргі Қазақстан немесе бұрынғы Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде және Шығыс Түркістан мен Мауереннахр аумақтарында өтеді. Кей тұстарда автор тарихи шегіністер жасай отыра, XIII –XIV ғасырлардағы Шыңғыс хан, Жошы хан, Бату хан, Үгедей хан, Күйік хан, Өзбек хан, Жәнібек хан, Бердібек хандарға қатысты оқиғаларды қосымша түрде баяндап өтеді. Сөйтіп, романның мазмұнындағы уақыт пен кеңістік ұғымдары өте дәл көрсетіледі. «Алмас қылышта» баяндалған, суреттелген уақыт шеңбері Қазақстан тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі - Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюі аралығына сай келеді.

І.Есеберлиннің тарихи тақырыпқа арналған туындысының ең құнды жері оның деректік негізінде жатыр. Автор сол жылдардағы тарих ғылымына белгілі және орыс, қазақ тілдерінде ғылыми айналымға түсірілген барлық жазба дерек мәліметтері мен қазақ халқының ауыз әдебиетінің материалдарын шебер пайдаланған. Ең бастысы, «Алмас қылыш» авторы XIII-XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихының этно-саяси тарихына қатысты сол кезеңдегі ең озық деп саналған тарихи ой-тұжырымдарды да пайдаланады. Ал оған қол жеткізу үшін қаншама монография, қаншама мақалалар мен жинақтар қаралды, талданды десеңізші!

Тарих ғылымында зерттеу жұмысының құндылығына тың деректерді қолдану, оны талдау, сол арқылы қарастырып отырған мәселеге байланысты зерттеушінің жасаған тұжырымдары жататыны белгілі. Қазақстан тарихының дамыған және кейінгі ортағасырлық кезеңінен хабары бар оқырманның «Алмас қылышпен» мұқият танысқан кезде ондағы деректердің молдығына және автордың оларды кәсіби зерттеуші сияқты рет-ретімен қолдана білгеніне таң қалмасқа шарасы қалмайды. Автордың белгілі бір оқиғаны тарихи заңдылықтарға сай сөйлете білгені, тарихи даму желісінен шықпай екі оқиға арасындағы байланыстарды жазушылық қиялмен жалғай білгені, тіпті басты кейіпкерлер арасындағы диалогтардың өзі тарихи кезеңнің шындығына сай келуі міне, осы айтылғандардың бәрі жазушының құр қиялының жемісі емес, оның тақырыпқа қатысты ізденістері мен зерттеулерінің нәтижесі болып табылады. Кітаптағы әрбір деректі қарастыру барысында автордың отыздан астам ортағасырлық авторлардың деректерінен мәліметтерді пайдаланғанына көзімізді жеткіздік. Олардың ішінде Марко Поло, Рашид ад-дин, Масуд бен Осман Кухистани, Камал ад-дин Бинай, Натанзи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Жувейни, Захир

ад-дин Бабыр, Махмуд бен Уәли, Әбілғазы, Қадырғали Жалайыр және тағы басқа авторлар бар. Сондай-ақ көптеген халықтың ауыз әдебиетінің материалдарын кездестіруге болады. Кейбір тұстарда жазушының өз қиялынан туған штрихтар кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі ушықтырады, романдағы оқиғаларды шиеленістіре түседі. Олардың бәрі жазба дерек мәліметтерімен толықтырылып, бір-бірімен байланыстырылып ұсынылады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін кітаптағы дерек мәліметтеріне назар аударалық.

I.Есенберлин кітабының құндылығы оның деректерінің молдығында және оларды автордың ұтымды қолдана білуінде болса керек. Тек қана Әбілғазыда кездесетін «Нар мойны Бердібекте кесілді» деген сөз тіркесін ол былайша қолданады. «...Осы өз Жәнібек ханды қараңғы түнде туған баласы Бердібек өз қолынан бауыздап, хан тағына жетті. Бірақ Бердібек құр әкесін өлтіріп қана қоймады. Алтын Орда тағынан дөметер деп, бір жазда ат жалын тартып мінер аға-інісін тегіс өлтірді. Абат елді ала айран етті. Әйтсе де меншіктенген алтын тақ оған құтты болмады. Таққа отырғанына екі жыл өтер-өтпестен, қастасқан туыстары оның өзін бауыздап өлтірді. Халық арасына тарап кеткен «Нар мойны кесілген, Бердібек хан өлген кез» деген мәтелдің аңысы содан. Міне, осы Бердібек ханның өлуімен бірге Бату ұрпағының Алтын Ордаға хан болуы да біткен»[2, 12]. Осы жолдарға негіз болған Әбілғазының дерегі былайша баяндалады: «...Бердібек хан өте залым және пасық, іші қара адам еді. Аға-інісі, барлық туыстарынан ешкімді қалдырмай, бәрін өлтірді. Бұл пәниден өзі өтпейтіндей көрінді. Ақыры патшалығы ұзаққа бармады, екі жылдан кейін жеті жүз алпыс екінші жылы опат тапты. Сайын хан әулеті Бердібекпен аяқталды. Өзбек ішінде «Нар мойны Бердібекте кесілді» деген мысал бар. Бұдан соң Жошы ханның өзге балаларының әулеті патшалық құрды»[4, 117]. Тек осындай дерек мәліметін жетік меңгерген адам ғана жоғарыда келтірген үзіндіні жаза алады.

«Алмас қылышта» қазақ ханы Жәнібек ханның өзі және оның ұрпақтары туралы баяндалғанда олардың әйелдерінің есімдері толық айтылып отырылады. Ол жазушының қиялынан туған дүние емес, нақты жазба деректе кездесетіне мәліметтер. Қадырғали Жалайыр еңбегінің «Ораз-Мұхаммед хан дастаны» атты тарауында қазақ хандары туралы мәліметтер тұнып тұр[5, 121-123].

Романда дерек мәліметтерінің тұнып тұрғанын мынадай бір абзацтан –ақ байқауға болады. Соны тындап көрсек.

«Әбілқайыр тағы да ойға шомды.

Он жеті жасында «Бату тағы», «Өзбек тағы» деп аталған Дәшті Қыпшақ тағына отырды. Ол кезде хан ордасы сонау шығыстағы Ертіс өзенінің қойнауындағы Чинга Тұра қаласына ту тіккен, майданды сол тұста ашып, жеке-жеке ұлыс болып отырған қазақ хандарын жеңіп, бірте-бірте Есіл, Тобыл, Нұра өзендерінің бойын тегіс өзіне қаратты. Сол қарқынмен ол бір кезде, Жошының ордасы тігілген, Ұлытау бойына жетті. Енді өзінің астанасын Бату ханның әскері екі жүз жиырма жыл бұрын бас қосқан Кеңгір бойындағы Орда-Базар деп аталатын қалаға көшірді. Ұлытау Дәшті Қыпшақ даласының кіндік ортасы. Батысы - Еділ, Жайық, солтүстігі – Есіл Тобыл, шығысы – Ертіс, оңтүстігі – Сыр бойы. Осы Дәшті Қыпшақ жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол Мауереннахр жеріне көз сала бастады. Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен Самарқандты шапты. Мауереннахрдан Сығанақ, Созақ, Отырар, Ақрүк, Ақ-Қорған тәрізді Дәшті Қыпшақ елінің көне шаһарларын қайтарып алды. Сөйте жүріп ол бір жағынан Ақсақ Темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбден қандасып кетті. Ақырында Әбілқайыр бұл кездерде түркі, иран елдері «Көк Орда», ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласына толық ие болды»[2,31].

Енді осы келтірілген жарты беттік үзіндіде қанша дерек материалдары қолданғанын анықтап көрелік.

«Он жеті жасында «Бату тағы», «Өзбек тағы» деп аталған Дәшті Қыпшақ тағына отырды» деген мәліметті I.Есенберлин XVI ғасырдың 40-50 жылдары аралығында жазылған шибанилық әулеттің тарихшысы Кухистанидың «Тарих-и Абу-л-Хайр-хани» атты еңбегінен алады. Дерек мәліметінде ол жөнінде былай делінеді: «Он жеті жасында мешін жылына сәйкес келетін сегіз жүз отыз үшінші жылы [Әбілқайыр хан] салтанатты жағдайда мемлекет билеушісінің тағына отырды»[6, 144]. Осы деректе тағы да мынадай мәлімет кездеседі: «Бір шетінен екінші шетіне дейінгі таза ауасы мен мөлдір суы басқа аймақтардан ерекшеленетін Дешті Қыпшақтағы Сайн-хан тағы («Бату хан тағы» - Б.К.) [Әбілқайыр ханның] иелігіне өткеннен кейін халыққа бейбітшілік орнады»[7, 171]. Кухистанидың осы еңбегінде Әбілқайыр ханның 1428-1431 жылдары Дешті Қыпшақ аумағындағы шибанилық ұлыстарды қалай бағындырғаны жөнінде баяндалады[6, 146-149]. Дәл осындай сарындағы Әбілқайыр ханға қатысты мәліметтер Ходжамқұли-бек Балхидың «Тарих-и Кипчаки» атты еңбегінде ұшырасады[7, 389-393]. Балхи Әбілқайыр ханның Дешті Қыпшақтағы бағындыру соғыстарының нәтижесін:

«[Ол] Дешті [Қыпшақты] [өз] мемлекетінің астанасы етті», - деп қорытындылайды[7, 393]. «Алмас қылыштағы» жоғарыда келтірген үзіндінің бір бөлігін талдау арқылы кітап авторының қаншама деректі ақтарып, қаншама мәліметті пайдаланғанын байқаймыз.

І.Есенберлин осы бір үзіндіні жазу үшін тек мұсылман авторларының мәліметтерін шектелмеген. Ол 1965 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген кеңес-өзбек тарихшысы Б.А.Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» атты зерттеу кітабындағы Әбілқайыр ханның билікке келуі мен оның алғашқы жорықтары, оның нәтижелері жөніндегі тұжырымдарымен де танысады, оларды өте тиімді пайдаланады. Мұнда зерттеуші Әбілқайыр ханның 1428 жылы Тура қаласын, 1429 жылы Тобыл өзені бойында туысы шибанилық Махмұд қожа ханды жеңіп, оның ұлысын өзіне қосып алғанын, 1428-1431 жылдар аралығында соғыстар арқылы бүкіл Шибан ұлысын біріктергенін жазған болатын.[8, 48].

І.Есенберлиннің «... Енді өзінің астанасын ...Кенгір бойындағы Орда-Базар деп аталатын қалаға көшірді» деген сөйлеміне негіз болған тұжырымдарды Ә.Марғұланның зерттеулерінен кездестіреміз. Онда археолог Орда-Базар қаласы Кенгір өзенінің бойында орналасқан, кезінде бұл қала Батый ханның ордасы болған еді деп жазған болатын[9,129].

Романдағы «...Дәшті Қыпшақ жеріне тегіс ие болғаннан кейін, ол Мауереннахр жеріне көз сала бастады. Отыз жыл хандық құрған өмірінде Үргеніш пен Самарқандты шапты» деген сөйлемнің негіздері «Тарих-и Абу-л-хайр-хани», «Тарих-и Кипчаки» еңбектеріндегі мәліметтерден және монографиялық зерттеулерден алынғаны бірден көрінеді[6,162-167; 7, 391-392; 8, 49-51.].

Сондай-ақ Б.А.Ахмедовтың еңбегіндегі: «Әбілқайыр хан Моғолстандағы саяси бытыраңқылық пен Шахрухтың қиыншылығын шебер пайдалана отыра, 1446 жылы Сырдария өзенінің екі жағында орналасқан Ақ-Қорған, Аркөк, Өзгент, Сығанақ және Созақ бекініс-қамалдарын басып алды», - деген тұжырымы үзіндіде көрініс тапқан.[8, 57-58]. Сонымен бірге біз қарастырып отырған дерек мәліметтерінде Әбілқайыр ханның Ұлыбектің қызы Рабиға сұлтан бегімге үйленгендігі туралы І.Есенберлин: «Сөйте жүріп ол бір жағынан Ақсақ Темір ұрпақтарына қыз беріп, қыз алып, әбден қандасып кетті», - деп айтып өтеді[6, 167].

Ал енді «Ақырында Әбілқайыр бұл кездерде түркі, иран елдері «Көк Орда», ал орыс шежірелерінде «Ақ Орда» деп аталған кешегі Алтын Орданың кең байтақ алып даласына толық ие болды» деген

сөйлемдегі ойдың деректік негіздеріне назар аударсақ, «Алмас қылыш» авторының ізденістерінің тереңдігіне таң қалмасқа шараң қалмайды! Романдағы осы бір ғана сөйлемді қағазға түсіру үшін жазушы қаншама деректі қарап, қаншама тарихи зерттеулерді меңгереді.

XIV-XV ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы немесе қазіргі Қазақстан аумағындағы саяси құрылымның қалай деп аталғандығы жөнінде тарихшылар арасында әлі күнге дейін дау-дамай бар. Зерттеушілердің бір тобы бұл аумақты «Ақ Орда» деп атаса, ал екінші бір тобы мұндай пікірлермен келіспей «Көк Орда» атауын қолданады. Қазіргі кезеңде бұл мәселе бойынша қаншама дискуссия болып, қаншама мақалалар жазылды. Тіпті мәселенің зерттелу тарихының өзін меңгеру тарихшылар үшін біршама қиындықтар туғызады. Ал жазушының осы бір ғана сөйлемді романға енгізу үшін қаншама ізденгенін көз алдыңызға елестетіп көріңізші! Жалпы, «Алмас қылыш» романының күдіреті неде деген сұрақтың жауабы осы жерден көрінсе керек. Романның күштілігі мен күдіреті - оның тарихи деректік негіздерінің молдығында деген болар едім.

Бір ғана сөйлемді романға енгізу үшін І.Есенберлинге Алтын Орда тарихына арналған арнайы зерттеулерді, атап айтсақ, Б.Д.Греков пен А.Ю.Якубовскийдің, Л.Н.Насоновтың, В.В.Бартольдтың, М.Г.Сафарғалиевтың және тағы басқа авторлардың арнайы зерттеулерімен танысуына тура келеді. «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы» атты екі томдық еңбектегі араб авторлары мен парсы тілінен аударылған көптеген тарихи шығармаларды және ең бастысы, Натанзидың «Ескендірдің анонимі» атты дерегінің мәліметтерін меңгереді..

Біз жоғарыда І.Есенберлиннің тарихнамалық тұжырымдарды жақсы меңгергендігі жөнінде айтқанбыз. Романның негізгі оқиғасы – Қазақ хандығының құрылуы болғандықтан, автор осы мәселеге қатысты тарихнамалық тұжырымдарды қарастырып, өзінің ой елегінен өткізеді. Сол жылдардағы бірден бір үстем тұжырымға – академиялық басылымдағы тұжырым жатты.

«Алмас қылышты» оқи отыра осы пікір алдыңнан шығып отырады. Әлі де болса Қазақ хандығы құрылмай жатып, «қазақ рулары», «қазақ жерлер» деген сөздерді жиі ұшыратасыз. Бұны сол кездегі тарих ғылымындағы ресми тұжырымның әсері деп түсінуіміз керек.

І.Есенберлиннің тарихи тақырыпқа арналған романындағы әрбір дерек мәліметі мен тарихнамалық тұжырымдар әлі де



болса зерттеуді қажет етеді. Біз осы мақаламызда тек солардың бірнешеуіне ғана тоқталдық.

Әлі күнге дейін оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп отырған автор мен оның кітабының күдіреті неде деген сұраққа енді ғана жауап тапқандаймыз. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, автордың сол заманда осындай тақырыпқа барып, тыңнан түрен сала білуі және әдебиет арқылы тарихтың міндетін атқаруға ат салысуы болса керек.

Екіншіден, өте көп жазба дерек мәліметтерін, халық ауыз әдебиетінің материалдары мен тарихи зерттеу материалдарын меңгеріп, оларды тиімді қолдана білуі жатса керек. Бұлар өз кезегінде «үйдің беріктігі іргетасында» демекші, романның бар жүгін көтеріп тұр. Кітаптың жазылғанына жарты ғасырға жуық уақыт өтсе де, ол әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Үшіншіден, «Алмас қылыш» және оның авторы қазақ халқымен мәңгі бірге жасай беретін рухани дүние деп санауға әбден тұрады.

I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан қазіргі қазақ елінің даму тарихын ғылыми көзқарастар тұрғысынан қарастыру. Бүкіл халықтың дамуының хандықтың тарихымен үндестігін тығыз байланыстылықта саралау. Қазақ елінің нағыз патриотын қалыптастырудағы I. Есенберлиннің мұрасының алатын мән-маңызын ғылыми тұрғыда пайымдау.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Есенберлин I. Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: «I.Есенберлин атындағы қоры», 1998. – 584 б., ил. 52 с.
- 2 Книга Марко Поло. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 352 с.
- 3 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. 208 бет.
- 4 Қ.Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 бет.
- 5 Тарих-и Абу-л-хайр-хани. // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.(Одан әрі МИКХ.)
- 6 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. М., 1965.
- 7 Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.) // Изв. АН КазССР, серия историческая, №49, вып. 4, 1948, стр.119-145.

8 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. Мына кітапта: На стыке континентов и цивилизаций... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.). М.: ИНСАН, 1996. – 768 с.

9 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 бет.

10 Таварих-и гузида-йи нусрат-наме.//МИКХ.

11 Фатх-наме.//МИКХ.

12 Шайбани – наме.//МИКХ.

13 История СССР. Учебное пособие (Издание третье, дополненное). Под общей редакцией профессора Б.Д.Дацюка. часть I. М., Издательство «Мысль», 1970.

14 История Казахской ССР. Т. I. –Алматы, 1957.

#### БОЛЫМСЫЗДЫҚ МАҒЫНАНЫҢ ЭКСПРЕССИВТІ – ЭМОЦИОНАЛДЫ СИПАТЫ

ХАЙРУЛЛАЕВА Д. А.

10 «А» сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей,  
Кентау қ., ОҚО

Қай тілде болмасын болымдылық мағына және оған керісінше айтылатын болымсыздық мағына барлық сөз табына тән ортақ грамматикалық категория. Тілде кез келген сөздер әрі болымды, әрі болымсыз мағынада қолданылады, яғни болымды мағынада айтылса, міндетті түрде оның болымсыз мағынасы бар деп есептелінеді. Есім сөздерде болымсыздықты білдіретін белгілі бір грамматикалық көрсеткіштер жоқ. Олардың болымсыздық формасы емес, жоқ көмекшілерінің тіркесуі арқылы ғана беріледі. Мысалы, ағаш – ағаш емес, ақ – ақ емес, екеу – екеу емес, мен – мен емес.

Етістіктің болымсыздықты білдіретін арнайы грамматикалық көрсеткіші бар. Бірақ солай бола тұра болымсыз мағынаның эмоционалды-экспрессивтік те сипаты, оның берілу жолдары да ерекше көңіл бөлетін тілдік құбылыс. Сондықтан бұл мәселе жан-жақты қарастырылуы қажет.

Етістіктің болымсыз мағынасының эмоционалды-экспрессивтік мәнінің қазақ тілінде берілу жүйесін анықтау.

– етістіктің болымсыз мағынасы және оның берілу жолдарымен танысу;

– эмоция, экспрессия ұғымына түсінік беру;

– көркем шығарма тіліндегі болымсыз мағынаның экспрессивтілігін білдіретін тәсілдерді анықтау және оларды топтастырып, түрлеріне жеке-жеке тоқталу.

а) Эмоция, экспрессия ұғымы туралы

Болымсыздық мағынаның эмоционалды-экспрессивті сипатын түсіну үшін, алдымен эмоция, экспрессия деген не, соның мәніне тоқталуымыз қажет.

«Эмоция» - толқыту (волновать) деген мағынаны білдіретін латын сөзінен шыққан .

Эмоция туралы пікір ертеден-ақ қалыптаса бастаған. Ғалымдар эмоция сөзінің табиғатына, сыр-сипатына, өзіндік ерекшелігіне тоқталған. Мысалы, Ч.Дарвиннің «Адамдар мен жануардағы эмоция көрінісі», П.В.Симоновтың «Эмоция дегеніміз не?» тағы басқа еңбектер бар.

Эмоциялық реңк интонация арқылы да беріледі, яғни «интонация жазғанда кейде қалам маңайлай алмайтын әсіресе эмоциялық және экспрессивтілік сипаттағы реңкті беретіндігіне» деп ғалымдар көңіл бөлген.

Ал ағылшынның ұлы драматургы Бернард Шоу «Ия» деп айтудың елу, «Жок» деудің бес жүз тәсілі бар, ал оларды жазу тәсіліміз біреу ғана - деп көрсеткен. Бұдан сөздің мән, ажарын түрлендіруде интонация қызметінің өрісті де ерекше екенін байқауға болады.

Экспрессия-латын сөзі, орысшасы-выразительность (мәнерлілік). «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «экспрессия –сөздің сезім күйлерін білдіретін нақышты мәнерлілігі» деген сипаттама берілген.

Сөйлеушіге де, тындаушыға да бірдей түсінікті болғанда сөз қатынас құралы болу қызметін атқара алады. Сөздің мән мағынасы, қасиеті, өзіндік ерекшеліктері оның осы қызметіне тәуелді. Сондықтан сөздің ұғыммен, ойлаумен, қоғам өмірімен қарым-қатынасында, өзіндік даму заңдылықтарын да оның осы сипатынан іздеу керек. Қатынас құралы болу сөздің ең негізгі қызметі болып табылады.

а) Болымсыздықтың экспрессивті-эмоционалды сипаты және оның берілу жолдары:

Болымсыздықтың экспрессивті-эмоционалды мағынасының лексикалық тәсілмен де жасалатындығы жиі кездеседі. Қазақ тілінде болымсыз мағыналы сөйлемге экспрессивті мән беру мақсатында болымсыз формасы баяндауыштың алдына күшейткіш мән беретін лексикалық көрсеткіштер қойылады.

Оларға болымсыз есімдіктерді: түк, дәнене, еш, ешбір, ешкім, ештеңе, ешқайсысы, ешқайда, ешқашан т.б. жатқызамыз. Сонымен қатар мүлде, атымен, әсте, тіпті, тым сияқты үстеу сөдерін және түгіл, тұрсын, тұрмақ, да, де, та, те демеуліктерін жатқызамыз.

Осы көмекшілер арқылы болымсыздықтың эмоционалды-экспрессивті мағынасының жасалуына жеке-жеке тоқталайық.

Түк есімдігі арқылы болымсыздықтың эмоционалды-экспрессивті мағыналарының берілуі. Мысалы: Есірік халде екі көзі түк көрмей сенделіп жүріп жарыққа түсіп кетті. (Ә.Нұрпейісов). Сөйлем тұтасымен алғанда-болымды. Бірақ оның белгілі бір бөлшегі болымсыздық мағына беріп тұр, яғни оның көзінің көрмеуі. Осы сөйлемде түк есімдігі көрмей деген болымсыздық етістігімен тіркесіп, эмоционалды мән беріп тұр.

Түк сөзінің эмоциялық реңк көрсетуде рөлі зор. Түк есімдігі сөйлемде көбіне болымсыз етістігімен тіркеседі. Сонымен қатар жок, емес көмекші сөздерімен тіркеседі. Мысалы: Бұның ойлап шығарған түгі жок. Түкті де көргем жок. Түк бітіре алмасын білді де, Темірке тез ақылға келді.

Түк сөзінің өзіне тән ерекшелігі ол болымды етістіктермен тіркеспейді. Түк сөзі өзінен кейінгі болымсыздық етістігіне кейде жалаң, яғни ешқандай қосымшасыз тұрып жалғанады. Мысалы: Тәңірберген түк деместен суық томсарып отыр. Сарқырап айтқан сөзі де, көзіндегі жасы да оған түк әсер етпеген.

Ал кейде жалғау жалғанып барып тіркеседі. Мысалы:Әсіресе, тері-терсек жиятын жігіттің түкпен ісі жок. Айналайын-ау, бұл араға түйеннің түкке де керегі жок.

Осы сөйлемдерде түк сөзі өзінен кейінгі сөзбен барыс, көмектес септік жалғауларын қабылдап барып тіркескен.

Урядник түкке түсінбей аң-таң. Түкті де көрген жок.

Бұл сөйлемдерде түк сөзіне барыс, табыс септік жалғаулары жалғанған. Демек, бұдан шығатын қорытынды түк сөзі септік жалғауларының бәрін қабылдайды, яғни септеледі.

Сонымен қатар түк сөзі тәуелденеді.

Бұның ойлап шығарған түгі жок.

Жоғарыда қосымша қосылмаған түк сөзін сөйлемнен алып тастағанымен, сөйлемнің ешқандай да лексикалық мағынасы өзгермейтіндігін байқадық. Ал түк сөзіне қосымша жалғанып тұрған жағдайда оны сөйлемнен алып тастасақ,сөйлемнің лексикалық мағынасына нұқсан келеді.

Енді ешкім болымсыздық есімдігіне тоқталайық.

Бұл есімдік негізінен заттық яғни субстантивтік ұғымды білдіреді. Бұл болымсыздық есімдігі сөйлемде болымсыздық мағына білдіретін емес, жоқ деген сөздермен және етістіктің болымсыз түрімен байланысты қолданылады: ешкім сөйлеген жоқ, ешкім білген емес, ешкімайтпады.

Енді өзіміз қарастырған «Қан мен тер» романында ешкім есімдігі қалай қолданылғанын қарастырайық.

Мысалы, Ешкіммен амандаспады. Қашан жүретінін ешкім білмеді. Ол кезде Еламан мен Рай да ешкімнің көңіл күйі мен қабағына қарай қоймайтын. Біразға дейін ешкім үндемеді.

Осы сөйлемдерде ешкім болымсыздық есімдігі амандаспады, білмеді деген болымсыздық есімдіктерінің алдынан келіп, сөйлемге эмоциялық реңк үстеп тұр. Ал егер осы есімдіктің орнына басқа есімдіктерді қойып көрелік: Олармен амандаспады. Қашан жүретінін олар білмеді. – Бұл сөйлемдердің эмоциялық реңкі ешкім болымсыздық есімдігіндей болмайды, өйткені олармен амандаспаса, басқалармен амандасады немесе қашан жүретінін олар білмесе, басқалар білуі мүмкін. Олай болса, бұдан ешкім есімдігі сөйлемге күшейту мәнін үстеп тұрғанын байқауға болады, яғни бірде-бір адаммен амандаспады, олардың кеткенін жан баласы білмеді деген мағынаны білдіріп тұр.

Енді мына сөйлемдерді алып қаралық:

Тәңірбергенге барып қайтқанын ешкімге айтпады. Өз басым ешкіммен дос болып көргем жоқ. Өзіңнің де ешкімге керегің жоқ. Басқа әйелдер сияқты ол ешкімнен именген жоқ.

Бұл сөйлемдерде ешкім болымсыздық есімдігі жоқ, емес сөздерімен қатар келген, әрі сөйлемге күшейту мағынасын қосып тұр.

Ешкім болымсыз есімдігі де септеледі. Мысалы: Өзіңнің де ешкімге керегің жоқ. Қатын-бала, мал-мүлікпен ешкімнің жұмысы болған жоқ. Тартып алуға ешкімнің де хақы жоқ. Екі сөзінің бірінде Мюлгаузеннің ешкіммен есептескісі келмейтінін айтып, аяғында кетіп қалма деп қайрап жіберді. Ол кезде үй ішінен басқа ешкімді көрмейтін.

Бұл сөйлемдерде ешкім сөзі барыс, ілік, табыс, шығыс, көмектес септік формасында келген.

Оның күтетін ешкімі жоқ. Білетін ешкімім жоқ.

Бұл сөйлемдерде ешкім есімдігі тәуелдік формасында тұр.

Ештеңеболымсыздық есімдігі де заттық ұғымды білдіреді. Енді ештеңе болымсыздық есімдігінің беретін мағынасына тоқталайық. Мысалы: Иә, оң босағада отырғанда бұл ештеңеден тарлық көрмеді.

Балықшылар өз үйіне кіргендей, ештеңеден именбей, қауқылдап сөйлеп кірген-ді.

Бұл сөйлемде болымсыздық есімдігі болымсыз баяндауыштар арқылы берілген етістіктің болымсыздық мәнін ерекше көтеріп, күшейту мағынасын үстеп тұр. Демек, оның ештеңеден яғни қай жағынан алсақ та, тарлық көрмегенін, ештеңеден именбегенін көреміз. Ештеңе болымсыздық есімдігі жоқ, емес көмекші сөздерімен келген аналитикалық формалы етістіктерде қолданылады.

Келісті ештеңе болып жатқан жоқ. Ақбала ештеңе көрген емес. Білетін ештеңесі жоқ. Менің асығатын ештеңем жоқ. Ештеңенің мәнісіне түсінбесе де, абыр-сабыр боп жатқан кісілердің ынғайымен айналып олар не істесе, бұ да соны қайталады.

Бұл сөйлемдерде де болымсыздық есімдіктері күшейту мәнін үстеп тұр.

Ештеңе сөзі де заттық ұғымды білдіретін болғандықтан тәуелденеді, септеледі, көптік жалғауларымен қатар жалғанады.

Ешқандай болымсыздық есімдігі де болымсыздық етістігіне эмоционалды мағына береді.

Мысалы: Есбол қария ертеден бері ешқандай дыбыс шығармай отырған. Ендігі тірлікте ешқандай қызық қалмағандай, бар нәрсеге немқұрайлы қарап келеді.

Бірінші сөйлемде ешқандай болымсыздық есімдігі кейіпкердің үн-түнсіз, тыныш отырғанын баяндауда ерекше бір эмоциялық реңк беріп тұр. Сөйлемді «Есбол қария ертеден бері дыбыс шығармай отырған» деп те айтуға болады. Алайда онда дәл жоғарыдағы сөйлемдегідей кейіпкердің үндемей отырғаны тереңірек көрсете алмаған болар еді. Мұндағы Есбол қарияның дыбыс шығармай отырғанын ешқандай есімдігі нақтылай түскен.

Болымсыздықтың экспрессивті-эмоционалды мағынасы болымсыз есімдіктерден басқа сөздер арқылы да жасалады.

Сөйлемдегі болымсыз мағынаның экспрессивтілігі «мүлде», «тым», «тіпті» сияқты үстеу сөздерінің қатысуымен де беріледі.

Енді мүлде үстеуінің болымсыздық етістігіне беретін эмоциялық мағынасын қарастырайық. Мысалы: Бұл жаққа мүлде соқпауы да мүмкін ғой. Мынау кеше депода қыруар халықты бір өзінің аузына қаратып алған бала жігіттен мүлде басқа.

Бұл сөйлемдердегі «жұмысы болмай», «соқпауы» деген болымсыз баяндауыштар сөйлемге тек қана болымсыз мағына ғана қосса, оған мүлде сөзінің тіркесуі болымсыздықты күшейтіп, экспрессивтілік мән қосып тұр. Сондай-ақ мүлде сөзі бұл

сөйлемдерде болымсыз етістіктермен және жоқ көмекші сөзімен тіркескен.

Мүлде сөзі-үстеу, сондықтан үстеулерге тән қасиет морфологиялық жағынан түрленбеу бұл сөзге де қатысты.

Тіпті үстеу де өзі тіркескен сөзге күшейту мағынасын үстейді. Мысалы. 1. Ауыл маңы тіпті ажарсыз, жүдеу. 2. Әңгімеге тіпті зауқы жоқ. Тіпті ойлағысы да келмеді

Енді осы сөйлемдерді талдайық. Бірінші сөйлемде ауыл маңының ажарсыз, жүдеу екеніне тіпті сөзі эмоциялық реңк беріп, күшейтіп көрсетіп тұр. Екінші, үшінші сөйлемде де болымсыздық мағынаға эмоциялық мән үстеліп берілген. Тіпті сөзі ешқандай жалғаудың түрлерін қабылдамайды, ол өзінен кейінгі сөзге еш қосымшасыз тіркеседі.

Роман тілінде қолданылған тіпті сөзінің тағы бір ерекшелігі-көбіне тұрақты тіркестермен келуі. Мысалы:

-Апырай, тіпті өңінде қан-сөл жоқ. Селиванов оған тіпті көз салған жоқ..

Осы сөйлемдердегі «қан-сөл жоқ, көз салған жоқ» дегендер – тұрақты тіркестер.

Бұл мысалдардан тіпті үстеуінің болымсыздыққа беретін эмоционалды мағынаның ерекше екенін байқауға болады.

Тым үстеуі де роман тілінде болымсыздыққа эмоциялық мән қосады және құрыса сөзімен тіркесіп қолданылатындығы анықталды.

Мысалы. Тым құрыса қонақасы беріп, сый-құрмет көрсете алмадым.. Тым құрыса әдеп үшін ақылдасып, ырзалығын сұраса несі кетеді?

Осы сөйлемдерде кейіпкердің көңіл-күйін анық білдіруде тым құрыса деген тіркес реңк беріп тұр, яғни ең болмаса ақылдасар адам болмағанына, қонақасы, сый-құрмет көрсете алмағанына өкініп тұрғанын байқауға болады.

Болымсыздықтың экспрессивті-эмоционалды мағынасы лексикалық тәсілмен жасалуына шылау сөздер де қатысады.

Да шылауы ыңғайластық жалғаулықтар қатарына жатады, яғни өзара ыңғайласып құралатын тең дәрежедегі сөздер мен сөз тіркестерін жалғастырады да, олардың ыңғайласқан қатынасын білдіреді. Бірақ да шылауы кейде өзі тіркескен болымсыздық етістігіне эмоционалды-экспрессивті реңк береді.

Мысалы, Торшолақ балаға әлі тіл қатқан жоқ, түріне қарамады да. Қора ішіндегі толып жүрген қарулы кісілерге назар салмады да.

Бұл сөйлемдерде адам сезімінің ішкі сезімін анығырақ білдіруде да шылауы сөйлемдердегі болымсыздық мағынаға эмоциялық реңк қосқан.

Кейде да шылауы болымсыздық етістігінің алдынан келіп те, сол сөйлемге эмоциялық реңк қосады.

Мысалы:Көңілінде құрттай да реніш қалмапты. Бірақ, бір ғажабы, бір-бірімен кездесесін екеуі де үндемеді.Осы сөйлемдерде да/де/та шылаулары болымсыз етістіктің алдында келген сөздерге тіркесіп, оларға күшейту мәнін қосып тұр.

Түгілшылауына тоқталайық.

Мал түгіл адам шыға алмайды. Сүйген түгіл, сыйлаған да емессің. Қазір ол екі жүзді адам баласы түгіл, көктегі құдайдың өзіне де сенбеді. Бұл сөйлемдерде түгіл демеулік шылауы сөйлемдердегі болымсыздық мағынаға эмоциялық реңк қосып, мағынаны күшейтіп тұр.

Қорытынды

Қазақ тіліндегі болымсыз мағынаның берілу жүйесіне шолу жасай отыра оның әр сөз табына қатыстылығын және болымсыз мағынаның берілу жүйесінің бар екендігі байқалды. Болымсыздықтың грамматикалық көрсеткіштерінің түрлері әр алуан,осыған сай қызметтері де бірдей емес. Жұмыста экспрессия, эмоция ұғымдарына талдау жасалды, бұл екі сөздің бір-біріне тәуелді емес, тек шартты түрде ғана қатар жұмсалатындығы айтылды.

Жұмыста болымсыздық мағынаның эмоционалды-экспрессивті реңкін көркем шығарма тіліндегі мысалдар арқылы дәлелдеу мақсат етілді. Сол мақсатқа сай эмоционалды-экспрессивті мағынаның лексикалық тәсіл және интонация арқылы берілуі.

Болымсыздық мағынаның эмоционалды-экспрессивтілігінің лексикалық тәсілмен берілуіне болымсыздық етістіктерінің, үстеулердің, шылаулардың болымсыздық етістіктерімен тіркесіп келуі себеп болады.

Сөйтіп, Ә.Нүрпейісовтің «Қан мен тер» романында болымсыз мағынаның эмоционалды-экспрессивтілік мәнде қолданылуы жиі кездесетіндігі анықталды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ грамматикасы. – Алматы, 1967.
- 2 Аманжолов С. Қазақ тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы.
- 3 Жукенова М. Отрицательные предложение в русском и казахском языках. Дисс... канд. Филол. Наук. – Алма-ата, 1967



- 4 Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер. – Алматы, 1961  
 5 Маманов И. Қазіргі қазақ тілі (етістік). – Алматы, 1966.  
 6 Әбдіғалиева Т. Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздық категория. Докт. дисс. Автореферат. – Алматы, 1998.  
 7 Лукьянова Н. А. Экспрессивная лексика разговорного употребление. – М., 1984.  
 8 Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1966.  
 9 Нұрмұханов А. Сөз және шеберлік. Алматы.  
 10 Құрманалиева З. Реңк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы. – Алматы, 2004.  
 11 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1966.  
 12 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – Алматы, 1977.

## СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

ХАСЕН А.

8 «Ә» сынып оқушысы, №25 ЖОББМ, Павлодар қ.

ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Торайғыровтың 2 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Торайғыров алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) қаталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

1911 ж. жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. \*1912 ж. Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Торайғыров енді медреседе оқуды қойып, орысша оқу іздейді, қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады. Осы кезден ақындыққа ден қойып, \*1912 – 13 жылдар аралығында

“Оқып жүрген жастарға”,  
 “Тәліптерге”(“Шәкірттерге”),  
 “Ендігі беталыс”,  
 “Оқудағы мақсат не?”,  
 “Анау-мынау”, “Мағынасыз мешіт”,  
 “Жарлау”, “Досыма хат”,  
 “Шығамын тірі болсам адам болып”,  
 “Түсімде”, “Жазғы қайғы”,  
 “Қымыз”, “Кешегі түс пен бүгінгі іс”, т.б. өлеңдерін, “Зарландым” атты ұзақ очеркін жазды. Осы тұста “Қамар сұлу” романын жазуды бастады.

1913 жылдың күзінде Троицкіге қайтқан Торайғыров “Айқап” журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, “Өлең хәм айтушылар”, “Ауырмай есімнен жаңылғаным”, “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан”, “Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?”], т.б. өңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды. Журналда аз ғана уақыт қызмет еткен ақын

1914 ж. жазда туған елі Баянауылға оралады. Ел ішінде мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін “Шоң серіктігі” деген ұйым ашпақ болғанымен, ісі жүзеге аспады. Осы жылы орысша оқу іздеп Семейге барған Торайғыров діндеген оқуына түсе алмай, біраз дағдарысқа ұшырайды. Осындай көңіл-күй әсерімен

“Ләнет бұлты шатырлап”, “Алтыаяқ” сияқты өлеңдер жазған. “Ендігі беталыс”, “Тұрмысқа”, “Бір адамға”, “Туған еліме”, “Сымбатты сұлуға”, “Қыз сүйю”, “Гүләйім”, “Өмірімнің уәдесі”, “Жан қалқам”, “Гүл”, т.б. өлеңдерін, “Кім жазықты?” атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелді (1915). Шығыс Қазақстанда жалданып бала оқытқан ол

1916 жылдың күзінә дейін әуелі Қатонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орыс тілін үйренеді.

1916 – 17 жылдардың қысында Томскіде орысша оқиды. Өмірден көп қағажу көріп қажыған ақын арманына жетіп көңілі көтеріледі. “Шәкірт ойы” өлеңінде “Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды”, “Мұздаған елдің жүрегін жылытуды” армандайды. Осы тұста әлем әдебиетінің классикалық үлгілерімен, саяси кітаптармен танысты.

1917 жылғы ақпан айындағы төңкерістен кейін Семейде жана құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатынасып, “Алаш ұранын” жариялады. Бірақ ауруы асқынып кеткендіктен оқуды да, жұмысты да тастап,

1918 ж. сәуірде еліне біржола оралады. Онда Колчак үстемдігінен кейін қайта жанданған совдеп жұмысына араласып, ел шаруаларының дау-шарларын әділ шешуге қатынасты. Осы тұста саяси-философиялық әдебиетті (Г.Ц. Плеханов, Н.Г. Чернышевский, т.б.) көп оқып,

“Шал мен қызға”, “А. дүние”, “Жас жүрек”, “Сарыарқанын жаңбыры”, “Адасқан өмір”, “Кедей”, “Айтыс”, т.б. өлеңдерін жазды.

Шығармашылығының ерекшелігі

Оның шәкірттік кезеңдегі өлеңдері (1907–11) көркемдік тұрғыдан кемшін түсіп жатқанымен, жас ақынның қоғамдық құбылыстар мәнін түсінуге деген ұмтылысы мен өлең тілімен сурет салуға бағытталған талабын танытады. Ол қоғамдағы әділетсіздік пен әйелдердің ауыр тағдыры, діни оқудың схоластикалық сипаты жайлы жазды. Байлық пен кедейліктің теке-тіресін бай мен кедей ұлының өмірі арқылы көрсетуге тырысқанымен, бұл талпынысы биік ақындық талант пен саяси көзқарасты таныта алмады. Торайғыров 1912 жылдан бастау алатын шығармашылығының жаңа кезеңінде Абай, Ыбырай негізін қалаған ағартушылыққа бет бұрды, жастарды оқу-білімге шақырды. “Туған айдай болып туып, күнді алуға бел буады”, тұрмысты жеңуде жігерленіп, ақиқатты табу жолында талмай ізденуді мұрат тұтады. Алғашқы үгіт мәндес өлеңдерінен кейін ақын лириканың өрісін кеңейтіп, лирикалық кейіпкердің жан сырын, іс-әрекетін суреттеуге ұмтылады. Оның жырларынан тағдырға мойынсұнбай, қасарыса алға ұмтылатын, ауыртпалыққа қарсы тұрар өжет мінез көрінеді. Осы кезден бастап ақын шығармаларында ескіні сынау бой көтерді. Ол қазақ арасында көп кезігетін келеңсіз мінездер мен кертартпа әдет-ғұрып салтына қарсы күреседі. Табиғат, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінде ақын адам сезімін қоғамдық көзқараспен, әлеумет өмірімен байланыста қарайды. Ескіге қарсы көзқарас оны қоғамдағы әділетсіздікпен қақтығысқа алып келеді (“Осы да әділдік пе?”, “Бір адамға”, т.б.). Ол өмір шындығын көркем бейнелей келе, қазақ өлеңінің мазмұнын кеңейтті, сырға толы лирикалық жырлар туындатты. Көптеген әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар жазды, екі роман (“Қамар сұлу”, “Кім жазықты?”), төрт поэмасын “Таныстыру” (1917 – 18), “Адасқан өмір” (1918), “Кедей” (1919), “Айтыс” жариялады. Торайғыров “Қамар сұлуда” әйел теңсіздігі мәселесін көтере отырып, дәуір шындығын әлеум. тұрғыда талдаса, “Кім жазықты?” романында ауыл өмірінің шындығын жан-жақты суреттей келе, қазақ халқының шаруашылық тұрғыдан дамымағанын, талапсыздық пен шаруаға қырсыздықты, жалқаулықты, алауыздықты сынайды.

Поэма жанрына қосқан үлесі

Торайғыров поэма жанрын жаңа арнада дамытты. Ол сюжетсіз поэмаларында өмірдегі сан түрлі мәселелерді кеңінен қамтып, өршіл ой-түйіндерін бүкпестен, өткір де ашық насихаттауға тырысты. Алғашқы поэмасы “Таныстыруда” Алашорда қозғалысы өкілдерін елге таныту мақсатын көздеді. Ә.Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, М.Дулатовтарды таныстырып, олардың “бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – ай” екендігін жазады, алаштықтардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Алаш өкілдерімен қоса, қазақтың көрнекті тұлғалары Абай мен Шәкерімді ерекше атап көрсетеді. “Адасқан өмір”, “Кедей” поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады. Ақын бұл жайларды қазақ ауылы шеңберінен шығып, капиталистік қоғамға тән мәселелер ретінде қозғайды. “Адасқан өмір” – Торайғыров шығармашылығының зор табысы. Мұнда ақын аз ғұмырында көзімен көріп, ойымен түйген, білім-білігімен таныған тұрмыс өткелдерін өзіне ғана тән асқақ үнмен ашына, ақтара жырлайды. Поэманың лирикалық кейіпкері түрлі кәсіппен шұғылдана да, ешбірінен қанағат, теңдік таппай, әділетті қоғамды аңсайды. Шығармада ақын түсінігіндегі болашақ жаңа қоғамның бейнесі жасалады. Шығарманың негізгі идеясы адам өмірді өз тілегіне бағындыра алады және соған ұмтылуға тиіс деген оптимистік қорытындыға саяды. “Кедей” поэмасының бас кейіпкері де өз ортасынан әділдік таппайды, қоғам мен адам арасындағы қайшылықты бітіспес күреске ұластырады. “Айтыс” поэмасы толық аяқталмаған, онда Торайғыров қала ақыны мен дала ақынын айтыстырып, екі ортаның қайшылықты жақтары мен адамға пайдалы тұстарын қатар алып суреттейді. Торайғыров шығармалары – 20 ғасырдың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес. Оның ізденістері “шындықтың ауылын іздеумен” байланысты, оның реализмі бұлтасыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген, оның тенденциясы да сыншыл

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уикипедия Ашық Энциклопедиясы
- 2 8 сынып әдебиет оқулығы (Мектеп баспасы)

## СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ШАКЕН А. Е.

8-сынып оқушысы, №29 ЖББОМ, Павлодар қ.

АПСАЛЯМОВА Ә. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, №29ЖББОМ, Павлодар қ.

Қазақ тілі білімінде сұраулы сөйлем туралы ірі ғалым А.Байтұрсынов өзінің еңбегінде қарастырып, сұраулы сөйлем арқылы адамның пікірін, ойын білуде айрықша мәні бар екендігін атап айтқан. Қ.Жұбанов, Ә.Хасенов, С.Аманжолов, М.Балақаев, А.Әбілқайев, Р.Әміров т.б. ғалымдар сұраулы сөйлемнің түрлеріне, интонациялық, жасалу жолдарына назар аударып, жан-жақты саралап зерттеді. Тіл бірліктерінің жұмсалым үстінде қызметтерінің өзара ауысуы, өзгеруі байқалады. Оны сөйлеу деңгейінде туындаушы процестің мағыналық, қызметтік деңгейінде көрінуі деп атауға болады. Сөйлесім мазмұны бірнеше қабаттардан тұратын болса, соның сөйлеумен байланысты, субъект “менің сөйлеушімен байланысты модальдік аспектісі, мақсаттық аспектісі прагматикалық көрсеткіштерге сезімтал келеді”.

Сұраулы сөйлемдердің тура мағынасында емес, жанама түрде сөйлеуші мақсатын жеткізу себебін құрылымынан, сөйлеу жағдайынан, сөйлеушіден іздеу қажет. Мысалы, «Көркем» әдебиетте қолданылған сұраулы сөйлемдер – кісінің ойын мәнерлі түрде әсерлі етіп айтудың өте ұтымды амалы [1, 163-бет].

Қайғы қасіретке душар болған Ақбілектің ішкі сезім иірімдерін - өкініш, қайғы, мұң сұраулы сөйлемдер арқылы береді. «Жан апасынан мәңгілік айрылып, басы қаралы, жүзі жаралы болып отырып, не бетімен бай іздегені? Апасын өлтіріп кеткен, өзін тартып әкелген, ауылын шапқан, талаған орыстың тұқымына не ғып өз еркімен көнгені? Ел қайда? Бұл қайда? Әкесі, ауылы не күйде? Ақбілек туралы олар не ойлап жатыр десейшін?.. «Сорлы қызымды өлтіріп тастады ма, әлде не қылды?»- деп әкесі не ғып жаны шыдап отыр екен?.. Күйеу келмек еді, түндегі қуған, оққа ұшқан әлде сол емес пе екен? Тірі қалып, құдай жазып, көретін күн болса, күйеуіне не бетімен жолықпақ?.. Ойпырмай! Мұндай да сорлы, мұндай да маскара болған қазаққа әйел бар деймісің? Бұл қорлықты кім көрді дейсің? Осының бәріне шыдап, неғып өлмей, тірі отыр?.. Түндегі оқ апасына тигенше, бұған тимегенін қарасайшы...

Құрылымында сұрау мәнді сөздер тұрғанымен қоғамда қалыптасқан этикет нормасымен байланысты сыпайы қарым -

қатынасты ұстайтын сұраулы сөйлем формасындағы сөйлесім түрлері бар. Бұл - сұраулы сөйлемдердің конвенцияланған түрлері.

Сонымен қатар сұраулы сөйлемнің төмендегідей жұмсалып отырған түрлері де кездеседі:

– Бүгін кездесуге кешікпей келем дедің ғой? - нақтылау.

– Қалай ойлайсыз, өнер деп осыны айтармыз-ау? - бағалау мақсаты.

Ой, құдай- ай, көрсетейін дегенің осы ма еді?

Сабаққа неге дайындықсыз келесіңдер? - ренжу.

Айтқанды ұғасыңдар ма, жоқ па?

Бәрі жұртқа аян болды, мойындамағанда қайтеді? - сендіру

Айтқан уақытыңда барасың ба, жоқ па? (ерекше интонациямен)- бұйыру.

Бұл қорлықты кім көрді дейсің? Осының бәріне шыдап, неғып өлмей, тірі отыр?..- күйіну

Сұраулы сөйлемдер арқылы бағалау, сендіру, қарсылық білдіру, бұйыру өкініш сияқты сөйлеу мақсатының бірнеше түрлері беріліп отыр.

Сұраулы сөйлемдердің сөйлеу мақсатын беруін шартты түрде былай көрсетуге болады. Сұраулы сөйлемдердің мақсаттық жұмсалымы әр сөйлесім түріне қатысты жеке - жеке талданады. Сұраулы сөйлемдердің жанама түрде өзге сөйлеу мақсаттарын білдіруі сөйлеу жағдайы, тыңдаушының әлеуметтік - психологиялық қалпы және қарым - қатынас стратегиясымен байланысты анықталады, таңдалады. Сөйлеу мақсатының жасырын түрде берілуі, ең бірінші, ынтымақтастық кооперациясы принципін сақтауды көздейді. Мәселен, сұраулы сөйлемдер арқылы жағымсыз бағалаудың берілуі прагматикалық мақсатты, ашып айтсақ, тыңдаушы ой тастап, түрткі болып, қажетті бағытта қорытынды жасауға итеріп, сөйлемнің ықпалы үшін арттырады. Сұраулы сөйлемнің берілу түрі сөйлеу актісінің ықпал күшін жеткізетін құрал түрінде қолданылады: Онда не ақысы бар? О не дегенің, інім. Ту, со да сөз боп па? Құрамында сұрау есімдігі бар сұраулы сөйлем түрлері сөйлеу барысында өзгермей қолданылатын тұрақты сөйлесімдерге айналған. Оларда сұраулы сөйлем құрылымы ғана сақталған, ал негізгі сұрау мақсаты жойылған.

Сөйлеу үстінде кей бір сұраулы сөйлемдер арқылы екі бірдей мақсат қабаттаса беріледі. Оларды қос мақсатты сұраулы сөйлемдер деп атауға болады. Бұларда сұрақ - шақыру, сұрақ - ұсыныс, сұрақ - кешірім, сұрақ - өтініш мақсаттары қабаттаса берілед. Мысалы, сұрақ - кешірім мақсатты сөйлемдер. Ойыңызды бөліп жібердім бе?

Сұрақ - ұсыныс: Сіз қалай дейсіз?

Сөйлеу тілі синтаксисінде сөйлеуші мақсатын жанама түрде беруде “маманданған” сұраулы сөйлемдердің құрылымдық түрлері бар. Олардың ішінде белгілі бір сөйлеу мақсатын жеткізуге үйреншікті тілдік тәсілге айналған түрлері де бар.

Мен қайтсам қайтеді?

Сен айтсаң қайтеді? Күн райы жаман, ертелете жүрсе қайтеді?

Бұндай сөйлесім түрлерінде сөйлеушінің тілегі беріледі. Бірақ бұл тілектің орындалуы тыңдаушыға тәуелді, соның ұрықсатын қажет етеді. Тілек сұраулы сөйлем түрінде де берілсе, оның қабылданып, орындалу мүмкіндігі артады.

Қарым - қатынас жасаудың ынтымақтастық принципін сақтаумен байланысты сөйлеу тілінді сұраулы сөйлемдердің кей бір түрлері идиомалық тұрақты мәнде конвенциялық сипатқа ие құрылымдарға айналған.

– Сенің қолыңнан келмейтіні бар ма?

– Балам кім айтты дерің бар ма?

Бұл сөйлем түрлерімен айтылу интонациясында айырмашылықтар бар. Лабораториялық түрде дәлелденбегенімен, жанама сөйлеу актілерінде қолданушы сұраулық шылауы, “бар” модаль сөзі өз лексикалық мағынасында (заттың, құбылыстың, шындық өмірде орын алуын көрсету) емес, өкінішті сипаттағы нақтылауды көрсетіп тұр. Әдетте, мақсаты хабар алумен байланысты “бар ма” синтаксемасының қолданысының сөйлем құрылысын өзгертпей, сұраулық шыласыз, интонацияны өзгерту арқылы жауап беруге болады.

– Әке - шешен бар ма?- Иә, бар(әке - шешем)

– Үйің бар ма? - бар. Жұмысың бар ма?- бар

Жанама мәнді сөйлесімдер жауапты талап етпейді. Өйткені олардың мақсаты - сұрау емес, нақтылау, колдау, қарсылық білдіру. Сондықтан ауызекі сөйлеу үстінде нақтылаушы не жоққа шығарушы жауап түрлері “жоқ, бар” сөздері арқылы берілмейді. ... нәрсе бар ма?... не дерің бар ма? құрылымдары жауабы сөйлесімнің өз семантикасында берілген риторикалық сұраулы сөйлесім түрлерін құрайды. Сөйлесімнің қолданысқа түсуі тұрғысынан келгенде, темаремалық арақатынаста “бар маң сентаксемасы нағыз сұраулық мағынасында жұмсалғанда дербес сема қызметінде тұрса, жанама сөйлеу актілерінде құрылымдық компонент- сөз тіркесі құрамында құрастырады”

Риторикалық сұраулы сөйлемдер көркем шығарма түрінде экспрессия туғызушы құралдар болса, сөйлеуге қатысты қолданысын тура және жанама сөйлеу актілері түрінде, мақсатты жеткізуіне қарай екі түрлі қарастыруға болады.

– Сенің айтпайтын нәрсең бар ма?

Бұл құрылымды етістіктің әр түрлі лексика - семантикалық топтарымен өзгерте беруге болады. Одан сөйлесімнің мақсаты өзгермейді. Ықпал ету күші мақсаттың түрі сөйлесімді ұйымдастырушы соңғы компоненттерде жинақталған. Әрекетті беру және оны бір сөйлесім мазмұнында жинақтап атау дискурсыңғайында жүзеге асады.

– Барып келмейсің бе?

– Айтып жібермейсің бе?

Бұндай сөйлесімдер адресаттан өзіне қажетті әрекетті жүзеге асыру мүмкіндігін сұрап, сол арқылы оны әрекетке итереді.

Қарым-қатынастың ынтымақтастық принципінің қағидалары тұрғысынан сыпайылық категориясы сақталып, қарым - қатынастың жалғасуына нұқсан келтірмейтін - екі сөйлесім түрі. Ол адресаттың мүмкіндігін ескеріп, өкінішті, тілекті жеткізеді.

Мына сұраулы сөйлемдер іс - әрекетті тоқтату, тыйым салу немесе бір әрекетке түрткі болуды мақсат етеді.

- Осылай отыра береміз бе? Осылай жаза береміз бе? Әңгімені осылай соза береміз бе? Әңгімені осылай жалғастыра береміз бе? «бер» етістігі сұраулық шылауымен тіркесіп негізгі етістікке шектеу мағынасын үстейді. Өткені ол «жаза бер» болымды етістігі арқылы беріліп отырған іс - әрекетке қарама – қарсы әрекетті жасырын түрде түспалдап тұрады.

Жалпы сұраулы сөйлемнің мақсаты хабар алу болса, жанама сөйлеу актісінде ол хабар алуды емес, сөйлемнің өзінде берілген пропорцияны – ойды нақтылау мақсатын жеткізеді. Бұндай сөйлесім түрлері тыңдаушының келісімін алуды көздейді.

Мұндайға мән беріп керек пе? (мән берме)

Адал болып алға шығам дейсің бе?

Нақтылау, тыйым салу, өтіну мақсатында конвенцияланған сұраулы сөйлемдер жұмсалады

Ендігі бір жанама сөйлеу актілерінде екі түрлі мақсат – ықпал ету күші айқын көрінеді. Оның негізгісі және қосымшасы бар. Негізгі түрі сөйлесім мазмұны мен құрылымында ашық көрінсе, қосымша мақсат – соның көмегімен айтылмақшы болып тұрған мақсат. Астарлама мәнді сөйлесімдер бұндай сөйлесім



түрлерінің айырмашылығы сөйлесім мазмұны мен оның коммуникативтімақсатының бір біріне алшақтамауында. Жанама сөйлемдердің коммуникативті – семантикалық және құрылымдық тұрғыдан қарастыруға болады.

а) бұйыру мөнін жеткізуде сұраулы сөйлемдер жиі қолданылады.

– Автобуспен – ак бармай ма? (барсын)

ә) нақтылау мақсатын жеткізуде сұраулы сөйлемдердің қолданылуы.

– Сені достарың іздеп қалды – ау Ой балалар ол үлкен әңгіме қайтесіңдер. Ең денелісі бола тұра аяғыңды үсітіп алғаның ұят емес пе? «ұят емес пе?» синтаксемасы жанама сөйлеу актілерінің предикат қызметінде нақтылаушы қызметте тұрақты түрде жұмсалады.

Сұраулы сөйлемдердің риторикалық қызметі тыңдаушыға ықпал ету үшін қолданылатыны белгілі. Риториканы сұрау жауапты, хабар алуды көздейді. Бұндай сөйлемдер қарсылық білдіру, кекету сияқты мақсаттың прагматикалық ықпалын арттырады. Сөйлеушінің қарсылық білдіруден гөрі дәлел, негіздемелі келтіре отырып, сұраулы сөйлем түрінде мақсатын жеткізу сөйлеу актісінің ықпал ету күшін арттырады. Сөйлеуші өз мақсатын жасырын беруі үшін сұраулы сөйлем құрылымын тыңдауы прагматикалық қажеттілікпен байланысты. Ол тыңдаушыға әсер етуді ғана көздейді. Өзінің мақсатын, ішкі ниетін толық жеткізуді, тыңдаушымен сыпайы қарым – қатынасты сақтауды мақсат етеді.

Сыпайылық этикетін сақтаумен байланысты қолданылатын сұраулы сөйлемдер конвенцияланып, адамдар арасында салт – дәстүр, ережелерді сақтаудың тілдік көрінісі ретінде қалыптасқан. Ал сөйлеушінің ішкі сезімімен байланысты эмоционалды, экспресивті мәндегі тұрақты – сөйлемдер сөйлеуші позициясын айқындап, қарсылық білдірудің әр түрлі мақсатын жеткізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ернарзорова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық аспектісі. Алматы, 2001.

## МАЗМҰНЫ

### Секция 2. Филология Секция 2. Филология

#### 2.1 Қазақ филологиясы 2.1 Казахская филология

<b>Абекова Ж. К.</b> Бесік жыры – ұлттық тәрбие негізі .....	3
<b>Актаев Д. Е., Саназар Қ. Қ., Калиева А. С.</b> Мұқағали Мақатаев өлендеріндегі көркемдік ерекшеліктер (М. Мақатаевтің туғанына 85 жыл толуына орай) .....	8
<b>Алпысбай Г. І.</b> Мәшһүр - Жүсіп Көпеев шығармаларындағы азық-түлікке қатысты өлшемдік атаулар .....	13
<b>Аманбайқызы З., Каримжанова Р. Б.</b> Мағжан бейнелеген Батыр Баян .....	20
<b>Амренова А. Б., Мусатаева А. Б., Теміржанова М. Ә.</b> Мағжан Жұмабаев – лирик ақын .....	26
<b>Анваров К. М.</b> Тіл білімі саласындағы жәндік атауларының қолданылуы .....	31
<b>Асалбек А., Рамазан Ж. А., Калиева А. С.</b> Бұқар жырау шығармаларындағы фразеологизмдер .....	38
<b>Ахан Г.</b> Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы қайталамалардың тілдік табиғаты ....	45
<b>Ахатова К. Р., Смағұлова Г. Т.</b> Үш тұғырлы тіл негізінде әскери коммуникативтік бейінді өркендетудің тәсілдері .....	50
<b>Ахмедина А. Ж., Қайрат А. Қ.</b> Қазіргі қазақ поэзиясындағы түрлік ізденістер .....	57
<b>Ахметжанова С. А., Теміржанова М. Ә.</b> «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы адами мәселелері» .....	63
<b>Ахметова Ш.</b> М. Жұмабаевтың кестелі өлең өрнегі .....	67
<b>Ахметова А., Ботаева А. А.</b> Бейімбет дүниетанымдылығы суретшілігінде .....	74
<b>Байзакова А., Шакенова К., Теміржанова М. Ә.</b> Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы рухани- адамгершілік мәселесі .....	79
<b>Бақбергенұлы Д., Қасым М. М.</b> Ұрпақ тәрбиесіндегі жұмбақтың маңызы .....	83

<b>Бейбитов Н. Б., Сарсембаева Г. Б.</b> Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Шайтанның саудасы» өленіндегі заман бейнесі .....	87
<b>Бекшебаева Д., Құмарова А. Е.</b> Мұқағали Мақатаев шығармаларындағы адам мен табиғат .....	90
<b>Ғалымжанов Н. Е., Аханбаева С. Е.</b> Ілияс Жансүгіров поэмаларындағы Ұлы даланың рухани күндылықтарының құлдырау көріністері .....	96
<b>Дымова З., Шопанова Г. И.</b> Қазақ халқындағы ым мен ишарат тілінің мағынасы .....	103
<b>Әділет А. Ә., Алдауышева Ж. А.</b> Қазақтың рухани көсемі .....	107
<b>Әлі М., Алғали А. Н.</b> Шәкәрім мақаласындағы есімдер .....	112
<b>Ерболатқызы Б., Шаймерденова Ә. Т.</b> «Аймаң-Шолпан» жырындағы этномәдени бірліктер .....	116
<b>Есенгелді Ж. С., Агибергена Р. А.</b> Марат Қабанбай – балалар жазушысы .....	121
<b>Жақсылықова Е., Қайрақбаева А. Б.</b> «Қамар сұлу романындағы сын есімнің қолданылуы» .....	128
<b>Жакупова С., Мерғалиев Б., Хабдесова Қ. Б.</b> Қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші – тыйым мағыналы амалдар .....	134
<b>Жанжигитова А. М., Хасенова Д. О.</b> Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман–Мамыр» поэмасындағы Қалқаман мен Мамыр бейнесі .....	139
<b>Жаппаров Қ. А.</b> Құнанбай Өскенбайұлы .....	146
<b>Жарқұмбаева А., Утүпов Т., Теміржанова М. Ә.</b> Шәкәрім өлендеріндегі рухани-адамгершілік қағидалары .....	153
<b>Жумагельдинова П. Б., Ильясова Ә. Б.</b> Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы .....	161
<b>Жүнісхан Г., Халқын С.</b> 7 санының қасиеті мен 13 санының қасіреті .....	168
<b>Жусупаева М. Қ.</b> Оралхан Бөкей шығармаларындағы гуманистік қағидалар .....	174
<b>Жұмажан Н. М.</b> Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Мәңгілік ел» идеясы мен Махамбет поэзиясындағы «ұлттық идея» арасындағы үндестік .....	184
<b>Идрисова А. Б., Мукарамова А. Е., Теміржанова М. Ә.</b> Иса Байзақов – ақын, әнші .....	191
<b>Қайырбаева Қ. А., Омарова Г. Б.</b> Көптілділікті меңгеру жолдары және перспективасы .....	195
<b>Қайырбек А. Ж., Қалиева А. С.</b> Абай Құнанбаев өлендеріндегі көнерген сөздер .....	198

<b>Калтаева А. В.</b> Ямышев селолық округіне қарасты Ямышево, Қызылқоғам, Тілектес ауылы тұрғындарының шығармашылықтарын жинау және зерттеу .....	203
<b>Қапезова Т., Мейрамғазы Ә., Қасымқызы Ж., Мырзабекова Ж. Ж.</b> Қайым Мұхамедхановтың шығармашылығының зерттелуі .....	208
<b>Киреева А. Н., Досанова Н. Р.</b> «Әулие» мифемасының эпостық жырлардағы қолданысы .....	216
<b>Көптілеу Е. Б.</b> Көне түркілер мәдениетіндегі ғалам бейнесі .....	220
<b>Қудайқұлова Д., Кульмағанбетова Р. А.</b> Тілі өлген халық – тірі өлген халық .....	222
<b>Мақажан А., Идрисова М., Тогтох С.</b> Ақын Қ. Қалиев – талантты ақын .....	228
<b>Марковский Б. В.</b> Бұқар Жырау шығармаларының тақырыптық аясы .....	232
<b>Мекежанова А. Ж., Мұрынбаева Ғ. И.</b> Б. Күлеев поэзиясындағы сөз-символдар .....	238
<b>Мусагитова В., Қажкеева А. К.</b> Қазақ және орыс халық ертегі кейіпкерлерінің ұқсастығы .....	245
<b>Мұхаметжан А., Қайрат А. Қ.</b> Қазақ, орыс және ағылшын фразеологизмдеріндегі «еңбек» концептісінің қолданылуы .....	249
<b>Нурғалиева Ж. Б., Амангелді Ж. Р., Қалиева А. С.</b> Абай Құнанбаевтың өлеңдері – асыл қазына .....	256
<b>Оразғалиева А. С., Жағыпарова Ж. С., Қадырова Е. Қ., Төребекова І. Қ.</b> Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы дисфемизмдердің қолданысы .....	262
<b>Рашитова А., Аубакирова Г. Т.</b> Ұлы Отан соғысына қатысқан ұстаз шығармашылығы .....	267
<b>Сакенов А., Олжабаева А. М.</b> Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары .....	272
<b>Самсенова А. М., Теміржанова М. Ә.</b> Арман Қанидың шығармашылығы және ұлт руханиятының суреттелу көркемдігі .....	277
<b>Сексен Ә. Ы. Сейтқан А. Б., Халылова Ш. Д.</b> Салт-дәстүр мен ұлттық ойын ұмыт қалмас .....	284
<b>Серікбаева К. Т.</b> Кейіпкерлер бейнесін жасауда теңеудің алатын орны .....	290
<b>Серік И.</b> Махамбет Өтемісұлы – қазақтың батыры, өр рухты ақыны .....	297
<b>Сүйіндік Т. О., Мазулова Ж. Ж.</b> Қазақ және орыс мақал-мәтелдерде қолданылған түс атаулардың ерекшеліктері мен ұқсастығы .....	304

<b>Суханкулов Е.</b>	
Қол, саусақтың қатысуымен жасалған бейвербалды амалдар .....	310
<b>Темирова А. Б., Сарсенова А. А.</b>	
Жыр жампозы Жамбыл .....	317
<b>Тлектес А. Д., Жумабекова А. С.</b>	
Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы сөйлеу түрінің берілу жолдары .....	320
<b>Тоғайбаев М., Анварбек Р., Теміржанова М. Ә.</b>	
Қазақ халқының ерекшеліктері .....	325
<b>Төлжубаева А.</b>	
Пікір, ой, таным қайшылығы және халық тарихы .....	329
<b>Төлжубай Ұ.</b>	
«Балдырғандағы» табиғат жайындағы әңгімелер .....	333
<b>Турсунханова А. К., Пстебаева Қ. С.</b>	
Шумерлер мен түркілер .....	338
<b>Уахит Р., Халхын С., Палан А.</b>	
Ырым-тыйым сөздерінің тәрбиелік мәні .....	343
<b>Унарбекова А., Искакова Д., Теміржанова М. Ә.</b>	
Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» атты тарихи трилогиясындағы «Алмас қылыш», «Жанталас» және «Қаһар» романдары, трилогияның тарихи мәселесі .....	350
<b>Хайруллаева Д. А.</b>	
Болымсыздық мағынаның экспрессивті – эмоционалды сипаты .....	357
<b>Хасен А., Теміржанова М. Ә.</b>	
Сұлтанмахмұт Торайғыров .....	364
<b>Шакен А. Е., Апсалямова Ә. А.</b>	
Сұраулы сөйлемдердің прагматикалық қызметі .....	368

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«ХVI СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

2 ТОМ

Техникалық редактор Б. В. Нургожина  
Корректорлар: З. С. Исакова, А. Р. Омарова  
Компьютерде беттеген А. Елемесқызы  
Басуға 29.03.2016 ж.  
Әріп түрі Times.  
Пішім 29,7 × 421/4. Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 21,6. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс № 2739

«КЕРЕКУ» баспасы  
С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.